*«Г*осударственный надзор - это деятельность органа надзора по проверке, *выявлению, пресечению* и наблюдению за соблюдением субъектами надзора обязательных требований законодательства Республики Казахстан с правом применения мер оперативного реагирования в ходе ее осуществления, по результатам которой могут применяться административные взыскания»

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Послание Президента РК - Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года) //Казахстанская правда. – 2012. – 15 декабря.

2 План Нации «100 конкретных шагов дальнейшего государственного строительства» //Казахстанская правда. – 2015.- 20 мая.

3 Послание Президента РК народу Казахстана от 2 сентября 2019 г. «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» //Казахстанская правда от 03.09.2019 г., № 169 (29046).

4 Отчет Уполномоченного по защите прав предпринимателей Республики Казахстан. «О принимаемых мерах по устранению административных барьеров и защите прав предпринимателей в Казахстане» .http://ombudsmanbiz.kz/

5 Усков Д.Г. Конституционные гарантии на предпринимательскую деятельность: диссертация… кандидата юридических наук: 12.00.02 / - М., 2007. – 205 с.

6 Ma H., Wang J. The Development and Improvement of Administrative Review System //Building a Government Based on the Rule of Law. Research Series on the Chinese Dream and China’s Development Path.Springer. - Singapore, 2018.

7 Sohlberg B. Process Supervision //Supervision and Control for Industrial Processes. Advances in Industrial Control. Springer, London, 1998.

8 Wan, C. &Gao, J. Front. Law China (2008) 3: 368 //https://doi.org/10.1007/s11463-008-0017-5

9 Ladner A. et al. Administrative Supervision //Patterns of Local Autonomy in Europe.Governance and Public Management. Palgrave Macmillan, - Cham, 2019.

ОӘК 342.8

Жарболова А.Ж.
з.ғ.к., доцент
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті
Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz

Мынбатырова Н.К.
з.ғ.к., доцент
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті
Nurlaiym.Mynbatirova@kaznu.kz

Мейірбекова Г.Б.
тарих және құқық институтының қауымдастырылған профессоры
Абай атындағы Қазақ ҰПУ
Meirbekova67@mail.ru

САЙЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін. Сайлау құқықтары Республика азаматтарының мемлекет істерін басқаруға қатысуына мүмкіндік беретін құқықтардың ішіндегі ең бір ықпалдысы, халықтың биліктің жоғары эшелонын құруының жалғыз жолы болып табылады. Мақала сайлау құқықтарының маңызы мен оларды қорғау мәселесін зерттеуге арналған. Мақалада халықтың мемлекет ісін басқаруға қатысуының нысаны ретінде сайлау құқығының маңызы, конституциялық-құқықтық бекітілуі, сайлау институтының мемлекет өмірінде алатын орны, Қазақстан Республикасында азаматтардың сайлау құқықтарын қорғаудың конституциялық негіздері қарастырылды, сайлау құқықтарын бұзу негізгі себептері ашылып, сайлау құқықтарын қорғау жолдары анықталды.

Түйін сөздер: халық билігі, сайлау құқықтары, мемлекеттік биліктің бастауы, демократиялық мемлекет, сайлау құқықтарын қорғау.

ЗНАЧЕНИЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ И ВОПРОСЫ ИХ ЗАЩИТЫ

Аннотация. Избирательное право является один из самых важных прав граждан Республики, позволяющее участвовать в управлении делами государства, в формировании народом высшего эшелона власти. Статья посвящена исследованию вопросов защиты избирательных прав граждан и их значению. В статье было рассмотрено избирательное право как форма участия граждан в управлении делами государства, его конституционно-правовое закрепление, место и роль института выборов в функционировании государства, конституционные основы защиты избирательных прав граждан в Республике Казахстан. Были определены основные причины нарушения избирательных прав и определены пути их защиты.

Ключевые слова: народовластие, избирательные права, источник государственной власти, демократическое государство, защита избирательных прав.

IMPORTANCE OF ELECTORAL RIGHTS AND ISSUES OF THEIR PROTECTION

Summary. The right to vote is one of the most important rights of citizens of the Republic, allowing them to participate in the management of state affairs, in the formation of the highest echelon of power by the people. The article is devoted to the study of the protection of citizens' electoral rights and their importance. The article deals with the electoral law as a form of participation of citizens in the management of state affairs, its constitutional and legal consolidation, the place and role of the institution of elections in the functioning of the state, the constitutional basis for the protection of electoral rights of citizens in the Republic of Kazakhstan. The article considered main causes of violations of electoral rights were identify and ways to protect them were identify.

Keywords*:* democracy, the right to vote, source of state power, democratic state, protection of electoral rights.

Бүгінгі таңда әлемнің басым көпшілік елдері өзін демократиялық мемлекет ретінде анықтайды. Қандай мемлекет болмасын оның демократиялығын анықтайтын бірден-бір өлшем болып биліктің халыққа тән болуы, тиісінше халықтың мемлекет ісін басқаруға қатысуы табылады. Мемлекет тарапынан азаматтарға мемлекет істерін басқаруға қатысуына мүмкіндік

беретін құқықтардың бекітілуі азаматтардың мемлекет өміріне араласуының, мемлекетті басқару ісіне қатысуының алғышарты болып табылады. Өз кезегінде Қазақстан Республикасы да 1995 жылғы Конституциясында өзін демократиялық мемлекет ретінде анықтай отырып, Республика азаматтарына мемлекет істерін басқаруға қатысуына мүмкіндік беретін біраз құқықтар бекітіп берді. Олардың ішінде ең бір ықпалдысы, халықтың биліктің жоғары эшелонын құруының жалғыз жолы - Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға құқықтары болып табылады (33 бап 1 т.). Реті келгенде айта кететіні, тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылғы тұңғыш Конституциясы Қазақстан Республикасының демократиялық режимдегі республика болып табылатындығын бекітіп, Қазақстан халқын мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде анықтағанымен, сондай-ақ Жоғарғы Совет пен Президенттің, жергілікті өкілді органдардың жалпыға бірдей, тікелей сайлау құқығы қағидалары негізінде сайланатындығын реттегенімен азаматтардың тиісті органдар мен лауазымға сайлау және сайлану құқықтары конституциялық тұрғыда бекітілмеді. Тиісті Конституцияда «республика азаматтарының тікелей, сондай-ақ өз өкілдері арқылы мемлекет істерін басқаруға, заңдар мен мемлекеттік және жергілікті маңызы бар шешімдерді талқылауға, қабылдауға қатысу құқығын иеленетіндігі» ғана бекітілді [ҚР Конституциясы, 28 қаңтар 1993 жылғы, 14 бап]. Байқап отырғанымыздай, тиісті конституциялық нормада азаматтардың тікелей ... мемлекет істерін басқаруға қатысуының нысандары нақтыланбай жалпы түрде реттелді.

Шынайы халықбилігін бекітетін мемлекеттерде сайлау құқықтары азаматтардың мемлекеттік және жергілікті билікке араласуының, мемлекеттік және жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысуының ең қолжетімді әрі жиі қолданылатын конституциялық мүмкіндігі болып танылады. Алайда, халықтың мемлекет ісін басқаруға қатысуының нысаны ретінде сайлау құқығының конституциялық-құқықтық бекітілуі мемлекеттің демократиялығын анықтауға толық негіз бермейді. Азаматтардың сайлау құқықтары мемлекеттік-құқықтық құжаттарда тек бекітіліп қана қоймай, шынайы өмірде өз қолданымын тауып, іске асырылған жағдайда ғана қандай болмасын мемлекеттің демократиялығының формалдық емес, шынайылық сипатын байқауға болады. Сайлаудың шын мәнінде демократиялық болуы үшін келесілер талап етіледі: біріншіден, еркін және адал сайлауды толық көлемде іске асыруды қамтамасыз ететін нормаларды бекітетін сайлау заңнамасының болуы; екіншіден, шын мәнінде дербес сайлау органдарының болуы; үшіншіден, өз құқықтары мен міндеттері туралы электораттың жеткілікті хабардар болуы; төртіншіден, барлық сайлаушыларға өз еріктерін еркін білдіруіне кепілдік беретін әкімшілік рәсімдердің болуы [Науч. ред. Маклаков В.В., 2003, с. 5]. А.С. Автономов пен Ю.А. Веденеев келтірген бұл талаптармен келісуге болады. Өйткені, олар сайлау құқықтарын жүзеге асыру арқылы азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығын қанағаттандыруға, үміткер саяси партиялар мен кандидаттарға қолдау көрсету арқылы азаматтардың мемлекет саясатына ықпал етуіне, сайланбалы мемлекеттік және муниципалдық органдарда қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз етуге, сайлау процесінің тұрақтылығын, заңдылығын, олардың халықаралық нормалар мен үздік сайлау практикаларына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайларды қарастырады.

Сайлау институтының мемлекет өмірінде алатын орны ерекше. Саяси жүйеде оны анықтаушы фактор ретінде бағалау артық болмас. Олай дейтін себебіміз, азаматтардың сайлау құқықтарының мемлекет өмірінде тұрақты орнығып, шынайы жүзеге асырылуы мемлекетте келесі институттар мен құндылықтардың орныққандығын анықтайды – халықтың (ерік білдіруші азаматтардың) көпшілігінің еркінің мемлекет саясатын белгілеуде анықтаушы болып табылатындығы (халық билігі институты); адам құқықтары мен бостандықтарының (мүдделерінің) мемлекет мүдделерінен басымдығы; мемлекеттің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мойындауы; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау нысанының көптігі; мемлекеттің олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету міндеті; азаматтардың тең құқықтылығы, биліктің заңдылығы. Бұл аталған құндылықтардың маңыздылығы тұрғысынан да сайлау құқығы институтының қажеттігін анықтауға, маңыздылығын негіздеуге болады.

Құқықтық, демократиялық мемлекетте сайлау институтының, азаматтардың сайлау құқықтарының мемлекеттің саяси өмірінде ерекше маңызды орын алатындығын оның мемлекеттің ары қарайғы өркендеп дамуын анықтайтын негізгі бір алғышарт болып табылатындымен байланыста қарауға болады. Азаматтардың мемлекет басшысы мен өкілді органдардың мүшелерін сайлау бойынша ерік білдірулері шынайы құқықтық мемлекетте қоғамның барлық саласының маңызды қатынастарын реттейтін заң шығару билігінің қызметінің нәтижелігіне, мемлекетте жүргізіліп жатқан іргелі реформалардың сәтті жүргізілуіне жанама түрде өз септігін тигізетін

негізгі субъективтік фактор болып табылады. Себебі, «… егер болашақта қажетсіз немесе сапасыз заңнама қабылданса, егер биліктің сайланбалы лауазымды тұлғалары қабілетсіз немесе тиімсіз болса немесе өкімет кең таралған сыбайлас жемқорлықтан зардап шексе онда мұндай қайғылы нәтижелер сайлаушылардың мемлекеттік өкілеттікті сайланбалы тұлғаға сеніп тапсыруына қатысты шешімінің салдары болып табылады» [J. Kenneth Blackwell and Kenneth A. Klukowski, 2009, c. 107]. Бұл азаматтардың сайлау құқығының мемлекет өміріндегі маңыздылығымен қоса, азаматтардың тиісті құқығын жүзеге асыруда оған аса жауаптылық таныту қажеттігін көрсетеді. Тиісті ғылыми негіздеме қарапайым тілде айтқанда, сайлаушы азаматтарға «не екен соны орасың» мақаласының мағынасын ашып көрсетеді.

Бүгінде сайлау құқығы институтының халықаралық деңгейде маңызының өскендігі соншалық, азаматтардың сайлау құқықтарын дүниежүзілік қоғамдастық мойындады, сайлау құқықтары ішкі мемлекеттік қана емес, бірқатар халықаралық-құқықтық актілерде бекітілді. Оған қоса, сайлау құқықтары азаматтардың негізгі құқығы ретінде танылып, тиісінше мемлекет тарапынан түрлі жағдайлармен (саяси, құқықтық, материалдық, т.б.) кепілдендіріліп отыр.

Өркениетті, демократиялық та құқықтық мемлекеттерде мемлекет азаматтары өзінің саяси құқықтарының иесі, бастауы болып табылады. Мұндай мемлекеттер өз азаматтарының сайлау құқықтарын жынысына, жасына, біліміне, мүліктік жағдайына, т.б. жағдайларға қарамастан теңдей мойындайды, кепілдік береді әрі қорғайды. Бұл бекер емес, оның да өз себебі бар. Атап айтсақ, биліктің заңдылығы (легитимділігі) үшін азаматтардың сайлау құқықтарының қағаз жүзінде бекітіліп қана қоймай, ол құқықтардың практикада шынайы іске асырылуы қажет. Сайлау құқықтары іске асырылмаған немесе іске асырылған күнде де бұзылған жағдайда олардың құнсыз болып табылары анық. Бүгінде дамыған, қалыптасқан демократия жағдайындағы мемлекеттердің өзінде азаматтардың сайлау құқықтарының бұзылуы өте кең таралған құбылыс болып отыр. Демек, азаматтарға мемлекеттік биліктің жоғарғы эшелонын және жергілікті сайланбалы органдарды құруға деген құқықтарының конституциялық-құқықтық бекітіліп берілуі олардың практикада шынайы іске асуының бірден-бір алғышарты болып табылмайды. Басқаша айтқанда, тіпті үздік сайлау практикалары негізінде қалыптасқан халықаралық стандарттарға жауап беретіндей деңгейде сайлау құқықтарының республика заңнамасында бекітілуі мемлекеттің таза демократиялық деп анықталуының жалғыз өлшемі болып табылмайды. Тек азаматтардың ерік білдіруі заңдылық негізінде жүзеге асырылып, сайлау құқықтары түрлі құқықбұзушылықтардан қорғалған жағдайда ғана және азаматтардың дауыс беру нәтижелерін объективті анықтап, белгілеу мүмкін болған кезде ғана халықтың өзі сайлаған өкілдері арқылы қоғам салаларының маңызды қатынастарының заңи реттелуіне қатысуы туралы, мемлекеттік және жергілікті істерді шешуге қатысуы туралы, халық қалауының тиісінше деңгейдегі (мемлекеттік, жергілікті) органдардың қызметінің негізіне айналғаны туралы айтуға болады. Оның өзінде ескеретін бір жағдай – халықаралық стандарттарға жауап беретін заңнаманың қабылдануы мен сайлау құқықтарын іске асыру, қорғау тетігінің қалыптасуы тиісті салада қандай да бір проблемалардың орын алуының алдын алмайды, шынайы халық билігі толықтай орнықты деген қорытындыға жасауға алып келмейді. Себебі, қоғамдық даму заңдылығына сәйкес шынайы өмірде қандай-да бір позитивті немесе негативті жағдайлардың орын алуы сайлау құқықтарын бекітетін заңнаманың және тиісінше оларды қорғау тетіктерінің халықаралық стандарттарының бір орында тұрмайтындығын көрсетеді. Демек, түрлі қоғамдық жағдайларға сәйкес халықаралық стандарттардың өзінің өзгеріп отыруы заңды, қалыпты жағдай. Сондықтан, сайлау құқықтарын бекітетін заңнама мен олардың қамтамасыз етілу практикасының халықаралық стандарттарға ілесіп отыруын әркез орталық назарда ұстап, жетілдіріп отыру қажет.

Шынайы халықбилігі орныққан мемлекеттерде азаматтардың сайлау құқықтарын жүзеге асыру кепілдіктері сайлау институтының ажырамас элементі болып табылады. Ондай мемлекеттерде сайлау құқықтарын жүзеге асырудың, қорғаудың нақты тетіктері жасалған деп айтуға болады. Сайлау құқықтарының кепілдіктері тиісті мемлекетте азаматтардың (әдетте оның азаматы болып табылатын адамдардың) сайлау құқықтарын қорғаудың қалыптасқан, тұрақты қызмет ететін механизмін байқатады. Сайлау құқықтарын қорғау механизмі тиісінше сайлау құқықтарын қорғауға арналған қандай-да бір мемлекеттік институттардың, құқықтық, моральдық әдіс-амалдардың жиынтығын байқатады деп айтуға болады. Олардың негізінде азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру, қамтамасыз ету процесі жүзеге асады. Демек, азаматтардың сайлау құқықтарының тиісінше іске асуы үшін сайлау құқықтарын қорғау маңызды, қажетті институт болып табылады. Оның бір дәлелі ретінде «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлау стандарттары, сайлау құқықтары мен бостандықтары

туралы» Конвенцияда (1 бап 2 т.) адамның және азаматтың сайлау құқықтары мен бостандықтарын соттық және өзге де қорғаудың демократиялық сайлаудың өлшемдерінің бірі болып танылғандығын алуға болады [Отв. ред. Лысенко В.И., 2008, с. 100].

Азаматтардың мемлекеттің істерін басқаруға қатысуының бір нысаны ретінде азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау, қамтамасыз ету мәселесі бүгінде ғылым және құқықтық практика үшін жаңа болып табылмайды. Басқаша айтқанда, қандай да болмасын өркениетті демократиялық мемлекеттерде азаматтардың сайлау құқықтарын жетілдіру мәселелерін зерттеуге арналған белгілі бір ғылыми-зерттеушілік институттар мен оларды шынайы өмірде қорғау мен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік-құқықтық құрылымдар ұйымдастырылған. Ресейлік ғалым С.А.Широбоков көрсетіп кеткендей «… Конституцияда азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы белгіленген екен, тиісінше оны тану, сақтау және қорғау - мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды адамдарының тікелей міндеті болып табылады [Широбоков С.А., 2016, с. 44]. Оның үстіне, бүгінгі таңда өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратын мемлекеттер үшін өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының қандай-да бір кедергілерсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және қорғау оның басым әрі негізгі міндетінің бірі болып табылады деп айтуға болады. Тиісінше, сайлау құқықтарының орындалуын, бұзылмауын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет ішкі мемлекеттік заңнамада, мемлекет аралық, халықаралық құжаттарда осы құқықтарды жүзеге асыру, қорғауға байланысты шараларды белгілейді. Әрине, мемлекеттік қорғау азаматтардың сайлау құқықтарын қорғаудың бірден-бір нысаны болып табылмайды. Сайлау құқықтары өзге де нысандармен қорғалуы мүмкін (мемлекеттік емес қорғау – сайлаушының өзінің қорғауы, қоғамдық ұйымдардың қорғауы, халықаралық қорғау). Бірақ, сайлау құқықтарын қорғаудың өзге нысандарының орын алуында мемлекет басымдыққа ие болып табылады, яғни олардың танылуы мен қызметі мемлекетпен белгіленеді. Әдетте, азаматтардың сайлау құқықтарын мемлекеттік қорғау уәкілетті мемлекеттік органдардың, оның ішінде соттардың, заң шығару органының, мемлекеттік биліктің атқарушы органдарының, прокуратураның, сайлау комиссияларының қызметінде байқалады.

Теориялық және практикалық тұрғыда да таза демократиялық, құқықтық мемлекеттерде мемлекеттік органдар биліктің бірден-бір бастауы ретінде халықтан өкілеттік алатындықтан олар өз қызметтерінде азаматтардың барлық құқықтары мен бостандықтарының тұтастай кешенінің орындалуын қамтамасыз етуге тиісті болады, тиісінше олардың бұзылмауына, қорғалуына белгілі бір шамада қатысып отырады, халық алдындағы міндеттерін адал орындау үшін өз қызметтерін атқарады. Азаматтардың сайлау құқықтары мемлекетпен танылып, оның саяси билігінің күшімен қамтамасыз етілетіндіктен сайлау құқықтарының тиісінше жүзеге асырылуы, бұзылмауы көбіне уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысына байланысты. Сондықтан, сайлау құқықтарының жүзеге асырылуын, қорғалуын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін тұрақты, тиімді мемлекеттік қорғау тетігін қалыптастыру керек. Демек, күшті де қуатты мемлекеттік тетікті қалыптастырмай мемлекеттің азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ете алмасы анық. Сайлау саласында бұл міндеттерді әр мемлекетте тиісті өкілеттік берілген субъектілер жүзеге асырады. Жалпы алғанда, олар өз өкілеттіктері шегінде сайлау процесінің азаматтарға қолжетімді болуын, сайлау құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз етуге, түрлі алаяқтық көріністерге қарсы тұру, олармен күресу арқылы азаматтардың еріктерінің бұрмаланбауын, яғни сайлау жәшіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл, тиісінше шынайы конституциялық мемлекетте азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау нақты бір мемлекеттік органдар үшін басты, алдыңғы кезектегі міндет ретінде қарастырылатындығын анықтайды. Өз кезегінде Қазақстанда да Республика заңнамасымен біршама мемлекеттік органдарға азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау бойынша маңызды міндеттер жүктелген. Республикамызда азаматтардың сайлау құқықтарын тікелей және жанама қорғаудың мемлекеттік тетігіне Республика Президентінен бастап бірқатар органдар: Парламент, Конституциялық Кеңес, атқарушы билік органдары, құқыққорғау органдары, сайлау комиссиялары, адам құқықтары жөніндегі комиссия, уәкіл кіргізілген. Бұл тетікте ҚР Президенті өзгеше орын алады. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нышаны және кепілі ретінде сайлау құқықтарын қорғауды да жүзеге асырады деп айтуға болады. Президенттің азаматтардың сайлау құқықтарын қорғауға байланысты негізгі қызметтеріне оның заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыруын, Парламент қабылдаған заңдарға қарсылық білдіруін, Конституцияның 72 бабының 1 бөлімінде көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Кеңеске өтініш беруін, Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ ... мемлекеттік органдардың заңмен белгіленген құзыретіне кірмейтін мәселелерді құқықтық реттеу бойынша жарлықтар шығаруын, азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау мүддесінде күшіне енген заңның

немесе өзге де құқықтық актінің ҚР Конституциясына сәйкестігін қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдауын, Президенттің адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі конституциялық өкілеттіктерін іске асыруына жәрдемдесетін консультативтік-кеңесші орган - Адам құқықтары жөніндегі комиссияны құру қызметін жатқызамыз.

Қазақстан Республикасында азаматтардың сайлау құқықтарын қорғаудың басты конституциялық негіздері болып мыналар табылады деп айтуға болады: Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы және адам құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазынасының бірі ретінде бекітетіндігі (1 бап); басқару нысаны бойынша Қазақстанның президенттік басқару нысанындағы Республика ретінде анықталатындығы (2 бап); халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындығы және сайлаудың халықтың билікті тікелей жүзеге асыруының бір нысаны ретінде бекітілуі (2 бап); Қазақстанда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының танылатындығы және оларға кепілдік берілетіндігі (12 бап); азаматтардың бәрінің заң мен сот алдында тең болып табылатындығы (14 бап); Республика азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және сайлануға құқылы болып табылатындығы (33 бап 1, 2 тт.), т.б. Көрші Ресей мемлекетінің Конституциясын саралау онда аталғандарға қоса Ресей Федерациясында адам мен азаматтың жалпы құқықтары мен бостандықтарын жоятын немесе кемітетін заңдар шығарылмауға тиістілігі (55 бап 2 т.), РФ Конституциясының 1, 2 және 9 бөлімдерінің ережелерінің Федералдық Жиналыспен қайта қаралуы мүмкін еместігі (135 бап 1 т.) бекітілгендігін көрсетеді [Конституция Российской Федерации. [Электронный ресурс]: Конституция от 12.12.1993 г. Режим доступа: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/ свободный]. Айта кететіні, Федералдық Жиналыспен қайта қаралуға жатпайтын РФ Конституциясының 2 бөлімінде көрініс тапқан ережелердің ішінде РФ азаматтардың мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану құқығы туралы ереже (33 бап 2 т.) бар.

Ал енді, мемлекеттің азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау міндетінің мәніне келсек ол мемлекеттің сайлау құқықтарын қорғаудың түрлі нысандарын тану, бекіту арқылы азаматтардың сайлау және сайлану, өзге де сайлау іс-қимылдарына қатысу құқықтарын іске асыруын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі болып табылады деп айтуға болады. Матейкович М.С. азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау деп азаматтардың мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану құқықтарының, ... жүзеге асырылуын мемлекетаралық ұйымдардың, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, олардың лауазымды тұлғаларының, өзге де ұйымдардың, және азаматтардың өздерінің ... қамтамасыз етуінің мәжбүрлі механизмін анықтайды [Матейкович М.С., 2003, с. 14]. Біздің түсінгенімізше, тиісті ғалым сайлау құқықтарын қорғауды азаматтардың сайлау құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етудің мәжбүрлі тетігі ретінде анықтай отырып аталмыш субъектілерді нақты мемлекеттердің қалауына қарамастан азаматтардың сайлау құқықтарын қорғаудың сөзсіз, міндетті субъектілері ретінде қарастырады. Келесі ғалым А.Р. Акчурин қорғау субъектілеріне нақты тоқталмай сайлау құқықтарын қорғау деп тиісті нысандар мен процедураларды, әдістер мен амалдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын, бұзылған сайлау құқықтарын қалпына келтіру немесе тиісті құқықтарды жүзеге асыруға кедергілерді жою тетігін анықтайды [Акчурин А.Р., 2007, с. 8]. Байқап отырғанымыздай, ол сайлау құқықтарын қорғауды сайлау құқықтарының бұзылуы жағдайымен байланыста қарайды, яғни ол сайлау құқықтарының бұзылуын болдырмауды, оның алдын-алуды сайлау құқықтарын қорғау ұғымына кіргізбейді. Демек, тиісті ғалымның анықтамасында сайлау құқығын қорғаудың түсінігі тар мағынада берілген.

Сайлау құқықтарын қорғау қажеттігі сайлау құқығының маңыздылығынан, азаматтардың сайлау процесі барысында туындайтын құқықтарының бұзылуын болдырмау қажеттігінен туындайды. Тиісінше, мәні бойынша сайлау құқықтарын қорғау институты азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыруына кедергі болатын жағдайлардың алдын-алуға, сайлау құқықтарын бұзу фактісінің орын алуының алдын кесуге бағытталған. Сайлау құқықтарын қорғауға арналған тетіктің тиімсіздігі, әлсіздігі азаматтардың сайлаулардың әділдігіне, сайлау рәсімдерінің заңдылығына қатысты сенімсіздігін туындатады.

ҚР Конституциясы мен конституциялық заңнамасы республикамыздың мемлекеттік органдарына азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау және сақтау бойынша маңызды міндеттер

жүктейді. Олардың осы саладағы қызметі азаматтардың сайлау құқықтарының ұйымдық-құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етеді. Заңда сайлау құқықтарының бекітілуі азаматтардың сайлау құқықтарын кедергісіз және еркін жүзеге асыруы үшін жеткілікті негіз болып табылмайды. Көп жағдайда сайлау құқықтарының іске асырылуы атап кеткеніміздей мемлекеттік органдардың жұмысына байланысты. Республикалық заңнама бірқатар мемлекеттік және муниципалдық органдарды, оның ішінде, құқық қорғау органдары мен жергілікті атқарушы органдарды, тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдарды сайлау науқаны барысында сайлау комиссияларына белгілі бір нақты мәселелер бойынша көмек көрсетуге, жәрдемдесуге міндеттейді. Атап айтсақ, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңның 48 бабында реттелгендей республиканың ішкі істер органдары мен тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдар сайлау комиссияларына дауыс беруді өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен сайлау бостандығын қамтамасыз ету жөнінде, сайлаушылар тізімдерін нақтылау жөнінде, сайлау комиссияларының қызметінде туындаған басқа да мәселелер жөнінде көмек көрсетуге міндетті. Ал, жергілікті атқарушы органдар болса сайлау комиссияларына мүмкіндігі шектеулі Республика азаматтарының сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыста жәрдемдесуге міндетті болып табылады. Егер сайлау комиссиясы өзінің атына берілген өтінішті тексеру кезінде өтініште көрсетілген мән-жайларды құқық қорғау органдарының тексеруі қажет деп тапса, онда тиісті құқық қорғау органдары сайлау комиссиясының өтініші бойынша мән-жайларды тексереді және өтініш бойынша шешім шығарады [«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 конституциялық заңы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». Алу режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_]. Сайлау құқықтарының бұзылмауы, бұзылған жағдайда қалпына келтірілуі ең алдымен, сот органдарының жұмысына байланысты десек болады. Көпшілік мемлекеттерде, сот органдары үшін азаматтардың құқықтарын, оның ішінде сайлау құқықтарын қорғау функциясы алдыңғы кезектегі міндет ретінде қарастырылады.

Әдетте, сайлау мемлекеттің демократиялығының негізгі бір көрінісі болып саналғанымен бүгінде сайлау құқықтарын бұзу фактілері жиі кездеседі. Тіпті дамыған демократия жағдайындағы мемлекеттердің өзінде де сайлау құқықтарының бұзылуының түрлі нысандарының орын алуы кең таралған құбылыс болып табылады. Негізінен, азаматтардың сайлау құқықтарын бұзудың негізгі себептері ретінде сайлау қатынастарын реттейтін заңнаманың тиімсіздігі, сапасыздығы, оның тұрақсыздығы, яғни сайлау туралы заңнамаға бітпейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізу, заң нормаларының орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (заңсыздық), азаматтардың құқықтық сауатсыздығы, құқықтық мәдениетінің төмендігі, саяси тұрақсыздық, жалпы алғанда сайлау құқықтарының кепілдіктерінің осалдығы анықталады. Тарихи даму процесі кейбір елдерде сайлау туралы заңды бұзудың бір себебі ретінде нәсілдік кемсітушіліктің де орын алғанын көрсетеді. Оны Дж. Кеннет Блакуел мен Кеннет А. Клюковскийдің келесі негіздемесінен көреміз: «Соңғы жарты ғасырда Федералдық сот жүйесі дауыстарды ... заңсыз бюллетеньдердің көмегімен бұрмалаудан қорғауға қатысты көптеген мәселелерді қарады. Бұрыңғы істердің көбісі нәсілдік мәселелерге қатысты болды, өйткені сайлау заңнамасын бұзушылықтардың көпшілігі нәсілдік дискриминацияға байланысты болды. Мұндай дауларда соттар азшылықты құрайтын американдық азаматтардың конституциялық құқықтарын қолдауы қажет болды» [J. Kenneth Blackwell and Kenneth A. Klukowski, 2009, p. 115]. Бұл аталғандарға қоса, шынайы өмірде биліктің негізгі реттеуші саяси күш ретінде қалыптасуы мен орнығуы да оның сайлау құқықтарын бұзуға апарып соқтыратын негізгі факторлардың бірі ретінде орын алып отырғанын көрсетеді. Бұл туралы РФ Орталық Сайлау Комиссиясының төрағасы болған А.А. Вешняков кезінде «… Біздің елде билік үлкен құндылықты білдіреді, сондықтан кейде оған қол жеткізу үшін қарсылас тараптар ештеңеден жиренбей лас істерге де барады», - деп ашық мойындаған болатын [Исраелян В.Б., 2004, http://www.dissercat.com/content/ osobennosti-sudebnoi-zashchity-izbiratelnykh-prav-grazhdan-v-rossiiskoi-federatsi].

Азаматтардың сайлау құқықтарының іске асырылу мен бұзылмауын, қорғалуын қамтамасыз етуде заңдылық үлкен маңызға ие. Заңдылық сайлау құқықтарының бұзылуының, жалпы сайлаудың жарамсыз деп танылуының алдын алады. Олай болса, заңдылық сайлаудың жарамдылығын қамтамасыз ететін жағдайлардың бірі болып табылады. Сайлау процесі заңмен анықталған тәртіпте жүзеге асып, сайлау нәтижелері алаяқтық және өзге де заңсыз жолмен берілген дауыстардан таза болған ретте ғана, соңғысына қатыстырып айтсақ дауыс беру қатаң түрде заң талаптары сақталып жүгізілуіне байланысты сайлау заңды дауыстардың нәтижесі болған жағдайда ғана, оған қоса сайлаушылардың тиісті еріктері заң шегінде анықталған жағдайда ғана

сайлау, оның нәтижелері заңды болып табылады. Демек, қандай-да болмасын сайлау жарамды болып табылуы үшін сайлау заңда бекітілген тәртіпке сай жүргізілуі тиіс. Бұл сайлау туралы заңнамада біраз сайлау әрекеттері мен дауыс берудің азаматтар үшін құқық ретінде бекітілуі олардың тиісінше сайлау құқықтарын өзінің қалауы бойынша, яғни өзі қалаған тәртіпте жүзеге асырады дегенді білдірмейді. Осы тұрғыдан кейбір шетелдік ғалымдар дауыс берудің тек құқық қана емес, міндет ретінде танылу қажеттігін және осы міндетті орындау үшін сайлаушының қажетті күш-жігерін жұмсауы тиістігін негіздейді. Олар дауыс беру құқығы сайлаушының өзі қалаған тәртіпте, қалаған әдіспен жүзеге аспайтынын, яғни дауыс беру құқығының қалай жүзеге асырылуы тиістігін анықтауды мемлекет өзінде сақтайтындығын, ал сайлаушы азамат оны мемлекет анықтаған тәртіпте орындауға міндетті болып табылатындығын көрсетеді. Нақты тоқталсақ, «дауыс беру құқықпен қатар, міндет те болып табылатындықтан, сайлаушылар мемлекет тарапынан белгіленген заңи өлшемдерді санамен сезініп, оларды қанағаттандыруға дайын болуы тиіс... Дауыс беру құқығы оны сайлаушының өз таңдауы бойынша кез-келген тәсілмен жасау құқығына әкеп соқпайды. Мемлекеттер сайлауды реттеу құқығын өзінде сақтайды және сайлау туралы әрбір заң жекелеген сайлаушыларға белгілі бір ауыртпалықты сөзсіз жүктейді» [J. Kenneth Blackwell and Kenneth A. Klukowski, 2009, p. 108, 115]. Демек, тиісті ғылыми көзқарасқа сәйкес азаматтар сайлау – дауыс беру құқығын өзі қалауы бойынша емес, мемлекет бекіткен норманы, яғни мемлекет заңнамада жүктеген белгілі бір ауыртпалықтарды сақтау, бұзбау міндетін орындау арқылы жүзеге асырады.

Шетелдік ғалым Р. Паул Марги сайлау құқықтарын бұзатын құқық бұзушылықтардың белгілі бір сайлаушыға немесе сайлаушылар тобына не саяси құрылымға басқа тұлғаға (тұлғаларға) қатысты басымдық бере отырып азаматтардың сайлауларға теңдей негізде қатысу құқығына кедергі жасайтынын көрсетеді [R. Paul Margie, 1995, p. 495]. Әдетте, азаматтардың сайлау құқықтарын бұзу оларды (сайлау құқықтарын) кемсітуде, сайлау құқықтарын пайдалану үшін кедергілер жасауда және сайлау процесіне қатысушы субъектілердің заңмен белгіленген міндеттерді орындамауында немесе тиісінше орындамауында көрініс табады. Әдетте, мұндай құқықбұзушылықтардан сайлау құқықтарын қорғауды уәкілетті субъектілер келесі әрекеттер арқылы қамтамасыз етеді: сайлау құқықтарын бұзудың алдын-алу; сайлау құқықтарын бұзып отырған, оларды іске асыруға кедергі болып отырған жағдайларды жою және тиісті жағдайда нақты құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік белгілейтін санкцияларды қолдану; бұзылған құқықты қалпына келтіру.

Сайлау құқықтарын қорғау үшін тиісті құқық қорғаушы субъектілер барынша қажетті құралдармен жарақтандырылуы тиіс. Басқаша айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық органдарда сайлауларда орын алатын түрлі құқықбұзушылықтардың алдын алып, оларды жою мүмкіндігі болуы тиіс. Ескере кететін бір жәйт: сайлау құқықтарын қорғауға уәкілеттілік берілген субъектілердің тиісті қызметінің тиімділігінде, нәтижелігінде сайлау заңнамасының сапалығы мен тұрақтылығы да үлкен әсер етеді. Себебі, сайлау заңнамасының шектен тыс тұрақсыздығы, яғни тиісті заңнамаға бітпейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізу өз кезегінде сайлау құқықтарын қорғау тетігінің тұрақсыздығына, оның жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауына, азаматтардың құқықтық сауаттылық деңгейінің төмендеуіне алып келуі әбден мүмкін жағдай. Демек, сайлау туралы заңнаманың тұрақсыздығы, « … сайлау заңнамасының қалыптасқан жүйесіне әбден сай келмейтін, сот билігі органдары жиі түзететін қарама-қайшы нормалардың көп саны қажетті заңдық кепілдіктер жасамайды, азаматтардың сайлау құқықтарын бұзу жағдайларына қарсы тұруға тиімді ықпал етпейді және азаматтардың сайлау құқықтарын жедел, толық қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді [Исраелян В.Б., 2004, https://www.dissercat.com/content/osobennosti-sudebnoi-zashchity-izbiratelnykh-prav-grazhdan-v-rossiiskoi-federatsii]. Атап кеткеніміздей, сайлау құқықтарын қорғау үшін уәкілетті субъектілердің қолында барлық қажетті мүмкіндіктер болуы керек. Себебі, тиісті субъектілер сайлау құқықтарын бұзатын түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алып, оларды жою мүмкіндігін иеленген жағдайда ғана олар сайлау іс-қимылдарының, дауыс беру процесінің сайлаушыларға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Сайлау құқықтарын қорғаудың амалдарын таңдау белгіленген субъектілердің өкілеттігіне тікелей байланысты. Яғни, азаматтардың сайлау құқықтарын қорғауды нақты субъектілер өздерінің заңмен бекітілген өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады. Сайлау құқықтарын қорғау азаматтарды сайлау іс-қимылдары, оларды жүзеге асыру тәртібі туралы кеңінен ақпараттандыру арқылы да, сайлауларға, дауыс беру қорытындыларын анықтау мен жариялауға бақылаушыларды кеңінен тарту негізінде сайлау процесін бақылау арқылы да жүзеге асырылады. «Бақылау сайлау процесінің құқықтық

жүйеге сәйкес келуіне ықпал етеді және күмәнді әрекеттердің алдын алады, болдырмайды» [Мусин К.С., 2017, с. 47]. Бұлар сайлау нәтижелерін бұрмалаудың орын алуына кедергі болады.

Сайлауларды ұйымдастыру және өткізу саласындағы келеңсіз құбылыстарды еңсеру жолдарын іздеумен бүгінде конституциялық-құқықтық ғылымның көптеген өкілдері айналысуда. Осылайша, адам құқықтарының қамтамасыз етілуінің күрделі және көп қырлы проблемасының аса маңызды аспектісі шешілуде. Н.И. Матузов жеке адамның құқықтарын іске асырудың қажетті алғышарттарын, кепілдіктері мен тетіктерін жасау, осы саладағы дағдарысты еңсеру тиісінше ғылымның негізгі бағыты болып табылатындығын көрсете отырып, ғылым мен тәжірибенің күш-жігері осыған бағытталуы тиіс, - дейді ол [Матузов Н.И., 1999, с. 74].

Сонымен, жоғарыда түзілгендерді қорытатын болсақ, Республика Конституциясының мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық болып табылатындығын, халықтың өз билігін тікелей жүзеге асыратындығын және өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беретіндігін бекітетін ережесі (3 бап) мемлекеттік лауазымды тұлғалардың өктем функцияларды халықтың оларға өкілеттік беруі нәтижесінде иеленетінін анықтайды әрі оларға өздерінің тиісті өкілеттіктерін халыққа қызмет ету мақсатында, үлкен жауаптылықты сезіне отырып орындауы тиістілігін шамалайды. Қазақстанда азаматтардың өздерінің сайлау құқықтарын балама түрде еркін жүзеге асыруын қамтамасыз етуде, жалпы сайлауларды ұйымдастыру және өткізу процесінде мұндай жауапты да күрделі қызметті бірқатар мемлекеттік органдар атқарады. Олар сайлауларды ұйымдастыру және өткізу барысында азаматтардың сайлау құқықтарын қорғауға белгілі бір шамада қатыса отырып сайлаулардың азаматтар үшін ыңғайлы, қол жетімді болуын, құқықтарының бұзылмауын, бұзылған жағдайда қалпына келтірілуін қамтамасыз етеді. Сол арқылы сайлау жәшіктерінің құпиялығын түрлі заңсыз әрекеттерден, алаяқтықтардан қорғауды мүмкін етеді. Бұл күрделі де жауапты іс. Десе, де азаматтардың еріктерінің маңызды болып табылуына байланысты оған нақты мемлекеттік субъектілер барынша тырысулары қажет. Сайлау жәшіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмау өз кезегінде сайлау нәтижесінің сайлаушылардың нақты еркіне сай келмеуіне алып келеді. Ал, сайлау нәтижелерінің сайлаушылардың еріктеріне сәйкес келмеуі халықтың егемендігіне қол сұғады, өйткені ол мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде халыққа өзіне тиесілі биліктің барлық көлемін жүзеге асыруына мүмкіндік бермейді. «Тіпті сайлау құқықтарының жекелеген бұзылуының өзі халықтың егемендігіне қол сұғушылық болып табылады. Егер бұл құқықбұзушылықтар халықтың шынайы еркін белгілеуге мүмкіндік бермейтіндей жаппай сипатқа ие болса, онда халыққа тиесілі билікті конституцияға қарсы түрде иемдену фактісі туралы айтуға болады. Тиісінше, сайлау құқықтарын қорғау біртұтас, бөлінбейтін халық егемендігін қорғау болып табылады» [Матейкович М.С., 2003, с. 21].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Акчурин, А. Р. Порядок защиты избирательных прав граждан в Российской Федерации: автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.02 / Акчурин Александр Ростамович. – М., 2007. - 25 с.

2 Kenneth Blackwell J. and Kenneth A. Klukowski. The Other Voting Right: Protecting Every Citizen's Vote by Safeguarding the Integrity of the Ballot Box // Yale Law & Policy Review. Volume 28, Issue 1 (2009). 107-123 p.

3 Зарубежное избирательное право: Учебное пособие. / Научный редактор: доктор юридических наук В. В. Маклаков. – М.: Издательство НОРМА, 2003. - 288 с.

4 Исраелян В.Б. Особенности судебной защиты избирательных прав граждан в Российской Федерации // http://www.dissercat.com/content/ osobennosti-sudebnoi-zashchity-izbiratelnykh-prav-grazhdan-v-rossiiskoi-federatsi

5 Конвенция о стандартах демократических выборов, избирательных прав и свобод в государствах – участниках Содружества Независимых Государств: Документы и материалы / Отв. ред. доктор юридических наук, заслуженный юрист Российской Федерации В. И. Лысенко. – М.: РЦОИТ, 2008. - 528 с.

6 Матейкович, М. С. Защита избирательных прав граждан в Российской Федерации: проблемы теории и практики: автореф. дис. докт. юрид. наук: 12.00.02 / Матейкович Максим Станиславович. - Саратов, 2003. - 60 с.

7 Матузов Н.И. Права человека: время надежд и разочарований // Права человека: пути их реализации. Материалы международной научно-практической конференции (8-10 октября 1998 г.) Ч. 1. - Саратов, 1999. - С. 72-75.

8 Мусин К.С. Законодательные основы деятельности наблюдателя. // Наука и жизнь Казахстана. – Астана, 2017. №6 (52). - С. 47-52.

9 R. Paul Margie. Protecting the Right to Vote in State and Local Elections under the Conspiracy against Rights Act // University of Chicago. Legal Forum. Volume 1995. Issue 1. Article 18. – P. 483-504.

10 Широбоков С.А. Мотивация определения структурной модели участия граждан в управлении делами государства // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. №2 (78). - С. 40-46.

Кучербаев А.Б.
докторант
Алматинская академия МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова
kucherbaevaskar@gmail.com

КАДРОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАК ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ

Түйін. Осы баптың авторы ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі бағыттарының бірі – кадрлық қамтамасыз ету мазмұнын зерттейді. Бұл тақырыптың өзектілігі ішкі істер органдары жүйесінде болып жатқан реформаларға негізделген, олардың желісі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді құзыретті шешуге қабілетті жоғары кәсіби кадрлық құрамды қалыптастыру болып табылады.

Кілт сөздер: кадрлық қамтамасыз ету, реформалар, кадрлық құрам.

Резюме. Автором данной статьи исследуется содержание одного из направлений административной деятельности органов внутренних дел – кадрового обеспечения. Актуальность данной темы обусловлена происходящими реформами в системе органов внутренних дел, лейтмотивом которых является формирование высокопрофессионального кадрового состава, способного компетентно решать задачи по защите прав, свобод и законных интересов граждан.

Ключевые слова: кадровое обеспечение, реформы, кадровый состав.

Summary. The author of this article investigates the content of one of the directions of administrative activity of internal affairs bodies – staffing. The relevance of this topic is due to the ongoing reforms in the system of internal affairs bodies, the leitmotif of which is the formation of a highly professional staff that can competently solve the problem of protecting the rights, freedoms and legitimate interests of citizens.

Keywords: staffing, reforms, formation of staff.

Органы внутренних дел являются самым многочисленным по кадровому составу правоохранительным органом, в компетенцию которого входит выполнение широкого спектра функций. Их содержание обусловлено предназначением органов внутренних дел – защита жизни, здоровья, прав и свобод человека и гражданина, интересов общества и государства от противоправных посягательств, охрана общественного порядка и обеспечение общественной безопасности. Призванные служить народу Казахстана, в целях обеспечения общественной безопасности органы внутренних дел осуществляют такие задачи, как: профилактика правонарушений; охрана общественного порядка; борьба с преступностью; исполнение уголовных наказаний и иных мер уголовно-правового воздействия, а также административных взысканий; предупреждение и ликвидация чрезвычайных ситуаций, обеспечение пожарной безопасности, организация гражданской обороны. Кроме того, законодательством Республики Казахстан на органы внутренних дел могут быть возложены иные задачи.

Единая система органов внутренних дел, представленная совокупностью соответствующих служб и подразделений, образует логически выстроенную модель управления как одного из элементов целостного механизма государственного аппарата. Детерминированная возложенными на органы внутренних дел задачами и выполняемыми функциями, данная модель управления содержит все признаки государственного управления и основывается на его принципах. Именно принципы определяют закономерности выстраивания отношений в любой сфере, отражают специфику взаимосвязей субъектов данных отношений.

Говоря о принципах государственного управления, Г.В. Атаманчук выделяет следующие требования, предъявляемые к процессу их выявления и обоснования:

- отражение не любых, а только наиболее существенных, главных, объективно-необходимых закономерностей, отношений и взаимосвязей государственного управления;

- характеристика лишь устойчивых закономерностей, отношений и взаимосвязей в государственном управлении;

- охват преимущественно таких закономерностей, отношений и взаимосвязей, которые присущи государственному управлению как целостному социальному явлению, т.е. имеющих не общий, а частный характер;

-отражение специфики государственного управления, его отличие от других видов управления [1, с.265].

В числе принципов государственного управления, соответствующих перечисленным критериям, в теории права выделяют принцип законности. Именно он устанавливает требования

к функционированию и развитию государственного управления, основанного на соответствующей правовой базе. Ее актуальность и адаптированность к внешним условиям функционирования государственного управления обеспечивают дисциплину и строгую регламентацию деятельности органов государственной власти, в том числе, органов внутренних дел. Наделенные государственно-властными полномочиями как субъект государственного управления, органы внутренних дел осуществляют исполнительно-распорядительную, контрольно-надзорную деятельность, направленную на решение возложенных законодательством задач. Факт осуществления указанной деятельности позволяет рассматривать ее в качестве административной, основное содержание которой заключается в обеспечении надлежащего исполнения органами внутренних дел своих функций.

Исследуя понятие административной деятельности органов внутренних дел, Л.Т. Культемирова отмечает такие признаки, как государственно-властный, исполнительно-распорядительный и организующий [2]. Именно их совокупность наиболее полно раскрывает содержание деятельности органов внутренних дел как субъекта государственного управления.

Продолжая анализ понятия административной деятельности, отметим, что в теории выделяют два ее аспекта, отражающие направления организующего управленческого воздействия. Это внутрисистемная или внутриорганизационная и внешне системная, которые также называют «внутренняя» и «внешняя» административная деятельность. Такую трактовку применил в своей работе М.И. Еропкин, подчеркивая, что организация (с одной стороны) и практическое осуществление функций по охране общественного порядка (с другой) обусловливают два важнейших направления административной деятельности [3, с.84].

В контексте настоящей статьи, представляет интерес именно внутрисистемная административная деятельность, направленная на организацию согласованного функционирования всей системы органов внутренних дел, их финансовое, материально-техническое и кадровое обеспечение. Особая значимость последнего вида обеспечения подчеркивается происходящими в правоохранительной сфере реформами, ключевым моментом которых является повышение профессионального уровня кадрового состава. Нарекания со стороны общества к качеству выполняемой работы и обслуживания населения посредством оказания органами внутренних дел государственных услуг, к морально-этической составляющей поведения сотрудников обнажили проблемы, пласт которых формировался годами.

Неспособность вести эффективную профилактическую работу, своевременно выявлять и пресекать правонарушения, особенно посягающие на права человека, неприкосновенность его жизни, чести и достоинства; несоответствие ожидаемым результатам вследствие низкой профессиональной подготовки вызывают сегодня особые претензии и критику. Вместе с тем, признавая существующие проблемы внутри системы органов внутренних дел, нельзя отрицать необходимость обоюдной ответственности как органов внутренних дел, так и граждан. Трудно не согласиться с Г.В. Атаманчук, что человеческий потенциал во всей его сложности и противоречивости является первопричиной множества ошибок и заблуждений. «В обществе готовится и из общества пополняется персонал государственного управления. И каков человеческий потенциал общества, таков во многом и персонал органов государственной власти» [1, с.359]. Данная мысль отражена и в официальных документах, определяющих вектор развития страны в целом, так и по отдельным отраслям. Так, одним из направлений реализации Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года является реформа под названием «Новый человеческий капитал». «…развитие человеческого капитала, обладающего высококачественными и востребованными навыками XXI века, является приоритетной задачей, от которой будет зависеть дальнейший рост экономики Казахстана» - говорится в Стратегическом плане [4].

Безусловно, что грамотная, взвешенная и системная работа по подготовке кадров – одна из составляющих профессиональной кадровой политики. Ее ценностная основа обусловлена духовно-нравственными, правовыми, профессиональными и иными требованиями.

Стартом глобальных реформ в области кадровой политики в системе органов внутренних дел послужило принятие Концепции кадровой политики правоохранительных органов Республики Казахстан [5]. В данном концептуальном документе четко обозначены проблемы кадрового обеспечения органов внутренних дел:

- отсутствие четкой системы планирования и расстановки кадров, хаотичность и неупорядоченность перемещений сотрудников;

- низкое качество изучения кандидатов на службу, комплектование органов некомпетентными кадрами;

- отсутствие четких критериев оценки результатов работы сотрудника, что влечет формализм аттестации, низкую мотивацию, протекционизм при продвижении кадров;

- поверхностный подход к профессиональной и физической подготовке сотрудников, шаблонный характер повышения квалификации;

- неэффективная организационно-штатная работа, дублирование функций, механическое увеличение штатной численности без учета реальной нагрузки;

- недостаточная воспитательная работа, рост негативных тенденций среди сотрудников.

В целях формирования высокопрофессионального кадрового состава, способного компетентно решать задачи органов внутренних дел, кадровая политика должна обеспечить применение эффективных методов планирования и комплектования кадрового состава, характеризуемого компетентными и нравственно устойчивыми сотрудниками. При этом, вышеуказанный нами принцип законности должен быть направлен, на обеспечение прозрачности и объективности принятия решения отбора, аттестации, расстановки кадров. В целях его реализации важен объективный кадровый мониторинг, который позволит отслеживать динамику развития персонала. Объектом кадрового мониторинга должны быть вопросы формирования кадрового корпуса, расстановки, подготовки, переподготовки кадров, планирования их служебной карьеры, мотивации на кадровый рост и повышение своей конкурентоспособности.

Говоря об организационно-правовых основах формирования служебной карьеры государственных служащих, Л.Т. Культемирова подчеркивает актуальность проблемы формирования качественно нового состава административно-управленческих кадров, достижения результативности их деятельности, профессионального роста, развитие творческого инновационного потенциала является весьма актуальной. Быть не просто хорошим работником в какой-либо сфере деятельности, но признанным среди равных, удается далеко не каждому. И причина здесь не только в недостаточном уровне образования или опыта, но, что наиболее важно, в возрастающей конкуренции на рынке труда [5]. Кроме того, государственный служащий, в том числе, сотрудник органов внутренних дел, является не просто представителем государства, осуществляющим деятельность по реализации его задач и функций, но, прежде всего – исполнителем, оказывающим государственные услуги населению. Ориентирование деятельности государственного аппарата на «клиентные» отношения с населением является общемировой тенденцией, отражающей уровень позитивных изменений по улучшению качественных характеристик выполняемых функций.

Проводимая сегодня модернизация ведомственной системы подготовки и переподготовки кадров, внедрение системного подхода к повышению профессионализма в течение всей службы имеют конечной целью формирование эффективного конкурентоспособного кадрового корпуса, динамично развивающегося и мобильного, духовно-нравственные качества которого будут обеспечивать реализацию принципа патриотизма, верности профессиональному долгу.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. Курс лекций. Изд.2-е, дополн. – М., 2004. – 584 с.

2. Культемирова Л.Т.Административная деятельность органов внутренних дел. Общая часть: Учеб. пособие. – Алматы: ООНИиРИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. М.Есбулатова, 2018. – 168 с.

3. Еропкин М.И. Управление в области охраны общественного порядка. – М.: Юридическая литература, 1965. – С. 84.

4. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года. Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года №636.

5. Концепция кадровой политики правоохранительных органов Республики Казахстан. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 31 декабря 2013 года № 720 «О мерах по дальнейшему развитию правоохранительной системы Республики Казахстан».

6. Культемирова Л.Т. Организационно-правовые основы формирования служебной карьеры государственных служащих Республики Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции в рамках Сапаргалиевских чтений на тему: Актуальные вопросы реализации Концепции правовой политики РК (период с 2010 до 2020 года) (05 апреля 2019 года). – Алматы, 2019. – 147-152.

УДК 343.35(574)

Оразбаев О.С.
доцент
Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ КОНТЕКСІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада Қазақстанның еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың жай-күйін халықаралық деңгейде бағалау нәтижелері бойынша алар орны туралы, халықаралық деңгейде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар туралы сөз болады. Сондай-ақ еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігі әлі де болса жеткіліксіз деңгейде екендігіне алаңдаушылық білдіре отырып, автор осы саладағы шетелдік тәжірибені зерттеу мен озық үлгілерді Қазақстанға енгізу практикасын жалғастыруды қажет деп есептейді. Автор Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде соңғы кездері орын алып жатқан түбегейлі өзгерістерді бақылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асырудың сапалы жаңа кезеңі басталғандығына сенімділік білдіреді.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, халықаралық бағалау, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі, Төртінші өнеркәсіптік революция, Трансперенси Интернейшл.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИЗУЧЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ В КОНТЕКСТЕ МЕЖДУНАРОДНОЙ ОЦЕНКИ КОРРУПЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье рассмотрены результаты международной оценки восприятия коррупции в Казахстане, а также предпринимаемые Казахстаном меры направленные на снижение уровня коррупции в стране, и на улучшение международного положения по вопросам противодействия коррупции. Автор выражает обеспокоенность по поводу недостаточной эффективности предпринимаемых нашим государством мер противодействия коррупции, и считает необходимым и целесообразным практику изучения и заимствования позитивных достижений развитых зарубежных стран в противодействии коррупции. В свете произошедших в последнее время в общественно-политической жизни страны перемен автор выражает уверенность в начале качественно нового этапа по реализации антикоррупционной стратегии в Казахстане.

Ключевые слова: коррупция, международная оценка, индекс восприятия коррупции, Четвертая промышленная революция, Трансперенси Интернейшл.

SOME QUESTIONS OF RESEARCHING FOREIGN EXPERIENCE IN COUNTERING CORRUPTION IN THE CONTEXT OF AN INTERNATIONAL ASSESSMENT OF CORRUPTION IN KAZAKHSTAN

Summary. The article discusses the results of an international assessment of the perception of corruption in Kazakhstan, as well as the measures taken by Kazakhstan aimed at reducing the level of corruption in the country and at improving the international situation in countering corruption. The author expresses concern about the lack of effectiveness of anti-corruption measures taken by our state, and considers it necessary and expedient to practice and borrow the positive achievements of developed foreign countries in countering corruption. In the light of the recent changes in the political life of the country, the author expresses confidence at the beginning of a qualitatively new stage in the implementation of the anti-corruption strategy in Kazakhstan.

Keywords: corruption, international assessment, corruption perception index, Fourth Industrial Revolution, Transparency International.

1 Сыбайлас жемқорлықты жою - бірінші кезекте баса мән беру керек бағыт.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде соңғы кездері орын алып жатқан түбегейлі өзгерістерді бақылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асырудың жаңа сапалы кезеңі, және осы саладағы нақтылы түбегейлі нәтижелерге бағытталған белсенді қимылдар кезеңі басталды деп тұжырым жасауға негіз бар сияқты.

Конституциялық нормаларға сай өзіне Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін қабылдаған Сенаттың бұрынғы төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет басшысы

статусын алған алғашқы күндерден бастап өзінің сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне ерекше мән беретінін атап айтқан болатын.

Әрине сыбайлас жемқорлықпен күрестің қоғамымыз үщін ұзақ сонар эпопеяға айналғанына үйрене бастаған қазақстандықтар мемлекеттің жаңа басшысының мұндай мәлімдемелерін әркелкі қабылдады. Кейбіреулер жоғары трибунадан жария етілген кезекті декларация ретінде қабылдаса, екіншілері кезектен тыс президент сайлауы қарсаңындағы басты кандидаттың саяси платформасының басты пунктерінің бірі ретінде қабылдады. Әлеуметтік желілерде скептикалық сипаттағы көптеген пікірлер айтылып жатты.

Белгілі бірқорытындылар мен болжамдар жасауға әлі ертерек болса да, мемлекет басшысының бұдан кейінгі іс-әрекеттері оның сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесін шындап қолға алғандығын және жүйелі өзгерістерді жүзеге асыруға бағдар ұстағандығын дәлелдегендей.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзінде мемлекет басшысы ретінде бірінші кезекте баса мән беру керек 10 маңызды бағытты атап, екінші бағыт ретінде сыбайлас жемқорлықты жою деп көрсетті: «Бірінші қыркүйекке дейін жемқорлықтың деңгейін мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар топтамасы дайындалады. Жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргіземіз»[1, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзі. (12.06.2019)].

Осы бағдарламалық сөздерінің жүзеге асырыла бастағанынның дәлелі ретінде көп ұзамай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросын (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қылып қайта құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Осы актімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын құқық қорғау органы болып табылады деп белгіленді.

Бұның алдында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ведомствосы - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы - болып келген органның Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган – агенттік статусына жоғарылатылуы - жаңа Президенттің сыбайлас жемқорлық мәселесіне қаншалықты мән беретіндігінің және приоритеттерінің бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті айтарлықтай күшейтуді жүзеге асырудың басталғандығының дәлелі ретінде қарастыруға болады.

Агенттік төрағалығына тағайындалған Алик Шпекбаев «Институционалдық өзгерістерге қарамастан, парасаттылық идеологиясына негізделген жұмыстың жаңа форматы біз үшін басым болып қалуда. Алайда, сыбайлас жемқорлық шенеуніктерді ұстау көңіл-күйді ешкімге көтермейтіндігін жақсы түсінсек те, жұмысымызды әлсіретуге ниетті емеспіз» - деп мәлімдеді өзінің Facebook-тегі парақшасында.

Бұдан әрі агенттік басшысы сыбайлас жемқорлық жайлаған салалардың біріндегі жағдай туралы баяндап өтті – «Өзімнің жаңа саладағы алғашқы постымда мемлекеттік аппараттағы келеңсіз құбылыстардың бірі - ел ішіндегі іссапарлар барысындағы қызметшілердің теріс қылықтары және отырыс, алым-салық, дастархан жаю және тарту жасау қоса жүретін тамыр жайған, төмен құрылымдарды жаппай тексерулерге назар аудартқым келеді.

Бұл проблеманың өткірлігі, әсіресе облыстық, аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің көптеген шағымдарымен расталады. Және қоғамның игілігі болған мысалдар жеткілікті.

Аталған теріс тәжірибе өткеннің көзі бола отырып, адамдардың санасында терең тамыр жайған және отандық мемлекеттік қызметтің ұйымдастыру мәдениетін сипаттайтын норма сияқты қабылданады. Сонымен қатар, біз стандарттарына бой түзейтін ЭЫДҰ елдерінде мұндай мәселе

жоқ, ешкім ешкімді қабылдамайды, ал тексерулер қашықтықтан бақылау есебінен жүзеге асырылады».[9]

Ал енді А.Шпекбаев мысал ретінде келтіріп отырған, 2018-жылғы жағдай бойынша 40-қа жуық мемлекетті қамтитын экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының қайсысын қабылдауға болады, жалпы сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында айтарлықтай табыстарға жете алмай келе жатсақ та неге шетелдік тәжірибені сөз ете береміз деген сауалдар туындайды.

2 Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің жай-күйіне қысқаша сипаттама.

Қазіргі уақытта Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды жүйелі және бірізді іске асыру ұлттық тәжірибе ауқымы мен озық халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелерді тартуды ескерумен өзін-өзі жетілдіру режимінде тұрақты тұрған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бірегей үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жалпы мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, жемқорлық құбылыстары мен көріністеріне соқтыратын түрлі себептер мен шарттардың ықпалын барынша төмендету бағытында құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік және өзге де шараларды белсенді түрде жүзеге асырып келеді. 2015 жылдың 18-қарашасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды.[10]

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев өзінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін елімізде шешілуі қажетті міндеттер шеңберін айқындай келе, «Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса береді», -деп атап көрсетті[2, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. – 2018. - 10 қаңтар - №10].

Дүниежүзілік Банк Институты жүргізген зерттеудің қорытындыларына сәйкес жыл сайын дүние жүзінде 1 триллион доллар көлемінде пара беріледі екен. Д.Кауфманның пікірінше, 1 триллион доллар көлемінде пара, бұл шамамен алғандағы цифра болып табылады. «Сыбайлас жемқорлық-бұл жай ғана дамушы елдердің алдында тұрған көп проблемалардың бірі ғана емес, сыбайлас жемқорлықпен күрес-глобальдық масштабтағы міндет»[3, Кауфман Д. Коррупция: проблемы и условия ее порождающие. Научно-практическая конференция "Социология коррупции". 20 марта 2003 г.].

Осындай жағдайда, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтармен, соның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес мәселелерін перманентті зерттеу, осы салалардағы шетелдік мемлекеттердегі жиналған тәжірибеге анализ жасауды одан әрі жалғастыру сыбайлас жемқорлықпен күресу жолындағы заңнаманы, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың стратегиясы мен тактикасын одан әрі жетілдіру үшін қажет.

Бұған қоса, қоғамдық қауіпті құбылыс ретіндегі шетелдердегі сыбайлас жемқорлық, оның көрініс табу формалары мен түрлерін және оның шетелдік мемлекеттерде орын алу себептерін зерттеу - олардың нақтылы әдістері мен формаларын Қазақстанда пайдалану үшін қажет, яғни шетелдік мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың стратегиясы мен тактикасын қалыптастыру мен жүзеге асырудың криминологиялық, құқықтық, саяси, әлеуметтік, ұйымдық және халықаралық аспектілерін айқындау өте маңызды.

3 Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықты халықаралық бағалау және шетелдік тәжірибені зерттеу мен озық жетістіктерді Қазақстанға енгізу практикасын жалғастырудың қажеттігі.

Transparency International ұйымының 2018 жылдың қорытындылары бойынша жариялаған мәліметтеріне сүйенсек, сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша Қазақстан 31 балмен Джибути, Габон, Мальдивы және Непал сияқты мемлекеттермен қатар 124 орында орналасқан.

---

[9] URL: https://www.facebook.com/Alik.Shpekbaev/posts/916976025311415?_tn_=K-R

[10]Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.- URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410.

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 2018 жылдың үздік елдері ретінде Дания мен Жаңа Зеландия танылды, олардың бағалары тиісінше-88 және 87 балл. Ең төменгі орын алған мемлекеттер – Сомали, Сирия және Оңтүстік Судан, балдары – тиісінше 10, 13 және 13.

Орталық Азия аймағы және бұрынғы СССР мемлекеттері бойынша көрсеткіштер төмендегідей – Қырғызстан – 29 балл(132-орын), Россия – 28 балл(138-орын), Азербайжан мен Тәжікстан – 25 балдан(152-орын), Өзбекстан -23 балл(158-орын), Түркіменстан – 20 балл(161-орын), Украина – 32 балл(120-орын), Молдова – 33 балл(117-орын), Армения – 35 балл(105-орын), Беларусь – 44 балл(70-орын).[11]

Осыдан бір жыл яғни 2017 жылдың қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінде Қазақстан 31 балмен Джибути, Габон, Мальдивы және Непал сияқты мемлекеттермен қатар 122 – орын алған болатын.

Өткен бір жыл айтарлықтай прогресс болмаса да халықаралық ұйымдар әлемде орын алған демократиялық кризис жағдайында Қазақстанның бұрынғы позициясын сақтап қалғандығының өзін айтарлықтай жетістік ретінде қарастырды.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлықпен күресуші негізгі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Агенттіктің(қазіргі таңда: Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет-автордың ескертпесі) жүргізіп жатқан шараларына халықаралық деңгейде жоғары баға берілді.

Жалпы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейіне қатысты сыни пікірлер айтыла бастаса, сыбайлас жемқорлық проблемасы тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің барлық елдері үшін аса өзекті мәселе болып табылады деп ақтала бастаймыз. Әрине, мұндай аргументті де жоққа шығаруға болмайды. Сыбайлас жемқорлық дүние жүзіне кеңінен тараған кесел болып табылады. Әңгіме нақтылы мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейінде, және сол мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін қандай іс-шаралар жүзеге асырылып жатқандығында.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте «үздік тәжірибелерді» қолдану үшін осы салада айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген мемлекеттердің озық тәжірибесін зерттеу мен талдаудың маңызы өте зор.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте шетелдік озық тәжірибеден үйренеріміз әлі де болса көп екендігін отандық ғалымдар да атап көрсетуде:

«Предпринимаемые нашим государством меры правового противостояния коррупции, как об этом свидетельствуют результаты анализа и обобщения юридической практики, недостаточно эффективны. Перспективным и целесообразным представляется заимствование положительных достижений развитых зарубежных стран в правотворческой и правоприменительной деятельности в осуществлении борьбы с коррупцией»[4, Нуртаев Р.Т. Актуальные проблемы дальнейшего противодействия коррупции в Казахстане//Вестник института законодательства Республики Казахстан. №3 (39), 2015. – С. 13-19.].

Жалпы қазіргі таңда халықаралық практикада сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауда, шетелдік мемлекеттерді шартты түрде екі үлкен топқа бөлу тәжірибесі қалыптасқан: бірінші топты халықаралық рейтингілерде жүйелі түрде жоғары орындар алып, сыбайлас жемқорлықпен күресте айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген мемлекеттер құраса, ал екінші топты керісінше, халықаралық рейтингілердің төменгі жағына орналасқан, сыбайлас жемқорлық мәселесі тұрақты негіздегі проблемаға айналған мемлекеттер құрап отыр.[12]

Дамыған елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының маңызды элементтерінің бірі және бірегейі ретінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қатысты төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруды атауға болады.

Халықаралық рейтингілерде жүйелі түрде жоғары орындар алып, сыбайлас жемқорлықпен күресте айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген мемлекеттер ретінде Финляндия, Дания, Жаңа Зеландия, Исландия, Сингапур, Швеция, Канада, Нидерланды, Люксембург, Норвегия, Австралия, Швейцария, Жапония, Израиль, Грузия сияқты мемлекеттерді атауға болады.

Осы аталған мемлекеттердің барлығында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қатысты төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру мемлекеттің басты стратегияларының бірі, азаматтардың ақпаратқа

[11]URL:https://www.transparency.org/news/pressrelease/2018_Corruption_Perceptions_Index_RU

[12]Еуропалық Кеңестің «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Страсбург 1999 ж. 27 қаңтардағы Конвенциясы.

қолжетімдігі, құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі және халықтың этикалық нормаларды сақтауы – мемлекеттің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің кепілі ретінде қарастырылады. Сол себепті де азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық санасын қалыптастырудың шетелдік тәжірибесін зерделеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілік жағдайын қандай құралдармен, әдістермен, қандай нысанда жасауға және сыбайлас жемқорлық қылмыс деңгейін азайтуға болатыны туралы ақпарат алудың маңызды тәсілдерінің бірі болып саналады.

Шетелдік мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелерін зерттегенде, нақтылы бір ғана мемлекеттің моделін үлгі ретінде алған дұрыс па, әлде бірнеше мемлекеттен ең озық деген үлгілер жинағын жасаған дұрыс па деген мәселе де әзірше дискуссиялық сипатта қалып отыр.

Мысалы, постсоветтік кеңістікте сыбайлас жемқорлықты табысты ауыздықтай білген мемлекеттің үлгісі ретінде жиі ауызға алынатын Грузияның тәжірибесіне жүгінер болсақ, бұл мемлекет сыбайлас жемқорлықпен күресті бастаудан бұрын тиісті стратегиялық құжаттар мен нормативтік-құқықтық актілерді дайындау, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күресті нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз ету ісіне шетелдік, атап айтқанда американдық, италияндық, британдық және басқа да бірқатар мемлекеттердің, Бүкіләлемдік банк, халықаралық валюта қоры, USAID сияқты халықаралық ұйымдардың консультанттары мен сарапшылары тартты.

Нәтижесінде бар-жоғы 10-шақты жылдың көлемінде қоғамдық өмірінің барлық саласын жайлаған сыбайлас жемқорлығының ұзақ жылдарғы бай тарихы бар Грузия «Еуропалық одақтың ең дамыған елдеріне біршама жақындады» деген сипаттамаға ие болды. Transparency International ұйымының 2018 жылдың қорытындылары бойынша жариялаған мәліметтеріне сәйкес сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша Грузия 58 балмен 41 орынға орналасты. Бұл –Шығыс Еуропа және Орталық Азия аймағы бойынша ең жоғары көрсеткіш.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте грузин тәсілінің басты ерекшелігі, репрессивтік сипаттағы әдістермен қатар превентивтік, яғни сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды кеңінен қолдануында. Яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұсталған коррупционерлердің санын арттыруға емес, керісінше сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмауға бағытталады. Бұл шаралардың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім ерекше орын алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім негізінде мемлекеттік қызметшілермен қатар жоғары оқу орындарының студенттеріне этикалық нормаларды оқыту жатыр. Осы мақсатта тиісті халықаралық ұйымдардың қолдауымен этика жөніндегі жаңа оқу-әдістемелік материалдар әзірленеді, осы саладағы ерекше сұранысқа ие өнімдердің бірі – «Этика және мемлекеттік қызметшілердің жалпы мінез-құлық ережелері» атты оқу құралы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне ғана қауіп төндіріп қоймайды, ол сонымен қатар жалпы халықаралық қоғамдастықтың мүдделеріне қауіп төндіреді. Осы себептен де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығы БҰҰ сияқты беделді халықаралық ұйымның құжаттарында және бірқатар басқа да халықаралық ұйымдардың құжаттарында ерекше атап көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы 2008 жылдың 8 мамырында ратификациялаған БҰҰ-ның 2003 жылғы 31 қазандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды халықаралық деңгейде ынтымақтастыруға бағытталған құжат деуге болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері құжатта маңызды орын алады. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастық шарттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау қажеттілігінен туындаған өте дұрыс қадам.

Қазіргі таңда Қазақстан сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы халықаралық сарапшылардың, беделді ұйымдардың барлық ұсыныстарын орындауға тырысуда.

Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар жүйесі іске асырылып келеді, ол еліміздің көптеген бағдарламалық құжаттарында негізге алынатын басымдықтар ретінде айқындалған.

Бұл жұмыстағы жүйелілік 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қамтамасыз етуге бағдарланған, ол мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайтын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

4 Қорытындылар және ұсыныстар.

Қорытындылай айтқанда, шетел мемлекеттерінің тәжірибесін зерттеу және танып-білу сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі қателіктердің, қарама-қайшылықтардың саны мен деңгейін төмендетуге,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясында дұрыс әдіс-тәсілдерді таңдауға мүмкіндік береді деуге болады.

Дамыған мемлекеттердің тәжірибесін зерделей-зерттей келе, сыбайлас жемқорлықты жеңуге немесе оның деңгейі мен негативті ықпалын мейлінше төмендетуге қол жеткізу үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет:

Біріншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қолданылатын әдістер мен қабылданатын шешімдердің айқын да нақтылы болуы;

Екіншіден, сыбайлас жемқорлықпен күресте мемлекеттегі саяси лидерлер өздерінің мінсіз жеке мінез-құлқымен, жоғары деңгейдегі беделімен өзгелерге үлгі бола білуі;

Үшіншіден, мемлекеттегі судьялыққа және басқа да жоғары лауазымдарға тағайындалу үшін тамыр-таныстық емес, тек қана жеке және кәсіби қасиеттері негіз болатындығының кепілі болуы;

Төртіншіден, іскерлік репутациясына сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін нұқсан келтіріп алған лауазым иелерін қызметтерінен босату;

Бесіншіден, өз ісіне адалдық пен берілген принципі бойынша жұмыс істейтін тәуелсіз, жоғары тиімді сыбайлас жемқорлықпен күрес органын құру;

Алтыншыдан, мүмкіндігінше рұқсат беруші құжаттар санын азайту;

Жетіншіден, лауазым иелері өздерінің табыс көздерін ашық, жариялы етуі.

Әрине, сонымен қатар шетелдік модельді ұлттық жүйеге қарапайым ғана көшіріп алып орнатуға тырысу тиімділікке алып келмейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің неғұрлым тиімді болып табылатын жекелеген әдістері мен шараларын басшылыққа алған жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзі. (12.06.2019).

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. – 2018. - 10 қаңтар - №10.

3 Кауфман Д. Коррупция: проблемы и условия ее порождающие. Научно-практическая конференция "Социология коррупции". 20 марта 2003 г.

4 Нуртаев Р.Т. Актуальные проблемы дальнейшего противодействия коррупции в Казахстане//Вестник института законодательства Республики Казахстан. №3 (39), 2015. – С. 13-19.

УДК 34.44.14

Сагиева Г.К.,
к.ю.н., заведующая кафедрой «Право и общеобразовательные дисциплины»
Баишев Университет
e-mail: galiya.kadyrbay@mail.ru

Куатбек Г.К.
магистр права,
ст. преподаватель кафедры «Право и общеобразовательные дисциплины»
Баишев Университет

АНТИМОНОПОЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО И ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

Аннотация. Защита прав потребителей является одной из актуальных в настоящее время проблем, так как эта проблема является одной из серьезных негативных проблем в практике всех развитых стран. Массовое нарушение любого явления – в том числе прав потребителей – не что иное как явление – есть объективные причины. Он имеет две причины проблемы: на нашем рынке все еще доминируют монополисты, при отсутствии жестких условий конкуренции у них нет необходимости бороться за каждого клиента, которые могут потребовать своих условий. Эти объективные причины должны быть устранены государственными органами, в частности, комитетом по регулированию естественных монополий и защите конкуренции. Это задача государственной политики.

Ключевые слова: потребители, право, актуальные, проблемы, развитие, опыт, споры, явление, причины, рынок, монополисты, доминирование, конкуренция, защита, политика.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢДАР ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Аннотация. Тұтынушылар құқығын қорғау қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі, себебі бұл проблема барлық дамыған елдердің тәжірибесінде күрделі келеңсіз проблема туғызған даулардың бірі болып табылады. Кез келген құбылыстың – соның ішінде тұтынушылардың құқықтарының жаппай бұзылуы – құбылыс ретінде өзгеше нәрсе емес – оның объективті себептері бар. Ол проблеманың екі себебі бар: біздің нарықта әлі монополистер үстемдік етеді, қатаң бәсекелестік жағдайлары болмаған кезде олардың әр клиент үшін күресудің қажеттілігі болмайды, олар өз жағдайларын талап ете алады. Бұл объективті себептерді мемлекеттік органдар, атап айтқанда, табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті жою керек. Бұл мемлекеттік саясаттың міндеті.

Кілт сөздер: тұтынушылар, құқық, өзекті, мәселе, даму, тәжірибе, даулар, құбылыс, себеп, нарық, монополистер, үстемдік, бәсекелестік, қорғау, саясат.

ANTIMONOPOLY LEGISLATION AND CONSUMER PROTECTION

Annotation. Consumer protection is one of the urgent problems at the present time, as this problem is one of the serious negative problems in the practice of all developed countries. Mass violation of any phenomenon – including the rights of consumers – is nothing but a phenomenon-there are objective reasons. It has two reasons for the problem: our market is still dominated by monopolists, in the absence of tough competition conditions, they do not need to fight for every customer who can demand their terms. These objective reasons should be eliminated by state bodies, in particular, the Committee on regulation of natural monopolies and protection of competition. This is a public policy task

Keywords: consumers, law, actual, problems, development, experience, disputes, phenomenon, causes, market, monopolists, domination, competition, protection, policy.

Тұтынушылар құқығын қорғау қозғалысы жақында пайда болды. Әлемдік аренада ол өткен ғасырдың 50-70 жылдары нарықтық қатынастағы бәсекелестік күрестің кері жағы ретінде басталды. Нарықтық реформалардың түпкі мақсаты мен идеологиясы – қоғамның өндіргіш күштері үшін нарықтық жағдайлар жасау.

Бұл проблема тіпті дамыған елдерде де өте өзекті және халықаралық әдебиетте тұтынушылардың саудагерлер мен және өнім дайындаушылармен, сондай-ақ халыққа тұрмыстық қызмет көрсету мен айналысатын тұлғалар мен өзара қарым-қатынасының барлық кешенін білдіретін "консюмеризм" деген арнайы термин пайда болды.

Нарықтық реформалардың түпкі мақсаты мен идеологиясы – қоғамның өндіргіш күштері үшін нарықтық жағдайлар жасау.

Адамдардың әлеуметтік теңдігі өткен шаққа кетеді, халық байлар және кедейлер болып бөлінеді.

Алайда, егер реформалар нәтижесінде тұтастай алғанда халықтың әл-ауқаты жоғарыласа және кедей топтардың өкілдері өздерінің өмірлік деңгейі бойынша жоғары болса, онда реформалардың мақсаттарын бүкіл халық үшін тиімді деп есептеуге болады.

Қиын уақытта әділдік пен қорғаусыздық сезімі мен емес жақсы жағдайда өткізу керек. Тұтынушылардың құқықтары неге жаппай бұзылуда?

Тауарларды сатушы "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы"[1] Қазақстан Республикасының Заңында және тұтастай алғанда бір қатар заңға тәуелді нормативтік актілерде анық көрсетілген тұтынушы алдындағы өзінің міндеттері туралы білмейтіндіктен болуы мүмкін. Кез келген құбылыстың – соның ішінде тұтынушылардың құқықтарының жаппай бұзылуы – құбылыс ретінде өзгеше нәрсе емес – оның объективті себептері бар. Біздің жағдайда олар екеу: Біріншісі –біздің нарықта әлі монополистер үстемдік етеді, қатаң бәсекелестік жағдайлары болмаған кезде олардың әр клиент үшін күресудің қажеттілігі болмайды, олар өз жағдайларын талап ете алады. Бұл объективті себептерді мемлекеттік органдар, атап айтқанда, табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті жою керек. Бұл мемлекеттік саясаттың міндеті.

Екінші - республика халқының құқықтық жетілмеуі, нәтижесінде халықтың көп бөлігі әлеуметтік белсенді емес. Егер ол біздің арнайы заңда қандай құқықтарымыз көрсетілгенін білмейтінімізді ғана емес, сонымен қатар "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" заңның бар екендігі туралы да естімегендігімізді көрсе, тауарлар мен қызметтерді сатушыда тұтынушылардың көпшілігі мен жөнсіз қарым-қатынас жасауы мүмкін.

Еуропалық Қоғамдастыққа мүше елдердің тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты ішкі ұлттық заңнамасы бастапқы кезде қолданылуы кейбір дербес топ ретінде тұтынушыларды ескермеген, адал бәсекелестікті қорғауға бағытталған нормативтік актілерді қамтиды. 1908 жылы Францияда сауда саласында және қызмет көрсету кезінде алдау мен бұрмалағаны үшін жауапкершілік туралы заң, 1945-жылы "Бағаны белгілеу тәртібі туралы", 1953-жылы "қар комасы қағидасы бойынша сауда туралы" заң болды. Әлеуметтік экономикалық заңдылық пайда болды және ол мынадайдан көрініс тапты: бәсекелестік күреске қатысушылар жосықсыз тәсілдерді қолдануға бағытталған және монополияландыруға ұмтылатын негізгі мақсат-тауарлардың неғұрлым көп санын және неғұрлым тиімді жағдайларда тұтынушылардың неғұрлым көп санын өткізу. Табиғи табиғатын, тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды кез келген сатушының , яғни кез келген шаруашылық жүргізуші субъектінің осындай күш-жігерінің перманенттілігі мен ауқымын ескере отырып, монополизация, тауарлар мен қызметтердің ерекше әртүрлілігі пайда болған жағдайда, бұрын қолданыста болған құқықтық қорғау құралдары жеткілікті емес деген қорытынды негізделді. Ешқандай бақылау және қадағалау қызметтері олардың саны мен штаттық кестесі қаншалықты енсе де, тұтынушының белсенді қатысуынсыз тапсырманы өздері шеше алмайды. Бұл себептерге көптеген экономикалық дамыған елдерде, оның ішінде Еуропалық Қоғамдастыққа мүше елдерде тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға тікелей қатысты арнайы нормативтік актілердің пайда болуына байланысты.

Осындай нормативтік актілер әзірленбеген елдерде сот практикасы азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық институттарын тұтынушылардың құқықтарын қорғау міндеттеріне бейімдеуге мәжбүр. Егер "тұтынушы" термині барлық мемлекеттердің заңнамасында жоқ болса, онда "тұтынушылардың құқықтары" термині барлық елдердің сот тәжірибесінен алынған.

Бәсекелестікті қорғау ісінде осындай маңызды рөл ақпараттың бөлінгенін, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау ісінде да, сонымен қатар, ақпарат функциясында да ұқсас көптеген ақпарат бар екенін көру қиын емес.

Тұтынушылар мен қарым-қатынастарды реттеуге бағалар мен тарифтерді белгілеу тетіктері, бәсекелестік пен монополияға аса өткір ұшыраған экономиканың секторларын қадағалау жатады.

Адал бәсекелестік проблемасы мемлекеттік органдардың бақылау мүмкіндіктеріне айналады және мемлекет тұтыну қозғалысын дамытуды, азаматтарды қоғам мен қауымдастықтарға біріктіруді саяси және қаржылық әдістер мен көтермелей отырып, оларды өз азаматтарына беруге мәжбүр болады.

Мемлекет, бұл ретте, нарық апатының алдында өзінің әлсіздігін көрсетеді деп есептеуге бола ма? Жоқ. Өйткені, бұл жағдайды басқа тұрғыдан қарастыра отырып, нарықтық экономиканы демократияландырудың айқын көрінген процесі ретінде өзгеше тұжырым болуы мүмкін. Посткеңестік менталитет консюмеризмді идеология тұрғысынан әлі де қарастырады. Халық әлі қажетті дәрежеде қорғануды үйренген жоқ.

Бұрынғы өмір регламенттелді: барлығы мен бірдей қорғалуың керек, немесе өз құқығыңды қорғау мүмкіндігі мүлде қалмауы керек.

Консюмеризмнің шыққан жері идеология емес, тек қана саяси экономика болды. Демократиялық нарықта тұтынушылардың құқықтарын қорғауда көптеген сатушылар қызығушылық танытады, өйткені бұл олардың өз мүддесіне тікелей тәуелді. Егер тұтыну қабілеті бәсеңдесе, теріс пиғылды бәсекелестік немесе монополия қысқартылса, онда нарықтың демократиялық құрылым да бұзылады және одан кейін қоғамдық-саяси жүйенің өзі құлдырауы мүмкін.

Сонымен қатар халық өкілдерінің басым бөлігі мемлекеттік саясатты ең алдымен тұтыну қабілетінің жеткілікті жоғары қорғалуын қамтамасыз етуге мүдделі, өйткені басқа жағдайларда қызметтердің кең спектрі – белгілі сервистің, тауар нарығын қазіргі ассортименттік толықтырудың болуы мүмкін емес. Өндіріс деңгейі де, Еңбек өнімділігі де осыған байланысты. Кез келген елде сатушы кезекті заңның немесе тұтынушыларды қорғайтын және нарықтағы оның мінез-құлқына қойылатын талаптарды қатаңдататын нормативтік актінің пайда болуына теріс жауап береді. Бірақ консюмеризмнің пайда болуы жалпы оң болды.

Дамыған экономикалық мемлекеттердің әлемдік тәжірибесінде ресми немесе бейресми тұтыну қабілеті ең жоғары экономикалық санат болып танылады. Американдықтар олардың ішкі нарығының басты жетекші белдігі американдықтардың басым көпшілігінің жоғары тұтынушылық қабілеті болып табылады деп танылмайды. Барлық американдық экономика тарихи алғышарттарға халықтың тұтыну қабілетіне, халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне немесе құлдырауына негізделгенін ұмытуға болмайды, соған қарамастан мұнда кез-келген, тіпті саяси компаниялардың өзі тікелей тәуелділікте болады.

Консюмеризмді елде нақты жүзеге асырылатын құқықтық реформа үшін кең әлеуметтік база ретінде де мойындаған жөн. Қырғыз Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі сот тәжірибесі бүгінгі күні құқық сұранысының шынайылығы мен көпшілігін көрсетіп отыр. Экономикалық дамыған елдерде тұтыну құқықтарын қорғау арнайы заңнама негізінде ғана емес, сонымен қатар азаматтық және өзге де құқық салаларының нормалары мен ең алдымен шарттық міндеттемелерді реттейтін нормалар негізінде жүзеге асырылады. Тараптар өз қалауы бойынша шарт жасасу туралы және оның мазмұны туралы мәселені шешеді. Бұл қағидат мемлекеттік, монополистік капитализм шарттарында айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, еркін жасалатын шарттар орнына үлгілік шарттар мен "қосылу шарттары"деп аталатын шарттар пайда болды. Бірақ, тіпті айтарлықтай өзгере отырып, шартер кіндігінің принципі қазіргі Азаматтық құқықтағы жетекші капиталистік мемлекеттердің бірі болып қала береді. Сот тәжірибесі мен доктринасында бұл принцип шартта "әлсіз" тарапты қорғау жағына бағытталған, тұтынушыны корғау деп танылады.

Францияда тұтынушылардың қатысуымен жасалған шарттың заңдылығы мен жарамдылығы "әлсіз" Тараптың ерік білдіру тұрғысынан белгіленеді: жаңылысу, зорлық-зомбылық және алдау салдарынан жасалған шарт жарамсыз. Бельгияда" әлсіз " контрагенттерді қорғау принциптері шарттық құқықтың жалпы бастауларынан туындайды: шарт негізінің болуы, ерік ақауларының болмауы, шартты адал орындау, кінәлінің келтірілген залалды өтеу міндеті.

Шарт талаптарын түсіндіру тұтынушының пайдасына жүзеге асырылады. Нидерландыда тауарлардың сапасына кепілдік АК-нің арнайы мақаласынан туындайды, бірақ ол барлық заттарға емес, тек қана тектік заттарға қатысты болса да, сот өз бастамасы бойынша кепілдіктерді анықтай алады.[2] Өткен ғасырдың 80-ші жылдардың ортасында шетелдік сот тәжірибесінде жақсы адамгершілік ұғымының өзі заңда ашылмағанымен, жақсы адамгершілік құндылықтарға қайшы келетін мән-жайларды теріс пайдалануға сілтеме қолданылған. Ал ГФР-да тұтынушылар мен жасалған шарттар соңғы уақытқа дейін заңнамада көрсетілген қайырымды адамгершілік, азаматтық айналым әдет-ғұрыптарын сақтау тұрғысынан бағаланды. Сот тәжірибесі мен доктринасы тек тұтынушылар мен жасалған шарттарды ғана емес, қанша үлгілік шарттар мен қосылу шарттарын қарастырады. Аталған және басқа мемлекеттердегі бірнеше түрлі, бір ақауқымды сот практикасы құқыққа сұраныстың негізгі көзі нарықтық жағдайлар да көрініс

табатынын куәландырады. Консюмеризмнің стратегиялық дамуы құқыққа жаппай сұраныс тудырады, демек, ол нарықтық қатынастар өркениетінің катализаторы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Закон Республики Казахстан «О защите прав потребителей» от 4 мая 2010 года № 274-IV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.01.2019 г.) // Ведомости Парламента Республики Казахстан. – 2010. -№ 9 (2562). - Ст. 43.
2. www.kremzk.gov.kz

УДК: 341.9

Саутбаева С.Б.
старший преподаватель, магистр юридических наук
кафедра «Юриспруденции»
факультет Экономики и права
Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова
salt_1979@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫХ СТАНДАРТОВ В СФЕРЕ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

Аннотация: мақала адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ережелердің құқықтық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Адам құқықтары қазіргі әлемде жетекші орын алады.

Түйінді сөздер: Конвенция, нормалар, іске асыру, кінәсіздік презумпциясы, халықаралық қоғамдастық.

Аннотация: Права человека занимают ведущее место в современном международном пространстве. Статья посвящена исследованию правовых особенностей международных положений защиты прав человека.

Ключевые слова: конвенция, нормы, имплементация, презумпция невиновности, международное сообщество.

Annotation: the article is devoted to the study of the legal features of international provisions for the protection of human rights. Human rights occupy a leading place in the modern world.

Keywords: Convention, norms, implementation, presumption of innocence, international community.

С приобретением независимости Республика Казахстана стала на путь обновления демократизации различных сторон общественно-политической жизни. Демократизация общества невозможна без правовой защиты, гарантии основных прав и свобод человека. Казахстан проводит политику, направленную на обеспечение прав человека как конституционную основу обновления и прогресса. В Казахстане проводится работа по обеспечению и защите прав человека, разработана и принята система законодательных актов, успешно функционируют национальные институты защиты прав и свобод человека. С присоединением Казахстана проводится работа по обеспечению и защите прав человека, разработана и принята система законодательных актов, успешно функционируют национальные институты защиты прав и свобод человека. С присоединением Казахстана к основным документам в области защиты прав и свобод человека, нормы международного права стали поэтапно имплементироваться в национальную правовую систему[19;151]. Юридическая литература зарубежных стран уделяет большое внимание идеологическим, политическим, историческим и правовым особенностям проблем имплементации международно-правовых стандартов личных прав и свобод человека. Доказательством являются научные труды исследователей - И.Акира, Д.Анцилотти, Я. Браунмай, Д. Барри, А.Блюд, Х. Бернс, Э.Бредли, Е.Б.Аграновской, К.В. Акименко, К.И.Батыра, О.А. Галустьян, Э.Г.Гасанова, В.Гурского, Г. Даниленко, Н.Г.Дорониной, А.Т. Ахметовой.

Главным в международно-правовой защите прав человека является принцип уважения прав человека, свобод: во-первых, полноту субъективных прав личности; во-вторых, их распространение на всех лиц без ущемления их прав; в третьих, вовлечение всех государств в действия по гарантии прав; в-четвертых, уважительное отношение к основным правам и свободам, в мирное и военное время.

Права человека занимают ведущее место в наше время. Велика их роль в развитии цивилизованного гражданского общества. Нормы, принципы имеющие отношение к правам человека, разрабатывались, принимались в национальном праве, международном праве в течение долгого периода. В течение долгого времени складывались нормы, регулирующие поведение государств во время вооруженных конфликтов. Эти нормы регламентировали военные действия для ограничения жестокости военных конфликтов и гарантии соблюдения гуманитарных стандартов в отношении воюющих, раненых, больных, военнопленных, гражданского населения. Основатель науки международного гуманитарного права Гуго Гроций в своем исследовании «О праве войны и мира», оправдывал «справедливые воины», которые, не могли быть поводом для нарушения правил воюющими сторонами. Во второй половине XIX - начале XX в.в. проводилась кодификация законов и обычаев войны. Ведущей в данной сфере явилась Женевская конвенция

1864 г. об улучшении участи раненых и больных в действующих армиях. Первая в истории международных отношений кодификация законов и обычаев войны была реализована первой(1899г.) и второй (1907г.) конференциях в Гааге. На первой Гаагской конференции были приняты три конвенции, на второй - тринадцать. Важной является Гаагская конвенция о законах и обычаях сухопутной войны с входящим в ее состав приложением «Положение о законах и обычаях сухопутной войны». Со временем международное сообщество приняло новые акты, которые были направлены на регулирование законов и обычаев войны, а также улучшило действующие правила. Особенно существенными из них являются Женевские конвенции 1949г., а также Дополнительные протоколы, имеющие отношение к защите жертв международных и немеждународных вооруженных конфликтов. В начале XX века начали складываться принципы, нормы прав человека в условиях мира. Приняты были принципы, нормы прав человека на национальном уровне, затем закрепились в международно-правовых документах. Государства заключили первые международные соглашения, в которых регулировались только вопросы защиты прав человека. К их числу относятся договоры и конвенции, содержащие положения о борьбе с рабством и работорговлей, о пресечении торговли женщинами и детьми, о защите национальных меньшинств. После второй мировой войны, начинается новый этап регулирования основных прав и свобод человека, который сопровождался разработкой Международного билля о правах человека и принятием договоров международного характера. Становление Международных контрольных органов произошло благодаря конвенционным документам в сфере охраны, защиты прав человека. Международные контрольные органы стали структурным элементом универсальных конвенций о ликвидации всех форм расовой дискриминации 1965 г. Созданные на базе конвенции по правам человека международные контрольные органы такие, как Комитет по правам человека, Комитет по ликвидации расовой дискриминации, Комитет против пыток, Комитет по правам ребенка, Комитет против дискриминации женщин были наделены полномочиями требовать от государств предоставления докладов о соответствии их законодательства положениям конвенции, а некоторые из них - Комитет по ликвидации расовой дискриминации, Комитет по правам человека, Комитет против пыток наделены были правом рассматривать жалобы государства на государство. Международно-правовые стандарты личных прав и свобод получили закрепление в региональных документах о правах человека. Региональные документы о правах человека содержат нормы запрещающие пытки. С принятием международно-правовых актов в сфере уголовного правосудия, запрет пыток в рамках Европейского сообщества был максимально детализирован[21;155]. Защита от пыток регламентирована Европейской конвенцией против пыток, Всеобщей Исламской декларацией прав человека 1981 г. «Никакой человек не должен подвергаться психическим или физическим пыткам, унижению, угрозе причинения вреда ему или тому, кто ему дорог, кому он сочувствует, насилию с целью получения признания в совершении преступления, принуждению согласия с действиями, приносящими вред его интересам» 2;115]. Право на справедливый суд и презумпцию невиновности также закреплено в региональных документах ст.8Американской конвенции о правах человека 1969г. ст.7 Африканской Хартии прав человека и народа 1981 г., ст.V Всеобщей исламской декларации прав человека 1980 г., ст. 6 и 7 Конвенции СНГ о правах и основных свободах человека 1995 г., ст. 6 и 7 Европейской конвенции о защите прав человека и основных свобод 1950 г., а также ст. 2 - 4 протокола № 7 к ней. Право на справедливое разбирательство компетентным, независимым и беспристрастным судом, созданным на основании закона, а также иные гарантии надлежащего процесса составляют основную часть подтвержденных государствами - участниками ОБСЕ обязательств по человеческому измерению. Право на справедливое судебное разбирательство в международном праве опирается на международное право и стандарты, применяемые в судебных процессах в соответствии с положениями Международного пакта о гражданских и политических правах, Конвенция о защите прав человека и основных свобод, в дополнение к обязательствам ОБСЕ в рамках человеческого измерения. Правовые документы по правам человека содержат авторитетные толкования и пояснения, значение которых выходит за рамки правового поля Конвенции. Европейская система защиты от пыток, и прав человека в целом, может считаться эталоном демократической системы защиты прав человека в целом, может считаться эталоном демократической системы защиты прав и свобод человека[18;25]. На формирование концепции обеспечения и защиты прав и свобод человека огромное влияние оказали политико-правовые учения исследователей, мыслителей, нормы национального и международного права. Закрепление права и свободы человека получили с принятием основополагающих международно-правовых конвенционных документов в сфере обеспечения и защиты прав человека.

Бұл мақалада химия мұғалімдерін даярлауда АТТ пайдаланудың әдістемелік жүйесі қарастырылады. Әдістемелік жүйеде студенттердің оқыту үрдісінде қатысушы ретінде өздерінің тәжірибесін есепке алуына, нақты бір кәсіби мамандыққа қол жеткізу әдістерін таңдау мүмкіншілігін туғызуына, танымдық қызметтің субъектісі ретінде кәсіби дайындық үрдісінде студенттерде жаңа ұстаным қалыптасуына негіз болатын пәндер айқындалған. Болашақ химия мұғалімінің АТТ пайдалануға даярлығын, педагогикалық іскерліктермен қамтамасыз ететін «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар», «Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» оқу пәндері болып табылатыны анықталды. Ал,осы пәндердің мазмұны біздер ұсынған оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдар арқылы қамтамасыз етуге болатындығы көрсетілген. Бұл өз кезегінде болашақ химия мұғаліміне орасан көлемдегі ақпараттық қорларды жоғары біліктілікпен пайдалану, білім беру түрлерін іске асыруда ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың толық әлеуетін пайдалануға қабілетті, іскер кәсіби маман болуына әсер ететіндігі айқындалған.

Кілт сөздер: ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар, әдістемелік жүйе, химия мамандығы.

Berdi D.K.[1], Pralieva R.E.[2], Usembaeva I.B.[3]
[1]PhD, acting associate professor
Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Kazakhstan,Turkestan
E-mail: dinara.berdi@ayu.edu.kz
[2]senior lecturer
Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Kazakhstan,Turkestan

METHODICAL SYSTEM OF TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF NATURAL SCIENCES TO THE USE OF ITT

His article discusses the methodological system of using information and telecommunication technologies in the training of teachers of chemistry. In the methodical system there are defined disciplines that are the basis for the students to take into account their experience in the learning process, the possibility of choosing methods to achieve a particular professional profession, and form a new position in the students in the professional training process as a subject of cognitive activity.

The future teacher of chemistry using information and telecommunication technologies to prepare determines the following subjects: "Information technology in professional work", "Chemistry teaching methodology", "Computer chemistry", "Training of didactic materials". The content of these disciplines can be summarized as reflected in the curriculum and methodology offered by us. This, in turn, will affect the future chemistry teacher to have a high qualification of using huge information resources, to be a business professional, able to use the full potential of information and telecommunication technologies in the implementation of educational types.

Keywords: information and telecommunication technologies, methodical system, specialty chemistry.

Берди Д.К.[1], Пралиева Р.Е.[2], Усембаева И.Б.[3]
[1]PhD, доцент м.а.
Международный казахско-турецкий университет имени Кожа Ахмета Ясави
Казахстан, Туркестан
E-mail: dinara.berdi@ayu.edu.kz
[2]ст. преподаватель

Международный казахско-турецкий университет имени Кожа Ахмета Ясави
Казахстан, Туркестан

МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ЕСТЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИТТ

В статье рассматривается методологическая система использования информационно-телекоммуникационных технологий при подготовке учителей химии. В методической системе определены дисциплины, которые являются основой для учета студентами своего опыта в процессе обучения, возможности выбора методов достижения конкретной профессиональной профессии, формирования у студентов новой позиции в процессе профессиональной подготовки как субъекта познавательной деятельности. Будушие учителя химии используя информационно-телекоммуникационных технологий к подготовке определяет следующее предметы: «Информационные технологии в профессиональной деятельности», «Методика обучения химии», «Компьютерная химия», «Подготовка дидактических материалов». А содержание этих дисциплин можно обеспечить через предложенные нами учебные программы и учебно-методические пособия. Это, в свою очередь, отразится на том, чтобы будущему учителю химии обладать высокой квалификацией использования огромных информационных ресурсов, быть деловым профессиональным специалистом, способным использовать полный потенциал информационно-телекоммуникационных технологий в реализации образовательных видов.

Ключевые слова: информационные и телекоммуникационные технологии, методическая система, специальность химии.

Кіріспе

Қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаты - жеке тұлғаның өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту, өзін-өзі тану және өздігінен білім алуды тиімді қамтамасыз ететін әлеуметтік құндылықтардың белсенділігін қалыптастыру болып табылады [1,2].

Осыған орай, ағымдағы заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілеттігі талаптары, инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге жылдам бейімделетін, өздігінен креативті шешімдер қабылдап, іс-әрекеттер жасайтын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етуде [3].

Олай болса, жоғары оқу орындарында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды (АТТ) пайдалануға даярлауда дидактикалық, әдістемелік жағынан білім мазмұнына қойылатын талаптар мен қоғам сұранысына лайықты етіп даярлау әдістемесі қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орындарында болашақ химия мұғалімдерін даярлауда психология және педагогика ғылымдары мен тәжірибе қатынастарын саралай отырып, оның деңгейлерін талдау зерттеліп отырған мәселенің шешімін табуда маңызды болып табылады.

Бірінші деңгей – эмпирикалық (грек. empeiza – тәжірибе). Оның түпкі ұстанымы – ғылымдағы озат тәжірибелерді іздестіруді белсенді түрде ұйымдастыруды, ол тәжірибені қорытуды және баспасөз, білім басқару орындары, ғылыми-практикалық конференциялар және т.б. арқылы кең түрде таратуды талап ету.

Екінші деңгей – педагогикалық теорияның практикадан озық болуы, ғылым мәліметтерін кеңінен ендіру негізінде педагогикалық тәжірибенің перспективалық даму идеясы болып табылады. Бұл жерде ғылымның практикаға қарағанда жетекші рөлі атап көрсетіледі. Мұғалімдер бұқарасына педагогикалық ғылымның жетістіктерін меңгеру талабы қойылады. Бұл педагогикалық теорияның алдыңғы қатарлы тәжірибенің базасында, ғылыми ұсыныстарды ендіру негізінде өзінің дамуына мүмкіндік береді.

Үшінші деңгей – теория мен практиканың тең дәрежеде шығармашылықпен өзара әрекеттесуі, педагогикалық болмысты оның дамуының жаңа заңдылықтарын ашу мақсатында тәжірибе-эксперименталдық қайта құру. Теория мен практиканың өзара әрекеттесудегі жоғары деңгейі дегенде педагог қандай-да болмасын педагогикалық идеяны, болжамды іштей қабылдап, терең ұғынып, оны шығармашылықпен жүзеге асыру арқылы тәрбиелеу мен оқытудың тиімді сапалы жаңа ситуацияларын жасауы атап көрсетілді. Бұл деңгей мұғалімнің педагогика ғылымының қорытындыларын үнемі меңгеру, оларды ендіру және өзінің жеке тәжірибесін қайта құру негізінде мүмкін болады. Яғни әдістемелік тұрғыдан мықты маман болуы керек.

Әдістемелік қамсыздандырудың нақты іске асырылуы арнайы әдебиеттерде педагогикалық тәсілдердің, идеялардың, стильдердің, әдістер мен педагогикалық іс-әрекеттер орталарының

тұтастығы ретінде түсінілетін әдістемелік жүйе болып табылады. Әдістемелік жүйе нақты мұғалімнің педагогикалық тәжірибесін бейнелейді. М.Н.Евстигнеев әдістемелік жүйе ретінде сабақ үшін оқу материалын, оны ұсыну мен оқытудың әдістерін іріктеудің, білім беруді ұйымдастырудың тәсілдерін, оқу үдерісінің негізгі компоненттерінің жиыны деп түсіндіреді [4].

«Әдістемелік жүйе» деп педагогикалық іс-әрекеттің жүйелер теориясына сүйенетін біртұтас моделін түсінеміз (Т.А.Бороненко). Н.В.Кузьминаның пікірінше оқытудың әдістемелік жүйесі педагогикалық жүйе құраушы элементтерден тұрады, айырмашылығы олардың әрқайсысының әдістемелік функциясының болуында [5].

Әдістемелік жүйеде тұлғалық бағдар беруіміз қажет:

- студенттердің оқыту үрдісінде (мектепте, жоғары оқу орнында) қатысушы ретінде өздерінің тәжірибесін есепке алуы;
- нақты бір кәсіби мамандыққа қол жеткізу әдістерін таңдау мүмкіншілігін туғызу;
- танымдық қызметтің субъектісі ретінде кәсіби дайындық үрдісінде студенттерде жаңа ұстаным қалыптасуы арқылы көрінуі.

Жүйелік тәсіл тұрғысынан оқытудың әдістемелік жүйесі тәрбиелеу мен оқыту үдерісін модельдеуге мүмкіндік беретін біртұтас кешенді бейнелейді. Әдістемелік жүйенің элементтерін – идеялар, тәсілдер, әдістер мен құралдар құрайды. Әдістемелік жүйенің негізгі компоненттері сапасында анықталған иерархиялық тәуелділіктегі оқытудың мақсаттары, ұстанымдары, әдістері, сондай-ақ, оқыту барысындағы дамытылатын біліктер және қойылған мәселенің шешімі сапасын бағалаумен оқу-тәрбие үдерісін түрлендіру нәтижелері айқындалады [6].

Болашақ химия мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлаудың әдістемелік жүйесінің компоненттерін келесі 1-суреттен көрнекі түрде көруге болады. Әдістемелік жүйенің құрамы, элементтерінің өзара байланысы мен иерархиясы ғылыми пікірталас пәні болып келеді.



Сурет 1 - Болашақ химия мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлаудың әдістемелік жүйесінің компоненттері

М.Л.Окулованың пікірінше ақпараттық-әдістемелік қамсыздандырудың құрамында негізгі басымдық оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларына беріледі. Олардың ішіндегі танымалдары электронды оқу басылымдары, есептеу желілерінің таратылған ақпараттық қорлары болып табылады. Ақпаратты ұсынудың дәстүрлі нұсқасына қарағанда олардың құрылымы гипермәтін негізінде іске асырылған.

Негізгі бөлім

Білім беру жүйесіндегі болашақ химия мұғалімдерін қазіргі қалыптасқан дәстүрлі мазмұнын жетілдіріп, жаңа сатыға көтеру қажеттігі қоғамның бүгінгі таңдағы білім беру саласында жаңартуға деген талаптарына орай жоғары оқу орындарында жаратылыс-ғылыми білімнің мазмұны мен құрылымын електен өткізіп қайта қарау, оны жетілдіру, жаңарту қажеттігін тудырады.

Сондай-ақ, химия мұғалімі даярлау барысында білімгерлерді қазіргі заман талабына сай технологиялары бар кәсіпорындар базасында өндірістік практикадан өткізу де, лабораториялық сабақтарды, мүмкіндігінше, ғылыми-зерттеу орталықтарында ұйымдастырудың қажеттілігі арта түсуде.

Әдістемелік қамсыздандырудың жаңа ұрпағы тұлғалық-бағдарланған тәсіл негізінде оқыту траекториясын өз бетінше таңдауды іске асыруға мүмкіндік береді. Біз өз зерттеуімізде болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін АТТ-ны пайдалануға даярлауда эксперимент жұмысы ауқымды болуына байланысты, болашақ химия мұғаліміне эксперимент жүргізілді [7].

Білімгердің өзіндік оқу-танымдық, кәсіби-практикалық іс-әрекеті кәсіпті меңгерудің негізгі жоғары кәсіби даярлаудың негізі болып табылады.

Қазіргі уақыттағы білімнің мазмұнын айқындауға қойылатын басты бағдарлардың бірі - мемлекеттік стандарт**,** яғни мемлекеттік жүйедегі бірыңғай норма мен талапты жүзеге асыру міндетін шешу болып табылады. «Стандарт» ұғымы білім саласына алғаш рет 80-ші жылдардың соңында енді. Американың математик мұғалімдерінің ұлттық кеңесінің ұсынысымен алғаш рет мектепке берілетін математикалық білімнің стандарты дайындалған.

Білім стандарты – мемлекеттің әрбір азамат алдындағы, өз кезегінде азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершіліктерінің басын біріктірген басты құжат болып табылады. ТМД елдерінің білім кеңістігіндегі білімді стандарттау сияқты бастамалар, біздің елдің оқу үдерісіне де әсерін тигізбей қоймады. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім стандаттары туралы ереже дайындалып, министрлік тарапынан 1998 жылы бекітілді.

Жоғары мектеп алдында әсіресе бүгінде қоғам алға қойған міндеттерге жауап беретін оқыту мазмұнын анықтау, оқу үдерісін ұйымдастыру, оқыту формасын, әдісін таңдау және заман талабына сай мамандар даярлау мәселелері өзекті болып отыр. Жоғары мектепте оқыту мазмұнына қойылатын талаптар жоғары білімді дамыту мемлекеттік стратегиясымен анықталады және жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік стандарттарында нақтыланған.

5В011200 – Химия мамандығы бойынша білім алушыларды даярлауда білім беру бағдарламаларының негізгі мақсаты:

- Елдің ата заңына, дәстүріне, мәдениеті мен әдебиетіне, түркі тілдес халықтардың құндылықтарына, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету, отан сүйгіштік рухында тәрбиелеу;
- білім алушыларды тұлғалық және әлеуметтік жағынан дамытуға, білім беру үрдісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру үрдісінің әлеуметтік салаларын үйлестіруге бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыруға және бәсекеге қабілетті халықаралық талаптарға сай кәсіби біліктілігі жоғары химик-мұғалімдерді даярлау;
- химиялық түсініктер жүйесі қалыптасқан зерттеушілік дағдыға ие және химиялық тәжірибелік жұмыстарды жоспарлауға, орындауға, жетекшілік етуге, салааралық ғылыми бағыттарды үйлестіруге қабілеті жоғары білікті мамандарды даярлау;
- химия ғылымы танымының әдістері мен формалары, құрылымы, химияның негізгі заңдарын, Қазақстан тарихын, педагогика негізін, қазіргі ақпараттық технологияларды, мемлекеттік тілді, ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілдерін білу негізінде жаратылыстану және әлеуметтік бағытындағы білімді қамтамасыз ету;
- кәсіби білімнің іргетасы ретінде педагогикалық және химиялық базалық білім, дағды және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру; теория мен практиканы ұштастыра отырып, химиялық және педагогикалық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен кәсіби қызметке даярлауды қалыптастыру;

5В011200 – Химия мамандығы шеңберінде кәсіби білімді және тәжірибелік дағдыларды, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеруді қамтамасыз ету.

5В011200 – Химия мамандығы бойынша оқу бағдарламасын аяқтағаннан соң бітіруші, химия мамандығы бойынша білім бакалавры іргелі білімдерді меңгерген және кең дүниетанымы қалыптасқан, еңбек нарығы мен технология талаптарының өзгерісіне сәйкес бейімделуге қабілетті, командада жұмыс жасай алатын маман болуы тиіс.

Жұмыс берушілермен байланыс, білімгерлермен және бітіруші түлектермен сұхбаттасу, сауалнама жүргізу, педагогикалық үдеріс нәтижелерін сараптау арқылы болашақ химия мұғалімдерінен талап етілетін кәсіби білім мазмұны білім беру бағдарламасында анықталған.

5В011200-Химия мамандығы бойынша кәсіби білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – мамандықтың маңызы мен ерекшелігін жете түсінген, табиғи танымдық деңгейі ғылыми жүйеде негізделіп қалыптасқан, мәдениеті жоғары, кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологияларды, ақпараттық техниканы оқу бойынша мамандықты жетік игерген жеке тұлғаны даярлап шығару.

Мамандық бойынша оқу бітірушілердің жалпы білімділігіне төмендегідей талаптар қойылады:

1. Жалпы білімділіктің негізгі талабы оның педагогикалық қызметінің, педагогикалық қарым-қатынасының, педагогикалық санасының, белгілі бір құндылықты тасымалдаушы тұлға ретінде қалыптасқанын көрсететін білім, іскерлік, дағдының қажетті жиынтығын меңгерген кәсіби-құзырлы мұғалім даярлау болып табылады.

2. Әлеуметтік-этикалық құзырлылығына қойылатын талаптар қазіргі қоғамдағы моралдік нормалар мен рухани-этикалық тәртіп туралы білімді, күнделікті өмірде осы нормаларды сақтау және рухани-этикалық тәртіп дағдыларын қалыптастыруды қамтитын әлеуметтік-этикалық құзырлылығын қалыптастыруды көздейді.

3. Мектеп мұғалімдерінің экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық құзыреттілілігіне қойылатын талаптар білім берудегі, педагогикалық менеджменттегі және педагогикалық шеберліктегі кәсіби мәдениет, экономикалық, құқықтық қатынас негіздері білімдерін қамтитын әлеуметтік-этикалық құзыреттілік қалыптастыруды ұсынады.

4. Кәсіби құзыреттілік талаптары кіріктірілген келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді: коммуникативтік, ақпараттық, ғылыми-шығармашылық, рефлексивтік, диагностикалық, жобаларды моделдеу және жүзеге асыру, жағдаятты анықтау және шешімін табу, өздігінен іске асыру, өзін өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту.

5. Әлеуметтік, экономикалық, кәсіби жағдайлардың өзгерісіне, өтпелілік пен белгісіздік жағдайларының үдей түсуі жағдайында жағрафиялық және әлеуметтік жұмылдыруға дайын болуға қойылатын талаптар әлемдік білім кеңістігіндегі педагогикалық мәселелер туралы білімді, білім берудің ұлттық моделінің мәнін және жүзеге асыру жолдары туралы білімді, айналадағы ақиқаттың өзгеру шартына: қарым-қатынас және байланыс, эмпатия, түсінушілік, сүйкім, бірлесу мен ынтымақтастыққа бейімделудің білім, іскерлік және дағдылар жүйесін меңгеруін қамтиды.

6. Оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділік деңгейіне қойылатын талаптар:

Жалпы білім беру пәндері бойынша білімділік деңгейіне қойылатын талаптардың негізгісі: оқыту, тәрбиелеу, дамудың философиялық, әлеуметтік-құқықтық, экономикалық негіздерін меңгеру негізінде әдіснамалық, әлеуметтік, құқықтық-еңбек құзыреттілігін қалыптастыру [3].

Теориялық және практикалық даярлық тұтас кәсіптік құзыреттілікке жинақтау үшін кәсіби оқытудың жалпы стратегиясындағы жедел орындалатын оқу тапсырмалары мен олардың функциялары арасында мағыналы байланыс орнатуға психологиялық-педагогикалық негіз салу қажет.

Бұған болашақ химия мұғалімдерін оқытуда жүргізілетін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларға негізделген пәндер циклінің көмегімен қол жеткізуге болады.

Аталмыш цикл 5В011200-Химия мамандығы бойынша болашақ мұғалімдерді даярлаудың жұмыс оқу жоспарындағы модульдер бойынша келесі пәндер циклі болып табылады (кесте 1).

Кесте 1 - 5В011200 - Химия мамандығы бойынша модульдер (пәндер) тізімі

Пәннің (модульдің) атауы	Кредиті ҚР/ECTS	Семестр
Жалпы білім беру пәндері	МК	
Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар	3/5	I
Мамандық бойынша міндетті модуль	МК	
Химияны оқыту әдістемесі	3/5	VI
Кәсіптендіру пәндері	ТК	

Компьютерлік химия	3/5	VII
Көрнекі құралдар дайындау әдістемесі	3/5	VII

Енді осы пәндер мазмұны бойынша болашақ химия мұғалімдерінің ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар бойынша даярлығын қалыптастыру мазмұнына тоқталайық.

1. «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар» ***пәні***

1-курстың 1-семестрінде оқытылатын «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар» пәні білімгерлердің орта мектеп бағдарламасы бойынша алған білімдерін, жалпылау, бекіту функциясын атқарады. Компьютерлік техника, бағдарламалау элементтері, бағдарламалық қаптамалар, ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау мен таратуды ұйымдастыру мәселелерін зерттейді.

«Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар» курсы ақпарат ұғымы, компьютер техникасы құраушылары, ақпараттандыру құралдары, бағдарламалық жабдықтар аспектілері бейнеленетін негізгі теориялық және практикалық мәліметтерден тұрады.

2. «Химияны оқыту әдістемесі» пәні

Химияны оқыту әдістемесінің пәнінің *мақсаты* - білімгерлерде тәжірибеге бейімделген білімдер мен қабілеттердің жүйесін, химия мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, білім берудің ұлттық жүйесінде тәжірибелік іс-әрекетке дайындау болып табылады.

Пәннің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- Химияны оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін зерттеу;
- Химиялық білім беру мәселелері бойынша нормативтік базаны зерттеу;
- Химияны оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын меңгеру;
- Химия курсының жеке мәселелерін оқыту әдістемесін қарастыру;
- Химияны оқыту үдерісінде тәжірибені ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Пән мазмұны стандартта белгіленген.

Болашақ химия мұғалімдерінің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларын пайдалану даярлығын қалыптастыруды іске асыру «Химияны оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда үзіктей қарастырылады. Бұл пәнде білімгер химияны оқытудың электронды орталарын пайдаланумен танысады. Әдістеменің оқып үйрену барысында болашақ мұғалімдер кәсіби-әдістемелік даярлық алады және міндетті түрде: химияны оқыту үдерісінің білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық мақсаттарын, мектеп бағдарламасының мазмұнын, оқулықтарды, химиядан оқу әдістемелік құралдарды, нормативтік құжаттарды білулері тиіс; химияны оқыту әдістері және оның нәтижелерін, оларға қойылатын талаптар, бақылау химияны оқыту әдістемесінің теориялық негіздері жүйесін, мектеп химия кабинетінің оқу қондырғылары жүйесін, оларға қойылатын талаптарды, оқытудың техникалық орталарын, олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, химияны оқытудың заманауи технологияларын білулері тиіс [8].

Қойылған мақсаттар «Химияны оқыту әдістемесі» курсының типтік бағдарламасы негізінде іске асырылады. Химияны оқыту әдістемесі курсы арнайы сәйкес әдістемелік элективтік курсты оқыту арқылы болашақ химия мұғалімінің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастыруға негіз қалайды.

Белгілі дидактика саласының ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде [9-11] педагогикалық бағыттағы элективтік курс мазмұнына қойылатын талаптарды төмендегіше тұжырымдауға болады:

- педагогикалық пәндер бойынша элективтік курстар оқытушыға қойылатын заманауи талаптардың берік теориялық іргелілігіне, оның тұлғасын қалыптастырудың және білім беру мекемесіндегі шығармашылық жұмысқа даярлығын тәрбиелеудің ғылыми негізділігіне сүйенуі тиіс;

- психологияның, педагогиканың, дербес әдістемелердің аймағындағы соңғы жетістіктерді ескеру арқылы жасалған элективтік курс болашақ мұғалімдерде кәсіби ойлауын, педагогикалық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған, сонымен қатар, білімгерлерді заманауи мектеп жағдайында өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуіне қажетті зерттеушілік біліктермен, дағдыларымен қаруландыруды мақсат етеді;

- элективтік курстар болашақ мұғалімді даярлаудың жалпы жүйесіне үйлесімді кірігуі тиіс және келесі функцияларды орындауы тиіс: зерттеушілік немесе практикалық педагогикалық іс-

әрекетке кіріспе, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың соңғы жаңалықтарымен, жаңа дербес әдістемелермен танысу;

- элективтік курстар білімгерлердің кәсіби педагогикалық іс-әрекеттерінің сипатын да ескеруі тиіс;

- элективтік курсты оқытуға даярлауда оның оқу бағдарламасын, лекциялық материалдарын, семинарлық және практикалық, зертханалық сабақтарды өтуге арналған әдістемелік нұсқауларды даярлау, білімгерлерге пән тапсырмаларын, шығармашылық тапсырмаларды, сұлбалар мен диаграммаларды, өзіндік жұмыстар тапсырмаларын орындауға қажетті ескертпелер жиыны даярлануы тиіс;

Әдістемелік жүйені жасауда элективтік курстар мазмұнын іріктеу жалпы маңызды дидактикалық ұстанымдар негізінде іске асырылды: ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, оқытудағы жүйелелік пен бірізділік, оқу материалын меңгерудің жеткіліктілігі, теорияның практикамен байланысы ұстанымдары.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің АТТ пайдалану даярлығын қалыптастыруға бағытталған элективтік курстар мазмұнын іріктеуде негізгі рөл келесі ұстанымдардан алынды: дидактикалық және қорлар қолжетімділігі, жүйелілігі, интегративтігі, көпфункциональдылығы, кешенділігі, практикалық бағыттылығы. Бұларды жекелей қарастырайық:

- *Дидактикалық және қордың қолжетімділігі ұстанымы* бұл жағдайда екі аспектіде қарастырылады. Дидактикалық қолжетімділік білімгерлердің даярлық деңгейін, олардың базалық және пәндік-арнайы ақпараттық-телекоммуникациялық даярлығы деңгейін анықтаса, қорларға қолжетімділік – білімгерлердің еркін таралымдағы әрі арнайы компьютерлік бағдарламалық қаптамалармен жұмыс істей алулары деңгейін анықтайды.

- *Жүйелілік ұстанымы* элективтік курстар мақсаты мен мазмұнының оқыту әдістері мен формаларының, оқыту құралдары мен оның нәтижелерін бағалауға сәйкестілігі. Элективтік курстар мазмұны жүйенің барлық белгілеріне ие: тұтастылық, элементтер арасындағы байланыс және т.б.

- *Интегративтілік ұстанымы* элективтік курстарда психологиялық-педагогикалық, базалық химиялық және химиялық-әдістемелік пәндердің арасында, сондай-ақ, «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар», «Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» пәндерінің арасында өзара мазмұндық байланыстарды орнатуға негізделген.

- *Кешенділік ұстанымы* элективтік курс мазмұны мен оны игерудегі білімгерлердің іс-әрекеттері қойылған әдістемелік міндеттер кешенін толықтай іске асырады.

- *Практикалық бағыттылық ұстанымы* элективтік курс мазмұнының білімгерлерде ақпараттық қоғам жағдайында білім беруді ақпараттандыруға қажетті әдістемелік дағдылар мен біліктерді қалыптастыруды қамтамасыз етуімен тұжырымдалады [12].

Жоғарыда аталған ұстанымдарды талдай келе біз «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» элективтік курстарын әдістемелік тұрғыда құрдық.

3. «Компьютерлік химия» элективтік курсы

Курстың мақсаты – білімгерлерді химиядағы математикалық модельдеу мүмкіндіктерімен танысу, оны химиялық есептерді шешу үшін қолдану және сәйкес бағдарламалық жабдықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптасу.

Курс міндеттері:

- білімгерлерге химия саласында компьютер техникасы мен бағдарламалық жабдықтарды қолданудың негізгі бағыттары туралы білім беру;

- химиялық ақпараттарды талдау, химиялық есептерді шешуде, химиялық ақпараттарды модельдеуде бағдарламалық құралдарды пайдалануға үйрету;

- химиялық тәжірибе нәтижелерін компьютер көмегімен статистикалық ақпараттарды, тәжірибе нәтижелерін статистикалық болжау мен талдаудың әдістерін, құралдарын меңгерту;

4. *«Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» элективтік курсы*

Пән мақсаты: болашақ химия мұғалімдерін химия пәнінің орта мектепте оқытылатын тақырыптары бойынша көрнекі құралдар дайындауға үйрету.

Пән міндеттері:

-көрнекі құралдар көмегімен химиялық ұғымдар, химиялық реакциялар, ерітінді құрамы мен химиялық заңдылықтар туралы тәуелділікті анықтау жолдарын меңгерту;

- зерттеу нәтижелерін графикалық формада ұсыну әдістерін білуге, қолдануға үйрету, химия пәні тақырыптары бойынша тірек-сызба кестелерін компьютер көмегімен көрнекі құру қолданбалы бағдарламаларымен жұмыс жасау біліктері мен дағдыларын меңгерту.

- практикалық іс-әрекеттің нәтижелерін көрсету үшін ақпараттық қорларды, ақпараттық-телекоммуникациялық қорларды пайдалануға үйрету.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің АТТ пайдалануға даярлығын, педагогикалық іскерліктермен қамтамасыз ететін «Кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар», «Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі-құралдар дайындау әдістемесі» оқу пәндері болып табылатыны анықталды. Ал, олардың мазмұны біздер ұсынған оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдар арқылы қамтамасыз етілді. Болашақ химия мұғалімін даярлайтын жоғары оқу орының негізгі міндет - ақпараттық қоғамда білім берудің заманауи тиімді АТТ кәсіби деңгейде оңтайлы іріктеп пайдалана білетін, орасан көлемдегі ақпараттық қорларды жоғары біліктілікпен пайдалану, білім беру түрлерін іске асыруда ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың толық әлеуетін пайдалануға қабілетті, іскер кәсіби мамандар дайындау.

Біздің жағдайымызда «*Химияны оқыту әдістемесі», «Компьютерлік химия», «Көрнекі құралдар дайындау әдістемесі»* пәндері болашақ химия мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлауда жүйелі оқытылатын пәндер циклі болып табылады. Аталған пәндер циклі маман даярлаушы жоғары оқу орны оқытушыларына да үлкен талаптар қояды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған ойлар, Химияны оқыту әдістемесі ғылымының іргелі ұғымдары мен Компьютерлік химия, Көрнекі құралдар дайындау әдістемесі пәндерінің негізгі мазмұнымен өзара үйлесімді әрі сәйкес ұғымдар өзара сабақтастықта болатындығын дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Ly Thi. Tran Internationalisation of Vocational Education and Training: An Adapting Curve for Teachers and Learners // Journal of Studies in International Education. - 2013. - №17. – P. 492-507.

2.Stasz C., Hayward G., Su-Ann Oh, Wright S. Outcomes and Processes in Vocational Learning: A Review of the Literature. - London: LSRC Research Report, 2004. – 205 p.

3.Берді Д.К. Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау (химия мамандығы материалында): Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис.:6D010300 – Педагогика және психология.Түркістан, 2015.-186 б.

4.Сысоев П. В., Евстигнеев М. Н. Методика обучения иностранному языку с использованием новых информационно-коммуникационных Интернет-технологий: учеб. - метод. пособие. - М.: Глосса-Пресс; Ростов н/Д. : Феникс, 2010. – 182 с.

5. Кузьмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя. – Л.: Отд. общества «Знание», 1985. – 193 с.

6.Uzunboylu H., Ozdamli F. Teacher perception for m-learning: scale development and teachers' perceptions // Journal of Computer Assisted Learning. - 2001. - Vol. 27, №6. - P. 544-556.

7.Берді Д. Болашақ химия мұғалімдерін кәсіби дайындаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері //«Өзбекәлі Жәнібек оқулары- 2013» атты IV республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. -Түркістан, 2013. – Т.2. – Б.77-82.

8. Берді Д. Ақпараттық технологияны пайдаланып болашақ химия мұғалімдерін даярлау // «Қазақстан-2050 стратегиясы» - жоғары оқу орындарында педагог кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыру концепциясының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференции. - Шымкент, 2014. – Т.2. – Б.415-418.

9. Лакоба С.Е., Толкач Л.Я. Методика преподавания химии в условиях современной школы: пособие. – Гродно: ГрГУ, 2011. – 111 с.

10. Минич О.А. Развитие информационной культуры учителя в системе дополнительного образования взрослых: дис. … канд. пед. наук: 13. 00. 01. – Минск, 2012. – 252 с.

11. Цветкова М.С. Информационная активность педагогов. – М.: БИНОМ; Лаборатория знаний, 2010. – 252 с.

12. Berdi D., Usembayeva I., Ramankulov Ы., Saparbekova G. Berkimbaev M. Results of the Experimental Research on the Introduction of Information and Telecommunication Technologies in Teacher’s Professional Training // Indian Journal of Science and Technology. – 2015. - Vol 8, №27. – P. 10.

REFERENCES

1.Ly Thi. Tran Internationalisation of Vocational Education and Training: An Adapting Curve for Teachers and Learners // Journal of Studies in International Education. - 2013. - №17. – P. 492-507.

2.Stasz C., Hayward G., Su-Ann Oh, Wright S. Outcomes and Processes in Vocational Learning: A Review of the Literature. - London: LSRC Research Report, 2004. – 205 p.

3.Berdi D.K. Bolaşaq jaratılıctanu pänderi muğalimin aqparattıq-telekommunikaiyalıq texnologiyalardı paydalanuğa dayarlau (ximiya mamandığı matepialında): Filocofïya doktorı (PhD) ğılımi därejecin alu üşin dayındalğan iïc.:6D010300 – Pedagogika jäne pcixologiya.Türkistan, 2015.-186 b.

4. Cycoev P. V., Evctigneev M. N. Metodika obucheniya inoctpannomu yazyku c ic¬pol'zovaniem novyx infopmatsionno-kommunikatsionnyx Intepnet-texnologiy: ucheb. - metod. pocobie. - M. : Glocca-Ppecc; Poctov n/D. : Fenikc, 2010. – 182 s.

5. Kuz'mina N.V. Cpocobnocti, odarennoct', talant uchitelya. – L.: Otd. obshchectva «Znanie», 1985. – 193 s.

6.Uzunboylu H., Ozdamli F. Teacher perception for m-learning: scale development and teachers' perceptions // Journal of Computer Assisted Learning. - 2001. - Vol. 27, №6. - P. 544-556.

7. Berdi D. Bolaşaq ximya muğalimderin käcibi dayındaudıñ pcixologiyalıq-pedagogïkalıq erekşelikteri //«Özbekäli Jänibek oquları- 2013» attı IV pecpublïkalıq ğılımï-täjirïbelik konfepencïya. -Türkistan, 2013. – T.2. – B.77-82.

8. Berdi D. Aqpapattıq texnologiyanı paydalanıp bolaşaq ximiya muğalimderin dayarlau // «Qazaqstan-2050 strategiyası» - joğarı oqu orındarında pedagog kadrlardı käcibi dayarlaudı qalıptactıru koncepciyacınıñ negizi» atty xalıqapalıq ğılımi-täjirïbelik konferencia. - Şymkent, 2014. – T.2. – B.415-418.

9. Lakoba C.E., Tolkach L.YA. Metodika prepodavaniya ximia v ucloviyax sovremennoi shkoly: pocobie. – Gpodno: GrGU, 2011. – 111 s.

10. Minich O.A. Pazvitie informatsionnoi kul'tury uchitelya v sisteme dopolnitel'nogo obrazovaniya vzroslyx: dic. … kand. ped. nauk: 13. 00. 01. – Minck, 2012. – 252 s.

11. Tsvetkova M.C. Informatsionnaya aktivnoct' pedagogov. – M.: BINOM; Laboratoriya znaniy, 2010. – 252 s.

12. Berdi D., Usembayeva I., Ramankulov ЫI., Saparbekova G. Berkimbaev M. Results of the Experimental Research on the Introduction of Information and Telecommunication Technologies in Teacher’s Professional Training // Indian Journal of Science and Technology. – 2015. - Vol 8, №27. - P. 10.

ӘОЖ 331.361:004
МҒТАР 50.01

Беркимбаев К.М.[1], Керимбаева Б.Т.[2], Сарбасова А.Е.[3]
[1]педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан, Түркістан қ.
E-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz
[2] PhD доктор, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан, Ақтөбе қ.
E-mail: kerimbaeva-bota@mail.ru
[3] филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан, Ақтөбе қ.
E-mail: aigul_sarbassova@mail.ru

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қазақстан Республикасының әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне ену жағдайында болашақ мамандар даярлау саясаты жаһандық білім технологияларын меңгерумен қатар студенттердің халықаралық қатынастар тілі болып табылатын ағылшын тілін еркін меңгеруін де қажетсініп отыр. Өйткені, бүгінгі таңда барлық ЖОО-дағы академиялық ұтқырлық аясында болашақ мамандардың әлемнің әртүрлі елдерінде тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болуы ағылшын тілін еркін меңгеруімен тікелей байланысты болмақ. Мақалада болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастырудың артықшылық-тары қарастырылады. Білім сапасын көтеру, ақпараттық технологияларды қолданып оқыту әдістерін жетілдіру, білім беруді ақпараттандыру – Қазақстандағы білім саласының дамуындағы жаңа кезең деп қарастыруға болады. Болашақ мамандарының интеллектуалдық, коммуникативтік мәдениетін арттыру, олардың кәсіптік бағытта коммуникативтік әлеуетін қалыптастыру, тек қана ана тілінде емес сонымен қатар ағылшын тілінде еркін сөйлеу арқылы кәсіби даярлығына ықпал ету мақсатында білім беру үдерісінде қолдануға тиімді оқыту әдістері туралы білім беру болып табылады.

Кілт сөздер: болашақ маман, ақпараттандыру, ағылшын тілі, құзырлық, технология, білім, әдістеме.

Беркимбаев К.М.[1], Керимбаева Б.Т.[2], Сарбасова А.Е.[3]
[1] доктор педагогических наук, профессор
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави
Казахстан, г.Туркестан
E-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz
[2] PhD доктор, доцент
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
Казахстан, г.Актобе
E-mail: kerimbaeva-bota@mail.ru
[3] кандидат филологических наук, доцент
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
Казахстан, г.Актобе
E-mail: aigul_sarbassova@mail.ru

ПРЕИМУЩЕСТВА ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

В условиях внедрения Республики Казахстан в мировое пространство образования и науки, политика подговки специалистов, на ровне с освоением образовательных технологий, нуждается в освоений английского языка, которое является языком международных отношении. Сегодня все новшества в ВУЗах, как академическая мобильность, где будущие специалисты имеют возможность улучшить свои знания и обменятся опытом в любой старне мира, реализуются при помощи свободного владения английским языком. В статье рассматриваются преимущества формирования информационно-

коммуникативной компетентности будущих специалистов. Повышение качества образования, обучение по средствам эффективного использования информативных технологий, информатизация образования яляется новой гранью в развитии сферы образования республики Казахстан. Развитие в будущих специалистах-интеллектуальных, коммуникативно-культурных, профессионально - коммуникативных компетенции и языковых возможностей, чтобы они были не просто специалистами, но еще и свободно владели английским языком, что бы это все, в совокупности положительно влияло на процесс реализации самого выпускника, это является основной задачей сегодняшнего процесса образования.

Ключевые слова: будущий специалист, информатизация, английский язык, компетенция, технология, знание, методология.

Berkimbayev K.M.[1], Kerimbayeva B.T.[2], Sarbasova A.E.[3]
[1]doctor of pedagogy, professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Kazakhstan, Turkistan
E-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz
[2] PhD, associate professor
K. Zhubanov Aktobe regional state university
Kazakhstan, Aktobe
E-mail: kerimbaeva-bota@mail.ru
[3]candidate of philology, associate professor
K. Zhubanov Aktobe regional state university
Kazakhstan, Aktobe
E-mail: aigul_sarbassova@mail.ru

THE ADVANTAGE OF THE FORMATION OF INFORMATIONAL- COMMUNICATIVE COMPETENCE OF FUTURE SPECIALISTS

Kazakhstan republic's entrance to the sphere of the world education and science is the based on graduating the real specialists, who can get knowledge not only in their specific area but also needs the language abilities, which is urgent in the world market today. The new tendency of the universities, as the academic mobility programm, where the students can visit and improve their knowledge in another university of the world, can be easily realized if you know the English fluently. The article deals with the advantage of the formation of informational-communication competence of future specialists. Development of the knowledge quality, education by means of the effective usage of the informative technologies, cultural, professional-communicational competence and improving their language knowledge. The graduate will know the profession and speak language fluently is one of the main goals of the education process, which will affect positively to the realization of the graduate as a specialist in the future.

Keywords: future specialists, informatization, English language, competence, technology, knowledge, methodology.

Қоғам мен білім беруді ақпараттандыру - жауапкершілік сезімі мол, терең білімді, жаңа қоғамды жасаушы мамандар санының арта түсуін талап етеді. Барлық типтегі оқу орындарын, соның ішінде, жоғары оқу орындарын бітірушілердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар жоғарылауда. Білім берудің пәндік құрамы да толықтырыла түсуде. Ақпараттандыруда - білім беру жүйесі және онымен байланысты адамзат әрекеттерінің түрлері де бірге қалыптасады, нақтырақ айтқанда, ол заманауи технологияның әсерімен маңызды өзгерістерді басынан өткере отырып, оларға ықпал етеді. Бұл мәселеде, әсіресе жоғары кәсіби білім беруді жетілдірудің алатын орны ерекше.

Білім беру ортасы ақпараттанумен тікелей байланыстағы негізгі қоғамдық жүйелердің бірі болып табылады. Білімді ақпараттандыруды ақпараттық қоғам жағдайында жоғары деңгейдегі өмірге маман даярлау үдерісі ретінде сипаттауға болады.

Білімді ақпараттандыру үдерісіне тән нәрсе - ақпараттық-компьютерлік технологияның негізінде қолданыс табатын оқу құралдарының жаңа түрлерінің пайда болуы болып табылады. Ал бұл технологиялар бұрын-соңды болып көрмеген білім беру үдерісінің белсенділігіне даңғыл жол ашып берді: жедел түрде жүзеге асырылатын кері байланыстар; оқу хабарын компьютерлер арқылы беру; көлемі үлкен болып келетін хабарларды архивте сақтау; есептеу, ақпараттық-ізденіс қызметімен қатар оқу тәжірибесінің нәтижелерін автоматтандыру; оқу қызметін басқару мен басқару нәтижелерін бақылауды автоматтандыру [1].

Қоғамды ақпараттандыру келесі жағдайларды қамтамасыз етеді:

- қоғам мүшелері әрекеттерінің тұрақты кеңейетін баспа түрінде жинақталған ғылыми, өндірістік интеллектуалдық әлеуетін белсенді пайдалану;

- қоғамдық өндірістің барлық сфераларының дамуын іске асыратын ғылыми және өндірістік ақпараттық-компьютерлік технологияларды интеграциялау;

- пайдаланылатын мәліметтердің нақтылығын, бейнеленетін ақпараттардың визуалдылығын, қоғамның кез-келген мүшесінің сенімді ақпарат көздерін пайдалануын, ақпараттық қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білімді ақпараттандыру - білім беру сферасын әдістемелік және техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, оқыту мен тәрбие берудің заманауи технологияларды оңтайлы пайдалану болып табылады. Бұл үдеріс төмендегі әрекеттерді іске асырады:

- білім беру жүйесін басқару механизмдерін автоматтандырылған ғылыми-педагогикалық қорларды, коммуникациялық желілерді пайдалану негізінде жетілдіру;

- қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру шартында тұлғаны дамыту міндеттеріне сәйкес оқыту, тәрбиелеудің ұйымдастырылған формаларын, әдістерін, сұрыптау стратегиялары мен әдістемесін жетілдіру;

- студенттердің интеллектуалдық дамуына, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға, ақпараттық-оқу, тәжірибелік-зерттеу әрекеттерін іске асыруға, ақпараттарды өңдеу бойынша өзіндік жұмыстардың әртүрлілігіне бағдарланған оқытудың әдістемелік жүйелерін құру;

- студенттердің білім деңгейін бағалау мен бақылауды айқындаушы компьютерлік тестілік бағдарлама жасау әдістемесін құру және қолдану [2].

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттарына:

- білім берудің әдіснамасын жетілдіру мен стратегиялық мазмұнын таңдау;

- білім берудің әдістері мен формаларын ұйымдастыру;

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту;

- оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;

- білімгердің интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағыттау;

- өз бетінше білім алу біліктілігін қалыптастыру;

- ақпараттық-оқу, тәжірибелік зерттеу қызметінің өз бетімен түрлі іс-әрекеттерін жүзеге асыру;

- тестілік, диагностикалық бақылау әдістерімен білімгерлердің білім деңгейін бағалау жатады.

Ақпараттық қоғам мүшелерінің ақпаратпен және ақпараттық-компьютерлік технологиялармен жұмыс істей білу білімдерінің, біліктіліктерінің, яғни ақпараттық мәдениеттерінің жоғары деңгейде болуын қажет етеді. Ақпараттық мәдениет педагогтың кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады [3].

Қазіргі кезде ақпараттық мәдениеттің көптеген анықтамалары белгілі. Біздің жағдайымызда екі аспектіде берілген анықтаманы қарастыру орынды. Кең мағынадағы ақпараттық мәдениет - бұл этникалық және ұлттық мәдениеттердің өзара оң әсерлесуін, оларды адамзаттың жалпы тәжірибесіне біріктіруді қамтамасыз ететін нақты механизмдер мен принциптердің жиыны. Тар мағынада ақпараттық мәдениет бұл: белгілермен, мәліметтермен, ақпаратпен және оларды теориялық және практикалық міндеттерді шешу үшін қызығу білдіретін тұтынушыға ұсынудың оңтайлы тәсілдері; өндірістің, ақпаратты сақтау мен тасымалдаудың техникалық орталарының механизмдерін жетілдіру; оқыту жүйесін жетілдіру, адамды ақпарат пен ақпараттық орталарды ықпалды пайдалануға даярлау [4].

Ақпараттық мәдениет - бұл адамның күнделікті әрекетінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар кешенін сәйкес бейнеде пайдалану біліктілігі. Ол адамдарды жағдайды өз бетінше талдау қабілетін дамытуға, анықталмағандық шартында шешім қабылдауға, табиғи, экономикалық және әлеуметтік үдерістердің дамуының тенденциялары мен жалпы заңдылықтарын түсінуге, сондай-ақ, қабылданған шешімдердің мүмкін салдарларын болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан, білім беру үдерісінің ғаламдық мәселелерін модельдеу және ақпараттық мониторинг қамтамасыз етілуі тиіс.

Мұндай мониторинг пен модельдеудің маңызды бөліктерінің бірі оқу пәндері бойынша студенттерді даярлау, оқу-әдістемелік және электрондық құралдар құру әрекеттері жүргізілетін ақпаратты жинау және оның формалданған бейнеленуі мен құрылымдануы болуы мүмкін.

Қазіргі кезде студенттерде қазіргі заманғы ақпараттық қоғам талаптарына баламалы ойлау стилін, ақпараттық дүниетанымды тәрбиелеуге бағытталған мақсат қойылуда. Білім беруді реформалаудың мәні студенттің ғаламат көлемдегі мәліметтер қорына, білімдік мәліметтерге, компьютерлендірілген архивтерге, анықтамалар мен энциклопедияларға ену мүмкіндігінің болуы [5].

Ақпараттық-білім беру ортасы (АБО) - танымдық іс-әрекеттерді сүйемелдеуді және ақпараттық қорларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін, қазіргі Қазіргі оқыту технологиялары және бағдарламалық-әдістемелік құралдар жиынын бере алатын, білім алудың материалдық және рухани жағдайларын жасай алатын көпаспектілі, толыққанды, әлеуметтік-психологиялық нақты орта.

Ақпараттық білім берудің қорлары - ақпараттың кез-келген түрі немесе оқу үдерісінде қолдану үшін арнайы жасалған бағдарламалық өнімдері.

Сандық білім беру қорлары (СБҚ)- мультимедиалық дыбысталған презентациялар, сандық пішімдегі мәтіндер, интерактивті тапсырмалар, 3D модельдер, виртуалды зертханалар мен білгілі бір тапқырып бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешен. СБҚ интернет/интранетте немесе оптикалық ақпарат тасымалдағыштарда орналастырылады (Сурет 1).

Қазіргі кезде білім беру саласы мамандары тарапынан көптеген электронды білім беру қорлары жасалып, білім беру процесінде қолданылуда. Олардың көпшілігі мәтіндік құжаттар, презентациялар, графикалық құжаттар, слайд-шоулар, әуесқой түсірілімдегі бейне сабақтар, электронды оқулықтар.


Ағылшын тілін оқытуда интерактивтік тақтаны қолданудың мүмкіншіліктері мол. Алдын-ала дайындалған тақырыптық мәтіндер, оқытушы және тексеруші жаттығулар, иллюстрациялар, аудио және бейне материалдар жаңа тақырыпты жан-жақты түсіндіруде, сөйлеу модельдері мен грамматикалық құрылымды қайталау мен бекітуде, оқу дағдысын жетілдіруде, ағылшын тіліндегі сөйлеуді тыңдап қабылдауда, білімді бақылау мен өзіндік бақылауда тіректік қызмет атқара алады.

«Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасында (http://egov.kz):

- барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын электрондық оқу жүйелерімен 2017 жылы

50%-ға, 2020 жылы 100%-ға дейін қамту;

- ерекше қажеттіліктері бар (инклюзивті білім беру) балалар үшін АКТ көмегімен сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету – 2017 жылы – 30%-ға, 2020 жылы - 50%-ға.



Сурет 1- Сандық білім беру қорлары.

- мектептер мен техникалық және кәсіби білім беру үшін ашық қолжетімділіктегі электрондық контенттің көлемі 2017 жылы 60%-ға, 2020 жылы – 90%-ға жеткізу көзделеді [6].

Ал бұған қол жеткізудің негізгі шаралары ретінде:

- жоғары оқу орындары жанында студенттердің ғылыми жұмыстарын іске асыру үшін қажетті құралдармен жабдықталған зертханаларды ашу;
- білім беру процестерін бөліктей электрондық форматқа көшіру қарастырылады;
- білім беру процесіне мамандықтар бойынша нақты бір кәсіби қызметке арналған жаңа бағдарламалық шешімдер мен қосымшаларды тәжірибелік пайдаланудың негізгі машықтарына оқытуды енгізу қарастырылады.

Білім беру саласында ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды дамытудың барлық жаңа үдерістерін ескеру және оларды білім беру процесінде пайдалану елдегі білім беру деңгейін жаңа деңгейге шығаруға көмек береді. Студенттердің аудиториялық өзіндік жұмысы Интернетке ену мүмкіндігі бар компьютер сыныптарында ағылшын тілі сабағы шеңберінде оқытушының басқаруы арқылы студенттердің жеке тапсырмаларды орындауы.

Интернет мүмкіндіктерін пайдаланудың екінші бағыты Интернет мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген, арнайы дайындалған тапсырмаларды орындаудағы студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысы. Бұл жағдайдағы өзіндік жұмыс студентке оқу тапсырмаларын Интернетке ену мүмкіндігі бар өзіне қолайлы кез-келген жерде орындауға мүмкіндік береді.

Студенттің ағылшын тілін оқуда Интернет желісінде іске асырылатын, *өзіндік іс-әрекетінің негізгі екі тобын* ерекшелеуге болады. Бұлар оқытушыдан компьютермен және Интернет желісімен жұмыс істеуде ерекше білім, білік және дағдыларды, сондай-ақ ағылшын тілін оқыту үдерісінде интернет технологияларын кіріктіру және пайдалану әдістемесінен білімдерді талап ететін, жоспарланған және бақыланатын оқу үдерісін бейнелейді.

1. Электрондық қорлар мен өзіндік жұмыс: арнайы ұйымдастырылатын ақпаратты іздеу, талдау және түрлендіру, сондай-ақ Web-жобаларда арнайы ұйымдастырылған қатысу.

2. Интернет коммуникация: электронды поштада және форумдарда арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының әрбір тобын жеке қарастырайық:

I. Электрондық қорлар мен өзіндік жұмысқа іс-әрекеттің келесі түрлері енеді: ақпаратты арнайы ұйымдатырылған іздеу, талдау және түрлендіру.

Біздің жағдайда Интернет қорлар ұсынатын ақпаратты негізгі үш жағдайда пайдалануға болады:

1. Интернет ақпаратын үйренілетін тақырып бойынша қосымша материал сапасында пайдалану, мұндағы іздеуді студенттер өз беттерінше түрлі іздеу жүйелерінің көмегімен іске асырады (google, yandex, chrome).

2. Интернет ақпаратын үйренілетін тақырып бойынша қосымша материал сапасында пайдалану, мұнда студенттер іздеуді оқытушы іріктеген нақты адрестер бойынша іске асырады.

3. Студенттерге үйренілетін тақырып бойынша электрондық қорларға сілтемелер тізімі оқытушы тарапынан ұсынылады, бірақ толықтыру үшін қосымша ақпаратты іздеу жүйелері арқылы табады [7].

Ағылшын тілінде оқыту үдерісінде интернет технологияларын пайдаланып, тілді меңгерудің келесі деңгейлері ерекшеленеді:

- бастапқы деңгей – жазу мен оқудың элементар дағдыларын меңгеру;
- орта деңгей – орташа тапсырмаларды орындауды іске асыру үшін тілді меңгерудің жеткілікті деңгейі;
- жоғары деңгей – ағылшын тілінде коммуникацияны еркін іске асыруға қатысты қабілеттілік.

Студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін ескеріп, электрондық қорлар негізінде желіден ақпаратты іздеу, талдау және түрлендіру бойынша өзіндік жұмыстар тапсырмаларын төмендегіше жіктеуге болады:

1. Тақырыптық сілтемелер тізімі (Hotlist). Бұл студенттерге үйренілетін тақырып немесе оның тұғырларын толығырақ қарастыруда қосымша материал сапасында электрондық қорлармен жұмыс істеу. Мысалы, ағылшын тілін меңгерудің барлық деңгейлері келесі тапсырмаларды беруге болады:

- грамматика бойынша ағылшын тілінен, іскерлік ағылшын тілінен қойылған сұрақтар бойынша жаттығуы бар сайттар сілтемелерін айқындау;
- зерттеу жұмысы бойынша (реферат, баяндама, курстық жұмыс) пайдалы сайттардың сілтемесін және жүктелуін құру;

2. Альбом (scrapbook). Оқытушы таңдаған немесе студент өзі тапқан сайттардан суреттерді, мәтіндерді, аффоризмдерді, дыбыстық файлдарды, бейне файлдарды іздеуге және жинауға мақсатталған. Зерттеу нәтижелерін студенттер ақпараттық бюллетендер, компьютерлік презентациялар, коллаждар, Web-парақшалар және т.б. құруда пайдаланулары мүмкін. Тілді меңгертудің бастапқы деңгейі үшін студентке Web-альбом жеке Web-парақша құруды аймақтық өндіріс орындарының суреттерін іріктеу және оларға ағылышн тілін түсіндірме жасауға ұсынуға болады. Ағылшын тілін орта деңгейде меңгерген студенттер өзінің мамандығы бойынша салалық терминдерге, түсіндірмелерге, кәсіби бағыттағы мәтінді суреттермен және т.б. материалдармен

иллюстрациялап, ақпарат дайындай алады. Жоғары деңгейдегі студенттерге жұмыс берушілер үшін өзі туралы бет құру, түйіндеме қосу және т.б. жасауды ұсынуға болады.

3. Көмбені іздеу (Treasure hunt). Студенттер тақырып бойынша сілтемелердің анықталған санын іздеуі мен іріктеуі (10-15 сілтеме) және әрбір ақпараттық сайттар бойынша сұрақтар құрастыру. Нәтижесінде, студенттер логикалық қорытынды талап ететін және тақырыпты кеңінен түсінуге бағытталған негізгі сұрақты қалыптастырулары тиіс. Аталған тапсырма тақырып бойынша ақиқат білімдерді қалыптастыруға мақсатталған және ақиқат фактілерге бағдарланған. Оны ағылшын тілін меңгертудің барлық деңгейлері үшін ұсынуға болады.

4. Мәселенің қойылу үлгісі (Subject sampler). Студенттерге оқуға, қарауға және т.б. үшін ұсынылатын электрондық қорлардың іріктелген сілтемелерінің тізімі. Нәтижесінде, студенттер оқығандарынан, өмірлік тәжірибелерінен өзіндік көзқарастарын білдіре алуы тиіс. Бұл тапсырма студенттердің қандай да бір сұрақты немесе мәселені субъективтік бағалауына бағдарланған, мұны орта және жоғары деңгейдегі студенттерге ұсынған қолайлы.

Интернетте жарияланған ақпараттың білім беру үдерісіне ықпалды кірігуі айтарлықтай дәрежеде оқытушының, олардың сапасын бағалау критерийлерін пайдаланып, әлеуетті электрондық қорларды барабар бағалау біліктілігіне тәуелді екендігін ескеру қажет. Бағалау критерийлері іріктелген ақпаратты ауденттілік материал сапасында табысты пайдалануға дайындауға мүмкіндік береді.

Осылайша, интернет желісінде ақпаратты іздеу, талдау, түрлендіру бойынша студенттер өзіндік іс-әрекеттерді, оларға ақпаратты жинау, бағалау, жалпылау және практикада қолдануға мүмкіндік береді [8].

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде «мобилді оқыту» түсінігінің түрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Әрі олар шартты түрде екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағы анықтамалар оқыту ортасының технологиялық жағына ғана назар аударады. Олар алдымен кейбір нормативтік құжаттарда, сондай-ақ мобилді құрылғылар мен бағдарламалық қаптамаларды өндіруші компаниялардың жарнамалық және ақпараттық анықтамалық қорларында беріледі. Екінші топтағы анықтамалар ажырамас екі құраушы түсінікке басымдық береді: а) білім беру мақсатында пайдалануға болатын мобилді орталардың технологиялық қасиеттерінің көрініс табуы және б) мобилді құрылғылардың дидактикалық қасиеттері мен әдістемелік мүмкіндіктерінің көрініс табуы.

Бұл анықтамалар психология мен педагогика ғылымдар саласындағы зерттеушілер тарапынан ұсынылған.

Болашақ техника саласы мамандарының ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын, көшбасшылық сапаларын ағылшын тілін меңгертуде қалыптастыруда пайдалануға қолайлы келетін бірқатар анықтамаларды тереңірек қарастырып, өзіндік тұжырым жасаймыз.

С.В.Титова [9] мобилді оқытуды «кез-келген портативтік мобилді құрылғыда WAP немесе GPRS технологияларын пайдаланып, интернет желісіне шығу, материалдарды табу немесе алу, форумда сұрақтарға жауап беру, тест алу және т.б.». Осыған ұқсас оқыту үдерісінің педагогикалық жағына назар аудару шетелдік авторлар және бағдарламалық қаптама құрушылар анықтамаларында да байқалады. С. Векслер, Б. Шленкер және т.б. мобилді оқыту аясында білімгерлерге оқу материалын ықпалды меңгеруге, ақпаратты құруға және іріктеуге мүмкіндік беретін ықшам әрі портативтік құрылғыларды пайдалану түсініледі (*Wexler S., Schlenker B.,* Brown J., Metcalf D., Quinn C., Thor E.,Van Barneveld A., Wagner, E., 2007). Мобилді оқыту - бұл «ұдайы ықшам портативтік мобилді құрылғылар ортасымен іске асырылатын және білімгерлерге тілдік қатынас құруға, ақпаратты құруға және алуға мүмкіндік беретін іс-әрекет» (eLearning Guild, 2012). Мобилді оқыту – бұл «оқыту мен оқып үйрену үдерістерін қолдау, оңтайландыру және кеңейту үшін үнемі қолжетімді технологияны, ыңғайлы портативтік мобилді құрылғыларды пайдалану» (Mobile Learning Network, 2012).

Мобильді оқытудың ерекшеліктерінің бірі білім алушылар өздері меңгерген, өзімен бірге ұдайы алып жүру мен кез-келген уақытта қолдана алатын мүмкіндігі бар, пайдаланылуы оңай әрі бағасы қымбат емес құрылғыны қолдануы болып табылады.

Қазіргі кезде мобильді құрылғылар сандық болып табылады. Әрі олар көптеген мәселелерді шешуге қабілетті: коммуникация,бейне және аудио жазбалар жасау және сақтау, тарату, тасымалдау және т.б. Мобильді оқыту – бұл өзіне кез-келген уақытта және кез-келген жерде білім беру үшін мобильді құрылғыны қолдануды өзіне біріктіретін білім беру. Мобильді оқытуды пайдаланудың кейбір элементтері санаулы жоғары оқу орындарында ғана іске асуда.

Білім беру үдерісінде болашақ аударма ісі мамандарының ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын ағылшын тілі арқылы қалыптастыруда берілетін білімнің ғылымилығы жүзеге асырылады (негізгі элементтері: анимациялық контент, бейнеконтент, eStream (ағындық бейне), TYPO-графика, 3D-графика) [10].

Болашақ аударма ісі маманының ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын ағылшын тілін меңгертуде қалыптастыруда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері туралы баяндалады.

Интерактивті технологияларды пайдалану

Болашақ аударма ісі мамандарына ағылшын тілін меңгерту арқылы ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастыруда интерактивтік тақта мүмкіндіктерін пайдаланудың жолдары.


Болашақ аударма ісі мамандарының ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын ағылшын тілін меңгертуде олардың көшбасшылық сапаларымен сабақтастыра қалыпастыруда оқытудың интерактивтік формаларын пайдалану тиімді.

Интерактивтік оқыту топта жұмыс істеу біліктерін дамытуға, қатысушылар арасында коммуникациялық және эмоционалдық байланыстар орнатуға ықпал етеді. Интерактивтік оқытудың осы ерекшеліктері жоғары мотивацияны және білімнің, шығармашылықтың төзімділігін, белсенді өмірлік позицияда толеранттылықты, жеке тұлғалық құндылықты, пікір білдірудің еркіндігін, өзіндік пікір еркіндігін, іс-әрекетке, өзара құрмет пен жариялылыққа басымдық беруді қамтамасыз етеді [11].

Интерактивтік оқытуда білім берудің дәстүрлі формаларымен салыстырғанда оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттестігі өзгеріске ұшырайды: оқытушының белсенділігі білімгердің белсенділігіне ауысып, оқытушы міндеті білімгерлердің бастамашылдылығын іске асыруға жағдай жасау. Оқытушы өзінен оқу ақпаратын өткізуші «сүзгі» рөлінен бас тартып, білімгерге көмекші, ақпарат көзі функциясын атқарады. Интерактивтік оқыту өзара түсіністікті, өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді.


Интерактивтік тақта пайдаланып, өтілген сабақта «Мәтінді қалпына келтіру» тапсырмасын орындау, мысалы (сурет 2):

Оқуға үйретуде «Сәйкестікті орнату», «Мәтінді қалпына келтіру», «Бос орынды мәтін», «Қажетті ақпаратты ерекшелеу» тәсілдері қолданылуы мүмкін.



Сурет 2. «Мәтінді қалпына келтіру» тапсырмасын орындау


Сөйлеуге оқытудағы коммуникативтік құндылыққа «Аяқталмаған сөйлем», «Сұхбатта реплика жасау», «Сәйкестікті орнату» тапсырмалары ие. Мұндай тапсырмаларды құруда интернет желісінен флеш-анимацияларды, дайын сұлбаларды алып, тақырыптық оқу материалын толықтыруға болады (сурет 3).



Сурет 3. «Сөйлемді аяқтау» тапсырмасының мысалы

Ағылшын тілін меңгеруде интерактивтік тақта сабақтың түрлі кезеңдерінде және оқытудағы әртүрлі сөйлеу іс-әрекетінде: фонетикалық және сөйлеу жаттығуларында, грамматикалық материалды белсендіруде, дұрыс жазуға оқытуда, ағылшын тіліндегі материалды тыңдап, түсінуде қолдануға болады.

Лексикалық материалдарды ұсынуда интерактивтік тақтаның «Топқа бөлу», «Сәйкестендіру», «Артығын алып тастау», «Бос орынды толтыру» сияқты тәсілдерді қолдану пайдалы (сурет 4).



Сурет 4. «Сәйкестендіру» тапсырмасын орындау

Аталған тапсырмаларды жасауда бірдей объектілер санын ұлғайтуға мүмкіндік беретін клондау (клонирование) функциясын қолдану ыңғайлы. Олардың материалдарында коммуникативтік біліктерді дамытуға, яғни, жаңа лексикалық бірліктерді ендіруге ғана емес, сұрақ қоюға үйретуге, пікір құрастыруға, сөйлеу жағдайын тудыруға мүмкіндік бар.

Тіл тасымалдаушылар жасаған аудио жазбалар, оңтайлы интерфейс, ойын формасы білімгерлердің қызығушылықтарын арттырып, оқытуда анықталған нәтижелерге жетуге, ағылшын

тіліндегі сөйлеуді түсініп, қабылдауды іске асыра алады. Аудио және бейне материалдармен жұмыс жасауға арналған бағдаралмалық қабықшаларды талдай келе, «Notebook» бағдарламалық қабықшасында тыңдаудың және көрудің үзілмейтіндігін ескеру қажет.

Интернет технологияларын оқыту үдерісіне кіріктірудің аудиториядан тыс нұсқасы келесі міндеттерді іске асыруға мүмкіндік береді:

- іс-әрекет үшін уақыт пен ақпараттық кеңістікте еркіндік беріп, студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеру;
- студенттердің компьютерді меңгеру деңгейлері мен интернетте жұмыс істей алу дағдыларын ескеру арқылы берілген тапсырмалардың техникалық күрделілігін азайту;
- аз шығындар мен ағылшын тілін оқытудағы оқу үдерісінің негізгі тұғырларын ескеріп, оқытудың интернет технологиясын пайдалану формаларын оңтайлы кіріктіру;
- студент өзінің жеке уақытын ұйымдастыра білуі, тапсырманы орындау үшін қай ақпараттың пайдалы мүмкіндігін шешуі, өз көзқарасын қандай формада ұсынуды шешуі тиіс болғандықтан, студентті өз біліміне жауапты болуға үйрету.

Осы орайда, болашақ техника саласы мамандарына ағылшын тілін меңгерту арқылы ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру мақсатында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру барысында келесі сайттарда мазмұндалған ақпараттық қорлар кеңінен қолданылды:

- грамматиканы меңгертуге арналған сайттар (englishgrammar101. com/ englishexercises.org, English-test.net, Tolearnenglish.com, Grammar-quizzes.com, English grammarsecrets.com, Autoenglish.org, Englisch-hilfen.de, http://english on-line.ru/ және т.б.);
- сөздік қорды толықтыруға арналған сайттар (oxforddictionaries.com, ldoceonline.com, dictionary.cambridge.org, thefreedictionary.com., Languageguide.org, Learnenglish.de, http://www.laem.ru/node/18 және т.б.);
- дұрыс сөйлеуді қалыптастыруға арналған сайттар (learners-dictionary.com., dictionary.cambridge.org және т.б.);

Тыңдап түсінуді қалыптастыруға арналған сайттар (http://esl-lab.com, http://www.eslpod.com, http://effortlessenglish.com, http://www.youtube.com және т.б.).

Интернет желісінің коммуникациялық мүмкіндіктерін пайдалану.

Чат-топ, чат-бөлме(chat group/ chat room) – Интернеттегі нақты орында өзара қызығушылықтары ортақ адамдар тобының жиналуы.

Чаттар білімгерлердің пәнді белсенді меңгеру мотивациясын жоғарылатуға ықпал етеді. Себебі, чатта қатынас құру қызықты, екіншіден болашақ мамандарға ағылшын тілін меңгерту мақсатында оқытудың құралы рөлін атқара алады. Американдық және еуропалық Интернетте тілді тасымалдаушыларға арналған тегін чаттар жұмыс жасайды (мысалы, MSN Chat <http://chat.msn.com>; ESL Cafe Дейв Сперлинг чаты <http://www.eslcafe.com/chat/>; Bravenet чаты <http:// www.bravenet.com/>; Beeseen чаты < http://www.beeseen.com/ chat/index.html>; CGI SPY чаты <http://www.cgispy.com/>; Delphi Forums <http://forums.delphiforums.com/dir-app/chat/>; Бұлардың барлығы білімгерлердің сөйлеу дағдыларын жетілдіруде пайдаланылды.

Ағылшын тілін коммуникативтік тұрғыда тиімді меңгеру үшін оқу құралында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, оқу материалы түсінікті және қолжетімді, қолайлы етіп құрастырылды.

Ағылшын тілін бірлесіп оқытуда мынадай амал-тәсілдерді қолдануға болады: Біріншіден, жеке сөздермен сөз тіркестерін тексеруге бағытталған жұп жұмысы. Екіншіден, жаңа мәтінмен бірлесіп жұмыс істеу. Бір білімгер мәтінді оқумен айналысады, ал екінші білімгер жаңа сөзбен сөз тіркестерін тақтаға жазады. Үшіншіден, жаңа мәтіннің оқылуымен аударылуын, қасында отырған алдын-ала аудармасымен таныс болған білімгер арқылы қадағалау. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын менгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Белл Д. Социальные рамки информационного общества. – М.: Экономика, 2004. – 308-311 с.

2. Хайдеггер М. Бытие и время / пер. с нем. В. В. Бибихина. - М.: Ad Marginem, 1997.; Переизд.: СПб.: Наука, 2002; М.: Академический проект, 2010.

3. Колин К., Черняков М.В., Петрушин А.П. Основы информационных технологий: учебник для вузов.–М.: Академкнига, 2007.

4. Керимбаева Б.Т., Кая К. To the question of the using of information computer technologies in learning English language// The Education and science journal. 2016. № 10 (139) Education and science.

5.Егоров Е. Инновационное развитие сферы услуг: учебное пособие / под ред. проф. Егорова Е.В., Т.Б. Беляевой. -М.: Экономический факультет МУ имени М.В.Ломоносова, 2010.-379 с.

6. "Ақпаратты Қазақстан - 2020" мемлекеттік бағдарламасы және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығы http://adilet.zan.kz/kaz/docs

7. Завьялов А.Н. Формирование информационной компетентности студентов в области компьютерных технологий (на примере среднего профессионального образования): автореф. ...канд. пед. наук. – Тюмень, 2005. -17 с.

8. Беркимбаев К.М., Ризаходжаева Г.А., Рахимова Д.А., Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, ҚазҰПУ Хабаршы, «Педагогика ғылымдары» сериясы №2 (50), Алматы 2016.

9. Титова С.В. Дидактические проблемы интеграции мобильных приложений в учебный процесс// Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки, издательство, том 21, № 7-8, с. 7-15

10. B.T.Kerimbaeva, I.U.Bekbulatova, A.K.Rysbekova, P.K.Iskakova, I.S.Musatayeva The formation of professional competence of a future teacher professional training by means of information technology// The social sciences 11 (Special Issue 4): 6720-6725, 2016. ISSN: 1818-5800. Medwell Journals, 2016.

11. Антони М.А. Интерактивные методы обучения как потенциал личностного развития студентов // Психология обучения. - 2010. - N 12. - С. 53-63.

REFERENCES:

1. Bell D. Sotsialniye ramki informatsionnogo obshestva. – M.: Ekonomika, 2004.–308-311 s.

2. Haydegger M. Bytiyei vremya / per. s nem. V. V. Bibihana. - M.: Ad Marginem, 1997.; Pereizd.: SPb.: Nauka, 2002; M.: Akademicheskiy proekt, 2010.

3. Kolin K., Chernyakov M.V., Petrushin A.P. Osnovy informatsionnyh tehnologiy: uchebnik dlya vuzov.– M.: Akadem kniga, 2007

4. Kerimbayeva B.T., Kaya K. To the question of the using of information computer technologies in learning English language// The Education and science journal. 2016. № 10 (139) Education and science.

5. Egorov E. Innovatsionnoe razvitiye sfery uslug: uchebnoe posobiye / pod red. prof. Egorova E.V., T.B.Belyaevoy. – M.: Ekonomicheskiy fakultet MU imeni M.V. LOmonosova, 2010. – 379 s.

6. "Akhparatty Khazakhstan - 2020" memlekettik bagdarlamasy zhane "Memlekettik bagdarlmalar tizbesin bekitu turaly" Khazakhstan Respublikasy Presidentinin 2010 zhylgy 19 nauryzbagy № 957 Zharlygyna tolyktyru engizu turaly. Khazakhstan Respublikasy Presidentinin 2013 zhylgy 8 khantardagy № 464 Zharlygy http://adilet.zan.kz/kaz/docs

7. Zavyalov A.N. Formirovaniye informatsionnoy kompetentnosti studentov v oblasti kompyuternyh tehnologiy (na primere srednego professionalnogo obrazovaniya): avtoref. ...kand. ped. nauk. – Tyumen, 2005. -17 s.

8. Berkimbayev K.M., Rizahodzhayeva G.A., Rahimova D.A., Bolashak mamandardyn kasibi kuzyrettiligin kalyptastyru zholdary, KazUPU Habarshy, «Pedagogika gylymdary» seriyasy №2 (50), Almaty 2016.

9. Titova S.V. Ddakticheskiye problemy integratsii mobilnih prilozheniy v uchebniy protsess // Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarniye nauki, izdatelstvo, tom 21, № 7-8, s. 7-15

10. B.T.Kerimbaeva, I.U.Bekbulatova, A.K.Rysbekova, P.K.Iskakova, I.S.Musatayeva The formation of professional competence of a future teacher professional training by means of information technology// The social sciences 11 (Special Issue 4): 6720-6725, 2016. ISSN: 1818-5800. Medwell Journals, 2016.

11. Antoni M.A. Interaktivniye metody obucheniya kak potentsial lichnostnogo razvitiya studentov // Psihologiya obucheniya. - 2010. - N 12. - S. 53-63.

ӘОЖ 37.035.6:512.1

Дүйсенбаев А.Қ.,
п.ғ.к.,
Білім берудің жоғары мектебінің деканы
Баишев университеті
adk7575@mail.ru

Комарова Д.Т.
магистр,
педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы
Баишев университеті
kdt2009@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРҒА ЭТНОМДЕНИ БІЛІМ БЕРУ

Аңдатпа. Мақала мазмұнында қазақ халқының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны жан-жақты сипаттама беріледі. Сонымен қатар, қазақ халқының тағылымдық өнегелерінде ұрпақтарды тәрбиелеу қашан да ата салтын құрметтеуді, өткенді бағалауды, дәстүршілдікті негізге алуды қамтиды.

Кілт сөздер: қазақ халқының тағылымы, этномәдени білім беру, салт-дәстүр, тәрбиелік қағидалар, ұлттық рух.

Аннотация. В статье дается всестороннее описание значения и содержания этнокультурного воспитания молодежи на основе назидательных наследий казахского народа. Вместе с тем воспитание молодежи по назидательным наследиям казахского народа означает уважение к национальным традициям, ценить прошлое народа и основываться на традиционизм.

Ключевые слова: традиции казахского народа, этнокультурное образование, обычай, обряд, воспитательные концепции, национальный дух.

Annotation. The article provides a comprehensive description of the meaning and content of ethnocultural education of youth on the basis of the edifying legacies of the Kazakh people. At the same time, educating young people on the edifying legacies of the Kazakh people means respect for national traditions, to appreciate the past of the people and to be based on traditionalism.

Keywords: traditions of the Kazakh people, ethnocultural education, custom, rite, educational concepts, national spirit.

Қазақ халқының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны – елдің болашақ мәдени дамуында салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптың басты роль атқаратындығын тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, әрі әсерлі сипат алатындығын көрегенділікпен тани біліп, ата салтын сақтау мен жүйелеуге мән берген. Себебі ата салты халық санасындағы сан ғасырлар бойы қалыптасқан тәлімдік тәжірибелер, сана түкпірінен тамыр тартатын қалыптасып қалған ішкі дүниеден хабар беретін жадындағы мәліметтер. Оларды сақтаудың және орындаудың қатаң далалық заңдылықтарын ұсынған, ұмытпау мен ескеріп отырудың дағдыларын жандандырған. Үйретушілік пен өнегелік құндылықтарының берері мол сарқылмас қорларын пайдалана білген, әуел бастан-ақ бәрінің жауабы дайын мәліметтердің кеңдігімен сипатталады. Осындай халқымыздың дәстүршілдік қағидалары бойынша өмір сүрудің қағидалары отбасынан бастау алады. Оны біз: «Өнегелік құндылықтар жүйесімен қатар адамда қоғамға және отбасына деген көзқарастар жүйесі қалыптасады» деген деректермен нақтылай түсеміз [Дүйсенбаев А.Қ., 2017, 179-б.].

Демек, халық тәжірибесінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің бүгінгі күнгі тәрбие үрдісінде қолдану уақыт талабына сай туындаған деп айта аламыз. Сондай-ақ қазақ халқының салт-дәстүріндегі отансүйгіштік тәрбие идеяларында бауырмалдық қағидамен сәйкестенгендігін түсінуге болады. Оны біз шартты түрде кездесетін салт-дәстүрлерді бірнеше бағытта қарастырғанды жөн деп білеміз. Яғни діни салт-дәстүрлер: ораза айт, құрбан айт мейрамдары мен діни жоралғыларды айтамыз. Қазақ халқының тағылымдық құралдарын пайдаланбай, ұлттық рухтағы бауырмалдық сана-сезімі жетілген тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес. Халықтар арасындағы ізгілік қатынастарды орнату және тәлімдік тәжірибесі мен дәстүрлерін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнына жаңаша көзқарастар енгізу ерекше мәнге ие. Мұндай

тағылымдық құралдар жеке тұлғаны туған жерге сүйіспеншілікке, үлкендерді сыйлауға, салт-дәстүрлерді сыйлауға, ізгілік қатынасты орнатуға және ұлттық рухта тәрбиелеуге негіз болады. Сондықтан тұтас қамтылған, түбірлестіктегі руханилықтан өз кезеңіндегі адам болмысы мен өзі қалыптастыратын болмысына аса мән берілген тұстарда ұлттық тәрбие дәстүрлерінің кешенді және өзара байланысты қырларын ашу үшін сол дәуірдің жалпы тарихи-мәдени құндылықтарына зерделі көңіл бөлу қажет. Көне дәуірлер тынысына қайта оралып, сол кезеңдердегі рухани кеңістік аймағына шолу жасау, байырғы дүние әлемін шарлау мен төл мұрағаттарымызды қайта таразылауда біз өткеннен бүгінге құйылып жатқан үйлесімділік қырларын, парасаттылық ой иірімдерін, байсалды дүниеге көзқарас ерекшеліктерін бағамдай аламыз, өткеннің жаңғырығының жарқын идеяларымен кездесеміз. Себебі халқымыздың тағылымдық мұрасы арнайы ғылыми зерттеуге тұрарлықтай, мазмұны көлемді, мағынасы жайылымды тарихи сабақтастықтағы руханилықтың мәнді баспалдақтарының бірі. Міне, бабаларымыздың ұлттық тәрбие идеяларының ғибраттық ой-пікірлерін бүгінгі жас буын мен өскелең ұрпаққа паш етудің өзі объективті қажеттіліктер шартынан туындап отыр.

Қазақ халқының көшпенділік өмірі тек жаугершілікпен ғана өткен жоқ, оның өзіндік тағылымдық қағидалары болатын. Заманауи құндылықтар тұрғысынан бағамдап, салт-дәстүрлердің сақтап отырған. Тәрбие қағидалары белгілі бір мәдени-әлеуметтік құндылық ретінде бағамдалған. Ол әрбір қазақ ұланының салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың басты роль атқаратындығын, тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, өмірлік ұстанымы мен парызы ретінде өмір мәнділік сипатқа ие болған. Қазақ халқында ислам дінінің талаптарын орындап, нәпсісін тыюды уәжіп ететін рухани тазару айы – отыз күн Рамазаннан кейін бүкіл халық болып мейрамдайды. Әдеттегідей оразаның соңы Ораза айтқа ұласып, межелі отыз күн бітіп, жаңа айдың басталғандығынан хабардар етеді. Ораза айттың мерекелену рәсімі туралы айтар болсақ: «Ұрып бойынша отыз күн оразадан кейін діни мейрам ораза айт болады. Ораза айттың алғашқы күні таңертең оқылатын айт намазын жамағат мешітке жиналып немесе далада таза, тегіс жерде оқылады. Ораза айттың алғашқы күні ата-бабалар аруағына арнап Құран оқыту, жеті шелпек пісіріп тарату мұсылмандар үшін сауап болып табылады. Айт мейрамында үлкендер де, бала-шаға да жақсы киініп, әр үйге кіріп, «Айттарың қабыл болсын!» - деп тілек білдіріп, айтқа дайындалған астан ауыз тиіп, Құран оқиды» [Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ., 2005, 141-б.].

Ислам дініндегі ең айрықша мерекелердің бірі – Ораза айттан кейін жетпіс күннен соң келетін Құрбан айты болып табылады. Адамдар осы күні бір-біріне мейіріммен қарап, ықыластана тілек тілеп, қол алысып жатады. Құрбан айт – мұсылмандардың ең үлкен және қасиетті мейрамы. Құрбандық шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені малды ғибадат үшін соятыны секілді, тек қана еті үшін де союға болады. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен, жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат. Құрбан айт мұсылмандық күнтізбесі бойынша зу-л-хиджаның 10-шы жұлдызында басталады. Құрбан – араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істері арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу.

Құрбан айттың бірінші күні – мұсылмандар үшін ең маңызды күн. Мешіттерде бұл күні айт намазы оқылады, қасиетті мейрам Құрбан айтының бірлік пен бейбітшілік, ынтымақ пен ырыс бастауы болып саналуының бір сыры, бұл күні жер жүзіндегі бүкіл мұсылман қауымы оны бір мезгілде атап өтіп, бір мезгілде Айт намазын оқиды. Құрбан айт дастарханы шақырылған, шақырылмаған қонақтарға жаюлы болып, араздасқан ағайын ренішін ұмытады. Айт күндері адамдар таза киініп, әдепті сөз сөйлеуі керек. Құрбан айтта әр мұсылман бірін бірі құттықтап, тілек айтады, қатесі болса кешірім жасайды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 30 желтоқсанда қол қойған «Еңбек туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Құрбан айттың бірінші күнінде барша қазақстандықтар демалады. Жер бетіндегі барлық мұсылман қауымы үшін ең қасиетті саналатын екі ұлық мереке - Ораза айт пен Құрбан айт мейрамдары айрықша қуанышпен, ерекше ілтипатпен атап өтіледі. Айт араб тілінде «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Қазақстанда Құрбан айт – мемлекеттік мереке. Құрбан шалу мейрамы сан ғасырлар бұрынғы оқиғалармен байланысты және осы күні адамдар достық, тыныштық және келісім туралы дұға қылады. Қажылық парызы өтелгеннен кейін мұсылмандар үш күнге созылатын Құрбан айт мерекесін тойлайды. Қазақстанда Құрбан айттың бірінші күні – демалыс күні.

Тарихи құжаттардан беріліп отырған деректер: 1926 жылға дейін Ораза айт 3 күн, Құрбан айт 3 күн, Наурыз 1 күн ресми мереке ретінде тойланып келген. Оған негіз 1921 жылғы 5 наурызда Орынбор қаласында өткен Қазақ Автономиялы Республикасы Орталық атқару комитеті

Төралқасының «Мұсылмандар мерекесі» туралы қабылдаған шешімі. Оған С. Меңдешев төрағалық жасаса, алаш арыстары А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхановтар Төралқа мәжілісіне қатысқан болатын. Енді міне, 1926 жылдан бері күштеп тоқтатылған мұсылмандар мерекесіне ресми мәртебе беріліп, тарихи әділеттілік қайта орнықты. Құрбан айт ресми мерекелік демалыс ретінде аталатын болды.

Әлемдік деңгейде мәртебеге ие Наурыз мейрамы – түркі халықтарының жаңа жыл мерекесі. Наурыз түркі халықтарының ықылым замандардан бері мейрамдалатын ұлы мерекесі. Ертедегі шығыс астрономы Қожа Әли Термизидің (985-932) «Наурызнама» атты трактатында: «наурыз сәрсенбі күні кірсе қымбатшылық, көптеген қиындықтар болуы мүмкін жұма, сенбі күндері келсе де осындай жағдайлар болады. Ал дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жексенбі күндері сәтті болады», - дейді [Қожа Әли Термизи, 1996, 8-б.].

Ал қазақ шежірелерінде Наурыз, Алаш бірге туған адамдар туралы:

«Қазақтан – Наурыз, Алаш екі ұл туған,
Наурыздың деп айтады үлкен жасын.
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,
Келер жыл көктемде оның беріпті асын.
Қазақтың ұрпақтары сонан бері,
«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын», - деп келтіреді [Дүйсенбаев А.Қ., 2015, 94-95-бб.].

Демек, көшпенді қазақ қоғамында ауызша тарих-шежіре деректерінде тура мағлұматқа негізделген деп айтуға болады. Сондықтан қазақ халқында ас беріледі, спорттық ойындар ойналады. Біздің халқымызда Наурызды – Ұлыстың Ұлы күні деп те атайды. Қазақ ойшылы Шәкәрім: «Наурыз - парсы тілінен қазақшаға аударғанда жаңа күн деген мағынан береді. Негізінен көшпелі түркі халықтарынан парсыларға ауысқан болуы керек. Түркілерде ұлыс күнін наурыз дейді. Жыл басының ұлыс екенінің дәлелі мынада: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы молшылық болады, Ұлы кісіден бата алса, сәттілік болар деген сөз бар», - деп ырымдайтын болған [Шәкәрім., 1993, 13-14 бб.].

Наурыз мерекесінде көшпенділерге тән дәстүрлердің бірі – көрісу, ренжіскен адамдармен татуласу т.б. халықтық мәнге ие ізгілік, бірлік іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Батыс Қазақстанда 14-15 наурызда халық бір-бірімен көрісіп, дос-жарандарына қонаққа барып, үлкендерге сәлем береді. Мұндай дәстүрлер татар, башқұрт, ноғай халықтардында да кездеседі. Яғни татар халқында: «Кайчандар дөньяның бик күп илләрендә таралган Наүрүз бәйрәме традиция булганнар. Күни өлкән буынга яшлар сәлам бирадиләр һәм шу куни ил арсыда уйын, такмаклар айтылып, табигат билен ишләнген аш бирләди. Безнең көннәргә кадәр житкән:

Наүрүз әйтә киләбез,
Хәер-дога кылабыз,
Аш-сый көтеп торабыз,
Наүрүз мөбәрәкбад», - деп сипаттама беріледі [Жамалетдинов Л., 1986, 57-б.].

Наурыз күні Қыдыр ата аралайды деген түсінік бар. Сол күні таңертең ертемен ер адамдар қолдарына күрек алып, қора-қопсыны тазартып, тал егетін болса, әйелдер үй ішін тазартып, әртүрлі тағамдар әзірлейді. Қыдыр ата таза, берекетті үйге келеді дейді. Сондықтан қазақта үлгілі шаңырақты «Қыдыр қонған» берекетті отбасы деп атайтын болған. Қазақстанда «Наурыз мерекесін тойлау басқа да Кеңес үкіметі тұсындағы мемлекеттер сияқты 1926 жылдан кейін тоқтатылған» деген деректі келтіруге болады [Әжіғали С., 2005, 21-б.].

Себебі ол діни мейрам ретінде Кеңес үкіметі құрамындағы түркі мемлекеттерінде тыйым салынды. 1988 жылдары еліміздің әр облыстарында стихиялы түрде аталып өте бастаған. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана арнайы мереке ретінде күнтізбеден орын берілді. Біздің пікірімізше, 1 қаңтарда атап өтілетін Жаңа жыл меркесінің болашақта Наурыз мейрамымен ауыстырылғаны жөн болар еді. Себебі өз халқымыздың салт-дәстүрлеріне байланысты Жаңа жылдың тағылымдық, тәрбиелік орны бөлек деп білеміз. Осындай игі шаралардың қатарында орны бөлек сабантой түркі халықтарының көшпенділіктен отырықшыландырылып, егіншілікпен айналысуына байлыныcты келіп шыққан мереке ретінде танылған. Дегенмен аталған мерекені татар, башқұрт, ноғай халықтарында күзде егін-жиын біткен соң арнайы мейрамдайды. зерттеуші А.У. Тоқтабай өзінің ғылыми еңбегінде: «Сабантой – күзгі егін жинау біткен кезде мейрамдалады. Той кезінде күрес, ат жарыс, арқан тарту т.б. спорттық ойын түрлері қолданылады. Сондай-ақ мереке кезінде дәмді тағамдар әзірленіп, бүкіл халық болып мейрамдайды», - деп келтіреді [Тоқтабай А.У., 2002, 36-б.].

Ал Ш. Нағымұлы «Мәдениеттану» оқулығында: «Татар халқында жер жырту, дән себу кезіндегі мерекені «Сабантой» деп атайды. Мұны тек қана татар ұлты емес, Татарстандағы барлық ұлт өкілдері: орыстар, шуваштар, марийлер, башқұрттар мейрамдайды. Сондықтан Татарстанның ұлттық мерекесі ретінде атап өтіледі. Мерекенің қызықты кезеңдері күш сынасу, ептілікке арналған сайыстар болып табылады. Мысалы, қапты аяққа кип жүгіру, су толған шелекті бір тамшысын да төкпей алып жүгіру, ат жарысы, күрес т.б. спорттық ойындар көрсетіледі», - деп айтады [Нағымұлы Ш., 2007, 242-б.].

Сонымен қатар ас беру – көшпелі түркі халықтарының бәрінде де бар, ал қазақ халқында ерекше аталып өтетін болған. Ас беру дәстүрінің орындалуы дүниеден өткен адамдардың ұрпақтары ғана емес, бүкіл ру, тайпа болып атқаратын болған. Сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызы бар халықтық дәрежедегі «саяси форум» деп атауға болады. Сондай-ақ қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ас – қайтыс болған адамды еске түсріп, құрметтеу салты», - деп келтіреді [Жанұзақов Т., 2008, 60-б.].

Ас беру кезінде қазақ халқының салт-дәстүріне ерекше мән берілген. Мұнда қонақ күту, үй тігу, халықтың спорттық ойындары т.б.ерекше мән берілген. Тарихи дерек бойынша, «Қарқаралы өңірінде өткен Қорысбайдың асына 500 үй, Ұлытаудағы Ерден Сандыбайұлының асына 500 үй тігілген, XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Қуаңдария өңірінде өткізілген Кәрібайдың асына 200 үй, Талдықорған өңірінде Ақсу өзенінің бойында Тастөбеде өткізілген Сеңгірбайдың асына 300 үй тігіліп, оның 100 үйін туған-туысқандары, қалған 200 үйді руластары тіккен». Асқа сойылатын малдардың мөлшері жайлы көптеген тарихи деректер кездеседі. Кіші жүздегі атақты Сырым Датұлының асына 2500-дей қой, 200 жылқы, Кіші жүз шөмекей руында өткізілген Кәрібайдың асында 200 қой, 40 жылқы сойылған. Асқа аса көп мөлшерде ел жиылып, ас беруші елге, оның басшыларына үлкен сын болғандықтан, асты ешбір сөз келмейтіндей, өте жоғары ұйымдасқан түрде өткізуге асқа жиналғандардың талап-тілегін толық қанағаттандырып, ата-баба дәстүріне сай жол-жобасын сақтап, қонақтарға қалтқысыз қызмет етуге тырысқан.

Қорыта айтқанда, халықтың сан ғасырлар бойғы өмір сүру нәтижесінде дүниеге келіп, сұрыпталып шыққан халықтың этномәдени білім беру қағидалары қалыптастып, белгілі бір уақыттық-кеңістік өлшемде қоғамдық қатынастарды реттеп отырған, халықтың осындай рухани, дүниетанымдық салт-дәстүрлердің арасындағы ең бастысы «Ата салтын берік ұстауға» байланысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дүйсенбаев А.Қ. Отбасында жасөпірімдерге отансүйгіштік тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2017. – №2 (44). – 178-180 бб.
2. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 187 б.
3. Қожа Әли Термизи. Наурызнама // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 14 наурыз. – №12.
4. Дүйсенбаев А.Қ. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдары. Монография. – Алматы: «Отан», 2015. – 214 б.
5. Шәкәрім. Наурыз // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 18 наурыз. – №9.
6. Жамалетдинов Л. Көнкүреш әкиятләре. – Казан, 1986. – 92 б.
7. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары /Құрастырған С. Әжіғали. – Алматы: «Арыс», 2005. – 1-т. – 328 б. + 24 б. суретті жапсырма.
8. Тоқтабай А.У. Түркі халықтарының этнографиясы /Көмекші оқу құралы. – Алматы, 2002. – 70 б.
9. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану /Оқулық. – Астана: «Фолиант», 2007. – 312 б.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.

ҒТАМР 76.33.65:77.03.23

Есіркепов Ж.М.
қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы,
педагогика ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
E-mail: zhandos-1978@mail.ru

ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Жас спортшылардың тамақтануын көптеген маңызды компоненттер болып табылатын үдеріс ретінде түсінуге болады. Атап айтқанда: асқорытудың гигиеналық (экологиялық) қасиеттерінің физиологиялық және биохимиялық механизмдері; спорт түрлеріне, жаттығулар мен жарыстар кезеңдеріне, өсу мен дамуына байланысты түрлі қажеттіліктер мен тамақтану нормалары; психологиялық мінез-құлық реакциялары; этика және эстетика мәселелері; мәдени және ақпараттық орта және әлеуметтік-экономикалық жағдай. Бұл мақалада, арнайы тамақтануды, биологиялық белсенді қоспаларды тарату және пайдалану тек физиологиялық немесе биохимиялық аспектілермен емес, сондай-ақ қоршаған ортаны және азық-түлік нарығындағы әлеуметтік, экономикалық және ақпараттық өзгерістермен де байланыстыруға болатындығы қарастырылады.

Кілт сөздер: тамақтану, спортшылар, ағза, дәрумендер, денсаулық.

Аннотация. Питание молодых спортсменов можно понимать как процесс, в котором важны многие компоненты: физиологические и биохимические механизмы гигиенических (экологических) характеристик пищеварения; различные потребности и нормы питания в зависимости от видов спорта, этапов обучения и соревнований, роста и развития; психологические поведенческие реакции; вопросы этики и эстетики; культурная и информационная среда обитания и, наконец, социально-экономические условия. В этой статье рассмотриваетция распределение и применение специального питания, биологически активных добавок вызвано не только физиологическими или биохимическими аспектами, но и социальными, экономическими и информационными изменениями окружающей среды и рынка продуктов питания.

Ключевые слова: питания, спортсмены, организм, витамины, здоровье.

Summary. The nutrition of young athletes can be understood as the process where many components are important: the physiological and biochemical mechanisms of food digestion hygienic and sanitary (ecological) specifications; varying needs and norms of nutrition depending on kinds of sports, stages of training and competitions, growth and development; psychological behavioral reactions; questions of ethics and an aesthetics; a cultural and information inhabitancy and, at last, social economic conditions.

The distribution and application of special nutrition, biologically active additives is caused not only physiological or biochemical aspects but also social, economic and information changes of environment and the market of food.

Keywords: nutrition, athletes, the body, vitamins, health.

Дені сау бала- барлық мемлекетте ел болашағының басты мәселесі. Өйткені, бүкіл әлеует (экономикалық, шығармашылық), әлеуметтік және экономикалық дамудың, өмірдің, ғылым мен мәдениеттің жоғары деңгейінің барлық перспективалары бала денсаулығының жоғарылауына және олардың физикалық және интеллектуалдық еңбекке қабілеттілігінің нәтижесі болып табылады [1].

Қазіргі таңда жас спортшылардың тамақтануын спорттық қалыпты сақтауға, денсаулықты нығайтуға, үздік нәтижеге жетуге бағытталған үдеріс ретінде тануға болады. Өйткені тамақтың ағзаға физиологиялық және биохимиялық сіңу механизмі; гигиеналық, санитарлық (экологиялық) мөлшерлемелер; жаттығулар және жарыстардың кезеңдері, дененің өсуі мен дамуы, психологиялық, мінез-құлық реакциялары; этика және эстетика мәселелері; мәдени және ақпараттық орта мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жас спортшылардың тамақтану нормаларына тікелей байланысты [2,3,4].

Адам өмір сүру барысында ағзаға қажетті тағамдық заттардың дұрыс мөлшерде түсуін қамтамасыз ету керек. Тамақтану тәртібінің бірінші ережесі – жүйелілік. Адам тәуіліктің белгілі бір мерзімінде тамақ ішуді дағдыға айналдыруы қежет, ол ағзаның тамақты қабылдау мен қорытуына шартты рефлексті дайындалуы үшін өте маңызды. Тамақтану тәртібінің екінші ережесі – оның тәуілік бойы бірнеше бөлікке бөлінуі. Жас спортшыларға төрт рет тамақтану оңтайлы деп есептеледі, оған таңғы ас, түскі ас, кешкі ас және ұйықтар алдында бір стакан айран ішу жатады.

Тамақтанған сайын тұтынылатын азық-түліктер ағзаға ақуыздар, майлар, көмірсулар, сондай-ақ дәрумендер мен минералды заттарды жеткізу жағынан үйлесімді болуы қажет. Дұрыс ұйымдастырылған тағам баланың қалыпты өсуі мен дамуы үшін өте маңызды. Себебі балалық шақта сүйек, бұлшықет, жүйке жүйесі қалыптасып, ішкі ағзалары дамып, ағзаның қорғаныс күші нығаяды.

Біз 2015-2018 жылдар арасында Қызылорда облысындағы жалпы білім береті нмектептердің спорт сыныптарындағы 15-17 жастағы оқушылардың тамақтану тәртібін зерттедік. Оны бағалау сауалнама арқылы және әртүрлі суреттері бар альбомның көмегімен жүргізілді.

Оқушылардың орташа тәуліктік энергия жоғалтуын хронометраж негізінде анықтадық [5].Зерттеу нәтижелері жас спортшылардың энергия шығындары спортпен шұғылданбайтын құрдастарына қарағанда біраз жоғары екенін көрсетті және тәулігіне жалпы энергия шығыны 34-38%-ды құрады. Бұл ретте жүйке-психикалық жүктememен жиі үйлесетін спорт түрлерінде энергия жұмсаудың қарқындылығы біркелкі еместігін ескеру керек, бұлкүніне орташа алғанда қыздарға 3056±78 ккал, ұлдарға 3763±86 ккал энергия қажеттігін анықтауға мүмкіндік берді.

Нақты тамақтануды бағалау бойынша орындалған зерттеу нәтижелері көрсеткендей, спорт сыныптарында шұғылданушылардың энергия тапшылығы ұлдарда 6% және қыздарда 18% көрсетті. Жасөспірімдердің ағзасында жалпы ақуыз мөлшері қанағаттанарлық деңгейде болды. Қыздарда 78% және ұлдарда 91%-ды көрсетті (кесте 1).

Ингредиент	Қыздар	Ұлдар
Энергия құндылығы, ккал	2422,1±87,2	3563,4±112,2
Ақуыздар, гр	78,6±7,2	118,5±11,0
Майлар, г.	96,1±7,8	145,2±17,0
Көмірсулар, г.	282,3±41,2	417,5±66,7

1-ші кесте. Спорт сыныптарындағы оқушылардың энергияны және негізгі тағамдық заттарды тұтынуы (M±m)

Жас спортшылардың нақты тамақтануының бұл талдаудағы ерекшеліктеріне жалпы көмірсулардың елеулі тапшылығын жатқызуға болады: қыздарда - 62%, ұлдарда - 79%.

Жас спортшылардың тамақтану құрылымындағы дәл осындай кемшіліктербес жыл бұрын спорттық бейіндегі мектеп-интернаттарда ұйымдастырылған тамақтануды талдау кезінде анықталған болатын. Жас спортшыларға ғана емес, сондай-ақ Қазақстан халқының басқа да кәсіби топтарына тамақ дайындау кезінде майдың артық пайдаланылатыны туралы көптеген жылдар бойы тамақтану мамандары айтып келеді [6]. Өкінішке орай, нақты өзгерістер жоқ. Егер осы контингенттің теңгерілген тамақтану (15/25/60%) формуласында қалай көрініс табатынын бақыласақ, онда, ақуыз, май және көмірсулар арасындағы бөлініс 14/40/46% құрайтынын, яғни майлардың саны көмірсулар санының азаюы есебінен ұлғаятынын көруге болады. Оқушылардың жекелеген дәрумендермен қамтамасыз етілуі қажетті мөлшердің А-64%; В1-74%; В2-58% құрады. Минералдық заттар арасында 1;2,5 ара қатынасында кальцийдің және фосфордың тапшылығы көрінеді. Қыздарда жануарларданалынатын ақуыз өнімдерінен жеңіл қортылатын темірдің елеулі тапшылығы байқалды. Азық-түлік жиынтығында сүт және қышқыл сүт өнімдерінің, көкөністер мен жеміс-жидек, жарма өнімдерінің тапшылығы, сондай-ақ қант және кондитерлік тағамдардың артық екені көрінеді.

Жүйелі түрде жеңіл қорытылатын көмірсуларды көп мөлшерде қабылдау ұйқы безінің бета-жасушаларының әлсіреуіне және қант диабетінің 2-ші типін дамытуға әкелуі мүмкін. Жас спортшылардың қарапайым көмірсуларды тұтынуы жоғары деңгейде екеніне ерекше мән беру қажет. Бірақ бұл біздің байқауымызша, қайтарымсыз қан ақуызының гликирленуіне әкеліп соққан жоқ. Жүйелі дене жүктемесіағзадағы ақуыздардың ферментсіз гликирлену үдерістерін бақылауға тікелей қатысы болуы мүмкін, бұл соңғы уақытта қант диабетінің дамуына әкеліп соғатын көмірсу алмасуы бұзылуының көрсеткіші ретінде қаралады.

Клиникалық-генеологиялық деректерді талдау нәтижелері бойынша алғаш рет жас спортшылардың 7,8%-ы қант диабетінің 2-ші типіне генетикалық бейім екені анықталды. Гликирленген гемоглобин деңгейі (HbA) -3,0-6,0 белгіленген мөлшерде болды. Дене жаттығуларымен шұғылданбайтындардың (салыстыру тобы) 11%-ы қант диабетіне бейім болды, ал олардың HbA деңгейі белгіленген мөлшерден 6,2±044% жоғары.

Қазіргі таңда жас спортшылардың арасынан қант диабетіне, семіздік, жүрек-қантамыр және басқа да тұқым қуалайтын ауруларға генетикалық бейімділігі бар адамдарға мониторинг жасау елімізде әлсізекенін айтып кету керек.

Денсаулықтың, тұқым қуалаушылық және жаттығу жүктемелері тәртібінің жеке көрсеткіштеріне қарай тамақтануды ұйымдастыру кезінде мұндай ақпарат өте қажет.

Мысалы, адам генінің түрлі физикалық жүктемелерге генетикалық бейімділігін анықтайтын жұмыс пайда болды. Ғалымдар адам генінің D-аллелін миокард инфарктісін туындататын фактор деп санайды [7,8,9]. Қан тамырлардың ұлғаюы, сол қарыншаның, қан құйылудың, сондай-ақ атеросклероздың жоғары қарқынмен дамуы жас спортшылардың дене жүктемесін қабылдау кезіндегі жоғары төзімділігіне байланысты екені анықталды. Жүрек бұлшық еттеріне қатты ауырлық түсетін спорттық жүктемелерге бейімделу кезінде спортшылардың тамақтану тәртібін естен шығаруға болмайтыны сияқты бұл фактілерді жас спортшыларды тәрбиелеу кезінде елемеу дұрыс емес.

Сыналушылардың саны,n	Спорттық біліктілік, разряд	Жасы, жылы	Бойы, см	Салмағы, кг
20	СШҮ, 1-ші разряд	16,1±6,3	198,9±6,3	82,7±5,4

2 кесте. Еріктілердің жалпы сипаттамасы (M±m)

Жоғарда көрсетілгендей, нақты тағамдарға сараптама жасау барысында жас спортшылардың тамақтану арқылы қауіпті жағдайларға ұшырау мүмкіндіктері байқалған. Бұл жағдайға мысал ретінде, ең алдымен қыздардың жыныстық ағзаларының даму мезгілінде білінетін темірдің жетіспеушілігін атауға болады. Сондықтан жыныстық жетілу кезінде ұлдарға қарағанда қыздардың ағзасының көп мөлшерде темірге қажеттілігі басым болады. Сонымен қатар, гимнастика және суға жүзу спорт түрлерімен айналысқан кезде етеккір циклінде ауытқушылықтар байқалып, тіпті қаназдыққа ұшыратуы мүмкін. Ағзада темірдің жетіспеушілігі үздіксіз спортпен айналысқан жасөспірім ер балалар арасында да кездесуі мүмкін. Бұл жағдайда жас спортшыларда қаназдық байқалып, жұмысқа қабілеттілігі азаяды.

Тамақтануда жіберілген қателіктерге сәйкес, қауіпті факторлар қатарына жататын тағамдар құрамындағы кальций, магний және фосфордың ағзаға түсу мөлшері өте төмен болады. Біздің зерттеу жұмысымызда ағзада ақуыздың алмасу көрсеткіштерінің де бірнеше нұсқалары берілген. Тәжірибелік зерттеу жұмысымызға спорт сыныптарындағы 20 спортшы-баскетболшылар қатысты. Спортшыларға жүйелі түрде 3 апта бойына кешкі жаттығудан кейін ақуызы мол тағамдар, спортшының жалпы күш-қуатын және бұлшық еттерінің күшін арттыруға арналған 20 грамнан коктейль түріндегі сусындар беріліп отырды. Нәтижесінде тәжірибеге қатысқан барлық спортшылардың денсаулықтары жақсарып және жұмысқақабілеттіліктері артқаны байқалды. Осыған байланысты жаттықтыру жұмыстары да жоспар бойынша үздіксіз орындалды.

3-4 кестеде тәулік бойы жиналған несеп құрамындағы несепнәр және креатиннің мөлшері берілген. Мөлшері бойынша орта (M+-m) көрсеткіштен ауытқу оңай байқалып тұр, сонымен қатар стандартты таңдалған өңдеу көрсеткіштерінен кейін де креатин жиынтығы көрсетілген.

Сынаққа қатысушылар саны	Несепнәр, ммоль/л		Креатин /ммоль/л	
	1	2	1	2
Тәжірибе тобы n=12)	392,6±31,4	343,5±42,0	4,6±1,4	8,8±1,1
	p> 0,05		p> 0,05 (t=2,35)	
Бақылау тобы (n=8)	395,1±35,0	373,9±46,0	4,1±1,8	4,7±10,6
	p> 0,05		p> 0,05	

3-кесте. Несеп құрамындағы несепнәр және креатиннің мөлшері

Сынаққа қатысушылар саны	Несепнәр, ммоль/л		Креатинн /ммоль/л	
	1	2	1	2
Тәжірибелі топ (n=12)	4,42±0,36	3,58±0,24	0,094±0,003	0,078±0,006
	p< 0,05 (t=1,95)		p< 0,05 (t=2,4)	

Бақылау тобы (n=8)	4,2±0,2	4,1±0,2	0,091±0,002	0,076±0,003
	p>0,05		p< 0,05 (t=2,4)	

4 -кесте. Қан құрамындағы несепнәр және креатин (M+-m).
1-жүктемеге дейін; 2-жүктемеден кейін.

Бұл бақылаудың басты мақсаты – біздің арнайы ұсынып отырған сызбамыз бойынша жаттығу кезінде арнайыақуызы мол тағамдарды пайдаланғандағы ағзада ақуыз алмасу үдерісін және жоғарыда аталған жалпы тамақтанудағы жіберілген кейбір қателіктерді көрсету. Біз қандағы несепнәр шамасының азаюын және оның жаттығу кезінде адам ағзасына ешқандай кедергі келтірмей өз қызметін атқаратындығына куә болдық.

Биологиялық белсенді қоспалар мен арнайы тағамдарды пайдалану және оны кеңінен тарату тағамның тек қана физиологиялық және биологиялық қасиеттеріне ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық және азық-түлік нарығындағы кейбір шарттарға сәйкес ақпараттандырылуына да байланысты екені белгілі.

Мысалы, қазіргі қоғамдық ортада тағам құрамын стереотипті қалыптастыру үшін жарнаманың маңызы зор. Соңғы жылдары арнайы балалар мен жасөспірім тағамдарына сай өндіріліп жатқан шетелдік және отандық өндірістердің тағамдарды(әсіресе тез дайындалып, жеңіл қорытылатын) жарнамалау көрсеткіші өсуде. Мысалы: балаларға арналған таңғы асқа жүгері үлпектері немесе түскі үзілісте жейтін шоколад батондар, жұмсақ жеміс йогурттары, газды сусындар, күні бойы жеуге арналған кепкен, қуырылған картоп, т.б. құрамында ағзаға қажетті кейбір заттардың (көмірсулардың) глексималық көрсеткіштері ұсынылған мөлшерден жоғары. Пайдаланар алдында қыздыруды талап ететін шоколадты жаңғақ кремі, соусты макарон өнімдері, пицца және т.б. көптеген тағамдарда жануарлар майы көп. Ағзағазиянды заттарды көп пайдалану тамақтану мәдениетінің төмендігіне байланысты. Сондықтан тамақтану саласындағы білімді анкеталық-сауалнама әдісімен балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде арнайы азық-түлік туралы ақпарат көздерін зерттеп, тамақтануды жақсартудың жолдарын тиімді жолдарын қарастырдық.

Анкеталық сауалнамаларға 12-18 жас аралығындағы 245 спортшылар қатысты. Зерттеуде спорттың велоспорт, жеңіл атлетика, жүзу, кикбокс, дзюдо, қазақ күресі, еркін күрес, үстел теннисі, үлкен теннис, спорттық ойын түрлері (футбол, баскетбол, гандбол, волейбол) түрлерімен айналысушылар қамтылды.

Сауалнама нәтижесі бойынша 92 спортшы бекітілген спорттық тағам түрлерін пайдаланатын болса, 153 спортшы пайдаланбайтыны анықталды.

Арнайы спорттық тағам туралы ақпарт көздерін өз тәжірибесінде пайдаланатынспортшылар топтары (% -бен):

1) Жаттықтырушылар - 32,1
2) Ата-аналар -22,8
3) Қатарластары -13,5
4) Спорттық дәрігерлер – 6,6
5) Арнаулы спорттық әдебиеттер – 10,4
6) Басқа ақпарат көздері (теледидар, жарнама) – 4,6.

Арнайы спорттық тағам туралы ақпарт көздерін өз тәжірибесінде пайдаланбайтын спортшылар топтары (% -бен):

1) Жаттықтырушылар -20,5
2) Ата-аналар -19,0
3) Қатарластары -21,0
4) Спорттық дәрігерлер – 11,2
5) Арнаулы спорттық кітаптар –9,5
6) Басқа ақпарат көздері (теледидар, жарнама) -9,8.

Нәтижеде респонденттердің негізгі бөлігі ата-аналар мен қатарластары ақпаратты арнайы кәсіби дерек көздерден алмайтындығы көрінді, бұл тамақтану және тағам туралы жалпы мәдениет пен білімділіктің төмендігін көрсетеді.

Жалпы бала кезінен берілген тәлім мықты болатыны белгілі.Сондықтан үйрету шараларын сәби кезден бастаған жөн. Мұндай іс шаралар ата-аналардың, мұғалімдер мен тәрбиешілердің, медицина қызметкерлерінің тікелей қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс. Бірақ отандық мектепке дейінгі спорттық білім беру мекемелерінің жоспарлары мен тұжырымдамаларында спортпен және

дене жаттығулары мен жүйелі шұғылданушыларға арналған (дұрыс тамақтану ағзаны дамыту құралы, спорттық жүктемелерге бейімделу және қайта қалыпқа келу туралы) жан-жақты талқыланған ұсыныстар мен ережелер жоқтың қасы. Болмаса олардың әлеуметтік-писхологиялық, гигиеналық, биологиялық, медициналық және т.б.аспектілері өте мардымсыз.

Тағам мен тамақтанудың өзекті мәселелері, спортшылардың ағзаларын дене қимылдарынан кейінгі қалыпты жағдайға үйретететін және өз дәрежесінде сақтау әдістері, сондай-ақ жалпы азмолекуллалы компоненттер жайлы теориялық ілімдер, т.б. талқылауды қажет ететін көкейтесті мәселелер қазіргі дене шынықтыру және спорттың әдістемесі мен спорттық педагогиканың ғылыми-зерттеу нысанына міндетті түрде айналуы тиіс.

Мысалы, спортшының ағзасына қандай да бір артық жүктеменің әсері болсада, оның жұмыс істеу қабілетін бәсеңдетпей аэробтық қалыпта ұстап тұруына құрамында химия-биологиялық қоспалары бар тағамдардың маңызын мұхият бақылауға алу қажет. Тағамның құрамы, оның бірізділігі, жаппай пайдалану немесе кезектестіріп беру мерзімі, ас мәзірі оның құндылығы барлығы да бекітілген тәртіпке сай болуы тиіс. Көптеген командалық топтардың жалпы жаттығу тәртібі педагог-жаттықтырушының үйлестіруімен жүзеге асырылатындығы белгілі, ал тамақтану тәртібі нақты ережеге сай орындала бермейді. Сондықтан жаттықтырушыларға спортшылардың тамақтану тәртібіне аса жауапкершілікпен қарау қатаң талап етілуі тиіс.

Биологиялық белсенді қоспалары бар тағамдарды пайдалану жан-жақты ойластырылған, биохимиялық үдерістердің сақталуы нақты ережемен бекітілген, әрбір қимылдағы және демалыс кезіндегі бұлшық ет қызметтерінің сипаттары басшылыққа алынған кешенді тәртіпті қажет етеді. Биологиялық белсенді қоспалары бар тағамдарды пайдалану өнімдердің күштілігі мен жеке қасиеттеріне, өндірушілер мен таратушылардың белсенділігіне емес жекелеген спорт түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты таңдалады. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша, 53 спортшы ғана арнайы тәртіппен бекітілген спорттық тағамдарды пайдаланатындықтарын көрсетті, ал 40,85%-ы спорттық тағамдар туралы мәліметтерді білмейтіндіктерін және пайдалану туралыжауап таба алмағандықтан қажетті тиімділікке қол жеткізе алмадық.

Дегенмен, азық-түліктің өте күрделі және көпкешенді құрамдардантұратын жүйе екенін білген абзал, оның көбісі түрлі химиялық қосылыстардан тұрады, оның көпшілігі гигиеналық жағынан төмен дәрежеде болып, санитарлық бақылаудан өтпеген ағзаға зиянды қоспалардан тұруы да мүмкін.

Жалпы пайдалануға тыйым салынған, құрамында зиянды заттары баразық-түліктер үш негізгі топқа бөлінеді:

1. Ағзаға зиян келтіретін, табиғи қоспалардан тұратындар;
2. Қоршаған орта өнімдері, құрамында зиянды заттары бар азық-түліктер;
3. Арнайы технологиялық сипаттарына қарай іріктелінген тағамдар.

№5 кестеде көрсетілгендей тағам құрамындағы зиянды заттар түрлітабиғи қоспалардан тұрады. Адам ағзасы бір мезгілде химиялық және биологиялық құрамдағы бірнеше зиянды заттармен улануы мүмкін, әсіресе жылдам қозғалыста болып, көп күш-қуат жұмсайтындар шектен тыс тамақтанып, түрлі токсиндермен ағзаны ластайды, соның ішінде балалар қауіпті топқа жатады. Бұл туралы арнайы құжаттармен расталған 2015 жылы сатылымға шыққан шет елдік және отандық азық-түліктер тізімдерін атауға болады: сапасыз ет және ет тағамдары - 6,65%; сүт өнімдері - 10,16%; балық және балық өнімдері -10,73% ; картоп өнімдері - 28,52%; жабайы табиғи өнімдері (көптеген биологиялық белсенді қосылыстар негізінде жасалған) - 16,22%, сол сияқты қатты күйіп кеткен чипсилер мен картоп қуырмаштар құрамында май мөлшері, акриламидтері мол.

Зиянды заттар	
Химиялық табиғи заттар	Биологиялық табиғи заттар
Улы элементтер: қорғасын, кадмий, сынап, мышьяк, мырыш, мыс, қалайы, хром, николь Пестицидтер: органохлор, триазиндер, органофосфаттар, пиретроидтар, тиокарбаматтар Азот қосындылары: нитраттар, нитриттер, нитрозаминдер	Микотоксиндер: альфатоксиндер B,G,MI, дезоксиниваленол (вомитоксин), Т-2 Токсин, зеараленол, патулин, охратоксин А, стеригматоцестин Антибиотиктер Микроорганизмдер: Ішек таяқшасы тобындағы бактериялар (колиформалар)

Гистамин Бенз(а) пирен Полихлорланған бифенилдер Гормондық препараттар Радионуклидтер	Proteus тобындағы бактериялар Сульфит редуцирлейтін клостридин Потогенді микроорганизмер (оның ішінде сальмонелдер) Ашытқы, көгергендер Вирустар Гельминттер Зиянкес жәндіктер

5 кесте. Құрамында түрлі ксенобиотиктер бар азық-түліктер

Айта кету керек, адам ағзасы көтере алатын деңгейі, біздің жағдайда жас спортшылардың ағзалары, тамақ тапшылығының салдарынан бөтен заттар, ең алдымен микронутриенттердің (темір, кальций, йод, мырыш, т.б.) түсуі белгілі-бір дәрежеде арнаулы спорттық тағамдар, биологиялық белсенді қоспалар және қолданыстағы жалпы азық-түлік құрамымен токсинді заттар енуі мүмкін.

Мұның бәрі биологиялық белсенді қоспаларды және арнайы тағамдарды пайдалану туралы ұсыныс жасау қажеттігін көрсетеді. Бұл ұсыныстар түрлі деңгейдегі ағзаларда метаболизмдерді реттеуге арналуы тиіс, түрлі жаттығулар мен жарыс кезінде аз компонентті молекулалы тағамдар бекітілуі қажет (уақыт, мөлшерлер, топтамалар, кезеңдер т.б.), мұның барлығы спортшылардың жұмысқа қабілетін арттыруға, бұлшық еттерін қалыпқа келтіруге, денсаулығын сақтауға негізделуі тиіс.

Қазіргі биологиялық белсенді қоспалар мен арнайы тағамдарды пайдаланудың мөлшері тек үлкен адамдардың ағзаларына арналып жасалған.

Балалар мен жасөспірімдер біздің қоғамның ең осал әрі қорғансыз әлеуметтік тобы болып табылады. Жас ұрпақтың денсаулығын сақтау – мемлекеттің маңызды стратегиялық міндеті, яғни елдің ересек халқы денсаулығының барлық перспективалары, халықтың өмір сүру жағдайының жоғары деңгейі, ғылым мен мәдениет дамуының жоғары деңгейі бүгінгі күнгі балалардың қол жеткізген денсаулығының қорытындысы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тихвинский С.Б., Хрушев С.В. Детская спортивная медицина // – М.: Медицина, 2011. –293 с.
2. Рогозин В.А., Шишина Н.Н. Питание юных спортсменов // В кн.: Детская спортивная медицина. – М.: Медицина, 2009. – 395 с.
3.Ладодо К.С., Отт В.Т., Фатеева Э.М. Основы рационального питания детей // – Киев: Здоровье. 2001. – 8 с.
4. Пшендин А.И. Питание спортсменов // Спб. 2014. - 160 с.
5. Скурихин И.М., Волгаров М.Н. Таблицы энергетического состава и энергетической ценности пищевых продуктов, кулинарных изделий и блюд // М., 2014.
6. Кульназаров А.К. Углеводы в питании населения Казахстана // Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2015. - №2. – 12-14 с.
7. Кошаев М.Н., Кульназаров А.К. Генетические маркеры физической работоспособности человека // Вестник физ.культуры. – Алматы, 2014. - №4. - 34-36 с.
8. Bailey D.A., Faulkner R.A., McKay H.A. Growth physical activiti and bone mineral acquisition. Exerc. sports sci. Rev. 1996. – V. 233-266.
9. Bar-Or O. Nutritional considerations for the child athlete. CanJAppl. Physiol. 2001: 26 Suppl:S. 186-191.

Жумадилова М.Н.
ф.ғ.к., доцент
Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
m.zhumadilova@mail.ru

Исакулова Ш.К.,
ф.ғ.к., доцент
Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
shopi_81@mail.ru

Ахметова Қ.А.
аға оқытушы
Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
akhmietova.61@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ РУХЫН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Мақалада студенттерге патриоттық тәрбие беру мәселесі қарастырылған. Автор қазақ тіліне аудару үшін өтініш пен өтініш формасын жариялайды. Мақалада қазақ тілін оқыту процесінде патриоттық сезімнің қалыптасуы қарастырылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде оқыту тарих пен мәдениеттің бүркеншік атмосферасын таңқаларлық түсіндіру тұрғысында болатыны белгілі.

Түйін сөздер: патриотизм, тарих, мәдениет, ұлттық бостандықтар, Отан, дәстүр, тіл, қонақжайлылық.

Аннотация: В статье рассматривается проблема патриотического воспитания студентов. Автор раскрывает приемы и формы проведения занятий по казахскому языку. Статья исследует пути формирования чувства патриотизма в процессе обучения казахскому языку. Также указывается цель изучения казахского языка в данном контексте как глубокое понимание сквозь призму языка истории и культуры страны.

Ключевые слова: патриотизм, история, культура, национальные особенности, Родина, традиции, язык, воспитание.

Resume: The article considers the problem of patriotic education of students. The author announces the receipt and application form for the translation of the Kazakh language. The article explores the formation of a sense of patriotism in the process of learning the Kazakh language. It is also known that the Kazakh language of instruction is in the context of an amazing interpretation of the pseudonym of history and culture.

Keywords: patriotism, history, culture, national freedoms, homeland, tradition, language, hospitality.

Қазақстан Президенті өзінің "Қазақстан-2030" Жолдауында еліміздің ұзақ мерзімді дамуының басымдықтары ретінде Ұлттық қауіпсіздік пен тәуелсіздікті нығайтуды белгіледі. Білім беру мен тәрбиелеудің негізгі міндеті - өз елінің патриотын, азаматын тәрбиелеу. Тиісінше, патриотизм деңгейі студенттердің тәрбие деңгейін бағалаудың көрсеткіші болып табылады. Әлемдік стандарттарға жауап беретін білім беру жүйесін құру бүгінгі таңда Қазақстан үшін аса маңызды мәселе болып табылады. Өйткені білім беру жүйесі демократиялық, құқықтық мемлекет құрудың жетекші құралы болып табылады. Елдің экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз етеді.[1.]

Осыған байланысты білім беру жүйесін реформалауды осы үшін қажетті кадрлық және экономикалық ресурстарды тарта отырып, білім беруді жан-жақты жаңғыртудың ғылыми теориясы, ғылыми тұжырымдамалары мен модельдері негізінде жүргізу қажет. Бұл республиканың әлемдік білім беру жүйесіне лайықты кіруге мүмкіндік береді. Мемлекеттің саяси және рухани әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге және міндеттерді жаңартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмысы таңдалған жалпы даму стратегиясының векторларымен айқындалады. Мемлекеттің тәуелсіздігі ұлттық дүниетанымды, оның ішінде Қазақстанның басқа да ұлттары мен халықтарының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Қазақстандық жастарда патриотизмді тәрбиелеу қажеттілігі таңдалған зерттеу бағытының өзектілігін көрсетеді.

Бұл ұлттық педагогика мен патриоттық тәрбие негізінде білім беру бағдарламасы болып табылады деп айтуға болады. Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі баяндау сипатында болды және жастардың қоғамдық пайдалы істерге қатысуын көздемеді. Бүгінгі таңда тәрбиенің көптеген мәселелерін, формалары мен әдістерін қайта қарастыру қажет. Бұл әсіресе маңызды, өйткені бүгінгі күн жастардан ұстамдылықты, төзімділікті, батырлық, табандылықты, білім мен тәрбиені талап етеді. Соңғы уақытта "Қазақстандық феномен"ұғымы пайда болды. Алайда, бұл жолдың басы ғана. Осы ұғымға сәйкес болу үшін ел жан-жақты дамуы тиіс. Қазақ халқы - патриот, ізгілікті халық. Бұл сырттан әсер ету нәтижесі емес, ішкі мәдениет контекстінде қалыптасатын және дамып келе жатқан қадір-қасиеттер. Алайда бұл қасиеттерді білім беру және сапалы тәрбие арқылы дамыту қажет.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың жаңа бағдарламасында әрбір азамат отанын сүюге, Отанын құрметтеуге, ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтарды мақтан етуге, бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтуда үздіксіз еңбек етуге тиіс екендігі анық көрсетілген.[2. 564-566]

Көптеген оқу пәндерінің ішінде "қазақ тілі" ерекше орын алады. Оның өзіндік ерекшелігі - оны оқу барысында оқушылар ғылым негіздерін білмей, қарым-қатынас құралы ретінде, жаңа және пайдалы ақпарат алу құралы ретінде тілді қолдану дағдылары мен біліктерін қалыптастырады.

Қазіргі Қазақстан жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту оқытушыға азаматтықты, патриотизмді, құқықтық мәдениетті, тұлғаның жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге кең мүмкіндік береді. Бұған тілдің коммуникативтік бағыты, оның тұрмысын, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін және ең алдымен, халықтың тілін үйренуге деген көзқарасы ықпал етеді. Тіл арқылы мәдениетті үйрену ана тілінің қалыптасқан ұлттық-мәдени базасында ғана мүмкін болады. Қазақ тілі арқылы алынған кез келген білім халық мәдениетін меңгеру процесінде қалыптасқан білім сүзгісі арқылы ғана қабылданады.

Отаншылдыққа тәрбиелеу студенттердің патриоттық сезімдерін дамытумен, өз бойында осы моральдік қасиеттерді қалыптастыру бойынша белсенділігін ынталандырумен байланысты оқу және сабақтан тыс жұмыстардың әр түріне мақсатты түрде енгізу үдерісі болып табылады.

Қазақ тілінің оқу-әдістемелік кешені бойынша оқыту негізінде жатқан тілді оқытудың жобалық әдістемесі оқушылардың бойында өз мәдениетіне құрметпен және өзге мәдениетке толерантты қарым-қатынас және өз мәдениетін терең ұғыну сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. Нәтижесінде студенттер арасында мәдениеттердің өзіндік диалогы өтеді. Шетелдік құрдастары мен өздерін, елдерді салыстыра отырып, студенттер өзара ортақ және ерекшеліктерді анықтайды. Бұл елге, оның адамдарына, дәстүрлеріне бірігуге, жақындастыруға, түсіністікті және жақсы қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Осы мақсаттарға жету үшін қазақ тілі тәжірибелік сабақтарында жаттығу жұмыстарының алуан түрлері мен тәсілдері қолданылады.

Студенттер сабақта проблемалық жағдайларды моделдеу мен шешуге, викториналарға, сөзжұмбақтарды құрастыруға, хабарламалар мен баяндамалар жазуға, тарихи орындарға экскурсияларға, баспа материалдарымен жұмыс істеуге, "дөңгелек үстелдер"өткізуге қатыса алады. Студенттерге " шетел қонақтарын Қазақстанға шақыру және оларға саяхат ұйымдастыру " жағдаяты ұсынылады. Өз жобаларын студенттер "Қазақстанға қош келдіңіз!" деп атап, жан-жақты мәліметтерді қамтуға тырысады. Мұндай сабақтардың танымдық аспектісі туған ел мәдениетінің ерекшеліктері туралы білім көлемін арттырады. Астана және Қазақстанның өзге де қалаларының көрікті жерлерімен танысу, "Отан" ұғымын түсінуді, өз мәдениетін терең білуді көздейді.

Патриотизм деп азаматтардың, соның ішінде студенттердің саналы және ерікті ұстанымы деп білеміз. Презентациялармен, баяндамалармен, рефераттармен және жобалармен жұмыс істеу нәтижесінде өз ой-өрісін кеңейтуге және Отанның пайдасына қоғамдық-пайдалы еңбекке қатысуға уәжді қажеттілік пайда болады [3. 66-67.]. Осыған байланысты "Қазақ тілі" пәні мен пәнге деген студенттердің қатынасы ерекше маңызға ие.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қатысуы, халықаралық ынтымақтастық, көші-қон процестері, студенттік алмасулар және т.б. мәдениетаралық коммуникацияның жаңа мақсаттарын құрайды. Тілдерді меңгеру заманауи жас адамның қажетті құзыреттілігіне айналды. Осыған байланысты азаматтық патриоттық сезімді қалыптастырудағы гуманитарлық цикл пәндері бойынша "қазақ тілі" курсының тәрбиелік әлеуеті мен прагматикалық мүмкіндіктерін атап өткен жөн. Тілдік емес жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілін оқыту бағдарламалары мәдени және педагогикалық мақсаттылық принциптерін ескере отырып әзірленген, тілдік және елтану

материалдарын мұқият іріктеуге негізделеді, студенттердің өз елінің және оқытылатын тіл елдерінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, осы елдерде және өз елінде жалған стереотиптерді ұғынуына ерекше көңіл бөле отырып, әртүрлі мәдениеттер туралы дұрыс емес және бір жақты түсініктерді қалыптастыруға кедергі жасайды.

Осылайша, қазақ тілін оқытудың практикалық (коммуникативтік) және дамытушылық мақсаттарымен қатар оқытудың тәрбиелік мақсаты, соның ішінде практикалық қазақ тілі кафедрасы аудиториялық және аудиториядан тыс қызметте жүзеге асыратын патриотизмді дамыту болып табылады. Қазақ тілі бойынша аудиториялық сабақтар шеңберінде патриоттық тәрбиенің ең қолайлы түрі - адамгершілік-патриоттық, батырлық-патриоттық және ұлттық-патриоттық тәрбие, өз халқының халықаралық тарихи өмір аренасында патриоттық рөлін сезіну, өз елі мен мәдениетін көрсете алу, студенттің қазақ тілінде мәдениетаралық диалогта өз ұстанымын қорғауға дайындығын қалыптастыру. Қазақ тілін оқыту барысында, соның ішінде шетел студенттері біздің еліміз, оның астанасы, Қазақстанның жетістіктері, оның тарихы, еліміздің белгілі адамдары туралы мәтіндерді белсенді пайдаланады. Бұл студенттерге өздерін тарихы мен мәдениеті бай, ұлттық дәстүрлері мен мерекелері бар, ұлы елдің азаматтары ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Студенттер тіл сабақтарында өз тарихы мен дәстүрлерін, сондай-ақ оның атақты түлектерін танытатын хабарламалар мен презентациялар дайындайды.[4. 395-411]

Қазақстандықтардың алдында тұрған міндеттердің бірі "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру болып табылады. Оның іргетасы оқу орындарында қалануы тиіс. Осы идеяны іске асыру аясында пәндерді оқыту студенттердің рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, ұлттық сана-сезім мен толеранттылықты дамытуға бағытталуы тиіс.

Әсіресе бұл міндет оқытушыларға, оның әшәнде филолог мамандарға жүктеледі. Өйткені оқытушы негізінен екі кәсіби рөлді атқарады – оқытушы мен тәрбиеші. Филологтар алдында рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие мәселесі өте өткір тұр. Тіл пәні оқытушысының өте күшті қаруы – бұл сөз, көркем сөз. Бұл бағытта дұрыс таңдалған дидактикалық материал маңызды рөл атқарады.

"Қазақ тілі" пәнінің мазмұнында осы мақсат үшін қолдануға болатын оқу материалының екі түрі бар: біріншіден, бұл "тіл туралы жалпы мәліметтер" бөлімі, екіншіден, дидактикалық материал.

Тілді үйрету кезінде оқудың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағыттау қажет. Қазақ тілі сабағында студенттердің назары өз көзқарасын білдіру, оны дәлелдеу және негіздеу, диалогты шебер жүргізу қабілетіне бағытталуы тиіс. Қазақ тілін оқытудағы маңызды компонент жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағыттау. Оның компоненттерінің бірі - оқу сауаттылығы, яғни:

- жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау;
- оқу үрдісінде, университеттен тыс және ересек өмірде күтіп отырған әртүрлі жағдайларда олардың мазмұнын пайдалану;
- қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білім мен мүмкіндіктерді дамыту;
- оқу мақсатын түсіну.

Оқу мақсатына жету үшін құрастыратын оқу жоспарының белгілі бір стратегиясын ұстануға болады:

1. Егер сабақта патриоттық сезімді тәрбиелеу керек болса, онда мазмұны қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған мәтінді таңдауым керек.

2.Егер мәтінді түсінуді, талқылауды, проблемалық міндеттерді шешуді үйрету керек болса, онда белсенді оқыту стратегиясын пайдалануға тиіспіз. Белсенді оқыту кезінде жоғары деңгейдегі процестер (талдау, синтез, бағалау) болғандықтан, студент ойлануға тиіс тапсырмалар қолданылады (Мен қалай оқимын? мен не оқимын? мен не үшін оқимын?)

3. Сабақта қоғам өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын әр түрлі стильдер мен жанрлардың мәтіндерін қолдану.

Оқушылардың тілдік қорын қоғамдық-саяси лексикамен байыту біздің Отанымыздың өмірі, халқымыздың ұлы жетістіктері туралы студенттердің білім шеңберін кеңейтеді. Қорытынды сабақта студенттерге келесі лексикалық материал мысалында мәтінге кешенді талдау жасауды ұсынуға болады: "Қазақстан халқы Ассамблеясы" мәтіні. Мәтіннен кейін тапсырманы орындайды.

Президент Жолдауының мәтінімен жұмыс кезінде "мәтіндік граффити" стратегиясын қолданамыз. Оқушылар белгілі бір таңбалау жүйесін пайдалана отырып, мәтінді түсіндіреді, әрі

қарай мәтінге түсініктеме жазады, оқушылардың басқа тобы үшін мәтін бойынша сұрақтар жазады, бұл полемиканың, пікірталастың пайда болуына ықпал етеді.
Осы мәтіндердің көпшілігі публицистикалық стильдің үлгілерін көрсетеді, студентке эмоционалды әсер етеді. Оның әртүрлі қоғамдық-саяси лексиканы меңгеруіне ықпал етеді. Мәтіндермен жұмыс кезінде осы стратегияларды қолдану патриоттық сезімдерді қалыптастыруға әсері бар. Мәтінді мұқият оқуға, мәнін тереңірек ұғынуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, дәл осы студент кезінде патриотизмнің негізі қаланып, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге келеді және оқу бағдарламасының осы бағыттағы мазмұны арқылы олардың жүрегіне ең қажетті сөздерді енгізіп, ең маңызды ой салуымыз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан 2030. Білім баспасы 1998 жыл.
2. Уразалиева Р. М., Тауипбаева А. Т., Кушекбаева Ж. С., Аббасова Л. Х. Особенности гражданско-патриотического воспитания в казахской этнопедагогике // Молодой ученый. — 2015. — №2. — С. 564-566.
3. Герасимов В. Л. Могучий источник патриотизма, любви к Отечеству и родному краю // Военно-исторический журнал. – 2004. – № 5. – С. 66-67.
4. Астафурова Т. Н. Патриотическое воспитание студентов в процессе обучения иностранному языку // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 19. – С. 1–3. – URL: http://e-koncept.ru/2017/770392.htm. Акулич М. М. Патриотизм в системе нравственных ценностей россиян // Безопасность Евразии. – 2004. – № 2. – С. 395-411.

ӘӨЖ 371.13

Қалматаева А.М.,
п.ғ.к.
Тараз мемлекеттік педагогикалық университет
aiman_km@mail.ru

Мордвинцева И.Ю.,
п.ғ.к.
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
timdenir69@mail.ru

Турдалиева Ш.Т.
п.ғ.к.
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
chopik_74@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ

Түйін. Мектеп пен отбасының бала тәрбиесін ұйымдастыру жолдары сипатталған. Өзара әрекеттестік формалары, жаңа форматтағы ата-аналарға арналған педагогикалық және психологиялық жұмыстар берілген.

Кілт сөздер: жаңартылған білім беру кеңістігі, тәрбие үдерісі, отбасы тәрбиесі, тұлға тәрбиесі, отбасы мен мектептің бала тәрбиелеудегі бірлескен іс-әрекеті.

Аннотация: В статье рассматривается вопрос воспитания личности в совместной деятельности семьи и школы в обновленном образовательном пространстве. Описаны направления и способы совместной воспитательной работы школы и семьи. Представлены формы взаимодействия, психолого-педагогическая работа в новом формате с родителями.

Ключевые слова: обновленное образовательное пространство, процесс воспитания, семейное воспитание, воспитание личности, взаимодействие семьи и школы в воспитании детей.

Abstract: the article deals with the issue of education of the individual in the joint activities of the family and the school in the updated educational space. The directions and ways of joint educational work of school and family are described. Forms of interaction, psychological and pedagogical work in a new format with parents are presented.

Keywords: updated educational space, the process of education, family education, personal education, interaction of family and school in the education of children.

Жаңартылған білім беру кеңістігінің негізгі мақсаты – болашақ ұрпақты сындарлы және сапалы оқытуға үйрету, әлемдік білім деңгейіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту және ұлағатты тәрбие беру.

Тәрбие және тұлғаны тәрбиелеу мәселесі өте күрделі, ұзақ мерзімді қажет ететін үдеріс. Тәрбие үдерісіне отбасы, қоғамдық орта, мектеп араласады.

Ж.Түрікпен-ұлы пікірінше, тәрбиелеу дегеніміз баланың қоғамдық тәжірибені игеруі. Ол оқыту процесімен қатар жүреді. Бала оқу процесінде білім жинақтайды, ептілік пен дағдаларға үйренеді, қабілет-қарымын жетілдіреді, дүниетанымы кеңейеді. Ал тәрбие процесінде оның дүниеге, қоғамға, басқа адамдарға, өзіне деген дұрыс қатынастары дамып қалыптасады, яғни жалпы кісілік қасиеттері, әлеуметтік мінез-құлықтары қалыптасады [1. 3-б.]. Балаға тәлім-тәрбие беру үдерісінде ата-аналардың да қоғамдағы өзгерістерге икемді, саяси сауатты, білімді әрі көкірегі ояу болғаны жөн.

Баланы жаңа өмірге бағыттайтын ең алғашқы және маңызды тәрбиелейтін әлеуметтік ортасы оның отбасы болып табылады. Ал тәрбие беруде ұлттық дәстүрлердің, ұлағатты өнегелер мен ұлттық салт-дәстүрлердің ықпалы ерекше. Отбасында бала қоршаған өмірмен, әлеуметтік ортамен танысып, өзінің мінез-құлық нормаларын қалыптастырады. Сондықтан, тәрбиенің бастапқы баспалдағы отбасы. Ол баланың толыққанды тұлға болып өсуі мен қоғамға әлеуметтенуінің негізі болып табылады.

Отбасының өмір сүру стилі мен өзіндік ережесі баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен із қалдырады. «Отбасының өмір сүру атмосферасы» ұғымына мұғалімдер

мен педагог-психологтар және оған қатысушылардың қарым-қатынасы, ақпарат алмасуы, қабылдауы мен меңгеруі, балалардың ата-анамен бірлескен еңбек және жемісті іс-әрекетінің әртүрлі формаларын кіргізеді. Ал отбасылық қарым-қатынас баланың дамуы мен мінез-құлқының қалыптасуында жылылық пен мейірімділік, рухани жақындық, аққөңілділік пен қарапайымдылыққа үйретеді. Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің балаға кері ықпалы да бар. Олай болса, дұрыс қарым-қатынас жасау баланың жақсы көңіл күйін, психологиялық саулығы мен шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылады. Отбасының негізгі тірегі ата-ананың барлық әрекеті бала үшін үнемі үлгі.

Қ.Бөлеевтің пікірінше, қазақ ұлттық мектебіндегі тәрбиенің мақсаты – оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. Ал ұлттық дүниетаным ана тілі, ат тарихы, төл мәдениетіміз және ұлттық салт-дәстүрлеріміз арқылы ғана қалыптасады. Сондықтан ұлттық дүниетанымның сол негіздерін оқып үйренуді басты мәселе етіп қою керек. Ол үшін мектебімізде ұлтымыздың ерекшелігіне, тарихына, мәдениетіне, өнеріне, салт-дәстүріне, тұрмыс тіршілігіне, отбасы тәрбиесіне сай қарастырылып шығарылған бағдарламалар, төлтума оқулықтар, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттер, әсіресе мұғалімдерге қажетті әдістемелер кеңінен пайдалануы тиіс. Олай болса балаларға ұлттық білім беретін және оны тәжірибеде жүзеге асыратын, өскелең ұрпаққа насихаттайтын – педагогтар. Ал осындай ұлттық тәрбие нәрімен сусындап өскен бала ата-анасына деген мейірімділігі мен үлкенді сыйлау деген қасиеттерін ешқашан жадынан шығармайды [2].

Бүгінгі қоғам алдында шығармашыл, білімді, қабілетті тұлға тәрбиелеу. Ол үшін тәрбие беруде отбасы мен мектептің өзара бірлескен әрекетін жүйелі жоспарлау мен байланыстыру қажет. Себебі, кейбір отбасына мектеп тарапынан бала тәрбиесіне көмек беру мен қолдау көрсету қажет. Осы мәселе бойынша Б.И.Иманбекова отбасы мен мектептің өзара әрекетенің төмендегідей басты қызметтерін ерекшеледі. Олар:

- ақпараттық;
- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- қорғау-сауықтырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық [3].

Оқу-тәрбие үдерісінде мектеп пен отбасының өзара әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, олардың оқушыларға ықпалын үйлестіру қажеттігінен туындайды. Бала тәрбиесінде қоғамның талаптарын жүзеге асыруда олардың өзара бірлескен әрекетінде үйлесіміділік, бірізді жүйелік болмаған жағдайда тәрбиелік іс-шаралардың нәтижесі төмендейді. Кез келген баланың тұлғалық дамуы мен дүниетанымы отбасынан бастау алып, мектеп және ұстаздар тәрбиесімен жалғасып отырады. Ал балаға талап қойғанда өзара осындай бірліктің болмауы, тәрбиелік ықпалдың тұрақсыздығы, оның мінез құлқы мен адамгершілік қасиеттернің көрінуіне жағымсыз түрткі болады.

Жаңартылған білім беру жағдайында мектеп пен отбасының тұлғаны тәрбиелеу, әлеуметтендіруде бірлескен жұмысын жүйелендіру іс-шаралары жүргізіледі. Ол педагог пен ата-аналарға арналған дуэт алаңы, ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер, коуч семинарлар. Біздің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен эксперименттік зерттеу жұмысымызда әлеуметтік-психологиялық дамыту мен қалыптастыру жұмыстары төмендегі бағытта жүзеге асады:

1. Педагогтың балалармен үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жұмыс технологиялары;
2. Ата-аналармен ағарту жұмыстарын ұйымдастыру технологиялары.
3. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызмет жүйесінде отбасы-оқушы-мұғалім қарым-қатынасын жан-жақты зерттеуге бағытталған жұмыс ерекшеліктері.

Баланың толыққанды және салауатты өмір сүруіне даярлау, оның дене, ой еңбегіне үйрету, өзінің күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, отанға әрқашан адал қызмет етуге тәрбиелеу, оның бойында жастайынан ұлттық мәдени құндылықтарды мен рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру болғандықтан отбасы мен мектептің өзара бірлескен әрекетін ұйымдастыру жолдарын анықтау қажет. Олар:

- ата-аналардың психологиялық сауаттылығы мен әлеуметтік білімдерін көтеру (дәрістер, семинарлар, конференциялар, тәрбие сағаттары және т.б.);

- ата-аналарды мектептің оқу-тәрбие процесіне араластыру (ата-аналар кеңесі, әлеуметтік-гуманитарлық көмек, отбасы институты және т.б.);

- ата-аналарды мектептің басқару, әлеуметтік-психологиялық жұмыстарына қатыстыру (кеңестер, әр түрлі үйірмелер, клубтар және т.б.);

- ата-аналардың педагогикалық әрекетке қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға бағытталған іс шаралар ұйымдастыру (шығармашылық конкурстар, атаулы мерекелер және т.б.).

Отбасы мен мектептің өзара бірлескен әрекетін ұйымдастырудың негізгі мақсаты баланың психикалық саулығы мен денсаулығына қамқорлық жасау, танымдық іс-әрекетінің дамуына, білімді болып өсуіне қолдау көрсету, жағымды эмоциялық қатынас орната білуге итермелеу, толеранттылыққа, коммуникативтілікке тәрбиелеу, адамгершілік және отансүйгіштік қаиеттерінің қалыптасуына ықпал ету, қоғамдық ортада дұрыс әлеуметтенуіне, өз бетінше дұрыс мамандық таңдауына көмектесу.

Егер мектепте, ЖОО кәсіби дағдыларды жасөспірімдердің бойына дарыта білсек, болашақта кез келген қызмет түрлеріне тез бейімделе алатыны туралы А.О.Оразбаева мен А.Ш.Танирбергенова зерттеу жүргізген. Бұл кешенді тест арқылы мұғалімдер мен ата-аналарға оқушының жеке дара ерекшеліктері туралы толық психологиялық мінездеме беруге болатыны туралы тұжырым жасаған. Кешенді психологиялық зерттеу процесінде интеллектуалды дамудың деңгейін анықтауға, нақты пәндер бойынша үлгермеушілік себептерін түсінуге, қажетті ойлау компоненттерінің қалыптасуына тиімді әдістерді таңдауға, оқу бағдарламасын түзетуге мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі болып саналады [4]. Осы зерттеу тұжырымдары оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау кезінде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетудің маңыздылығын анықтайды.

Ата-аналардың өз балаларын қаншалықты білетіндігі және көңіл бөлетіндігі туралы мәліметтерді қарапайым әлеуметтік-психологиялық зерттеулер арқылы анықтауға болады. Ол «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы, «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тесті және т.б. диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру нәтижесінде көз жеткізіледі.

Отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекетін мақсатты жүзеге асыру мына факторлардың ықпалында болады:

1. Ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық факторлары;
2. Ата-аналардың психологиялық компетенттілігі, білім шамасы;
3. Отбасындағы эмоционалдық атмосфера;
4. Тәрбиенің әсер ету диапозоны;
5. Отбасы өміріне баланы араластыру деңгейі;
6. Баланың өзекті қажеттіліктері және оларды қанағаттандыру сатысын есепке алу [5].

Баланың психикалық дамуы мен тұлғалық қалыптасуы оның әлеуметтік ортамен араласуы және өзін сол ортада көрсетуімен анықталады. Оның қоғамдағы орны, үлкендер және құрбыларымен қарым-қатынас жүйесі туралы белгілі кеңес ғалымы Л.С.Выготский өз концепцияларында ерекше сипаттап өткен. Дамудың әлеуметтік ситуациясы кездейсоқ құрылмайды, бала және оның айналасындағылар арасындағы жанды өзара әрекеттестік процесінде жасалады [6]. Олай болса, баланың қоғамдағы әлеуметтенуі, білімі мен тәрбиесі ата-ана мен мектептің өзара бірлескен әрекетінің жемісі болып табылады.

Көптеген ата-аналар өздерінің шаршаған күйін, жағымсыз эмоциясын, шаршауын кішкентай балаларына шығарады. Ал, балалар психологиялық жағынан да, әрі физикалық жағынан да үлкендерге қарама-қарсы тұра алмағандықтан олардың көңіл күйі, эмоциясы және дене жағдайы да ата-аналарына тәуелді. Бұл ата-аналардың балаға қарым-қатынасы мен психологиялық әсері қашанда жеке дара болады. Олар сынып жетекшілері мен мұғалімдерге қарағандаөздерінің балаларының жеке даралық ерекшеліктерін жетік біледі, оларды қоғамға пайдалы әрекетке тарту үшін көбірек мүмкіндіктері болады. Өкінішке орай, олардың барлығы бірдей (әсіресе жас ата-аналар) балаларға тигізетін отбасы ықпалының бала үшін ерекше екенін үнемі аңғара бермейді. Осы мақсатта біз ата-аналарға арналған келесі жадынаманы ұсынамыз:

1.Егер бала қаламаса, оны мазалаудың орнына, одан да өзіңіздің бірдеңені дұрыс жасамағаныңыз туралы ойлау;

2.Зорлық әдістер жеке тұлғаның мінез құлқында агрессивтілікті тудыратынын және келеңсіз әрекеттерге итермелейтінін ұмытпау;

3.Балалармен ынтымақтасу, олардың пікірін соңына дейін тыңдау, санасу;

4.Бала өзінің ересектердің әрқашанда түсінетінін және қабылдайтынын білетін болса, қателіктер мен сәтсіздіктерден қорықпайтын болады.

5.Балаларды басқалармен салыстыру, олардың жеке даралық қабілеттерін есепке алмау олардың өз іс-әрекеттеріне деген түрлі сенімсіздіктердің пайда болатынын ескеру;

6.Кез келген жастағы балаға сезімдік жайлылық үшін ересектердің махаббаты мен мақұлдауды білдіретін жанасу, ымдар мен көзқарастар маңызды орын алатынын есте сақтау;

7.Баланың жағымсыз жасаған әрекетіне теріс баға орнына, оны келесі жолы қайталамайтындай сын ескертпе жасау. Ең алдында баланың жақсы қабілеті мен қасиетін ескерте отырып, сын айту;

8.Баланың не айтқысы келгенін, пікірін соңына дейін тыңдау;

9.Балаға берілетін тапсырма оның шама шарқына сай, қолынан келетін дәрежеде болуы;

10. Егер сіз балаларға бір нәрсені жасауға уәде берген болсаңыз, міндетті түрде оны орындаңыз;

11. Баланың жұмысына лайықты баға беріңіз және олардың көмегі үшін ризашылығыңызды білдіріңіз;

Сонымен, жаңартылған білім беру кеңістігінде мектеп пен отбасының өзара тығыз байланыстылығы баланың интеллектуалды дамуына, творчествалық қабілетінің ашылуына, сыныпта үйлесімді психологиялық ахуалдың қалыптасуына, рухани-адамгершілік тәрбиенің бойына сіңіруіне, қоғам өзгерісіне әлеуметтенуіне түрткі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Түрікпен-ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы. – Алматы: Зият-Пресс, 2008. -144 б.

2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы мен практикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004. – 304 б.

3. Иманбекова Б.И. Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру . – Алматы, 2009

4. Оразбаева А.О., Танирбергенова А.Ш. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау кезінде педагогикалық-психологиялық қолдау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2/2 (56) 2018

5. Широкова Г.А., Жадъко Е.Г. Практикум детского психолога / Серия «Психологический практикум». Ростов н/Д.: Феникс, 2004. – 320 с.

6. Выготский Л.С. Психология развития человека. — М.: Смысл; Эксмо, 2005. — 1136 с.

Магзумбекова А.К.
аға оқытушы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ.
amina-0301@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Аннотация: мақалада дидактикалық принциптері интерактивті оқыту қазақ тілін орыс бөлімдерінде. Автор қазақ тілін оқытудың негізгі принциптерін атап көрсетеді.

Түйінді сөздер: интерактивті оқыту, дидактикалық принциптер, әдістер, міндеттер, тіл дамыту, коммуникативтік көзқарас, студенттер.

Аннотация: В статье рассмотрены дидактические принципы интерактивного обучения казахского языка в русских отделениях. Автор подчеркивает основные принципы изучения казахского языка.

Ключевые слова: интерактивное обучение, дидактические принципы, методы, задачи, развитие речи, коммуникативный подход, студенты.

Annotation: The article deals with didactic principles of interactive learning of the Kazakh language in Russian department. The author emphasizes the basic principles of the study of the Kazakh language.

Keywords: interactive teaching, didactic principles, methods, objectives, development of language, communicative approach, students.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті– ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [1].

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде оқытушыларға жаңа талап, міндеттер жүктеліп отыр. Студенттерге теориялық білім негіздерін меңгертумен ғана шектелмей, олардың шығармашыл әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі іздеп, өзі тауып, тәжірибесінде қолдана білуге үйрету өмір талабы болып отыр. Бұл мәселелер оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқылы шешімін таппақ. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласына келген жаңа технологиялардың бірі – интерактивті оқыту әдістері.

«Интерактивті» термині ағылшын тілінен аударғанда, «бірлесіп әрекет қылу», өзара әрекет етуге қабілетті («interact»: «inter»- өзара, «act»-әрекет ету) деген мағынаны білдіреді. Яғни, интерактивті оқыту дегеніміз – оқытушы мен білім алушы немесе білім алушы мен мен білім алушы арасындағы бірлесе әрекет ету барысында іске асатын – сұхбаттасу арқылы оқыту. Бірақ қазіргі педагогикада «интерактивті оқыту» ұғымын бір ғалымдар оқу процесінің түрі ретінде, енді біреулері оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың психология-педогогикалық жүйесі ретінде, үшінші біреулері оқыту технологиясы ретінде қарастырады. Алайда интерактивті оқыту ұғымының бірлесе әрекет ету екендігін көптеген ғалымдар мойындайды. Мұғалім қызметінде мәселені талқылау барысында өзара дауласып, пікірлесіп келісімге келетін, бір-бірін ынталандырып, бірлесіп әрекет етуші білімгерлер тобы басты орын алады. Интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану адамдардың шындықты бірлесе іздеу барысында пайда болған пікірталастарының интеллектуалды белсенділігін арттыруға қатты әсер етеді. Кітаптан оқыған немесе бұрыннан белгілі шындықты әңгімелеу, түсіндіру түрінде өткен сабақтарға қарағанда, мұндай сабақтарда оқытушының белсенділігі мен шығармашылығы аса қажет. Оқытушының пікірсайысқа араласуы түрліше болуы мүмкін, бірақ ол өз пікірін күштеп таңуға тиіс емес. Ол пікірсайыс барысында нәтижелі ойлау мен шығармашылық ізденісті қажет ететін келелі мәселелерді туғыза отырып, тіл үйренушілердің ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізуін қамтамасыз етуге, білімгер мен оқытушы арасындағы қарым-қатынастың тең демократиялық жағдайын қалыптастыруға, білім алушылардың басты проблеманы бірігіп шешуіне, бірлесе тәжірибе жинақтауларына және әр білімгердің өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік туғызуы қажет.

Интерактивті оқыту білімгерлердің еркін тілдік қатынасқа түсуіне, танымдық, қатысымдық, сондай-ақ топпен тіл табыса әрекет ету қабілеттерінің жетілуіне, қойылған

проблемаларды оң шеше алуына, әрбір мәселеге деген өз ой-пікірін дұрыс, анық, дәлелді жеткізуіне ықпал етеді. [2, 17] Сонымен қатар әрбір білім алушы ортақ мақсатқа негізделген әрекеттерді орындау барысында жүзеге асатын тілдік қатынаста, біріншіден, өз мүддесіне сай тілдесімнің мақсаты мен маңызын анықтауға, екіншіден сөзінің қисыны мен дәлдігін мөлшерлеуге, үшіншіден пікірін дәлелді, дәйекті, түсінікті жеткізуге дағдыланады. Тіл үйренушілердің белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарының дамуына, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, коммуникативтік мәдениетін тәрбиелеуіне, өзін-өзі бағалауына септігін тигізеді, студенттердің сабақта ізденуіне, дара тұлғалық қасиеттерінің дамуына, шешімді таңдаудағы еркіндігіне жол ашады, түрлі жағдаяттардан жол тауып шығуға үйретеді. Осы мақсаттарға жету үшін сабақтың ұйымдастырылуы, әдістері, педагогикалық ұстанымдары дұрыс болуы тиіс.

«Дидактика білім мазмұнының ғылыми негізін, оқыту әдістерін ұйымдастыру формаларын, яғни нені оқыту, қалай оқыту жайын зерттейді. Демек дидактика білім мазмұнын анықтау, оқыту процестерінің заңдылықтарын ашу, оқытудың ең тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын табу проблемаларын шешіп отырады. Осы мәселелер жөнінде өзінің принциптерін белгілейді. Дидактикалық принципте, оқу – тәрбие ісінде басшылыққа алынатын педагогикалық қағидада оқытудың мазмұнына, ұйымдастыру формасына қойылатын талаптар белгіленеді.»[3, 24]

Оқыту процесін ұйымдастыру барысында білім алушы мен білім алушылар ұжымы бір жағынан оқыту обьектісі, екінші жағынан оқыту субьектісі болады. Оқытушы мен білімгер арасындағы қарым-қатынас арқылы ақпарат алмасуы, ынтымақтастық немесе бірлестік іс-әрекеті оқыту процесінің табысты болуына игі ықпал етеді. Оқытудың мазмұны, мақсаты, формалары мен әдістері, нәтижесі сияқты компоненттері бір-бірімен байланысты іске асырылса, педагогикалық процесс оң нәтиже береді. Осындай нәтижеге жету үшін оқытуға қойылатын талаптардың бастапқы жүйесін, яғни оқыту процесінің ұстанымдарын басшылыққа аламыз.

Тарихи дамудың әр кезеңі жаңа дидактикалық ұстанымдарды ұсынады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін әлем әдістемесіне сәйкестендіру әдістемеде бұрыннан белгілі ұстанымдармен бірге басқа да ауқымды ұстанымдардың өмірге келгенін көрсетеді. Оқу ұстанымдары өтілетін тақырыпқа байланысты, тілдің жекелеген тақырыбының ерекшеліктеріне байланысты туындап, қолданылады.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Бұл ұстаным оқу бағдарламаларын, оқулықтарды құрастыруда еске алынуы қажет. Үйретілуге тиіс тілдік материалдар қазақ тіл білімінің соңғы жетістіктеріне негізделуге тиіс. Яғни әдістеме тұрғысынан әбден ойластырылған ғылыми жүйеде берілуі керек. Берілген тілдік материалдардағы, мәтіндер мен жаттығулардағы терминдердің анық болуы және олардың оқушының түсінуіне қиындық туғызбауы қарастырылады. Тілдік мәтіндер ғылымның соңғы жаңалықтарына негізделген, жаңа ақпараттарға толы, дұрыс сарапталуы қажет. Оқушының білімі оқулық көлеміндегі білім деңгейінде қалып қоймауы тиіс. Осы ретте оқытудың ғылымилық ұстанымы зор рөл атқарады.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы. Тіл үйретуде көрнекілік ұстанымына сүйенбеу мүмкін емес. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген [1]. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып табылатын – компьютер. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиалық оқыту құралдары пайдаланылады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне енгізу бағытында қолданылатын жаңа технологиялардың бірі – интерактивті тақта болып табылады. Интерактивті тақта арқылы интерактивті сабақтардың кез келген түрін өткізудің мүмкіндігі мол. Оқытушы алдын ала тақырыпқа байланысты және қарастырылатын сұрақтар бойынша презентациялық материалдар дайындайды. Слайдтарға талқылауды қажет ететін негізгі сұрақтарды, сабақта белсенділік пен қызығушылықты тудыратын тақырыпты түгелдей ашуға қажет ақпараттық обьектілерді кіргізеді. Сонымен қатар тірек сызбалар мен кестелер, картиналар мен суреттерді т.б көрнекіліктерді орынды пайдалану білімгерлерді байқағыштыққа, оймен топшылауға, ойлау шеберлігіне төселуге үйретеді. Сонымен қатар тілдік материалды дәл, анық түсіндіруге, сабақтың сапасын жақсартуға ықпал етеді. Тіл үйренушілердің сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) тілдік және коммуникативтік дағдылары мен біліктерін қалыптастырып, дамытады. Көрнекі құралдар білім алушыларды қызықтыру құралы қызметін атқарады және тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы. Саналылық пен белсенділік дегеніміз білімді саналылықпен белсене қабылдап, оның өмірмен және практикамен байланысын тереңдету,

оқылатын фактілер мен құбылыстардың мәніне түсіну. Тіл заңдылықтары мен ережелерін жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеру. Пікірсайыс, сұхбаттасу кезінде меңгерген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, тақырып аясында өз ойын жаттанды түрде емес, өз сөзімен әңгімелеу. Білімді саналы түрде меңгеру білімгердің білімнің, оқудың қажеттілігін ұғынудан, нақты тілдік материалды дұрыс түсінуден, жауапкершілікті сезінуден басталады. Игерген тілдік білімін сөйлей білуде орынды пайдаланған тіл үйренушінің әр сөздің мағынасы мен мәніне терең ойланып көңіл бөлуі, сезінуі арқылы ғана тілді меңгеруі мүмкін болады. Осылайша саналы түрде еңбек еткен білімгерде тілге, білімге деген қызығушылық оянып, белсенділігі артады. Тілдік материалдардың дұрыс таңдалуы, талқыланатын тақырыптардың өзекті, қызықты болуы, оқытушының теориялық, психологиялық білімінің терең, әдістемелік, педагогикалық шеберлігінің мықты болуы, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі, оқытудың неғұрлым озық әдіс-тәсілдерін пайдалануы тілді саналы және белсенді меңгертуді қамтамасыз етеді.

Теорияны тәжірибемен байланыстыру ұстанымы. Бұл ұстанымның қазақ тілін үйретуде алатын орны үлкен. Қазақ тілінен алған теориялық білімді күнделікті өмір қажетіне қолдана білу теорияны тәжірибемен байланыстыру ұстанымы болып табылады. Яғни, бұл ұстаным қазақ тілінен алған теориялық білімін сөйлеуде қолдануға жаттықтырады. Бұл ұстаным бойынша оқытушы теориялық білімді меңгерте отырып, тіл үйренушілердің өз ойларын байланыстырып, жүйелі, бірізділікпен жеткізе білуіне, дұрыс сөйлеу икемдіктерін қалыптастыруға көңіл бөлуі тиіс. Сонда ғана тіл саласынан алған теориялық білім сөйлеу жағдайына септігін тигізеді. Осы тұрғыдан келгенде, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру іскери ойындар, рөлдік ойындар, пікірталас, т. б. диалогтық қатынаста білімгердің байланыстырып сөйлеуін дамытуға, өз ойын, пікірін еркін жеткізуге дағдыландыратын түпкі, ең басты қағида болады. Интерактивті оқыту тәжірибесінде білім мазмұнының тек білім алушының білімін, іскерлік дағдысын қалыптастыру мақсатын ғана көздеп қоймай, сол білімнің болашақ маманның шығармашылық жеке тұлғасын дамытуға, логикалық ойлау қабілетінің ұшталуына, өздігінен білім алуға құштарлығын оятуға ықпал ету жағына ерекше көңіл бөлінеді. Тіл үйренуші тілдік жағдаятта қаншалықты деңгейде тілдесім жасай алатындығын аңғарып, өз білімінің деңгейін бағалау және бақылау дағдысын меңгереді.

Түсініктілік ұстанымы оқытуды білім алушының дайындық деңгейіне сай ұйымдастыруды талап етеді. Оқу материалына дәл анықталған материалды енгізуді, тіл үйренуші меңгере алатындай ғылыми терминдер мен ұғымдарды пайдалануды көздейді. Бұл ұстаным негізінен, оқулықтағы тілдік, практикалық материалдардың тілінің түсініктілігімен тікелей байланысты. Егер материал білімгердің түсінуіне ауыр болса, онда олардың тіл үйренуге деген ынтасы төмендейді. Әрине, бұл білім алушыға тым жеңіл материал беру керек дегенді білдірмейді. Бұл ұстанымның өзіндік заңдылығы бар.

- Жеңілден қиынға көшу
- Қарапайымнан күрделіге өту
- Белгіліден белгісізге өту

Яғни, оқытушы оқыту барысында әрбір білімгердің таным мүмкіндіктеріне, материалдарды игеру қабілеттеріне, ойлау қабілеттерінің даму деңгейіне назар аударуы керек. Білімгерлердің жасы шамалас болғанымен, олардың мінез-құлықтары, жалпы психикалық қабілеттерінің дәрежелері бірдей емес. Оқытушыосыны ескере отырып, білімгерлермен жеке жұмыстар жүргізіп, деңгейі төмен білім алушыларға жеңіл тапсырмалар беріп, кейінірек оны қиындату арқылы деңгейлеп көтеруі керек.

Оқытудың жүйелілік ұстанымы дегеніміз оқу материалдарының логикалық жағынан бірізбен сатылай құрылу, берілу тәртібі. Қазақ тілін оқытуда әрбір тақырып әдістемелік жүйемен талданады. Тілдік тақырыптардың өтілу тәртібін сақтай отырып, өтілген материал мен жаңа материал байланыстырылады. Осының нәтижесінде тілдік материалдар бірін- бірі толықтырып, аясын кеңейтіп отырады. Жүйелілік ұстанымы жаңа материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, тексеруде, пысықтау мен қайталауда, үй тапсырмасын беруде және оны тексеріп, еске түсіруде іске асырылады. Тілді меңгертуде оқытудың жүйелілік ұстанымы міндетті түрде басшылыққа алынады. Сонда тіл үйренушілердің сөздік қоры молайып, интерактивтік қарым-қатынаста еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Білімгерлердің психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымдары. Интерактивті оқыту барысында тіл үйренушілердің психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі мен икемділігі ескеріледі. Білімгерлердің жеке тұлға ретіндегі субъектілік ерекшеліктері де (жасы, жынысы,

интеллектуалдық дамуы, қабілеттері, жеке адам талабының дәрежесі, өзін-өзі бағалауы, басқа білімгерлермен өзара қарым-қатынасы) ескерілуі тиіс. Оқытушы тілдік тапсырмаларды олардың психикалық дара ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейіне байланысты саралап беруі қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасыны «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы. – «Егемен Қазақстан» 2007, 15 тамыз. №254-256.

2. Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения в высшей школе: учеб. – метод. пособие. Саратов: Наука, 2009. – 52 с.

3. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы «Ана тілі». - 1996.

Махадиева А.К.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ МЕН-ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Аннотация: Мақалада қоғамда отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шегіп отырған әйелдердің Мен-тұжырымдамасы қарастырылған. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан отбасылық әлеуметтену үдерісінде әйелдердің өзіндік сана-сезімі өзгеріске ұшырайды. Әйелдердің виктимді мінез-құлқы қалыптасады. Осыған орай, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болып отырған әйелдердің «Мен-тұжырымдамасын» анықтау мақсатында зерттеу жүргізіліп, әйелдердің Мен-бейнесі қалыптастырылды.

Кілттік сөздер: отбасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, Мен-тұжырымдамасы.

Аннотация: В статье семейного насилия в обществе-женщин, которые пострадали от насилия, предусмотрена Я-концепция. Вследствие бытового насилия в процессе семейной социализации изменяется самосознание женщин. Образуется виктимное поведение женщин. В этой связи, в стране было проведено исследование с целью определения «Я-концепции» женщин, ставших жертвами бытового насилия, сформирован образ «Я-концепции».

Ключевые слова: семья, бытовое насилие, Я-концепция.

Abstract: In the article family violence in women sosiety, who has suffered from violence, I-concept provided. As a result of domestic violence, women's self-consciousness changes in the process of family socialization. The victim behavior in women is formed. In this regard, a study was conducted in the country to determine the «I-concept» of women victims of domestic violence, formed the image of I-concept.

Keywords: family, domestic violence, I-concept.

Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз әрбір адамның абыройын, адамгершілігі мен беделін бағалайтын, жоғары өнегелі, эстетикалық стандарттары мен рухани құндылығы бар қоғам құруымыз қажет» деп баса айтты. Бұл талаптар өскелең ұрпақтың тәрбиесін және рухани-адамгершілік білім берудің артықшылығын күшейтуге бағытталған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының жалпы мақсатымен тоғысады. Қазақстан қоғамындағы өскелең ұрпаққа адамгершілік-рухани білім және тәрбие беру жалпы адамдық, жалпы ұлттық, этномәдени және жеке құндылықтардың үйлесімділігіне бағытталған, олар адамға, қоғамға қызмет етуде өзін бар қырынан көрсетуге, өмірдегі өз рөлін ұғынуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану білімнің құндылықты мағынасын нығайта отырып, риясыз сүю, өз-өзіне және өз күшіне сену, жақсылық жасау, өзін тануға және өзін-өзі жан-жақты жетілдіруге мүмкіндіктерін дамытады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру, ізгілікті білім беру ортасын құру, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек» деп айтып өткен болатын [1]. Адамның туылған кезінен қоршаған орта және өз-өзі туралы ойлары, түсініктері өзін-өзі тану үдерісінен қалыптасады.

Өзін-өзі тану арқылы адам өзін тұлға ретінде түсінеді, өзінің «Менінің» мәнін таниды, психологиялық және физикалық қабілеттерін зерттейді. Өзін-өзі тану - бұл тұлғаның тұтастығын, бірлігі мен дамуын қамтамасыз ететін психикалық үдеріс. Өзін-өзі тану деген не екенін түсіну үшін оның қалыптасуының негізгі аспектілерін қарастыру қажет. Өзін-өзі тану үдерісі сыртқы әлемді бейнелеу өлшеміне қарай және өзі-өзін бірегей тұлға ретінде тани отырып кезең-кезеңмен қалыптасады.

Тұлғаның өзін-өзі тануы индивидті ұйымдастырудың үш саласына сәйкес келетін үш деңгейден тұрады. Биологиялық деңгейде өзін-өзі жеке, автономды ағза ретінде тану орын алады. Әлеуметтік деңгей оқу қабілеттілігін, шеберлікті және қоғамдағы мінез-құлық нормаларын меңгеруді білдіреді. Тұлғалық деңгей таңдау жасау, шешім қабылдау, мінез-құлқын үйлестіру және өз өмірін ұйымдастыру қабілетін білдіреді.

Өзін-өзі тану және тұлғаның дамуы - бұл адамның өзін-өзі тануының сәттілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін категориялар. Адамның өзін-өзі тануы - бұл адамның өзін бағалауы, өзіне объективті қарау қабілеті және өзіне таным объектісі ретінде өзіне қарай алуептілігі. Даму дегеніміз - дамудың ең жоғары деңгейіне жету үшін өз күштерімен өзінің потенциалды мүмкіндіктерін жетілдіруептілігі.

Психологияда ғылыми тұжырымдама бар, соған сәйкес өзін-өзі тану процесі белгілі бір аспектілермен көрінетін кейбір семантикалық сипаттамаларға ие: адам денсаулығы

(психологиялық және психикалық); жеке әлеует (потенциалды оңтайлы іске асыру); үйлесімділік (ішкі әлем және психологиялық жетілу). Барлық осы аспектілер өзара әрекеттеседі, тұлғаның өзін-өзі танудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ете отырып тұтастай жұмыс істейді.

Өзін-өзі тану ерте жастан басталады. Балалар дамиды, өз қабілеттерін біледі, сыртқы әлемнің басқа объектілерінен ерекшеленуге үйренеді, имитациялық механизмдерді қолдана отырып, сыртқы әлеммен танысады. Жас баланың психикасы соншалықты сезімтал, ол губка тәрізді, жақсы және жаманды ажыратпай (не жаман?, не жақсы? және жақсы ақпараттың мұндай түрі қажет пе? оған нақты не керек?), айналасында болып жатқан барлық нәрсені, заттар мен процестер туралы барлық ақпаратты сіңіреді. Бала үш жастан кейін жеке тұлғаның өзіндік дамуы одан сайын қалыптаса бастағанда, объектілердің мағынасын түсіне бастайды және қабылданған ақпаратты дұрыс ажырата бастайды.

Адамның өзін-өзі дамытуының көптеген теориялық келістері мен тұжырымдамалары бар. Мысалы, өзіндік тұжырымдама, бұл адамның өзін-өзі дамыту процесіне қабілеті мен дайындығын қамтиды.

Жас ерекшелік қалыптасу процесінде адам өзі туралы өзіндік сенімдерін қалыптастырады және өзін-өзі дамытудың негізгі импульсі болып табылатын және адамның мінез-құлқын анықтайтын осындай жеке мотивті табады. Бұл мотивке қатысты адамның ойлары мен сезімдерінің белгілі бір мазмұны құрылады, оның мінез-құлқының ерекшелігі, дүниеге жеке көзқарасы мен дүниетанымы қалыптасады. Осы теориядан әр адам өзінің өмірлік сценарийін жасайды және оны сана мен ойлау тәсілінің өзгеруі арқылы жетілдіре алады. Өзіндік тұжырымдама теориясы адамның «Мен» үштік бейнесінен тұратын тұлғалық құрылымды негіздейді.

«Мен» - идеал - адамның бірегейлігі, оның жеке қасиеттері, армандары, мұраттары мен үміттері туралы нақты түсінігін құрайды. «Мен» - идеал дегеніміз - нақты тұлға үшін идеалды адамның интеграцияланған бейнесі. Мұндай идеал ең жақсы қасиеттерді, қалаған мінез белгілерін, оңтайлы мінез-құлық үлгілері мен өмірлік құндылықтарды біріктіреді. «Мен» - шынайы - бұл адамның өзіндік бейнесі, шын мәнісінде ол қандай, өзін-өзі солай көре алуы. Бұл нағыз тұлғаны, оның мінез-құлқын, дүниетанымын және т.б. бейнелейтін ішкі айна.

Адам өзін қалай бағалайтындығына қарай, оның өзін-өзі бағалау деңгейі байқалады, өзін тартымды немесе өз-өзіне көңіл толмаушылықты сезінеді. Өзін-өзі бағалау деңгейіне қарай, өзіндік бағалау не индивидуалдықты сақтайды немесе тұлғаға үлкен дискомфорт әкелетін тұйыққа итермелейді.

Өзін-өзі тану және адамның дамуы - бұл жеке адамда болатын екі ажырамас процесс. Егер адам өзін бірегей жеке тұлға ретінде түсінбесе және оны қабылдамаса, ол конструктивті өзін-өзі дамыта алмайды, қай бағытта қозғалатындығын білмейді және оған сәйкес мотивация болмайды. Өзін-өзі тану адам кемелденіп, есейген сайын пайда болады және дамиды, сонымен бірге психикалық функциялардың дамуы және сыртқы әлеммен байланысы кеңейеді [2].

Өзіндік сана сезім, өзін-өзі тану үдерісінің нәтижесінде тұлғаның Мен-тұжырымдамасы қалыптасады. «Мен – тұжырымдамасы» түсінігін 20 ғасыр соңында американдық философ және психолог У. Джеймс енгізген болатын. Көрнекті психолог, гуманистік бағыттың өкілдері А. Маслоу, К. Роджерс және жаңа психоаналитикалық дәуірдің гуманисі Э.Эриксонның еңбектері арқылы «Мен – тұжырымдамасы» теория жүзінде және тәжірибеде кеңінен дамыса [3], ал кеңестік психологияда «Мен – тұжырымдамасының» мәселесімен Б.Г. Ананьев, И.С. Кон, Д.А. Леонтьев, В.В. Столин, А.А. Реан айналысты.

К. Роджерс «Мен-тұжырымдамасының» негізгі ережелерін былайша ұсынады:

«Мен-тұжырымдамасы»-бұл мәдени құндылықтарға құштар индивидтің елестетулері және ішкі болмысы.

«Мен-тұжырымдамасы» тұрақтылық қасиетке ие және адамның іс-әрекетін орнықты тәсілдерімен қамтамасыз етеді.

«Мен-тұжырымдамасы» даралық және бірегейлікк қасиетке ие.

Индивидтің тәжірибесі мен оның «Мен-тұжырымдамасының» арасындағы айырмашылық психологиялық қорғаныш механизімінің көмегімен бейтараптанады.

«Мен-тұжырымдамасы» «өзіндік сана-сезім» ұғымына жақын, бірақ «Мен-тұжырымдамасы» өзіндік сана-сезімнің нәтижесі болып табылады.

«Мен-тұжырымдамасы» қоршаған ортамен әлеуметтік өзара қарым-қатынас процессінде психикалық даму нәтижесі ретінде көрінеді.

С.Л. Рубинштейннің пікірінше тұлғаны психологиялық зерттеу мәселесі тұлғаның психикалық ерекшелігін – оның қабілеттіліктерін, темпераменті мен мінезін зерттеумен ғана емес, ол тұлғаның өзіндік сана-сезімін ашып көрсетумен аяқталады [4].

XX ғасырдың басында әлеуметтанушы Ч. Кули «Айналық Мен» теориясын жасады, оның пікірінше адамның өзіндік бейнесі мыналарды қамтиды:

- Оны басқа адамдар қалай елестетеді;
- Басқа адамдар оған беретін бағалаулары жөніндегі елестер;
- Интегралды Мен сезімі (мақтаныш, құрметтеу және т.б.).

Осы елестерге сәйкес адам оның тұлғасын анықтайтын өз әрекеттерін жасайды [5].

Белгілі бір әлеуметтік топтар шегінде индивидтің басқа адамдармен шынайы өзара байланыс үдерісінде адамның «Менінің» қалыптасуын зерттеген Д.Т. Мид болатын. Д.Т. Мид пікірінше, өзіндік сана-сезім – индивидтің басқа адамдармен практикалық өзара қарам-қатынасы негіз болып табылатын үрдіс. Басқа адамдармен табысты қарым-қатынас жасау үшін, оның белгілі бір іс-әрекетке деген қатынасын алдын-ала болжау қажет. Өзінің психикалық күйін түсіне алады, бірақ мәселе онда емес, өзін басқалардың орнына қойып көру, басқалардың өзіне деген қатынасын ұғынуда.

К. Роджерс өзіндік сана-сезім жайлы, «Мен-тұжырымдаманы» индивидтің санасында бар өзіндік фигура мен фон және «өзіндік Менді», сондай-ақ ол түсе алатын қарым-қатынасты, сонымен қатар өткен шағы, осы шақ, болашақтағы «Меніне» қатынасымен және түсінетін сапалық қасиеттерімен байланысты позитивті және негативті құндылықтарды қосатын күрделі құрылымдық бейне деп түсіндіреді. «Мен-тұжырымдамасы» өзіне «Шынайы» және «Идеалды Менді» қосады[6].

Тұлғаның дамуын өзін-өзі өзектендіру теориясында А. Маслоу басынан бастап темперамент, мінез, интеллектке қатынасында өзінің тұқым қуалаушылық және генетикалық бейімділігін өзектендіру ұмтылысымен байланысты ішкі процесс ретінде түсіндіреді. Маслоу өзін-өзі өзектендіру немесе өзін-өзі танытуды маңызды адами қажеттіліктің бірі деп атап көрсетеді.

Карен Хорни өзекті немесе эмпирикалық «Менді» бір жағынан идеаландырылған «Меннен» және басқа жағынан шынайы «Меннен» - бөліп көрсетеді. Өзекті «Мен» - адам дәл қазіргі уақыттағы жағдайы туралы: оның жаны мен тәні, денсаулығы және жүйкесі. Идеаландырылған «Мен» - бұл субъект өзінің иррациональды қиялындағы қандай екендігі немесе невротикалық астамшылдығы немен байланыстылығын білдіреді. Шынайы «Мен» - бұл невроздан тәуелсіз кезінде субъект қайтадан толық идентификацияға жете алатын, өзін-өзі көрсету мен индивидуалды өсуге бағытталған «бастапқы» күш [7].

И. С. Кон өзіндік сана-сезімнің маңызды қызметтері – реттеуші-ұйымдастырушылық және эго-қорғаныш мәселесімен байланысты индивид өзін адекватты қабылдап және бағалай алама деген сұрақты көтереді. өзінің мінез-құлқын сәтті басқару үшін субъект орта туралы да, өзінің тұлғасының күйлері және қасиеттері туралы адекватты ақпаратты меңгеруі қажет. Эго-қорғаныс функциясы ақпараттар бұрмаланған жағдайда да Мен-бейнесінің тұрақтылығын және өз-өзін сыйлауды қолдауға бағдарланған. Осыған қатысты сол бір субъект адекватты да, жалған өзіндік бағалауды да беруі мүмкін [8].

Пасторино және Дойль-Портийо «Мен-тұжырымдамасы» - біздің қабылдауымыз, біздің қабілеттіліктеріміз бен бірегейлігіміздің бейнесі. Басында біздің әрқайсысымыздың «Мен-тұжырымдамамыз» өте жалпылама және құбылмалы мінезге ие. Біз есейе бастаған сайын, бұл тұжырымдама ұйымдастырылған, айқын және нақты бола бастайды» деп көрсетеді [9].

Вейтен Данн және Хаммердің пайымдауынша «Мен-тұжырымдама» - бұл өзіндік табиғаты жөнінде елестетулерді, бірегей сапаларды және әдеттегі іс-әрекеттердің жиынтығын көрсетеді. Сіздің «Мен-тұжырымдамаңыз» - сіздің өзіңіз жайлы ойша көрінісіңіз. Ол өзіне мысалы, «мен қозғалуға жеңілмін», «мен сүйкімдімін» немесе «мен еңбекқормын» деген секілді мақұлдауларды қосуы мүмкін.

Адамның психологиялық-әлеуметтік даму үдерісі, тұлғаның «Мен – тұжырымдамасының» қалыптасу кезеңдері Э.Эриксонның шығармашылық жұмыстарында толық ашылған. Э.Эриксонның пікірінше, даму кезеңінің дәл сол қоғамға лайық тұлғадан күтетін бір үміті бар. Жеке тұлға үмітін ақтауы да, ақтамауы да мүмкін, сонда ол қоғамға сіңіп кетеді немесе қабылданбайды. Эриксон бойынша әр кезеңде лайықты мәселелердің шешілуі тұлғаның психомоторлық даму деңгейіне байланысты, сондай-ақ тіршілік етіп жатқан қоғамдағы рухани атмосфераға да байланысты. Эриксонның осы ойлары оның тұжырымын түсіндіретін екі маңызды

түсініктің негізі, ол «топтық ұқсастық» және «эго-ұқсастық» түсініктері болып табылады. Өмірінің бірінші күнінен бастап баланың тәрбиесі көзделген әлеуметтік бір топқа енгізуге бағытталған, міне, осы бағыттың арқасында топтық ұқсастық қалыптасады. Эго – ұқсастық, топтық ұқсастықпен бірдей қатарласып қалыптасады және де субъектінің тұрақтылық сезімін тудырады. Адамның өсуіне, дамуына байланысты өзгерістерге қарамастан өзінің «Мен» деген сезімі үздіксіз тұрақтанады. Тұлға тұтастығының, яғни эго-ұқсастықтың қалыптасуы оның бүкіл өміріне созылады, және бірнеше кезеңнен өтеді. Эриксон: адам өзінің өмірлік жолында ішкі сенімділікке ие болатын болса эго-ұқсастық сезімі оптималды болып табылады деп санайды. Ұқсастықты қалыптастыру процессінде индивидуалдық тәжірибенің нақты мазмұны ғана емес, сондай-ақ индивидтің тәжірибенің ажырамас бөлігі ретінде әр түрлі ситуацияларды қабылдай алу қабілеті де маңызды [10].

Алайда тұлға өзінің өмірлік жолында өз-өзін және қоршаған ортаны саналауда адекватты Мен-тұжырымдамасы қалыптаса бермейді. Оған кері әсер ететін көптеген факторлар бар. Сол факторлардың бірі тұрмыстық зорлық-зомбылық. Әдетте отбасындағы зорлық-зомбылықтан әйелдер және балалар жиі зардап шегеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан отбасылық әлеуметтену үдерісінде әйелдердің өзіндік сана-сезімі өзгеріске ұшырайды. Әйелдердің виктимді мінез-құлқы қалыптасады.

Отбасында әйелдердің виктимдік мінез-құлқын қалыптастырудың алғышарттары бала кезінде бастан кешкен зорлық-зомбылықтың салдары болуы мүмкін. Осы мәселені қарастыра отырып, А. Н. Елизаров балалық шақта зорлық-зомбылықты бастан кешкен адамдарда өзінің азап шегушілерге қатысты адалдық, өзін-өзі өлтіруге дайын болу, көшбасшының теріс тұлғасын таңдауға бейімділік, сондай-ақ тәуелсіз тұлғаның белгісі (басқаларға өзіне зиян келтіруде көмектесу, өзіне кінә мен жауапкершілікті қабылдау, қоршаған ортаға тәуелділік және т.б.) сияқты қасиеттердің дамуын атап өтеді [11].

Құрбан болған әйелдерге тән белгілердің бірі - олардың өмірінің көп саласында шектеулер қою мүмкін еместігі. Тұрақты емес отбасылық немесе физикалық және эмоционалдық зорлық-зомбылықтық қатынаста жүрген әйел не қалайтынын, не ұнайтынын, не сезетінін және неге сенетінін нақты елестете алмайды. Осы ұстанымдарды жақсы түсінетін адамдармен қарым-қатынаста әйел «өзін төмен» сезінеді. Ол басқаларға «жоқ» деп айта алмайды және айналасындағылардан талаптарды пассивті түрде күтеді. Мұндай әйел шынымен нені қалайтынын білсе де, оны қалай жасау керектігін білмейді. Құрбан болған әйелдер басқалардың оған қалай жүгінуі керектігі туралы нақты түсінікке ие емес, олар жеке басының психологиялық шектері мен серіктестің жеке шекаралары қайда басталатындығын білмейді, олардың сезімдері мен қажеттіліктеріне назар аудармайды. Өзі үшін жауапкершілік басқалар үшін жауапкершілікпен ауыстырылады. Сипатталып отырған реакция түрі патологиялық синтездің невротикалық механизміне сәйкес келеді. Мұндай реакцияда тұлға өзін басқалардан ажырата алмайды, өзінің «Мені» қай жерде аяқталады және басқа адамның «Мені» қайда басталатындығын нақты анықтауға қабілетсіз. Жәбірлеуші қатынастан зардап шегіп отырған әйелдің өзіндік «Менінің» шекарасы шатасқандығы соншалықты, өзінің жеке сезімдері, ойлары және қалауларын, басқа адамның сезімі, ойы және қалауынан ажыратудан қиналады. Құрбан болған әйелдер «Эгоның» белгісіз шекарасымен сипатталады. өзін басқалардан ажыратып тұратын «Эгоның» функциясы бұзылған. Жеке сезімдерін, реакцияларын басу «бірлескен тәуелділік күйінің» генезисінде және тұлғаның виктимді мінез-құлықында жатыр[12], Лефтеров В.А., Вакулич Т.М. өздерінің зерттеулерінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің «Мен-тұжырымдамасын» былайша сипаттайды:


- аффективтік функциялардың бұзылуы («сезімдердің обнубиляциясы» – өзіндік сезімдер, уайымдар мен үрдістерді түсінбеу немесе бұрмаланған қабылдау: агрессивті тенденциялар қамқорлықтың көрінісі ретінде қабылданады; эмпатиялылық және шынайылық -әлсіздіктің көрінісі ретінде; коммуникабельділік және басқалармен қарым-қатынас-өзіндік абайсыздық ретінде; басқалардың тарапынан қолдау тенденциясы-өзінің пайдасыздығының дәлелі ретінде);
- деформацияланған өзін-өзі қабылдау және төмендетілген өзін-өзі бағалау (серіктес-жәбірлеуші қатынасты өзіне ауыстыру салдарынан: өзін мейрімсіз және басқаларды түсінуге қабілетсіз деп сезіну, қалыпты қатынас орнатуға қабілетсіздікті сезіну, басқалардың бағалауын өзінікі ретінде қабылдау);

- «Эго» шекарасының бұзылуы (серіктес-жәбірлеушінің пікірлерін қабылдау, оның ойларын өзіндік «Мен-бейнесіне» ассимиляциялау, яғни әйел жәбірлеушінің барлық жәбірлерін біртіндеп қабылдап, өз-өзіне деген сенімділікті жоғалтады) [13].

Жоғарыда келтірілген зерттеулерге сүйене отырып біздің елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болып отырған әйелдердің «Мен-тұжырымдамасын» анықтау мақсатында біз зерттеу жүргіздік. Зерттеу барысында құрбан болған әйелдерге «Мен кіммін?» әдістемесі қолданылды. Жалпы зерттеуге 140 әйел қатысты. Оның ішінде эксперименталды топ ретінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер (70 әйел), ал бақылау тобы ретінде (70 әйел). «Мен кіммін?» әдістемесі тұлғаның бірегейлігінің мазмұндық сипаттамаларын зерттеуге арналған. Мен кіммін? сұрағы адамның өз-өзін қабылдаудағы сипаттамалармен, яғни «Мен» бейнесімен немесе Мен-тұжырымдамасымен тікелей байланысты.


Әйелдердің өзіндік бағалауы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көрсеткіші ретінде талдау барысында мынандай нәтиже алынды.

«Өзін-өзі бағалау» параметрі бойынша нәтижелердің талдамын 1-суреттен көруге болады.



Суреттен көріп отырғанымыздай бақылау тобына қарағанда эксперименталды топта адекватты емес өзін-өзі бағалау өте жоғары 71% құрап отыр. Оны зерттелушілердің берген мынандай жауаптарынан байқауға болады: мен бақытсызбын, менің қолымнан келмейді, шешім шыға алмаймын, балаларды дұрыс тәрбиелей алмаймын ба деп қорқамын, қорқақпын, адамдармен ашылып сөйлеспеймін, мінезімді өзгерткім келеді, өзімді өзгерткім келеді, қателік жасадым және т.б.

«Дифференцияланған Мен-тұжырымдамасы» параметрі бойынша нәтижелердің талдамын 2-суреттен көруге болады.



Құрбан болған әйелдердің дифференцияланған Мен-тұжырымдамасы бақылау тобымен салыстырғанда төмен көрсеткішке зерттелушілердің 82% ие болды. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер өзінің Менің басқалардан ажырата алмайды. Оған мысал ретінде бір зерттелушінің жауабын келтіруге болады. Берген жауапта тек балалары туралы ғана айтылған, олар үшін қуанатының, солар үшін өмір сүретінің және солар үшін бар өмірін арнайды. Зерттелушілер өздері туралы жеке қасиеттерін жазбайды немесе өз-өзіне сенімсіздікті, мазасыздықты, тұйықтықты көрсетеді.

Бірегейлік параметрі бойынша нәтижелер:

Эксперименталды топта «әлеуметтік-Мен» бейнесі жоғары, яғни мен анамын, менің төрт

баланың анасымын, мен тұлғамын, мен әйелмін және т.б.

«Коммуникативті-Мен» тек теріс сипаттамалар берілген: мен қарым-қатынас жасай алмаймын, тұйықпын, өзімді ұстай алмаймын және т.б.

«Физикалық-Менге» қатысты сипаттамалар өте аз, бұл құрбан болған әйелдердің өзінің физикалық дене бітіміне көңіл толмаушылығымен немесе көңіл аудармауымен байланысты болуы мүмкін.

«Материалдық-Мен» қатысты сипаттамаларды зорлық-зомбылықты көрген әйелдер мүлдем көрсетпеген. Себебі зардап шеккен әйелдердің басым көпшілігі материалдық жағдайы төмен адамдар.

«Әрекеттегі-Мен» бойынша құрбан болған әйелдер өздерінің сүйікті ісі немесе қызығушылықтары туралы жауаптар көрсетпеген. Бұдан біз күнделікті өмірде отбасында зорлық-зомбылыққа душар болған әйелдер өздерінің қызығушылықтарымен айналысуға жолдастары мүмкіндік бермегенін байқауымызға болады.

«Рефлексивті-Мен» бейнесіне қатысты құрбан болған әйелдер жағымды тұлғалық қасиеттерге қарағанда теріс қасиеттерді көбірек берген. Алайда тұлғалық қасиеттеріге сипаттама берген әйелдер аз.

«Перспективті-Мен» қатысты отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер көпшілігінде ең алдымен өмірін өзгерткісі келетінің, сондай ақ балалары үшін өмір сүретіндіктертін көрсетеді.

Ал бақылау тобына келетін болсақ оларда рефлексивті-Мен, әрекеттегі-Мен, перспективадағы-Мен жоғары.

Сонымен қорыта келгенде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің өзіндік бағалауы төмен, теріс өзіндік идентификация тән, тұлғалық дифференцация өте төмен дәрежеде, өзіндік рефлекция төмен, яғни адекватты Мен бейнесі немесе Мен-тұжырымдамасы қалыптаспаған.

Еліміздің егемендігі нығайып, ертеңіне сеніммен қадам басқан шағында заманына сай адамын тәрбиелеу үшін отбасының ұйытқысы болатын әйелдердің шаңырағы шайқалмауы керек. Өзін-өзі тану - әрбір адамды қоршаған ортада өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінуіне ықпал етіп, өзін толық іске асыруына, өзінің әлеуметтік рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, қоғамға қызмет ету әлеуетін көтеруге және әрбір тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге жетелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. https://bilimainasy.kz/
2. https://psihomed.com/samopoznanie/
3. Бернс, Р. Я-концепция и воспитание / Р.Бернс. - М.: Прогресс, 1986. - 424 с.
4. С.Л. Рубинштейн Проблемы общей психологии (1973)
5. http://psi.webzone.ru
6. Роджерс, К. Взгляд на психотерапию / К.Роджерс. - М.: Эксмо-Пресс, 2001. - 416 с.
7. Хорни К. Самоанализ. — М. : Академический проект, 2009.
8. Кон, И.С. В поисках себя: личность и ее самосознание / И.С.Кон. - М.: Политиздат, 1984. - 335 с.
9. Пасторино и Дойль-Портийо я-концепция, 2013.
10. Лебеденко, Е.Н. Развитие самосознания и индивидуальности. Выпуск 1. Какой Я? Методическое руководство / Е.Н.Лебеденко. – М.: Книголюб, 2005. - 64 с.
11. Елизаров А.Н. Социально-психологическая помощь семье, страдающей от насилия // Психология зрелости и старения. Ежеквартальный научно-практический журнал. 2006. № 4 (36). С. 32–48.
12. Малкина-Пых И.Г. Психология поведения жертвы: справочник практического психолога. М.: ЭКСМО, 2006. 1008 с.
13. Лефтеров В.А., Вакулич Т.М. Психологические особенности виктимного поведения женщин в ситуациях домашнего насилия [Электронный ресурс] // Психология и право. 2013. № 2. URL: http://psyjournals.ru/psyandlaw/2013/n2/61022.shtml (дата обращения: 29.08.2019).

Мендалиева Д.К.
химия ғылымдарының докторы
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Қоныспай Р.Қ.
2 курс магистранты
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
e-mail: konyspai.r96@gmail.com

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНДЕГІ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДЫҢ РӨЛІ

Түйін. Мақалада болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін және шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында аналитикалық химия пәніндегі есептер шығарудың рөлі қарастырылған. Есептер жүйесін құрастырудың әдістемелік принциптері анықталған. Талдау нәтижелерін өңдеу тақырыбы негізінде олардың іске асырылуы көрсетілген.

Кілт сөздер: аналитикалық химия, кәсіби құзыреттілік, есептер, есептер шығару, білім алушы, педагогикалық тенология, болашақ маман.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы о роли решения задач в курсе аналитической химии в повышении творческой активности и профессиональной компетентности будущих специалистов. Определены методические принципы составления системы задач. Показана практическая реализация их на примере изучения темы обработка результатов анализа.

Ключевые слова: аналитическая химия, профессиональная компетентность, расчетные задачи, решение задач, обучающиеся, педагогические технологии, будущий специалист.

Summary. The article deals with the role of problem solving in the course of analytical chemistry in increasing the creative activity and professional competence of future specialists. The methodical principles of the system of tasks are defined. The practical implementation of them on the example of studying the topic processing of the analysis results is shown.

Key words: analytical chemistry, professional competence, calculation tasks, decision tasks, students, pedagogical technologies, future specialist.

Болашақ мамандардың шығармашылық кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – заманауи жоғары мектептегі маңызды міндет [*Пак М.С.,2015, с.115, Зайцев О.С.,2012,с.315, Космодемьянская С. С.идр.2011, с.80*]. Жоғары білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты мамандарды даярлаудың дәстүрлі ақпараттық жүйесін реформалау, яғни студенттің білім мен іскерлікті жинақтауы емес, ал жаңашыл мақсаты үнемі шығармашылық тәжірибемен байыту, тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жүзеге асыру механизмін қалыптастыру болатын педагогикалық технологияларға көшу қажеттілігі туындайды [*Якиманская И.С., 1994, с.31*].

Жоғары оқу орындарының басты мақсаты - білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды даярлау.

Болашақ мамандар қазіргі заман талабына сай болуы тиіс. Бұл орайда оқу үдерісінде аналитикалық химияның маңызы өте жоғары.

Аналитикалық химия курсын оқып үйрену бірқатар жеке қасиеттерді (байқампаздық, сыншылдық, ұқыптылық, логикалық ойлау) қалыптастыруға көмектеседі, зерттеушіге, технологқа және оқытушыға қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастырады. Мұны аналитикалық химия пәнінің ерекшелігіне жатқызуға болады.

Аналитикалық химияның оқу пәні ретіндегі ерекшелігі төмендегі жағдайлармен анықталады:

- аналитикалық химия қолданбалы химия саласына жатады, яғни басқа химиялық пәндерге қарағанда, теориялық білімдері практикамен тығыз байланысты [*Золотов Ю.А., идр, 2007, с.386*];
- пәннің теориялық негіздерінің әртүрлілігі және осыған байланысты пәнаралық байланыстардың (бейорганикалық, физикалық, коллоидтық химия) жоғары болуы;
- кәсіби бағытталуы аналитикалық химияны оқу барысында химиялық зертханаларда жұмыс істеу үшін қажетті білім, білік және дағды кешенін қалыптастыру. Тиісті кешен тек аналитик мамандарға ғана қажет емес, сондай-ақ бұл арнайы химиялық пәндерді оқытуда, курстық және дипломдық жұмыстарды орындау үшін де қажетті база. Қарапайым талдауды

орындау, оның нәтижесін есептеу және осы нәтиженің дәлдігін бағалауды білу мамандық пен жұмыс орнына қарамастан бітірушіге талап етіледі. Аналитикалық химия курсының ерекшелігі дәстүрлі түрде жоғары мемлекет талап ететін білім мен іскерліктің деңгейін қамтамасыз ету мақсатында қажетті есептер және эксперименттік есептерді шығаруға назар аудару.

Аналитикалық химия курсын оқу үдерісінде есептер шығару студент қызметінің маңызды түрі болып табылады. Соның ішінде, білім алушыларды стандартты алгоритмдер бойынша есеп шығаруға үйрету қажет (анализ нәтижелерін есептеу, қателікті бағалау, тепе-теңдік көрсеткішін есептеу т.б.). Бұл есептер талдау әдістемесін таңдауға және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, студентті берілген әдістеме бойынша талдау жасауға, осы әдістемеден ауытқу салдарын алдын ала болжай отырып, саналы түрде орындауға үйрету керек. Демек, кейбір әдістеме бойынша талдау барысын модельдейтін компьютерлік бағдарламаларды қолдану өте пайдалы [*Вершинин В.И., 1992, с.389*]. Үшіншіден, студенттерді өзіндік әдістеме құрастыруға қажет қойылған міндеттерге сәйкес келетін талдау әдісін, реагентті, индикаторды және т.б. параметрлерді анықтамалық деректер бойынша таңдауға үйретеді.

Аналитикалық химия курсы үшін есептер жүйесін құру аналитикалық химияның оқу пәні ретіндегі ерекшелігін алдын ала анықтауды талап етеді. Пәннің ерекшелгі ең алдымен аналитикалық химия курсын және пәнді оқу үдерісінде шешілетін жеке мәселелерді зерттеу мақсаттарымен анықталады.

Білім алушыларға арналған есептер жүйесін құру кезінде іске асырылатын әдістемелік қағидаттарға келесі міндеттерді жатқызуға болады [*Усова С.В., 2000, с.32*] :

1) болашақ маманға қажетті шығармашылық қабілеттерін мақсатты және жеке тұлғаға бағытталған оқу технологиялары арқылы дамыту;

2) есептің мазмұнында ұсынылған мәліметтердің, сондай-ақ есепті шығару тәсілдерінің ғылымилығы;

3) есептер мазмұнының проблемалық және кәсіби бағыттылығы;

4) әр түрлі есептерді шығарудағы сабақтастық немесе бірізділік, атап айтқанда мектеп және жоғары оқу орнының деңгейіндегі есептерді шығару кезінде;

5) есепті шығару мазмұны мен тәсілдерін іріктеу кезінде пәнаралық байланыстарды іске асыру. Атап айтқанда, жалпы кәсіптік пәндердің математикалық және жаратылыстану-ғылыми пәндермен байланысы ерекше маңызды.

Әдебиетте айтылған көзқарастарды жинақтай отырып, аналитикалық химия курсын оқытудың келесі мақсаттарын атап өтуге болады:

–ғылым ретінде аналитикалық химияның іргелі ұғымдарын меңгеру (мысалы, аналитикалық белгі, анықтау шегі, дұрыстығы, сынама алу, кездейсоқ қателіктер, мәнді цифралар және дөңгелектеу ережелері т.б. ұғымдарды меңгеру және бекіту) және маңызды талдау әдістерінің жалпы теориялық негіздерін меңгеру;

–әртүрлі әдістердің аналитикалық мүмкіндіктері, олардың қолданылу аймақтары және метрологиялық сипаттамаларымен танысу. Бұл кез келген нысанды талдау әдістемесін дұрыс таңдау үшін қажет;

–нақты химиялық эксперименттерді (талдауларды) өз бетімен орындау үшін қажетті білім, дағды мен білік кешенін меңгеру;

–басқа химиялық курстарда оқытылмайтын, бірақ талдаудың жекелеген әдістерін негіздеу үшін өзекті жалпы химиялық білімнің кейбір маңызды компонеттерін меңгеру. Бұл білімдердің физикалық химия, бейорганикалық химия курстарын оқу кезінде қарастырылатын негізгі заңдылықтармен байланысын орнату, оларды өзектендіру және практикада пайдалана білу қажет.

Аналитикалық химия пәні барлық химия мамандықтарында оқытылады. Сондықтан кез келген химия саласында қызмет атқаратын болашақ маман түрлі есептеулерді сауатты орындай білуі қажет. Осыған байланысты аналитикалық химия пәнін оқу үдерісінде есептер шығарудың маңызы зор.

Білім алушы ең бірінші алынған мәліметтерді дұрыс пайдалана және өңдей білуі қажет. Осыған байланысты білім алушы міндетті түрде нәтижелерді дұрыс өңдеу үшін мәнді сандар деген ұғымды түсіне және дұрыс пайдалана білуі керек. Алынған мәліметтерді мәнді сандармен өрнектейді. *Мәнді цифра деп* – белгілі санның нақты анықталған цифрасы мен плюс бірінші дәл анықталмаған цифраны айтады. Осы ұғымды студентке түсіндіру үшін төмендегі мысалды қарастыруға болады:

$$0{,}305;\ 3{,}05;\ 305{,}0;\ 3{,}05\cdot10^{2}$$

0,305 - үш мәнді цифра бар 2; 0; 5;

3,05 - үш мәнді цифра, 0 – бағалы;

305,0 - төрт мәнді цифра бар;

0,0305- үш мәнді цифра бар.

Осы сандардың ортасында тұрған 3 және 0 нақты, ал 5 – нақты емес, бірақ бәріде мәнді сандар. Дәрежеде алынған сан мәнді санға әсер етпейді. Нолдердің мәнді және мәнді емес цифрларға қатысты орнын анықтауға білім алушылардың назарын аудару қажет. Мысалы,

40,06 – мұнда нольдер екі цифра арасында орналасқан, сондықтан олар мәнді цифралар болады;

0,506; 0,056 – бұл сандарда нольдер бес деген цифралар алдында орналасқан, сондықтан олар мәнді сандарға жатпайды.

Цифраларды дөңгелектеудің маңызын түсіндіре отырып, оны білім алушыларға есептеулер арқылы түсіндіру қажет. Анализ нәтижелерін есептеулерде тек мәнді цифраларды пайдалану қажет. Сондықтан мәнді емес цифраларды алып тастау керек, ол үшін алынған мәліметтерді дөңгелектейді. Түсіну үшін төмендегі мысалдарды қарастыруға болады:

$$20{,}38 \approx 20{,}4$$
$$20{,}34 \approx 20{,}3$$

немесе

$$34{,}575 \approx 34{,}58$$
$$34{,}565 \approx 34{,}56$$

Білім алушыларға қиындық туғызатын 34,565 – 34,575 мына сандарды дөңгелектеу. Сондықтан 5-санының алдында тақ сан болса, дөңгелектегенде 1 цифра қосылады, ал жұп сан болса дөңгелектегенде 1 цифра қосылмайтындығын ескерту қажет.

Анализ нәтижелерін есептеуде қосу-алу операциясыда маңызды орын алады. Қосу-алу операцияларын орындағанда берілген заттардың немесе олардың құрамдас бөліктерінің үтірден кейін тұрған сандарын ескеруді қажет етеді. Мысал ретінде $CdSO_4$ салыстырмалы молекулярлық массасын есептеуін қарастыруға болады:

$$M_r(CdSO_4) = A_r(Cd) = 112{,}41$$
$$A_r(S) = 32{,}066$$
$$A_r(O) = 15{,}999\cdot4 = \underline{63{,}996}$$
$$208{,}472$$

Есептеулерде 208,47 алынады, себебі $A_r(Cd) = 112{,}41$ үтірден кейін дәлдік тек екі санмен анықталады.

Келесі мысалда түрлі дәрежелі цифраларды қосу қарастырылады. Мысалы, $[H^+]$-иондарының концентрациясы (моль/л): $3{,}00\cdot10^{-2}$, $3{,}52\cdot10^{-2}$, $2\cdot10^{-5}$ оларды қосу нәтижесінде мәліметті анықтау.

Шешуі. Алдымен дәрежелерін бір жүйеге келтіріп алу қажет:

$$3{,}00\cdot10^{-2},\ 3{,}52\cdot10^{-2},\ 2\cdot10^{-5}$$

Содан кейін қосуды орындау:

$$3{,}00\cdot10^{-2} + 3{,}52\cdot10^{-2} + 0{,}002\cdot10^{-2} + 6{,}522 = 6{,}52\cdot10^{-2}$$

Үтірден кейін тек екі сан алынып, қысқартылатындығына білім алушының назарын аудару қажет.

Көбейту, бөлуді орындағанда да мәнді цифраларды ескеру қажет. Мысалы 2,4 пен 2,35 сандарды көбейткенде 5,64 сан шығады, бірақ оның мәнді цифралары 5,6 тең болады, яғни дәлдігі төмен саннан жоғары бола алмайды. Мысалы, мына есептеулер нәтижесі төмендегі теңдікпен анықталады:

$$\frac{22{,}46\cdot0{,}2233\cdot0{,}05000}{1{,}3564}\cdot100\% = 0{,}184876069 \approx 18{,}48\%$$

Есептеу дәлдігі 22,46 санымен анықталады, себебі бұл санның дәлдігі берілген сандар ішінде ең төмен, сондықтан алынған нәтиже мәнді сандармен былай жазылады 18,48%. Сондықтан алынған нәтижелерді тең әдіске сәйкес мәнді сандармен сипаттау қажет.

Білім алушыларға қиындық туғызатын тағы бір аналитикалық химияның ұғымдары логарифмдеу және антилогарифм алу. Логарифмдеу қышқылдардың, сілтілердің, буфер ерітінділерінің pH-ын анықтауда, титрлеу қисықтарын сызуда, константаларды анықтауда кеңінен қолданылады. Бұл операцияны түсіндіру мақсатында төмендегі мысалдарды қарастыруға болады.

Мысалы, HCl-дың концентрациясы 0,025 моль/л тең. Ерітіндінің pH-ын анықтау қажет. Мәнді сандар $2{,}5\cdot10^{-2}$ моль/л.

$$pH = -\lg 2{,}5\cdot10^{-2} = -0{,}4 + 2 = 1{,}6$$

Ал ерітіндінің pH-ы белгілі болып, керісінше сутек иондарының концентрациясын анықтауда, оның мантиссасын анықтап алу керектігін ескерту қажет.

Мысалы, pH=6,5 тең болғанда:

$$[H^+] = 10^{-6{,}5} = 3{,}2 \cdot 10^{-7} \text{ моль/л}$$
$$pH = 7\text{-}0{,}5 = 6{,}5$$

Көп жағдайда білім алушылар дұрыстық пен қайталанымдылық ұғымдарын шатастырады. Бұл ұғым бойынша нақты білім қалыптастыру мақсатында, оларға мына есептеулер арқылы түсіндіру қажет. Анализ нәтижелерінің қайталанымдылығын бағалау үшін екі әдіспен орындап салыстырады [*Харитонов Ю.Я., 2003, с.19*]. Алынған нәтижелерді бір-бірімен салыстырып бағалау үшін F-тест (F-критерий, Фишер критерийін) қолданылады. F-критерийі екі әдіспен алынған дисперсия қатынасымен анықталады:

$$F = V_1 / V_2 = S_1^2 / S_2^2$$

яғни, экспериментті орындағанда $V_1 > V_2$ іске асырылуы қажет, демек бірінші әдістің тәжірибе саны, екіншіден көбірек болуы қажет.

Егер эксперименттік нәтижесінде алынған F-тесттің шамасы $F_{теор}$ – шамадан төмен болса, онда қайталанымдылықта айтарлықтай қате жоқ [*Кристиан Г., 2013, с. 148*]. Қайталанымдылық ұғымы білім алушыларға төмендегі есептеулер арқылы түсіндіріледі.

Мысал. Бір үлгіні екі әдіспен анализдеу нәтижесінде төмендегі мәліметтер алынған:

I әдіс нәтижелері (*г*): 15,7; 15,5; 15,3; 15,0; 15,1; 14,6; 14,9.

II әдіс нәтижелері (*г*): 15,0; 14,8; 15,1; 14,9; 14,7; 14,5.

Шешуі:

I әдіс нәтижелерін талдау:

$$\bar{x} = 15{,}2$$

$$\sum (x_i - \bar{x})^2 = 0{,}85$$

$$S_1^2 = \sum (x_i - \bar{x})^2 / n - 1 = 0{,}85/6 = 0{,}14$$

II әдіс нәтижелерін талдау:

$$\bar{x} = 14{,}8$$

$$\sum (x_i - \bar{x})^2 = 0{,}24$$

$$S_2^2 = \sum (x_i - \bar{x})^2 / n - 1 = 0{,}24/5 = 0{,}05$$

Фишер-критерийі:

$$F = S_1^2 / S_2^2 = 0{,}14/0{,}05 = 2{,}8$$

Кестеде $(n-1) = 6$ және $(n-1) = 5$ тең болғанда Фишер-критерийі 4,95 болуы керек. Есептелген сан теориялық саннан төмен болғандықтан екі әдіспен орындалған тәжірибенің қайталанымдылығын да айырмашылық жоқ екендігіне студенттер көз жеткізеді.

Эксперименттің дұрыстығын бағалау үшін төмендегі есептеулер арқылы білім қалыптастыру қажет

Мысалы, үлгі құрамында алюминийдің массалық үлесі көптен қолданылып жүрген (1) және жаңадан жасақталған (2) әдістемелермен анықталған. Нәтижесінде төмендегі мәліметтер алынған:

1) қолданылған әдістеме бойынша (%):
10,10; 10,50; 9,65; 9,75; 9,40; 10,20 (n = 6)
2) жаңадан жасақталған әдістеме бойынша (%):
9,80; 9,70; 9,50; 9,65; 9,40 (n = 5)

Жаңадан жасақталған әдістемемен алынған мәліметтердің дұрыстығын анықтау қажет.

Шешуі: алдымен еептеулерге қажетті шамаларды есептеп алу қажет.

I әдістеме нәтижелерін талдау:

$$\overline{x} = 9{,}93\%$$
$$\sum (x_i - \overline{x})^2 = 0{,}818.$$

II әдістеме нәтижелерін талдау:

$$\overline{x} = 9{,}61\%$$
$$\sum (x_i - \overline{x})^2 = 0{,}64.$$

Кейін Фишер тестін есептейді:

$$F = \frac{0{,}818}{0{,}64/4} = 1{,}02$$

Теориялық Фишер тестін (6,26) есептелген Фишер кийтериімен салыстырады. Есептелген F төмен болғандықтан, екі әдістеме бойынша алынған мәліметтердің ауытқуы салыстырмалы ұқсас деп есептеуге болады.

Дұрыстықты бағалау үшін t-критерийді де қолдануға болады. Ол үшін төмендегі теңдікке сүйінеді [*Мендалиева Д.К., 2003, с. 182*]:

$$S_p = \sqrt{\frac{\sum\left(x_{i_1} - \overline{x}_1\right)^2 + \sum\left(x_{i_2} - \overline{x}_2\right)^2}{n_1 + n_2 - 2}}$$

$$\pm t = \frac{\overline{x}_1 - \overline{x}_2}{S_p}\sqrt{\frac{n_1 \cdot n_2}{n_1 + n_2}}$$

Алынған мәліметтерді осы теңдіктерге қойып есептеулер орындалады:

$$S_p = \sqrt{\frac{0{,}818 + 0{,}64}{9}} = 0{,}40$$

$$\pm t = 0{,}40\sqrt{\frac{6 \cdot 5}{6 + 5}} = 1{,}32$$

Теория бойынша $(n_1 + n_2 - 2)$ = (6+5-2) = 9 тең және 95% сенімдік ықтималдық 95% болғанда t = 2,262 тең болуы керек.

Екі әдістемемен алынған мәліметтер арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, сондықтан ұсынылған әдістеме дұрыс жасақталған деп қорытынды жасалынады.

Есептерді осылайша жүйелі түрде құрастырып және оны оқу үдерісінде қолдану білім алушының:

–жалпы теориялық білім мен жалпы оқу дағдыларын қалыптастырады;

–пәнаралық және эксперименттік тәжірибелерді дұрыс орындау жағдайларын теориялық білімдердің негізінде меңгеруге мүмкіндік береді;

–кәсіби білім мен іскерліктерді меңгеруге ықпал етеді, пәндік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді және жоғарлатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Пак М.С. Теория и методика обучения химии: учебник для вузов /М. С. Пак. – СПб: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2015. – 306 с.
2. Зайцев О.С., Практическая методика обучения химии в средней и высшей школе. Учебник. – М.: Издательство КАРТЭК, 2012.-470 с.
3. Космодемьянская С. С., Гильманшина С. И. Методика обучения химии: учебное пособие. – Казань: ТГГПУ, 2011. – 136 с.
4. Якиманская И.С. Разработка технологии личностно-ориентированного обучения //Вопр. психологии. – 1994. - №2. – С 31-42.
5. Золотов Ю.А., Вершинин В.И. История и методология аналитической химии: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 464 с.
6. Вершинин В.И. Программное обеспечение для изучения АХ с применением ЭВМ // Ж. аналит. химии. – 1992. - Т.50. - №4. – С.389-392.
7. Усова С.В. Проектирование системы задач для университетского курса аналитической химиии с учетом дидактических функций: дис... канд. пед наук: 13.00.02 / Усова Светлана Владимировна. – Омск, 2000. – 122 с.
8. Харитонов Ю.Я. Аналитическая химия (аналитика). В 2 кн. Кн. 2н. Количественный анализ. Физико-химические (инструментальные) методы анализа: Учеб. для вузов. – 2-е изд., испр. – М.: Высш. шк., 2003. – 559 с.
9. Кристиан Г. Аналитическая химия: в 2 томах. / Г.Кристиан; пер. с англ. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2013. – (Лучший зарубежный учебник).
10. Мендалиева Д.К. Аналитикалық химиядан есептер мен жаттығулар жинағы. – Алматы, 2013. – 219 б.

МРНТИ 14.35.07.

Рамазанова Н.Е.[1], Саспугаева Г.Е.[2], Демеуов А.Б.[3], Тилекова Ж.Т.[4]
[1]доцент, PhD доктор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
nurgulram@gmail.com
[2]доцент, PhD доктор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
gulnur.er@mail.ru
[3]PhD докторант
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазахстан
arman_demeuov@mail.ru
[4]доцент, PhD доктор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазахстан
arman_demeuov@mail.ru

ARCGIS ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ШЕЖІН-1 ӨЗЕНІ АЛАБЫНЫҢ RUSLE ФОРМУЛАСЫНДАҒЫ С ФАКТОРЫН АНЫҚТАУ

Жер өңдеу кезінде топыраққа интенсивті ықпал жасау оның құрылымы мен құрылысының бұзылуына және табиғи топырақ құралу процесі бағытының өзгеруіне, ең соңында эрозия құбылысының пайда болуына әкеледі. Топырақ шайылу үрдісімен күрес Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе зерттеу нысаны болып отырған Батыс Қазақстан облысындағы Шежін-1 өзені алабына толығымен қатысты. Эрозияның алдын алу мақсатында жасалатын практикалық жұмыстар тиімді жүзеге асу үшін, қазіргі эрозиялық үрдістердің пайда болуына әсер ететін жерді пайдалану коэффициентін анықтау егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Жерді пайдалану коэффициентін анықтау мақсатында геоақпараттық жүйелердің маңызы өте жоғары. Себебі, геоақпараттық жүйе белгілі бір аумақта пайда болған жағдайда жедел ықпал ету және сол жағдайдың картографиялық және тақырыптық ақпаратын алу болып табылады. Зерттеудің нәтижесінде геоақпараттық жүйелердің көмегімен Шежін-1 өзені алабының С факторы мен жерді пайдалану коэффициентін анықтаудың алгоритмі ұсынылды. Сәйкесінше, Шежін-1 өзені алабының жерді пайдалану коэффициенті шамасы 0,4; 0,005; 0,14; 0,175 мәндерге ие болғаны анықталды.

Түйін сөздер: өзен алабы, эрозия үрдісі, геоақпараттық жүйе, жерді пайдалану коэффициенті, С факторы.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ФАКТОРА С ПО ФОРМУЛЕ RUSLE БАССЕЙНА РЕКИ ЧИЖИ-1 С ПРИМЕНЕНИЕМ ARCGIS ТЕХНОЛОГИЙ

Интенсивное воздействие на почву при обработке земель приводит к нарушению его структуры и строения, к изменению направления процесса естественного почвообразования, в конечном итоге к возникновению эрозии. Борьба с процессом размыва почвы является одной из актуальных проблем сельского хозяйства Республики Казахстан. Этот вопрос очень остро также касается бассейна реки Чижи-1 в Западно-Казахстанской области, в связи с этим именно данная территория является объектом исследования. Для эффективного осуществления практических работ с целью профилактики эрозии требуется детальное исследование определения коэффициента землепользования, влияющего на возникновение современных эрозионных процессов. В целях определения коэффициента использования земель применяются геоинформационные системы, которые имеют большое значение в исследовании. Так как геоинформационная система представляет собой оперативное воздействие, получение картографической и тематической информации в текущем состоянии. В результате исследования был представлен алгоритм определения коэффициента использования земель и фактора С бассейна реки Чижи-1 с помощью геоинформационных систем. Соответственно, установлено, что коэффициент землепользования бассейна реки Чижи-1 составил 0,4; 0,005; 0,14; 0,175.

Ключевые слова: бассейн реки, процесс эрозии, геоинформационная система, коэффициент землепользования, фактор С.

DETERMINATION OF FACTOR C IN THE FORMULA RUSLE RIVER BASIN CZYZYNY-1 USING ARCGIS TECHNOLOGIES

Intensive impact on the soil during the processing of land leads to a violation of its structure and structure, to a change in the direction of the process of natural soil formation, ultimately to the emergence of erosion. The fight against the process of soil erosion is one of the urgent problems of agriculture of the Republic of Kazakhstan. This issue is also very acute for the Chizhi-1 river basin in the West Kazakhstan region, in this regard, this area is the object of study. For effective implementation of practical work to prevent erosion requires a detailed study of the definition of land use factor that affects the emergence of modern erosion processes. In order to determine the coefficient of land use, geographic information systems are used, which are of great importance in the study. Since the geographic information system is an operational impact, obtaining cartographic and thematic information in the current state. As a result of the study, an algorithm for determining the coefficient of land use and the factor from the Chizhi-1 river basin using geographic information systems was presented. Accordingly, it was found that the land use coefficient of the Chizhi-1 river basin was 0.4; 0.005; 0.14; 0.175.

Keywords: river basin, erosion process, geographic information system, land use factor, factor C.

Кіріспе

Топырақ шайылу үрдісі – жер ресурстарына, сонымен қоса халық шаруашылығына елеулі зиянды әсерін тигізетін интенсивті және кең таралған геоморфологиялық үрдістердің бірі. Табиғатты пайдалану, қорғау және қайта қалпына келтіру, жер ресурстарын эрозиялық үрдістерден қорғаудың маңызды бөлігі. Батыс Қазақстандағы соғыс жылдарынан кейінгі тың жерлерді игеру, жол жасау жұмыстары, индустриялық нысандар, гидротехникалық құрылыстар салынуы нәтижесінде интенсивті эрозиялық үрдістерді күтуге болатын еді. Батыс Қазақстан мемлекеттік ғылыми-өндірістік жер ресурстары орталығының және Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің топырақтанушы ғалымдарының зерттеуі бойынша облыста барлығы топырақ эрозиясына 3967,2 мың га жер, яғни барлық территорияның 26,3 %-ы ұшыраған (Амельченко В.И., Галимов М.А., 32 б.). Одан басқа өзен салаларын жоспарлы ауыстыру елді мекендердің, жолдардың, құбырлардың шайылып кетуіне әкеледі. Эрозияның пайда болу қаупін бағалау үшін бірнеше модель әзірленді, ең көп таралған модельдің бірі - бұл USLE. Әмбебап топырақ шайылу теңдеуі (USLE) алғаш рет 1960 жылдары Америка Құрама Штаттарының Ауыл шаруашылық департаментінің Wischmeier W.H., Smith D.D. өріс ауқымының моделі ретінде дамыды. Кейінірек 1997 жылы USLE-дағы әртүрлі параметрлердің мәндерін жақсырақ бағалау үшін және RUSLE (топырақтың жоғалуы әмбебаптығы қайта қарастырылған) (Ramazanova N.E., Dzhanaleeva G.M. 14б) әзірлеген. RUSLE жаңа және жақсы деректерге негізделген факторларды жақсартады, бірақ USLE теңдеуінің негізін сақтайды. Қар еру кезінде топырақ эрозиясын зерттеуге көптеген кеңес және де шетел ғалымдарының жұмыстар арналған. Олардың ішінде Г. П. Сурмачтың еңбектерінің, А.В. Павлов, В.Д.Иванов, М.Н. Заславский, Г.И. Швебс, М.Киркби и Р. Морган, В.П.Герасименко, М.С.Кузнецов және т.б. атап айтуға болады. Аталған ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде жер пайдаланушылар мен ел экономикасына қар еруі кезінде туындаған су эрозиясы үлкен зиян келтіреді (егіннің жоғалуы жоспарлы 10-70%-ға дейін жетеді), ол топырақ құнарлылығының төмендеуінен, жер бедерінің нашарлауынан, жер үсті суларының ластануынан, тоғандар мен су қоймаларының көбеюінен, балық шаруашылығы өнімділігінің азаюынан және барлық су жинау бассейні аумағындағы экологиялық жағдайдың нашарлауынан болады. Эрозияның аса және қауіпті дәрежесі-жыралар. М. С. Кузнецовтың мәліметтері бойынша Ресейдің қара топырақты аймағында жыралар күн сайын 70-80 га жерді «жейді». Көптеген авторлардың мәліметтері бойынша мұндай эрозияның себебі беттердің бедері және өсімдік жамылғысының дәрежесі болып (Г. П. Сурмач, В. Д. Иванов) табылады.


Қазақстан ғалымдарының әдеби дереккөздерінде (М. Е. Белгібаев, Э. М. Паракшина, А. И. Бараев, сондай-ақ қазіргі И. В. Трещевский) жерге орналастыру жобалары және қалыптасқан жер пайдалану дәстүрлеріне қарағанда, Қазақстанның дала аймақтарында су эрозиясының қауіптің және тыңайған жерлерді игеру кезінде де, одан әрі пайдалану кезінде де назарға алынбады деп айтуға болады. Қазақстанның солтүстік аймақтарына қатысты әдеби дереккөздерде жел эрозиясына қарсы күрес мәселелері қарастырылады, ал су эрозиясының көлемі туралы нақты мәліметтер және эрозияның осы түрімен күрес жөніндегі ұсыныстар жоқ.

Бұл зерттеуде RUSLE моделі Батыс Қазақстан облысының Шежін өзені алабының C факторын анықтау үшін пайдаланылады. C фактордың карталары ГАЖ ортасында жасалады. RUSLE моделі барлық модельдік параметрлерді анықтау үшін ГАЖ-мен біріктірілуі керек. Бұл технологиялар далалық зерттеу мен дәстүрлі көзбен дешифрлеуге қарағанда жұмсалатын

қаражатты үнемдейді және картографиялаудың дәлдігі мен нақтылығын арттырады. Жұмыстың өзектілігі картографиялық және ғарыштық түсірілім мәліметін ГАЖ технологияларының көмегімен өңдеу арқылы алаптың территориясындағы жерді пайдалану үрдісінің модельін және карта құруды дамыту. Жерді пайдалану факторының даму заңдылықтарын, Батыс Қазақстан облысындағы Шежін өзені алабы мысалында жерді пайдаланудің ерекшеліктерін ГАЖ технологиясының әдістерін қолдана отырып анықтау зерттеудің басты мақсатына айналып отыр.

Зерттеу нысаны

Шежін-1 өзені Батыс Қзақстан облысында орналасқан (Амельченко В.И., Галимов М.А. 92 б) (сурет 1). Алап солтүстіктен оңтүстікке қарай 72 км-ге және батыстан шығысқа қарай 33 км-ге созылған (Бейсенова А.С. 128 б). Шежін-1 өзені алабының ауданы 822 км² (Аяпбекова А.Е. 28 б).



Сурет 1 - Шежін-1 өзенінің географиялық орны

Шежін-1 өзені алабының физикалық-географиялық орнының ерекшелігі келесі белгілермен сипатталады (Амельченко В.И., Галимов М.А., 118 б.) Шежін-1 өзені алабының ауданы Еуразия құрлығының ішкі ауданында және Атлант мұхиты мен оның теңіздерінен 2,5 мың км аралығында жатыр (Бейсенова А.С., 130 б). Сәйкесінше, Солтүстік Мұзды мұхитынан да алшақ орналасқан. Бұл өз кезегінде ауданның климатының шұғыл континентті болуына себепші. Алап Еділ мен Жайық аралығындағы Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығыс шеткі бөлігінде орналасуымен ерекшеленеді. Геологиялық құрылымы бойынша Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығыс шеті мен Каспий маңы синеклизасының солтүстік бөлігін алып жатыр (Джаналеева Г.М., Мусабаева М.Н., 341б). Геоморфологиясы жағынан алаптың ауданы Жалпы Сырт пен Орал алды үстіртімен көрініс табады (Аяпбекова А.Е., 7 б). Жер бедері жазықты болып келеді. Алаптың көтеріңкі бөлігі 192 м Жалпы Сырт құрылымымен сәйкес келеді (Искалиев Д.Ж., 15 б). Алаптың ең төменгі бөлігі теңіз деңгейінен 12 м-де орналасқан Шежін-1 өзені сағасы шекарасына тең. Шежін-1 өзені алабы қоңыржай климаттық белдеуінің қоңыржай- континентті және континетті климаттық зоналарында орналасқан (Петренко А.З., 31 б.). Сәйкесінше, алапқа дала табиғат зонасы тән (Ғарифолла Ә., Ахметов Қ., 64 б).

Әдістер. Шежін өзені алабын анықтауда ең алдымен SRTM ғарыштық түсірілім негізінде DEM үлгіні жүктеп алдық. Ол үшін (http://srtm.csi.cgiar.org) сайтынан Батыс Қазақстан облысының DEM үлгісін жүктелінді. Келесі кезекте ArcGIS 10.1 бағдарламасының Spatial Analyst Tools функциясындағы «Гидрология» қосымшасының көмегімен өзен алабын анықтап, толықтай сипаттауға мүмкіндік туды .

Жұмысты орындау барысында 1-ші кестеде көрсетілген келесідей пунктер орындалды:

Кесте 1
Гидрографиялық картаны құрастыру этаптары

Негіз	Бағдарлама функциясы	Нәтижелері
Топографиялық карта және DEM үлгі	Spatial Analyst Tools	Бедердің өлшемдік үлгісін пайдалана отырып, өзендердің алып жатқан аумағы, өзендердің бағыты, олардағы тасындылардың шөгу аймақтары анықталды
Spatial Analyst Tools және Conditional Tools		Өзен алаптары алқаптары анықталғаннан кейін, CON қосымшасының көмегімен өзендерді және олардың алаптарының ауданы анықталды

Шаған өзені алабы алқаптары анықталғаннан кейін, CON қосымшасының көмегімен өзендерді және олардың алаптарының ауданы анықталды.

Кестеде берілген жұмысты орындау кезеңдерін атқара отырып, жер беті сулары мен өзен алаптарын анықтау карталары 1:100 000 масштабта құрастырылды .

Сонымен қатар, Шаған өзен алабын ArcGIS 10.1 бағдарламасының Spatial Analyst Tools функциясындағы «Гидрология» деген қосымшасының келесідей әдістерімен де анықталды:

- толтыру (Fill);
- өзен суларының бағыты (Flow Direction);
- жалпы ағынсу ағындысы (Flow Accumulation);
- растр есептегіші (Raster Calculator);
- реттелген су ағыны (Stream Order);
- пішін интерполяциясы (Interpolate Shape);
- суайрықты анықтау (Watershed).
- Топырақ эрозиясын анықтаудың бірнеше модельдері ұсынылған болатын.

В.Д. Ивановтың М.С. Кузнецовтың және Г.П. Глазуновтың және т.б. ғылыми еңбектерін талдау қазіргі жағдайда жоғары тиімді және экологиялық қауіпсіз жер пайдалануды қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, арнайы математикалық модельдерді пайдалана отырып, жедел және дәл болжам, еріген сулардың ағысы мен топырақтың шайылуын терең бағалау қажет екендігін көрсетеді.

- Топырақтың шайылуының алғашқы эмпирикалық тәуелділігі 30-40 жылдары М. Панковпен (Искалиев Д.Ж., 147 б) құрылған, ол топырақтың шайылуын есептеудің келесі формуласын ұсынды:

- E = F (Q * I* S*Z *P)

- мұндағы: E – топырақ шығындары; Q - қар еруінің қарқындылығы; I –ұзындық пен еңіс коэффициенті; S – өсімі; Z - жерді пайдалану сипаты; P-топырақтың шайылуға қарсы кедергісі.

- ТЭҚ ж ЕБҒЗИ әдістемесінің негізі Г. П. Сурмачаның жауын мен еріген ағыннан туындаған топырақ шаюының орташа көпжылдық көлемін есептеуге арналған моделі болып табылады. Г. П. Сурмач теңдеуі келесі түрге ие:

- W =(k/√10)*F (n)*L (p) *u*y(1)тал*и*Рт*Рмех*Рэ.см*Рэ.ст*А,

- мұндағы W – топырақтың шайылуы, т/га, F – қиманыі еңістігі, L –суайырықтан қашықтығы, Рт,Рмех,Рэ.см,Рэ.ст және А – факторларға тәуелді параметрлер.

- Дегенмен, бірқатар авторлардың пікірі бойынша қар еруі кезінде топырақ эрозиясы эрозияның басқа түрлеріне қарағанда едәуір нашар зерттелген. Бұл, шамасы, осы құбылыстың модельдермен аз қамтамасыз етілуін түсіндіреді.

- Осы тұрғыда, топырақ эрозиясын зерттеуде М.С. Кузнецовтың, Г.П. Глазунованың мәліметтері бойынша, ММУ ғалымдары топырақтың шайылуын есептеу үшін қолданылатын отандық және шетелдік әдебиетте белгілі барлық формулаларды талданған және эрозияның жаңбырлы шөгінділерден қауіптілігін бағалау үшін негіз ретінде Wischmeier мен Smith жасаған топырақты шайудың эмпирикалық моделін қабылдау орынды деп қорытынды жасалды. Себебі бұл формула басқа да ұсынылған модельдерге қарағанда тиімдірек. Аталмыш формуланың анықталатын факторларын табуға және есептеуге қолайлы.

Топырақтың шайылу үрдісін зерттеген кезде ArgGIS технологиясы негізінде RUSLE формуласындағы C факторын (Рамазанова Н.Е., 41б) анықтау маңызды орын алады. C-факторы

егіс алқаптарын және эрозия жылдамдығына әсер ету әдістерін көрсету үшін пайдаланылады (Bikram Prasad, R K Jaiswal and Dr H.L Tiwari).

Қазіргі таңда эрозиялық үрдістердің интенсивтілігі көптеген мемлекеттерде Wischmeier, Smith ойлап тапқан әмбебап формула арқылы анықталады (Wischmeier W.H., Smith D.D.):

A = R * K * L * S * C * P

мұндағы:

A-топырақ шайылуы;

R-жауын шашын мөлшері факторы;

K- шайылу коэффициенті;

L- ұзындық коэффициенті;

S - еңістік коэффициенті;

C- жерді пайдалану коэффициенті;

P- эрозияға қарсы қолданатын шаралар коэффициенті (Wischmeier W.H., Smith D.D., Рамазанова Н.Е., 24 б).

Формула мәні топырақ шайылу негізгі факторларына сандық баға беру (жауын шашын индексі, топырақ эрозияға қаншалықты ұшырағаны), соған сәйкес факторлық карталар жасау және оның негізінде интегралды топырақ шайылу картасын жасап шығаруға мүмкіндік береді. Мұндай карта тек қана эрозиялық үрдіс масштабын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қоса эрозияның экологиялық салдарын анықтауға негіз болады.

Шежін өзені алабындағы топырақ шайылу үрдісін анықтауда ArcGIS 10.1 бағдарламасының Spatial Analyst Tools функциясындағы «Map Algebra» деген қосымшасының көмегімен толықтай сипаттауға мүмкіндік туды .

Жұмысты орындау барысында 2-ші кестеде көрсетілген келесідей пунктер орындалды:


Кесте 2

Топырақ шайылу үрдісін анықтау этаптары


Негіз	Бағдарлама функциясы	Анықталатын факторлар	Алынатын нәтижелері
Шаған өзені албының DEM үлгісі, топырақтың механикалық құрамы картасы, ауыл шаруашылық жерлерді пайлану картасы, еңістік картасы	Spatial Analyst Tools - Map Algebra- Raster Calculator	A	топырақ шайылуы
		R	жауын-шашын мөлшері
		K	топырақтың шайылу коэффициенті
		L	алаптың ұзындық коэффициенті
		S	алаптың еңістік коэффициенті
		C	жерді пайдалану коэффициенті
		P	эрозияға қарсы қолданатын шаралар коэффициенті

Жоғарыда көрсетілген формуланың негізі C факторын (Рамазанова Н.Е., 39 б; Ramazanova N.E., Dzhanaleeva G.M., 14 б) анықтау келесідей жүзеге асады. Жерді пайдалану коэффициенті – C (Wischmeier W.H., Smith D.D.). Зерттеу жұмыстарындағы C факторы өсімдік жамылғысы мол жерлер мен аз өнімді егістік аймақтарға негізделген. Жердің деградацияға ұшырауына байланысты жер бедері біркелкі емес екені белгілі. Сәйкесінше, төмендегі с буретте көрсетілгендей Шежін-1 өзені алабының көтеріңкі 192 м, ал төменгі бөлігі 12 м-ге тең (Петренко А.З., Джубанов А.А.; Мусабаева М.Н. 257 б). C факторын есептеу үшін біз (http://www.omafra.gov.on.ca/english/engineer/facts/12-051.htm#t3a) кестелердегі мәліметтерді пайдаланамыз. Ол кесте мына ссылкамен қатар төменде көрсетілген (сурет 2). Жерді пайдалану коэффициентін есептеу үшін ауыл шаруашылығы дақылдары түрінің факторы мәндерін алып топырақты өңдеу әдістерінің факторы мәндеріне көбейтеміз де, нәтижесінде C коэффициентін анықтаймыз.

Зерттеліп отырған аймақтың ауыл шаруашылық жерлер картасы ғарыштық түсірілімдерді сандық өңдеу әдісі арқылы ArcGis 10.1 бағдарламасында жасалды (Рамазанова Н., Ахмет А.С., Токсанбаева С., 71 б). Зерттеу барысында ауыл шаруашылық жерлердің бірнеше категориясы анықталады. Мәселен, егістік, жайылым, шабындық, жеміс-жидек бақтары және т.б. (сурет 3).



Сурет 2 - Шежін өзені алабының бедері картасы



Сурет 3 - Шежін өзені алабының жерді жер пайдалану картасы

Шежін-1 өзен алабының жерді пайдалану картасын шығара келе, алаптың топырақ өсімдік жамылғысын талдай отырып, өзен алабында негізінен жайылым түрінде жерді пайдаланады деп айтуға болады.

Ауыл шаруашылық жерлер картасын талдай келе мынадай қорытындыға келеміз: алаптың көп жерін жайылымдар (65 %) және таза егістік (23 %) алып жатыр, шабындық (4,5 %), жеміс-жидек бақтары (0,2 %), бөген (0,4 %), орман (0,6 %) және елді мекендер (2,4 %), жолдар мен тағы басқалар (3,9 %).

Жерді пайдалану факторын есептеу үшін төменде көрсетілген 3 және 4 кестелердегі мәліметтер пайдаланылады (Wischmeier W., Smith Smith D., 97б). Жерді пайдалану коэффициентін есептеу үшін ауыл шаруышылығы дақылдары түрлерінің мәндері (3-кесте) (Renard. K. G., Foster. G.R.) топырақты өңдеу әдістері мәндеріне (4-кесте) (G. Singh, C. Venkatraman, G. Sastry 382 б) көбейтіледі.

Кесте 3

Ауыл шаруашылығы дақылдары түрінің факторы


Ауыл шаруашылығы дақылдары түрлері	Фактор
Дәнді дақылдар	0.40
Сүрленген жүгері, бұршақ және рапс	0.50
Жармалар (көктемгі және қысқы)	0.35
Бау- бақша мәдениеті	0.50
Жеміс жидек ағаштары	0.10
Шөп және жайылым	0.02

Кесте 4

Топырақты өңдеу әдістерінің факторы

Топырақты өңдеу әдістері	Фактор
Аудара жырту	1.0
Аудармай жырту	0.90
Жабындау	0.60
Арнайы	0.35
Нөлдік өңдеу	0.25

Есептеулердің алынған мәндері атрибуттар кестесіне толтырылады (Рамазанова Н.Е., 71б) (Сурет 4) .



Сурет 4 – Атрибуттар кестесімен жұмыс



Сурет 5 - Шежін өзені алабының жерді пайдалану коэффициенті картасы

Зерттелетін объектіде өсірілетін дәнді дақылдарды анықтағаннан кейін, топырақты өңдеу әдістері көрсетіледі (Сурет 5). Шежін өзені алабы үшін ауыл шаруашылық дақылдар түріне дәнді дақылдарды, бау-бақша мәдениетіндегі өсімдіктерді, жайылымдарды, сүрлемген жүгері, бұршақтарды, жеміс-жидек ағаштарын жатқызамыз. Ал топырақты өңдеу әдістеріне келесі әдістер кіреді:

- топырақты аудара жырту;
- топырақты аудармай жырту;
- топырақты жабындау;
- топырақты арнайы өңдеу;
- топырақты нөлдік өңдеу.

Жерді пайдалану коэффициентін есептеу үшін, ауыл шаруашылығы дақылдар түрінің факторын топырақты өңдеу әдістерінің факторына көбейттік. Мысалы, жайылым үшін С коэффициент мәні 0,25 * 0,02= 0,005; алаптың көп бөлігін алып жатқан егістік үшін С коэффициент мәні, 0,50 * 0,35= 0,175-ге тең болды. Осы ретпен әр ауыл шаруашылықта пайдаланылатын жерлерге С фактордың мәні беріліп, ArcGIS 10.1 бағдарламасының атрибуттар кестесіне енгізе отырып, Шаған өзені алабындағы жерді пайдалану коэффициенті картасын алдық.

Нәтижесінде, алаптың 65 % жерін алып жатқан жайылымның С коэффициентінің мәні 0,005, алаптың 25 % алып жатқан егістіктерде 0,14, 4, 5 % жерді алып жатқан шабындықта 0,005, алаптың 0,2 % алып жатқан жеміс-жидек бақтарындағы С фактор мәні 0,175, 0,4 % бөгендерде нөлдік мәнге ие, 0,6 % алып жатқан орман және алаптың 2,4 % алып жатқан елді-мекендерде С коэффициенті нөлдік мәнге ие болды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде Шежін-1 өзені алабындағы жерді пайдалану коэффициентін есептеп, мынадай қорытынды жасалынады. Қорытындылай келе жерді пайдалану кезіндегі егілген ауыл шаруашылық дақылдар түрлерінің топырақты өңдеу әдістеріне қатынасы есептелінеді. Сәйкесінше, алаптың жерді пайдалану коэффициенті 6 көрсеткішке бөлінді: 0 (<Null>); 0,005; 0,1; 0,14; 0,175. Сәйкесінше алаптың көп бөлігі жайылым үшін 0,005 мәніне ие ауданның 65 %-ы тиесілі болса ол 11575 га жерді алуда, егістік үшін 0,175 мәніне ие ауданның 25 %-ы кіреді, ал бұл өз кезегінде 5837 га жерді алып

жатыр, шабындық үшін 0,005 мәніне ие жалпы бассейннің 4,5 %-ы тиесілі 1448 га жерді алып жатыр.

Шежін өзені алабында жүргізілген зерттеулерге сәйкес, топырақ шайылу үрдісінің ең жоғарғы көрсеткіші егістік алқаптарына сәйкес келетіні және оның орташа көрсеткіші 3,46 т/га/жылына тең екені белгілі болды. Бұл көрсеткіш рұқсат етілген орташа жылдық 1,5 т/га/жылынан біршама жоғары болғандықтан, топырақ шайылу үрдісінің алдын алу үшін келесі өзгерістерді ұсынамыз.

Мәселен, өзгерісті С коэффициенті, яғни біздің зерттеу жүргізген жерді пайдалануға енгізсек, «Аудармай жыртуды- 0,9» «Нөлдік өңдеуге-0,25» ауыстырамыз.

Сәйкесінше, С фактор (қарастырылған) = 0,50 * 0,25 = 0.12-ге тең болады. Түзетілген топырақ шайылу үрдісінің жылдық шығыны: = R * К * LS * С * Р

= 90 * 0,12 * 1,91 * 0,12 * 0,75= 1,9 т/га/жылына

Топырақты өңдеу әдісін өзгерткен жағдайда, топырақтың орташа жылдық шығын осы алапта 3,46 т/га-дан 1,9 т/га-ға тең болушы еді.

Келесі мысал ретінде, егістікте егілетін ауыл шаруашылық дақылдар түрлерін өзгертсе, яғни дәнді-дақылдардың орнына жеміс-жидек ағаштарын отырғызатын болсақ. Сәйкесінше, С фактор көрсеткішін 0,40-тан 0,10-ға өзгертеміз. Сәйкесінше, С фактор (қарастырылған) = 0,10 * 0,25 = 0,025-ге тең болады. Түзетілген топырақ шайылу үрдісінің жылдық шығыны: = R * К * LS * С * Р= 90 * 0,12 * 1,91 * 0,025 * 0,75= 0,4 т/га/жылына.

Егістікте егілетін ауыл шаруашылық дақылдар түрлерін өзгерткен жағдайда, топырақтың орташа жылдық шығыны 1,9-дан 0,4 т/га/жылына төмендеуші еді.

Жалпы, Шежін өзені алабында топырақ шайылу үрдісінің жылдық шығынына әсер ететін жерді пайдалану факторларының тигізетін әсерінің жоғары болуына қарай, өңделген немесе егін егілген алқаптарда болады.

Шежін өзені алабының жерді пайдалану факторының көрсеткішіне қарай келе, бұл ауданға жүргізілетін алдын алу мен жақсарту шараларының керектігін айқындатып отыр және эрозияның алдын алу мақсатында жасалатын практикалық жұмыстар тиімді жүзеге асу үшін қазіргі жерді пайдалану үрдістердің осы территорияда егжей-тегжейлі зерттелуі керек екенінің маңыздылығы анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Амельченко В.И., Галимов М.А., Рамазанов С.К., Терещенко Т.А., Кабдулова Г.А., Череватова Т.Ф.// География Западно-Казахстанской области, учебное пособие. – Уральск, 2006 г.

2. Бейсенова А.С. Физико-географические исследования Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 204с.

3. Аяпбекова А.Е. Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі. Автореф. дис. ... канд. геогр. наук / Казахский национальный университет им. ал-Фараби. – А., 2002. – 27 с.

4. Бейсенова А.С., Каймулдинова , К.Д. Атлас географии Казахстана: Глобус. – Алматы, 2004. – 63 с.

5. Ғарифолла Ә., Ахметов Қ. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Алматы, 2010. – 110 с.

6. Джаналеева Г.М., Мусабаева М.Н. Қазақстан Республикасының физикалық географиясы: оқулық ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана, 2016. – 579 с.

7. Искалиев Д.Ж. Малые реки Казахстанско-Оренбургского трансграничного региона // Сборник научных статей.–Уральск: РИЦ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2015. –201с.

8. Мусабаева М.Н. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы. Физикалық география: пәнінің оқу әдістемелік кешені ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана, 2013. – 461 с.

9. Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М., Чернышев Д.М., Тубетов Ж.М. Зеленая книга Западно-Казахстанской области. – Уральск, 2001.

10. Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М., Иркалиева Р.М., Рамазанов С.К.// Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области, ЗКГУ им.А.С.Пушкина. – Уральск,1998. – С.75

11. Рамазанова Н.Е., Ахмет А.С., Токсанбаев С.Т., Оспан Г.Т. Применение ГИС технологий для изучения природных условий бассейна реки Жайык в пределах Западно-Казахстанской области. // IV Всероссийская научнопрактическая конференция. Проблемы географии Урала и сопредельных территорий.- Челябинск.Россия, 2016. – С.71-77

12. Рамазанова Н.Е., Ахмет А.С., Токсанбаева С.Т. Определение бассейна реки Жайык с использованием инструментов программы ArcGIS // Материалы II Международной -научно-практической конференций. - World Science: Scientific Issues of the Modernity, Vol.II. - Dubai, UAE May 2016. – С. 39-41

13. Рамазанова Н.Е., Тереня Д.А. Эрозионный потенциал бассейна реки Рубежка // Материалы VIII Международной -научно-практической конференций.- World Science: Modern methodology of science and education, Vol.II. - Dubai, UAE 2015. – С.24-30

14. Wischmeier W.H., Smith D.D.,.Predicting rainfall erosion losses: A guide to conservation planning Agriculture Handbook No 537, U.S. Department of Agriculture,1978

15. Ramazanova N.E., Dzhanaleeva G.M. Ural river basin steppe zone geoecosystems natural-resources potential assessment // Journal of International Scientific Publications: Ecology and Safety. Volume 6, Part 1.- Burgas, Bulgary, 2012.- С. 14 – 24

16. Bikram Prasad, R K Jaiswal and Dr H.L Tiwari, “Assessment of environmentally stressed areas for soil conservation measures using usped model”, International Journal of Engineering Research, 2014.

17. G. Singh, C. Venkatraman, G. Sastry and B. P. Joshi , “Manual of soil and water conservation practices in India,” Oxford and IBH Publishing Co. Pvt. Ltd, New Delhi, 1990.

18. Renard. K. G., Foster. G.R. and Y. D.C., “Predicting soil erosion by water: a guide to conservation planning with the revised universal soil loss equation (RUSLE)”, USDA Agriculture Handbook 703, 382pp, 1997.

МРНТИ 14.01.21

Dr. Francis Amagoh,
professor
Department of Public Administration and International Development
KIMEP University

Dr. Dennis Soltys
professor
Department of Public Administration and International Development
KIMEP University
dsoltys@kimep.kz

SELECTED ISSUES OF ACCREDITATION AND QUALITY ASSURANCE IN THE HIGHER EDUCATION OF KAZAKHSTAN

Abstract: This article outlines five selected issue-areas of accreditation and quality assurance for higher education institutions of Kazakhstan. It is based on the personal experience and observations of two long-term foreign faculty members at KIMEP University, Almaty.

There is both a technical/financial and human side to reforms. The human side tends to be underestimated, but is essential for successful reforms.

Keywords: higher education, accreditation, quality assurance, Bologna Process, Dublin Descriptors.

ИЗБРАННЫЕ ПРОБЛЕМЫ АККРЕДИТАЦИИ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация: В данной статье очерчены пять отдельных проблемных областей аккредитации и обеспечения качества для высших учебных заведений Казахстана. Он основан на личном опыте и наблюдениях двух долгосрочных иностранных преподавателей в Университете КИМЭП, Алматы.

Реформы имеют как техническую / финансовую, так и человеческую сторону. Человеческая сторона, имеет тенденцию, не дооценивается, но она необходима для успешных реформ.

Ключевые слова: высшее образование, аккредитация, обеспечение качества, Болонский процесс, Дублинские дескрипторы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУДІҢ ТАҢДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін аккредитациялау мен сапаны қамтамасыз етудің бес жекелеген мселелік салалары көрсетілген. Ол КИМЭП университетіндегі екі ұзақ мерзімді шетелдік оқытушылардың жеке тәжірибесі мен бақылауларынан негізделген.

Реформалардың техникалық / қаржылық жақтары бар, және солай адами жағы да бар. Адам жағы, дұрыс бағаланбануға үрдісі бар, бірақ ол сәтті реформалар үшін қажет.

Түйінді сөздер: жоғары білім, аккредиттеу, сапаны қамтамасыз ету, Болон процесі, Дублин дескрипторлары.

Introduction

This article attempts to serve as a general guide concerning five selected issue-areas of accreditation and quality assurance within higher education institutions (HEIs) of Kazakhstan. It is based on the personal experience and observations of two long-term foreign faculty members at KIMEP University, Almaty.

Most governments and Ministries of Education around the world have come to realize that excessive centralization and bureaucratic oversight are counter-productive. The problem here is the so-called “control paradox” – namely the more that ministries try to bureaucratically control institutional processes, the more unworkable and weaker the controls actually become. Command and control methods are often difficult or even impossible to implement, because inevitably instructions from the centre either miss their targets conceptually or become self-contradictory. Policies can be corrected only at the ground level by empowered teachers and faculty who understand their specific situations at first hand. In order to be able to do this, teachers and faculty need sufficient autonomy. Put another way,

"responsibility requires freedom" [1]. This essay provides guidelines on accreditation and quality assurance, that are intended to help faulty use their autonomy and expertise to better effect.

Literature

A short list of English-language works concerning reforms in Kazakhstani HEIs is the following: One is a handbook for implementing Bologna Process reforms in Kazakhstan, by Dixon and Soltys [2]. This handbook (available in Russian online) is usefully read along with the Dublin Descriptors [3]. Hartley and Ruby [4] have compiled a volume focusing specifically on development of higher education in Kazakhstan; while Bridges, [5] devoted a book to reforms in general education. The Hartley/Ruby and Bridges books contain numerous chapters by Kazakhstani scholars. Two other relevant books on aspects of education in the post-socialist area are Silova [6; 7]. A journal article by Soltys [8] describes cultural bases for education reforms in the former-socialist countries and dilemmas encountered in the bureaucratic administration of education reforms.

Text

The authors of this article have gone through several successful rounds of national and international program and institutional accreditation at KIMEP University. From their personal experience and observations, five selected issue-areas seem particularly relevant. These are described below.

1. *The institution must be ready to change its governing structure and administrative procedures; and to spend the financial resources necessary for accreditation and quality assurance.*

The HEI's governing structure must be suitable and its finances viable. On this point, accreditation agencies' criteria may vary somewhat as to how large the applicant's financial reserves should be; but, concerning the former-socialist countries, accreditation agencies want to see stronger Boards of Trustees or Senates, having greater autonomy from rectors and upper managers.

The upper management must recognize that adjustments of internal resources and re-deployments of personnel will be necessary. Management must realistically appraise costs and be prepared for these.

The HEI seeking accreditation should choose a suitable accreditation agency. This will be the task of the HEI's upper management. Non-governmental accreditation agencies are private organizations which operate in a market; therefore there are cheaper and more expensive ones, and less credible and more credible ones. Their credibility and quality level can be judged by the kinds of accredited institutions they have listed within their portfolios. The more credible agencies are more expensive, but will also provide more guidance during the preparatory stage of the application for accreditation. The accreditation agency will provide a Self Study guide or template and will visit the HEI at least once prior to the HEI's formal submission of its application. The procedures and requirements of self-studies and application templates are broadly similar across agencies, because agencies look first of all at the essential indicators of program quality.

2. Institutional politics of "overcoming resistance" and encouraging "faculty buy-in"

There is both a technical/financial and human side to the implementation of changes needed for accreditation. HEIs are quintessentially human organizations, therefore much care needs to be taken in order to obtain the compliance and, better still, the willing enthusiasm of the faculty and the support personnel. Change is uncomfortable for some, and in poorer cases potentially creates "losers," who may be harmed by the necessary requirements. For example, accreditation agencies generally want to see stronger research and publishing capacity in post-socialist HEIs. This requirement is not so onerous for senior faculty; but junior faculty with heavy teaching or committee loads and less experience at publishing could be relatively harmed and might actively or passively resist changes. In anticipation of this, KIMEP reduced the teaching workloads of junior faculty, gave them better conference funding, put on writing and publishing workshops, and enhanced technical and library information supports. Junior faculty perceived the advantages of these measures and embraced the accreditation process.

So that the accreditation preparation process will not drift, it needs a designated coordinator or "change agent." In KIMEP's case this was a former dean of the College of Social Sciences. It is important to note that, as dean, he occupied a middle rank within the university; he was thus close enough to the classroom to understand conditions there but also high enough to be able to speak to upper management. It was very important that he was liked and trusted by teachers, especially the junior ones. His style was not that of a boss but coach and mentor. It was also his style to be in his office rarely, for

he was constantly team-building – explaining accreditation to larger and smaller groups and to individual junior faculty members who might have been to shy to raise their concerns within larger gatherings. In the event, the two foreign accreditations and one national licensing procedure that he coordinated were achieved almost flawlessly in the College.

Finally, in regard to the above, it needs to be recognized that accreditation is not a shallow procedure, nor one that merely presents a nice face of the institution at one discrete point in time. Accreditation and quality control are ongoing processes. Accreditation requires many upstream measures. Thus for senior faculty to be more efficient, they should have (funded) graduate student research assistants. Junior faculty should have the easements and supports mentioned earlier. Students should have suitable library and Internet resources, an academic Advising Centre, an Office of Student Affairs (for personal counseling), a Financial Aid Centre, and a comfortable and safe dormitory. KIMEP conducts systematic student and faculty Satisfaction Surveys, so that difficulties and tensions can be identified and treated. Again, all of these entail financial costs, for which upper management must be prepared. Upon being accredited, an HEI takes on the obligation to constantly improve all of the requirements for accreditation and quality assurance.

3. Pedagogical and organizational issues – these are core teaching and learning issues

On the pedagogical side, the procedures of accreditation take on a pyramidal structure within the entire institution – but, it must be emphasized, this does not mean that the institution should be operated in a top-down, command-and-control manner. The desired situation is one in which the entire community shares a commitment to academic excellence and integrity, and service to students, society, and the country, as expressed in the institution's Mission Statement. Professional and motivated faculty, constituting a so-called "dignified profession," should be both empowered and entrusted to implement the details of the institution's mission.

The pyramid is thus a conceptual one, which starts with the mission statement of the HEI. The mission statement is brief and consists of general principles or goals. Each college or pedagogical sub-unit then operationalizes these principles and goals into measures that are appropriate and implementable at the academic program level, with regard to the specific content of the program. Faculty in turn operationalize the measures into detail within their course syllabuses, in the form of specified Learning Objectives and Intended Learning Outcomes, illustrated briefly in Appendix I. The idea here is that all classroom and program lessons, materials, support services, and activities build towards the HEI's overall mission. A requirement of accreditation is that all of these teaching activities and aids be documented.

A crucial component of this operationalized mission structure are quality assurance indicators. These indicators have 4 forms, listed from least to most valid. These indicators are: direct internal, indirect internal, indirect external, and direct external. An extended list of these indicators is given in Appendix II.

Direct internal indicators of student performance and academic quality are exams and written essays. But these have conceptual and procedural weaknesses. Basically, direct internal indicators constitute self-reporting – that is, what the instructors and programs say about themselves. Instructors can inflate grades, thus making both their students and themselves look good. Also, grades record a *benchmark* of achievement, but not *value-added*. That is, grades ostensibly certify that students possess a certain level of knowledge and skills; but do not capture the contributions of the course and instructor. For example, it could be that the cohort was particularly mature or already had some exposure to the material; consequently the instructor should not be credited for the high grades achieved. Conversely, the cohort could have been culturally or otherwise disadvantaged, but demonstrated considerable improvement; so in this case the instructor's good efforts would be unrecognized.

An indirect internal indicator is the instructor's observation of individual students and cohorts, which allows the instructor to make adjustments for special conditions. Another indirect indicator is peer review of teaching, and yet another is special projects or activities undertaken by students.

Indirect external indicators are things like graduates' job-finding success, career success stories, and employer or alumni testimonials. Exchange programs and testimonials by partnering HEIs are also good evidence. Indirect external indicators are more valid than self-reporting, but are ambiguous.

Direct external evidence is outsider-reported. Such evidence can sometimes be measured quantitatively; this includes acceptance of the institution's exchange students or graduates, with their grade performance, at other national or foreign universities. Such evidence may also include state exit

exams, or exams graded by other universities. Such evidence is the most valid and persuasive, if obtainable.

4. The institution needs to collect many data about itself

From the above it becomes evident that a HEI must gather much in formation and data about itself. This is necessary, first, for internal use – discovering strengths and weaknesses, for quality assurance, and optimal allocation of resources. It is also necessary in order to demonstrate to accreditors that the accreditation requirements are being met.

Accreditors are generally flexible in taking into account special local conditions. Within boundaries, accreditors allow HEIs to set their own goals, and then judge the outcomes with reference to the HEI's self-declared goals. Thus, adjustments to special conditions may be allowed for, but the HEI must explain the reasons for the adjustments and document them.

5. Accreditation and Quality Assurance are not so much technical as cultural and human

An accreditation exercise is a learning experience in program delivery and quality assurance, and in many other things related to education; therefore as many faculty members and administrative staff as possible should be informed and allowed to participate. Properly done, the accreditation exercise should not be unpleasant or produce nasty surprises, because the institution's members can judge for themselves how close to or far from achieving the requirements set out in the Self Study template they are. In addition, the accreditation agency will conduct an on-site visit and help identify potential problems at the pre-accreditation stage.

Finally, as noted in section 1, accreditation implies an ongoing commitment to continuous improvement. Moreover, accreditation also requires a cultural commitment by upper management to the empowerment of faculty and departments at lower levels. Faculty need to be perceived as a "dignified profession," whose ideas and concerns are properly taken into account by managers, and who should be given both the autonomy and trust that they need in order to be partners in institutional goals. The features of a dignified profession are summarized by Harris-Van Keuren [9] below:

- The profession should be full-time. This implies adequate financial security for the individual.
- The profession should have training schools within a university setting. This affirms that its members have special knowledge and competencies not possessed by others, and that state agencies [and university managers] defer to this knowledge and these competencies.
- The profession should have its own association. This enables practitioners to obtain social and political allies, and to work for their own benefit while also benefitting the broader society.
- The profession should have legal protection, including the right to set its own standards of competence and to exclude outsiders who do not meet these standards. Accordingly, a state agency does not interfere in the substance of the profession's functioning.
- The profession should have a code of ethics, by which the profession is licensed to regulate and police the conduct of its members. Consequently a state agency does not conduct the disciplining of the profession's members.

Put more simply, to conclude, faculty should be considered as active and intelligent professionals who wish to take initiatives, instead of as inert functionaries who require close oversight and coercion. Achieving the consent and active participation of all participants is a complex – but rewarding – organizational task. This is the human side of accreditation and quality assurance. This side cannot be over-emphasized.

Appendix 1, the syllabus

Learning Objectives (nouns). Example: "At the end of the course, students will *know* such and such material," or "The course has such and such pedagogical goals." These are general.

Intended Learning Outcomes (verbs). Example: "Upon completion of the course, students will be able to *do* such and such. Measurable "action words" can be taken from Bloom's Taxonomy Matrix. These are specific. Examples are below.

Low Complexity -- Define, identify, describe, etc.

Tasks	-- Explain, paraphrase, distinguish -- (But do not use "remember" and "understand" as ILOs)
Average Complexity Tasks	-- Apply, solve, modify, change -- Analyze, contrast, separate, construct
High Complexity Tasks	-- Evaluate, reframe, measure, support -- Create, design, plan, integrate

Appendix II, *Indicators of Academic Performance and Quality Assurance*

Direct Internal (self-reported)

- in-class grades for exams, essays
- observation of students, student attendance and participation
- program exit exams or thesis papers

Indirect Internal (self-reported)

- student projects and special activities
- student satisfaction surveys
- student retention, completion, and attrition rates
- faculty satisfaction surveys
- faculty academic qualifications
- faculty teaching experience
- faculty awards and publications
- faculty/student ratio
- peer observation of faculty teaching
- faculty self-reflection in Course Management Forms
- library and material facilities

Indirect External (outsider reported)

- graduate employment rates after program completion
- graduates' success stories
- employer and alumni testimonials
- employer Advisory Board meetings

Direct External (outsider reported – the most valid and persuasive category)

- placement and successes of students in foreign universities
- exchange programs with foreign universities
- outside or foreign grading of sample exams and essays
- Olympiads
- state exams
- institutional and program accreditations and rankings by external agencies

REFERENCES:

1. Sen, Amartya, 2000. Development as Freedom (New York: Anchor Books), p. 284.
2. Dixon, John and Dennis Soltys, eds, 2013. Implementing Bologna in Kazakhstan: A Guide for Universities (Almaty: Academpress). Available online.
3.European Qualifications Frameworks National Qualifications, (Dublin Descriptors), http://www.eucen.eu/EQFpro/GeneralDocs/FilesF.
4. Hartley, Matthew and Alan Ruby, eds., 2017. Higher Education Reform and Development: The Case of Kazakhstan (Cambridge: Cambridge University Press).
5. Bridges, David, ed., 2014. Educational Reform and Internationalisation: the Case of School Reform in Kazakhstan (Cambridge: Cambridge University Press).

6. Silova, Iveta, ed., 2011. Globalization on the Margins: Education and Postsocialist Transformations in Central Asia (Charlotte, North Carolina: Information Age Publishing Inc.).
7. Silova, Iveta, ed., 2010. Post-Socialism is not Dead: (Re)Reading the Global in Comparative Education (Bingley, UK: Emerald Publishing House).
8. Soltys, Dennis, 2015. "Similarities, divergence, and incapacity in Bologna Reform implementation by the former-socialist countries: the self-defeat of state regulations," Comparative Education, London, Vol. 51, No. 2, 179-195.
9. Harris-Van Keuren, Christine, 2011. "Influencing the Status of Teaching in Central Asia," in Silova, Iveta, ed., 2011. Globalization on the Margins (Charlotte, North Carolina: Information Age Publishing Inc.), 173-201.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Амангазиева М.К.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
E-mail: mika-230376@mail.ru

ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫНДАҒЫ Н.И. ИЛЬМИНСКИЙДІҢ ОРНЫ

Түйін. Мақалада лексикография тарихындағы алғашқы лексикограф ғалымдар туралы, қалыптасу тарихы, зерттеуші ғалымдар, оның ішінде Н.И.Ильминскийдің еңбегі, зерттеулері, жарыққа шыққан сөздіктері туралы баяндалады. Сонымен қатар ғалымның қазақ тілі материалдары мен бірге оның қазақ ауыз әдебиетін жинақтауы туралы да айтылады.

Кілт сөздер: Н.И.Ильминский, лексикография, этимология, тарихи сөздіктер, түркітану, түркітанушылар;

Резюме. В статье рассказывается о первых в истории лексикографии ученых-лексикографах, истории становления, трудах, исследованиях Н.И. Ильминского, опубликованных словарях. Кроме того, излагается информация ученого о материалах казахского языка, а также об исследовании казахского фольклора.

Ключевые слова: Н.И. Ильминский, лексикография, этимология, историзмы, тюркология, тюркологи;

Resume. The article deals with the lexicographers, development history of lexicography, scientists in lexicography history. Also N.I.Ilminskii's work, researches and published dictionaries are analyzed on this article. At the same time his research in Kazakh language and collection of Kazakh oral literature are described.

Keywords: N.I.Ilminskii, lexicography, etymology, historical words, Turkology, turkologists;

Лексикография тарихы – әртүрлі кезеңдерде жасалған сөздіктердің тарихын анықтап, ондағы атауларға тілдік талдау жасаса, лексикография теориясы – сөздік жасау тәжірибелерін қорытындылап, олардың жасалу жүйесін негіздейді. Сөздік жасау ісін бірізге салуға бағытталады.

Лексикография мәселесі тек қана сөздіктердің тізбесі ретінде ғана таныла алмайды. Сөздікке енген атаулар, ең алдымен, әр кездегі халықтың әдет-ғұрпы мен дүниетанымынан сыр шертетін жәдігерліктер ретінде бағалану керек. Өйткені әр атаудың ішкі мағыналық құрылымында, әсіресе фразеологиялық бірліктерде, мақал-мәтелдерде, этнографиялық атаулардың ішкі мағыналық құрылымында халықтық дүниетаным көріністері, ұлттық дәстүр іздері жақсы сақталған. Яғни лексикография тарихы лингвомәдени тұрғыдан, тілдік таным тұрғысынан қарастырыла алады. Бұл түптеп келгенде, тілдік бірліктердің когнитологиялық қырын сипаттауға да мүмкіндік берері хақ.

Лексикография теориясы лексикография тарихына сүйенгенде ғана дұрыс нәтижелерге қол жеткізе алады. Лексикография тарихынсыз, оның теориясын жасау мүмкін емес. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста, өзара бірлікте ғана таныла алады.

Адамзат мәдениетінің дамуында әртүрлі сөздіктер жасалған. Олар әртүрлі мақсатты көздеген, алуан түрлі жүйе мен құрылымда түзілген. Сөздікте тілдік таңбалар арқылы бейнеленген халық дәстүрі таңбаланған. Сөздік арқылы халықтық үлгілер хатқа түсіп, халықтық білім мен біліктің шежіресіндей рөл атқарған.

Тарихта болып өткен тарихи оқиғалар туралы біз сөздіктерден тарихи шындықты тани алмаймыз, онда оқиғалар легі жазылмайды, бірақ, сөздікте жеке атаудың мағынасы, жеке сөздің белгілейтін ұғымы сақталады. Осының өзі көп жайттан хабар бере алады. Сондықтан лексикография тарихында әртүрлі аударма сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, салыстырмалы сөздіктер, салғастырмалы сөздіктер, т.б. жасалған.

Тілдік даму барысында мәдениет пен өркениеттің деңгейіне, дәрежесіне байланысты сөздер көптеген өзгерістерді басынан өткізеді. Денотаттың өзгеруіне сәйкес бір атаулар қолданыстан шығып қалып жатса, кей атаулар жаңа мағынаға ие болады, немесе жаңаша сөздер жасалады, өзге тілдерден сөздер енеді. Түсіндірме сөздіктерде, аударма сөздіктерде кейде осындай өзгерістер де өзінің таңбасын қалдырып отырады. Қазақ тілінің зерттелу тарихы жалпы түркі тілдерінің зерттелуімен байланысты. Қазақ тіл білімі түркітану ғылымының бір саласы болып табылады. Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың басым көпшілігі бір кездегі Ресей империясына қарағандықтан, түркітанудың алғашқы пайда болған жері де сол Ресей екені белгілі жайт.

Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің аса маңызды көздері – Орхон-Енисей, көне ұйғыр жазба ескерткіштері, ортағасырлық араб, парсы, түркі ғалымдарының еңбектері және XYIII ғасырдан бергі Батыс Еуропа мен орыс ғалымдары зерттеулері. XIX ғасырға дейінгі ғылыми еңбектерде түркі тілдері даралана зерттелуден гөрі жалпы түркі тілдерімен немесе оның жеке топтарымен (оғыз, қыпшақ, қарлұқ т.б.) практикалық түрде танысу негізінде оларға тән заңдылықтарды

анықтау, салыстырмалы сөздіктер жасау, шағын грамматикалық очерктер жазу дәрежесінде болғаны белгілі.

Сөйтіп, XYIII ғасырдың екінші жартысында Ресейде түркітану ғылымының негізі салынды. Бұл кезде Мәскеу, Петербор, Қазан қалаларында ірі түркітану орталықтары қалыптасып, А. Казамбек, О. Бетлинг, И.Н. Березин, Л.З. Будагов, Н.И. Ильминский сияқты түркітанушылар түркі тілдерін теориялық тұрғыда зерттеуге ден қойды.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап түркі тілдерінің қай-қайсысы болсын зерттеу нысанына айналуымен қатар, өзара жүйелі түрде салыстырылып отырды. Көне және орта түркі жазба ескерткіштері мен түркі тілдері арасындағы генетикалық, құрылымдық байланыс анықталып, түркі тілдерін жіктеуге үлкен мән берілді. Оған сол кездегі Петербор мектебінің көрнекті өкілдері В.А. Гордлевский, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.Ф. Катанов, Н.И. Ашмарин, В.А. Богородицкий т.б. зор үлес қосты. Олар бірқатар жалпытүркілік сөздіктер мен күрделі зерттеулер қалдырды. Сонымен қатар, XYIII-XIX ғасырларда Орал-Алтай тіл білімінің дамуына байланысты түркітану проблемалары Батыс Еуропа ғалымдары Т. Страленберг, В. Шотт, И.А. Кастрен, Г.И. Рамстедт, В. Томсен т.б. еңбектерінде зерттелген болатын.

Қазақ тілі кіретін қыпшақ тобындағы түркі тілдер жайында материалдар, мәліметтер орыс тарихы үшін көне замандардан-ақ белгілі болған. А.Н. Кононов ескі қолжазбаларда көп кездесетін кірме сөздерге орысша түсініктер беріліп отырғанына қарап, сөздік жасау тәжірибесі орыстарда XI ғасырдан бұрын болған деген пікірді қостаған. Осындай лексикографиялық тәжірибенің алғашқы үлгілері ретінде «Се татарский язык» және «Толкование языка половецкого» деп аталатын екі сөздікше болғанын көрсетеді [1, 22-217 бб.].

XIX ғасырдың орта кезеңінде орыс ғалымдары түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының этнографиясын, тарихын, тілін, әдебиетін ғылыми талдаулар жасай отырып, зерттеуге кірісті. Зерттеу жұмысымен айналысатын орысша оқыған бірлі-екілі зерттеуші қазақ арасынан да табылды. Бұлар қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, ақын-жыраулардың өлең-жырларын жазып алып, кітап етіп бастырды. Орыс алфавитінің графикасымен қазақ тілінде кітаптар жазды. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, Н.Н. Пантусов, А.Е. Викторов және т.б. еңбектерін атауға болады.

Петр Бірінші заманында Сібірді мекендеген түркі халықтарының тілдерін зерттеу жолға қойыла бастағаны белгілі. 1725 жылы Петербор Ғылым академиясы құрылған соң, бұл бастама жүйелі сипат алды. Еділ, Каспий бойындағы, Орал, Сібір, Орта Азиядағы түркі халықтарының тарихын, қоныс, тұрмыс жайын, тілі мен әдебиетін зерттейтін арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. 1747 жылы академик П.С. Палластың (1711-1811) басқаруымен «Барлық тілдер мен наречиелердің салыстырма сөздігі» деп аталатын 4 томдық еңбегі (1790-91) жарық көреді. Онда 19 түркі тілдерінің лексикалық деректері қамтылған еді. А.Н. Кононов осы сөздікте қазақ сөздері берілгеніне қарап, басқа көптеген түркі тілдері сияқты қазақ тілінің зерттеу объектісіне айналуы XYIII ғасырдың екінші жартысынан басталады деген пікір айтқан. Сонымен қатар қазақ тілі туралы XYIII ғасырдың соңғы кезеңінде жиналған бірқатар қолжазба материал Ф.П. Аделунгтың (1768-1843) архивінде сақталғанын көрсетеді [1, 276 б.].

Орыс түрктанушылары мен миссионер-ғалымдарының қазақ тілін практикалық мақсатта жүйелі түрде даралай зерттеулері XIX ғасырдың орта шенінен басталады. Осы орайда орыс түркітанушылар қатарында Г.И. Спасский, А.О. Мужнинский, С.С. Уваров, Х.Ф. Френ, А. Казембек, Г.С. Саблуков, О.И. Бетлингк, А.Н. Самойлович, В.В. Вельяминов-Зернов сияқты құнды еңбектерімен танымал болған, түркологияға өздерінше үлес қосқан ғалымдарды атап өтпеуге болмайды [2, 16 б.]. Олардың еңбектерінің бірқатарында тек практикалық емес, ғылыми талдаулар да жасалып отырды. Белгілі шығыс зерттеушісі, ғалым-миссионер, профессор Н.И. Ильминский (1822-1891) 1860-1861 жылдары Қазанда шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» деп аталатын еңбегі шын мәнісінде миссионерлік мақсатта жазылған еңбек болатын. Сөйте тұра ол қазақ тілінің грамматикалық жүйесін зерттеуге арналған алғашқы еңбек болып табылады. Кезінде бұл еңбек қазақ тілін үйренушілер арасында аса бағалы оқу құралы болғаны белгілі [3. 41 б.].

Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегі үш бөлімнен (кіріспе, дыбыс бөлімі, грамматика бөлімі және сөздік) тұрады. Осы еңбектің сөздік бөлімінде қазақ сөздері орыс тіліне аударылып, сөз мағыналарын кең түсіндіруге мән берген. П.М. Мелиоранский сөздіктің шағындығына қарамастан, оны өте жоғары бағалаған. Бұл сөздікті қазақша-орысша алғашқы сөздіктердің бірі деп қарауға болады.

Н.И. Ильминскийдің бұл еңбегі туралы айтылғанда мынадай жайттар есте болуы керек. Біріншіден, автор қазақ тілін жеке тіл ретінде емес, наречие деп зерттеген. Мұның себебі түркі тілдерінің шыққан тегі жағынан бір-біріне жақындығына қарап, ол кезде олардың бәрі түрік тілінің наречиелері (диалектілері) деген көзқарас орын алған (В.В. Радлов, Л.З. Будагов және т.б.). Екіншіден, Н.И. Ильминский өзінің еңбегін қазақ (қырғыз) наречиесін зерттеу материалдары деп атағанымен, оларды өзі атап көрсеткендей, «Жартылай Орынбордан, жартылай Орал даласының батыс жағынан және жетірулықтар мен байұлылықтар қоныстанған жерлерден жинадым», – дегенді атап айтады [3, 6 б.]. Бұл материалдардың жалпы қазақ тіліне тәндігінен гөрі белгілі аймақтық сипаты басым екені байқалады. Сол себепті Н.И. Ильминский жинап бастырған материалдарды С. Аманжолов қазақ тілінің батыс диалектісін зерттеу үшін құнды еңбек деп бағалайды [4, 130 б.]. Шыққан мерзімі жағынан Н.И. Ильминскийден кейін аталатын М.А. Терентьевтің (1837-1909) «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (СПб., 1876) атты еңбектерін айтпай кетуге болмайды. М. Терентьев еңбегінің алғы сөзінде қазақ тіліне қатысты грамматика бөлімін Н.И. Ильминскийдің «Материалдарына…» сүйеніп жазғанын, кейін оны сұлтан Жәңгір Бөкеев пен Г. Ибрагимовтың қарап шыққанын ескертеді [5,119 б.]. Еңбек негізінен қазақ тілінің морфологиясына арналып, онда сөз таптары жайында бірқатар талдаулар жасалған.

І.К. Кеңесбаев Н.И. Ильминский тұрғысында былай деп атап көрсетеді: “Роль Н.И. Ильминского в истории изучения казахского языка особенно велика, ибо он проложил первую тропу в его изучении, за что и снискал всеобщее уважение” [6, 23 б.].

Н.И. Ильминский өзінің тілмаштық қызмет атқарып жүрген жылдары қазақ тілінің практикалық жағының нығая түсу себебін былайша түсіндіреді: “Моя трехлетняя служба в Оренбургском крае сблизила меня с киргизами (казахами). Я был изумлен, что этот народ, кочевой, чуждый, на наш взгляд цивилизации, и по-татарский почти вовсе неграмотный, обладает однако же замечательным искусством говорить; я полюбил киргизский язык, характерный, сохранивший в себе много следов тюркского быта. Киргизская степь окончательно воспитала во мне уважение вообще к народному языку на который я стал смотреть как на подлинный документ для лингвистических исследований, тогда как книжный язык представлял больше или меньше искусственную, случайную и произвольную смесь разных языков и наречий. С таким радикально изменившимся взглядом вернулся я в Казань” [7, 21 б.].

1859 жылы Орынбор қазақтары облысының бастығы болған В.В. Григорьев Н.И. Ильминскийге қазақ балаларын орыс тіліне жаттықтыратын тілашар оқулық жазуды тапсырған. Н.И. Ильминскийдің қазақ балаларына арнап жазған тілашар оқулығы «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген атпен 1861 жылы Қазан қаласында жарық көреді. Н.И. Ильминскийдің қазақ балаларына арнап жазған бұл оқулықтан басқа, екінші еңбегі – «Материалы к изучению киргизского наречия». Бұл еңбек те 1861 жылы Қазан қаласынан басылып шықты.

Өз ісіне қатаң талап қоя білетін Н.И. Ильминский өз еңбегінің алғысөзінде былай деп жазған: «В том убеждений, что мой краткий опыт прочтут только те, которые занимаются восточными языками и уже знают по-татарский, я в грамматической части указал почти только отличные от татарских киргизские формы. Несколько пообширнее мой словарь, но и он далек от полноты» [8, 31 б.].

«Материалдардағы» шағын сөздік басылып шығып отырған қазақша-орысша сөздіктердің басы еді. Н.И. Ильминский сөзтізбені орыс алфавитіне өз тарапынан қосқан толықтыруларды пайдалана отырып, еңбектің алғашқы грамматикалық бөлігіндегі дыбыстардың орналасу тәртібіне сай, өзі түзген жүйе бойынша құрған.

Бұл тұрғысында М. Малбақов былай дейді: «Ондағы көздеген ойы – этимология дыбыстардан басталады деген ой желісін өрбіту, дыбыстарда, олардың орналасу тәртібінде белгілі бір заңдылық бар дегенді дәлелдеу болса керек» [9, 28 б.].

Н.И. Ильминский қазақ тілі материалдарын ғана жинап қоймаған, сонымен бірге оны қазақ ауыз әдебиеті де қызықтырған. Ауыз әдебиеті, оның ішінде поэзия тілінің дамып, өзгеріп отыратындығын кезінде В.В. Радлов та айтып кеткен еді. Ол қазақ эпосының тілінен өте әріден келе жатқан аллитерациялардың, ішкі ұйқастардың іздері анық байқалатыны туралы айтқан. Алайда сол өткен ғасырдың өзінде бұл тәрізді «ежелгі түркі өлшемдері қазақ эпосының тілінде ұзақ сақталып қала алмаған», – деп есептеген [10,24 б.].

Сол кездегі елге танымал Марабай жыршыдан Н.И. Ильминский «Ер Тарғын» эпосын жазып алып, оны Құлыбековтың көмегімен 1862 жылы Қазаннан араб әрпінде бастырып, бөлек кітап етіп шығарған болатын. «Ер Тарғын» негізінен алғанда қазақ тілінде басылған тұңғыш кітап болатын.

Өз уақытында Ы. Алтынсарин оған жоғары баға беріп, былай деген: «…на киргизском языке никогда никакая книжка еще не выходила в свет печатанною; потому-то и странно и приятно стало киргизам, когда в первый раз увидели свое наречие печатанным» [11, 114 б.]. Профессор Б.А. Әбілқасымов «Н.И.Ильминский – первый исследователь казахского языка» деп жазып, оның еңбегін аса үлкен туынды деп бағалайды [12, 75 б.].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Л., 1982 – 256 с.
2. Қайдаров Ә., Оразов Ғ. Түркологияға кіріспе. – Алматы, 2004, – 358 б.
3. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861. – 123 с.
4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959. – 450 с.
5. Терентьев М.А. Грамматика турецких, персидских, киргизских и узбекских языков. – СПб., 1875. – 119 с.
6. Кенесбаев С.К. Основные вехи изучения языка казахского народа. – Алма-Ата, 1967. – 235 с.
7. Гумбольдт В. фон Избранные труды по языкознанию: пер с нем. /под общ. ред. Г.В. Рамишвили: посл. А.В. Гулыги/. – 2-е изд. – М.: Прогресс, 2000. – 400 с.
8. На память о Николае Ивановиче Ильминском. – Казань, 1892. – 278 с.
9. Малбақов М.М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. –Алматы, 2002. – 364 б.
10. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен… СПб., 1870. – 450 б.
11. Ильминский Н.И. Воспоминания об И.А.Алтынсарине. –Казань, 1891. – 250 б.
12. Абилкасымов Б. Н.И. Ильминский – первый исследователь казахского языка // Сов.Т. –1974. –№3.–75 с.

Амангазиева М.К.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
e-mail: mika-230376@mail.ru

Исина Ж.А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
e-mail: zhannur_8383@mail.ru

СӨЗДІКТЕРДЕГІ «ЖҰЛДЫЗ» АТАУЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін. Мақалада қазақ халқының тарихи мәдени құндылықтарын көрсете білетін «жұлдыз» лексемасының ерекшеліктері қарастырылады. Лексикографиялық деректерге сүйене отырып аспан денелері атауының семантикалық және когнитивті сипаты беріледі. Сонымен қатар жұлдыз космонимінің ұлттық-мәдени табиғаты, мифологиялық оралымдар жүйесі және оның қазақ тіліндегі танымдары қаралады.

Кілт сөздер: космонимдер, лингвомәдениеттану, когнитология, лексикография, мифология, әлемнің тілдік бейнесі;

Резюме. В статье рассматривается языковая специфика лексемы «звезда» характеризующиеся как хранитель исторических культурных ценностей казахского народа. Представлено семантическое и когнитивное описание небесного тела, эксцерпированного из лексикографических источников. Также рассмотрена национально-культурная природа и система мифологического мышления космонима звезда, и его отражение в казахском языке.

Ключевые слова: космонимы, лингвокультурология, когнитология, лексикография, мифология, языковая картина мира;

Summary. The article deals with the linguistic feature of the lexical item "Star" characterized as the keeper of the historical cultural values of the kazakh nations. A semantic and cognitive description of Heavenly bodies, extracted from lexicographic sources, is presented. Also the national-cultural essence and the mythological thinking system of the cosmonym "star" and its reflection in the kazakh language are considered.

Keywords: cosmonim, linguoculture, cognitology, lexicography, mythology, linguistic world view;

Адамның аспан әлемін білу, тану жөніндегі талпыныстары ежелгі замандардың өзінде-ақ астрологиялық ұғым түсініктерді қалыптастырған. Соның нәтижесінде планеталардың қозғалыс заңдылығына, олардың орналасуына қарап түркі жұрттарының жұлдызшылары көптеген аспан денелерін танып білген. Белгілі бір сәуле шашушы планетаны әр халық өз тілімен атай тұрса да, олардың негізгі қасиеттері біркелкі түсінілген. Ғылыми әдебиеттердегі қолданылуына көз салсақ, көпшілік астрономиялық денелер көбінесе екі атаумен аталады. Оның бірі – қазақша, екіншісі – орысша атау. Мысалы: *Есекқырған – Юпитер, Қызылжұлдыз – Марс, Кіші Шолпан – Меркурий, Шаншар – Сатурн, Құйрықты жұлдыз – Комета, Ақпа жұлдыздар – Метеорлар, Қыдырма жұлдыз – Планета* т.б.

Бұл – көрсетілген қазақша атаулардың әлі де әдеби тілде қалыптаса алмай жүргендігінің белгісі болса керек.

Жарыспалы қос атаудың екі сыңары да қазақша болуы мүмкін. Ондайда олардың біреуі – әдеби атау да, екіншісі – ғылыми атау болып келеді. Мысалы: *Жетіқарақшы* (әдеби) – *Үлкен аю* (ғылыми), *Темірқазық* (әдеби) – *Кіші Аю* (ғылыми), *Босаға* (әдеби) – *Егіздер* (ғылыми) т.б.

Жарыспалы варианттар тек туыстық (род) атауларда ғана емес, сонымен бірге ол түрлік (вид) атауларды белгілеуді де байқалады. Мәселен, Таразы жұлдызы екеу: оның біреуі – *Үлкен Таразы*, екіншісі – *Кіші Таразы*. Үлкен Таразы дегеніміз – Таразы жұлдызының өзі, ал Кіші Таразы дегеніміз – Үлкен Таразының бір бүйіріндегі кішірек келген, соған ұқсас жұлдыз. Алдымен Үлкен Таразы туады, содан кейін Кіші Таразы туады. Тілімізде Үлкен Таразының – *Мұсылман Таразы*, Кіші Таразының – *Шайтан Таразы* деген қосымша аттары бар. Сүмбіле жұлдызы да Үлкенсүмбіле/Текесүмбіле, Кішісүмбіле/Лақсүмбіле болып екіге бөлінеді.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *«жұлдыздай»* сөзі сын есімнің қызметін атқарып, *«жұлдыз сияқты, жұлдыз тәрізді»* деген анықтама береді және де *«жұлдыздай ақты – көз ілеспеді, зымырады, жұлдыздай самсады – жұлдызша жыпырлады, жайнады, құйрықты жұлдыздай ағып өтті – жалт етті де жоқ болды»* [1, 214] деген түрлеріне сипаттама береді. *«Жұлдыз»* түбіріне *«тең»* сөзімен салыстыру мағынасын тудыратын теңеулік тәсіл ретінде

қолданылған. Ал проф. Т.Қоңыров *–дай, -дей* аффиксі қазақ тіліндегі «тең» сөзімен төркіндес дегенді келтіреді [2, 57].

Профессор Ж.Тектіғұл өзінің «Тарихи грамматика танымдары» атты зерттеу еңбегінде Ғ.Мұсабаевтың мына бір пікірін келтіреді: *«-дай, -дей* қосымшасы түрлі кезеңдерден өтсе де, әлі жіктеліп жетпеген, оның семантикасының екі жағы бар деуге тиіспіз. Оның бірі – сөз арасын байланыстыратын жалғаулық мәні, екіншісі – өзі қосылған сөзге үстеме мағына туғызып, жалғау категориясы тұлғаларынан бұрын жалғанып, жұрнақтық мәнге ие болуы. Сөйтіп, бірде жалғаулықтың, бірде жұрнақтың қызметін атқаруы осы *–дай, -дей...* қосымшасының ерекшелігі» [3, 46].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде сындық мағынада қолданылатын, фольклорда сақталған *«жұлдыздайын»* деген туынды сөзді келтіріп, оған «*жұлдыздай»* деген мағынасын береді. Сондай-ақ сандық мәнде *«жұлдызды»* − жұлдызы көп, жұлдызы мол, *«жұлдыздық»* −жұлдызға қатысты деген мән түрлерін келтіреді. [1, 214].

«Жұлдыз» сөзі сонымен қатар септеледі, тәуелденеді, жіктеледі, көптеледі. Бір сөзбен айтқанда аффикстермен қоса, жалғаулардың барлық түрін қабылдап, түрлене алады. *«Жұлдыз»* түбіріне көптік жалғауының тек ғана *–дар* қосымшасы жалғанса, септелген уақытта көмектес септігінің тек *–бен* түрін қабылдайды. Бұл аталған ерекшеліктер фонетикалық жүйеге негізделіп, үндестік заңына бағына жасалады.

Сөздікте берілетін атаулардың толық мағынасы аударылып та, кейде аударуға келмейтін жағдайда түсінің беру жолы да жиі кездеседі. Мұның өзі бір жағынан түсінікті де. Өйткені белгілі зат не құбылыс ортақ болған жағдайда ол туралы ұғым да ортақ болады да, оның аудармасын табу, келтіру аса қиындық әкеле қоймайды. Таңбалайтын әлемдік бейне ортақ болғандықтан, оның таңбасын көрсету аса қиын емес. Ұлттың өзіндік мәдениеті мен дәстүрі арқылы жасалған ұғымдарды анықтап, түсіндіру оңай шаруа емес. Мұндайда, авторлар дефиниция беруден гөрі түсінік беруге көп көңіл аударады.

Біз қарастырып отырған сөздіктерде төмендегідей жұлдыз семантемасына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін мысалға келтіріп отырмыз:

- *Жұлдыз. зат.* 1. Астр. Жерден өте қашық орналасқандықтан

нүктедей ғана болып жылтырап көрінетін аспан денесі. 2. Көне. Жылдың он екіден бір бөлігі, ай. 3. Ауыс. Маңдай алды, халық қалаулысы, бетке ұстары.

- *Жарық жұлдыз* – маңдай алды, бетке ұстар.
- *Жұлдызы аспандады* – бағасы артты, құны жоғарлады.
- *Жұлдызы жанды* – бақыты жоғарылады, мәртебесі асты.
- *Жұлдызы жарасты* – көңіл қосты, келісті, ұнасты, үйлесті.
- *Жұлдызы қарсы* - өш, қас, жаны жек көреді.
- *Жұлдызы оңынан туды* – сәті түсті, жолы болды.
- *Құйрықты жұлдызы астр.* – күнді айналып жүретін ұсақ планеталар, метеорит.
- *Жұлдыз зат.* Бес бұрыш (тармақ) етіп жасалған Совет мемлекетінің айырым белгісі, эмблема [1,4-т, 213].
- *Жұлдыз* – өте күшті қызған газдан тұратын, өзінен жарық

шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері [4, 59]

- *Жұлдыздай ақты* – қатты жүгірді, оқша атылды.
- *Жұлдық құйды* – жұлдыз ақты.
- *Жұлдызы толғанда*. диал. Ел орынға отырған соң, кеш әбден түскен соң.
- *Жұлдызы жанды (жарқырады).* Жолы болды, ісі алға басты, еңбегі жанды; бақытқа бөленді. [5, 52]
- *Жұлдызы жарқын*. 1. Өмірі кіршіксіз; 2. Беті ашық.
- *Жұлдызы жоғары (жоғары көрінді).* Мерейі үстем, дұшпанын мұқатып, иығы өсіп тұр деген мағынада (көбінесе бал ашқанда айтады).
- *Жұлдызы қарсы* Өш, қас.
- *Жұлдызы оңынан (соңынан) туды.* Бағы ашылды; жолы болды.
- *Жұлдызы сөнді (ұшты)* 1. Өлді, дүниеден қайтті. 2. Бақыты тайды.
- *Жұлдызы түзелді.* Тағдыр таразысы оңғарылды; ісі, беті оңғарылды.
- *Жұлдызы ыстық.* Сүйкімді, кісіні өзіне тартатын қасиетке ие [6, 209]
- *Жұлдызгүл* – бот. Жұлдыз тәрізді гүлі бар өсімдік.

- *Жұлдыздай* – сын. Жұлдыз сияқты, жұлдыз тәрізді.
- *Жұлдыздайын.* – Сын. фольк. Жұлдыздай.
- *Жұлдызды* − жұлдызы көп, жұлдызы мол.
- *Жұлдыздық* − жұлдызға қатысты.
- *Жұлдызсыз* – жұлдызы жоқ, қараңғы
- *Жұлдызқұрт (Eruca)* – денесі буылтық-буылтық, сырты түк-түк жасыл жапырақ түстес жәндік [1, 214].
- *Жұлдызқұрт (eruca)* – көбелектердің дернәсілі [4, 65]
- *Гусеница (жұлдызқұрт).* Қабыршақ қанатты насекомдардың

(көбелектердің) личинкасы. Гусеницалардың денесі құрт тәріздес және 2-5 пар құрсақ аяқтары болады. Құрсақ аяқтары III-VI және X сегменттерде орналасқан. Ал мур көбелегінің гусеницаларында құрсағының ең соңғы сегментінде орналасқан тек 2 пар ғана аяғы болады. Гусеницалардың ауыз аппараттары кеміргіш, өсімдіктермен қоректенеді. Олардың басым көпшілігі ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының қауіпті зиянкестері» [7, 24-25].

- *Жұлдызша* – зат. 1. Түнде аспан әлемінде жарқырап кішкентай

болып көрінетін планеталар. 2. үст. Жұлдыз тәрізді, жұлдыз сияқты денесі буылтық-буылтық, сырты түк-түк жасыл жапырақ түстес жәндік [2, 215].

- *Жұлдызша ақты* – көз ілеспеді, зымырады, зулады.
- *Жұлдызшөп* – зат. Қалампыр туысына жататын бір жылдық арам шөп денесі буылтық-буылтық, сырты түк-түк жасыл жапырақ түстес жәндік [2, 215].
- *Жұлдызшөп (Stellaria)* – қалампыр тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдік [4, 59].
- *Жұлдызтүк (Farsetia)* – орамжапырақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік [4, 65]
- *Жұлдызшы* – ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда аспан

денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғылданған адам, астроном» [4, 65]

- *Жұлдызшы* – аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен

шұғылданған адам, ерте кездегі астроном [1, 4-т, 215].

- *Звезда* 1. Небесное тело, по своей природе сходное с Солнцем, вследствие огроиной отдаленности видимое как светящаяся точка.

2. Перен. О человеке, прославившемся чем либо, о знаменитости.

3. Геометрическая фигура, обладающая остроконечными выступами; предмет в форме подобной фигуры.

4. Светлое пятно на лбу у животного

5. Знак отличия, орден, имеющий форму звезды [8, 1133-1135].

- *Ағып түскен жұлдыздай*
- *аққан жұлдыздай сырғу*
- *жарқыраған жұлдыздай*
- *жұлдыздай жайнау*
- *жұлдыздай құлпыру*
- *жұлдыздай жалтылдау*
- *жұлдыздай жарқырау*
- *жұлдыздай жылпырау*
- *жұлдыздай жану*
- *жұлдыздай маздату*
- *жұлдыздай жылтылдау*
- *жұлдыздай ағу*
- *жұлдыздай құлдырау*
- *жұлдыздай жалт ету*
- *жұлдыздай жүйтку*
- *жұлдыздай жиі*
- *жұлдыздай (көп)*
- *жұлдыздай жыпырлау*
- *жұлдыздардай жүзім*

- *жұлдыздай гүл*
- *қос жұлдыздай жанары*
- *Үркер жұлдызындай шоқтану*
- *Үркердей (аз)*
- *Үркердей жиі тізілу*
- *Үркердей болып тұру*
- *Үркердей аз*
- *Үркердей болып жиналу*
- *Шолпан жұлдызындай*
- *Шолпандай ойнау*
- *Шығыстың шолпанындай* [2, 180 -181].

• *Жұлдыздай жұлдыз сияқты, жұлдыз тәрізді.* Жұлдыздай ақты – көз ілеспеді, зымырады, жұлдыздай самсады – жұлдызша жыпырлады, жайнады, құйрықты жұлдыздай ағып өтті – жалт етті де жоқ болды [2, 214]

• *Жұлдыз құйды (Жамб., Шу., Шымк., Түлк.). жұлдыз ақты.*

• *Жұлдыз толғанда (Алм., Кег.) қас қарайғанда, ел орынға отырғанда, ымырт жабылғанда.*

• *Жұлдыз тола (Алм., Кег.) ел орынға отыра, қараңғы түскенде* денесі буылтық-буылтық, сырты түк-түк жасыл жапырақ түстес жәндік [5, 53].

Қорыта айтқанда, сөздіктерде берілетін кез келген атау өзіндік танымдық сипатқа ие болады. Олардың сөздікке енуі өз кезеңінде белсенді қолданған денотат пен сигнификаттық ұғымның болғанынан хабар береді. Осы денотат пен сигнификат арқылы біз олардың таңбалық сипатын көреміз де, олар белгілеген ұғымның мәнін анықтауға талаптанамыз.

Осы реттен орыс тіліндегі сөздіктер мен зерттеулер арқылы орыс тіліне енген түркі сөздерін, олардың мағыналық сипатын айқындауға болатынын бағамдауға болады. Сондай-ақ, орыс-қазақ аударма сөздіктерінда берілген атаулардың мағынасын анықтау арқылы олардың танымдық сыры мен қырын бағалаймыз. Яғни әрбір атау арқылы заманындағы мәдениет пен өркениеттің белгілерін, дәрежесін шамалауға ден қоямыз.

Біз қарастырып отырған сөздіктерде атаудың лексикалық мағынасы негізінен мазмұнды ұғымның формальды көшірмесі ретінде анықталды. Сөйтіп, бірлік арқылы таңбаланатын ұғымның ең басты белгілерінің жиынтығын құрайтын топтама мағына ғана көрсетілген. Космоногиялық атаулардың барлығының сипатталуы мен берілу жүйесі әдеби қалыптасқан нормаға сәйкес келеді. Бұл атаулардың көне заманнан қалыптасқаны, олардың барлық кездерде де белсенді жұмсалып, халық санасында бейнеленген жинақтық келбетінің болғаны айқын. Сондықтан, сөздіктерде берілетін қай мағынасын алсақ та, ол тілдік нормадан алшақ кетпейді. Әрі жоғарыда келтірілген шарттарға толық жауап бере алады деп есептейміз.

Сонымен, сөзімізді қорыта келе лексикографиялық деректердегі «жұлдыз» атауының берілуі әр халықтың танымының, философиялық ойлау деңгейіне қарай көрініс табуы, сонымен қатар, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпымен, атап айтсақ, тікелей күнделікті өмірімен тығыз байланыста болып, қатар жасасқандығын және күнделікті тіршіліктің аспан денесімен байланыста болғандығын айқындадық деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. Ж-К. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1979. 679-бет. Ред. Б.Қ.Қалиев.
2. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990 – 320 бет.
3. Тектіғұл Ж. Тарихи грамматика танымдары. Алматы: Ғылым, 1999. – 195 бет.
4. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас. Ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 720 бет.
5. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 2-кітап. –алматы: Ғылым, 1999. 240 бет. А.Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты. Құр. О.Нақысбеков (Ж, Қ әріптері).
6. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І.К. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. – 712 бет.
7. Өсімдік қорғаудың орысша-қазақша анықтамалық сөздігі. Қалымбетов Б., Тілменбаев Ә., Матбаева Б., Жанұзақов А., Байматаева Б. Алматы, «Қайнар», 1977.

8. Словарь современного русского литературного языка. Том четвертый. Ж – З. Изд. Академии Наук СССР. Москва. Ленинград, 1955. Ред. тома А.М.Бабкин.

Асанов Ж.А.,
филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Ақтөбе , Қазақстан, e-mail:assan50@mail.ru

Амангазиева М.К.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Ақтөбе, Қазақстан
E-mail: mika-230376@mail.ru

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АЯСЫ

Түйін. Мақалада халық ақыны, кеңес үкіметі тұсында зерттеусіз қалған Сарышолақ Боранбайұлының өлең-толғаулары Дулат, Мұрат, Шортанбай ақындардың шығармашылығымен үндестік тапқан, ұлт мүддесін көздейтін бүгінгі күнге жеткен он екі мыңдай өлең жолдары мен оның шығармашылық мұраларындағы табиғат көріністері мен саятшылыққа арналған өлеңдері талданып, олардың тақырыптық ерекшеліктері зерделенген.

Кілт сөздер: Сарышолақ, халық ақыны, Жомарт көлі, Ұлы Құм, тазы, қасқыр, аңшы, Абай, Махамбет, табиғат.

Резюме. Цель статьи состоит в анализе ранее мало *исследованного при советском правительстве творчества* народного поэта Сарышолака Боранбайулы, автора около 12 000 стихотворных строк, посвященных теме *народа*, природе и охоте. Исследуя авторы статьи обнаруживают закономерную духовную близость и созвучность в оценках действительности в поэзии Дулата, Мурата, Шортанбая, рассматривают тематические особенности их творчества.

Ключевые слова: Сарышолак, народный поэт, озеро Жомарт, Великие пески, тазы-казахская борзая, волк, охотник, Абай, Махамбет, природа.

Summary. The purpose of the article is to analyze the work of the national poet Sarysholak Boranbaiuly, the author of about 12,000 poems dedicated to the themes such as people, nature, and hunting, which has been studied very little under the Soviet government. Examining the authors of the article, they discover a logical spiritual connection and consonance in assessments of reality in the poetry of Dulat, Murat, Shortanbai, and consider thematic features of their work.

Keywords: Sarysholak, people‘s poet, Zhomart lake, Great sands, Tazy-Kazakh bantender, wolf, hunting, Abai, Mahambet, nature.

Сарышолақ Боранбайұлы туған елінің тарихи бір кезеңін жырына қосып, патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау саясатына барынша наразылық білдірген, қазақтың аты шулы ақындарының бірі. Халық ақындарының қатарында тәрбиеленген Сарышолақ 1858 жылы Ақтөбе облысы өңірінде дүниеге келген [1,349]. Әкесі Боранбай шағын ғана дәулеті бар шаруа болғанымен, ескіше сауатты, көзі ашық, домбыра тартып, ән салған. Ал оның ағасы Көпжасар халқы үшін мешіт салдырып, өз аулының тұтқасын ұстаған дәулетті, жұртқа сыйлы, білімді адам болған. Соларды көріп өскен, тәрбиесін алған Сарышолақ рухани жағынан жұтаңдыққа ұшырамайды, әртүрлі аспаптарда ойнауды үйреніп, өткір әрі өнерлі боп өседі. Молла алдын көріп, арабша хат таниды. Ақындық өнерге ерте араласқан ол, ержете келе төселген ақын дәрежесіне жетіп, өз кезінің ірі ақындарымен айтысып, ел жақсыларының көзіне түседі. Бірақ асқар тауы әкеден, арқа тұтар ағадан ерте айырылып, жоқшылықтың тауқыметін көп тартады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының ең көрнектілерінің бірі Сарышолақ Боранбайұлы еді, алайда, патшалық Ресей отаршылдарының, одан кейінгі қызыл империяның тиым салуы себепті осы уақытқа дейін оның есімін атауға, шығармаларын жарыққа шығаруға мүмкіншілік болмады. Жалғыз Сарышолақ емес, «зар заман» ақындарының жолы қазақтың бұрынғы-соңғы ақындарымен салыстырғанда тым ауыр болғаны баршаға аян. Қызылдардың қазан төңкерісіне дейін өлең толғаулары баспа жүзін көрген, кітап түрінде шыққан Дулат, Шортанбай, Мұрат, Кердері Әбубәкір сияқты жыр дүлділдерінің әуелгі қарқында есімдері аталып, олар жайлы басы ұлы М.Әуезов болып бірсыпыра ғалымдарымыз еңбектер жазып көпшілікке, ғылыми ортаға мәлім еткен еді.Тасқа басылған есімдері ел жадында қалып, шығармалары оқулыққа еніп еді. Алайда советтік қызыл коммунистер ес жиған сайын ұлттық сананы өшіру мақсатында қаулы үстіне қаулы шығарып, әйгілі жыр дүлдүлдерінің ісі терістеліп,

есіміне қара жағылды. Зар заманның үш жүзге аты мәлім, сөзі қанық болған ақындарының өзі осындай кепке түсіп жатқанда, «Сарышолақ неге бұрын айтылмаған?» – деп кінәрат тағудың өзі жосықсыз көрінбек. Айтылмауының да реті бар еді. Сарышолақ шығармаларында ұлт мәселесі
бірінші кезекте тұрды. Ұлт ақыны болды. Ақын шығармаларының негізгі арқауы Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күрес екенін жоғарыда атап өттік. Бұл мәселені сөз етуде ақынның қандай шеберлік танытқанын айта кетейік:

Мезгілсіз соққан зауалдан
Талай қыршын жұлынды,
Алшаң басып жүргендер
Мылтықты көрсе бұғынды.
Атжақсы мен Жайыңды,
Ұлы Ырғыз бен Қайыңды,
Ұлы Борсық, Біршоғыр
Әлімтау,Тобылғы сайыңды
Орыс еркін жайылды.
Қылып еткенге түрмесі
Шынжырлы бұғау сіргесі!
Шен үшін талас елімде,
Бүлінді елдің іргесі... [2,97]

немесе:

...Жүретін желе шаңғытып
Ерлерім жүр қан құсып,
Айтқан ойын маңғытып
Қанды кек буып жүректі,
Бермей жүр құдай тілекті,
Зығырданым төмендеп
Шапқынмен күнім құр өтті.
Отарба келді ойрандап,
Көк түтінін шұбалтып,
Әскері жүр тайраңдап,

Шалқар көлден құр атып...[2,111] –деген сөздері бұған толығынан айғақ бола алса керек. Тарихқа үңілсек, қиындығы мол дүрбелең заманда, жат жұрттан қысым көрген шақтарда халық нақты іс-қимылдың иесіне, ақылшы болар ой- пікірдің иесіне қашанда зәру болып отырған. Сарышолақ ақынды да осындай тарихи жағдай өз сахнасына шығарған еді. Ол Махамбет тәрізді жауға шапқан батыр, от жалынға толы жыр төккен ақын. Сарышолақ Махамбетті өзіне өнеге тұтты, Махамбеттің ерлік дәстүрін іс жүзінде жалғастырушы болды.

...Ерлер еді келіскен,
Жайық бойы Беріштен.
Өзім білер Махамбет,
Егеулі найза қолға алған,

Қысылғанда жол салған, [2,248] – деп оның халқының қамын жеген даналығын, осы жолдағы өнегесін, ерлігін өз аймағында насихаттап отырды. Насихаттап қана қоймай, құлдық бұғауға қарсы күрес туын көтерді.

Күнде жасып жүргенше,
Көздегі шерлі жас кепсін,
Құлдықпен өмір сүргенше,
Қанжығада бас кетсін! [2,97] – деген еді жауынгер ақын.

Сонымен қатар ақын жыл мезгілдерін арнайы тақырып етіп алуы – ақын шеберлігінің жаңа бір қырын танытады. Ол заман ақындарында бұл сирек кездеседі. Дулаттың отарлау саясатын сынаған өлеңдерінде туған жерді, атамекенді құрметтеу әуендері жиі ұшырасады. Әйтсе де, табиғатты дара алып, арнайы жырлау Ы.Алтынсарин мен ұлы Абайдан бастау алады. Осы жерде айрықша назар аударарлық бір жай – Сарышолақтың табиғатты жырлауға көп көңіл бөлгені.

Сарышолақ ақын туған жерін, оның ұшқан құс, жүгірген аңын жан-тәнімен беріле сүйген еді. Әлбетте, бұл пікірімізге үлкен дәлел керек. Дәлелге «Ұлы Құм» атты өлеңін алайық:

...Қояның қойдай өретін,
Шіл құлдырай жөнетін.

Қарсағың қашып қырқадан,
Әр төбеден түлкі өнетін.
Кекілік шулай асатын,
Тұрымтай ән сап беретін,
Үкілер улеп түнімен,
Ерекше күйге басатын.
Бұлдырық ұшар зуылдап,
Күзенің қашар шуылдап,
Қырғиың қалқыр қырындап,
Қасқырың жортса қаңтарда,
Торғайың дүрік дуылдап,
Доңызың жөңкір дызылдап.
Мәлін несібе айырып,
Дуадақ қанат қайырып,
Сауысқаны шақылдап,
Байғыздары шаңқылдап,
Ат қайшылап құлағын,
Жапалақ ұшар жалпылдап,
Тіршілігім – Ұлы Құм,
Құм да болса –Алтын бақ! [2,124]

Атамекеннің қояны мен шілі, кекілігі мен бұлдырығы, дуадағы ғана емес, сүйкімсіз сауысқаны, тіпті харам доңызына шейін ақын жанына жақын. Құм іші ол үшін Алтын Бақпен пара-пар.

Бұл қарабайыр ақынның аузынан шығар сөз емес, тек туған жерін шексіз сүйген, сүю жеткіліксіз, табынған ақынның ғана қолынан келер іс.

Енді ақынның «Жомартым» өлеңіне зер салайық:

...Айдынды беті жылтылдап,
Қандай рахат түн еді:
Жағада жүрсең тың-тыңдап,
Оқпағы тұрар мыңқылдап,
Тарғағы күйттер ыңқылдап,
Сұқсұры суда сымпылдап,
Шүрегей сырғыр былпылдап,
Аққу кербез сұңқылдап,
Нешеме құстар қиқулап,
Көлбақа шулап құрқылдап,
Мың пері той ғып жатқандай,
Шошына жүрек жұлқынбақ [2,125].

Өзгеше лепес, бөлек түзілім. «Құстары шулап есті алған», «Толқыны сыңғыр ән салған». Күмістей сыңғырлаған тіл өзгеше өре тауып, бедерлі сурет салып, терең ой мен биік таным айшығын аңдатады. Тарғақ пен сұқсыр, шүрегей, аққу, көлбақа... Қым-қуыт тіршілік көз алдымызда тізіле өтеді. Жағада тың-тыңдаған жалғыз адам ғана емес, көл төңірегінде айнала қонған көп Тілеу – бір рулы ел жатыр.

Сарышолақ жырлаған көп тақырыптың бірі – адам мен табиғат бірлігі. Ақын табиғатты адам өмірімен қатарластырып, жігін білдірмей астастырып жіберуге шебер-ақ. Бұған мысал ретінде «Көктемін» қарайық.

Ыңырсып бота боздаған,
Шулап қойы қоздаған,
Шұрқырап құлын кісінеген,
Жан-жүйеңді қозғаған.
Шу жорғалар теңселген,
Жампоз жүгін теңгерген,
Көктемнің сұлу жас шағы,
Қыстың кәрін еңсерген.
Қыздар сұлу көрінер,
Ұлы Құмның талындай,
Басуға аяқ ерінер,

Жеңгесі шығып жалынбай.
Бәйбіше қатын масығар,
Ойлағаны болғанға.
Көктемде бәрі тасынар,
Қыстан аман қалғанға[2,120].

Ақын шеберлігін танытатын «Қыс» атты өлеңінен тағы бір үзінді берейік:

...Ат қара тіл болғанда,
Жеміс-жидек толғанда,
Көк қуарып сарғайып,
Жапырақ құрап солғанда,
Көктеме болар арманда.
Үркер шынтаққа барғанда,
Қыраулы аяз шалғанда,
Жомарт қатып қалғанда,
Суық қарып денеңді,
Шілде күн болар арманда.
Қайырсыз мына жалғанда
Кедейдің ісі оңған ба?
Шерменде көңіл талпынса,
Айтқаны,сірә,болған ба?
Жоқшылық қылар арманда [2,120]...

Сарышолақтың бұл өлеңіне қарай отырып, оның шоғыр (тирада) жайынан да хабардар екенін аңдаймыз. Мысалы, бұл өлең үш шоғырдан тұрады, әр шоғырда бес тармақ бар.

Сарышолақта бірінен бірі өтетін, табиғат жайлы, ондаған тіршілік иелері хақында өлеңдері көп-ақ, бірақ оның бәрін тізіп жату шарт емес. Сондықтан аздаған үзінділермен шектелейік.

...Жомарттың сәні келер ме,
Балыққа толмай тоспасы?
Қопасор сәні келер ме,
Шыңғырып қашпай шошқасы?
Құндызы өріп жағада,
Борсықтың небір қасқасы.
Құстары суды сабалап,
Бар айдаһардан басқасы![2,63]

Аузын ашса көмейінен жарқ-жұрқ еткен жыр төгілген ақын градация қолданған, ертекте айтылатын айдаһарға шейін барған, сөйте тұра шындықтың шеңберінен шығып кетпеген, реалист қалпында қалған.Үзінді көркем, мұнда анафора мен риторикалық сұрау астасып жатыр.

Ақынның табиғат жайлы өлеңдері түр жағынан да, мазмұн жағынан да өзгеше. Өлеңдерінде ақын еліне, жеріне шексіз сүйісіне отырып, өмір шындығын кеңінен қамтып көрсетеді. Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя тал бесігі. Осы жайтты жан-ділімен терең ұғынған Сарышолақ: «Тіршілігім – Ұлы Құм, Құм да болса – Алтын Бақ!», « Пана болған қара жер, Есіме түсті-ау қайдағым», –деп тебірене толғайды.

Аңшылық-саятшылық тақырыбына келгенде де жаңашыл Сарышолақ биіктен көрінеді. Абай дәстүрін жалғастырады. Ол заманда аң аулау туралы арнайы шығарма Абайда ғана ұшырасады.Ұлы Абай түлкіге бүркіт салуды(«Қан сонарда бүркітші шығады аңға») жазса, Сарышолақ тазымен қасқыр алуды жырға қосады. Ақын тобылғылы жырадан қашқан қасқырды, оны қуған тазыны, соңдарынан елбеңдей шапқан аңшыларды жырлай келіп, көкжал мен сырттанның шайқасын былайша суреттейді:

...Жете де сала алысты,
Болатқа болат шабысты.
Екеуі бермей намысты,
Үркер мен Айдай тоғысты,
Аяқ пен құйрық сермелеп.
Бастады жойқын соғысты
Араласып жер мен көк,
Бұрқылдаған шаң ұшты...[2,126]

Осы жерде «Шу батыр» дастанындағы мынадай жолдар еске түседі:

Бермеу үшін намысты,
Лек-лек жасақ тоғысты,
Аспан мен жер қағысты...[3,28]

«Шу батыр» дастаны қадым заманда, сақтар дәуірінде-ақ өмірге келген. Сарышолақ мұраларын зерделей отырып, нағыз ақынның шығармаларындағы дәстүр сабақтастығы тамыры тым тереңде жататынын аңғарамыз.

Көзінен көк жалқын от шашқан, айналасының малы мен итін ғана емес, адамдарын да тегіс дүрліктірген, үрей әкелген түз тағысын қараңыз:

Сабаздың сұсты түсін көр,
Тітіренткен аймағын.
Айыбы аң демесең
Бәрін білер айланың.
Қан шеңгелді тісін көр.
Көру үшін әр күнді,
Аласұра жұлқынды.
Баудай түсірд жылқыңды,
Тесік тамақ, жан үшін.
Майлы қыл етіп сыртыңды,
Талай шаптар жыртылды,
Даусынан төбет үркиді,
Қабат соққан қырқыңды! [2.127].

Көкжалды алған ит сырттаны мынадай:

Желке жүні ұзарып,
Екі көзі қызарып,
Дірілдетіп жон арқасын,
Денесін билеп ызалық,
Тазы басты нығарлай [2.126].

Қазақ тазысын аңға қосты. Қайтер екен деген екі ұдай ой, күпті көңіл. Арпалыс, жүрек лүпілі. Аң аулау ләззаты. Данышпан Абай: «бір жасадым», «бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп тебіренген өнер.

Бірақ:

Тазы басты нығарлай,
Қызыққа қанша батса да,
Аң қумаған ұғар ма-ай? [2.126]

Хакім Абай айтқан:

Ұқпассың, үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,
Көлеңкесі түседі көкейіңе
Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң,
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң [4.13], – деген ой тұжырымы ықтиярсыз еске оралады.

Сарышолақтың осы өлеңінің соңы үлкен философиялық ойға құрылған. Кең даланың бұла тағысы, айбынды көкжал дәм таусылған күні көз жұмды.

Сөйткен мына сылқымды,
Сырттанға сырттан кез келіп,
Ақыреті бір тынды.
Терең ойлай ұғынсаң,
Әріге шабар көңілің
Бір күн жүрмей жығылсаң,
Аяқталар өмірің [2.127].

Гёте жазған, одан Лермонтов, содан Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлең бар. Бұл шығарманы дүние жүзі әдебиетшілері аса жоғары бағалайды, ұлы туынды деп мадақтайды. Шынында, таңғажайып дүние. Екінші шумағын оқыңыз:

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,

Сабыр қылсаң азырақ.

Өлеңдегі түйін, айтпақ ойдың мәйегі осы төрт жолда жатыр. Сарышолақ өлеңінің соңғы төрт жолы да сондай жүк арқалап тұр. Екеуінің арасында сырттай ғана емес, іштей үндестік бар. Артына қалдырған туындылары арқылы-ақ ақын шығармаларының ерекшелігін айқындау қиын емес. Біріншіден, Абай заманында қазақта жыл мезгіліне арнайы өлең шығарған екі-ақ адам бар, олар – Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев, үшінші адам көріп отырғанамыздай Сарышолақ.

Екіншіден, XIX ғасырда қазақтың аң аулау, саятшылық өнерін жырлаған, яғни арнайы туынды жазған екі-ақ ақын болды, бірі – Абай, екіншісі – Сарышолақ. Абайдың бүркітпен түлкі алу жөнінде «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» атты ғажайып туындысы бар екені баршаға аян. Сол заманда екінші боп Сарышолақ тазымен қасқыр алу тақырыбына арнай өлең жазды. Бұл өлеңнің көркемдік деңгейі қандай екенін өз мақаламызда арнайы сөз еттік.

Байқап отырғанымыздай, Сарышолақ шығармаларында ұлттық ауыз әдебиетінде сирек кездесетін жыр жолдары көп ұшырасады. Орыс, татар сөздерін пайдаланбайды. Араб, парсы сөздері өте сирек. Олардың өзі тілімізге кіріп сіңісіп кеткендер. Ақын шығармаларында тіл шұбарлығы жоқ, тілі өте таза. Оның туындылары Абай, Махамбет сияқты сөз зергерлерімен үндестікке толы. Өмірі трагедиямен аяқталған Махамбет қалай дегенмен де Сарышолақтан бақытты, себебі, сөзі ерте жиналып, тасқа басылды, Алты алаштың ардақтысына айналды. Ал Сарышолақ айтусыз қалды. Артында айтар, жарыққа шығарар іздеушісі болмады. Арада көп уақыт өтіп, көмескі тартты. Оның өмірі ғана емес, шығармашылық жолы да тым ауыр күй кешті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.«Ақтөбе» энциклопедиясы. – Ақтөбе, 2001. – 748 б.
2.Боранбайұлы Сарышолақ. Азаттық еді аңсаған (құрастырған –Ж.Асанов). – Алматы: Ел-шежіре, 2006ж. – 264 б.
3.Келімбетов Н.Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі,1998. – 256 б.
4.Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 140 б.

УДК 81’282.4:004.8

Джамбаева Ж.А.
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан

ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ КОНЦЕПТА «НАЦИЯ» В ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ КАЗАХСТАНА (по данным критического дискурс-анализа)

Статья посвящена проблеме исследования дискурсивной репрезентации концептов. В качестве метода исследования предлагается методология критического дискурс-анализа, описание результатов которого позволит выявить социокультурные и политические предпосылки функционирования концепта «нация» в публицистическом дискурсе Казахстана. Анализ представленного материала газетно-публицистического дискурса позволил установить, как функционирует дискурсивное поле концепта «нация» в его различных интерпретациях.

Ключевые слова: концепт, дискурс, критический дискурс анализ, публицистический текст.

Джамбаева Ж.А.
Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

«ҰЛТ» КОНЦЕПТІН ҚАЗАҚСТАН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫНДА ҚОЛДАНУЫ (сыңи дискурс-талдау мәліметтері бойынша)

Мақала концепттердің дискурстық көрініс табуын зерттеу мәселесіне арналған. Зерттеу әдісі ретінде нәтижелерін сипаттау «ұлт» концептін Қазақстан публицистикалық дискурсында қолданудың әлеуметтік-мәдени және саяси алғышарттарын анықтауға мүмкіндік беретін сыңи дискурс-талдау әдіснамасы ұсынылады. Ұсынылған газеттік-публицистикалық дискурстың материалын талдау, «ұлт» концептінің дискурстық өрісі түрлі интерпретацияларында қалай қолданылатының анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: концепт, дискурс, сыңи дискурс-талдау, публицистикалық дискурс, дискурстық өріс.

Dzhambaeva Zh.A.
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan

THE FUNCTIONING OF THE CONCEPT OF "NATION" IN THE JOURNALISTIC DISCOURSE OF KAZAKHSTAN (based on critical discourse analysis)

The article is devoted to the problem of studying the discursive representation of concepts. As a research method, a critical discourse analysis methodology is proposed, the description of the results of which will reveal the sociocultural and political prerequisites for the functioning of the “nation” concept in Kazakhstan's journalistic discourse. An analysis of the material presented in the newspaper and journalistic discourse allows establishing how the discursive field of the concept of “nation” functions in its various interpretations.

Keywords: concept, discourse, critical discourse analysis, journalistic discourse, field of discourse.

Одной из центральных проблем, обсуждаемых в современной лингвистике, была и остается проблема ментальных и вербальных репрезентаций концептов. Концепт «нация» представляет собой одну из базовых составляющих идеи патриотизма в системе политических концептов, выявление его компонентов в публицистическом дискурсе позволит понять не только его особенности, но и дополнить сведения о его основных компонентах. Это сложное, многомерное по своей природе явление играет ключевую роль в международных отношениях, в жизни государств и этнических общностей.

В основе исследования концептов лежит описание его структуры и содержания. Структура концепта включает компоненты, свойственные самой организации этого феномена, кроме того в нее входят характеристики, причисляющие его к культуре. Концепт имеет стратифицированное строение, и эти расслоения отображают культурные слои разных эпох. Слои различаются и по времени образования, и по генезису, и по семантике, а также обладают особой структурой, включающей в себя как основной, так и дополнительный признаки, внутреннюю форму.

В казахстанской русистике лингвоконцептологическими исследованиями занимается ряд ученых. Это труды З.К. Ахметжановой, Э.Д. Сулейменовой, Г.Г. Гиздатова, Ш.К. Жаркынбековой, З.К. Сабитовой, Б.С. Жумагуловой, Ж.А. Джамбаевой, Ж.Т. Балмагамбетовой, А.Т. Оналбаевой, Г.А. Алимжановой и мн. др.

В исследованиях З.К. Ахметжановой рассматриваются теория лингвоконцептологии как научного направления, ее понятийный аппарат, типология и способы изучения концептов [1]. Посвящая исследование базовым концептам казахской концептосферы, ученый отмечает, что «наиболее важную часть языковой картины мира составляют так называемые ядерные концепты, обозначающие высшие ценности этноса либо ориентиры, определяющие поведение людей», среди которых особое место занимают концепты «адам», «намыс», «қанағат», «қонақжайлылық», «дастархан» [Там же, с. 145-146].

З.К. Сабитова проводит детальный анализ и описание признаков концепта, среди которых выделяет: 1) совокупность существования; 2) ментальная природа; 3) ценностность; 4) условность, размытость; 5) изменчивость; 6) трехкомпонентность; 7) полиапеллируемость и др. [2; 64-65].

В научных статьях Б.С. Жумагуловой, Ж.А. Джамбаевой, Ж.Т. Балмагамбетовой, А.Т. Оналбаевой, Г.А. Алимжановой и других, опубликованных в сборнике «Концептосфера – ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің негізі» рассматриваются различные грани концептосферы и концепта. Каждый исследователь приводит анализ и описание базовых концептов русской и казахской лингвокультур, обсуждает проблемы их вербализации и репрезентации [3].

На сегодняшний день в научной системе имеются различные методики изучения и описания концептов. Наиболее актуальным является метод концептуального анализа. Цель данной методики, по словам С.А. Аскольдова, «установление парадигмы культурно значимых концептов и описание их концептосферы» [4; 149]. Главным в этом анализе являются мысли, которые передаются вербальными единицами, грамматическими категориями или текстами, при этом привлекается большое количество контекстов использования данной лексемы в художественной литературе. Это поможет, как охарактеризовать концепт, так и структурировать его, выделить наиболее характерные признаки. Методика проведения концептуального анализа подробно описана в работах В.А. Масловой и В.И. Карасика.

«Смысловая характеристика концепта должна осуществляться во взаимосвязи с другими концептами, кроме того необходимо описывать эти отношения и суммировать все частные толкования, определив реальное семантическое описание-объяснение слова-концепта», - отмечает С.Е. Никитина [5; 118].

М.Ю. Олешков считает, что «концепт получает свою содержательную определенность только в коммуникации (на уровне дискурсивной реализации), поэтому изучение концептов (их структурно-содержательное моделирование, типологизация) должно проводиться с учетом не только ментально-психических характеристик, но и их функционально-коммуникативного измерения» [6; 69]. Только в этом случае три компонента концепта, выделенные В.И. Карасиком: образно-перцептивная, понятийная и ценностная [7; 129] могут проявить себя «прагматически», что позволит представить дискурс как комплекс значимых в культуре концептуальных смыслов.

С целью выявления практик функционирования концепта «нация» в газетно-публицистическом дискурсе нами делается попытка использования методологии критического дискурс-анализа. Само понятие «дискурс-анализ» было введено в науку филологом З. Харрисом в середине 20 столетия. Позже «дискурс-анализ» рассматривается целым рядом исследователей, которые считают, что использование методологии критического дискурс-анализа даст определить «ситуации функционирования дискурса не из когнитивных структур сознания коммуникантов, а из их социальной практики, из воспроизведения практически усвоенного коммуникативного опыта, полученного в заданных социальных условиях» [8; 56].

Исследователей интересует, в первую очередь, социокультурные предпосылки организации речевой деятельности, присутствующие в политических текстах, где важным при работе с текстом является «выяснение условий, которые в конкретной эпохе и в конкретной ситуации привели высказывание к конкретному смыслу», - пишет В.Е. Чернявская [9; 76].

В рамках дискус-анализа концепт «нация» рассматривается не только как умственная сущность, но и как стойкий смысл внутри политического газетно-публицистического дискурса. Установлено, что язык политики не представляется описывать без учёта общественно-политической ситуации в стране, «анализируя дискурс по языковым данным, «боковым зрением» исследователь смотрит на фон – политические и идеологические концепции, господствующие в мире интерпретатора», - считает В.З. Демьянков [10; 121].

При осуществлении критического дикурс-анализа интерпретации и функционирования концепта «нация» в газетно-публицистическом дискурсе на материалах русскоязычной печати следует обратить внимание на связь понятий *«нация»* и *«коллективная идентичность»*. В таком смысле существование нации, на наш взгляд, тесно связано с воспитанием *патриотизма* как основой идеологии и общественного сознания казахстанцев. Поэтому тема «патриотического воспитания» нации – одна из самых востребованных на страницах современных СМИ Казахстана, а в текущем – 2019 году, объявленном Годом Молодежи, – проходит красной нитью.

Так, в публикации «Новый образ казахской нации предлагает создать глава Сената Токаев» (2019) находим следующее мнение: « … *в данное время становится актуальным вопрос* ***о правильном воспитании подрастающего поколения в духе патриотизма****. Так как кроме самих* ***казахстанцев*** *никто другой не будет заниматься развитием государства, обеспечением безопасности и* ***процветания нации***» [https://vk.com/ehonews_kz] К. Токаев подчеркивает: *«Однако* ***подлинный патриотизм*** *должен* ***базироваться*** *не на лозунгах, не на карьерных устремлениях, а* ***на глубоких знаниях***» [Там же]. Автор публикации продолжает: «*В нынешнем веке Глава Сената предлагает явить миру «****новый образ казахской нации****, реально мыслящей, трудоспособной, прагматичной, выносливой, мобильной и, конечно же, инновационно мыслящей, а значит, конкурентоспособной <…> важно укреплять* ***интеллектуальный потенциал нации*** *и развивать институт волонтерства. «В школах нужно ориентироваться* ***на стандарты поведения*** *и одежды, которые опираются на международный опыт и учитывают* ***национальные традиции нашего народа***» [https://vk.com/ehonews_kz]. Следует обратить внимание на то, как в контексте статьи прямо отождествляются понятия *казахстанцы – нация – казахская нация – народ.* Ранее мы в своих исследованиях уже констатировали тот факт, что в представлении *нации* и *народа* на понятийном уровне респонденты подчеркивают взаимосвязанность, взаимозаменяемость, а иногда и равнозначность этих концептов [11; 336].

Созвучная тематика затрагивается и в публикациях: «Год молодежи поможет воспитанию патриотизма – эксперт КИСИ» (Международное информагентство «Kazinform», 2019) [https://www.inform.kz/ru/god-molodezhi-pomozhet-kisi_a3493301]; «Воспитание казахстанского патриотизма» (Сайт Департамента ЧС Алматинской обл., 2019) [http://almob.emer.gov.kz/index. =4047]; «Военно-патриотическое воспитание молодежи намерены усилить в Актюбинской области» (Nur.kz, 2019) [https://politics.nur.kz/1773063o] и др. В одной из публикаций утверждается: «*Воспитание* ***казахстанского патриотизма,*** *толерантности, высокой культуры, уважения к правам и свободам как гарантии* ***«духовного обогащения нации».*** *<…> Обычно в* ***народе*** *говорят: что посеешь, то и пожнешь. Поэтому мы должны посеять* ***добрые зерна воспитания****, чтобы получить хорошие плоды*» [http://almob.emer.gov.kz/index. =404].

Анализ содержания перечисленных публикаций позволяет существенно дополнить и интерпретировать ценностную составляющую концепта *нация*, которая вновь показывает преобладание на страницах СМИ позитивных характеристик. Ведь нация видится *реально мыслящей, трудоспособной, прагматичной, выносливой, мобильной, доброй и патриотичной.*

В контексте данных публикаций помимо *патриотизма нации* в целом подчеркивается еще один немаловажный фактор – общность *нации* и *армии*, т.е. *военно-патриотического воспитания* нации.

Наиболее полное и яркое его проявление обнаруживается в действиях современной армии. Просмотрим публикацию «Нурлан Ермекбаев ознакомился с повседневным бытом военных на базе батальона «ИндКазбат» (2019): «*Министр обороны Казахстана генерал-майор Нурлан Ермекбаев в рамках своего рабочего визита в Ливанскую Республику встретился с представителями* ***казахстанского миротворческого контингента****. На встрече с* ***миротворцами*** *министр отметил, что выполнение* ***миротворческой миссии*** *является* ***делом государственного значения*** *и выполнением международных обязательств Казахстана перед мировым сообществом и ООН. Он напомнил, что* ***казахстанские миротворцы*** *представляют* ***свою родину, страну великой степи****. «По каждому вашему поступку будут оценивать Республику Казахстан, - отметил министр*» [https://ru.sputniknews.kz/].

Как отмечалось выше, смысловая характеристика концепта должна осуществляться во взаимосвязи с другими концептами. Поэтому мы видим, что концепты «нация» и «армия» имеют тесную связь, обнаруживая идейное единство, духовную связь поколений, нацелены на безопасность и мир. Образ героя в дискурсах о миротворческой воинской миссии нужен для положительной самоидентификации нации в глазах читателей, что достигается в микроконтексте национального патриотизма.

Показательна в этом отношении информация о результате операции «Жусан-2», когда из Сирии был вывезен 231 казахстанский гражданин. «Родина в беде не оставила» (2019): «*Благодаря операции «Жусан-2», осуществленной 7 и 9 мая по решению Елбасы Нурсултана Назарбаева и с санкции Президента Касым-Жомарта Токаева, вернуть на родину удалось уже 231 человека – 16 мужчин, 59 женщин и 156 детей.* ***Гуманитарная акция*** *была осуществлена при поддержке США. <…> гуманитарная операция, прежде всего, была направлена на* ***спасение казахстанцев****, оказавшихся в зонах вооруженных конфликтов, на то, чтобы дать возможность детям –* ***гражданам Казахстана жить в мирных условиях****. <…> на территории Сирии остались более 200* ***казахстанцев****, большая часть из них – дети дошкольного возраста. Операция «Жусан» будет продолжена»»* [https://www.kazpravda.kz].

Как видно из данного примера, самоидентификация нации реализована в аспекте героизации руководящих лиц страны, без личного участия которых невозможно решить вопрос международного уровня – возвращение на Родину казахстанцев, по разным причинам попавших в зоны вооруженных конфликтов. В связи с этим, необходимо отметить, что важнейшие политические процессы интересуют читателей газетно-публицистического дискурса.

Приведем еще один пример, связанный с военной тематикой и отношением к международным обязательствам: «Военные базы США в Казахстане: в посольстве отреагировали на публикации в российских СМИ» (2018): «*В посольстве Казахстана в России отреагировали на* ***фейковые публикации*** *и отметили, что были опубликованы различные материалы, содержащие недостоверные утверждения об использовании Военно-морскими силами США казахстанских портов на Каспийском море и даже об открытии военных баз США на территории Казахстана». <…> «это было Соглашение между правительством США и правительством Республики Казахстан об обеспечении коммерческого железнодорожного транзита специального груза через территорию Республики Казахстан в связи с участием США в усилиях по стабилизации и восстановлению Исламской Республики Афганистан<…> Подчеркивается, что речь идет об общих усилиях всего международного сообщества по содействию в стабилизации Афганистана. <…> просим считать вышеназванные публикации в российских СМИ и на интернет-ресурсах безосновательными измышлениями из разряда фейковых новостей»* [https://tengrinews.kz/].

Для интерпретации данных примеров обратимся к дискурсивному анализу, включающему, как известно, три ведущих участка: «1) структура дискурса; 2) оказание влияния дискурсивных факторов на языковые уровни; 3) это таксономия дискурса», - отмечают исследователи [12; 278].

Обратим внимание на таксономию дискурса концепта «нация», представленном в вышеприведенных газетно-публицистических примерах, где речь идет о различии дискурсов по модусу, жанру и функциональному стилю.

С точки зрения политического дискурс-анализа, приведенные примеры необходимо критически исследовать в аспекте соотношения сил в обществе в связи с социально-политическими изменениями на международной арене и в стране, что может приводить к различным дискурс-интерпретациям, признавая, либо нет *«безосновательные измышления из разряда фейковых новостей».* При этом основой истолкования должен быть нормативный подход к концепту «*казахстанская нация*», позиция которой определяется, как *зрелая и взвешенная позиция по полному выполнению своих международных обязательств*. Однако смысл высказывания определяется не только номинативным планом, но и модальным планом. Как видно, процессы смыслообразования и языковой репрезентации действительности оказываются различными (несмотря на единство функционального стиля – газетно-публицистического): с одной стороны, *казахстанские миротворцы и гуманитарная акция США гражданам Казахстана,* с другой стороны, *открытие военных баз США на территории Казахстана*.

В конечном счете, подобные языковые репрезентации формируют, по мнению В.З. Демьянкова, «эффективность политического дискурса, социальная функция которого состоит в том, чтобы внушить адресатам – гражданам сообщества, народу (нации) – необходимость «политически правильных» действий и оценок, следовательно, создать почву для убеждения, являющегося основной характеристикой политического дискурса». «Это подводит к преобразованию идеологической базы дискурса, его идеологических позиций и возможности интерпретировать его языковую составляющую как социально-специфическую» [10; 120].

Политический дискурс существует в двух ключевых модификациях: «критико-полемической и апологетической. Во взаимоотношениях эмотивно насыщенные формы отрицания

с указанием обстоятельств, ограничивающих перспективу критики используются концептов «власть» и «нация»» [13; 48].

Рассмотрим это на примере статьи «Президент Казахстана в преддверии выборов одернул «ретивых» чиновников» (2019): «*выступил с критикой в адрес местных властей, которые* ***вместо билбордов с успехами страны разместили его портреты*** *«в Актау поставили 14 билбордов с моим изображением.* ***Считаю, что это совершенно неуместно, я не нуждаюсь в такого рода пропаганде****. К чему такая* ***административная ретивость****?». «Билборды надо посвящать демонстрации реальных* ***успехов*** *нашего* ***государства*** *во* ***главе с Елбасы***» [https://sputnik.by/politics/2.html]. Еще одна публикация, которая может служить примером использования эмотивно насыщенных форм отрицания: «Назарбаев отругал депутатов за незнание гимна» (2016): «*обратился с замечанием о том, что* ***каждый*** *из них* ***должен знать и исполнять Гимн***» [https://www.caravan.kz/].

Ограничивания на критико-полемический дискурс предписываются в условиях такой общественной интеракции, как «прямая речь Президента страны».

Таким образом, «идеологическая оценка выступает в дискурсе как модальная рамка, находящаяся сверху языковых знаков, зависящая однако от вида дискурса <…> От «идеалогического» происходит десемантизация лексем в дискурсе, связанная с ценностными ориентирами предшествующей высказыванию и меняется под диктатом идеологии (преконструкта)» [10; 54].

В этом отношении яркой иллюстрацией является ответы президента Республики Казахстан на вопросы о коммуникациях власти и народа: «Касым-Жомарт Токаев дал казахской прессе первое интервью в должности президента» (2019): «*Отвечая на вопросы* ***о коммуникациях власти и народа*** *«<…> гарантией развития страны служат* ***государственность и преемственность****». «****Справедливость*** *– это общечеловеческая ценность. И* ***её потеря для человечества и нации равноценна*** *потере себя. Общество, где нет справедливости, склонно к деградации. Поэтому государство, общество, каждый человек – мы все вместе должны бороться с несправедливостью*» [https://informburo.kz/novosti/]. Далее он говорит, что формат беседы в виде отчетных встреч устарел: «*Отчёты* ***народ*** *от них* ***устал*** *и не доверяет. Людям не хватает простого человеческого общения… прекратить* ***формальные коммуникации с жителями.*** *Теперь акимы должны оперативно реагировать на обращения. «открыть специальные курсы, где* ***акимов обучать методам коммуникации с народом***» [Там же]. Отметим, что формальные коммуникации с народом можно отнести к «дальней периферии» дискурсивного поля.

Опираясь на анализ представленного материала газетно-публицистического дискурса можно установить, как функционирует дискурсивное поле концепта «нация» в его различных интерпретациях (см. Рис. 1). Отметим, что в соответствии с основами, заложенными Р.М.Фрумкиной [14], необходимо определить границу ядра и периферии концепта. Ядро – это словесное смысловое наполнение, фактическим материалом для его описания служат источники, которые преподносят изучающему потенциал для выявления сущности концепта, для уточнения своеобразия его вербального воплощения. Периферия – это опыт личности, разные прагматические составляющие слова, ассоциации и коннотации.

Итак, мы попытались представить на материале рассмотренных нами публикаций дискурсивно-интерпретативное поле функционирования концепта «нация» в газетно-публицистическом дискурсе (см. Рис. 1).




Рис. 1. – Дискурсивно-интерпретативное поле функционирования концепта «нация» в газетно-публицистическом дискурсе

Дискурсивное поле на основе характеристик, представленных на рисунке, это поле, изображающее социальное взаимодействие по поводу определения реальности или отдельных ее сторон.

Дискурс означает интеллектуальное (в широком смысле этого слова, ментальное) и социальное пространство, способное объединять людей по принципу причастности себя к данному дискурсу и разъединять по принципу отнесения себя к той или иной позиции, подходу в рамках дискурса, либо неотнесения себя к таковому вообще. «Дискурсивное поле обладает принудительной силой, чтобы быть понятым, надо говорить на принятом в этом языке» [https://gg-anthrop..html].

«Полевая структура предусматривает существование ядра и периферии, регулярно коммуницирующих друг с другом. В этом случае свойства ядра, тем или иным образом, просвечиваются в его периферийном окружении, поэтому очень значимой является характеристика центральной части поля», - согласно А.Р. Батталовой [15; 1301].

В нашем случае, в центре дискурсивного поля находится концепт «нация», точнее, ее «новый образ», связанный с *подлинным патриотизмом* и порождающий все остальные смысловые политические характеристики дискурсивного поля. Он обладает особой силой, которая проникает в сознание многих людей настолько прочно, меняя их образ мысли и действий. Периферия же связана с интертекстуальными связями и попытками интерпретации концепта «нация». В ближней периферии понимание *нации* как *миротворцев*, как гражданско-политической общности (*знание государственных символов*), как *подлинных героев*. В дальней периферии – *гуманитарная акция, фейковые публикации и ложная героизация нынешнего президента* (о билбордах).

Таким образом, дискурс-анализ, как анализ способа применения ментальных схем-полей при понимании концепта «нация» в пространстве казахстанского газетно-публицистического русскоязычного текста, его интерпретации и функционирование в социальных связях, требует критического подхода. Как исследовательская категория, дискурс-анализ играет важную роль в лингвистике, как с точки зрения внутренней структуры, так и во внешней экстраполяции, в то же время, являясь ключом к пониманию концепта «нация» во всем многообразии его смыслов.

Проведенный анализ позволяет заключить, что концептосфера «нация» действительно является неотъемлемой и одной из наиболее значимых ценностных и образных составляющих

казахстанской культуры и образует в сознании народа Казахстана особый лингвокультурный концепт, что и отражается в СМИ.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Елтаным, 2012. – 148 с.

2 Сабитова З.К. Прошлое в настоящем. Русско-тюркские культурные и языковые контакты. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 320 с.

3 Концептосфера – ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің негізі: сборник научных трудов / Отв. ред. З.К. Ахметжанова. – Алматы: Институт языкознания им. А. Байтурсынова, 2010. – 334 с.

4 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М.: Академия, 1997. – С. 267-279.

5 Никитина С.Е. О концептуальном анализе в народной культуре // Логический анализ языка. Культурные концепты / Отв. ред. Н.Д. Арутюнова.– М.: Наука, 1991.– С. 117–123.

6 Олешков М.Ю. Лингвоконцептуальный анализ дискурса (теоретический аспект) //Дискурс, конецпт, жанр: коллективная монография. – Нижний Тагил, НТГСПА, 2009. – С. 68-85.– [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: http://pedlib.ru/p (дата обращения 02.07.2019).

7 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс.–Волгоград:Перемена, 2002.–477 с.

8 Смолин И.В. Функционирование концепта «патриотизм» в дискурсе СМИ о Российской армии // Известия Уральского федерального университета. Серия 1. Проблемы образования, науки и культуры. – 2016. – Т. 22. – № 4 (156).– С. 56-61.– [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: https://elibrary.ru/item. (дата обращения 03.07.2019).

9 Чернявская В.Е. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия. – М.: Флинта: Наука, 2012. – 128 с.

10 Демьянков В.З. Интерпретация политического дискурса в СМИ// Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. – М.: Моск.ун-т, 2003. – С. 116-133.– [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: http://evartist.narod.ru/ (дата обращения: 04.07.2019).

11 Джамбаева Ж.А. Аскиологические стереотипы языкового сознания казахстанцев: дисс. докт. филол. наук. – Кокшетау, 2010. – 391с.

12 Кибрик А.А., Плунгян В.А. Функционализм // Современная американская лингвистика: фундаментальные направления. – М.: УРСС, 2002. – С. 276-339.

13 Краснова Т.И. Анализ политического дискурса: подходы и категории // Политическая лингвистика. – 2013. – №2 (44). – С. 46-54. – [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: https://cyberleninka.ru (дата обращения 15.04.2019).

14 Фрумкина Р.М. Психолингвистика. – М.: Академия, 2001. – 320 с.

15 Батталова А.Р. Дискурсивное поле: структура и категории (на примере дискурсивного поля христианской культуры) // Вестник Башкирского универитета. – 2015. – Т.20. – №4. – С. 1299-1302. – [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: https://cyberleninka.ru (дата обращения 12.07.2019).

ӘОЖ 37.035.6:512.1

Дүйсенбаев А.Қ.,
п.ғ.к.,
білім берудің жоғары мектебінің деканы
Баишев университеті
adk7575@mail.ru

Комарова Д.Т.
магистр, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы
Баишев университеті
kdt2009@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРҒА ЭТНОМДЕНИ БІЛІМ БЕРУ

Аңдатпа. Мақала мазмұнында қазақ халқының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны жан-жақты сипаттама беріледі. Сонымен қатар, қазақ халқының тағылымдық өнегелерінде ұрпақтарды тәрбиелеу қашан да ата салтын құрметтеуді, өткенді бағалауды, дәстүршілдікті негізге алуды қамтиды.

Кілт сөздер: қазақ халқының тағылымы, этномәдени білім беру, салт-дәстүр, тәрбиелік қағидалар, ұлттық рух.

Аннотация. В статье дается всестороннее описание значения и содержания этнокультурного воспитания молодежи на основе назидательных наследий казахского народа. Вместе с тем воспитание молодежи по назидательным наследиям казахского народа означает уважение к национальным традициям, ценить прошлое народа и основываться на традиционизм.

Ключевые слова: традиции казахского народа, этнокультурное образование, обычай, обряд, воспитательные концепции, национальный дух.

Annotation. The article provides a comprehensive description of the meaning and content of ethnocultural education of youth on the basis of the edifying legacies of the Kazakh people. At the same time, educating young people on the edifying legacies of the Kazakh people means respect for national traditions, to appreciate the past of the people and to be based on traditionalism.

Keywords: traditions of the Kazakh people, ethnocultural education, custom, rite, educational concepts, national spirit.

Қазақ халқының тағылымдық мұралары негізінде жастарға этномәдени білім берудің мәні мен мазмұны – елдің болашақ мәдени дамуында салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптың басты роль атқаратындығын тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, әрі әсерлі сипат алатындығын көрегенділікпен тани біліп, ата салтын сақтау мен жүйелеуге мән берген. Себебі ата салты халық санасындағы сан ғасырлар бойы қалыптасқан тәлімдік тәжірибелер, сана түкпірінен тамыр тартатын қалыптасып қалған ішкі дүниеден хабар беретін жадындағы мәліметтер. Оларды сақтаудың және орындаудың қатаң далалық заңдылықтарын ұсынған, ұмытпау мен ескеріп отырудың дағдыларын жандандырған. Үйретушілік пен өнегелік құндылықтарының берері мол сарқылмас қорларын пайдалана білген, әуел бастан-ақ бәрінің жауабы дайын мәліметтердің кеңдігімен сипатталады. Осындай халқымыздың дәстүршілдік қағидалары бойынша өмір сүрудің қағидалары отбасынан бастау алады. Оны біз: «Өнегелік құндылықтар жүйесімен қатар адамда қоғамға және отбасына деген көзқарастар жүйесі қалыптасады» деген деректермен нақтылай түсеміз [Дүйсенбаев А.Қ., 2017, 179-б.].

Демек, халық тәжірибесінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің бүгінгі күнгі тәрбие үрдісінде қолдану уақыт талабына сай туындаған деп айта аламыз. Сондай-ақ қазақ халқының салт-дәстүріндегі отансүйгіштік тәрбие идеяларында бауырмалдық қағидамен сәйкестенгендігін түсінуге болады. Оны біз шартты түрде кездесетін салт-дәстүрлерді бірнеше бағытта қарастырғанды жөн деп білеміз. Яғни діни салт-дәстүрлер: ораза айт, құрбан айт мейрамдары мен діни жоралғыларды айтамыз. Қазақ халқының тағылымдық құралдарын пайдаланбай, ұлттық рухтағы бауырмалдық сана-сезімі жетілген тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес. Халықтар арасындағы ізгілік қатынастарды орнату және тәлімдік тәжірибесі мен дәстүрлерін қайта өркендету негізінде білім беру мен тәрбиелеу мазмұнына жаңаша көзқарастар енгізу ерекше мәнге ие. Мұндай тағылымдық құралдар жеке тұлғаны туған жерге сүйіспеншілікке, үлкендерді сыйлауға, салт-

дәстүрлерді сыйлауға, ізгілік қатынасты орнатуға және ұлттық рухта тәрбиелеуге негіз болады. Сондықтан тұтас қамтылған, түбірлестіктегі руханилықтан өз кезеңіндегі адам болмысы мен өзі қалыптастыратын болмысына аса мән берілген тұстарда ұлттық тәрбие дәстүрлерінің кешенді және өзара байланысты қырларын ашу үшін сол дәуірдің жалпы тарихи-мәдени құндылықтарына зерделі көңіл бөлу қажет. Көне дәуірлер тынысына қайта оралып, сол кезеңдердегі рухани кеңістік аймағына шолу жасау, байырғы дүние әлемін шарлау мен төл мұрағаттарымызды қайта таразылауда біз өткеннен бүгінге құйылып жатқан үйлесімділік қырларын, парасаттылық ой иірімдерін, байсалды дүниеге көзқарас ерекшеліктерін бағамдай аламыз, өткеннің жаңғырығының жарқын идеяларымен кездесеміз. Себебі халқымыздың тағылымдық мұрасы арнайы ғылыми зерттеуге тұрарлықтай, мазмұны көлемді, мағынасы жайылымды тарихи сабақтастықтағы руханилықтың мәнді баспалдақтарының бірі. Міне, бабаларымыздың ұлттық тәрбие идеяларының ғибраттық ой-пікірлерін бүгінгі жас буын мен өскелең ұрпаққа паш етудің өзі объективті қажеттіліктер шартынан туындап отыр.

Қазақ халқының көшпенділік өмірі тек жаугершілікпен ғана өткен жоқ, оның өзіндік тағылымдық қағидалары болатын. Заманауи құндылықтар тұрғысынан бағамдап, салт-дәстүрлердің сақтап отырған. Тәрбие қағидалары белгілі бір мәдени-әлеуметтік құндылық ретінде бағамдалған. Ол әрбір қазақ ұланының салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың басты роль атқаратындығын, тәрбиелік қағидалардың маңызды екендігін, өмірлік ұстанымы мен парызы ретінде өмір мәнділік сипатқа ие болған. Қазақ халқында ислам дінінің талаптарын орындап, нәпсісін тыюды уәжіп ететін рухани тазару айы – отыз күн Рамазаннан кейін бүкіл халық болып мейрамдайды. Әдеттегідей оразаның соңы Ораза айтқа ұласып, межелі отыз күн бітіп, жаңа айдың басталғандығынан хабардар етеді. Ораза айттың мерекелену рәсімі туралы айтар болсақ: «Ғұрып бойынша отыз күн оразадан кейін діни мейрам ораза айт болады. Ораза айттың алғашқы күні таңертең оқылатын айт намазын жамағат мешітке жиналып немесе далада таза, тегіс жерде оқылады. Ораза айттың алғашқы күні ата-бабалар аруағына арнап Құран оқыту, жеті шелпек пісіріп тарату мұсылмандар үшін сауап болып табылады. Айт мейрамында үлкендер де, бала-шаға да жақсы киініп, әр үйге кіріп, «Айттарың қабыл болсын!» - деп тілек білдіріп, айтқа дайындалған астан ауыз тиіп, Құран оқиды» [Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ., 2005, 141-б.].

Ислам дініндегі ең айрықша мерекелердің бірі – Ораза айттан кейін жетпіс күннен соң келетін Құрбан айты болып табылады. Адамдар осы күні бір-біріне мейіріммен қарап, ықыластана тілек тілеп, қол алысып жатады. Құрбан айт – мұсылмандардың ең үлкен және қасиетті мейрамы. Құрбандық шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені малды ғибадат үшін соятыны секілді, тек қана еті үшін де союға болады. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен, жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат. Құрбан айт мұсылмандық күнтізбесі бойынша зу-л-хиджаның 10-шы жұлдызында басталады. Құрбан – араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істері арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу.

Құрбан айттың бірінші күні – мұсылмандар үшін ең маңызды күн. Мешіттерде бұл күні айт намазы оқылады, қасиетті мейрам Құрбан айтының бірлік пен бейбітшілік, ынтымақ пен ырыс бастауы болып саналуының бір сыры, бұл күні жер жүзіндегі бүкіл мұсылман қауымы оны бір мезгілде атап өтіп, бір мезгілде Айт намазын оқиды. Құрбан айт дастарханы шақырылған, шақырылмаған қонақтарға жаюлы болып, араздасқан ағайын ренішін ұмытады. Айт күндері адамдар таза киініп, әдепті сөз сөйлеуі керек. Құрбан айтта әр мұсылман бірін бірі құттықтап, тілек айтады, қатесі болса кешірім жасайды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 30 желтоқсанда қол қойған «Еңбек туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Құрбан айттың бірінші күнінде барша қазақстандықтар демалады. Жер бетіндегі барлық мұсылман қауымы үшін ең қасиетті саналатын екі ұлық мереке - Ораза айт пен Құрбан айт мейрамдары айрықша қуанышпен, ерекше ілтипатпен атап өтіледі. Айт араб тілінде «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Қазақстанда Құрбан айт – мемлекеттік мереке. Құрбан шалу мейрамы сан ғасырлар бұрынғы оқиғалармен байланысты және осы күні адамдар достық, тыныштық және келісім туралы дұға қылады. Қажылық парызы өтелгеннен кейін мұсылмандар үш күнге созылатын Құрбан айт мерекесін тойлайды. Қазақстанда Құрбан айттың бірінші күні – демалыс күні.

Тарихи құжаттардан беріліп отырған деректер: 1926 жылға дейін Ораза айт 3 күн, Құрбан айт 3 күн, Наурыз 1 күн ресми мереке ретінде тойланып келген. Оған негіз 1921 жылғы 5 наурызда Орынбор қаласында өткен Қазақ Автономиялы Республикасы Орталық атқару комитеті Төралқасының «Мұсылмандар мерекесі» туралы қабылдаған шешімі. Оған С. Меңдешев

төрағалық жасаса, алаш арыстары А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхановтар Төралқа мәжілісіне қатысқан болатын. Енді міне, 1926 жылдан бері күштеп тоқтатылған мұсылмандар мерекесіне ресми мәртебе беріліп, тарихи әділеттілік қайта орнықты. Құрбан айт ресми мерекелік демалыс ретінде аталатын болды.

Әлемдік деңгейде мәртебеге ие Наурыз мейрамы – түркі халықтарының жаңа жыл мерекесі. Наурыз түркі халықтарының ықылым замандардан бері мейрамдалатын ұлы мерекесі. Ертедегі шығыс астрономы Қожа Әли Термизидің (985-932) «Наурызнама» атты трактатында: «наурыз сәрсенбі күні кірсе қымбатшылық, көптеген қиындықтар болуы мүмкін жұма, сенбі күндері келсе де осындай жағдайлар болады. Ал дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жексенбі күндері сәтті болады», - дейді [Қожа Әли Термизи, 1996, 8-б.].

Ал қазақ шежірелерінде Наурыз, Алаш бірге туған адамдар туралы:

«Қазақтан – Наурыз, Алаш екі ұл туған,
Наурыздың деп айтады үлкен жасын.
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,
Келер жыл көктемде оның беріпті асын.
Қазақтың ұрпақтары сонан бері,
«Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын», - деп келтіреді [Дүйсенбаев А.Қ., 2015, 94-95-бб.].

Демек, көшпенді қазақ қоғамында ауызша тарих-шежіре деректерінде тура мағлұматқа негізделген деп айтуға болады. Сондықтан қазақ халқында ас беріледі, спорттық ойындар ойналады. Біздің халқымызда Наурызды – Ұлыстың Ұлы күні деп те атайды. Қазақ ойшылы Шәкәрім: «Наурыз - парсы тілінен қазақшаға аударғанда жаңа күн деген мағынан береді. Негізінен көшпелі түркі халықтарынан парсыларға ауысқан болуы керек. Түркілерде ұлыс күнін наурыз дейді. Жыл басының ұлыс екенінің дәлелі мынада: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы молшылық болады, Ұлы кісіден бата алса, сәттілік болар деген сөз бар», - деп ырымдайтын болған [Шәкәрім., 1993, 13-14 бб.].

Наурыз мерекесінде көшпенділерге тән дәстүрлердің бірі – көрісу, ренжіскен адамдармен татуласу т.б. халықтық мәнге ие ізгілік, бірлік іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Батыс Қазақстанда 14-15 наурызда халық бір-бірімен көрісіп, дос-жарандарына қонаққа барып, үлкендерге сәлем береді. Мұндай дәстүрлер татар, башқұрт, ноғай халықтардында да кездеседі. Яғни татар халқында: «Кайчандар дөньяның бик күп илләрендә таралган Наүрүз бәйрәме традиция булганнар. Күни өлкән буынга яшлар сәлам бирадиләр һәм шу куни ил арсыда уйын, такмаклар айтылып, табигат билен ишләнген аш бирләди. Безнең көннәргә кадәр житкән:

Наүрүз әйтә киләбез,
Хәер-дога кылабыз,
Аш-сый көтеп торабыз,
Наүрүз мөбәрәкбад», - деп сипаттама беріледі [Жамалетдинов Л., 1986, 57-б.].

Наурыз күні Қыдыр ата аралайды деген түсінік бар. Сол күні таңертең ертемен ер адамдар қолдарына күрек алып, қора-қопсыны тазартып, тал егетін болса, әйелдер үй ішін тазартып, әртүрлі тағамдар әзірлейді. Қыдыр ата таза, берекетті үйге келеді дейді. Сондықтан қазақта үлгілі шаңырақты «Қыдыр қонған» берекетті отбасы деп атайтын болған. Қазақстанда «Наурыз мерекесін тойлау басқа да Кеңес үкіметі тұсындағы мемлекеттер сияқты 1926 жылдан кейін тоқтатылған» деген деректі келтіруге болады [Әжіғали С., 2005, 21-б.].

Себебі ол діни мейрам ретінде Кеңес үкіметі құрамындағы түркі мемлекеттерінде тыйым салынды. 1988 жылдары еліміздің әр облыстарында стихиялы түрде аталып өте бастаған. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана арнайы мереке ретінде күнтізбеден орын берілді. Біздің пікірімізше, 1 қаңтарда атап өтілетін Жаңа жыл меркесінің болашақта Наурыз мейрамымен ауыстырылғаны жөн болар еді. Себебі өз халқымыздың салт-дәстүрлеріне байланысты Жаңа жылдың тағылымдық, тәрбиелік орны бөлек деп білеміз. Осындай игі шаралардың қатарында орны бөлек сабантой түркі халықтарының көшпенділіктен отырықшыландырылып, егіншілікпен айналысуына байлыныстысы келіп шыққан мереке ретінде танылған. Дегенмен аталған мерекені татар, башқұрт, ноғай халықтарында күзде егін-жиын біткен соң арнайы мейрамдайды. зерттеуші А.У. Тоқтабай өзінің ғылыми еңбегінде: «Сабантой – күзгі егін жинау біткен кезде мейрамдалады. Той кезінде күрес, ат жарыс, арқан тарту т.б. спорттық ойын түрлері қолданылады. Сондай-ақ мереке кезінде дәмді тағамдар әзірленіп, бүкіл халық болып мейрамдайды», - деп келтіреді [Тоқтабай А.У., 2002, 36-б.].

Ал Ш. Нағымұлы «Мәдениеттану» оқулығында: «Татар халқында жер жырту, дән себу кезіндегі мерекені «Сабантой» деп атайды. Мұны тек қана татар ұлты емес, Татарстандағы барлық ұлт өкілдері: орыстар, шуваштар, марийлер, башқұрттар мейрамдайды. Сондықтан Татарстанның ұлттық мерекесі ретінде атап өтіледі. Мерекенің қызықты кезеңдері күш сынасу, ептілікке арналған сайыстар болып табылады. Мысалы, қапты аяққа кип жүгіру, су толған шелекті бір тамшысын да төкпей алып жүгіру, ат жарысы, күрес т.б. спорттық ойындар көрсетіледі», - деп айтады [Нағымұлы Ш., 2007, 242-б.].

Сонымен қатар ас беру – көшпелі түркі халықтарының бәрінде де бар, ал қазақ халқында ерекше аталып өтетін болған. Ас беру дәстүрінің орындалуы дүниеден өткен адамдардың ұрпақтары ғана емес, бүкіл ру, тайпа болып атқаратын болған. Сонымен қатар қоғамдық-саяси маңызы бар халықтық дәрежедегі «саяси форум» деп атауға болады. Сондай-ақ қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ас – қайтыс болған адамды еске түсріп, құрметтеу салты», - деп келтіреді [Жанұзақов Т., 2008, 60-б.].

Ас беру кезінде қазақ халқының салт-дәстүріне ерекше мән берілген. Мұнда қонақ күту, үй тігу, халықтың спорттық ойындары т.б.ерекше мән берілген. Тарихи дерек бойынша, «Қарқаралы өңірінде өткен Қорысбайдың асына 500 үй, Ұлытаудағы Ерден Сандыбайұлының асына 500 үй тігілген, XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Қуаңдария өңірінде өткізілген Кәрібайдың асына 200 үй, Талдықорған өңірінде Ақсу өзенінің бойында Тастөбеде өткізілген Сеңгірбайдың асына 300 үй тігіліп, оның 100 үйін туған-туысқандары, қалған 200 үйді руластары тіккен». Асқа сойылатын малдардың мөлшері жайлы көптеген тарихи деректер кездеседі. Кіші жүздегі атақты Сырым Датұлының асына 2500-дей қой, 200 жылқы, Кіші жүз шөмекей руында өткізілген Кәрібайдың асында 200 қой, 40 жылқы сойылған. Асқа аса көп мөлшерде ел жиылып, ас беруші елге, оның басшыларына үлкен сын болғандықтан, асты ешбір сөз келмейтіндей, өте жоғары ұйымдасқан түрде өткізуге асқа жиналғандардың талап-тілегін толық қанағаттандырып, ата-баба дәстүріне сай жол-жобасын сақтап, қонақтарға қалтқысыз қызмет етуге тырысқан.

Қорыта айтқанда, халықтың сан ғасырлар бойғы өмір сүру нәтижесінде дүниеге келіп, сұрыпталып шыққан халықтың этномәдени білім беру қағидалары қалыптастып, белгілі бір уақыттық-кеңістік өлшемде қоғамдық қатынастарды реттеп отырған, халықтың осындай рухани, дүниетанымдық салт-дәстүрлердің арасындағы ең бастысы «Ата салтын берік ұстауға» байланысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

11. Дүйсенбаев А.Қ. Отбасында жасөпірімдерге отансүйгіштік тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2017. – №2 (44). – 178-180 бб.
12. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 187 б.
13. Қожа Әли Термизи. Наурызнама // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 14 наурыз. – №12.
14. Дүйсенбаев А.Қ. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдары. Монография. – Алматы: «Отан», 2015. – 214 б.
15. Шәкәрім. Наурыз // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 18 наурыз. – №9.
16. Жамалетдинов Л. Көнкүреш әкиятләре. – Казан, 1986. – 92 б.
17. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары /Құрастырған С. Әжіғали. – Алматы: «Арыс», 2005. – 1-т. – 328 б. + 24 б. суретті жапсырма
18. Тоқтабай А.У. Түркі халықтарының этнографиясы /Көмекші оқу құралы. – Алматы, 2002. – 70 б.
19. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану /Оқулық. – Астана: «Фолиант», 2007. – 312 б.
20. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.

ХҒТАР 16.01.11

Еспекова Л.Ә.
филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
espekova@bk.ru

Оқасова Е.Е.
2 курс магистранты
қазақ тіл білімі кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
okassovayerkezhan@mail.ru

XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Аңдатпа. Тіл ұлттың рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып саналады. XVIII ғасырдағы тарихи жырлардың лексикасы халқымыздың этномәдени өмірінен, рухани мәдениетінен, қоғамдық-тұрмыс жағдайынан хабар береді. Мақаламызда тарихи жыр тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы көнерген сөздердің мағыналық ерекшеліктері сөз болады.

XVIII ғасырдағы тарихи жырларда кездесетін фразеологизмдердің құрамындағы көнерген сөздер халықтың тарихымен, мәдениетімен, тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланысты. Сөздердің мағынасының көнеленуі – өте күрделі құбылыс. Алдымен ол сөздердің қолдану жиілігі азайып, бірте-бірте пассив сөзге айнала бастайды. Кейін жаңа заманның көшіне ілесе алмай, мағынасы ұмыт болады. Фразеологизм құрамында кездескен бірнеше көнерген сөздердің мағынасына талдау жасалынды. Тарихи жырлар тіліндегі фразеологизмдердің қолданылу сипатын саралай отырып, оның қазіргі әдеби тілмен байланысы салыстырыла зерттелді.

Түйін сөздер: тарихи жыр, фольклор, лексика, фразеологизмдер, көнерген сөздер, сөздік қор.

Аннотация. Язык является одним из основных духовных и культурных показателей народа. Лексика исторических эпосов XVIII века повествует об этнокультурной жизни, о духовной культуре, о социально-бытовом состоянии и об особенностях традиции народа. В статье рассмотрены особенности значения устаревших слов исторического эпоса в составе фразеологизмов.

Значение устаревших слов исторического эпоса в составе фразеологизмов XVIII века тесно переплетаются с историей, культурой, жизнедеятельностью и традицией народа. Архаическое значение слов – сложный процесс. В ряду своего использования, данные слова начинают терять свое первоначальное значение, что приводит к разряду пассивных слов. Устаревшие слова, тем самым не могут использоваться наряду с современным миром, утрачивая свое значение. В современной среде, устаревшие слова, которые встречаются в составе фразеологизмов, все больше придаются огласке. Отсюда были рассмотрены, исследованы и сопоставлены использование фразеологизмов в составе исторических эпосов с современным литературным языком.

Ключевые слова: исторический эпос, фольклор, лексика, фразеологизмы, устаревшие слова, словарный запас.

Annotation. Language is considered the main spiritual and cultural indicator of the people. The vocabulary of the historical epics of the 18th century informs about ethno-cultural life, spiritual culture, social and everyday life and the peculiarities of the tradition. The article discusses the features of the meaning of historic words of phraseological units in the composition of historical epics.

The meaning of historic words of phraseological units in the composition of historical epics is closely intertwined with the history, culture, life activity and tradition of the people. The archaic meaning of words is a complex process. In the series of its use, these words begin to lose their original meaning, which leads to the discharge of passive words. Outdated words, thus can not be used along with the modern world, losing its meaning. In the modern environment, outdated words that are found in the composition of idioms, are increasingly given publicity. Analyzing the phraseological units in the composition of historical epics, their connection with the modern literary language was investigated.

Key words: historical epic, folklore, lexis, phraseological units, historic words, vocabulary.

Кіріспе бөлім. XVIII ғасырдағы тарихи жырлардың лексикалық қабатын зерттеу – өзекті мәселелердің бірі. Себебі тілдік тұрғыдан тарихи жырлардың лексикасына толыққанды зерттеу жұмыстары жүргізілмеген.

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – XVIII ғасырдағы тарихи жырлардың лексикасындағы фразеологизмдерде кездесетін көнерген сөздерді талдай отырып, әдеби тіліміздің сол кезеңдегі әлеуетін тану, құнды мұраның тілдік ерекшеліктерін зерделеу. Талдау жұмыстарын жүргізуде тарихи

жырлардан көнерген сөздер теріп алынды. Ол сөздердің мағыналық ерекшеліктері, шығу төркіні анықталды.

Зерттелу негіздері. Тарихи жырлар – қазақ фольклорында ерекше орын алатын эпикалық жанрдың бірі. Оның басты ерекшелігі – өмірде болған оқиғаларға құрылатындығы, тарихи негізінің болуы. Тарихи жырларды зерттеуде Ш.Ш.Уәлихановтың, Г.Н.Потаниннің, В.В.Радловтың, Ә.А.Диваевтың еңбектері құнды деп саналады. Тарихи жырды жанр ретінде бөліп қарастырмаса да, тарихи жыр үлгілерін жинауда, жарыққа шығару ісінде көп еңбек сіңірген.

А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов сынды жазушы-ғалымдардың да зерттеулері маңызды орын алады. Соның ішінде, А.Байтұрсынұлы тарихи жыр табиғатына алғаш анықтама беріп, жеке бөліп қарастырған. Жыр атаулыны ертегі және тарихи жыр деп екіге бөледі. «Тарихи жыр деп тарихта бар мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен қазақта болған оқиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар. Халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген оқиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады. Мәселен, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары, Наурызбай», «Ер Назар», «Бекет» өлеңдері – тарихи жырлар болады [1, 117].

Тарихи жырдың өз алдына дербес жанр екендігін М.Әуезов та баса айтқан. «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» [2, 17].

Тарихи жырларды қарастыру барысында Б.С.Рахымов оларды мынадай тақырыптық топтарға бөліп көрсетеді:

«1. XVI-XVII ғасырдағы қазақ хандығын қалыптастыруға қатысты туған тарихи жырлар;

2. XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырлар;

3. XIX ғасырдағы отарлау саясатына қарсылықты білдіретін тарихи жырлар;

4. 1916 жылғы көтеріліс туралы тарихи өлең, жырлар» [3, 46-47].

Соның ішінде, XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырларды ерекше атап өтуге болады. Әсіресе, ел еркіндігі мен бостандығын қорғай білген, қазақтың үш жүзінің ханы болып, елді біріктіруде ерен еңбек еткен Абылай ханның өмірі мен ерлік істері тарихи жырлардың тақырыбына өзек болды.

Абылай өміріне қатысты «Абылай хан», «Сабалақ», «Абылай хан әңгімесі», «Абылай туралы жыр», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Сабалақ – Абылай хан», «Сабалақ» (қисса), «Абылай мен Олжабай», «Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан», «Абылай хан... Ақ атан» атты жырлар бар.

Талдаулар мен нәтижелер. Халықтың тіршілігінде, қоғамның дамуында үнемі болып отыратын түрлі тарихи, әлеуметтік және мәдени өзгерістер, алдымен тілінде, оның лексикалық қабатында көрініс беріп отыратыны белгілі. Мағыналары көмескі тартқан, елдің өткенімен байланысты лексиканың жалпы көне қабатының негізгі бір дереккөзі – тарихи жырлар.

Тілдің тарихи даму үрдісінде және оның лексикалық жүйесінде кейбір фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің мағынасы көнеленіп, сөйлеушіге ұғынықсыз болып келеді. І.Кеңесбаев фразеологизмдер құрамында көнерген сөздердің көптеп кездесетінін айтады: «Өз бетімен жеке қолданылмайтын, фразеологиялық тізбек ішінде ғана кездесетін кейбір сөз, тұлғалар жайында ескертіп өттік. Бұл жерде «жеке қолданылмайды» дегенді шартты түрде түсіну қажет. Өйткені олар тарихи тұрғыдан қарағанда, жалпы тіл қорында бола тұрса да, қазіргі жағдайда белгілі бір тіркесте ғана ұшырауын ескертіп отырмыз» [4, 241].

Фразеологизмдердің бірден жасала қоймағаны, еркін тіркестердің негізі бойынша уақыт өте келе біртіндеп жасалғаны анық. Олар сол кезеңдегі халықтың тыныс-тіршілігімен, болмысымен, ой-өрісімен сабақтастықта болады. Сол дәуірдегі қолданыста болған белгілі бір сөздер уақыт өте келе ұмыт бола бастайды. Нәтижесінде белгілі бір сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің құрамында ғана сақталып қалады. «Фразеологизмдердің мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда өз құрамындағы компоненттерге апарары даусыз. Бұл тұжырым тосын көрінуі де мүмкін, бірақ басқаша түсінік, топшылауға жол жоқ. Фразеологиялық мағына тіл жүйесінен саяқ

кетер дүние емес. Оның сырын, жасалу төркінін сол әрігіректегі тіл құбылыстарының өзінен іздеу лазым» [4, 242].

Тіл арқылы барлық заттар мен құбылыстар, яғни, әлемнің тілдегі көрінісі фразеологизмдердің табиғатынан ерекше көрінеді. Ұлт топырағынан нәр алып қалыптасқан фразеологизмдер сол халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысын айғақтайды. Абылайға қатысты жазылған тарихи жырларда кездесетін фразеологизмдерді қарастыру арқылы қазақтардың рухани өмір салтына, бітім-болмысына терең бойлай аламыз.

Енді осы фразеологизмдер құрамында кездесетін көнерген сөздердің табиғатын ашу үшін жырдан үзінділер келтірейік.

«Шарыш, Қалдан қоңтажы екі арада
Еркелеп сайран еткен бұлбұл құсы.
Шөкаман батыр екен қатар жүріп,
Дұшпанның **қалмайды** екен биіттей **мысы»** [5, 173-174].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде мынадай анықтама берілген:

«МЫСЫ ҚҰРЫДЫ (ҚАЛМАДЫ). Амалы таусылды» [6, 400].

«*Мысы құруды*» фразеологизм ретінде алып қарағанда мағынасы көпшілікке бірден түсінікті. Алайда «*мыс»* сөзін жеке алып қарайтын болсақ, мағынасын дөп басып айту қиын. «Қазақ тілінде *мыс* тек осы фраза құрамында ғана сақталып қалған да, оның бұрынғы лексикалық мағынасы ұмыт болған. Алайда бұл сөздің көне түркі, бірқатар қазіргі түркі тілдерінде де әртүрлі фонетикалық тұлғада (біс ~ быс ~ пыс ~ мыс ~ міс, т. б.) сақталып, о баста да, қазір де пышақ, қылыш, селебе тәрізді кесетін аспаптардың өткір жүзін білдіретіндігін тарихи-салыстырма әдіспен толық дәлелдеуге болады. Сонда тіліміздегі мысы құру // мысы қайту фразалары басқаша айтқанда, «жүзі қайту, жүзі қайырылу, мұқалу» деген нақтылы мағынаның негізінде жасалып, идиоматикаға айналған. Ол «амалы таусылу», «беті қайту», «айла-шарғысы жетпеу», «амалсыздану» тәрізді мағыналарда қолданылғандықтан, о бастағы «жүз» мағынасынан мүлдем алыстап кеткен және ұмыт болған. Біз сөз етіп отырған *мыс* сөзі, сонымен, түркі тілдерінің өзіне ғана тән төл түбірі. Оның арғы төркініне барсақ, тілімізде күнделікті қолданылып жүрген *пышақ, пішу, пішен* тәрізді сөздердің өздерімен тарихи түбірлес екенін көреміз» [7, 230]. Яғни, *мыс* сөзі қазіргі қазақ тілінің сөз қолданысында жоқ болғанымен, бірқатар түркі тілдерінде әртүрлі фонетикалық тұлғада кездесетініне көзіміз жетті. Қазақ тілінде *мыс* сөзінің мағынасы көмескі тартып, тек қана фразеологизм құрамында сақталғанын байқаймыз.

«Бұл қазақ ол қалмақтың ерегесі,
Мұндайда ердің **қозар делебесі.**
Аузыма қысылған соң түсіп кетті,
Абылай – атам, мен – оның немересі» [5, 223].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бұл фразеологизмге мынадай анықтама беріледі:

«ДЕЛЕБЕСІ ҚОЗДЫ**.** Арқасы қозды, кеу-кеуге еріп қызды, көтерілді, желікті» [6,148].

«*Делебе»* сөзі қазақ тілінде жеке сөз ретінде қолданылмайды. Хорезм-Алтын Орда дәуіріндегі түрікше сөздікте *deli* сөзінің мағынасы былай деп берілген: «*Delü* “deli krş. deli” ME 90/5 HŞ 3591, *delü ol* – “delirmek” İML 107, *delürek* daha deli, çılgırmış” NF 400/5» [8, 144]. Түрік тілінде қолданылып жүрген *дели* сөзінің мағынасы «жынды» дегенді білдіреді.

«Кейбір тюркологтар бұл сөз көпшілік түркі тілдерінде қолданылып жүрген *телі* («Кодекс Куманикус»), *тиле, тилү* (татар), *тили* (шағатай) не *дәли* (қарақалпақ, түрікпен, азербайжан), *дели* (гагауз) деген формамен іліктес, ол «ақылсыз, ақылы жоқ, миы жоқ, көк ми, ақылынан алжасқан, мақау, жынды, құтырған, ақымақ» деген ұғым береді деп түйеді: татарша *дилбэ*, қырғызша *дэлебэ*. Ал *делебесі қозу* тіркесі *жыны қозу* деген сөзбен бара-бар. *Деле* деген түбірге *–бе* жұрнағы қосылу арқылы жасалған болу керек. Бұл қосымша көптеген түркі тілдерінде қолданылады» [9, 66]. Сонымен қатар, *делебе* сөзі қазақ тілінде *деліқұлы, телі-тентек* формасында да кездесіп жүргенін атап өту керек.

«Қарағым, сен екенсің Әбілмансұр,
Сағынып жүруші едім **сүлдерім құр.**
Халайық, мына сөзі тым-ақ рас,
Болатын Әбілмансұр түрінде тұр» [5, 223].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде мынадай анықтама берілген:

«СҮЛДЕРІ ҚҰРЫДЫ (ҚҰР СҮЛДЕР). Әбден титықтап шаршады, сілесі қатты» [6, 477].

«Қарақалпақ тілінде «*сүлдер»* сөзі бірдеңенің «*қаңқасы, қарасыны*», ауыспалы түрде «*көлеңке*» деген мағыналарда қолданылады. Башқұрт тілінде де «бірдеңенің қаңқасы» деген мағынада

Һөлдә болып айтылады. Біздің ойымызша *сүлде// һөлде* сөздерінің төркіні монғол тілдері сияқты. *Сүлде* сөзі монғол тілінде «ерекше бір рух, тәңірден келген күш-қуат» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз қазіргі монғол тілінде *сүлд*, бурят-монғол тілінде *һүлдэ* (*сүлдэ*) болып айтылады. *Сүлде* сөзінің бұл мағынасы «күші біту, діңкелеу» деген мағыналардағы *сүлдесі құру* тіркесінен анық байқалады» [9, 177].

«Сүлдері құру» фразеологизмі бізге таныс болғанымен, «сүлде» сөзінің мағынасы қазіргі кезде ұмыт болғанын аңғарамыз. «*Сүлде*» сөзінің шығу тегіне назар салсақ, монғол тілінен енген кірме сөз екенін аңғарамыз.

Р.Сыздық көнерген сөздердің тұрақты сөз тіркестері құрамында кездесуі жайлы былай дейді: «Сөз мағынасының ұмыт бола бастауы – сол сөзді қолданыстан, не мүлдем шығарып тастайды, не тек белгілі бір орында: тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде, күрделі сөздерде ғана келеді» [10, 180]. Расымен де, төмендегі мысалдардағы *шырқын бұзды, парқын айырды* сияқты фразеологизмдердің құрамындағы «*шырқын*», «*парқы*» сөздері қазіргі қазақ тілінің қолданысында жоқ.

««Ақтабан шұбырынды» аштық болып,
Ел кетті бет-бетімен борбай тозып.
Жас бала Әбілмансұр жетім қалып,
Жүдетті жалған құрғыр **шырқын бұзып»** [5, 204].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде мынадай анықтама берілген:

«ШЫРҚЫН БҰЗДЫ. Берекені кетірді, елдің сәнін, мәмілесін бұзды, зықысын шығарды» [6, 572].

«Шырқын» сөзі қазақ тілінің лексиконында бұрын қолданылғанымен, қазір мағынасы уақыт өте келе күңгірт тарта бастады. Алайда, *çirkin* – «жағымсыз, сүйкімсіз, ұсқынсыз» деген мағынада қазіргі түрік тілінде актив сөз ретінде қолданылады.

«Менмендеу түрі бұлардың.
Ақпейіл Жолан, Қожабек.
Елдің **парқын айырып**,
Аңғармас жақсы-жаманын» [5, 129].

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде мынадай анықтама берілген:

«ПАРҚЫН АЙЫРУ. Бір нәрсені айыра, бағалай білді. Жақсы-жаманның бағасын ажыратты» [6, 440].

«Парқы» сөзі қазіргі таңда жеке сөз ретінде қолданысы сирек. Ал түрік тілінде «fark» – айырмашылық, өзгешелік деген мағынадақолданылады.

Жоғарыдағы мысалдардан біз қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамындағы жеке сөздердің бүгінгі қазақ тілінде пассив сөз ретінде келетінін байқадық. Ал керісінше бұл тұрақты тіркес құрамындағы жеке сөздер қазіргі түрік тілінде күнделікті өмірде қолданылатын актив сөздер екенін аңғардық.

Қорытынды. Тіл – этнос мәдениетінің көрінісі. Этностың болмысы оның тілінен байқалады. Сондықтан да фразеологизмдер құрамында кездесетін көнерген сөздер өткен тарихтың, салт-сананың айғағы екені рас. Қазіргі таңда күнделікті өмірде қолданылатын фразеологимдердің құрамында бұл күнде аса көп қолданылмайтын, мағынасы күңгірт тартқан немесе мүлде түсініксіз біраз сөздер кездеседі. Бұл фразеологизмдердегі сөздерді жеке қолдану мүмкін емес, әйтсе де сол жеке сөздердің мағынасын ашып көрсетуге тырыстық. Тарихи жырлардағы көнерген сөздердің мағынасын саралай отырып, XVIII ғасырдағы ауызша тараған әдеби тілді танимыз.

Тарихи жырлардың лексикасын зерттеу қазақ әдеби тілінің дамуына оң ықпалын тигізеді. Қазақ фольклоры әдеби тіліміздің қалыптасуына негіз болған арналардың бірі екені даусыз. Сол себепті де тарихи жырлар лексикасын зерттеудің қазіргі таңда үлкен маңызы бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш.– Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет.–Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962 . – 426 б.

3 Рахымов Б.С. Тарихи эпос табиғаты.– Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. –235 б.

4 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері./ Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес./ – Алматы: Абзал-Ай баспасы, 2014. – 640 б.

5 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 57: Тарихи жырлар.—Астана: Фолиант, 2010.—408 б.

6 Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. / [Жауапты ред.: Ысқақов А., Өмірәлиев Қ.]. Қазақ ССР ғылым академиясы; Тіл білімі институты. – Алматы : Ғылым, 1977 . – 711 б.

7 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы./ – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – 520 б.

8 Dr.Suat Ünlü. Harezm-Altınordu türkçesi sözlüğü, -2012.

9 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі./ [Жауапты ред.: Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш .]. – Алматы: Қазақ ССР-ның Ғылым баспасы – 1966. – 230 б.

10 Сыздық Р.С. Сөздер сөйлейді./ –Алматы, Санат – 1994.–272 б.

Искакова Ж.М.
фил.ғ.к., доцент
Oazis-jas@mail.ru

Әбілмажинова Б.Ж.
фил.ғ.к., доцент

Еденбаева Г.З.
аға оқытушы, педагогика магистрі

Райсова Д.
4 курс студенті
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
«Тұран-Астана» университеті

А. КЕМЕЛБАЕВА ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ, ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. Ғылыми мақалада қазіргі қазақ прозасының ерекшеліктері, атап айтқанда әдебиеттанушы, журналист, аудармашы, жазушы А.Кемелбаеваның туындылары қарастырылады. «Қоңырқаз», «Мұнара», «Майя» шығармаларына талдау жасалып, олардың тақырыптық, идеялық ерекшеліктері ашылады.

Кілт сөздер: тақырып, идея, әңгіме, повесть, мистика.

Резюме. В научной статье исследуется особенности современной казахской прозы, а именно произведения литературоведа, журналиста, переводчика, писательницы А.Кемелбаевой. В работе делается попытка анализа нескольких произведений таких как: «Қоңырқаз», «Мұнара», «Майя».

Ключевые слова: тема, идея, рассказ, повесть, проза, мистика.

Summary. The scientific article examines the features of modern Kazakh prose, namely the works of literary critic, journalist, translator, writer A. Kemelbaeva. The work attempts to analyze several works such as: "Oirat", "Mnara", "Maya".

Keywords: theme, idea, story, novel, prose, mysticism.

Қазақ әдебиетінде дарынды жас жазушылар саны көбейген сайын олардың шығармашылығын ғылыми тұрғыдан зерттеу, талдау жұмыстары да жолға қойылуда. Қазақ әңгімелеріндегі ізденістер мен ерекшеліктер, әдіс-тәсілдердің берілуі Г.Ержановаңың «Қазіргі қазақ әңгімесі», Г. Балтабаеваның «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (повестер мен әңгімелер)», Н.Смағұловаңың «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты» атты диссертацияларында тереңірек қарастырылған.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелері мазмұн, түр жағынан дамып, әлеуметтік проблемаларды көтеруімен, өмір шындығын танытуымен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде прозаның шағын жанрында тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ш. Мұртаза, Қ. Жұмаділов, М. Мағауин есімдері алтын әріппен жазылса, А. Алтай, А. Кемелбаева, Қ. Түменбай, Д. Рамазан, Д. Амантай сынды жазушылар орта буынды құрайды. Сонымен қатар, еліміздің әр аймағында қалыптасып, дамып, көркейіп келе жатқан жастар прозасының да жеткен жетістігі мол. Аталмыш кезең әдебиеті тақырып өзектілігімен, образ жасаудағы жаңа әдіс-тәсілдермен, демократиялық принциптермен жаңашылдық сипатқа ие. Қазіргі әдебиеттегі жастар прозасы тақырыптық-идеялық, философиялық-танымдық жағынан көркемдік ізденістерге бай. Қаламгерлер философиялық сауалдарға жауап іздеп, психологиялық талдаулар жасауда шеберлік танытады.

Кеңес дәуіріндегі тоталитарлық саясат әсерінен тыйым салынған нәрселер тәуелсіздік алып, еркін ел атанғаннан кейін жолға қойылды. Қазақ әдебиеті де тәуелсіздік жылдары жаңа тақырыптармен, соны ізденістермен байыды. Қазақ прозасы, соның ішінде Ы. Алтынсарин шығармашылығынан бастау алған қазақ әңгімелері жаңа белеске көтерілді деп толықтай айтуға негіз бар. Әдебиеттегі «жастар прозасы» деп аталатын жаңа буын өкілдерінің шағын прозасынан көркемдік ерекшеліктер, жаңа сипаттағы сарындар көрініс тапқан. Қазіргі әдебиетте жазушыларымыз әлем әдебиеті үлгілерін тиімді пайдалана отырып, қазақтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі сарынын да сақтап қалуға тырысқандығы байқалады. Жас прозашылар шығармашылығынан заман шындығын, қоғамдық проблемаларды беруде реалистік бағытты қолданғандығы, бір қоғамда қатар өмір сүрген замандас бейнесін ашуда көркемдегіш құралдарды ұтымды пайдаландығын аңғарамыз. Қазіргі прозадағы жас жазушылар қатары Дархан Бейсенбекұлы, Бейбіт Сарыбай, Серік Сағынтай, Айгүл Мантаева, Нұрлан Қабдай, Қойшыбек

Мүбарак сынды талантты қаламгерлермен толықты. Аталған жазушылар шығармашылығынан жаңашыл леп, тың үрдіспен қатар жаңа ойлау жүйесі, өзіндік стиль қалыптаса бастағандығы байқалады. Жаңа заман әдебиетінің басты ерекшелігі қаламгерлерімдің басым көпшілігінің прозаның шағын жанрына бет бұруында. Бүгінгі әдебиетте әңгіме жанрының көркемдік көкжиегі кеңіп, жаңа сатыға көтерілгендігі, ежелден қалыптасқан дәстүрді бойына сіңіріп, жаңашылдық сипатпен толысқандығы мәлім.

Жас прозашы Н. Қамидың «Көк қақпа», «Кездесу» атты прозалық жинағындағы әңгімелердің көбісі уақыт тынысын, жаңа замандағы жаңарған адам психологиясын, туған жер қасиетін танытатын сәтті туындылар. Автор әңгімелерінде тоталитарлық жүйенің ыдырап, кеңес адамдарының тарағандағы сезім-толғаныстарын, өтпелі замандағы адамдардың психологиялық күйзелісін шебер бере біледі. Жазушының жаңа қоғамнан жеріген, айналасындағы қоршаған ортаны жатсынған жаңа кейіпкерлерінен экзистенциалистік, постмодернистік бағыттардың сарыны байқалады. Жазушы өз кейіпкерінің бітім-болмысын көбінесе ішкі монолог кезінде ашуды жөн санайды.

Қазіргі қазақ прозасының басты ерекшелігі – әдебиетте бұрын кездеспейтін жаңа бейнелер, жаңа сюжет, жаңа дем әкелуінде. Бұл жаңалық жазушы С. Сағынтай шығармашылығында өмір шындығын, әлеуметтік мәселелерді ашатын тың тақырыптар мен қызықты сюжеттен көрінсе, прозашы М. Мәлік әңгімелерінде утопиялық, мистикалық жанрды сәтті қолдануынан көрініс тапқан.

Қазіргі әдебиет жайында академик С. Қирабаев: «Қазіргі прозада жас дарынды прозашылардың көбеюі әдеби үдерістің ерекшелігін көрсетеді. Қазіргі прозада мәдениеттілік пен білімділік байқалады. Қазіргі қаламгерлер шығармашылығынан өздері өмір сүрген заман шындығымен қоса, замандастар келбеті, өзекті проблемалар қозғалған» [1; 84] дейді. Ал, жастар прозасы туралы Н. Оразалин: «Соңғы жылдарда жастар шығармашылығынан сан алуан тақырыптар байқалады. Атап айтар болсақ, Тәңірге табыну, Құранды тану, Аллаға сыйыну сияқты діни тақырыптағы шығармалардың дүниеге келуі осыған дәлел» [2; 8] дейді.

Қазіргі таңда есімі ерекше аталып жүрген жас қаламгердің бірі – Айгүл Кемелбаева. Ол шыншыл әрі шынайы жазушы. Прозаның хас шебері. Қазіргі кезде Айгүл қазақ әдебиетінің белді өкіліне айналған. Көркемдік әлемі барлық туындыларда басты арқау етті. Өйткені көр- кемдік шексіз. Жазушы шығармалары жанр- лық, композициялық, жалпы тілдік-стилис- тикалық жағынан ерекшеленіп тұрады. Туын- дылардағы ерекше тілдік өрнектер қаламгердің суреткерлік шеберлігін айқын аңғартады. Қаламгердің шығармашылығы туралы баспасөз беттерінде бірнеше пікірлер айтылып жүр.

А. Кемелбаева шығармашылығы туралы Айгүл Ісмақова: «Айгүл өз туындыларында саналы түрде еуропалық, мифтік есімдерді де кіргізіп қояды. Онысы эксперимент болғанымен, өте сәтті пайдаланылған амал. Өйткені, дүниежүзілік әдебиетті біле отырып, сол деңгейде ойлана отырып, қазақша стильдік тәсілдерді дүниеге әкелуде» [3; 8], - деген пікір білдіреді.

Жазушы Айгүл Кемелбаева шығармашылығы сан алуан тақырыпқа бай. Қаламгердің көптеген шығармасына арқау болған – дін тақырыбы. Дін тақырыбы қазақ әдебиетінде ертеден белең алған тақырып. Алаш әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмааевтың «Пайғамбар» өлеңінде:

«Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...» – деген жолдар кездеседі.

Дін тақырыбы А.Кемелбаеваның «Ғибадат», «Тобылғысай» әңгімелерінде кездеседі. Жазушының «Ғибадат» әңгімесінде адамзаттың Құдайды іздеу жолындағы әңгімелері туралы баяндалады. Әңгімеде Алла «Асылпана» деген атпен берілген. Қасиетті Құранда Алланың 99 есімі кездеседі деген пікірге сүйенсек, Асылпана да Алланың бір көркем есімі болса керек. Шығармада дін туралы философиялық ойлар, өткір пікірлер баяндалады. Автордың «Тобылғысай» әңгімесінде «әңгіме ішіндегі әңгіме» әдісі арқылы құдайшылдық идеясын көтереді. Әңгімеден исламдық сарын байқалады. Шығарма «Жезтырнақ», «Қақпаншы», «Кірпі», «Алмұрт» атты төрт тараудан тұрады. Әңгіменің бас кейіпкері Бекжан арқылы автор Алланың құдіретті күшін, ұлы қасиетін көрсетеді. «Жертырнақ» бөлімінде қазақ фольклорынан, мифологиясынан келе жатқан жезтырнақ туралы әңгімеленген. «Қақпаншы» бөлімінде де ауыз әдебиетінің үлгісін байқауға болады. «Кірпі», «Алмұрт» бөлімдерінде қазақы мінезді байқауға болады. Барлық бөлімдердегі ортақ идея – Алланың ұлылығын көрсету, Тәңірге табыну. Шығармада бұл идея былай суреттеледі: «Сонда ол ажалды пенде үшін теңдесі жоқ игілік – Аллаға сиыну қасиеті екеніне кәміл сенді. Адам үмітімен күшті». Шығармада автор Алла Тағаланы тек адамды емес, бүкіл табиғаттың

қорғаушысы, қорғаны деп есептейді. Жазушының «Мұнара» романының да негізгі ойы – Аллаға деген сенімді көрсету.

Жазушы шығармасына арқау болған тақырыптардың бірі – өлім тақырыбы. М.Жұмабаев бұл тақырыпта «Мені де өлім, әлдиле» деп жырлайды. Қазақтың ұлы ақыны бұл тақырыпты: «Өлеңмен жер қойныңа кірер денең» деген жолдар арқылы қара өлеңмен сабақтастырады. Өлім мен өмір концепциясы соңғы жылдары қазақ әдебиетінде белең алған тақырып. Мұндай тақырыптағы шығармаларды зерттеуші ғалымдар танатологиялық сарынға жатқызады. Танатология термині алғаш медицина мен гуманитарлық салаларда қолданылса, кейіннен гуманитарлық саланың тарих, философия сияқты ғылымдарында көрінді. Философ В. Янкелевичтің «Өлім» атты философиялық еңбегі 1966 жылы жарық көрді. Танатология дегеніміз өлімнің мәні мен мағынасы, себептері туралы ілім. Аталмыш тақырып алғаш Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде катарсис, трагедия ұғымдарымен мәндес беріледі. Өлім тақырыбы қазіргі қазақ прозасында Т. Нұрмағамбетовтің «Күнді жек көру», Г. Шойбекованың «Өмір сүру ережесі» әңгімелерінен көрінеді.

Жазушы А.Кемелбаеваның прозасы ертеден қалыптасқан исламдық, аңыздық сарындарды жалғастыруымен қатар, қазақ әдебиетіне енді қадам басқан мистикалық сарында жазуы оның ерекше стилін анықтайды. Жазушы сонау фольклорлық әдебиеттен, ауыз әдебиеті кезеңінен келе жатқан аңыздық, исламдық сарынды жалғастырады, дәстүрден ауытқымайды.

Қаламгер «Мұнара» романында, «Тобылғысай», «Қияда», «Ғибадат» әңгімелерінде бүкіл ғаламды жаратушы Аллаға сиыну, оның күш-қуатын, құдіретін көрсетуді көздейді. Аталған шығармалардың тақырыбы әртүрлі болғанымен, идеясы – бір, Алланы тану, оған мадақ ету. Бұл идея қазақ әдебиетінде Қожа Ахмет Иасауидан бастап, С. Аронұлы, Ш. Құдайбердіұлы шығармаларынан көрініс тапқан. А. Кемелбаева солардың ізін жалғайды.

Автордың аңыздық сарында жазылған шығармасы – «Қоңырқаз» әңгімесі. Бас кейіпкер Хорланды анасы жалғыз өсіреді. Кішкентай қыз айналасындағы адамдардан бөлек өседі, ешкіммен араласпайды. Оған себеп, қыздың қанатының болуы. Шығарма соңында қыз-періште ұшып кетеді. Ертедегі аңыздық сарын бойынша Періштелер елі – адам баласының көне мекені. Ескі түсінік бойынша адам түбінде періштеге айналып, ұшып кетеді деп есептеген. Автор осы сарынды өз шығармасына арқау етеді. Осылайша ол ескі дәстүрді, түсінікті жаңғыртады.

Мистикалық сарын, қазақ әдебиетінде бұрын кездеспеген түсініксіз, беймәлім кейіпкерлер – жаңа заман әдебиетінің жаңалығы. Қазіргі заман жазушыларының шығармаларына арқау болған да осы мистикалық жанр.

«Мистика – санадан тыс ғажайып әлемнің болуына сену және сол әлеммен байланысқа түсу мүмкіндігі». Ендеше жазушылардың ізденістерін саралап, талдап көруге әбден болады. Әдебиет мистикасы – қандай да бір туындының ғажайып әлементтері мен қарапайым өмірден тылсым құбылыс алу үрдісі, саналы ой-үрдіске белгісіз, жат обьект және жат түсінік.

Мистикалық жанр А.Кемелбаева туындыларында да көрініс тапқан. Жазушының «Майя» повестінде қоғамнан бөлектеніп, өз болмысын жоғалтқан әдебиетші, студент қыз тағдыры суреттелген. Жазушы өз кейіпкері арқылы қазіргі жаңа заман адамының табиғатын, рухани жұтаңдығын, жалғыздық сарынын беруді мақсат тұтады. Қоғамнан шеттетіліп, қайыр сұраған шарасыз жандар бейнесі М. Мағауиннің «Қаңғыбастар мен шағалалар» әңгімесінен де көрініс табады.

А.Кемелбаеваның шығармаларында постмодернистік бағыт элементтері кездеседі. Постмодернизм термині Р. Панвицтің «Еуропаның мәдениетіндегі дағдарыс» еңбегінде айтылған. Алғаш рет бұл термин сәулет өнерінде кездескен, қазір әдебиет те де кездеседі. Қазақ әдебиетінде де постмодернистік бағытта жазатын жазушылар кездеседі. Олардың қатарына Д. Амантай, Т. Әбдікәкімов, Е. Раушан, С. Ақсұңқарұлын жатқызамыз.

Әдебиет зерттеушісі, академик С. Қасқабасов постмодернизм туралы мынадай пікір білдірген: «Постмодернизм – қарыштап дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзген. Біз классикалық әдебиеттен қол үзгеніміз жоқ. Одан қол үзбегеніміз бізде постиндустриялық қоғам әлі жоқ. Постиндустриялық қоғам болмағандықтан, ондай қоғамды әдебиетімізде суреттей алмаймыз. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана» [4; 8].

Профессор, сыншы Б. Майтанов: «Қазіргі біздің әдебиетімізде постмодернистік бағыттың тек кейбір элементтері ғана кездеседі. Кейде дәстүр, үрдіс, көрініс, стиль терминдері қолданылуы мүмкін. Біз бұл үдерісті жылдамдата да, кідірте де алмаймыз. Уақыт пен тәжірибенің еншісіне қалдырамыз» [5; 8] деген ой білдірген.

Постмодернизм – модернизмнен кейінгі жаңа дәуір дегенді білдіреді. Постмодернизм деген сөздің шығу тегі латынша post – соңғы, кейінгі және французша modern – жаңа, қазіргі, үлгілі деген сөздердің бірігуінен пайда болған.

Ең алғаш рет «постмодернизм» деген термин 1914 жылы Р. Панвицтің «Еуропа мәдениетіндегі дағдарыс» деген еңбегінде қолданылған. Одан жиырма жыл өткен соң 1934 жылы Ф. Де Онис өзінің «Испан және латынамерикалық поэзия антологиясы» деген кітабында модернизмді теріске шығарушы ұғым ретінде пайдаланған. Постмодернизм бүгінгі әдебиетшілердің назарына көптен ілігіп жүрген әдеби құбылыс деп саналады. Ол - қазіргі әдебиеттің басты ағымы. Ағымның негізгі сипаттары қандай деген сауалдың да жиі мазалайтыны рас. Мұның бәрі қазақ әдебиетінде де постмодернистік бағыттағы өкілдердің бар екенін, осы бағытта да біраз ізденістер мен сынақтар жасалынып жатқанын және олардың бәрі саналы түрде емес, шығарманың ішкі көркемдік тұтастығынан туындап, ішкі үндестігінен, табиғи заңдылығынан шығып отырғанын да көрсетеді.

А.Кемелбаеваның постмодернистік бағыттағы шығармаларына «Майя» повестін, «Космос», «Ер Төстіктің дүниеге келуі» шығармаларын айтуға болады. Жазушының шығармаларында оқиғалар тізбегі жиі ауысады, түсініксіз, адасқан кейіпкерлер кездеседі, көркемдік шешімді оқырманға қалдырады.

Жазушының «Майя» повесті – постмодернистік бағыт элементтері кездесетін, мифологиялық туындысы. Қаламгер небәрі 33 беттен тұратын шығармасын повестке жатқызады. Повест жанры туралы әдебиетте түрлі көзқарастар қалыптасқан. Повесть сөзі орыстың баяндау сөзінен шыққан. Повест дегеніміз – эпикалық прозаның түрі. Көлімі жағынан әңгімеден үлкен, романнан қысқа болады. Еуропада кейде повестті новелла деп те атайды. Белинский повестті романның бір бөлшегі деп есептеген. Соңғы кездері қазіргі әдебиетте мазмұнына байланысты романнан үлкен немесе әңгімеден қысқа повестер де кездеседі. А. Байтұрсынұлы эпикалық шығарманы әуезе деп атап, оны ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме деп атаған. Ол «Бақытсыз Жамалды» роман емес повесть деп есептеген. Қазақ әдебиетінде сәтті шыққан повестер қатарына жазушы М. Әуезовтің «Қараш-Қарашын», Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығын», Ш. Айтматовтың «Жамиласын» жатқызамыз.

А. Кемелбаеваның «Майя» повестінің басты кейіпкері – студент қыз. Студент қоғамнан бөлектенген, қоғамды жатсынған кейіпкер. Мұндай кейіпкерлерді М. Мәлік шығармаларынан да кездестіреміз. Жас прозашы, қазіргі жастар прозасының өкілі М. Мәлік қазақ әдебиетінде қозғалмаған мистикалық бағытпен қатар, сыни реалистік бағыттағы шығармаларымен ерекшеленеді. Ажал, өлім, зұлымдық тақырыбындағы мистикалық, утопиялық шығармалары арқылы оқырманына өмір заңдылықтары мен қайшылықтарын, өмірдің өткінші екендігін есіне салғысы келеді. Жазушының «Ажалды қуған жігіт», «Ажалмен бетпе-бет» әңгімелерінде кейіпкерлері ажалмен бетпе-бет келіп, сөйлессе, «Періште мен жынды» шығармасында бас кейіпкер періштенің өзімен тілдеседі. «Бассыз бөрі» әңгімесі арқылы жас ұрпақты ұлттық таным мен салт-дәстүрді, діл мен ділді ұмытқан, бөрілігінен, қайсарлығынан айырылған бассыз көкжалға айналудан сақтандырады. «Зұлымдық портреті» шығармасы арқылы зұлымдық символы Гитлер портретінен емес, адамдардың қатыгездігінен, озбырлығынан сақтану керек екендігін ескертеді.

А. Кемелбаеваның шығармашылығынан орын алған тақырыптардың бірі – соғыс тақырыбы. Жазушының «Снайпер» әңгімесінде Төлеуғали соғыста қаза тапқан мерген. Шығарма өмір шындығына негізделген. Әңгімеде Көкбай ақын, Шәкәрім қажы есімдері кездеседі. Төлеуғалидың атасы Насырхан соғысқа он баласын жіберіп, оны да соғыс даласында қайтыс болады. Бұл тек Насырханның емес, бүкіл қазақ жұртының басына келген апат.

А.Кемелбаева әр түрлі тақырыпта оқырманын елітіп, өмірдегі болып жатқан көріністі көркемдеп жаза білген туындыгер. Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көпқырлылық. Бұл ерекшелікті прозаик А.Кемелбаева шығармаларынан да көруге болады. Жазушы әңгімелері көркемділігімен замана мәселелерін дөп баса суреттеуімен оқырманын елітеді.Шығарма кейіпкерлерінің бірі – Кемелбай Насырханов. Ол жазушының атасы. Атамсы Кемелбай Насырханов 1937 жылы халық жауы ретінде атылған. Бұл жазушының шығармасына өмір шындығын арқау еткендігін аңғартады. Әңгіме тарихи шындыққа негізделген. Онда белгілі бір кезендегі өмір шындығы мен адам тіршілігінің алуан сәттері, қоғам өміріндегі елеулі оқиғалар суреттеледі. Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады.

Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық-көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни, көркемдік шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді.

Қорыта айтқанда, А. Кемелбаева шығармалары тақырыптық, идеялық ізденістерге бай. Қаламгер прозасында исламдық, танатологиялық сарындар кездеседі. Шығармаларында дін, өлім, соғыс тақырыптары белең алған. Шағын әңгімелерін оқу барысында жазушының әлем әдебиетінен сусындағанын аңғаруға болады. Шығармашылығы тың ізденістерге, көркемдік сипатқа бай. Шағын әңгімелерінде тарихи шындық көрініс тапқан. Жазушының әр шығармасынан өзіндік жазу стилі, ерекшеліктері көрінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді. – Алматы: Жалын, 2009. – 160 Б.
2 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 Б.
3 Хализев В.Е. Теория литературы. Москва: Высшая школа, 2004. – 409 С.
4 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір элементтері.–Алматы:Алаш, 2003.–327 Б.
5 Рахымжанов Т. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы, 2002. – 231 Б.

Искакова Ж.М.
фил.ғ.к., доцент
Oazis-jas@mail.ru

Әбілмажинова Б.Ж.
фил.ғ.к., доцент

Еденбаева Г.З.
аға оқытушы, педагогика магистрі

Тлебалдықызы Г.
4 курс студенті
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
«Тұран-Астана» университеті

ӨМІРДІҢ МӘНІ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ (Д. ИСАБЕКОВТІҢ «СҮЙЕКШІ» ПОВЕСІ)

Аннотация: Мақалада қазақ прозасындағы экзистенциализм мәселесі Д.Исабековтің «Сүйекші» атты повесі негізінде зерттелген. Повеске талдау жасала отырып, бас кейіпкердің өмірдің мәнін іздеуі, жоғалтуының себептері ашылады. Өмірдегі изгілік пен зұлымдық, өмір мен өлім, жану мен сөну сияқты мәңгі өзекті болып қала беретін сұрақтар әдебиеттегі көпрінісі қарастырылады.

Кілт сөздер: экзистенциализм, өмірдің мәні, қоғам, жатсыну.

Аннотация: Поиск смысла жизни - это актуальная проблема, которая в каждом обществе пробуждали сердца мудрецов и мыслителей. В данной статье рассматривается проблема экзистенциализма в казахской литературе на основе творчества писателя Дулата Исабекова. В работе приведен анализ повести «Сүйекші» (Гробовщик), раскрывается образ главного героя и анализируется его отчуждение общества.

Ключевые слова: экзистенциализм, смысл жизни, общество, отчуждение, образ.

Abstract: The search for the meaning of life is an actual problem that awakened the hearts of sages and thinkers in every society. This article deals with the problem of existentialism in the Kazakh literature based on the work of the writer Dulat Isabekov. In work the analysis of the story «Undertaker», reveals the image of the main character and examines his alienation of society.

Key words: existentialism, meaning of life, society, alienation, image.

Кіріспе

Өмірдің мәнін іздеу – әр заманда, әр қоғамда данышпандар мен ойшылдардың көкірегін тескен көкейкесті мәселе. Сондықтан бұл мәселені бүгінгі таңда қызығушылыққа ие өткір мәселе және тақырып деп қарау қате түсінік, себебі өмірдің мәні туралы толғаныстар сонау ежелгі грек, рим, шығыс ғұламалары, философтарымен пайымдалған. Тіршілік етудің мән-мағынасын түсіну мәселесін сол қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани даму кезеңінде дағдарысты өткерген өкілі өзектендіре түседі. Белгілі бір қоғамда өмір сүріп отырған адамның тіршілік мәнін іздеу процесі нақты бір қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайында қалыптасады.

Ғылыми пікірлерге тоқталатын болсақ, көптеген философтар өмірдің мәнін жеке адамның дүниетанымдық жүйесінің көрсеткіші, моральдық нормаларды бейнелейтін реттеуші ұғым ретінде қабылдайды. Бұл жерде адам өмірінің мәнін белгілі бір тұтынушылық стандарттар мен жеке бастың қамтамасыз болуына жетумен байланыстырудың да негізсіз емес екендігін айта кету керек [1]. Өмірдің мәні туралы сауалдарға ғылыми тұрғыдан нақты жауап қайтару мүмкіндігін теріске шығаратын теориялар да жоқ емес. Ондай тұжырымдар өмірдің мәні әр жеке адам үшін өзінше, қайталанбас өзгешелігінен туындаса керек. Егер дүние жүзінде 7 млрд-тан астам адам бар десек, өмірдің мәні туралы сонша пікір бар.

Ал өмірдің мәні туралы философтар пікірлерінің жалпы адамзатқа ортақ, әлдеқалай бір жиынтық тұжырым болып шығып жатуының да өзіндік жөні бар. Адам өмірінің мәні оның өлеуметтік жағдайларымен айқындалады. Ол әлеуметтік дамуды жеделдетіп немесе тежеп, оған тура ықпал ете алады. Тарихтың түрлі кезеңдерінде өзгеріп отыратын адам өмірінің мәнін, құндылығын айқындаушы – сол адамның өзі. Және ол жеке адамнан, қоғамнан тыс ұғым емес, адамның мақсаттары мен қоғамды диалектикалық тұрғыдан біріктіретін ұғым. Уақыт өте келе адам баласы «Құдай мені не үшін жаратты?», «Өмір мәні неде?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Осы сауалдардың арқасында «Өмірдің мәні» деген философиялық тұрғыдан алғанда ұлы даналықтың талқылауына айналды. V-YI ғғ. өмір сүрген философтар «өмірдің мәні – рахат көру,

ләззат алу» деп тұжырымдаған [1]. Қалай болсын мәселе түйінінің өз пайдасына шеше отырып, рахатта өмір сүру алғашқы философиялық теорияларда дұрыс деп саналған және де бұл құбылыс ғылымда «гедонизм» деп аталады.

Жылдар жылжып, уақыт өткен сайын өмір туралы ой-пікірлермен қатар «оның мәні неде?» деген сұраққа да әр алуан пікірлер айтыла бастады. Енді ұлы орыс ойшылы Лев Толстойдың пікіріне тоқталып өтсек, ол: «Өмірдің мәні – адам рухының үздіксіз дамып, бойындағы Құдай сипаттарын барынша ашу. Құдай рухын нәпсі қалауының қара балшығынан аршып алып, күллі жаратылысқа деген махаббатын ояту», - деп жауап берген көрінеді [1]. Қазақтың данасы Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірдің мәні құдай тағалаға ұқсау, яғни Алла жақсы көретін істерді істеу деген пікірімен үндес. Бірқатар шетелдік ғалымдар мен ойшылдардың пікірінше өмірдің мәні – өлу екен. Бұл пікірді жақтайтындар көбіне Еуропа ғалымдары, философтары, ойшылдары.

Қазақтың ұлы ақыны, хакім Абай «өмірдің мәні не?» деген сұраққа жауапты тереңнен іздеген. Ол өзінің бірінші қара сөзінде «адам баласы алға қойған мақсат - мүдделеріне жеткеннен кейін қайтпек?», «өмірдің мәнін неден іздеп табуға болады?» деген сұрақтарға ел бағу, мал бағу, ғылыммен айналысу, софылық қылу, бала бағудың сыр-сипатын анықтап, бұлардың әпрқайсысының өз орны, мезгілі бар екендігіне меңзейді [2]. Ойланып қарасақ, өмірдің мәнін іздеген қазақ халқында да тұлғалар жетерлік: мәңгілік өмірді іздеген – Қорқыт бабамыз, желмаясын желіп жүріп Жерұйықты іздеген Асан Қайғы, халықтың қамын ойлап толғаған ақын-жырауларымыз т.б.

Негізгі бөлім

Қазіргі қазақ қоғамында ақиқат өмірді қаз қалпында қабылдап, рационалды түрде өмір сүруден гөрі, әлі де ескі таптаурындардың шырмауынан шыға алмау үрдісі байқалады. Адамдардың көбісі өз өмірлері мен болашағы үшін жауапкершілікті толығымен, саналы түрде алудан бас тартып, қоғамның санасы жаһандану ғасырындағы жаңалықтарын қабылдап, өмірдің жаңа ағымына ілесе кетулеріне кері әсер етіп келе жатыр. Бұлай болудың бірнеше себебі бар:

1) Білім беру саласы сынақ алаңына айналып, жылда жаңа реформалардың қабылдануы;

2) Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу мәдениетінің күрт төмендеуі;

3) Дәстүрлі отбасы институтының құлауы, бұл фактор ең алдымен баланың балалық шағы туралы естеліктерін, сондай-ақ объективті және базалық қарым-қатынастың қалыпты түрде қалыптасуына тікелей әсер етеді;

4) Күн санап өсіп келе жатқан жетімдік пен жесірлік.

Осылайша, қазіргі Қазақстан қоғамында өмірдің мәнін іздеу және оны жүзеге асыру процесін күрделендіретін негізгі төрт шартты атауға болады. Жоғарыда айтылғанның барлығын саралай келіп, балалық, бозбалалық шағынан айрылу, жетімдіктің азабын кешу, қоғамнан оқшаулану факторларының салдарынан қазақ әдебиетінде өмірдің мәнін жоғалту көрініс тапқан. Бұл – жазушы, драматург Д.Исабековтің «Сүйекші» повесіндегі бас кейіпкердің өмірі. Д.Исабековтің осы туындысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай қазіргі Қазақстан қоғамының жағдайына сәйкес келмейді, алайда жоғарыда біз айтқан өмірдің мәнін жоғалту факторлары повестегі факторлармен сәйкес келеді.

Қазақ әдебиетінің ең көрнекті тұлғасы, жазушы, публицист, аудармашы, драматург Дулат Исабековке мақаламызды арнаудың басты себебі – жазушы бүгінгі таңда қаламы мұқалмай, халқына қалтқысыз еңбек етіп, оның шығармалары заманауи көз қараспен қайта қарау болып отыр. Жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеуге арналған көлемді ғылыми мақалалардан бастап, кандидаттық диссертацияларға дейін қорғалды. Десек те, Дулат Исабеков сияқты шығармашылығы бірегей, өз алдына ешкімге ұқсамайтын Дулат Исабеков деген әдебиетте қалыптасқан брендке бүгінгі таңда қызығушылық арта түскен.

Д.Исабеков қазіргі Түркістан облысының Сайрам ауданының тумасы. 1942 жылы отбасында бесінші бала болып дүниеге келеді. Алдында екі әпкесі мен ағалары бар. Анасы кішкентай Дулаттың 5 жасында о дүниелік болады, ал әкесі Ұлы Отан соғысынан қайтпайды. Сөйтіп Д.Исабеков бала кезінен бастап жетімдік пен жоқшылықты, соғыстың алапат ауыртпалығын көріп өседі. Үлкен ағасы 17-18 жасына толар толмаста екі әпкесі келіп оны үйлендіріп, сол жеңгелері кішкентай Дулатпен оның алдындағы тете ағасына ана болады. Әпкелерінің қамқорлығын жастайынан бойына түйіп өскен бала Дулат, кейін шығармашылығында «Әпке» атты әңгімесін, «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты мемуарлық повесін жазып шығады. Жазушы үшін сексенінші жылдар жемісті жылдар болады, осы кезеңде оқырман қауымның сүйікті шығармасына айналған «Қарғын» атты алғашқы романы жарық көреді. Роман қазақтың

интеллектуалдарына арналған бірінші роман болып танылып отыр. Бұл роман және Д.Исабековтың әңгіме-повестері, драмалық шығармалары бірнеше тілдерге аударылып, шетелде сахналанды. Сондай-ақ бірқатар шығармасы экранизацияланғаны белгілі.

Дулат Исабековтің «Сүйекші» повестінде тек өз заманының ғана емес әр замандағы адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық концепциялары сөз болады. Әлем ойшылдары Ф.Кафка мен Ж.Сартрдың жеке тұлғаның өз тағдырына қатыссыздығы және өз өміріне параллель өмір суруі тәрізді идеялары негізінде туды деуге болатындай [3]. Повестің бас кейіпкері Тұңғыш – жалшының отбасында дүниеге келген, жастайынан жоқшылық, жалғыздық пен азаптың тауқыметін кешкен, өмірдің мәнін таба алмаған көр қазушы адам. Ол өзінің азан шақырып қойылған Тұңғыш деген атынан айрылып, Аманат одан кейін, Кеңкелес, Диуана, Үндемес деп аталып, жалған өмірден рахат таппай кетеді. Зерттеуші Э.К.Хасенова Тұңғыштың психологиялық портретін былай ашады: Сүйекші Тұңғыш кім? Ол – ішкі жан-дүниесі тоналған базардай тоз-тозы шыққан, кеудесінде жүрегі соғып тұрғанмен, жаны өлексеге айналған жан. Француз ойшылы Ф.Кафка пәлсапасының негізі – тұлғаның өз өміріне қатыссыздығы (отреченность) идеясы. Орыс ойшылдары мен жазушыларында (әсіресе XIX ғ. II жартысында) да «прокаженный» яғни «аластатылған» ұғымы жиі кездеседі. Тұңғыш та өмірге біреудің аяулы перзенті болып іңгәлап келді. Ата-ана мейірімін түйсініп үлгермей жатып, аманатқа қалдырылған бала көрінгеннің көзтүрткісіне айналды. Кез-келген адам баласының жүрегінде мейірімнің шуақты нұры құйылып сақталатын құты болады десек, осы құты Тұңғышта жойылып кетті. Жаны қайырым көрмеген пенде рухани тұрғыдан кедейлене келе бір кездерде «жаны тоналған рухани мешеуге» (Қ.Ергөбек) айналары сөзсіз. Осыдан келе пенденің өзі сүріп отырған өмірге деген немқұрайдылығы, қатыссыздығы шығады. Тоғыз жасында Аманаттың күйін кешкен Тұңғыш балалықтың бал дәмінің орнына есіктегі иттің басына тілемейтін азап күн кешеді. Зілді зар мен ащы мұң енді Аманатты Кеңкелеске айналдырады. Тәні бар, жаны тірі аруаққа айналғандарды бүгінде ғылым мен парапсихология тілінде зомбилер деп атайды. Кеңкелес те сондай [3]. Мақала авторының айтып отырған зомбилері біздің де қоғамымызда жеткілікті және бұл – өзекті мәселе. Жазушы осы бас кейіпкер Тұңғыштың, яғни балалық шағынан бастап, Сүйекші болып сүйегі сырқыраған адамның тағдырын көрсете отырып, жалған дүниеде осылай тіршілік етіп жатқан қаншама адамның бар екендігіне меңзейді, мұндай адамдардың өмірдің мәнін жоғалтып алуларының себептерін ашық көрсетеді. Бұл қазіргі қоғамның трагедиясына айналып отыр. Филолгия ғылымдарының докторы К.Т.Жанұзақова аталмыш повесть туралы келесідей пікір айтқан: Жазушы шығармаларында көтерілген адамгершілік мәселелер ұлттық ауқымда ғана қалмай, жалпы адамзат нәсіліне ортақ мұраттармен үндесіп жатыр. «Сүйекші» сынды повеске үңіле отырып, Д.Исабеков творчествосына әлемдік әдеби-философиялық ағым – экзистенциализмнің әсері болғандығын айта аламыз. Мұндайлық ерекше нышан Д.Исабековтің басқа да шығармаларында анық аңғарылады деуге негіз бар. Сыншы Ә.Бөпежанова «Осы ретте Исабеков творчествосынан сарын іздесек, кезінде бізде ағаш аттың басына ілінген, батыс философиясының, сондай-ақ әдебиетінің де қуатты ағымы экзистенциализммен – адам баласының қатал өмір алдындағы, әлемдік абсурд алдындағы трагикалық дәрменсіздігі – үндестікті зерделер едік... Дулат шығармаларының ой саз-әуені екі регистрде – трагедиялы өмір және сол өмірдің өзінде адам бола білу яғни өз өміріне өзі мағына бере білу бақыты – естілетінін айту орынды» [1, 12-13] – деп жазады [4]. Ғалым К.Т.Жанұзақованың пікірін қуаттай отырып, сыншы О.Бөпежанованың Сүйекшінің образы арқылы өз өміріне өзі мағына бере білу, яғни өмірдің мәнін іздеу процесі шығарманың идеясын ашып, біздің қойып отырған сауалымызға жауап деп қарастырамыз. Жазушы Д.Исабеков Тұңғыштың жеке трагедиясын баяндай отырып, кейіпкердің балалық шағы өткен ортаны шебер суреттеген. Әдеби шығармаларда қоғамды жатсыну проблемасы бірталай жазылып, зерделенді, алайда бұл әлі шешімін таппаған, өзекті проблема болып қала бермек. Шығарманың сюжеті бойынша, Тұңғыш тағдырының осыншалықты ауыр, аянышты болуының басты себептерінің бірі – әлеуметтік теңсіздік. Қомшаның құдық қазып жатқан жерінде байдың үш баласы келіп нақақтан нақақ тиісіп, ақыры бай баласының мерт болуымен аяқталады. Бұл оқиғаның соңы Қомшаның жазаланып, құн төлеу үшін күні-түні жұмыс жасауына және құнды өтегенше баласын байдың босағасына аманат етіп қалдыруына әкеп соғады. Міне, осыдан бастап Тұңғыштың Аманат деген атқа ие болып, тепкі мен зорлықтан көзі ашылмайды. Тұңғыш о бастан-ақ әлеуметтік жағдайы төмен, қорғансыздардың отбасында дүниеге келген: «Оның бала болса болғаны рас шығар, бірақ балалық шағы болған жоқ. Әкесі Қомша алдында мал, басында бақ, артында арқа сүйер туысы болмаған соң көп өмірін кісі есігінде жалшылықта өткізіп, жасы жер ортасынан ауып бара жатқанда, бір жетім қызға қосылып, екі

жылдан кейін перзент сүйді... сәбидің дүниеге келгенін екі қоңсы кемпірден басқа ешкім білмеді» [5]. Әкесі қаза болып, Аманат болып атала бастаған баласын көрмекке келген шешесі мен шақалақ інісі ауылдарына қайта алмай, үсіп өледі. Ата-анасынан айрылған Тұңғыш жалғыздықтың қасіретін кешеді, оның ешбір жанашыры, эмоционалдық тұрғыдан жанына жақын адамның табылмағандығы, Тұңғыштың өмірінің соңында Үндемеске айналуына әкелген бірден бір себеп.

Қорытынды

Қазіргі қазақ қоғамында Дулат Исабековтың көрсетіп отырған Тұңғышы, Аманаты, Кеңкелесі, Үндемесі біздің ортамызда күнделекті өмірде кездесіп жүрген адамдар. Мәселен, жетімдер мен тұрмысы төмен адамдардың күн көріс үшін ауыр жұмыс жасап, өмірден рахат таппай, бақұл болуы. Я болмаса, өмірдің мағынасын түсінбей, ішімдікке салынып кеткендер қаншама? Бір Тұңғыш арқылы автор қаншама адамдардың психологиялық портретін жасай отырып, олардың өмірден түңіліп, оның мән-мағынасын іздеуден қалғанын жеткізген, осы арқылы біз қазақ әдебиетіндегі өмірдің мәнін іздеу, таппау проблемасын көреміз. Қазақ әдебиетіндегі «Сүйекші» повесімен сарындас, өзектес шығармалар баршылық, мәселен Ә.Кекілбаевтің «Шыңырауы», О.Бөкейдің «Қамшыгері» т.б. Автор көр қазушының шынайы образы арқылы өмірдің мәнін жоғалту, дәрменсіз күйге жетудің үлкен себебі мен салдарын көрсеткен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. http://asyl-bilim.kz/
2. Х.Сүйіншалиев «Абайдың қара сөздері». Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1956 - 55б.
3. Хасенова Э.К. Дулат Исабековтің «Сүйекші» повесіндегі кейіпкер болмысы // ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2011. - №2 (132). 285 б.
4. http://www.rusnauka.com Жанузакова К.Т. Дулат Исабеков прозасы.
5. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалары. А.: Атамұра, 2002. - 229 б.

ӘОЖ: 811.581' 367.333

Қалибекұлы Т.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

ҚЫТАЙ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТОЛЫҚТЫРҒЫШ ПЕН ТОЛЫҚТЫРҒЫШТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЗ ТІРКЕСІ

Аннотация. Қытай тілінде сөйлем мүшелері бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш болып алтыға бөлінеді. Толықтырғыш сөз түрлендіруші формалары өте аз қытай тіліне тән өзгеше құбылыс болып табылады.

Мақалада “补语buyu” атауын қазақ тіліне аудару, толықтырғыштың мағыналық түрлері мен жасалу жолдары, толықтауыш пен толықтырғыштың айырмашылықтары, сонымен қатар, толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесінің ерекшеліктері, толықтырғыштың қазақ тіліндегі баламасы, сөйлемдегі қызметі сияқты мәселелер қарастырылады.

Кілт сөздер: қытай тіл білімі, сөйлем мүшелері, толықтауыш, толықтырғыш, сөз тіркесі, синтаксистік қызмет.

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЙ ЧЛЕН ПРЕДЛОЖЕНИЯ И ГЛАГОЛЬНО-РЕЗУЛЬТАТИВНОЕ СЛОВОСОЧЕТАНИЕ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. В предложении современного языка обычно выделяют 6 членов: подлежащее, сказуемое, определение, дополнение, обстоятельство и дополнительный член. Дополнительный член предложения является очень важной особенностью таких языков с очень малыми формами морфологических изменений, как, к примеру, китайский.

В статье рассматриваются: вопрос о переводе термина “补语buyu” на казахский, классификация и способы образования дополнительного члена предложения, отличие дополнения от дополнительного члена предложения, а также особенности глагольно-результативного словосочетания, эквивалент в казахском языке и синтаксическая роль в предложении.

Ключевые слова: Китайская лингвистика, члены предложения, дополнение, словосочетание, синтаксические функции.

COMPLEMENT AND THE COMPLEMENTARY PHRASE IN CHINESE LINGUISTICS

Abstract. Chinese sentence components include subject, predicate, object, attributive, adverbial modifier, complement. The complement is a distinct feature of the languages such as Chinese which has very small forms of morphological change.

This article lists some problems: translation of the term "补语buyu" into the Kazakh language, classification and the ways of creation of complements, the difference between object and complement, there are also features and functions of complementary phrase in the Chinese language.

Keywords: Chinese linguistics, sentence components, complement, object, phrase, syntactic functions.

Қытай тіліндегі “补语*buyu*” *атауын қазақ тіліне аудару мәселесі.* Қытайда лингвистикалық терминдер ұлттық мемлекеттік тілде қалыптасқан. Ал біздің елімізде лингвистикалық терминдер ұлт тілінде толық қалыптаспаған, орыс тіліндегі атаулардың үлес салмағы басым. Сондықтан да қытай тіліндегі лингвистикалық терминдерді қазақ тіліне аудару – өте күрделі мәселелердің бірі [1, 224 б].

Қазақ тіліндегі аудармасы бір арнаға түспеген, мағыналары мен ұғымдары шатастырылып жүрген қытай тіліндегі грамматикалық терминдердің бірі – 补语(buyu). 补语 атауы С.Найманның редакциясымен шыққан «Қытайша-қазақша сөздікте» “қимыл-сын толықтауыш”, “жанама толықтауыш” деп аударылған [2, 72б]. Қытайтанушы Д.Мәсімханұлы мен А.Әбиденқызы «Қытай филологиясына кіріспе» атты еңбектерінде 补语 атауын “толықтырғыш” деп берсе [3, 104 б], «Қытайша-қазақша үлкен сөздікте» авторлар С.Найманның ізімен 补语атауын “қимыл-сын толықтауыш”, “жанама толықтауыш” деп берген [4, 68 б].

Біздің пікірімізше, 补语 атауын “қимыл-сын толықтауыш”, “жанама толықықтауыш” деп аудару дұрыс емес. “Жанама толықтауыш” қытай тіліне 间接宾语 (jianjie binyu) болып аударылады. Қазақ тілінде “қимыл-сын пысықтауыш” деген атау бар, бірақ “қимыл-сын толықтауыш” деген атау қазақ тілінде де, қытай тілінде де жоқ. Толықтауыш пен толықтырғышты бір-бірімен шатастырмау керек.

Тілші-ғалым М.Ілікенов “Қытайша-қазақша тіл ғылымы сөздігінде” бұл атауды қазақшаға аудармай “буюй” деп берген [5, 17 б]. Профессор Чын Янян (陈燕燕Chen Yanyan) «Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы» атты еңбегінде补语-ді “буюй”, “байымдауыш” деп берген [6, 264 б]. Қытай қазақтарының көрнекті тілші-ғалымы Қыдырқан Ахметов补语-ді қазақ тіліне “толықтырғыш” деп аударған [7, 285 б]. Әдіскер ғалым Лу Фубоның (卢福波Lu Fubo) «Shiyong Hanyu Jiaoxue Yufa» атты оқулығының қазақ тіліндегі нұсқасында “толықтырғыш” болып берілген [8, 285 б].

Бейжіңдегі «Орталық Ұлттар университеті» баспасынан шыққан «Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігінде» 补语 қазақ тілінде “толықтырғыш мүше”, “комплемент” болып берілсе, орыс тілінде “дополнительный член”, “комплемент” болып берілген [9, 19 б].

Қазақстанда жарық көрген оқу құралдары, ғылыми еңбектер мен сөздіктерде “толықтырғыш” деп аталып жүр. Бұл атау ағылшын тіліне “complement” болып аударылса, орыс тіліне “дополнительный член”, “дополнительный элемент”, “комплемент” болып аударылып жүр.

Толықтырғыштың мағыналық түрлері мен жасалу жолдары. Алдымен тоқықтырғыштың анықтамасына тоқталайық. Етістік немесе сын есім баяндауыштың соңынан ұласып келіп, қимыл, іс-әрекеттің нәтижесін, сан-мөлшерін, мезгілін, дәрежесін, бет алысын, мекенін я жай-күйін, т.б. толықтырып түсіндіретін сөйлем мүшесі толықтырғыш деп аталады. Толықтырғыш *қандай? қанша рет? қанша уақыт? нәтижесі қандай?* деген сұрақтарға жауап береді.

Қытай тілінде толықтырғыштардың түрлері мен білдіретін грамматикалық мағыналары туралы мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған еңбектердің барлығында сөз болады. Қазіргі кезде қытай тіл білімінде бірізге түспей пікірталас тудырып жүрген мәселелердің бірі – толықтырғыштың мағыналық түрлері. Сөйлем мүшелері жайлы еңбектерде толықтырғышты топтастыру біршама күрделі, бұл бір жағынан толықтырғышты топтастырудағы ұстанатын принциптердің әр түрлі екендігімен байланысты болса керек. Кейбір авторлар бір ғана принципті басшылыққа алса, енді бірі көп принципті басшылыққа алады. Сондықтан толықтырғыштты топтастыруда, оны іштей саралап түрлеу және атау жүйесінде алшақтықтар бар екені көрінеді.

Қытайдың көрнекті тілші-ғалымы Жаң Біннің (张斌Zhang Bin) редакциясымен шыққан «Қазіргі қытай тілінің сипаттамалы грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语jieguobuyu), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), күшейткіш толықтырғыш (**程度**补语chengdubuyu), күй-жай толықтырғыш (**情状**补语qingzhuangbuyu), сан-мөлшер толықтырғыш (**数量**补语 shuliangbuyu) деп бес түрге бөлген [10, 308 б].

Әдіскер ғалым Лу Фубоның «Shiyong Hanyu Jiaoxue Yufa» атты оқулығының қазақ тіліндегі нұсқасында (қазақ тіліне аударған Әлімсейіт Әбілқазыұлы) толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语jieguobuyu), бағыт-бағдарлық толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), модалдық толықтырғыш (**情状**补语qingzhuangbuyu), сан-шамалық толықтырғыш (**数量**补语shuliangbuyu), ықтималдық толықтырғыш (**可能**补语kenengbuyu), сөз алды қосымшалы тіркесті толықтырғыш (**介**词短语补语jieciduanyubuyu) деп алты түрге жіктейді [8, 285–328 бб].

Ескере кететін жайт, оқулықта**介**词jiecі атауы “сөз алды қосымшасы” деп берілген. Біздің пікірімізше, **介**词jiecі атауына “сөз алды қосымшасы” дәлме-дәл балама бола алмайды. Мұның себебі: 1) қытай тіл білімінде “қосымша” деген термин жоқ, жұрнақтар бар, бірақ олар өте аз, жалғаулар (яғни тәуелдік, жіктік және септік жалғаулары) болмайды. Ал, қазақ тілінде қосымшалардың екі түрі бар: бірі – жұрнақ, екіншісі – жалғау; 2) **介**词 jiecі қытай тілінде көмекші сөздердің қатарына жатады, олар жұрнақ сияқты өзінің жалғанған сөзіне не үстеме мағына, не бүтіндей жаңа мағына қоспайды, жалғаулар сияқты сөздерді бір-бірімен байланысқа түсіре алмайды. Орыс тіліндегі “приставка” қазақ тіліне “сөз

алды қосымшасы” болып аударылатыны бәрімізге белгілі. Қытай тіл білімінде 介词jiecі жеке сөз табының бірі ретінде қарастырылады. 介词атауын “предлог” деп аударған дұрыс сияқты.

Тілші-ғалым Фан Шяу (范晓Fan Xiao) толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语 jieguobuyu), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), күшейткіш толықтырғыш (程度补语 chengdubuyu), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语 kenengbuyu), күй-жай толықтырғыш (情状补语 qingzhuangbuyu), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语 shuliangbuyu) деп алтыға бөледі [11, 90 – 96 бб]. Тілші-ғалымдар Хуаң Бороң (黄伯荣Huang Borong) мен Ляу Шүйдоң (廖序东Liao Xudong) Фан Шяу саралаған алты түрлі толықтырғыштардың қатарына мезгіл-мекен толықтырғыш (时间处所补语shijian chusuobuyu) қосып, жетіге саралайды [12, 88 – 92 бб].

«A Practical Chinese Grammar for Foreigners» атты оқулықта толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语jieguobuyu), күшейткіш толықтырғыш (程度补语chengdubuyu), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语 shuliangbuyu), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语kenengbuyu) деп алтыға бөледі [12, 287 – 288 бб].

«Қазіргі қытай тілінің практикалық грамматикасы» атты оқулықта толықтырғышты төмендегідей мағыналық топтарға бөледі: нәтиже толықтырғыш (结果补语jieguobuyu), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语kenengbuyu), күй-жай толықтырғыш (情状补语 qingzhuangbuyu), күшейткіш толықтырғыш (程度补语chengdubuyu), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语 shuliangbuyu) және предлогты тіркесті толықтырғыш (介词短语补语jieciduanyubuyu) [14, 534 б].

Қытай және қазақ тілдерінде жазылған «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы» атты оқулықта толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语jieguobuyu), бағыт-бағдарлық толықтырғыш (趋向补语 quxiangbuyu), ықтималдық толықтырғыш (可能补语kenengbuyu), шамалық толықтырғыш (程度补语 chengdubuyu), сан-шамалық толықтырғыш (数量补语shuliangbuyu), мезгіл-мекендік толықтырғыш (时间地点补语shijiandidianbuyu) деп алты түрге жіктейді [7, 304 б].

Ғалым Чян Найроңның (钱乃荣Qian Nairong) редакциясымен шыққан «Қытай тіл білімі» деген еңбекте толықтырғышты тоғыз түрге саралайды: бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), мүмкіндік толықтырғыш (能否补语nengfoubuyu), нәтиже толықтырғыш (结果补语jieguobuyu), күшейткіш толықтырғыш (程度补语chengdubuyu), сан-мөлшер толықтырғыш (数量补语 shuliangbuyu), мезгіл толықтырғыш (时间补语shijianbuyu), мекен толықтырғыш (处所补语 chusuobuyu), нысан толықтырғыш (对象补语 duixiangbuyu), күй-жай толықтырғыш (情状补语qingzhuangbuyu) [15, 286– 292 бб].

Профессор Го Жынхуа (郭振华Guo Zhenhua) толықтырғышты нәтиже толықтырғыш (结果补语 jieguobuyu), бағыт-бағдар толықтырғыш (趋向补语quxiangbuyu), мүмкіндік толықтырғыш (可能补语 kenengbuyu), күшейткіш толықтырғыш (程度补语chengdubuyu) деп төртке топтастырады [16, 124 – 132 бб].

Дай Сюэмэй (戴雪梅 Dai Xuemei) мен Чжан Жоиннің (张若莹 Zhang Ruoying) Мәскеуде шыққан «300 грамматических правил» атты оқу құралында тоықтырғыш мағынасы мен құрылымына қарай бес түрге жіктелген: дополнительный член степени, дополнительный член результата, дополнительный член количества, дополнительный член направления, дополнительный член возможности [17, 168 б].

Енді толықтырғыштардың түрлері мен мағыналарына қысқаша тоқталайық.

Нәтиже толықтырғыш. Нәтиже толықтырғыш қимыл, іс-әрекет тудырған нәтижені білдіреді. Нәтижені білдіретін толықтырғыштар, әдетте, сын есімдер мен етістіктерден жасалады. Етістіктердің

саны көп емес. Олар: 走 [zou] *жүру,* 跑 [pao] *жүгіру,* 动 [dong] *қозғалу,* 见 [jian] *кездесу, көру,* 到[dao] *жету,* 成[cheng] *болу, айналу, өзгеру,* 完 [wan] *аяқтау, біту,* 住 [zhu] *жату, тұру,* 病 [bing] *ауыру, сырқаттану,* 穿 [chuan] *кию, өту, тесу,* т.б. Мысалы: 这本小说我还没有看完[Zhe ben xiaoshuo wo hai meiyou kan wan] *Мына романды әлі оқып бітірмедім.* 我听懂了她的话[Wo ting dong le ta de hua] *Мен оның сөзін түсіндім.* 车都停住了。[Che dou ting zhu le] *Мәшине де жүрмей тоқтап қалды.*

Күшейткіш толықтырғыш. Күшейткіш толықтырғыштардың саны өте аз. Бұл толықтырғыш сапаның, жай-күйдің немесе көңіл-күйдің қандай дәрежеде болғанын білдіреді. Күшейткіш толықтырғыш, көбінесе, 很[hen], 极[ji] және мағыналары солғындаған 透[tou], 慌[huang], 坏[huai], 死[si] сияқты үстеулерден, сонымен қатар, 一些[yixie], 一点[yidian] сияқты сан-мөлшер тіркестерінен жасалады. Кейбір толықтырғыштарға得[de] шылауы жалғанады. Мысалы: 我们都玩得开心极了[Women dou wan de kaixin ji le] *Біз жақсылап көңіл көтердік.* 他的病好一些了[Ta de bing hao yi xie le] *Оның жағдайы тәуір болып қалды.* 他写得快 [Ta xie de kuai] *Ол тез жазады.* 我想死你了[Wo xiang si ni le] *Сені өлердей сағындым.*

Бағыт-бағдар толықтырғыш. Бағыт-бағдар толықтырғышы қимыл, іс-әрекеттің бет алысын білдіреді және бағыт-бағдарды білдіретін етістіктерден жасалады. Мысалы: 你快进来吧。[Ni kuai jin lai ba] *Тез ішке кірсеңші.* 所有的人都坚持下来了[Suoyou de ren dou jianchi xia lai le] *Барлығы табандылық көрсете білді.* 你怎么又回来了[Ni zenme you hui lai le] *Неге қайтып келдің.* 上来、下去都很累吧[Shang lai, xiaqu dou hen lei ba] *Жоғарыға көтеріліп, түскенде шаршайтын шығарсың.*

Сан-мөлшер толықтырғыш. Сан-мөлшер толықтырғыш екі түрлі болады:

а) қимылдық мөлшер сөзді толықтырғыш. Қимыл-әрекеттің жасалу ретін, санын білдіреді. “Сан есім+қимылдық мөлшер сөзді” тіркестерден жасалады. Мысалы: 让我想一下 [Rang wo xiang yi xia] *Маған ойлануға мұрсат берші.* 我看了一次电影[Wo kan le yi ci dianying] *Мен бір рет кино көрдім.*

ә) мезгілдік мөлшер сөзді толықтырғыш. Қимыл, іс-әрекет, жай-күйдің жалғасу, созылу уақытын білдіреді. “Сан есім+мөлшер сөз” немесе “сан есім+зат есімді” тіркестерден жасалады. Мысалы: 我大学毕业五年了[Wo daxue biye wu nian le] *Менің университет бітіргеніме бес жыл болды.* 我们每星期学习五天 [Women mei xingqi xuexi wu tian] *Біз аптасына бес күн оқимыз.* 请等我一分钟 [Qing deng wo yi fen zhong] *Мені бір минут күте тұршы.*

Мезгіл-мекен толықтырғыш. Мезгіл-мекен толықтырғыш, көбінесе, предлогты тіркестер жұмсалу арқылы қимыл-әрекеттің болу мезгілі мен мекенін білдіреді. Мысалы: 他生于1990年[Ta sheng yu yi jiu jiu ling nian] *Ол 1990 жылы туған.* 列车往北京开[Lieche wang beijing kai] *Пойыз Бейжіңге жүреді.* 这个故事发在中国[Zhe ge gushi fasheng zai Zhongguo] *Бұл әңгіме Қытайда болған.* 人们都知道自己生在何处，却不知道死在何方 [Renmen dou zhidao ziji sheng zai he chu, que bu zhidao si zai he fang] *Адамдар өздерінің қай жерде туғанын біледі, бірақ қай жерде өлетінін білмейді.*

Мүмкіндік толықтырғыш. Қимылдың жасалу мүмкіндігін білдіреді. Оның үш түрлі үлгісі бар:

1) “*Етістік* +得/不+ *нәтиже толықтырғыш/бағыт-бағдар толықтырғыш*”. Мысалы, 他看得懂，我看不懂 [Ta kan de dong, wo kan bu dong] *Ол түсінеді, мен түсінбеймін.* 这道题谁算得出来 [Zhe dao ti shui suan de chu lai] *Бұл есепті кім шығара алады екен.*

2) “ *Етістік/сын есім* +得/不+了(liǎo) ”. Мысалы, 他来得了[Ta lai de liao] *Ол келе алады*. 天气太热，我们受不了 [Tianqi tai ri, women shou bu liao] *Күн өте ыстық, шыдай алар емеспіз.* 我瘦不了 [Wo shou bu liao] *Мен арықтай алмадым*.

3) “*Етістік*+得/不得” сөздерінен жасалған мүмкіндік толықтырғыштар. Мысалы, 这种苹果还没熟，现在吃不得 [Zhe zhong pingguo hai mei shu, xianzai chi bu de] *Бұл алма әлі піспеген, жеуге болмайды.* 这种电脑游戏孩子玩不得 [Zhe zhong diannao youxi haizi wan bu de] *Мұндай компьютерлік ойындарды балаларға ойнауға болмайды.*

Толықтауыш пен толықтырғыштың айырмашылықтары. Қытай тілінде толықтауыш пен

толықтырғыш етістік баяндауыштың соңынан келеді. Сондықтан оларды бір-бірінен ажырату қиынға түседі. Оларды ажыратуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

1) толықтауыш пен толықтырғыштың білдіретін грамматикалық қатынастарына және қандай сұрақтарға жауап беретіндігіне көңіл бөлу керек. Етістіктің соңынан келіп, *кімді?, нені?* деген сұрақтарға жауап беретін, қимыл-әрекеттің объектісін білдіретін мүше толықтауыш болады; етістіктің соңынан келіп, *қандай? қанша? қанша уақыт? қанша алыс?* деген сұрақтарға жауап беріп, қимыл-әрекеттің нәтижесін, мүмкіндігін, жай-күйін, мезгілін, сан-мөлшерін, т.б. білдіретін мүше толықтырғыш болады. Мысалы:我喜欢安静[Wo xihuan anjing] *Мен тыныштықты ұнатамын.* 教室打扫干净了[Jiaoshi dasao ganjing le] *Аудитория тазаланды.*

Жоғарыдағы мысалдағы安静(*тыныштық*) сөзі *нені жақсы көру*? деген сұраққа жауап беріп, толықтауыш болады. Ол –喜欢(*ұнату)* тарапынан меңгерілетін объект. Екеуінің арасында толықтауыштық қатынас болады. 干净(*тазалау*) сөзі *нені тазалау*? деген сұраққа жауап бере алмайды, тек *қалай тазалады*? деген сұрауға жауап беріп, 打扫 (*тазалау*) сөзінің нәтиже толықтырғышы болады.

2) құрамындағы сөздердің сипатына қарай ажырату. Толықтауыш, көбінесе, зат есім, зат есімді сөз тіркестерінен жасалса, толықтырғыш, әдетте, етістік немесе сын есімдерден жасалады. Мысалы: 我看电视。[Wo kan dianshi] *Мен теледидар қараймын.* 德语我听不懂[Deyu wo ting bu dong] *Неміс тілін түсінбеймін.* 她说得很清楚[Ta shuo de hen qingchu] *Ол анық айтты*.

3) жіктеу есімдіктері толықтауыш бола алғанымен, толықтырғыш бола алмайды. Мысалы: 我认识他们[Wo renshi tamen] *Мен оларды танимын.* 他们 (*олар*) сөйлемде толықтауыш болып тұр. 很hen, 极ji (*өте, аса, тым*) үстеулері толықтырғыш бола алады, бірақ толықтауыш бола алмайды. Мысалы: 他勇敢极了[Ta yonggan ji le] *Ол өте батыл екен.* 他写的字漂亮得很[Ta xie de zi piaoliang de hen] *Оның жазуы өте тамаша*.

4) мөлшер сөзді сөз тіркесінің құрамында зат-мөлшер сөз болса, әдетте, толықтауыш болады; егер етістік-мөлшер сөз бар болса, толықтырғыш болады. Мысалы: 我买了两本，他买了一本。[Wo mai le liang ben, ta mai le yi ben] *Мен екеуін сатып алдым, ол біреуін сатып алды.* 我去过北京三次。[Wo qu guo Beijing san ci] *Мен Бейжіңге екі рет бардым*.

Толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі. Бұл тіркес қытай тілінде 动补短语 (dongbu duanyu), 谓补短语 (weibu duanyu), 述补短语 (shubu duanyu), 中补短语 (zhongbu duanyu), 后补短语 (houbu duanyu), 补充短语 (buchong duanyu) болып әр түрлі аталады. Сондықтан да бұл сөз тіркесі қазақ тіліне етістік-толықтырғышты сөз тіркесі, баяндауыш-толықтырғыштық сөз тіркесі, баяндауыш-толықтырғыш мүшелі сөз тіркесі, өзекті сөз-толықтырғышты сөз тіркесі, етістік-толықтамалы тіркес немесе толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі болып түрлі-түрлі аударылып жүр.

Терминдердің қалыптасуы, жасалуы барысында мотивацияның рөлі ерекше, себебі терминнің ішкі формасының мән-мағынасын ашуға, толықтыруға септігін тигізеді. Түрлі ғылым салаларының терминдік жүйесін талдай отырып, анықтағанымыздай, түс, реңк атаулары терминжасам үдерісіне белсенді қатысатын лексемалар қатарына жатады және олардың терминжасамдағы уәжденуін талдау қиындық туғызып отырады. Мысалы, ақ түспен байланысты орыс тіліндегі *белый стих,* қазақ тіліндегі *ақ өлең* терминін алатын болсақ, осы терминдегі уәждену үдерісі белгісіз. Дефиниция бойынша, *белый стих* деп әдебиетте ұйқассыз келетін өлең түрін атайды. Тарихи деректерге көз салсақ, термин алдымен ағылшын тілінен (*blank verse, blank* — сгладить, стереть, уничтожить), кейін француз тілінен аударылып берілген, яғни *белый* анықтауышының мотивациясы белгісіз [1]. Қазақ тіліндегі *ақ өлең* калька бойынша аударылып берілген. Осы мысалдар қатарын ботаникалық *белая ржавчина,* экономикалық *белый слон // ақ піл* терминдерімен толықтыруға болады деп есептейміз. Жоғарыда мысалға келтірілген *ақ өлең* термині сонымен қатар биология саласындада өсімдік атауы ретінде де кездеседі. *Ақ өлең* өсімдік атауы орыс тілінде *вейник ложнокамышовый* деп берілген, яғни орыс тіліндегі атауы тура мағынада қолданылса, қазақ тіліндегі атаудың мотивациясын анықтау қиын [2]. Терминдерді салыстыра келе, екі термин де бір-бірін қайталай отырып, омонимдер қатарын құрайтынын көреміз және орыс тіліндегі нұсқалары әртүрлі.

Белый //ақ лексемасы медициналық *белое вещество // ақ зат, белая спайка* терминдері жүйке жүйесіне қатысты қолданылатын терминдер, ал *белая линия // ақ сызық* термині биология ілімінде кездеседі. *Белый // ақ* лексемасы терминдік сөз тіркесі қатарынан кіріп, терминжасам үдерісіне белсенді қатысады. Медициналық *белое вещество // ақ зат, белая спайка* терминдерінің уәжденуі айқын, себебі заттың ақ реңін беріп, тура мағынасында қолданылады. Антоминдік қатарда *серое вещество* термині кездеседі [3]. Жоғарыда мысалға алынған биология саласында орын алған *белая ржавчина* терминнінің қалыптасу тарихын зерттесек, өсімдік ауруға шалдыққанда ақ түске боялуы терминнің қалыптасуына септігін тигізіп тұр, яғни уәждену үдерісін көрсету мүмкіндігі бар. Терминнің екінші компоненті метафораға негізделіп, ұқсастықты түс арқылы беріп тұр [2]. Сонымен қатар *«белая» ржавчина* (қазақ тілінде аудармасы берілмеген) химия, металлургия саласынан да кездестіреміз. Омонимдік қатарды құрайтын термин ақ түске боялған цинк өнімдеріндегі тотықты атайды [4].

Ақ түс сондай-ақ зоология, ихтиология, ботаника салаларының терминдерінің қалыптасуындада көптеп кездеседі. *Белый амур, белый гриб, белый медведь // ақ аю* терминдері бірде түр-түсті білдіретін анықтауыш болса *(белый медведь // ақ аю, бурый медведь // қоңыр аю*), кейде екінші компонентпен бірге ажырамай, атау функциясында қолданылады. Мысалға *белый слон // ақ піл, белый рыцарь // ақ сері* секілді экономикалық терминдерді алуға болады. Терминдерді талдай отырып, ақ түсті қолданудағы бейнелілікті, жасырын мағынаны көруге болады деген пікірге келеміз. Екі мысалда да терминдік тіркестер идиома болып табылады, себебі әр компонент жеке–дара өзіндік терминдік емес мағынаға ие. Орыс тілінде *белый рыцарь* терминіне келесі дефиниция берілген: «направленное альтернативному покупателю просьба о покупке предприятия, которому угрожает враждебная аквизиция (погощение/ слияние)» [5]. Бизнес саласындағы мамандардың тілінде қолданылатын көптеген терминдер секілді аталған термин де ағылшын тілінен аударылған және күрделі ассоцияцияға құрылған.

Бірнеше ғылым салаларының терминологиясында кездесетін келесі *белый слон* терминіне арнайы тоқталуды көздедік, себебі композиттік тіркестің шығу тегі, содан кейінгі терминология саласына өтуі біршама қызығушылық тудырады. Лексикографиялық дереккөздеріне назар аударсақ, *белый слон* сөз тіркесі ағылшын тілінен калька арқылы аударылып берілген *white elephant* идиомасы болып табылады. Қазақ тіліне *ақ піл* деп калька арқылы аударылып берілген және тек терминдік мағынада қолданылады. Бастапқы мағынасы «қожайыны тұтынуға мүдделі, алайда еш пайда әкелмейтін мүлік» деп айқындалған [5]. Бүгінгі күнде мұндай мүліктер қатарына шығысы кірісін жаппайтын құрылыстық жобалар, венчурлық бизнес жатады. Аталған сөз тіркесінің диахрониялық шығу тегін қарастыратын болсақ, оңтүсік шығыс Азияда ақ пілдер Бирма, Тайланд, Лаос, Камбоджи монархтарының иелігінде болған. Ақ түсті пілдер сирек кездесетін болғандықтан, оларды қолда ұстау үлкен мәртебе деп есептелінген және олар монарх басқарған мемлекеттегі бейбітшілік пен өркендеудің символы болып табылған. Монарх басқа адамға ақ пілді сыйға тартса, бұл ілтипат сыйды қабылдаушыға деген оң көзқарасын білдірген.

Алайда сыйды қабылдаған адамға ақ піл ауыр жүк болып келетін, себебі жануарларды шаруашылықта пайдалануға болмайды және оларды бағып-күту иесіне ауыр салмақ түсіретін. Көріп отырғанымыздай, нақты өмірде орын алған жағдай ассоциация арқылы қайта өңделіп, жаңадан туындаған ситуацияларға проекцияланған және мағынасы өзгерген немесе кеңейген жаңа сөздердің пайда болуына септігін тигізіп отыр. Батыста *белый слон* сөз тіркесі «үмітін ақтамайтын қымбат жүктемеге» деген мағынаға ие болып, терминдер қатарын толықтырды. Термин 1600 жылдары қолданысқа кіріп, 1800 жылдары кеңінен таралды және бүгінгі күнге дейін өз мағынасын жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар *белый слон* идиомасы *обмен белыми слонами, распродажа белых слонов* секілді сөз тіркестерінде қолданыла бастады, себебі шіркеулер жанында ұйымдастырылған базарларда адамдар өздеріне қажет емес болған заттарды сата бастады. Бүгінгі күнде *белый слон* идиомасы әртүрлі мемлекеттерде түрлі нысандарға қатысты қолданылады. Мысалы, Ұлыбританияда әуежай, көпірлер, дамбалар, әлем чемпионатын өткізуге арналған футбол стадионы сияқты өз бағасын ақтамайтын, сонымен қатар күтімі қымбат келетін нысандарға қатысты қолданылады. Ал Австрия мемлекетінде *белый слон* тіркесі жұмыстан босатуға болмайтын, алайда мекемеге тигізетін пайдасы аз немесе мүлдем пайдасыз жұмыскерлерге қатысты айтылады. Аталған сөз тіркесінің қолдану өрісін талдай отырып, көптеген ғылым салаларының терминологиялық жүйесінде орын алып отырғанын айқындаймыз. Солардың бірі әскери салада *белый слон* деп бағасы қымбат, сол себепті саны санаулы және құндылығы жоғары болатын әскери бірлікті айтады. Олардың қатарына, мысалы, әскери машина, қару-жарақ, әскери технологиялар жатады. Экономика саласында *белый слон* термині: «операции, при котором расходы заведемо превышают ожидаемую прибыль» деген мағынаны ашады [5]. Бұл терминнің де құрылуында ассоцияцияның орны ерекше деп есептейміз, себебі термин мен дефиниция арасындағы байланысты айындау қиындық туғызады. Аталған термин қазақ тіліне *ақ піл* деген атаумен калька арқылы аударылып берілген. Біздің ойымызша, *піл* лексемасы «қосымша табыс, ақша» семалармен толықтырылып, семалық өрісін кеңейтіп тұр, яғни денотативтік мағынамен байланысы әлсіз, шартты түрде бекітілген. *Ақ* сын есімі негізгі сөздің мағынасын ашып айқындап тұр. Әртүрлі терминология салаларының терминдерін зерделей отырып, *ақ піл* атауын экономика саласымен қатар техника саласынан да кездестірдік. Аталған сөз тіркесі кәсіби сөз тіркестері қатарына жатқызылады, себебі негізгі атау «отвод трубы диффузионной печи, предназначенной для охлаждения полупроводниковых пластин, охлаждающий потрубок» деп анықталған [6]. *Ақ піл* деп атауының да өзіндік себебі бар, өйткені көрсетілген заттың сырт келбеті тұмсығын көтерген пілдің сипатына ұқсас. Көріп отырғанымыздай, техника саласына қатысты қолданылған композиттік тіркес идиомалық мағынасынан айырылып, метафоралық мағынаға ие болып тұр, яғни, біздің ойымызша, омонимдік қатарға жатқызылуы тиіс. Қорыта келе, *белый слон // ақ піл* композиттік тіркестің мағынасы бірнеше күрделі сатылардан өтсе де, ұғымдық бірізділігін сақтап қалған деп есептейміз. Барлық жағдайларда да ортақ ұғымдық сипаты өзгеріссіз қалған, яғни «керексіз, артық зат, ауыртпалық тудыратын» ұғымдық семасы түрлі салаларда қолданылатын сөз тіркесінің біріктіруші, жинақтаушы ортақ белгісі болып табылады. Ақ түске байланысты терминдерді одан әрі тізбектейтін болсақ, медицина саласындағы *белая горячка,* геология және химия саласындағы *белый чугун, белый краг, белая сажа,* кибернетикадағы *белый шум* терминдерін атап көрсетуге болады. Нақтылай келе, ақ түс әртүрлі композиттік тіркестерде жаңа қырынан ашылып, мағыналық өрісі кеңейгенін байқаймыз. *Белый чугун, белая сажа* терминдері катахрезалар қатарын толықтыратыны анық, себебі орыс тіліндегі *чугун, сажа* лексемалары тек қара түспен ассоцияция құрайтыны белгілі, яғни терминдік мағынадан тыс тура мағынасында тіркес ішіндегі валенттілік өз күшін жоятыны мәлім. Геология, химия саласындағы *белый чугун* терминіне келесі анықтама берілген: «*Белый чугун* — это разновидность чугуна, которая в своём составе содержит углеродные соединения. В этом сплаве они называются цементитами. Своё название подобный металл получил благодаря характерному белому цвету и блеску, который хорошо виден на изломе. Этот блеск проявляется благодаря тому, что в составе подобного чугуна отсутствуют большие включения графита. В процентном отношении, он составляет не более 0,3%. Поэтому обнаружить его можно только спектральным или химическим анализом»[7]. Аталаған жағдайда ақ түс терминдік мағынада нысананы айқындап, түрге бөлуге септігіп тигізіп, яғни ажыратушы функциясында жұмсалып тұр деп зерделейміз. Келесі *белая сажа* термині «гидратированный диоксид кремния, который получают осаждением из раствора силиката натрия (жидкого стекла) кислотой, чаще всего серной, с последующй фильтрацией, промывкой и сушкой. Он является основой для получения болдьшого количества наполнителей для полимерных композиционных материалов, которые являются продуктами модификаций *белой сажи*

органическими модификаторами, чаще всего полимерным воском. *Белой сажей* изредка называют нитрид бора, получаемый «сжиганием» пентаборана в азоте. Пигментом *белая сажа* называется оксид цинка ZnO» деп анықталған [7]. Бұл жағдайда да түс параметрі алдыңғы қатарға шығып, іріктеуші рөлін атқарады деген ойдамыз. Жалпы, терминнің анықтамасын талдай келе, термин метафоралы ауысу арқылы құралған біртұтас бірлікке айналып, идиомалық тіркес болып құралған деген пікірге келеміз. Геология саласының терминдерін одан әрі зерделейтін болсақ, ақ түске байланысты *белый краг, белый уголь, белая свита* терминдерін кездестіруге болады. Композиттік тіркестердің ішкі мағынасын айқындау үшін, дефинициялары на назар аударған дұрыс деген шешімге келеміз. *Белый краг* термині (қазақ тілінде аудармасы берілмеген) «морские мелководные отложения с теплолюбивыми моллюсками в Англии, относящиеся к джедгравскому ярусу» деп анықталған.[8] Синоним ретінде *корралловый краг* тіркесі ұсынылған. Біздің ойымызша, терминнің уәждену себебін анықтау қиындық туғызады, яғни термин мен анықтама арасындағы байланысты айқындау күрделі. *Белый уголь* термині *черный уголь* терминіне оппозициялық қарама-қайшылықта қолданылып берілген деп есептейміз. *Черный уголь* термині тура мағынасында қолданылса, *белый уголь* термині бейнелілікті беріп тұр. Анықтамасы бойынша, «*белый уголь* – образное выражение, обозначающее энергию водных потоков (рек, водопадов), прибоя и приливов, которая может быть технически использоваться человеком»[6]. Қарастырылып отырған екі терминде де *уголь* сөзі «қуат, қуат алу» мағынасын білдірсе, ақ пен қара түсті белгілейтін сөздер қуат алу көздерін айқындайды деген пікірдеміз. Геология саласында ақ түске байланысты орын алған тағы бір термин *белая свита* деп аталады, лексикаграфиялық анықтамасы бойынша «*белая свита* - толща палеогеновых пород на Мангышлаке, соответствующая веммельскому и ледскому ярусам. Может быть раздлена на две части: верхнюю – на довольно рыхлых пород, напоминающих белый мел, и нижнюю, распространенную там, где отсутствуют нумметиловые известняки» [9]. Композиттік тіркестегі *ақ* сөзі түс арқылы метафорлану үдерісіне ұшырап түр, яғни көрсетілген нысананың түсін айқындайды. Кейбір жағдайларда түс атауы тек сөзжасамда, терминжасамда сөз тудырушы немесе жаңадан туындаған мағынаны анықтаушы рөлін атқарады деген пікірге сүйенеміз, себебі уәждену себептерін көрсету, айқындау қиындық туғызатыны анық. Медицина саласында қолданылатын *белая горячка* композиттік тіркес осы пікірге дәлел бола алады деген ойдамыз. Терминге келесі анықтама берілген: «острый алкогольный психоз, протекающий в форме, сопровождающегося аффектом страха, атаксией, потливостью, тахикардией, колебанием артериального давления, нарушением водно-солевого обмена» [10]. Қосымша терминге *алкогольный делирий* синонимі берілген. *«Белка», «белочка»* жаргондарымен толықтырылған. Терминдік тіркестің құрамындағы *белая* компоненті жеке-дара қолданыла алмайды, тек идиома құрамында бейнелілікті белгілеп, терминдік мағынаға ие болып тұр.

Қорытындылай келе, мақалада барысында талданған терминдерді жинақтай отырып, келесі нәтижелерге қол жеткіземіз. Реңк, түс атаулары терминжасамда белсенді қолданылады және көптеген жағдайларда анықтауыш қызметінде қолданылып, айқындауыш, ажырату функциясын атқарады. Түр, түсті белгілейтін сын есімдер метафоралы ауысу арқылы семалық өрісін кеңейтіп, сөз тудырушы, жаңа сөзді туындатушы рөлін атқарады, яғни терминжасам барысында негізгі құралдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, құрамында сын есім орын алған композиттік фразеологизм-терминдер ақпаратты ғылыми тұрғыдан қабылдауды жеңілдетіп, практика жүзінде қолданыс аясын кеңейтеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тимофеев Л.И., Тураев С.В. Словарь литературоведческих терминов. –М.: Русский язык, 1999. – 742 с.
2. Словарь ботанических терминов / под ред. Д.А. Дудки. - Киев: Наукова думка, 1984. – 307 с.
3. Тюренков И.Н., Стрельцова Т.В. Словарь медицинских терминов. –М.: Всесоюзный центр научно-фармацевт. информации, 1990. – 94 с.
4. Химический энциклопедический словарь / под ред. И.Л. Кнунянц. - М.: Советская энциклопедия, 1983. – 792 с.
5. Ковалев В. Экономический словарь: экономические термины и экономический сленг. 3000 слов. - М.: Феникс, 2009. – 283 с.
6. Словарь-справочник по трению, износу и смазке деталей машин. –Киев: Наукова думка, 1990. – 257 с.
7. Гусев А.И. Словарь химических терминов. – М.: Просвещение, 1971. – 207 с.
8. Энциклопедический словарь Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона. [Электронный ресурс]. – URL: https: //www.dic.academic.ru

9. В.Б. Караулов, М.И. Никитина. Геология. Основные понятия и термины. - М.: КомКнига, 2006. – 652 с.
10. Медицинская энциклопедия (сводная). [Электронный ресурс]. – URL: http:/www.med.niv.ru

ӘОЖ: 821.512.122

Мұқажанова Р.М.,
ф.ғ.к., доцент
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Симбаева С.
ф.ғ.к., доцент
«Тұран-Астана» университет
Salima.Simbaeva@mail.ru

«КӨШ» ҰҒЫМЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ СИПАТЫ

Түйін: Мақалада көш ұғымының қазақ тарихында алатын орнына, мәніне баға берілген. Оның лингво-этнографиялық сипаты ашылғын. Нақты мысалдар арқылы көркем әдебиеттегі қолданысы көрсетілген. Көштің түрлері, сипаты берілген.

Түйін сөздер: көшу, қазақтар, лингво-этнографиялық сипаты.

Резюме: В статье дана оценка роли миграции в жизни казахов, раскрыт лингво-этнографический характер значения этого слова. По конкретным примерам показаны особенности характера и типы их применения в художественной литературе.

Ключевые слова: миграция, казахи, лингво-этнографический характер.

Summary: The article reveals the role of the notion “Kosh”in Kazakh history, and its meaning was evaluated. Moreover, its linguistic and ethnographic character was revealed with certain examples. In general, there has been given types and pecularities of “Kosh”.

Keywords: migration, kazakhs, linguistic and ethnographic character.

Жер шарындағы ең ұзақ көштің бұйдасын ұстаған қазақтардың Алтайдан басталған көш керуені Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жеткені, одан бүгінгі Еуропа қазақтарын қалыптастырғаны бәрімізге аян. Десе де, осы көштің қалай басталғаны, оның қалай қанды жолдарды басып өткені жайында аса көп біле бермейміз [1, 2]. Міне, бұл пікір біріншіден, қазақ болмысынан сыр шертсе, екіншіден халық тарихындағы көш ұғымының алатын орнын айғақтайды. Сол сияқты бірде «ұлы көш», бірде «қаралы көш», бірде «соңғы көш», бірде «салтанатты көш» сипатында көрініс ала отырып, үлкен мәнге ие.

Жалпы «көш» ұғымының адамзат үшін алатын орны ерекше. Себебі ол - күнкөріс көзі, өмірді сақтап қалу тәсілі, жақсы тұрмыс іздеудің жолы. Бұл ұғым адамзатпен бірге туып, біте қайнасып кетті десек, қателеспеген болар едік. Ал қазақ ұлты үшін орны тіпті ерекше.

Уикипедия - ашық энциклопедиясында: *КӨШ* – көшпелі ортада адамдар тобының немесе этникалық ұжымның белгілі бір мақсатқа байланысты жолға шығу үрдісі. Көшпелі тіршілікті ұйымдастырудың ең басты элементерінің әрі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Тарихи-этнографиялық деректерге және әдеби-тілдік зерттеулерге қарағанда, жыл он екі ай көшіп-қонып жүрген қазақ арасында көштің бірнеше түрлері болған. Атап айтатын болсақ, *ауыл көші, қыз көші, келіншек көші*, т.б. Ал қазақ тарихында бұл аталған көштерден басқа бірнеше түрі бар. Соның көпшілігі халықтың өмірін сақтап қалу жолындағы күресі, жансауғалау тәсілі ретінде көрінеді. Сондай көштің бірі – үркін көш.

Үркін көш. Қазақ әдебиетінде бұл ұғым туралы түрлі пікірлер бар. Үркін көш деп (ауылдың, тіпті рудың) белгілі бір саяси, әскери жанжалға байланысты, сондай-ақ, аса қауіпті індет шыққанда елдің мезгілсіз уақытта аяқ астынан көшуін айтады. Бұл жаугершілік заманындағы жаудан құтылу, тұтқиылдан жасаған шабуылдан қашу үшін зұлмат, қуғын-сүргін заманында жиі орын алған. Ал қатерлі ауру тарағанда ауру адамдарды қалдырып көшіп, індет тараған аймақтан ұзап кетуге тырысқан. Мұндайда ауыл-аймағымен берілген дабыл бойынша аз уақыттың ішінде үдере көшеді. Ондайда сән-салтанат жоқ, жанды аман алып қалу үшін малды жеделдете айдап жүреді. Мұндайда артық жүктерін жұртқа қалдырып, мүмкіндік болса *көмбеге* көміп кеткен. Мұндайда суыт жүріске ілесе алмайтын малдар да қалдырылған [2].

Халқымыз этнос ретінде тарих сақнасына шыққан күннен бастап үркін көшін бірнеше мәрте басынан өткізді. Соның барлығы рухани мұрамыз – әдебиетімізден көрініс тауып отырған. Соңғы ұрпаққа да әдеби мұра арқылы жеткен. Себебі тарихшылардың дәлелді пікір, бұлтартпас айғақтарының ғылым үшін аса қажеттілігін ешкім жоққа шығара алмайды. Ал шежіре мен

тарихтың көпшілікке кең таралуы әдебиеттің үлесіне тиеді. Әдебиет сезімді селт еткізер сөз құдіреті арқылы ғалымға да, қарапайым жұртшылыққа да түсінікті, әсерлі етіп жеткізе алады. Көш туралы түсінік те сөз құдыреті арқылы халқымыздың санасында мықтап бекіп, орын алды. Халықтың қасіреті де, қуанышты күндердегі сән-салтанаты да көш көрінісінен танылып отырды.

Қазақ тарихындағы сондай көштің бірін «Елім-ай» жыр-дастанынан байқай аламыз. Бұл туынды көбінесе жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңіндегі халық басына төнген қауіп-қатер, азап-қиыншылықты, амалсыздан босқан қазақтың мұң-зарын көрсететін тарихи сазды өлең. Дастан еліміз егемендік алғанға дейін *халық өлеңі* ретінде танылып келгені белгілі. Соңғы зерттеулердің нәтижесі оның авторлық туынды екендігін дәлелдеп отыр. Зерттеу деректерінен авторы Қожаберген жырау Толыбайұлы екендігі дәлелденген. «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін ең алғаш рет баспасөзде жариялаған - М. Тынышбаев. Осы тарихи өлең туралы А. Байтұрсынұлы, Ж. Досқараев, Ә. Кекілбаев пен М. Мағауиндер, М.Оразаев, Ы. Дуйсенбаев, С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, Н.С. Смирнова, Б. Уакатов, Г. Тұрсыновалар мақалалар жазған. Жыр өзінің сыршылдығымен, әуезділігімен қоса, тарихи кезеңнің хроникасы іспеттес. Жетпіс жылғы қызыл империя кезінің өзінде халық тарихын ұмыттырмаған осы дастан деуге де болады.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді –деп басталатын дастан - Қожаберген жыраудың талантын танытқан, тарихқа атын қалдырған туынды.

Бұл туынды туралы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қырғыз һәм хандар шежіресі» еңбегінде де айтылады. Мысалы, оның жазбасында «*мына заман қай заман бағы заман, баяғыдай бола ма, тағы заман»* деген жолдарға талдау жасайды. Шәкәрімнің түсіндіруінше, «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің береке-бірлігі кетіп, бет-бетімен босып, бүлікшілік «бағзы заманға» душар болуы деп түсіндіреді.

Сондай-ақ, өз еңбегінде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тіркесіне де тоқталады. Жоңғардың тұтқиылдан жасаған шапқыншылығынан ес жия алмай, шұбырып көшіп, босып кеткен халық әбден әлі құрыған сәтте көлді айнала алқақотан қоршап, жата-жата қалып демалады. Осы сәтте бір ақсақал мұны енді«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» дейміз. Бұл – табанымыз ағарып, шеміршегі көрінгенше жаяу босып, көлді алқақотан қоршай жатып, демалған күніміздің белгісі» деп түсіндірген көрінеді [3, 51].

Міне, осыдан көшке қатысты бізге жеткен әдеби мұраларымыздың барлығы да тарихтың куәсі ғана емес, лингво-этнографиялық, лингво-мәдени зерттеулердің көзі екенін де ұғынамыз.

Осы *үркін көш* жоңғарлар аты картадан жойылған кейінгі кезде де қазақ тарихына бірнеше қайта оралып, өз ізін қалдырып отырды. Сондай зобалаң қоныс аударудың сұмдық көріністері қызыл империя кезінде жалғасын тапты.

Қазақ даласына ресми деректердегідей репрессия 1936-38 жылдары емес, одан он шақты жыл бұрын, яғни 1928 жылы байларды кәмпескелеуден басталғаны туралы ой ұшқындары ақпарат беттерінен белең алуда. 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.И. Голощекин тағайындалған соң «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген қорытындыға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізе бастаған. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген желеумен жергілікті халықтың малын тартып алды. Малсыз қазақ күн көре алған ба?

Аштық пен күшпен ұжымдастыруға шыдамаған халық Қытай жеріне ауа көшті. Солардың бірі - Қалғұты өңірі Ақши ауылын мекен еткен Қонақбай руы (тоғыз жүз шаңырақ). 1931 жылы шілде айында Қытай жеріне Қалғұты-Егіндібұлақ, Бөкенбай-Былғары Табыты арқылы шекара асуды ойластырады. Ел ауып жатыр деген дүмпуді есті салысымен шекара жасақтары тосқауыл жасап, Марқакөл (қазіргі Күршім) ауданының Қарашілік елді мекеніне жақын маңда қызылдар қазақ көшін пулемет оғымен қарсы алады.... Жазықсыз, қарусыз көшті баудай орады. Тәуекелге бел буған көш алдында Жұматай деген молда баршасына арнап тірідей жаназа оқыған дейді. Қанды оқиғаның жалғыз куәсі - 4-5 жасар қыз бала ғайыптан тірі қалған екен. Қызылдар салған топалаңнан қалған белгі – қалың қорым тұрған жер – Ақнайман қырылған деп аталады [4]

Қытаймен шекаралас, әсем табиғаты, асқар тау, айна көлдерімен көрген көзді қуантқан, Ж. Аймауытовтың «Ақбілегін» жазуға арқау болған Марқа өңірі осынау сұмдық оқиғаны қойнауына жасырған тарихтың куәсі. Бұл оқиға Кеңестік дәуірде тыйым салған тақырыптың бірі болса да, тәуелсіздіктің жемісі ретінде сөз бола бастады. 2011 жылы журналист, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Көпен Ерқасов «Ақнайман

қырылған» атты поэма жазды. Поэма тарихтан ғана сыр шертіп қоймай, ауыр қасыретті терең психологизм тұрғысынан толғайды. Бүтін бір ел басынан кешірген ауыр күндердің куәсі болған қазақ даласы тарихты дүркін-дүркін еске салып отырады. Жетпіс жылдай қымтап қойған қасірет ел тәуелсіздігімен қоса көрпесін серпіп ашып, ел есіне қайта салды. «Тарихқа иек артпаған адам алысқа бара алмайды. Сондықтан тарихты білу өте қажет. Тарихта орын алған үлкенді-кішілі оқиғалар жердің білінбей айналғаны сияқты айналып келіп отырады. Тарихымызда орын алған «Ұлы көш» туралы білу- азаматтардың міндетті парызы. Тарих - кейбіреулердің қалауымен немесе біреудің нұсқауымен жазылмайтын, шынайлықты, деректілікті талап ететін киелі ұғым [5, 70].

Тарихты бұрмалағысы, кейбір сәттерді ел есінен өшіруді талап еткен билік те, замана дөңгелегі де халық жадынан шығара алмады. Міне, осы орын алған оқиға тарих ғылымынан гөрі көркем әдебиетте бірінші бой көрсетті.

«Жер ұйығындай қайран мекенім-ай, шынымен-ақ қалып барасың ба? Аата-анамның алдында тай мініп, танауымыз желбіреп, желмен жарысқан кекілді балалығымның куәсі, сәби сүйіспеншілігімнің томағасын тартқан киелі тұғырым-ай. Тағдырдың дәмі бұйырып қайта айналатын күн туар ма екен. Әлде осынау шұбырған көш, екі етегі жасқа толып атамекенінен алыстаған халық туған жер, өскен ортасына қайта айналып келе алмай, мұңға толы жанары жаутаң қағып қан жылаумен өте ме?! Алтайдан Баркөлге келіп, жарты ғасырдай бауыр басып еді, енді, міне, ұясынан үріккен құстай бұл мекеннен де түп қотарыла тағы да көшіп барамыз. Зұлымдық, жауыздық, қытайлардың зорлық-зомбылығы ата-бабамыздың күл төккен қасиетті даласынан қуып шыққаны ма? Алдымыздағы жат мекен қандай сый көрсетеді. Шіркін, қанатымызды бекемдеп, қатарымызды толықтап қайта қайырылып, жаудан есе алатын күн тез келсе екен. Бізді жылатқан, бізді атамекенінен айырған сұмдардың өз істегенін өзіне істеп, қоңыр тауларымыздың құшағына қайта оралатын бақытты шақтар бұйырар ма екен десеңші...[1, 93].

«Алпыс екінші жылы жазғытұрым тура үш күнге Қытай мен Кеңес үкіметінің шекарасы ашылды. Шекара ашылды деген, тікенекті сым темір ашылып, жұрт бір сайға құйылып, сол жерден жинап, советтер машина әкеліп көшіріп алған.

Жұрт үй жайын, мал мүлкін тастап кетті. «Әкемнің күмістеткен ер тоқымы қалды» дейді әкем. «Бір сандық кітап қалды» дейді мамам. Үйлерінің есігін бастырып кете берген. Тіпті ішкеріде оқуда жүрген оқушы балалардың көбі үлгермей қалған. БІздің әулеттің жолы болыпты. Авиатехникумда оқып жүрген папамның әпкесі үлгеріп жетіпті, әйтеуір. Ал нағашы атамның інісі қалып кеткен, кейіннен мамам тауып, табысты ғой, көрмеген қорлығы жоқ екен. Семьясынан бөліне қалып қалғандарды үкімет «советке кеткендердің қағып кеткен қазығы» деп, күн көрсетпепті» [6,30].

Міне, осы көркем туындының бірі Кеңестік кезеңде, бірі тәуелсіздік алған кезде жазылса да, бір қасірет, бір оқиғадан сыр шертеді. «Ақтабан шұбырындыдан» аман қалған қазаққа «күле кіріп, күңірене шыққан» кеңестік зұлмат жоңғарлардай ат тұяғымен дүбірлетіп жетпесе де, мысқылдап кіріп, талай тағдырды тәлкек еткеніне тарих куә.

«... Сол даланы айқыш-ұйқыш кесіп өтетін керуен жолдардан андыз-андыз будақтаған шаң көрінеді. Шаң – шапқан аттың, шұбырған көштің шаңы! Ұлы көштің арты әлі үзілер емес. «Пәледен машайық қашыпты» деп, басқа төнген апаттан құланша үріккен қайран ел ата-қоныс, туған жерін жат қолына тастап, Бақты тауын бетке алып жосып келеді.

... Қазақтың «Ақтабан шұбырындысы» осымен аяқталар ма екен? Әй, ең соңғы көш осы болар...» [6, 444-445].

Қазақ прозасының қара нары, тағдыры бөлек қаламгер – Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» роман-дилогиясының кейіпкерлері осылай толғанса да, болашақты дөп басып айта алмапты. Олар Кеңестің қызыл қырғынынан бас сауғалап барған Қытай елінде де небір зобаланды басынан кешіріп, еліне қоныс аударған қазақтың өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы көші араға отыз жылдай уақыт салып қайталанатынын болжап білмеген еді.

Егемендік алғанан кейін басталған жылымықты пайдаланып, туған жерге үдере көшкен Қытай еліндегі қазақ хандастары осы көшті жалғастырған еді.

«...Иә, арт жақта тұтас бір өмір, үлкен тарих қалғаны рас,- деді Нұрбек те көз ұшында бұлдырап көрінген Шәуешектің қалың талына қарап тұрып. –Кейде ойлап тұрсаң, осынау жер бетінде әлмисақтан бері жасап келе жатқан сияқтысың. Әрине, әрқайсымыз бастан кешкенн тарихты ұмытпаспыз, мәңгі ой-серік етіп, өзімізбен бірге ала кетерміз... Бірақ соны көзі көрмеген, бастан кешпеген өзге жұртқа, келер ұрпаққа қалай түсіндірерсің?» [6, 447].

Дегенмен, «көзі көрмеген, бастан кешпегендерге» үркін көш, ұлы көштің жай-күйі тарихи дерекпен қоса, көркем әдебиет арқылы таралып жатқаны анық. Себебі көш – қазақ үшін

ұмытылмайтын, бәріне мағынасы айқын, мәні көмескіленбейтін ұғым. Оған халқымыз ерекше мән бере отырып, терең мағына жүктейді. Өйткені жер бетінде қазақ барда бұл ұғым өзінің жүректі сыздатар сезімімен ұрпақтан ұрпаққа нәзік жалғасып келе жатыр. Тарих көшімен бірге көшіп жүрген қазақ өмірінде оның мәні мен мағынасы өзгергенімен үздіксіз жүріп келеді. Үркін көш кейде көштің басқа түріне ұласып отырған.

Көш – бір немесе бірнеше отбасының қажетіне қарай талданған қоныс аудару барысы. Көш аралығына қарай ұзақ, жақын болады. Жақын көштер – тасынып көшуі делінеді де, арқалап, дорбалап, арбалап жүріп жұрт жаңалайды. Бұл көбінде мал өрістерінің қолайлығын пайдалану үшін жасалады. Ұзақ көштер – бір жерден екінші бір жерге қоныстану. Бұл да тегінде мал өріс жағдайына қарай көктеу, күзеу, жайлау, қыстау деп бөліп, бір таудан екінші бір тау, қолайлы ойпаттарға көшу. Бұл уақытына, аралығына қарай қозы көш (жас төл енесіне ілесіп шаршамай жететін жер, түстік көш, күндік көш) тіпті айлық көшке дейін созылады.

Қазақ көші ертеде ел көңілі жай болған кезде өте жайдары салтанатты болған. Көшу - қазақтың ең келелі жұмысының бірі. Көшуде ауыл ақсақалдары ертеде ауыл-аймақ болып малға қоныс іздейтін болса, бір елден екінші бір жерді алдын ала жер жағдайын танитын сұңғыла, көпті көрген, көзі қарақты қарттарды ақылшылыққа алып, топтасып қоныс өріс шалады. Малының төрт маусымдық қолайлығына қарай жылы, сулы, шөбі шүйгін, отын-суға қолайлы кең жерлерді мекендеу үшін жер шалып, қайтып келген соң ауыл-аймақ болып, ақылгөй қариялар кеңесіп, кесім жасайды. Көште күні бұрын, тіпті ұзақ көштерге бірер жыл бұрын да даярланады. Уақыты белгіленгеннен кейін ерлер жағы ат-көлігі жуас әрі жетерлік болуы, киім – кешек жылы, толық, сәнді болуы қажет. Көлігі, мініс аты жетпейтіндерге басқалар көлік шығарып береді. Болмаса, көштің алды қоныстанып болған соң, көлік әкеліп көшіріп алады. Әсте, жұртқа тастамайды. Жұртта қалса, елге таба болады деп қарайды [2].

Көштің бұндай түрін салқар көш деуге болатын шығар. ***Салқар көш.*** Орыс отаршылдығы тәртібінің қазақ өлкесіне дендеп орныгуына дейін көшпелі тіршілікте жыл бойында толассыз ұйымдастырылып отырылды. Көштің *салқар көш* деп аталатын түрі сайын далада өте ұзаққа бағытталған күн сайын толассыз көшетін үлкен көштерге қатысты айтылады. Қазақстанның әр аймағында көш жолының қашықтығы әртүрлі болып келеді. Мысалы, Оңтүстік аймақтарда осы қашықтық небәрі 15-20-дан 50 шақырымға дейін болса, батыс аймақтарда, әсіресе, Маңғыстау мен Сыр өңірі қазақтары арасында жайлауға және жайлаудан күзеуге, одан әрі қыстауға көшу 1000-1200 шақырымды құраған **(Уикипедия).**

Үркін көшке дейін де қазақ тұрмысынан орын алған салқар көш керуені әлі күнге дейін орын алып келеді. Кейде қазақ қауымының бүгінгі көшін салқар көш пен үркін көштің ортасындағы жаңа атауды сұранып тұрған көш пе деп те қаласың. Себебі қазіргі көші-қонның көлігі сай, бір орнннан екінші орынға жұмыс, оқу, тұрмыстық жағдайларына байланысты жүзеге асырылып отыр. Дегенмен, «біреу тойып секірсе, біреудің тоңып секіріп жүргені де ақиқат». Көшейін десе, ел-жұртын қимай, көшпейін десе жұртта қалуды ар санап, баспанасыз, жұмыссыз жат мекенге келіп, қоныс аударып жатқан қазақтың көші әлі толастар емес. Ал көш өмірді сақтап қалудың, өз әрекетін ұйымдастырудың құралы немесе жолы іспеттес. Адамзат сондықтан да көшеді. Көшкен жерге адам өмірінің бір үзік сырын қалдырып отырады. Өткен күндер ізі кейде сол қалған жұртпен бірге көмескіленіп, бұлдырап артта қалады. Сол сезім мен сағыныш проза мен поэзияға жаңа тақырып, тың туынды әкеледі.

Көші-қонға байланысты зерттеу еңбектерде қазақ даласына қатысты көш тарихы былай көрсетілген:

1) XVIII ғ. ортасынан 1917 ж. дейінгі дәуір – Ресейлік империяның отары болған кездегі қоныс аударушылардың Қазақстанға бағытталған көші-қоны. Әсіресе, XIX ғ. екінші жартысынан басталған келімсектер көші-қоны қазақ жерін көп ұлт өкілдерінің мекендеген жеріне айналдырды. 1916 ж. Ұлт азаттық көтерілісті басып-жаншу, жазалау шараларынан қашқан қазақтардың сыртқа көші-қоны болмаса, бұл дәуірде қазақтар сыртқа кеткен жоқ;

1917-1991 жжж. кеңестік дәуір – әр түрлі саяси-экономикалық реформалар мен науқандар негізінде қазақ жеріне келімсектердің жаппай көші-қоны мен мәжбүрлі көші-қондар арқасында Қазақстан көп ұлтты халқы бар республикаға айналды. Кеңестік дәуірдегі таптық мәнді ту етіп, ұлттық ерекшеліктерді елеусіздендірген мемлекеттік көші-қон саясатының нәтижесінде қазақтарға ұлт ретінде құрып кету қаупі төнді. 1916 ж. Ұлт азаттық көтерілісті жазалау шараларынан қашқан қазақтардың көші-қоны кеңестік дәуірде өршіген қазақтардың сыртқа көші-қонының бастамасы болды. Осы дәуірде орын алған саяси-демографиялық катаклизмдердің нәтижесіндегі қазақтардың өлім-жітімі мен сыртқа көші-қоны және ең бастысы, қазақ жеріне аграрлық, өндірістік, қуғын-

сүргіндік көші-қондар толқындары арқасында өзге ұлт өкілдерінің келуі тұрғылықты ұлт өздерін тарихи жерінде азшылық ұлтқа айналдырды;

Тәуелсіздік жылдары – көші-қон қозғалысында ғасыр бойы Қазақстанға келген ұлт өкілдерінің тарихи отанына қайту көші-қоны күшейіп, керісінше, ғасыр бойы сыртқа қашқан қазақтардың тарихи отанына кері көші-қоны белсендірілді. Оралмандардың Қазақстанға бет бұруы мемлекеттің саяси-экономикалық, мәдени тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің тірегі болып табылатын халықтың демографиялық мінез-құлқындағы негізгі шешуші ұлт – қазақтардың сандық және сапалық мәнін көтерді. Қазақтардың сыртқа көші-қоны еңбек көші-қонымен байланысты.

1991 ж. бергі *тәуелсіздік* жылдарын қамтитын кезеңдегі көші-қон үдерістері өзіндік ерекшеліктерімен дамуда: КСРО-ның ыдырауы ғасырлар бойы Қазақстанға бағытталған көші-қонның нәтижесінде жиналған көші-қон әлеуетін елден сыртқа қарай бағыттады. 1989 ж. бүкілодақтық халық санағы мен 2009 ж. Қазақстан Республикасы Екінші ұлттық халық санағы аралығындағы көші-қон динамикасындағы сандық және сапалық өзгерістер республика халқының этнодемографиялық дамудағы шешуші рөлді тұрғылықты ұлт – қазақтардың атқаруына мүмкіндік берді.

Тәуелсіздік жылдарында кеңестік кезеңде Қазақстанға келген көші-қоншылардың негізгі әлеуетінің өздерінің тарихи отандарына қайтуына және елден кеткен отандастарымыздың оралу көші-қонына орай республикадағы қазақтар үлесі артты [2].

Көшіп қону көшпелі қазақ тарихындағы мәңгілік ұғым. Мәңгілік айтылатын жыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шәкенұлы Ж. Қаралы көш.- Алматы: «Тұран», 2010.-408 б.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. — URL https://moluch.ru/archive/87/17220/
3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері.- Алматы: Атамұра, 1995.- 206 б.
4. Еркасов К. Ақнайман қырылғын: https://massaget.kz/blogs/12628.
5. Әшімбаев С. Азаматтыққа адалдық. Әдеби-сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар. Астана, «Раритет», 2007.- 270 б.
6. Жұмаділов Қ. Соңғы көш: Роман-дилогия.- Алматы: Жазушы.- 1998.- 448 б.

УДК 93(574)

Сабыр М.Б.,
доктор филологических наук, профессор
Западно Казахстанский инновационно-технологический университет
sabir_uralsk@mail.ru

Исина Ж.А.
кандидат филологичских наук, доцент
Университет Баишева
Zhannur_8383@mail.ru

СВЯЗЬ ЛЕКСИЧЕСКОГО ФОНДА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С ЛЕКСИКОЙ СРЕДНЕТЮРКСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация: Мақалада қазіргі қазақ тілінің лексикасы мен Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштері тіліндегі лексикаға салыстырмалы талдау жасалды.

Мақала авторлары екі дәуірдегі тілдер арасындағы тығыз лексика-семантикалық байланысты мысалдар беру арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуді мақсат еткен. Тілдерді салыстырмалы-тарихи талдау ортатүркілік әдеби тілдің қазіргі қазақ тілінің бастау көзі болып табылатындығын дәлелдейді.

Кілт сөздер:ортатүркілік әдеби тіл, қыпшақ тілі, қазақ тілі, салыстырмалы-тарихи талдау, жазба ескерткіш.

Аннотация: В статье дан сравнительный анализ лексики современного казахского языка и лексики языка письменных памятников золотоордынского периода.

Автор ставит своей целью показать тесную лексико-семантическую связь между языками двух эпох, приводя примеры, иллюстрирующие сходство и разницу между ними. Сравнительно-исторический анализ языков доказывает, что среднетюркский литературный язык является источником современного казахского языка.

Ключевые слова: среднетюркский литературный язык, кипчакский язык, казахский язык, сравнительно-исторический анализ, письменный памятник.

Annotation: The article gives a comparative analysis of the vocabulary of the modern Kazakh language and the vocabulary of the language of written monuments of the Golden Horde period.

The author aims to show a close lexical and semantic connection between the languages of the two eras, giving examples illustrating the similarities and differences between them. A comparative historical analysis of languages proves that the Middle Turkic literary language is the source of the modern Kazakh language.

Keywords: Middle Turkic literary language, Kipchak language, Kazakh language, comparative historical analysis, written monument**.**

Развитие любого этноса, проходя этапы рода, племени, народа и нации,не проходит вне языкового фактора. Исследуя кипчакский язык, а именно историческую судьбу казахского языка внутри этой группы, мы опираемся на язык памятников среднего, в частности XIV века по произведениям Кутба «Хусрау и Ширин», С.Сарайи «Гулистан бит-турки», Хорезми «Мухаббат-наме», Махмуд-бин Али «Нахдж аль-фарадис» (далее ХШ, Г, Мн, НФ), всесторонне изученных известными тюркологами Э.Наджип, А.Керимовым, Б.Сагындыкулы.

Целью данного исследования является сравнение двух языков на основе приведенных произведений, выявление сходных и различных черт, а также признаков родства языков двух эпох.

Известным фактом является то, что, начиная с XI по XIV в. различные тюркские роды и племена применяли единый общепонятный язык. Мнение А.Зайончковского о том, что «в XIII – XIV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» по-прежнему остается актуальным [1,93]. В языкознании язык данного временного периода называют еще «среднеазиатским литературным языком» и «среднеазиатским тюркским языком». Но вместо этих двух узкоспециальных терминов ученые А.Курышжанов и А.Ибатов предложили термин «среднетюркский письменный литературный язык». «Среднетюркский литературный язык», являясь общим литературным языком, был распространен на территории не только Средней Азии, но и на территории современного Казахстана, среди тюркских народов северных районов, народов

Крыма и Дешт-и Кипчака, охватывал письменные памятники всех мамлюкских кипчаков территории Египта и Сирии [2,10].

Именно руководствуясь языком письменных наследий XIV века и рассматривая этот язык как «среднетюркский», нами проводится изучение взаимосвязи лексики казахского и среднетюркского языка.

Безусловно, богатая лексика казахского языка не является плодом одной эпохи. На протяжении многих веков на пути превращения языка родов и племен средних веков в национальный язык казахский язык пережил множество исторических языковых процессов. Различные изменения языка наиболее заметны в его лексике, нежели в грамматике или фонетике. Источником для исследования лексики казахского языка является сам словарный состав этого языка.

При сравнительном анализе лексики письменных памятников XIV века и казахского языка совпадения наблюдаются чаще, чем различия. Выяснить до какой степени язык данных письменных памятников можно считать истоком возникновения казахского языка, нам поможет глубокое изучение изменений отдельных слов и их сравнительно-исторический анализ, начиная с современности к среднему веку, от среднего - к древнему. Так как в истории каждого слова отражена жизнь этноса.

По словам В.А.Ларина, «далекая цель исторической лексикологии – выяснение таких компонентов словарной системы языка, которые в истории его развития эволюционируют единым фронтом, т.е. обнаруживают прочные, устойчивые связи» [3, 12]. Отсюда основным объектом изучения лексикологии является отдельное слово. И если каждое слово является отображением такой историко-языковой взаимосвязи, то язык выше указанных четырех памятников, в котором обнаруживаются до 70-80 процентов слов, встречающихся и в современном казахском языке, является этому полным подтверждением.

Данные слова можно классифицировать по следующим группам: 1. слова, полностью совпадающие по семантике и форме; 2. слова, совпадающие по семантике, но имеющие некоторые отличия по форме; 3. слова, имеющие полное совпадение по форме, но немного отличающиеся по семантике; 4. слова, различные и по семантике и по форме.

Изучая данные слова в диахроническом аспекте, можно обнаружить кипчакские следы, встречающиеся в казахском языке и представить прежний вид лексики казахского языка в письменном наследии средних веков.

При глубоком анализе лексики среднетюркского языка, между лексиками современных языков кипчакской группы и казахским языком обнаруживаются лексические параллели как по форме, так и по значению. Например, *адым – адым (шаг), азық-азық(пища), ай-ай (луна), ала-ала (петрый), ақсақ-ақсақ (хромой), төрт-төрт(четыре), алты-алты(шесть), айыр-айыр(разделить), күл-күл(смеяться), ең-ең(самый), анда-анда(там), ара-ара(между), орта-орта(средний)* и др. По нашим расчетам, в языке вышеуказанных четырех памятников имеются более 420 слов, эквивалентных словам в казахском языке. Это древние, но вечно молодые лексические единицы, являясь историческими свидетелями дошедшими до нас и не подверглись каким-либо семантическим изменениям.

Встречается и большое количество слов, лексические значения которых полностью совпадают, но подверженные некоторым фонетическим изменениям. Данные слова образуют промежуточные звуковые соответствия обоих эпох. Например, слова, начинающиеся в казахском языке со звука ***ж***, в средневековых памятниках начинается со звуком ***й***: *жаз-йаз(писать), жазыл-йазыл(подписать), жаратқан - йаратқан(создатель)* и др. Начальный звук ***ж*** является особым звуком, который отличает современный казахский язык от одной группы тюркских языков и соединяет его со второй группой тюркских языков. Возникает вопрос об источнике происхождения начального звука ***ж***. Как нам известно, Орхон-Енисейская письменность отличается использованием звука ***й*** в начале слова. Данная письменная норма дошла и до средних веков. Но, по мнению известного ученого А.Н.Бернштама, «В конце 6 века тюрки Западно-тюркского каганата употребляли в речи звук «***дж***»»[4]. Значит современные казахи, говорящие на ***ж*** являются «наследниками» языка древних тюрков. В среднетюркском языке можно выявить некоторые признаки звука ***ж***. Например: *жаллад-жендет (палач), жат- түс көру (видеть сон), жек-не обоженный, жүбрәк-ткань, жүркә-заворачивать и др*.

Кроме того, в среднетюркском и казахском языках выявляются совпадения звуков ***ч~ш***. Слова памятников, которые начинаются на звук ***ч*** передаются в казахском языке звуком ***ш***. Например: *чапан-шапан, сақчы-сақшы(сторож), ач-аш (открыть)*и др. Звук ***ч*** в средневековье

как литературная норма применялся в любой словарной позиции. Но некоторые авторы в своих произведениях, выходя за границей литературных норм, писали на своем диалекте, употребляя звук ***ш***. Например: в поэме Кутба «Хусрау и Ширин» такие слова как «қашты, ішсе (убежал, если выпить)» встречаются очень часто. Замена звука ***ч*** на ***ш*** в памятниках, написанных на древнекипчакском языке делает его на шаг ближе к казахскому языку. По словам С.Е.Малова, употребление звука ***ш*** в место ***ч*** является одной из главных особенностей фонетики казахского языка.

При сравнении материалов среднетюркского и казахских языков соответствия звуков ***ш~с*** в начале слов встречаются очень редко: *шол-сол (тот), шункар-сұңқар (сокол), шум-сұм (зловредный).* Наблюдается и обратное соответствие в этих звуках: *сач-шаш (волос), сырча-шыны (зеркало), сучу-шашу (раскидывать), сучун-шешін (раздеться) и др.* Так, явление взаимозамены звуков ***с ~ ш*** в словах наблюдается еще с древних времен. В Орхоно-Енисейской письменности формы *кісі-кіші (человек), болмыс-болмыш (бытие)* встречаются часто. По лингвистическим исследованиям различие звуков ***с ~ ш*** считается диалектным различием [5,47]. Взаимозамена данных звуков, происходившие во многих словах языков тюркских племен, территориально близко находившихся друг от друга, дошла до современности, как диалектная языковая борьба. Звук ***с*** является основной особенностью языков племен, которая дошла и до современного казахского языка.

Еще одной из особенностей языков двух эпох является соотнесенность начальных звуков ***д ~т***. К тому же следует отметить, что в языке памятников звук ***т*** употребляется чаще звука ***д***. Например, *таб-табу (найти), табан – табан (ступня), табшур-тапсыр (поручать), тавұқ – тауық (курица) и др.* Данное явление является еще одним доказательством родства среднетюркского и казахского языков. Так как в языке памятников XIY века в начале слова глухой ***т*** употребляется в 10 раз чаще звонкого аналога – звука «***д***». В толковом словаре казахского языка количество слов, начинающееся с согласного ***т*** раза в три превышает количество слов, начальным звуком которых является звонкий согласный ***д***. Это же наблюдается и в диалектных словарях.

Лексику казахского языка можно разделить на следующие пласты: 1. общетюркский пласт (V-X вв.), 2. среднетюркский (кипчакский) (X-XVвв.), 3. собственно национальный пласт (XVI-XX вв.).

Язык каждого последующего исторического периода наследует определенные языковые элементы в грамматичеком строе и словарном составе предшествующего. При исследовании развития собственно-национального пласта от древности к современности и наоборот, можно обнаружить ответы на многие вопросы в области исторического языкознания. Лексические уровни подвергаются влиянию внешних, т.е. экстралингвистических факторов. Исторический подход для анализа состояния лексики определенного временного периода и изучения ее с научной точки зрения является не только необходимым, но и обязательным подходом. Лексика казахского языка, развиваясь, перенимает многие элементы среднетюркского (кипчакского) языка. При противопоставлении среднетюркского и собственно национального пласта лексики, обнаруживаются следы языковой эволюции, что позволяет нам сделать вывод, что данные пласты лексики являются показателем двух периодов одного языка. Данное явление между современным казахским и среднетюрским языками наблюдаются яснее в лексико-семантических разницах и сходствах, нежели в фономорфологических изменениях. Изменение лексического значения слова в процессе языкового развития приводит либо к расширению, либо к снижению этого значения. Изменение лексического состава языка, а также изменение значений слова в языке – это непрерывный и бесконечный процесс любого языка. По словам академика С.Кенесбаева, «под воздействием времени значение слово постоянно меняется, развивается: оно либо расширяется, либо сужается, либо дополняется различными оттенками, либо меняется его значение»[6]. При последовательном изучении многих слов тюркского языка в их развитии из исторического источника до современности обнаруживается большое количество слов, старые значения которых не подверглись изменениям. Например, в средневековых письменных памятниках лексические значения слова *«күлүк»* является только *ишак, мул: «*кулук бар йоқму тартсун йа тәгирмен» - *обязан ли мул поднимать воз и крутить мельницу* (ХШ, 46б21). Слово *күлүк* или на современном казахском языке *көлік* имеет несколько «расширенное» понятие, его используют для обозначения любого вида скота, предназначенного для перевозки грузов (лошадь, ишак, верблюд) и любого транспортного средства. Наиболее же глубокие же корни слова «*көлік*» восходят к слову *көл,* что обозначает «запрягать, упряжка». В памятниках древнетюркского языка есть тому

подтверждение: *еки өкузуг бир буқаршықа көлміш «два быка были запряжены в одну телегу»* [ДТС, 314].

В туристическом дискурсе функционирует множество разнообразных типов текстов, различающихся своей тематикой. К ним относятся туристические брошюры, рекламные проспекты и путеводители, проспекты музеев, меню, и, наконец, крупные информационно-туристические онлайн- порталы, содержащие разностороннюю информацию о каком-либо городе, регионе и т.д. Иностранные туристы, планируя свое путешествие и занимаясь поиском информации о местах и достопримечательностях, которые они хотят посетить, не в последнюю очередь обращаются к сайтам гостиниц, отелей, гостевых домов, хостелов и т.п, с которых начнется их путешествие и

первое знакомство с новыми туристическими объектами. [11]. Таким образом все жанровое пространство туристического дискурса должно цеплять глаз туриста, во первых хорошо продуманной внешней формой и красивыми картинками, а во вторых , что еще более важно обращаться к туристу на безупречном иностранном языке. Язык должен соответствовать критериям терминологической точности и стилистической беглости, и должен быть эффективным с точки зрения коммуникативной ситуации туристического текста. В связи с тем, что туристическая коммуникация является межкультурным дискурсом, переводчик должен быть не только билингвален, но и бикультурен, кроме того, он должен быть в состоянии понять автора и содержание, чтобы передать все тонкости текста оригинала.

Что касается типичных блюд, фестивалей и т.д. переводчик должен найти эквивалент, соответствующий функции текста и его аудитории, чтобы текст перевода оказал такое же коммуникативное воздействие на своего читателя, как и текст оригинала. При переводе это очень важно, так как целевая аудитория должна понимать текст, чтобы совершать определенные действия, в соответствии с функцией текста (покупать, поехать). В случае, если аудитория не понимают текст, функция будет нарушена, и, следовательно, его цель не будет достигнута, и сообщение потерпит неудачу.

Для сопоставительного анализа мы взяли языковой материал с туристического сайта Skyland Tourism [12], а также словари и тексты специализированных журналов, рекламных проспектов, брошюр на английском и русском языках.

В текстах туристической направленности широко представлены эмоционально-оценочные средства, которые сопровождают характеристику услуги или продукта. Абсолютно преобладает положительная оценка, которая выражается прилагательными, наречиями и существительными с семантикой высокой степени качества, причем оценка эта часто гиперболизирована. Для выражения гиперболы положительной оценки служат грамматические средства, такие как превосходная степень прилагательных и наречий, а также лексические морфемы с семантикой усиления качества («сверх-», «супер-», «ультра-»).

If you are looking for a perfect shopping center of the world, of course Dubai is *the best place* to visit and shop whatever you want and whatever you expect. - Если вы ищете идеальный торговый центр в мире, то, конечно, Дубай является *лучшим местом* для посещения и шоппинга, где оправдаются все ваши ожидания.

That is the reason Dubai is *one of the most visited cities of the world* now for any purpose and by every age group of the people. - Вот почему в настоящее время Дубай является *одним из самых посещаемых городов мира* для любых целей и для любой возрастной категории людей.

Burj Al Arab *is one of the most visited tourist's attraction and hotel* of Dubai today. - Сегодня Бурдж эль Араб *является одним из самых посещаемых туристических мест и отелей* в Дубае.

В городских ресторанах Вас ждут самые свежие морепродукты, а также лучшие блюда не только традиционной казахской кухни, но и турецкой, итальянской, китайской - от самых простых до невероятно изысканных угощений.

Побережье в районе Антальи признано ЮНЕСКО одним из самых экологически чистых мест. Здесь огромное количество отелей на любой вкус. Телебашня Коктобе является одной из самых высоких в мире.

Отель-парус Бурдж Аль Араб в районе Джумейра стал одним из самых узнаваемых символов Дубая.

Важно также отметить, что для того, чтобы выделить рекламируемый продукт в ряду конкурирующих, авторы русских туристических буклетов указывают характерные черты или достопримечательности, которые можно увидеть только на территории предлагаемой страны: *«страна кашемира и хлопка, превосходных песчаных*

пляжей, сладостей и безмятежной роскоши», Турция страна оливок и винограда, Укрытый от посторонних взглядов снежными пиками гор, Алматы не спешит раскрывать свои тайны посторонним. Для этого нужно хотя бы однажды ступить на его землю, улыбнуться случайному прохожему, съесть первое в своей жизни яблоко легендарного сорта «Апорт», Almaty - the heart of the Trans-Ili Alatau, The nature of Kok Zhailau and Ile-Alatau Park is unique. Here you can meet plants and animals in the Red Book of Kazakhstan, including snow leopard and golden eagle, Turkestan lynx, Indian porcupine or stone marten.

Говоря об особенностях ценностно-ориентированной тактики в русскоязычных буклетах, можно предположить, что авторы пытаются привлечь состоятельных туристов, указывая на качество обслуживания:

«шикарный отель VIP уровня», «отель для состоятельных туристов» , "морские круизы класса «Люкс» - это самые роскошные путешествия для взыскательных гостей", Для желающих пожить в горной тиши и полюбоваться снежными склонами курорт Шымбулак предлагает высококлассные отели..

Также делается акцент на здоровый отдых, туристам предлагается посетить места, способствующие оздоровлению: *«Термальные воды – это* ***возможность избавиться от недугов», На Шымбулаке можно приятно провести время даже если вы не умеете кататься.***

Графическое оформление текста также привлекает внимание читателя, возбуждает интерес к рекламируемой услуге и облегчает восприятие информации.

Scuba Diving Tour! Meet The Amazing Sea Creatures In Deep Sea. Чарын Каньон - Младший Брат Каньона в Колорадо

Данные предложения выделены курсивом, и все слова написаны с заглавных букв.

В тесте обязательным служит разбивать сложные, длинные предложения на несколько простых предложений. Часто такие предложения перегружены информацией, объединяющей несколько относительно независимых мыслей, поэтому такие предложения не могут быстро и результативно восприниматься читателями.

Local services range from Desert Safaris to Dhow cruises, City tours, Mountain safari and customized round trips and utilize all its strong and powerful assets for furnishing high-level services with the new flash of the cooperation with the most reputable tour operators all over the world. - Местные услуги варьируются от сафари по пустыне до круизов на одномачтовых арабских каботажных суднах, экскурсий по городу, сафари по горам и индивидуальных поездок туда и обратно. Мы используем все свои сильные и ценные качества для предоставления услуг на высоком уровне, сотрудничая с зарекомендовавшими себя туроператорами по всему миру.

При переводе текста мы также применили такой прием, как описательный перевод.
With state-of-the-art rides, including *8 Master Blaster*…- Ультрасовременные водные аттракционы, в том числе *8 американских водных горок Мастер Бластер*…

Таким образом, мы можем сказать, что при переводческом анализе туристического текста следует учитывать все лингвостилистические особенности для того, чтобы перевод получился правильным и качественным.

5. Заключение

В современный век информации и технологий имеется много способов для того, чтобы продвигать территории, услуги туристической индустрии - от веб-сайтов до туристических проспектов, от путеводителей до брошюр, от рекламы в журналах до видеороликов на Ютуб, от групп в социальных сетях до интернет-ресурсов с советами путешественникам.

Переводя эти материалы на различные языки, туристические компании получают возможность напрямую общаться с потенциальными клиентами возможными партнерами в самых разных частях земного шара. Качественный туристический перевод позволяет агентствам путешествий, туроператорам, гостиницам и другим компаниям индустрии туризма привлечь новых клиентов со всех уголков мира.

Профессиональный переводчик в сфере туризма переводит на целевой язык не только собственно сам исходный текст, он должен не менее эффективно перевести и маркетинговые уловки, которые всегда есть в любой рекламной информации из туристической индустрии, будь то веб-сайт отеля или брошюра местного музея. Для этой работы нужны переводчики, которые не просто качественно переводят слова и строят из них грамотные предложения. Вам нужны люди, владеющие искусством слова, способные выбирать такие выражения, которые превращали бы оригинальный текст в сообщение, притягивающее внимание.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Нагорный, И. А. Рациональный тип речевых тактик в туристическом дискурсе / И. А. Нагорный, В. А. Шевцов. — Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки, 2013. — Т.17. — № 6. — С.13–19.
2. Кислицына Н.Н. , Рак А.Н. О некоторых аспектах изучения туристического дискурса. Ученые записки Крымского федерального университета имени В. И. Вернадского. Филологические науки. Том 2 (68). № 2. Ч. 1. 2016 г. С. 90–97.
3. Кара-Мурза Е. С. Язык современной рекламы // Язык массовой и межличностной коммуникации. М.: Медиамир, 2007.
4. Ахатова А.Б. Политдискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.

5. Жумагулова Б.С. Особенности полемического дискурса // Успехи современного естествознания. – 2013. – №7 . – С. 142-145.
6. Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс: онтология и жанры. – Алматы, 2005. – 226 с.
7. Степанов Ю. С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и принцип Причинности // Язык и наука конца XX века. М.: РГГУ, 1995. С. 35-73.
8. Филатова Н. В. Жанровое пространство туристического дискурса // Филологические науки. М., 2012. № 2. С. 76-82.
9. Карасик В. И. О типах дискурса / В. И. Карасик // Языковая личность : институциональный и персональный дискурс : сб. науч. тр. – Волгоград : Перемена, 2000. – 228 с.
10. Демьянков В. З. Интерпретация политического дискурса в СМИ / В. З. Демьянков // Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования : учебное пособие / отв. ред. М. Н. Володина. –М. : Изд-во Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова, 2003. – С.116-133. –Режим доступа: http://www.dslib.net/jazyko-znanie/terminologija-turizma-anglijskogo-i-russkogo-jazykov-v-sinhronnom-i-diahronnom.html (дата обращения 28.04.16.)
11. Новожилова А.А. Стратегии перевода текстов туристического дискурса (на материале сайта отеля) Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал) Modern research of social problems #8 (52), 2015.
12. Чупина В.В. Линвистические и фуекциональные ососбенности туристического дискурса. Тюмень, 2016
13. https://visitalmaty.kz/
14. https://www.visitdubai.com
15. https://www.skylandtourism.com

Тілеуова А.З.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ниязова Ғ.М.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті
e-mail: tleuovaaz@mail.ru

ЖОҚТАУДЫҢ ЖАНРЛЫҚ ГЕНЕЗИСІ

Түйіндеме. Мақалада қазақ халқының ең бір көне мәдени мұрасының бірі – жоқтау өлеңдер туралы баяндалады. Сонау сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап-ақ біздің түркі бабаларымыз қайтыс болған адамды жоқтап, дауыстап жылап жерлеп келген. Бұл ата дәстүріміз бізде күні бүгінге дейін сақталып қалған. Жоқтау өлеңдерді V-VIII ғасырдағы көне түрік заманында тасқа қашалған жазбалардан да байқауға болады. Мақалада жоқтау өлеңдердің шығу тегі туралы жан-жақты сөз болады.

Кілт сөздер. Жоқтау, әдет-ғұрып, дәстүр, фольклорлық сана, жоқтау сарыны, мәдени мұра.

Аннотация. В статье рассматривается одно из самых древнейших культурных традиций казахского народа – поминальные песни по умершему. С начала эпохи саков и гуннов наши тюркские предки оплакивали умерших, выражая скорбь в песнях-плачах. Это традиция сохранилась и по сей день. Песни-плачи запечатлены на камнях в V-VIII веке древнетюркской эпохи. В статье раскрывается происхождение песней-плачей.

Ключевые слова. Песни-плачи, обычай, традиция, фольклорное сознание, культурное наследие.

Abstract. The article considers one of the most ancient cultural traditions. Kazakh people – funeral songs for the deceased. Since the beginning of the Sak era and the Huns, our Turkic ancestors mourned the dead, expressing grief in crying songs. This tradition has been preserved to this day. Crying songs captured on stones in the V-VIII century of the ancient Turkic era. In the article the origin of the song is revealed.

Keywords: Lament, songs, custom, tradition, folklore, consciousness, cultural heritage.

Жоқтау – қазақ халқының дәстүрлі ұрыптық салты. Жоқтаудың ежелгі үлгілері шумерлердің Гильгамеш туралы жырларында да, үнді эпосы «Махабхаратада» да, Гомердің поэмасы «Илиадада» да, Мысыр жырларында да кездеседі. Жоқтау үлгісіндегі жырларды ежелгі грек трагедияшылары, сондай-ақ Рим ақындары Катулл мен Вергилий де жазған.

Жоқтау – сонау Африкадағы негрлердің де, Еуропадағы немістер мен француздардың да, балғарлар мен сербтердің, чехтер мен гректердің, литвалықтар мен латыштардың өмірінде де бар. Бұл түркі тілдес – қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар, алтайлықтар мен қарашай халықтарының да ескі көне өмірінен бері өшпей келе жатқан дәстүр екенін Б.Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» еңбегінде жазған. Қаралы хабарды естігеннен кейін айтылатын жоқтау дүние жүзі елдерінің көбінде кездесетін әдет-ғұрып болып табылады. [1,82]

Жоқтаудың дәл қай кезде туып, дәл қай кезде хатқа түскенін нақты айту қиын. Десек те, осы қастерлі дәстүр көшпелілер өмірінде басқа ешбір халыққа ұқсамайтын, өзіндік бағытта, тосын бір жолда қалыптасты, дамыды. Академик Ә. Марғұлан: «Жоқтау әдебиеттің ең ескі түрі. Оның шығуы үй ішінде, қауым ортасында болған игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр. Жоқтау Орхон жазуларының түбегейлі негізі»,[2,98] – дейді. Бұдан түйер ойымыз, этнографиялық сипаттағы тасқа қашап жазылған дастандарымыз жоқтаудың көне үлгісі ретінде көрінеді.

Сонау сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап-ақ біздің түркі бабаларымыз қайтыс болған адамды жоқтап, дауыстап жылап жерлеп келген. Бұл ата дәстүріміз бізде күні бүгінге дейін сақталып қалған.

Жоқтау жырларының біздің заманымызға дейін сақталып, мәдени асыл мұрамыздың бірі болып қалуына халық ақындарымен бірге, XVIII-XIX ғасырлардағы зерттеушілердің де атқарған қызметі зор болды. Қазақ фольклорын жинауда орыс ғалымдары, әсіресе Радлов пен Потанин, Диваевтың, сонымен қатар Шоқан Уәлихановтың еңбектері ерекше. Жоқтау үлгілерін жазып алып, қағаз бетіне алғаш түсірген де осы ғалымдар болатын. Шоқан жоқтау жырларын «Надгробный плач», - «Табыт басындағы зар» деп атаған. 1885 жылы Шоқан саяхаттап жүріп, ел арасында кең жайылған өлеңдердің бірнеше дәптер үлгісін жинап, жоқтауға ғылыми баға берген. «Қазақ халық поэзиясының түрлері» мақаласында: «Қырда қазір мынадай поэзияның түрлері бар, - деп оны беске бөледі де, жылау – жоқтау өлеңін әйелдер жанынан суырып салып айтады. Шумақ, тармақ көлемі жырлардікіндей болып келеді. Барлық жылаулардың адам тебірентерлік ең жақсысы, ең әйгілісі Орта жүзде Айғаным Уәлиеваның 1833 жылы шешектен өлген үлкен ұлы Мамекені жоқтап жылауы және

кейіннен суырып салма әнші әйелдің өлген күйеуін жоқтап айтқан жылауы- деп, жоқтау өлеңін қазақтың салт жырларының бір түрі ретінде жылау деп атаған.[3,164].

Ә.Марғұлан өз зерттеуінде «Махмұд Қашқаридың жазуы бойынша, жоқтау-ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырдың бір түрі,- деп көрсеткен. Мұның жарқын түрін «Қорқыт» жырында кездесетін Бамсы-бұйрықты жоқтаудан көруге болады», - деп көрсетеді. Сондай-ақ, М.Қашқаридің әйгілі «Диуани луғат ат-түркінде» Тұңға алып ер туралы бірнеше жерде сөз етеді. [2,128].

Қазақ халқы да өзінің ертеден келе жатқан салт-дәстүрі бойынша өлген адамды еске түсіріп жоқтау шығарғанын атап өттік. Ол ел арасында сақталып, бүгінгі күнге дейін жеткен. М.Әуезов қазақтың белгілі эпостық дастандары жоқтау, қоштасу, естірту сияқты шер өлеңдерінің негізінде туғандығын айта келіп, тұрмыс-салт жырларының мұндай түрі ежелгі дәуірдегі ғұндардың, кейін түркі тайпаларының өмірін көз алдыңа келтіретіндігін ескертеді. Сонымен қатар, жоқтаудың ерекшелігіне де тоқталады. Ғалым-зерттеуші: «Көп жоқтаудың өз бетінше шығарылған сарыны, дауысы болады. Ескі әдет бойынша, ертеңгі-кеш сол сарынға жоқтау өлеңді қосып дауыс қылады» [4,25],- деп жазады. М.Әуезов Бұқар жыраудың Абылай ханды жоқтауын алғаш рет жазып алынған қазақтың жоқтау өлеңдерінің бірі деп баяндайды.

Қоғамдық формациялардың ауысуы фольклорлық сананы деградацияға ұшыратуына байланысты ғұрып, дәстүр де өзгере бастайды. Орыс халқындағы жоқтауларды плакальщица орындайтыны, әрине, орыс ғылымына ерте кезден белгілі. «Илиадада» жыршылары Гекторға арналған жоқтауды бастайды да, әйелдер дауысқа салады. Демек, дауыс салу ежелгі гректерге ортақ. А.Н.Веселовский [5,8] өз пікірін дәеледеу үшін Алжирде жоқтаушы әйелдердің (плкальщица) шаштарын жайып, қатты дауыс салып жылайтынын алға тарту арқылы да жеткізген. Ғұрыптан бөлінген жоқтаудың эпикалық бөлігі хормен айтылса да, жеке адамдардың орындауында айтылса да лирикалық-эпикалық бағытта дамыған. Ежелгі гректердің салтында жоқтау айтудың өзгешелігі де бар. Бір адам жоқтау айтуды бастайды, содан соң марқұмға туыс әйелдер – анасы, жұбайы, одан кейін жиналған басқалары да қосылады. Осы орайда, бізге белгілі болғанындай, қазақ жоқтауларын ақындар шығарып береді деген пікір ойландырады. Қысылтаяң кезде ақынға қолқа салу немесе оның тез арада жаңа өлең шығарып, мәтінді әкеліп бере қоюы екіталай, сондықтан, асылы, ежелгі дәуірде жоқтаулар экспромтты түрде шыққан болуы керек.

Ежелгі гректердегі жоқтаулар трен (френ) деп аталады. Бұдан басқа эпикедейлік өлең түрі бар деп те айтылады. Трен адамның өлгенін хабарлау мақсатында, ал, эпикедейлік өлеңдер марқұмды жерлеу үстінде айтылуына байланысты бөлу, бір жағы, қазақ ғалымдарының жоқтау мен жылауды бөліп қарастыруына жақын келеді. Әйтсе де, мұндай жіктеуді қабылдасақ, трен естірту қызметін де атқаратын сияқты. Трен ағайын-туыстардан біреудің өлгенін хабарлау мақсатында айтылған. Грекия мен Римде жылағыш әйелдер шақырылатын болған. Ауқатты отбасылар оларды Кіші Азияның оңтүстік-батысынан арнайы алдыратын, сол үшін карийлік өлең айту деген ұғым қалыптасқан. Олардың айтқан жоқтаулары небір қатты адамдардың көзіне жас алдыртқан. Әрі өзіндік драма жасай алғаны үшін олардың қызметтері жоғары бағаланған. Гректердің жерлеу ғұрпында музыкалық аспаптың болуы міндетті деп есептелген. Мұны екі түрлі түсінуге болады. Бірі, Е.Тұрсынов анықтағандай, марқұмды бабалар рухы қабылдасын деген мақсат көздегендігі мүмкін. Немесе түрік жоқтаулары сияқты музыкалық аспаптың қатыстырылуы сол сарынның қызметін атқарып, марқұмның Аид әлеміне жаны қиналмай жетуі үшін деген оймен қолданылуы мүмкін. «Өліп-тірілетін құдай образы жоқ сияқты, тек агиографиялық әпсаналарға қатысты сипаттар байқалады» [6,131], - деп жазған. Рас, қазақ фольклорында «өліп тірілетін» құдайлар образ ретінде сақталмаған. Бірақ ежелгі дәуірде, тіптен, болған жоқ деп кесіп айту да қиын. «Күні біткен» патша абыздың бар құрметінен айырылып, үстіндегі айрықша белгілерді жұлып алуы «Қорқыт Ата кітабындағы» Баяндұр ханның дүние-мүлкін өз аулының адамдарының талан-таражға салғанымен қатар қарастыруға болатын секілді. Бұл да патшалардың ауысу кезіне тән болса керек. Шын мәнінде, мұндай жағдай тарихи факт ретінде орын алса, мұның арғы тегінде «өліп-тірілетін» құдайдың болғанын сездіру бар. Бұл – бір. Екіншіден, «өліп-тірілетін» құдайды жоқтаудың болғаны. Мұны жоқтау жанрының қайнар көзі деп айтуға болмайды, бірақ елге қадыры артқан патшаның халыққа сіңірген еңбегін айту арқылы жоқтаудың маңызды ерекшелігін тұрақтандыруға ықпал еткені айқын. Атынан көрініп тұрғандай, бұл көбіне өлген адамды еске түсіруі, оған арнап жоқтау шығару өлген адамға жасалған ескерткіш ретінде болған. «Көп жоқтаудың өз бетінше шығарылған сарыны, дауысы болады. Ескі әдет бойынша, ертеңгі-кеш сол сарынға жоқтау өлеңді қосып, дауыс қылады» [7,291]- деп көрсетілген. Түркі фольклорындағы сарынның қолданысы өте кең. Мәселен, телеуіттерде той сарыны, комудалду (қайғылы) сарын, пала пайлаған сарын (бесік жыры) деген бар. Сондықтан

мұндай жағдайда сарын кең мағынада, әуендік қызмет тұрғысынан қабылдануы қажет. Ал, жоқтаудың сарыны дегенде қайғылы мақам шығады. Бұл мақам сарынның ерекшелігін тудырады. Қазақ даласында жоқтағыш әйелдер типі болмады деп айтуға болмайтынын екі мәлімет дәлелдейді. Н.И.Гродеков «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области» деген еңбегінде «жылауды білмеймін, жылау білген қатынның байы өлсін» деп айтатындардың болғанын жазды[8]. Жалпақ елдің салтына оғаш көрінсе де, мұндай жағдайлардың кездесу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмас. Ол ел аралай жүріп, жылаушы әйелдердің жалданатынын да жазған.

Қарақалпақстанда тұратын қазақтарда өлікке сырттан жоқтау айтатын адам шақыру салты бар. Осындай мәліметтерді ескерген болуы керек, Б.Уахатов: «Арнайы жоқтау айтатын адамдар ескі, көне замандарда Египет пен Грецияда, революцияға дейінгі Россияда да өткен. Мұның мысалдарын қазақ өмірінен де кездестіруге болады» [1,219],- деп жазған. Жылағыш әйелдерді (Қазақстанның батыс өңірінде «көрісші»-деп те атаған) Моңғолиядағы қазақтар жақсы сақтап келген. Халық арасында нелер «көрісші» адамдар көптің сай-сүйегін сырқыратып, қандай «діні» қатты адамды жібітіп, жылататын шешен «зар жақ» көріс айтқыштар болған. Жалпы, көрісу дегеннің әр өңірде әртүрлі қабылданатын көреміз. Сондықтан қазақ қоғамында тұрақты болмаса да, кей жерлерде жылағыш әйелдер болған деп айту керек. Жоқтауды әйелдердің айтуы арқылы бұл жанрдың матриархат дәуірінен қалған салт екенін байқадық.

Жоқтау жырлары ежелгі түркі халықтарына ортақ басқа әдеби мұраларда да кездесіп отырады. Соның бірі – оғыз-қыпшақ дәуірінің (8–9 ғасырлар) ескерткіші “Қорқыт ата кітабындағы” Дирсеханның жалғыз ұлы Бұқашты анасының жоқтау жыры. Осындай жоқтаулар ауыз әдебиетіндегі “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр”, “Ер Тарғын” сияқты қаһармандық эпостарда, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек” сияқты ғашықтық жырларда да ұшырасады. Бұл жоқтау батырдың ел-жұртынан амалсыз айырылған кезінде, жау қолына түсіп, дұшпанынан қорлық көрген кезінде туыстарының қайғысымен аралас суреттеліп отырады. Жоқтаудың бізге жеткен көне үлгілері халық тарихындағы болған оқиғалармен сабақтас. Осындай оқиға Қодан тайшының атақты жоқтауымен байланысты халық жадында сақталып қалған. Қара қыпшақ Қобыланды Әбілхайыр ханның қазысы, арғынның әділдігі үшін Ақжол аталған биі Дайырқожаны өлтіреді. Сонда әкесі Қодан тайшының қаза болған ұлының сүйегін айналып жүріп айтқан, “Қара қыпшақ Қобыландыда, Нең бар еді, құлыным” деп басталатын жоқтау арада сан ғасыр өтсе де халық жадында сақталып қалған. Дайырқожа өлгеннен кейін Жәнібек, Керейлермен бірге Шу бойына көшкен Қодан тайшы Қазақ хандығының шаңырақ көтеруіне өз үлесін қосқаны тарихтан белгілі. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша, жоқтауды марқұм болған адамның артында қалған әйелі, қызы, қарындасы, келіні, басқа да туыстарының әйелдері айтады. Ел ішіне кең тараған жоқтау жырлары негізінен айтар ой сарыны, ұйқасы, образды сөз кестесі жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді. Елге қадірлі, беделді адамның қазасын лайықты жырмен жоқтау оның артындағы қалған ел-жұртына салмақты сын болған. Әдетте, жаттанды сөздермен көпке белгілі жоқтау үлгілері ондай кезде жаңаша айтылып, мазмұны жағынан толығып отырады. Ел есінде сақталған осындай жоқтау үлгілері ауызша тарап, көпшілігі кейінгі ұрпаққа жеткен. Осындай жоқтаулардың бірі – «Мамайды шешесі Қараүлек ананың жоқтауы». Қараүлек ана Мамайдың бойындағы асыл қасиеттерін терең жеткізіп, осындай адам өлген соң елдің келешегі не болады, орнын кім толтырады деп тебіренеді. Жоқтаудың айтылған уақыты да, ондағы адамдардың өмір сүрген дәуірі де тарихи деректерге сәйкес. Атақты Қаз дауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтау жыры да – аяулы азамат есімін қастерлеп, кейінгіге оның ісін жоқтау жыры арқылы жеткізе білудің жарқын үлгісі.

Қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылады. Қазаны естіген жанашыр туыстар ауылға «ой, бауырымдап» ат қойып шауып келіп, атынан жығыла түсіп, жақындары жоқтау айтып, қайғылы сарынмен көріседі. Жаз күндері қаралы ауыл көшіп-қонғанда, үй жығып жатқанда дауыс салып жоқтау айтылады. Таң сәріден тұрып, жүк артып болып, көш жолға шығар алдында да жоқтау айтылған. Мұның бәрі – қайтыс болған адамның соңғы күндері өткен, соңғы рет жүріп-тұрған жерін, қоныстанған жұртын қимай, сол атамекені мен қайтқан адамның арасындағы үзілген байланыстың қайғысын жария етуді білдіреді. Баратын жеріне жеткенше, қаралы көш жоқтау айтуды жалғастырып, сол мұңды, зарлы қалыптарымен келесі қонысқа жеткенше, ешқайда бұрылмай жүре беретін. Жолда кездескен ауыл қаралы көштің қонақасын көтеріп алатын болған. Сондай-ақ жоқтау қаралы хабарды кеш алған сыйлы адамдар келгенде де айтылады. Жоқтаудың созылыңқырап айтылатын, ғасырлар бойы қалыптасқан әр түрлі сарыны бар.

Елім деп еңіреп туған ерлерін, қол бастаған батырларын, ту көтерген ұлдарын ардақтау бағзы заманнан келе жатқан салт. Жоқтау – түркі халықтарында ежелден тұрмыс-салтымен бірге келе

жатқан көне жанр. Түркі қағанаты дәуірінің сөз шеберлері де белгілі қоғам қайраткерлері, батырлары қайтыс болғанда көне дәуірлерден қалыптасқан дәстүр бойынша жоқтап, олардың еліне еткен қажырлы іс, еңбектерін, ерлікке толы батырлық жорықтарын көлемді жырға айналдырумен қатар, оларға ескерткіш орнатып, жазып қалдыруды, санадан өшірмеуді дәстүр еткен. Көне түркілер заманында (V-VIII ғасырларда) тасқа қашалған дәйектердің көбінде жеке батырлар, ел басқарған, жорық жүргізген айтулы сарбаздар, олардың ерлігі, өмірі суреттелсе, сол жорықтарда қаза тапқан әрі ақылды, әрі батыр ұлдары (Күлтегін, Білге Қаған т.б) арналған жоқтаулардың бірен-сараны бүгінде сақталған.

Қазақта жоқтау жырларының қай кезден шыққанын анықтау қиын болса да, академиктер М.Әуезов пен Ә.Марғұланның айтуынша, мұң-шер өлеңдерінің мазмұны ежелгі Орхон-Енисей жазбаларымен ұштасып, тамырласып жатыр. Мұнда мұң-шер өлеңдерінің барлығы және көбі қазақ тіршілігінен белгілі болған өлеңдермен өте ұқсас екенін дәлелдейді. Бұл тұрғыдан жоқтау өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі дараланып, айқындала түседі. Жоқтау өлеңдерінің жанры – көркемдік бейнелеу тәсілдерінен тұрады. Жоқтаудың адам өлімінен басқа себептермен де айтылатынын алдыңғы тарауда айтып өттік. Өзіндік әуені, ырғағы, мағыналылығымен ел арасында ән болып таралып кеткен жоқтаулар да бар. Мысалы: «Зәуреш», «Базар-Назар», «Жиырма бес», «Құлагер» т.б. Мұны да жоқтау жанрының өзіне тән ерекшелігі десек те болады. Жалпы қазақ халқының психологиясында өлген адамның артынан ғайбат сөздер айту жат нәрсе. Алда-жалда айтылып қалса, «қара жер хабар бермесін» деп кешірім өтінгендей сөйленеді. Мұның астарында үлкен халықтық тәрбиенің белгісі бар. Жоқтау айтылғанда бір адамның саналы өмірі сөз етіліп, қалғандарды тәубесіне келтіруіне де себеп болады. Мысалға, Әйекені жоқтауды алайық: «Әйеке болысты сайлау кезінде Әлманбет Тұрсынбаев атып өлтіреді. Мұның аяғы ел ішінде зор бүліншілікке айналып, ақын Будабай Қабыловтың жоқтауынан соң, рулық екі топ мәмілеге келеді»[9,135].

Әйекемнен айрылып,
Зарлап тобыр қалың ел
Әйекем еді шынарым
Білмей де қалдым сыңарын
Ағайынның арасы
Ажырасса осылай,
Басымыз бір қосылмай
Білмедім немен тынарын.
Арғын, қыпшақ құлақ сал
Будабайдың сөзіне!
Сабырға кел біруақ
Сана болса өзінде.
Жоғалды жарық жұлдызың,
Жоғалды алтын, ақ сақа.
Татулықтан айрылып
Қанатымнан қайрылып
Көңілге түсті көп қапа [9,136]

Халқымыз ежелден жоқтауға үлкен жауапкершілікпен қарай білген. Мұндай жауапкершілікті «Абай жолы» романында да көреміз. Тәкежанның жас ұлы өлгенде шешесі Қаражан дауысы үйлеспей, сөздері де келіспей жоқтау айтады. Мұны аңғарған Абай жоқтаудың сөзін өзі жазып, дауысы бар әйелге айтқызғанда үлкен-кішінің сай сүйегін сырқыратады.

Қызыл балақ қыранның,
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш бәйтерек
Балдырғанын өрт алды
Артына белгі тастамай
Жел – құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай
Аз күн қоймай ерте алды.
Артына белгі қалдырмай
Бауыры қатты тас өлім,
Жыламайын десе де
Шыдарлық па осы өлім?
Орамды тілді ауыздым

Ақылға жүйрік маңыздым
Көп жасамай тез кетіп
Көзімнің жасын ағыздың[10,106]

Міне, басқа жанрда қайталанбас, тек жоқтауға тән ерекшеліктерді осындай мысалдардан байқауға болады. Халық өлеңдерін халық өзі тудырғандықтан ол елдің тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болды. Оның шыншыл, әсерлі де көркем болатыны да сондықтан болар. Өйткені, мұнда халық басынан өткен оқиғаны құмарта жырлайды. Әрбір өлең-жыр, жар-жар, айтыс, жоқтаулардың өзіне тән әуені ырғағы бар. Көбіне халық өлеңдері қобыз немесе домбыра аспабымен айтылады.

Белгілі ғалым Р.Бердібаев: «Жоқтаудың адам өлімін басқа да себептерге байланысты айтылғанын ескерсек, М.Әуезов айтқандай, «мұң-шер өлеңдері» деу дұрыс сияқты. Өйткені мұнда өлген адамның тірі күніндегі айтқан өсиеті де кіреді. Көшпелі елдің жан серігі болған, поэзия, музыка – адамның көңіл-күйін, өмір құбылысын терең толғайды және де мұндай өлеңдердің тарихи көркемдік мәні де елеулі. Өзінің көркем тілімен ойдың образдылығы жағынан жоқтау өлеңдері эпостардан қалыспайды»,-жұлдыздар жарығы деп көрсетеді. [11,123] Жоқтау өлеңдерді жинап, ол туралы пікір айтқан зерттеушілердің бірі–Ахмет Байтұрсынов. Оның Ә.Бөкейхановпен бірге құрастырған «23 жоқтау» жинағы қазақ жоқтауларын жинақтаудағы көлемді еңбек болды. Жоқтау туралы Ә.Қоңыратбаев, Б.Уахатов, Б.Адамбаев, Ш.Ыбыраев, Т.Арынов сияқты зерттеушілер де пікір білдірген. 1990 жылы «Жазушы» баспасынан Т.Арыновтың басшылығымен «Боздағым» деген жоқтау жырларының жинағы шықты. Мұнда «23 жоқтаудан», Радлов, Диваев, Марғұлан, Көпеевтерден алынған жоқтаулармен бірге, түрік тілінен аударылған жоқтаулар, қырғыз, моңғол жоқтаулары енген. Ауыз әдебиетінің ғұрыптық өлеңдерінің түрлері қазіргі кезде де жиналуда. Оған мысал ретінде зерттеуші –ғалым М.Тілеужановтың басшылығымен жарық көрген «Батыс Қазақстан ауыз әдебиеті» 5 томдық еңбегін атауға болады.

Жоқтаудың әлеуметтік, идеялық тұрғысынан қарағанда, қазақ қауымының ислам дінін місе тұтпай, толық мойындамай өткені бірден білінеді. Оның сыры мынада. Сонау көне замандардағы түркі кезеңінің өзінде (V-VIII ғасырларда) түркі тайпаларынан «өлген адамға қатты қайғырып, өлген адамның тумалары шашын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған. Оның мәнісі «өлген жақсы адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан. Бұған ешкім тыйым салмаған. Сондай-ақ, Иорданның еңбегінде Еділ (Атилла) патша қайтыс болғанда ғұндар қайғыра отырып, той өткізген. Бір-біріне кереғар көрінетін шаралардың өткізілуін ежелгі адамдар өздерінше түсінген. Той – марқұмды сыйлау, ал, спорттық ойындар – әскерилердің ойыны емес, марқұмның тірі кезінде көңіл көтеру мақсатында жасаған істері ретінде енді оның құрметіне бағышталып өткізілген.

Жоқтау тұрмыс-салт жырларының шағын түрі. Жоқтаудың ең аз деген көлемі 7-8 жолдан тұрса, көбі 200-300 жолдан аспайды. Тағы бір қазақ фольклорын жинаушы орыс ғалымы Г.Потаниннің «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» дейтін сөзі халық арасында қанатты сөзге айналып кеткені де осы зерттеулердің нәтижесі болады. Ұлы Абай жоқтау жырларын өзі де жазды. Белгілі ақын, әрі тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпеев те жоқтау тақырыбына қалам тартқан. Оның «Мұса Шормановичті жоқтауы» бізге жеткен ең көлемді 345 жол жоқтаулардың бірі.

Бисмилла сөздің басында
Бір михнат шектім жасымда,
Опасыз дүние осы екен,
Иманы болсын қасында
Халық қамы үшін барды да,
Тағдыры бітті Омбыда
Шыңғыстан басқа ағайын
Ешбірі болмай қасында.[12,136]

Жоқтау тілінде батырлар жырлары стиліне тән асқақ метафора, теңеулер өте көп. Жоқтауды эпоспен, толғаулар мен тарихи жырлармен сарындас де айта аламыз. Тарихи деректерге сай болған оқиғаны сол болған күйінде көрсетіп, нақтылық суретін жасау – тарихи жырлардың басты мақсаты. Қазақтың халық өлеңдерінде бұл түр де дәстүрлі өлеңдер қатарына жатады. Тарихқа мәлім, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тәрізді тарихи оқиғалар қазақ халқының басынан өткен қайғылы кезеңнің бірі. Осы кездегі ауыр жағдай, азапты өмір, ата қоныстан айырылған, жер-суды тастап, жан-жаққа көшкен елдің жағдайы тарихи жырларда кең орын алған. Жаугершілік заманда ата қоныстан айрылып, туған жерін жоқтап зар илеген халық ащы дауысы мына бір өлеңнен естіліп тұрғандай:

Желектің жібегі еді жігіттері,
Қалтырар қалжаураса иектері.

Шұбырып, аш-жалаңаш тозған қазақ,
Қалады қай жұртында сүйектері?...
Ақ орда артта қалды сарайлары,
Ағарар, артын ойлап самайлары.
Қаңғырып жүргенінде көп қазақтың
Көмусіз қала ма, Алла талайлары?[12,249]

Бірін-бірі жоғалтып, ақтабан болса да, сол кездің ақындары елді бірлікке, елдікті жоймауға шақырады:

Боларсың бірің артық, бірің кем де,
Біріңді-бірің сүйе сүрінгенде.
Ынтымақ, ауызбірлік қып жүрсеңдер,
Арзисың аз болсаң да, рулы елге...[12,250]

Жоқтауда дүние салған адамның өміріне қатысты сырлар жария болады. Кейде нақтылы деректілік жалғаса келіп, белгілі бір адамның өмірбаянын елеулі тұстарынан қайталауға ұласады.

Әусерелі айбатты,
Хан төрелі сымбатты.
Басқанда жері майысқан,
Өлгенде халық қайысқан.
Қабат-қабат қара жер,
Ешкімді қоймай жалмаған.
Кімдерден жайнап қалмаған [10,15]

Шыншылдық, қайталанбас даралық, өзгешелік жоқтауларда мол болатыны осы айтылғанға байланысты. Әлбетте, жоқтаулардың дені ауызша таралып, көптеген айтушылардың «сүзгісінен» өткендіктен, дәстүрлі жолдар мен шумақтар да күрделі орын иеленеді.

Сол кездің тарихи шындығын, халықтың үрейін осы бір қарапайым жолдардан тұратын өлеңдерден оқып, біліп отырамыз. Сонымен бірге шешендік сөздер мен жоқтау өлеңдерінің байланысын көруге болады. Шешендік сөздерді де тудырған – халық арасында от ауызды, орақ тілді шешендер, жыраулар. Жоқтауда өлген адамның жақсылық жағы баяндалса, шешендік сөздер халық арасындағы дауларды шешуге, асау ерді нақыл сөзбен тоқтатуға негізделген. Жоқтау өлеңдері де ру арасындағы дауларды тоқтатуға әсерін тигізген. Адамның тууы мен өлуі секілді оның қуаныш–қызыққа кенеліп, оқта-текте қайғылы касіретке, мұңлы-зарлы сезімге бөленуі – дүние заңдылығы. Өмір болған соң, онда ащы мен тұщы да, қайғы мен қуаныш та, биіктеу мен құлдырау да қатар жүреді. Осындай құбылыстарды біздің халқымыз өз өлең-жырларында шебер жеткізе білген. «Жанғанынан өшкені көп болған» қазақ халқының өткен жолында қасірет пен қайғы, нәубет пен зұлмат бір басына жетерліктей. Сондықтан да жоқтау өлеңдерінде халықтың әр кезде басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдері, өзекті жарып шыққан өксігінің сарыны естіледі. Осылайша, бір үзіліп, бір жалғанып келген жоқтау айту дәстүрі күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. - Алматы, 1983.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. - Алматы, 1985.
3. Уәлиханов Ш.Таңдамалы шығармалары. -Алматы, 1985.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991.
5. Веселовский Н.И. К вопросу восточном обычае перенесения костей покойника для погребения на родине. ИАК. 1905. Вып.16. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - 2-т. Алматы, 2006.
6. Тұрынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы, «Ғылым», 1976. 200 б.
7. Балаубаева-Голяховская А.М. Ақмола губерниясы қазақтарының жерлеу салты. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.- 2-т. Алматы, 2006.
8. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - 2-т. Алматы, 2006.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. - Алматы, 1991.
10. Арынов Т. Боздағым. -Алматы, 1990.
11. Бердібай Р. «Бисмилла» деген сөз басы.//Жұлдыздар жарығы. – Алматы, 2000.
12. Тал бесіктен жер бесікке дейін. - Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1996.

Тілеуова А.З.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ниязова Ғ.М.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті
e-mail: tleuovaaz@mail.ru

МИФТІК САНАДАҒЫ ФАНТАСТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕР

Түйін. Мақалада алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде, мифтің әлемді танып-түсінудің басты құралы болғандығы сөз болады. Жаһандану дәуіріндегі ғылыми-техникалық мегатенденция әдебиетте өз ізін фантастика жанры арқылы қалдырып келеді. Фантастиканың құдіреттілігі – өткеніміз мен қазіргіні сараптаумен шектелмей, алыс болашаққа еш кедергісіз сапар шегіп, қазіргі заманның басты кемшіліктері мен жетістіктерін айқындап беруінде. Мифтік санадағы фантастикалық модельдердің қазіргі заманда жүзеге асуының басты себебі, бүгінгі өркениеттің өзі кешегі арман-қиялдан туғандығында. Мақалада фантастиканың адамзат болашағына, қоғам дамуына ықпалы баяндалады.

Кілт сөздер: миф, жаһандану, фантастика, өркениет, мифтік сана, фантастикалық модельдер.

Аннотация. В статье отмечается, что в период первобытнообщинного строя миф был главным средством познания мира. В эпоху глобализации научно-техническая мегатенденция оставила свой след в литературе через жанр фантастики. Могущество фантастики, не ограничиваясь прошлым и настоящим, позволяет заглядывать в далекое будущее, выявлять основные недостатки и достижения современности. В статье раскрывается влияние фантастики на будущее человечества, развитие общества.

Ключевые слова: миф, глобализация, фантастика, цивилизация, мифическое сознание, фантастические модели.

Abstract. In article notes that during the period of the primitive communal system, the myth was the main means of knowing the world. In the era of globalization, scientific technical megatrend has left its mark on literature through the genre fiction. The power of fiction , not limited to the past and present , allows you to look into the distant future, identify the main shortcomings and achievements of our time. The article reveals the impact fiction for the future of mankind, the development of society.

Keywords: myth, globalization, fiction ,civilization, mythical consciousness, fantastic models.

«Миф» деген грек сөзінің өзі – болжау, аңыз деген мағынаны білдіреді. Мифтерде көбінесе құдайлар, әруақтар, құдайға айналған немесе құдаймен байланысы бар батырлар туралы, әлемді, оның табиғи және мәдени элементтерін құрастыруға қатысқан алғашқы адамдар туралы оқиғалар сипатталады. Мифологияны құдайлар, батырлар жайлы оқиғалардың жиынтығы, әлем туралы фантастикалық қиялдардың жүйесі деуге де болады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде миф әлемді танып-түсінудің басты құралы болған, демек ол өзінің пайда болуы тұсындағы әлемді қабылдау, өмірді түсіну тенденцияларын да көрсетеді.

Адамның мифтік санасында табиғатты, оның құбылыстарын адамға айналдыру байқалады. Олар табиғат объектілеріне жан бітіріп, саналы етіп, адам бойындағы сезімдерді т.б. қасиеттерді оларға дарытады, ал ата-баба рухын, керісінше, көбінесе аң-құстар бейнесіндегі символдарға айналдырып отырған. Жанды, нақты кейіпкерлер бойына космостық деңгейдегі тылсым күштердің берілуі мифологиялық фантастиканы туындатады. Кез-келген мифтік сюжетте фантастикалық элементтің болуы тегін емес, өйткені қазіргі дәуірде қарқынды дамып келе жатқан фантастиканың архетипі мифтерде екендігіне дәлелдемелер өте көп. Мифтерде әлемді, табиғатты, жеті қат жер астын, алты қат аспанды білуге деген құлшыныс арада мыңдаған жылдар бойғы тарихи кезеңдерді артқа тастап, біздің дәуірдегі ғарышты, аспан әлемін, жұлдыздарды ғылыми тұрғыда игеруге ұмтылдыртып отыр. Кешегі мифтік санадағы қол жетпес қияли элементтер бүгінде нақты ғылыми жетістікке айналып, күнделікті тұрмысқа белсенді еніп те жатыр.

А. Байтұрсыновтың «Адам анайы шағында (ежелгі дәуірде)... ақыл жағы күшеймей, қиял жағы күшейіп, анайы заманның адамының ақылы нашар, қиялы күшті болған. Адамның анайы шағындағы шығармалары орасан қияли, орасан керемет көп, расы аз түрде болған» – [1,48-б.] деген пікірі қиялдау арқылы жаңалықтарға ұмтылу б.з.д. ғасырларда-ақ пайда болып, сол кездегі мифтер мен аңыздардағы қиял қазіргі заманның шындығына айналып отырғандығын аңғартса керек.

Мәселен, антикалық дәуірлерден бастап адамдардың күнделікті тіршілік үшін аспан әлемін зерттей бастауы астрономия ғылымының қалыптасып, дамуына түрткі болды. Адамдар ежелгі

кезеңдерде-ақ мифтік сюжеттер мен аңыз-әпсаналарында, ертегілерде, одан кейін фантастикалық шығармаларында аспан әлемін игеру, ондағы планеталарға сапар шегу армандарын бейнелеп отырған. Қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлер алып самұрық құсқа, қанатты арғымақ аттарға мініп ұшса, орыс ертегілеріндегі мыстан кемпірдің сыпырғышпен ұшуы аспан әлемін бағындырудағы әр халықтың өзіне тән дүниетанымын айқындайды. Көшпелі ғұмыр кешіп, табиғатпен үйлесімділікте өмір сүрген қазақтардың ұшу құралы ретінде ғажайып құсты немесе қанатты атты таңдауы адам мен табиғатты ажыратпайтын, оларды біртұтас ұғым деп қарастыратын танымын білдіреді, ал отырықшы ғұмыр кешкен орыс елі үшін күнделікті тұрмыс құралы – сыпырғыш етене жақын зат. Жалпы мифтердің өзі белгілі бір ұлтты жан-жағынан танып білуге мүмкіндік беретін құрал болып та табылады.

Айзек Азимов: «Кез-келген мифтегі Құдай араласатын жерлерді ғылыми болжаммен алмастырып, фантастикалық әңгімеге айналдыруға болады»- [2,12-б.]деп жазады. Кезінде миф, аңыз, ертегіде суреттелген идеялар, ғаламат қияли образдар, фантастикалық көріністер бүгінде ғылым мен техниканың нақты жетістіктері арқылы шындыққа айналып жатыр. Олай болса, біздің заманымыздағы кез-келген ғылыми-техникалық жетістік ежелгі адамдардың табиғатқа еліктеп, соған ұқсас нәрселер ойлап табуға тырысқан қиялының жемісінен туындағанын мойындамасқа болмайды. Яғни, адамзат ең алдымен өзіне аса қажет, қол жетпес нәрсені қиялдайды, сөйтіп адам санасына осы нәрсені жүзеге асыру туралы алғашқы ой ұрығы себіледі. Ал ұрыққа қолайлы жағдайлар туындаған кезде (жүзеге асыруға қажет ғылыми-техникалық білім-ғылым толысқан шақта) ол өсіп, өніп өз жемісін береді, яғни адамзат арманын қанағаттандыратын жетістік дүниеге келеді. Тау көтеретін Толағай немесе ,,Ер Төстік’’[3.] ертегісіндегі тауды тауға қақпақылдап ойнайтын Таусоғар қазіргі көтергіш крандарды бейнелесе, Желаяқ адам уақытын үнемдеп, барар жеріне жеткізе қояр көлік құрылымдары мен зымырандарды дүниеге әкелді, Сақұлақтың бойындағы дарынға еліктеген адамзат тез хабар алғызатын телефон, радионы ойлап тапса, Көрегеніміз қазіргі теледидар, ғаламтор екендігіне дау жоқ. Сонымен қатар, шығыс ертегілерінде көп кездесетін адамның барлық тілегін орындайтын сиқырлы таяқшамыздың бүгінгі өмірдегі моделі ретінде теледидарды, машиналарды басқаратын дистанциялық пультті атауға болады. Адам басқарғыш пульттің белгілі бір түймешесін басса болғаны, қалаған функция өздігінен орындалады, мұның өзі – бүгінгі техникалық ойдың жетістігі.

Қазіргі кездегі белгілі бір техникалық жетістікті айтып мақтанар болсақ, олардың қай-қайсысының да фольклорлық туындылардан бастау алып, әдебиеттің даму жолында алдын-ала болжанып, әдеби моделі жасалғандығын ескеруіміз керек. Өйткені әдебиет өз тарихында қоғамдық өзгерістердің бірде-біреуінен тысқары қалып көрген емес. Прогрессивті даму туралы ойлағанда, алдымен, фантастикаға жүгінуіміздің себебін оның осындай прогностикалық қырынан көреміз. Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани: «Тегінде ғылым мен фантазияның қоян-қолтық жүретін кездері көп. Кесек ғылыми жаңалықтарды терең қиял тудырады. Ғылым шарықтағанда, қиял да шарықтаған және керісінше, қиял шарықтағанда, ғылым да шарықтаған. Бұл екеуі де сабағы бір, түбірі бір, бір ағаштың екі бұтағы сияқты десек асырып айтқандық болмайды».[4,6-б.] деген болатын. Ендеше, көне мифтердегі фантастикалық идеялардың бүгінгі өмірде жүзеге асып, қолданысқа енуі де осыны айғақтай түседі.

Мифологияның басты шарты адамның өзін табиғи ортадан бөліп қарастырмайтындығында екендігін жоғарыда атап өттік. Мифтік санада табиғатты, оның құбылыстарын антропоморфтау байқалады. Д.Нагишкин: «Ешбір халық дүниедегі көзге көрінетін, көзден таса құбылыстарды түгелімен адам кейпіне келтіру арқылы түсіндіру дәуіріне соқпай өткен емес»- [5,43-б.] деп жазады.

Жалпы дүниенің, оның ішінде, аспан мен жердің жаратылысы туралы айтылатын мифтер– космогониялық миф деп аталады. Аспан денелерін адам бейнесінде бейнелейтін мифтер желісіне ай бетінде отырған қыз туралы космогониялық мифті алуға болады. Қоршаған дүниенің қалай жаратылғанын, ондағы ерекшеліктердің мәнін өз түсінік-пайымдарына орай ұғындырғысы келген ежелгі дәуір адамдары жігіт бейнесіндегі Айға жердегі жетім қыздың ғашық болғанын баяндайды. Өгей шешесі қызды түнде су әкелуге жұмсайды. Қыз суға барып, ғажайып бір сұлу жігітті көреді, сөйтсе, ол су бетіне шағылысқан Айдың бейнесі екен. Қыз айға жалынып, өзін алып кетуін өтінеді. Сөйтіп, Айға барып қосылған, қолына шелек ұстап тұрған қыздың бейнесін айдың бетінен көруге болады. Мұндағы фантастикалық элемент айдың жігіт бейнесіне енуімен бірге, қыздың айға баруы, адамның алғашқы планетааралық саяхаты, яғни айға сапар шегуіне негізделген. Осындай космогониялық мифтер дүниеге келген заманда адамзат танымында қыздың ай бетінде “аман-

есен" отыруы сол уақыт үшін айға барудың мүмкін екендігін "дәлелдеуші" фактор ретінде қабылданған.

Алайда, қазақ мифтерінде жердің, басқа да аспан денелерінің пайда болуы туралы мифтердің аз екені байқалады. Белгілі фольклортанушы А.Х.Мархабаев оның негізгі себебін ислам дінімен ұштастырады: «Қазақ мифтерінің арасында аспан мен жердің, күн мен айдың, жұлдыздар мен планеталардың қалай пайда болғандығы, олардың қалай жаратылғаны туралы мифтер аз сақталған. Оның себебін ислам дінінің ықпалынан деп айтуымызға болады. Барлығын да жаратқан бір Алла деп есептегендіктен, оған басқа бір күшті қосарлаудың қисыны шамалы болған. Тағы бір себебі – қазақ мифтері күні бүгінге дейін мардымды түрде жиналмай, ұмыт қалғандығынан». [6, 5-б.]

Қазақ мифтерінің бір ең байырғы түрлерінің бірі – жануарлардың қалай пайда болуы туралы айтылатын этиологиялық мифтер. Мұндай мифтерде көбіне жан-жануарлар, құстар белгілі бір елдің, тайпаның, рудың ата-бабалары болған деген тотемдік түсініктермен байланыстырылады. Көк бөріні тәңіріміз деп қабылдаған түркі елі өздерін қасқырдан тарағанбыз деп есептеген. Мұндай түсініктің іздері қазақтың "Ақ қасқыр" деген ертегісінен де аңғарылады. Бұл ертегіде адам мен қасқырдың үйленуі, қасқырдың адамға айналуы, жалпы қасқырлар елін адамдардың қоғам дәрежесінде түсінуі сияқты мифтік ұғымдар баяндалады. Жалпы тотемдік мәні бар мифтерде де фантастикалық элементердің көп кездесетіні аңғарылады. Бірақ белгілі бір аңның адамға айналуы немесе адамның аңға айналуы қазіргі заманғы генетикалық зерттеулер нәтижесінде, шындығында да, орындалуы ықтимал мүмкіндік. Жоғарыда келтіріп өткендей, Г.Уэллстің "Доктор Моро аралы"[7] фантастикалық шығармасында аңдардан скальпельдің көмегімен адам жасап шығаратын ғалым туралы сөз етіледі. Әдеби фантастика мен ежелгі дәуір мифтеріндегі аң-құстардың адамға айналуы немесе керісінше адамның аң-құсқа айналуы мотивтерінде ортақтық бар. Фантаст-жазушылар идеясының негізі мифтен алынған, бұдан біз фантастика мен мифтің туыстығын, арасындағы үзілмес сабақтастықты көреміз.

Қазақ ертегілерінің ішінде шиеленіскен күрделі сюжеттері арқылы оқырмандарын қызықтыратын ертегі – "Ер Төстік". Ертегідегі жерасты патшалығы туралы ой-таным ежелгі грек мифпен сарындас келеді. Ер Төстік сюжетінде де өмір біреу емес, әлденешеу деген ой жатыр. Халық түсінігі бойынша адам жерастына түссе де өмір сүре бермек. Осы ретте Ер Төстік пен Шалқұйрықтың жер астындағы Бапыхан, Темір хан, Кеще хандармен күресінің өзі адамзат қиялының көрегендігін, ұшқырлығын көрсетеді. Кейінгі кезде жазылып жүрген жерасты тақырыбындағы фантастикалық туындылардың негізі осындай мифтер мен ертегілерде жатса керек. Мәселен, А.Машанидің "Жер астына саяхат" фантастикалық шығармасын атауға болады.

Адамзат баласын заманауи жетістіктерге жетелеп келе жатқан шығармашылық қиялдың ауыз әдебиетіндегі аңыз, мифтерден туғандығына көз жеткізе түсеміз. Мифтік сюжеттердегі мұндай заңдылық туралы С. Қасқабасов былай дейді: «Шағын эпикалық шығармалар әдебиет тарихының әр кезеңінде әр сипатта болған. Мәселен, ежелгі көне дүниедегі бұл тектес көркем туынды - миф, одан кейінгі әр тұстардағы аңыз, ертегі ... т.б. Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін фантастикалық бояу. Миф – адам баласының сәбилігі туралы шежіре, ендеше, оның біздер үшін танымдық мәні зор де үлкен». [8, 27-б.]

Демек, шығармашылық қиял, мифтің түп-төркіні біздің тарихымызда өте көне дәуірлерде пайда бола бастаған. Қазақтың мифтік аңыздарының ішінде басқаларынан шоқтығы биік тұратын Қорқыт пен Асан қайғы туралы мифтер екендігі белгілі. Қорқыт ата туралы іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдың бірі – Әлкей Марғұлан болатын. Қорқыт бабамыздың өз заманында болашақты болжайтын сәуегей кісі болғандығы жөнінде Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың өмір бойы арманы – мәңгілік өмір іздеу, сол үшін күресіп, өлімге қарсы тұру... Қорқыттың бұл фәлсафасы дүние тарихында өте сирек кездесетін, адам баласы туғызған ойдың ең жарқын бейнесінің бірі болып суреттеледі - дей келіп, аты аңызға айналған Қорқыт баба тұлғасына әлем әдебиетінен ұқсас аналогтар қарастырады. Мұны тек Прометей мен Харта туралы айтылатын дүниежүзілік әдебиет мұрасына теңеуге болатындығын баяндайды. Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт бар өмірін тағдырмен алысу үстінде өткізеді, өлмейтін өмірді көксеп, тағдырға, өлімге қарсы тұрады. Жас Қорқыттың іздегені – адам баласының өлмей, уайымсыз еркін өмір сүруі. Қорқыт философиясы бойынша өлім оның көзіне зұлымдықтың басы болып көрінеді. Өліммен күресу, адам баласына өлмейтін өмір іздеу жолында Қорқыт – халықтың қорғаушысы, оған дем беруді өзіне мұра еткен кемеңгер бейнесінде суреттеледі». [9,5-б.] Ғалым пікіріндегі Қорқыттың өлімді зұлымдықтың басы деп түйсінуі, ал тірішіліктегі өмірді керісінше – теңдесі жоқ керемет, ғажап дүние деп

ұғынғандығын аңғарамыз. Өлімнен қашқан Қорқыт қайғысының астарында өмірдің қадірін білу, оны мақсатты, мәнді, мазмұнды етіп өткізу идеясы көрініс береді.

Ә.Марғұлан халық ауыз әдебиетінен бізге жеткен "Қорқыт және ажал" деген дастаннан мынадай үзінділер келтіреді:

Қорқыт қашты ажалдан,
Аңыратты қобызын.
Қобызында көп арман,
Тоқсан толғақ әдемі үн.
Желмаясын желдіріп,
Ілгері басып келеді.
Күй сарыны - сел тасқын,
Күңірентіп келеді.
Тасы құлап жартастың
Жаңғыртты даланы
Құйын боп та ұйытқыды.
Ну орманды шулатып,
Дауыл болып жүйткиді.
Көл- өзенді тулатып,
Қас қаққанша кенеттен
Баурап бәрін биледі.
Боздағандай "беу-беулеп,"

Жас төгеді күй легі,–[9,78.] деп басталатын аңыз сөзінде Қорқыттың зарлы да сазды, әдемі үні бар қобызы оны арманына жеткізетін арқа сүйер рухани күш ретінде сипатталады. Ол туралы А.Х.Мархабаев: «Қорқыттың қобызы белгілі бір деңгейде уақыт машинасы да болған тәрізді»[6,8.]- деген пікір білдіреді.

Мәңгілік, өлмейтін ғұмыр туралы күрделі ізденістер, іргелі зерттеулер жүргізіп жатқан бүгінгі таңдағы геронтология ғылымының басты проблемасын сонау алыс ғасырларда-ақ Қорқыт туралы аңызда көтерген. Аңыздағы Қорқыт ата образы - шын мәнінде әлеуметтік фантастиканың тұңғышы. Академик Қ. Жұмалиев: "Қорқыт аңызының мәні терең. Өлімнің сөзсіз нәрсе екенін, адам үйде болсын, түзде болсын, қай күні болсын өлуі хақ нәрсе екендігін біле тұра, бірақ соған қарсы шара іздейді. Адам баласы өзінің даму жолында өлімге де қарсы шаралар қарастырып, одан құтылу әрекетін жасаса, өлімді қашырса, адамға ажал кәрі жоламайтын болса деген аңсаудан келіп "Қорқыт" деген аңыз туды. Су бетіне кілем жайып, Қорқыттың бірнеше уақыттар ажалды жолатпауы жай айтыла салған нәрсе емес, күндердің күнінде өлімді кідіртетін шараның болатынына сенушілік, соны аңсаушылық,"- [10, 64-б.] деп ой қорытады.

Жаһандану дәуіріндегі ғылыми-техникалық мегатенденция әдебиеттегі өз ізін фантастика жанры арқылы қалдырып келеді: өйткені әдебиет қоғамның айнасы ретінде оның бірде-бір құбылысынан тыс қала алмайды. Фантастиканың құдіреттілігі–тек өткен мен бүгінді сараптаумен шектелмей, алыс болашаққа еш кедергісіз сапар шегіп, бүгінгі заманның басты кемшіліктері мен жетістіктерін айқындап беруінде. Белгілі бір қоғамда орын алып жатқан келеңсіздікті ойша дамыту арқылы, оның алыс болашақта қандай қатерге әкеліп соқтыратындығы фантастикалық идея арқылы оқырманға жеткізіледі. Алысты көре білетін ұшқыр ойлы фантаст-жазушылар қоғамдағы позитивті және негативті тенденцияларға болашаққа құрған модельдері тұрғысынан әділ бағасын беріп отырады және өз кезегінде қоғамды қателіктерге ұрындырмай, оның прогрессивті дамуына оң ықпалын тигізбек. Бұл турасында В.Шефнердің мына пікірінің мәні бар:"Қиял әлеуметтік, этикалық, тұрмыстық мәселелердің нағыз ақиқат сырын ашып, болып жатқан оқиғалардың түп-тамырын айқындауға септігін тигізеді". [2,73]

Бүгінгі ғылым мен техниканың кез-келген бір жетістіктігін қарастырар болсақ, олардың қай-қайсысының да көркем шығармаларда әдеби моделі жасалғандығын, ұшқыр идеяның ұрығы себілген соң барып оны жүзеге асыру үшін адамдар әртүрлі жаңалықтарға қадам басқандығына көз жеткізуге болады. Мысал үшін, ауыз әдебиетіндегі тауды тауға қақпақылдап ойнайтын Таусоғар бүгінгі көтергіш крандарды ойлап табуға түрткі болса, Көрегенге, Саққұлаққа еліктеген адамдар теледидарды, радионы ойлап тапты, ал ұшқыш кілем – қазіргі заманғы ұшақтың әдебиеттегі моделі.

Халықтың осы арманын жүзеге асыру жолында қазірде медицина ғылымы жан-жақты, жемісті зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Медициналық геронтология ғылымы қазір қарқынды дамып келеді. Геронтология - адам жасын ұзарту мәселесімен айналысатын ғылым. Бүгінгі

ғалымдар адамның өмір жасын ұзарту үшін құрғақ теориядан тура тәжірибе жасауға көшіп отыр. Олай болса, нақты ғылымға сүйене отырып, ғалымдар адамның өмір жасын ұлғайтатын бір жаңалық табуы да ықтимал.

«Қорқыттан жеті ғасыр кейін өмір сүрген атақты Асан Сәбитұлы - XY ғасырда қазақ ұлысын біріктіру мәселесін қолына алған даланың ойшыл данасы» – (Ш.Уәлиханов). "Әбілқайырмен бірге Сыр бойында, Арқада отыра алмай, Асан ата Орда(бұл жерде еліне жайлы мекен) болар жер іздейді. Осы араның жерін, елін, көруге Асан да Қорқыт сияқты Желмаяға отырып, елге қоныс болатын өзі байтақ, орманды, көк шалғынды, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын ұйық жер іздейді!" - деп жазған-ды Ә.Марғұлан. [9,7-б.]

Асан Қайғының арманындағы қонысы:
Мына жақта бір жер бар.
Қыстан малы күйзелмеген,
Құба жонда жатады.
Қысы өте жайлы жер,
Дей алмаймын сол жерде
Ешкі майы қатады.
Қар жатпайды жерінде,
Күн кетпейді белінен,
Түнде жауған қарлары
Сиыр түсте еріген.
Егіні ерте егілген.
Сол жерге қарай барамыз,
Десек: "егін саламыз",
Қиыншылық көрмейді

Кейінгі ұрпақ-баламыз,–деп Асан Қайғы өзінің Жерұйығы, Жиделібайсынын осылайша сипаттайды. Байқап қарасақ, аңыз, мифтер арқылы фантастика жанрының шымылдығын ашқан Қорқыт ата мен Асан Қайғының жырлаған тақырыптары да өзектес екендігін көреміз. Сол кезеңдегі арман, қиялдың басты проблемасы – көшпелі тұрмыс кешкен халыққа ең керекті, мұқтаж нәрсе – ойларынан дәл шығатын қоныс қарастыру. Ол қоныс фантастика тілімен айтсақ, "өз планетасын" немесе өз континентін іздеу. Жалпы, Асан Қайғының Жерұйығын утопия деп атауға толық негіз бар. Ол іздеген "Жерұйық" - шұрайлы қоныс қана емес, қоғамның үлгісі. Жыраудың "Жерұйықты" іздеуі атақты Томас Мор "Утопиясы" (1516 ж.) мен Томаззо Кампанелланың "Күн қаласы" (1602 ж.) шығармасындағы қиял-армандармен ұштасып жатады. Утопия дегеннің өзі ешқандай кемшілігі жоқ, ең жақсы қоғам құру идеясы болып табылады.

Қорыта келе, бүгінгі фантастика – кешегі фольклордың жалғасы деуге болады. «Бүгініміз бен ертеңіміз туралы сөз қозғасақ, кешегімізді ұмытпайық» деп, ғұламалар баяғыда-ақ айтып кеткен. Адамзаттың түсініксіз, жұмбақ әлемді өзіне жақындату, оны тануға ұмтылған мифтерінде фантастикалық элементтердің мол кездесуі – фантастиканың архетипі мифтер болғандығын дәйектейді. Мифтік санадағы фантастикалық модельдердің қазіргі заманда жүзеге асуы, яғни өркениетті дамытуға үлес қосуының өзі бүгінгі өркениеттің өзі кешегі арман-қиялдан туғандығын көрсетеді. Осы орайда, миф пен фантастиканың өзара тамырластығы мен айырмашылықтарын саралап өткен абзал. Фантастика мен мифтердің ұқсастығы:

–Миф те, фантастика да ұшқыр қиялдың жемістері. Қиял тізгінін тартпай, оны шарықтату нәтижесінде мифтік, фантастикалық сюжеттер пайда болады.

–Бағзы дәуірлердегі мифтер адамзаттың өздерін қоршаған табиғаттың тылсым күштерін, құпияларын ашпаған кезде, соларды өз түсінік-пайымдарына орай танып білу ниетінен туындаса, қазіргі фантастикада да осы мифтік ұмтылыс бар деуге болады. Бүгінгі адамзат үшін ғалам, өзге планеталар, жұлдыздар әлемінің құпия сырлары әлі толық ашылған жоқ, сондықтан олардың белгісіз космос әлемін тануға ұмтылған ұшқыр қиялы фантастикалық шығармалардың жазылуына себеп болуда.

–Мифтерде бүгінгі заманда жүзеге асып жатқан ғылыми-техникалық жетістіктің әдеби модельдері жасалған болса, фантастикада болашақта жүзеге асуы мүмкін келешек әлем туралы алуан түрлі әдеби модельдер жинақталған.

Мифтік желілер мен фантастикалық сюжеттердің айырмашылығына тоқталар болсақ, мифтердегі қияли идеялар болашақты алдын-ала жоспарлау сияқты белгілі әдеби міндет негізінде туындаған жоқ, адам баласы мифтер арқылы тек қиял, арманын бейнеледі, ал фантастикалық туындылар болашақты болжау міндетінен туындап жатады.

Байқасақ, бүгінгі заман үшін фантастика аса қажетті, өзекті мәселелерді көтеретін іргелі әдеби жанр болып табылады. Өйткені фантастика, соның ішінде ғылыми фантастика адамдардың армандау, қиялдау құлшынысын оятып, оны ғылымда, өмірде жүзеге асыруға ұмтылдыра түседі. Осындай артықшылықтары бар әдеби жанр фантастика – біздің әдебиетімізде енді өркендеп келе жатқан жанрлардың бірі. Ғалымдардың зерттеу жұмыстары бойынша, фантастикасы жақсы дамыған елдердің қай салада болмасын өзгелерден басым екендігі айқындалған. Сондықтан қазақ фантастикасын дамыту, оны жаңа тақырыптармен, ұшқыр идеялармен байыту – бүгінгі таңда аса өзекті мәселелердің бірі.

Фантастикалық идеялар бүгінде ғылыми жетістіктерге сүйене отырылып жасалады және оларды ойша дамыту арқылы ғылыми-техникалық өркениеттің жаңа, тың модельдері жасалады. Кешегі мифтер адамзаттың бүгінгі өркениетке жетуіне себепші болуымен қатар, қазіргі фантастиканың дамуына негіз болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынов А. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Құраст. Р. Нұрғалиев.– Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Азимов А. Мой выбор. // Иностранная литература. 1967, №1.
3. Қазақ ертегілері . Құр. С.Мәмет. – Алматы: Балауса, 2000. – 228 б.
4. Машанов А. Қиял мен шындық. // Лениншіл жас, 1958 ж., 6 июнь.
5. Нагишкин Д. Сказка и жизнь. -М.: Советский писатель, 1968.
6. Мархабаев А. Х. Қорқыттан Айбергеновке дейін. // Түркістан, 12 мамыр, 2005 жыл, 7 бет.
7. Уэллс Г.Дж. Машина времени. Война миров. Человек-невидимка: Романы, рассказы: пер.с англ. – М, Изд-во «АСТ», 2003.
8. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 270 б.
9. Марғұлан Ә. Қорқыттың өліммен күресі. // Қазақ әдебиеті. -1968,8 тамыз.
10. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихы мәселелері.-Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1958 ж. - 164 бет.

ҒТАМР 16.21.49

Шойманова М.Б.,
аға оқытушысы, ф.ғ.к.
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
e-mail: moldir@list.ru

Каприелова А.С.,
аға оқытушысы, ғылым магистрі
Тілдік пәндер кафедрасы
«Мирас» университеті

Бекмуратова А.Б.
аға оқытушысы, ғылым магистрі
Тілдік пәндер кафедрасы
«Мирас» университеті

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТІ БІЛДІРЕТІН ИДИОМАЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ (ТӨРТ ТҮЛІК МАЛҒА ТӘН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация: Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, бір сөзбен айтқанда, дүниетаныммен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырсақ қана біз ұлттық тілдің табиғатын шынайы танитын боламыз; тілдік жүйенің құрылымы мен қыр-сырына тереңдеп барамыз. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі.

Соңғы жылдары адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесін жиі сөз ете бастады. Әсіресе ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл бұрынғысынша тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен бірге ол мағыналық, ұғымдық, өрістік, концептілік тұрғыдан жиі зерттелініп жүр.

Түйін сөздер: тілдік жүйе, тілдік бірліктер, рухани қазына, ұлттық тіл, адами факторлар.

Аннотация: Если мы посмотрим на историю, культуру, духовные ценности нации, одним словом, в тесной связи с мировоззрением, то узнаем природу национального языка; мы углубляемся в структуру языковой системы. Одним из основных направлений лингвистики является рассмотрение языка, языковых единиц вместе с человеческим фактором и человеческими ценностями.

В последние годы мы сосредоточились на человеческих факторах и часто говорили о проблеме языка, рационального использования языковых единиц, глубокого понимания значения языка. Особое внимание уделяется культурным данным о национальных ценностях, и язык все чаще изучается не только с точки зрения личности (формальной), но также с точки зрения значения, концептуальности, поля.

Ключевые слова: языковая система, языковые единицы, духовное достояние, национальный язык, человеческий фактор.

Abstract: When we look at the history, culture, spiritual treasures of the nation, in a word, in a close relationship with the outlook, we will know the nature of the national language; we go deeper into the structure and structure of the language system. One of the main directions of linguistics is to consider the language, the language units together with human factors and human values.

In recent years, we have focused on human factors and have often talked about the problem of the correct language, the rational use of language units, the deep understanding of the meaning of the language. Particular attention is paid to cultural data on national values, and language is still more often studied not only in terms of personality (formal), but also in terms of meaning, conceptuality, field, conceptuality.

Keywords: linguistic system, linguistic units, spiritual treasure, national language, human factors.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді зерттеп, олардың дүниетанымдық сипатын анықтау үшін түрлі дерек көздерді (түрлі түсіндірме сөздіктер, фразеологиялық сөздіктер, көркем әдебиеттер, газет-журналдар, т.б.) пайдалану арқылы сиыр малына қатысты 76 фразеологизмді тауып, жазып алдық. Олардың 20-ы – сиырға, 9-ы – өгізге, 34-і – бұқаға, 8-і – бұзауға, 5-уі – сиырдың басқа түрлеріне (қашар, жалпы сиыр малына қатысты және т.б.) қатысты фразеологизмдер (1-кестеден қараңыз).

Ағылшын тілінде кездесетін фразеологизмдердің ең көбі *сиыр* мен *бұқаға* байланысты екен. Солай болуы заңды да. Өйткені *сиыр* сүті үшін, сүтінен өндірілетін әртүрлі тағамдар үшін

және балдай тәтті еті үшін бағылатын болса, *бұқа* аталық мал ретінде қолда ұсталынады. Енді осыларды рет-ретімен талдап кетейік.

Ағылшын тілінде сиырға байланысты біраз фразеологиялық тіркестер бар. Олардың жасалуы – сиыр малының әртүрлі қасиеттеріне байланысты. Өзіміз білетіндей, сиыр малы – біріншіден, сүті үшін және одан әзірленетін әртүрлі ірімшік, май және т.б. өнімдер үшін қолда ұсталынады.

Сиыр шөпті неғұрлым көп жесе, сүтті соғұрлым көп беретін берекелі мал. Ағылшын тіліндегі *milch (or milking) cow, cash cow* тұрақты тіркестері осы береке-байлық көзін білдіретіндей.

milch (or milking) cow – **«сауын сиыр»** тұрақты кіріс көзі – «байлық көзі» дегенді білдіреді. Мыс.: *...Jos was a regular* ***milch cow*** *to the doctor…* (W.Thackeray, 'Vanity Fair', ch. LXVII) *...Джоз дәрігер үшін* ***сауын сиыр*** *болды…*

The State will always be useful to them for the repression of the workers and as a ***milch cow*** ('Labour Monthly', Febr., 1959). *Мемлекетті қуатты капиталистік монополиялар жұмысшыларды басушы құрал және* ***сенімді байлық көзі*** *ретінде қолданып отырады.*

*Referring to profits taken by the Belgian Union Miniere and other companies from what he called the Congolese "****milking cow****". Toure said it was not easy to renounce hundreds of millions of dollars of net yearly profit* ('The Worker', Oct. 16, 1960). *Бельгиялық «Юнион Миньер» компаниясының және басқа компаниялардың келтіретін пайдасы жөнінде және конголық «****сауын сиыр****» жөнінде айта келе, Туре жүздеген миллион доллар таза түсімнен бас тарту оңай емес екендігін айтты.*

cash cow – қолма-қол / тұрақты ақшаның қайнар көзі болатын сауын сиыр. Мыс.: *His books were his* ***cash cow****. They were printed in large number of copies. He could live on the fees. Кітаптар ол үшін* ***ақша көзі*** *болып есептелді. Оларды үлкен даналарда баспадан шығарып отырды. Ол сол алған жалақысына да өмір сүре алар еді.*

Сиыр малына қатысты ***a sacred cow, holy cow*** деген тұрақты тіркестері – «әулие сиыр» (ирон.), қол сұғылмайтын тұлға (ұйымдарға, кәсіпорындарға және т.б. қатысты) дегенді білдіреді [1, 54-58 б.]. Мыс.:

Jimmy. *She ...seems to have become* ***a sacred cow****!*

Cliff. *You've gone too far ...* (J.Osborne, 'Look Back in Anger', act II, cs.I)

Джимми. *Гелена ... сен үшін* ***әулие сиырға*** *айналған-ау!*

Клифф. *Сен тым артық кетпе…*

Tories… regard rent, interest and profit as ***sacred cows*** *to be fattened at the expense of the people* ('Daily Worker', Nov. 25, 1961). *Консерваторлар... жалға алу ақысын, пайыздар мен түскен кірісті халықтың есебінен семіретін* ***әулие сиыр*** *деп есептейді.*

holy cow! – «мүмкін емес! құдайым-ай!, міне керек болса!, мәссаған!, ей!» сияқты таң қалу, өкінуді және т.б. білдіретін лепті сөз. Мыс.: *'Do you know anything about books?' 'Yes, sir; I'm a good book-keeper.' '****Holy Cow****! Our job is getting rid of them. My firm are publishers.'* (J. Galsworthy, 'The White Monkey', part II , ch. IX) '*Сіз кітаптар жөнінде бірдеңе білесіз бе?' 'Иә, мырза. Мен кеңселік кітаптарға тіркеу жүргізе аламын.' '****Ау, құдайым-ай****! Бізде кітаптарға тіркеу жүргізу емес, олардан мүмкіндігінше тез құтылу керек. Өйткені біздің фирмамыз баспахана ғой.'*

*'****Holy cow****!' Tod roared. 'Will I ever forget the look on the McGloys' faces when your Pop told them so.'* (D. Gusack, 'Heatwave in Berlin', ch. 10) - ***Шайтан алғыр****! – деп, айқайлайды Тод. – Сіздің әкеңіз оларға осы іс жөнінде айтқандағы Макглоилардың бет-аузын қалай мыржың-тыржың еткізгенін ешқашан ұмытпаспын.*

*Mr. Wintermeyer sounded appalled and incredulous. '****Holy cow****!' he said.* (Daily, Herald, Jan. 15, 1962) *Уинтермейер мырза өз құлағына өзі сенбеді.* ***Ай, сұмдық-ай****, – деп жағасын ұстады ол.*

a fair cow (жарг.) – екі түрлі мағынада қолданылады. 1) жағымсыз адам, алаяқ, жексұрын, сұм, қиқар, қырсық жануар. Мыс.: *I had* ***a fair cow*** *of a house called Grasshopper* (K.S. Prichard, 'Coonardoo', ch. XXV). *Менің Құмырсқа деген лақап аты бар* ***өте қиқар*** *сиырым болып еді.* 2) жағымсыздық, жағымсыз бір іс; = оңалмаған іс. Мыс.: *I expect you two played the ghastly thing together, and jeered your guts out! Oh, it's* ***a fair cow****!...* (P.H.Johnson, 'Night and Silence Who is here?', ch. XXX) *Менің ойымша, сіз екеуіңіз де осы жаман ойынды ойнап зорыққанға ұқсайсыз.* ***Қызық іс****!... 'How's the job with the baker?' 'It's* ***a fair cow'****. He said. 'Twelve hours a day, six days a week!'* (G. Johnson, 'My brother Jack', ch. 7). *–Наубайханадағы жұмысқа қарай қалайсың, –* ***Оңбаған жұмыс****, – деп жауап берді Джек. – Күніне он екі сағаттан, аптасына алты күн.*

the cow with the iron tail (ауызекі) – «темір құйрықты сиыр» (сүтті сумен араластыратын аппарат, сүт жасайтын қондырғы). Мыс.: *The Rinderprest does not affect* ***the cow with the iron tail***

(J.S. Farmer & W.E. Henley, ‘Slang and its Analogues’). *Мүйізді ірі қараның оба ауруы «**темір құйрықты сиыр**» үшін қауіпті емес.*

salt the cow to catch the calf – (амер. ауызекі) – өз дегеніне бұрма жолдармен жету немесе бұл тұрақты тіркесті сөзбе-сөз аударатын болсақ, ол *бұзауды ұстау үшін сиырды тұздау* дегенді білдіреді, яғни өз дегеніне жету үшін неден болса да тайынбайтынын білдіреді. Мыс.:

*I went on the old saying of **salting the cow to catch the calf**. (DA)*

*Мен **өз дегеніме бұрма жолдармен жеттім**.*

Англияда 17-18 ғасырларда кең таралған, содан кейін ұмытылып кеткен, алайда АҚШ-та сақталған, содан қайта Англияға қайта оралған тұрақты сөз тіркесі бар. Ол *till (or until) the cows come home* **(**ауызекі тілде) «шексіз ұзақ, өте ұзақ; қиямет-қайымға дейін» дегенді білдіреді. Бұл тұрақты тіркесті сөзбе-сөз аударсақ, *сиырлар үйге қайтып оралғанша* немесе *сиырлар келгенше* дегенді меңзейді. Сиыр – өте жайбасар мал. Ол өрістен қайтып келе жатып та тез жүрместен, жол-жөнекей жайылып, шөп жеп қайтады. Сондықтан ұзақ уақыт мерзімін білдіру үшін ағылшын халқы осы тұрақты тіркесті қолданады. Мыс.: *Steady, Larry! Steady, boy! I’m here! I’m with you **till the cows come home**.* (J.Conroy, ‘The Disinherited’, part III, ch. II) *Сабаңа түс, Ларри! Сабаңа түс, бала! Мен жаныңдамын. Мен **өмір бойы** жаныңда боламын.*

*Whiskey was another matter, but beer he could drink **till the cows come home**, and it wouldn’t affect him.* (J.O’Hara, ‘Assembly’, ‘The Pioneer Hep-Cat’) *Виски – оның жөні бір басқа, ал сыраны ол **бүкіл күні бойы** іше беретін және оған ол ешқандай әсер етпейтін.*

*‘I’ve got to go now’, she insisted. ‘If you like to wait I’ll meet you… about quarter past seven.’ ‘Wait? I’d wait for you **till the cows come home**.’* (D.Cusack and F.James, ‘Come in Spinner’, ‘Friday III’) *– Менің қазір кетуім керек, – деп Гини өз дегенінен қайтпай қойды. – Егер сенің күткің келсе, біз… шамамен сегізден он бес кеткенде кездесер едік. – Күту дейсің бе? Мен **сені бүкіл өмір бойы** күтуге дайынмын.*

Келесі бір тұрақты тіркес алдыңғы тіркеспен мағыналас. Өйткені ***when the cows come home*** тіркесі ауызекі тілде *ешқашан; өгіз бұзаулағанда* дегенді білдіреді. Мыс.:

A. When do you expect him to pay back that debt?

*B. When **the cows come home**, I expect.*

А. Ол қарызын қашан төлер екен? Сіз қалай ойлайсыз?

*Ә. **Ешқашан**, менің ойымша...*

do something until the cows come home – бір нәрсемен ұзақ уақыт айналысу, сағыздай созу дегенді білдіреді. Мыс.: *Your children will enjoy this game **till the cows come home**. Бұл ойын сіздің балаларыңыздың **ұзақ уақыт** көңілін таба алады.*

cow college – (жаргон) екі түрлі мағынада қолданылады. 1.ауылшаруашылық колледжі; мал және егін шаруашылығы зерттелетін колледж. Мыс.: *A new, bigger kind of apple is being grown at the cow college. Жаңа және үлкенірек алманың сорты ауылшаруашылық колледжінде өсіріледі.* 2.ауылдағы көнерек колледждермен немесе қаладағы колледждермен салыстыруға келмейтін жаңа колледж. Мыс.: *John wanted to go to a big college in New York City, not to a cow college. Джон ауылды жердегі колледжге емес, Нью Йорк қаласындағы үлкен колледжге барғысы келген еді.*

Сирек кездесетін тұрақты тіркестің бірі – ***as good luck as had the cow that struck herself with her own horn*** тіркесі. Ол «өз мүйізімен өзін-өзі сүзген сиырдай жолы болды (яғни, қырсық шалды)» дегенді білдіреді.

tune the old cow died of (с.с.а.: кәрі сиырды өлтірген дыбыстар) – дарынсыз орындалған әуен; мазасыз, жағымсыз дыбыстар дегенді білдіреді.

Өгіз – күш иесі екендігі белгілі. Алайда оны байлап, жетекке көндірсең, өгіз дегеніңе көнгіш, айдауыңа жүргіш болады:

as an ox goes to the slaughter – «сойысқа жіберілген өгіздей», көнгіш, бас игіш, талғаусыз, күңкілсіз (этим. библ. Proverbs VII, 22) дегенді білдіреді. Мыс.: *On the day of my departure I was up a little after five; by six we began to load the donkey; and ten minutes after, my hopes were in the dust. The pad would not stay on Modestine’s back for half a moment… and I went forth from the stable door **as an ox goeth to the slaughter*** (R.L. Stevenson, ‘Travels with a Donkey’, ‘The Donkey, the Pack, and the Pack-Saddle.’). *Кететін күні сағат бестен өткенде ұйқыдан ояндым. Сағат алтыға дейін есектің үстіне тиедік. Ал он минуттан кейін менің барлық үмітім сөніп қалды. Жұмсақ ер мен минуттар Модестинаның арқасына шыдамады... мен өзімді **тағдырдың тәлкегіне түскен ойыншықтай** сезіндім.*

you cannot flay the same ox twice – бір өгіздің терісінен екі рет таспа тіле алмассың дегенді білдіреді.

black ox – 1) кәрілік 2) бақытсыздықты білдіреді.

the black ox has trod on my foot — мен бақытсыздыққа ұшырадым дегенді меңзесе, ***team ox*** — жегілген өгіз; ***yoke of oxen*** — қос өгіз; ***ox-like eyes*** — көзі – өгіздің көзіндей деген мағынада.

Мақтану мен босқа бөсуді білдіретін ***blow one's own horn*** деген тіркесі бар. Мыс.: *Keith lets everyone know that the boss is going to make him the new assistant manager. He likes* ***to blow his own horn****. Кейт бәріне өзін менеджердің жаңа көмекшісі етіп тағайындайтынын айтып жүр. Ол* ***мақтанғанды*** *жақсы көреді.*

Ruth won't make many friends if she keeps ***blowing her own horn*** *about her accomplishments. Рут өзінің жақсы білімі мен мәнерлері жөнінде* ***мақтанатын*** *болса, көп адаммен ортақ тіл таба алмайды.*

Бұқа – аталық мал. Сондықтан оған қатысты ұсынылатын фразеологиялық тіркестер көбінесе оның күштілігін сипаттайды.

as fierce as a bull in fits – «аласұрған бұқадай қатал, күшті» дегенді меңзейді. Мыс.: *John is in a terrible temper to-day. When he arrived at the office he was* ***fierce as a bull in fits****. Джонның бүгін қабағы қатулы болды. Жұмысқа кіріп келгенде* ***аласұрған бұқаға ұқсап кеткен еді****.*

percentage bull – (американдық жаргон) – «парақор полицей» дегенді білдіреді [2, 75-79 б.].

(as) strong as a bull (or ox) – өгіздей (бұқадай) күшті, денсаулығы бұқадай күшті, жақсы. Мыс.:

Taylor. *Don't touch the runk. It's too heavy for you.*

Norah. *I'm* ***as strong as a bull***. (W.S. Maugham, 'The Land of Promise', act III)

Тейлор. *Сандыққа тиіспе, ол сен үшін тым ауыр.*

Нора. *Мен* ***бұқадай күштімін****.*

bellow (or roar) like a bull – бұқадай мөңіреу. Мыс.: *But the chairman had to* ***roar like a bull*** *to restore order and recognize the next speaker.* (D. Carter, 'Fatherless Sons', part I, ch. 8) *Келесі оратор шыққан кезде тыныштықты орнату үшін төрағаға* ***бар даусымен шыңғыруға*** *тура келді.* [3, 105-178 б.]

(like) a bull at a (five-barred) gate тіркесі көбінесе ауызекі тілде қолданылады, «құтырған, қаһарлы, ашынған» дегенді білдіреді. Мыс.: *If the whole scheme is to be rushed through,* ***bull at a gate****, there is bound to be some initial chaos.* ('Times', May 11, 1957, Suppl.) *Егер осы жоспар* ***ұшқыр жылдамдықпен*** *жүзеге асатын болса, бастапқы кезде біраз түсініспеушіліктердің болуы заңды.*

bull in a china shop – ыдыс-аяқ дүкеніндегі бұқа, ебедейсіз, икемсіз адам, «аю» (кәд. like a bull in a china shop – ыдыс-аяқ дүкеніндегі піл сияқты) дегенді меңзейді. Мыс.: *'You have strength… it is untutored strength'. '****Like a bull in a china shop'****, he suggested and won a smile.* (J. London, 'Martin Eden', ch. XIV) – *Сіз күштісіз… алайда бұл күш ақылмен ноқталанбаған. –* ***Ыдыс-аяқ дүкеніндегі бұқа сияқты****, – деген соң, оған жимыған болатын.*

bull of Bashan – «васан өгізі», қаһарлы, гүрілдеген дауысты денсаулығы күшті адам; = иерихондық труба (этим. Библ. Psalms XXII, 12). Мыс.: *How came it that all of a sudden Mrs. Bingley began to raise her voice and bellow like* ***a bull of Bashan****?* (W.Thackeray, 'Pendennis', vol. ch. XIV) *Бингли ханымның даусын көтеріп,* ***қаһарлы дауыспен айқайлағаны*** *қалай орын алғаны белгісіз?*

He assured me that I had burst upon those gentry roaring… like ***the bull of Bashan*** (J.Conrad, 'Romance', part II, ch. 11). *Төбелесіп жатқандарды ажыратуға жүгіріп келгенімде Капитан Уильямс маған* ***өгіздей өкірдің*** *деп сендіргісі келді.* [4, 199-205 б.]

an Irish bull –«қисынсыздық, жөнсіздік» дегенді білдіреді. Мыс.: *To speak of "a free hand in the terms of this correspondence" is* ***an Irish bull****.* (J.Galsworthy, 'The Man of Property', part III, ch. 1) *«Хат алмасуда көрсетілген көлемде әрекеттердің толық бостандығы» жөнінде айту –* ***жөнсіздік****.*

shoot (sling or throw) the bull – (американдық жаргон) – мылжыңдау, шатпақтау; мақтану дегенді білдіреді. Мыс.: *I kept wishing I could go home and* ***shoot the bull*** *for a while with old Phoebe.* (J.Salinger, 'The Catcher in the Rye', ch. XII) *Қарындасыммен* ***мылжыңдасу*** *үшін үйге қайтқым келіп кетті.*

Don't pay much attention to what he says. He likes to sling the bull. Ол ***мақтанғанды*** *жақсы көреді, сондықтан оған көңіл бөлмеуге болады.*

take the bull by the horns – тікелей әрекет ету; қиындықтарды тайсалмастан шешу; = бұқаны мүйізінен алу. Жұмысты тез шапшаң, батыл істеу керек деген мағынаны білдіреді. Өгізді тез, батыл қимылдап ұстамаса өзіңді сүзіп, майып қылатыны белгілі [5, 126-129 бб.]. Мыс.: *'See*

here', he exclaimed suddenly, looking sharply at the musician and deciding to ***take the bull by the horns****, 'you are in quite as delicate a situation as I am, if you only stop to think.* (Th. Dreiser, 'The Titan', ch. XX) – *Тыңдаңыздар, – деп кенеттен айқайлап жіберді ол, әуеншіге тікелей қарап және* ***қиындықтарға тайсалмастан шабуыл жасауға бел байлаған*** *ол, – егер сіз кішкене ғана ойланатын болсаңыз, өзіңіздің тура мен сияқты қиын жағдайда тұрғаныңызды түсінесіз.*

Кесте 1 - Сиыр малына қатысты фразеологизмдер

Сиыр малының атаулары (ұйытқы сөздер)	Фразеологизмдер			
	Қазақ тілінде	Саны	Ағылшын тілінде	Саны
1	2	3	4	5
Бұзау/ Calf	бұзау көз, бұзау тіс, бұзау тұмсық, бұзау мұрын, бұзау бас етік, бұзау тастады, байлаулы бұзаудай, жас бұзаудың басындай, ойнақтаған бұзаудай, тұмылдырық таққан бұзаудай, бұзаудай бағу, бұзауша меңіреу, бұзау салмағындай, бұзау қорадай, жаңа туған бұзаудың көзіндей, жас бұзаудың басындай, ит қуған бұзаудай	17	divinity calf, the fatted calf, kill the fatted calf, the golden calf, worship the golden calf, calf-love, calf's teeth, eat the calf in the cow's belly	8
Тана/ Heifer	құлаққа ұрған танадай, тана көз	2	-	0
Қашар/ Heifer	қашпаған сиырдың уызына қаратты	1	heifer barn	1
Сиыр/ Cow	сиыр жылы, сиыр мінез, сиыр сәске, сиыр түс, сиыр құйымшақтанды, сиырдың бүйрегіндей, сиырдың бүйрегіндей бытырады, сиырдай мүйіздеді, сиырдай мүйіздесті, осырған сиырдай қылды, қашақ сиыр, егінге түскен сиырдай жайнау, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, әукесін қасыған сиырдай, құнажын сиырдай үлкен, мәлік болған сиырдың көріндей, өкірген сиырдай, сәйгел қуалаған сиырдай, сиырдай үлкен, сиырша тұру, сиырдың тобығындай, сиырдың жапасы сияқты, сиырдың тіліндей, сиыр ұйқысындай, су сиырдай сумаңдау, үріккен сиырдай бажыраю, сауынды сиырдай, сиырдың жорғасы секілдену, оқалақ келген сиырдай	29	milch (or milking) cow, a sacred cow, the cow knows not what her tail is worth until she has lost it, the cow with the iron tail, a fair cow, salt the cow to catch the calf, till (or until) the cows come home, when the cows come home, you cannot sell the cow and drink the milk, holy cow!, cash cow, do something until the cows come home, cow college, holy cow, as good luck as had the cow that struck herself with her own horn, curst cows have no tails, if you sell the cow, you sell her milk too, many a good cow hath a bad calf, tune the old cow died of	20
Бұқа/ Bull	бұқа мойын, бұқа бұғақ [алқым, тамақ], бұқа көз [көзденді], бұқаға қосты, бұқаға жанасты, бұқатартыс, бұқа дауысты, тайынша бұқадай үлкен, бесті бұқадай, бұқаша қарау, бұқаша көз аларту, жылан тиген бұқадай, жынданған бұқадай, сүзеген бұқадай тоң мойын, көз бұқасын көрсету, бұқадан шықты	16	as fierce as a bull in fits, percentage bull, (as) strong as a bull (or ox), bellow (or roar) like a bull, (like) a bull at a (five-barred) gate, bull in a china shop, bull of Bashan, an Irish bull, shoot (sling or throw) the bull, take the bull by the horns, trust smb. as far as one can fling (or throw) a bull by the tail, be like a red rag to a bull, hit the bull's eye,	34

			take the bull by the horns, to score / hit a bull's eye, bull session, bullshit, bullshit artist, cock-and-bull story, to bull one's way, to go bull, an Irish bull, the arena of the bears and bulls, shoot the bull, ring the bull, brazen bull (bull of brass), milk the bull, to bull the market, bull campaign, bull speculation, bull transaction, bull operation, in a bull rage, in a bull voice	
Жалпы сиырмалына қатысты (ұйытқы сөзі көрсетілмеген	әукесі түсті, әукесі салбырады, оқыра тигендей болды (қылды), сауын алды (берді, сұрады), ақ болып кетті	5	be kittle cattle to shoe, pull in one's horns / to draw in one's horns, blow one's own horn, steer wrestling	4
Жиынтығы		98		76

trust somebody as far as one can fling (or throw) a bull by the tail (ауызекі тілде қолданылады) – «ешкімге титтей де болса сенбеу» дегенді білдіреді. Мыс.: *Your own client has now stated that he considers Pete Sims an awful liar; that he wouldn't trust him as far as he could* ***throw a bull by the tail****…* (E.S.Gardner, 'The case of the Drowsy Mosquito', ch. 15) *Сіздің өз клиентіңіз Пит Смисті барып тұрған өтірікші деп есептейтіндігін және оған* ***титтей де болса сенуге болмайтындығын*** *айтты* [6, 99-105 б.].

be like a red rag to a bull – өгізге қызыл матадай әсер ету. Мыс.: *This sort of information* ***is like a red rag to a bull*** *for the tobacco companies. Мұндай мәлімет темекі өндіретін компаниялар үшін* ***өгізге қызыл матадай әсер етеді****.*

hit the bull's eye / to score a bull's eye / hit a bull's eye – нысанаға тию, жету; қойған мақсатқа қол жету, табысқа қол жеткізу. Мыс.: *He* ***hit the bull's eye*** *with his paintings at the recent exhibition. Оның суреттері жақында өткізілген көрмеде* ***табысқа жетті****.*

'John ***hit the bull's eye*** *with his intention, and now he is a very rich man.' – Джон* ***алдына қойған мақсатына жету*** *үшін қолынан келгенінің бәрін жасады, ал қазір ол бай кісі.*

take the bull by the horns – бұқаны/өгізді мүйізінен алу, бірнәрсеге батыл кірісу. Мыс.: *This is the time* ***to take the bull by the horns*** *and tackle the complex issue of finance.* ***Бұқаны мүйізінен алып****, қиын қаржы мәселесін шешуге уақыт жетті.*

bull session (жарг.) – бірнеше адамның жиналып бірнәрсе жөніндегі ұзақ мылжың әңгімесі. Мыс.: *After the game the boys in the dormitory had a* ***bull session*** *until the lights went out. Ойыннан кейін жатақханадағы балалар жиналып алып, жарық сөнгенге дейін* ***мылжыңдап әңгімелесті****.*

bullshit[1] (жарг.) – мылжың, сөзқұмар, көк ауыз сөйлеу, жағымсыз, асыра сілтеу немесе біреуге әсер қалдыру үшін жағымпаздану, өтірік көлгірсу. Мыс.: *Stop* ***bullshitting*** *me John; I can't believe a word you're saying. Джон, маған* ***жалған сөйлеме****; мен сенің айтып жатқан сөзіңнің біріне де сенбеймін.* ***bullshit***[2] – мылжың, бос мылжыңдау. Мыс.: *John, this is a lot of* ***bullshit****. Джон, бұл* ***асыра сілтеушілік****.* [7, 67-82 б.]

bullshit artist (жарг.) – жағымсыз, бірақ қоғамдық қолдауға қол жеткізіп отыр; мылжың, сөзқұмар, біреуге әсер ету үшін немесе жағымды әсер қалыптастыру үшін әдейі асыра сілтеп сөйлейтін адам. Мыс.: *Al is a regular* ***bullshit artist****; small wonder he keeps getting promoted ahead of everyone else. Эл – кәдуілгі* ***сөзқұмар****; оның кез келген адамды өзінің мылжың сөзіне сендіретініне ешкімнің күмәні жоқ.*

cock-and-bull story (с.с.а.: әтеш пен өгіз әңгімесі) – «шындыққа жанаспайтын оқиға; өтірік, адам сенгісіз, ойдан шығарылған әңгіме, ұзынқұлақ, өсек-аяң». Бұл тұрақты сөз тіркесі ерте кездегі ағылшын халқының ұлттық ертегісінің желісі бойынша қораз бен өгіздің адам сенбес әңгімесінің негізінде жасалған болуы мүмкін. Мыс.: *You want me to believe some* ***cock-and-bull story*** *that you're late getting home because you got lost and then ran out of gas? Сенің үйге кешігіп келгеніңнің себебі сенің жоғалып кеткеніңнен және содан кейін бензиннің таусылып қалғанының себебінен деп маған* ***шындыққа жанаспайтын оқиғаңа*** *сендіргің келеді ме?*

The driver tried to explain his way out of getting a speeding ticket by inventing ***a cock-and-bull story****. Жүргізуші не себептен жылдамдықпен машинаны жүргізгенінің себебін түсіндіру үшін* ***шындыққа жанаспайтын оқиғаны*** *ойдан құрастыруға тырысты.*

Бұл бейнелі тіркестің қалыптасу тарихы сонау ағылшын феодалдық қоғамының құрыла бастаған кезеңіндегі халықтың тыныс-тіршілігімен байланысты. Қай аймақта болмасын көпшілікке танымал сыраханаларға берілген атаулар көбіне "The Cock" немесе "The Bull" болып келетін. Бұл, сірә, ағылшын қоғамында ұзақ уақыт бойы тұрақты түрде өткізіліп келген дәстүрлі «әтештер сайысы» немесе «өгіз міну» сияқты ойындарға қатысты болса керек. Себебі, әлгі ойындар, әдетте, көрермендердің, ойыншылардың арасында қызу бәсеке тудыратын да, сыраханаларда біраз мәселе шешіліп, ойынның нәтижелері талқыланатын. Талданып отырған тұрақты тіркестің ішкі формасында "The Cock" сыраханасында айтылған әңгіменің "The Bull" сыраханасына жеткенше, міндетті түрде өзгертіліп немесе әсіреленіп қосымша мәліметпен толықтырылып отыратыны жөнінде мән жатыр (http: //www.geocities.com/Athens/Aegean/6720/Animal.html) [8, 151-156 б.].

to bull one's way – бір жерге кіріп кету, ішке ену; күшпен ішке ену.

to go bull (бирж.) – бағасын көтеруге тырысу.

the arena of the bears and bulls (қор биржа) – Bears – бағасын түсіруге тырысатын алыпсатарлар. Bulls – бағасын көтеруге тырысатын алыпсатарлар.

ring the bull – ілмекке сақинаны салу, қабырғаға ұрылған (ойын).

brazen bull (bull of brass) (тарих.) – мыс өгіз (ежелгі қазына қаруы)

milk the bull – пайдасыз, түк шықпайтын іспен шұғылдану, босқа тырысу (өгізді сауу).

to bull the market — нарықтағы бағаны көтеру; **syn**: sell a bull, go a bull, be bullish;

bull operation — бағасының көтерілуі, жоғарылауы (қаржы активтері жөнінде);

bulling silver — бағасы көтерілген, жоғарылаған күміс;

bull campaign – бағаны жоғарылату алыпсатарлығы; syn: *bull speculation, bull transaction, bull operation*

in a bull rage – бұқадай құтырған;

in a bull voice – қатты, жуан дауыспен;

Бұзауға байланысты да біраз фразеологиялық тұрақты тіркестер ұшырасады. Олардың жасалуына сиыр төлі – бұзаудың өзіне тән қасиеттері мен белгілері уәж (себеп) болған. [9, 199 б.]

the fatted calf – ағыл-тегіл, мол тағам, көл-көсір сый, тәтті, дәмді тағамдар (этим. библ. Luke XV, 30) Мыс.: Patrick. ...*I got back just before lunch.*

Alfred. *Trust you for that. And I bet you walloped into* ***the fatted calf****.*

Patrick *(with hauteur). I managed to swallow a morsel of cold chicken.*

Патрик. *...Мен дәл таңғы астың алдында келіппін.*

Альфред. *Сіз өзіңізге арналған* ***көл-көсір сыйды*** *асау мүмкіндігін жібермессіз.*

Патрик *(тәкаппарлықпен). Мен тек мұздай тауықтың бір кесімін ғана жедім.* (W.S. Maugham, 'The Bread-Winner', sc. 1)

I had but to abandon my quixotic ideals – return to where shame lay waiting for me, to be welcomed with ***the fatted calf*** (J.K. Jerome, 'Tommy and Co', 'Story the Seventh'). *Маған өзімнің шындықпен санаспайтын идеалдарымнан бас тартып, бұрынғы ұятты қалпыма оралуым керек еді. Мені* ***жоғалып табылған баладай*** *қарсы алып алар еді.*

the golden calf – алтын бұзау, ақша билігі, байлық [этим. библ. Exodus XXXII], ***worship the golden calf*** – алтын бұзауға бас ию [этим. библ. Exodus XXXII]. Мыс.: *...but* ***to worship the golden calf*** *for eighteen shillings a week! Oh, pitiful, pitiful!* (Ch.Dickens, 'Martin Chuzzlewit', ch. X) *...аптасына он сегіз шиллинг үшін* ***алтын бұзауға бас ию****! Қайғылы, өте қайғылы!* [10, 101-121 б.]

Yet they remain murderers for profit. They ***worship only the Golden Calf*** *on week days* ('The Worker', Febr. 22, 1959). *Дегенмен автокөлік компаниялары – оңай олжаға ие болушылар. Олар тек* ***алтын бұзауға ғана бас иеді****.*

kill the fatted calf – семіз, қоңды бұзауды сою, (жоғалып табылған баладай) шын жүрекпен қарсы алу немесе біреудің келуіне арнап үлкен дастарқан жаю [этим. библ. Luke XV, 30]. Мыс.: *'Mr. Forsyte will be very glad to see you. He was saying at lunch that he never saw you nowadays.' Val grinned: 'Well, here I am.* ***Kill the fatted calf****, Warmson, let's have fizz.'* (J. Galsworthy, 'In Chancery', part I, ch. IX) – *Форсайт мырза сізді көргеніне өте қуанышты болады. Ол таңғы ас кезінде соңғы кезде өзінің сізді кездестірмей жүргенін айтты. Вэл мырс етті. – Міне мен де келдім.* ***Жоғалып қайта табылған балаға*** *тағам әзірлеңіз, Уомсон, шампан ішейік.*

'The prodigal has returned,' he said. 'We will not fail to ***kill the fatted calf****.'* (W.S.Maugham, 'The Making of a Saint', ch. II) – *Жоғалып табылған бала келді, - деді Жироламо. – Біз міндетті түрде* ***семіз, қоңды бұзауды союымыз*** *керек.*

The father ***killed the fatted calf*** *to celebrate his son's return from the army service. Әкесі баласының әскерден келуін атап өту үшін* ***көл-көсір дастархан жайды.***

divinity calf – түптеуге арналған қара қоңыр тері (мұндай бұзау терісі шөншіктен түптелген түптеулер әдетте рухани мазмұндағы кітаптарға арналып жасалған) [11, 199 б.]

calf-love – алғашқы балалық махаббат, ***calf's teeth*** – сүт тістер;

eat the calf in the cow's belly – (с.с.а.: сиырдың ішіндегі бұзауды жеу). Қазақ тілінде бұл тұрақты тіркеске *Асатпай жатып, құлдық деме!* баламасын ұсынуға болады. Бұл ұсынылған балама тура мағынасында қазақ тілінде былайша сараланады: қазақ дәстүрінде үйге келген қонақтың, не жасы үлкен құрметті адамдардың дастарқан басында көбінесе жастарға сыйлы табақтан ет асату әдет-салты бар. Ол адам үлкен кісіге қолынан дәм татырғаны үшін ризашылығын етті асаттырғаннан кейін білдіруге тиіс; ал асамай жатып, рахмет айтып, алғысын жаудыру жаңғалақтық, жағымсыз қылық болып саналады. Біреуге айтар рахметің мен білдірер ризашылығыңды жақсылық істегеннен кейін айту жөн, алдын ала білдіріп, жалпаңдау жарамсыз қылық дегенді меңзейді [12, 199 б.].

steer wrestling – ковбойлардың сайысының бір түрі (өгіздерді қатыстыра отырып өткізіледі); ***steer-wrestling*** – өгізбен күресу; родеодағы сайыстардың түрлерінің бірі. Онда ковбой шоқырықтап шауып келе жатқан аттың үстінен өгіздің мойнына секіріп мініп, мүйізінен қатып ұстай отырып оны жерге құлатуы тиіс. Родеодағы жалғыз сайыстың түрі дәстүрлі ковбойлық сайыс болып есептеледі. Бұл сайыстың түрін Билл Пикетт [Pickett, Bill] ұсынған болатын.

Түйіндей айтсақ, қазақ тілінде ағылшын тіліне қарағанда сиыр малына қатысты фразеологизмдердің көптігі байқалады. Одан қазақ халқының төрт түлік малын, соның ішінде сиыр малын қаншалықты қастерлегенін және оны өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне пайдаланғандығы байқалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты (неміс және қазақ мақал-мәтелдері негізінде): филол. ғыл. ... канд. дис.: 10.02.20. - Алматы, 2005. – 180 б.

2 Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: филол. ғыл. ... канд. дис.: 10.02.20. - Алматы, 2005. – 124 б.

3 Оспанова Ф.А. Фразеологизмдер уәждемесінің лингвомәдени аспектісі (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде): филол. ғыл. ... канд. дис.: 10.02.20. - Алматы, 2006. – 155 б.

4 Исина Г.И. Фразеологические сравнения современного английского языка. – Алматы, 2000. – 136 б.

5 Сағидоллақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 248 б.

6 Қайдар Әбдуәли «Халық даналығы».–Алматы: Тоғанай Т, 2004.–560 б.

7 Бекзат Д.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 24 б.

8 Қазақ халқының мақал-мәтелдері./ Құрастырған Ө.Тұрманжанов.– Алматы, «Жазушы», 1979. – 352 б.

9 Қазақ мақал-мәтелдері. / Жинап, құрастырған Ө. Тұрманжанов. – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 380 б.

10 Кеңесбаева Ү. Ағылшын халқының мақал-мәтелдері. – Алматы: «Өлке», 2004. – 214 б.

11 Стефанович Г.А., Швыдкая Л.И., Мустаева Л.И., Трещенко О.Е. «Английские пословицы и поговорки». – Москва, 1980 . – С.81-82.

12 Кунин А.В. Большой англо-русский фразеологический словарь. Изд. 5-е, исправленное. – Москва: Живой язык, 1998. – 965 с.

ҒТАМР 16.21.49

Шойманова М.Б.,
аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: moldir@list.ru

Тасанбаева З.Р.
доцент, филология ғылымдарының кандидаты
Тілдік пәндер кафедрасы
«Мирас» Университеті
Шымкент қ., Қазақстан

Джазибаева Б.Е.
оқытушысы, ғылым магистрі
Тілдік пәндер кафедрасы
«Мирас» Университеті
Шымкент қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТӨРТ ТҰЛІК МАЛҒА ҚАТЫСТЫ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, бір сөзбен айтқанда, дүниетаныммен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырсақ қана біз ұлттық тілдің табиғатын шынайы танитын боламыз; тілдік жүйенің құрылымы мен қыр-сырына тереңдеп барамыз. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі.

Соңғы жылдары адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесін жиі сөз ете бастады. Әсіресе ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл бұрынғысынша тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен бірге ол мағыналық, ұғымдық, өрістік, концептілік тұрғыдан жиі зерттелініп жүр.

Ғалымдардың айтуынша, тіліміздегі сөздердің бәрі – бір нәрселердің аты, атауы. Ол атаулар адам үшін, адамның өзіне керекті дүниелерді белгілеу (таңбалау) үшін қажет. Әдетте адам өзі таныған, өзі білетін затына ғана ат береді.

Түр-түс атаулары да – сөздер. Олар бір нәрсенің түсін білдіреді. Қазақ халқы өзіне жақсы таныс сиыр малын да түр-түс жағынан ажыратып отырған.

Түйін сөздер: түр-түс атаулары, тілдік жүйе, тілдік бірліктер, рухани қазына, ұлттық тіл, адами факторлар.

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЦВЕТОВЫХ НАЗВАНИЙ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ (НА МАТЕРИАЛЕ ЯЗЫКОВЫХ ЕДИНИЦ ОТНОСИТЕЛЬНО ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ)

Если мы посмотрим на историю, культуру, духовные ценности нации, одним словом, в тесной связи с мировоззрением, то узнаем природу национального языка; мы углубляемся в структуру языковой системы. Одним из основных направлений лингвистики является рассмотрение языка, языковых единиц вместе с человеческим фактором и человеческими ценностями.

В последние годы мы сосредоточились на человеческих факторах и часто говорили о проблеме языка, рационального использования языковых единиц, глубокого понимания значения языка. Особое внимание уделяется культурным данным о национальных ценностях, и язык все чаще изучается не только с точки зрения личности (формальной), но также с точки зрения значения, концептуальности, поля.

Ученые говорят, что все слова на нашем языке – это имя, название чего-то. Эти имена необходимы человеку для обозначения потребностей человека. Обычно человек известен только под своим именем.

Цветовые названия тоже слова. Они обозначают определенные цвета.

Ключевые слова: цветные имена, языковая система, языковые единицы, духовное достояние, национальный язык, человеческий фактор.

SEMANTIC FEATURES OF COLOUR NOTIONS OF THE KAZAKH AND RUSSIAN LANGUAGES (ON THE MATERIALS OF LANGUAGE UNITS CONCERNING COLOUR NAMES OF DOMESTIC ANIMALS)

When we look at the history, culture, spiritual treasures of the nation, in a word, in a close relationship with the outlook, we will know the nature of the national language; we go deeper into the structure and structure of the language system. One of the main directions of linguistics is to consider the language, the language units together with human factors and human values.

In recent years, we have focused on human factors and have often talked about the problem of the correct language, the rational use of language units, the deep understanding of the meaning of the language. Particular attention is paid to cultural data on national values, and language is still more often studied not only in terms of personality (formal), but also in terms of meaning, conceptuality, field, conceptuality.

Scientists say that all the words in our tongue are the name, the name of something. These names are necessary for a person to mark the person's needs. Usually, a person is known only by own name.

Color names are also words. They are the color of something. They distinguish certain colours.

Keywords: color names, linguistic system, linguistic units, spiritual treasure, national language, human factors.

1. Кіріспе

Халқымыз төрт түлікті олардың түсіне қарай оңай ажырата алатын. Тіптен, қойды түстеп қоралап, жылқыны түстеп үйірлеп, сиырды түстеп табындап, түйені түстеп келелеп, әрқайсысын бөлек-бөлек өсірген. Оған тіліміздегі «*қаңлының қара көгі*», «*албанның ақ қойы*»; «*қарашаның қараша түйесі*», «*қызылбөріктің құласы*», «*жағалбайлының керқызыл қойы*», «*қызайдың ала сиыры*» және «*ақтылы қой, алалы жылқылы қазақ*» деген күрделі сөз тіркесі бірден-бір дәлел бола алады.

Тілімізде жан-жануарлардың терісінде өсетін жүн қылшықтың қандайын болмасын жинақтап бір сөзбен «*түк*» дейді. Көне түркі тілінде *тү* – «*денедегі қылшық*», «*шаш*», «*жүн*», «*қауырсын*», ал *түк* – «*шаш*» және «*жүн*» деген ұғымда қолданылған. Бұл сөз (*тү* түбірі) біздің қазіргі тілімізде *тү+біт, тү+ле, тү+к, тү+т* сөздерінің түбірінде ұшырасады. Алайда осы жерде *түк* атауы кең ұғымда жалпылылық мағынада қолданылып тұр. Төрт түліктің түгін халқымыз құрамы мен сапасына қарай *жүн, қыл, түк* деп бөледі (Өмірзақов, 1988: 47-52 бб.). *Жүн* түбіт пен қылшықтан тұрады және қой мен ешкінің, сиыр мен түйенің терісінде өседі (Тілемісов, 1992: 480-495 б.).

Ә. Ақкөзов «Сапалық сын есімдердің семантикасы» деген кітабында: «Қазақ тілінде түр-түс атауларының жалпы саны 70-тен асып жығылады. Олардың 30-ы негізгілері де, 40-тан астамы туынды түрлеріне жатқызылады», – деп жазыпты (Ақкөзов, 2005: 112-113 бб.).

Осы 70 түр-түс атауының сиыр малына қатысты 20-ға жуығы қолданылады екен. Олар: *ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, тарғыл, ала,* т.б. Мыс.: *Шекер ала сиыр мен тарғыл қашардан айрылды* (Ж. Аймауытов). *Байғұс қара өгіз көзіне шыбын үймелеп, митың-митың аяңдап келеді* (Ғ. Мүсірепов). *Соңында күжілдеп, бүйірлері солқылдап, тұяқтары сыртылдап көк бұқа бара жатыр* (Б. Майлин).

2. Тәжірибе

Сиыр малына тән жоғарғы түс атаулары – тек түбір (негізгі) атаулар ғана. Осы түбір атауларға әртүрлі арнаулы жұрнақтар жалғану арқылы толып жатқан туынды түр-түс атаулары көптеп жасалынады. Мыс.: *ақшыл, сарғыш, көкшіл, көгілжім, қоңырқай, сұрғылт, сұрқай,* т.б.

А. Тоқтабай мен Ж. Сейтқұлова өздерінің «Төрт түліктің қасиеті» деген кітабында: «Сиырда сары түс кездеспейді. Осыған орай қазақта *«сиыр сары болмас, түйе торы болмас»* деген мақал бар», – деп жазыпты (Ақкөзов, 2005: 112-113 бб.). Біз елден сұрағанымызда «*сиырда сары түс болады*» деп жауап берді. Әдебиеттерден мысал да кездесті: *Патша оған екі сары ала сиыр беріп жіберіпті* (Қаз. ертег.).

Т.Өмірзақовтың талдауы бойынша сиырдың түстері төмендегідей болады екен: *ақ сиыр* (сырт түгі біркелкі ақ боз сиыр), *ақ бас сиыр* (сиырдың жамылғы жүні бірыңғай қоңыр не қара немесе қызыл боп, бас түктері тұтас ақ болып келген сиыр), *ала сиыр* (сыртқы түк-түстері біркелкі келмей, ақ-қоңыр, сарғылт түктері бар жерлері аралас келген, немесе сырт жүні тегіс қоңыр боп,

арқа жүні ала келген сиыр), *ала бел сиыр* (сиырдың сырт түгі бірдей келмей, бел тұсының жүні шымқай ақ болып, қалған жері бір түспен келгені), *көк сиыр* (сыртқы түсі шымқай көк не бурыл), *қара сиыр* (түгі бірыңғай қара), *қара ала сиыр* (арқа жүні ақ ала, басқа жері қара боп келген сиыр, не бір жері ақ, бір жері қара болып келген сиыр), *қара қасқа сиыр* (маңдай жүні тұмсығына дейін ақ, қалған дене түктері қара келген сиыр), *қара қоңыр сиыр* (жүнінде қара түсі басымдау қоңыр сиыр немесе жүні аса қара болмай келген сиыр), *қоңыр сиыр* (сыртқы түгі қоңыр сарғыш болып біткен сиыр), *қызыл сиыр* (сыртқы түгі бірыңғай қызыл), *қызыл қасқа сиыр* (сыртқы жүндері қызыл болып, маңдай жүндері тұмсығына шейін ақ болып келген сиыр), *сары ала сиыр* (ақ түктері бар жерлерінен сарылау түктері бар жерлері көбіректеу боп келген сиыр), *тарғыл сиыр* (сиырдың негізгі сырт түктері сарғыш болып, оның үстіне жолақ-жолақ, бүртік-бүртік боп қара қоңыраулы түк жайылғаны), *қара шұбар сиыр* (сырт түктері бірдей болмай, әр жері ұсақ, ойдым-ойдым боп келген түктерінің қарасы көп сиыр), *жалбыр сиыр* (ұзын сабалақ қылшық жүнді келген сиыр), т.б (Өмірзақов, 1988: 47-52 бб.). Мыс: *Қазақтың ақ бас сиыры – ерекше тұқым. Бұған атақты герефорд тұқымының қаны араласқан* (Тарту). *Бет алдыңыздағы ұзынша қабырғада талдан тоқылған ақыр тұр. Мұнда қыстыгүні ала сиыр мен оның торпағы байланады* (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). *Көк сиырдың ішінен тулап түскен көк бұзауды бауыздап, плитаның үстіне арыстай қып салып қойыпты* (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). *– Менің көзіме сыңар мүйізді қара сиыр, алшақ мүйізді қызыл сиыр түспей тұр, - деді жыртық киімді арықтау әйел* (Ш.Өтепов, Өшпеген жалын). *Қызыл қасқа сиыры мөңіреуді білмейді* (Е.Елубаев, Көкпар).

Сиырдың жүніне байланысты мынандай атаулар кездеседі: *өлі жүн* (сиырдың жазға қарай түспеген қысқы жүні), *тірі жүн* (сиырдың қысқы жүнінің астынан жаңадан шыққан жүні), *түлеу* (сиырдың сәуір айынан бастап қысқы жүнінің астынан жаңадан жүн шығып, қысқы қалың жүндерінің біртіндеп түсе бастауы), *түлеген* (сәуір айынан бастап жаңадан жүн шығып, сиырдың қысқы өлі жүндерінің тегіс түсіп болғаны), т.б (Өмірзақов, 1988: 47-52 бб.).

Сөз жоқ, әр малдың өзіне тән табиғи түсі болады. Жылқыда болатын *шабдар, торы, кер, жирен, күрең, құла, боз* деген түстер сиыр малында кездеспейді.

Қазақ тілінде сиыр малына қатысты бұл түбір және туынды түр-түс атауларынан басқа екі түбірдің тіркесіп келуі арқылы жасалған күрделі түр-түс атаулары да көптеп ұшырасады: *қара қоңыр, қара қызыл, қара көк, қызыл қоңыр, қоңыр қызыл, сарғыш қызыл, қара ала, сары ала, қоңыр ала, қызыл ала, көк ала, шұбар ала,* т.б. Мыс.: *Біз болатын сиырдың ішінде бір қара ала, бір қызыл қасқа бұқа бар* (С. Мұқанов).

Екі түбірдің тіркесуі арқылы жасалатын түр-түс атаулары өзіміз салғастырып отырған ағылшын тілінде де жиі ұшырасады. Бірақ қазақ тілінде тіркесіп қолданылатын түр-түс атаулары ағылшын тілінде не бірігіп, не қосарланып жұмсалынады. Мыс.: *reddish-orange – красно-оранжевый* (қызғылт-қызыл), *yellow-orange – желто-оранжевый* (қызғылт сары), *reddish-brown – красновато-коричневый* (қызғылт-қоңыр), *light yellowish-brown – яркий желтовато-коричневый* (ашық сарғыш қоңыр), *black-and-white – чёрно-белый* (қара ала), *brownish gray – коричневато-серый* (қоңырқай сұр), т.б. Мыс: *Holstein-Friesian cattle are identified by their black-and-white coats.*

3. Нәтижелер мен талқылау

Соны дәлелдеу үшін АҚШ-та өсірілетін сиыр түрлерін ет, сүт бағытындағы деп топтарға бөле отырып, солардың түр-түстерін көрсете кетсек.

Кесте 1 - Ет бағытында өсірілетін негізгі сиыр малының алты түрі

Aberdeen-Angus Абердин-ангусс	Brahman Брахман	Charolais Шароле	Hereford Герефорд	Shorthorn Шортгорн	Simmental Симменталь
black, red – қара, қызыл	light gray to nearly black – ақшыл сұр түстен қара түске	white to straw-colored – ақ түстен бозғылт түске	red, white – қызыл, ақ	roan, red, or white, or red, white – бурыл, қызыл, немесе ақ, немесе қызыл, ақ	red, white to fawn, white – қызыл, ақ түстен сарғыш қоңыр, ақ түске

Кесте 2 - Сүт бағытында өсірілетін негізгі сиыр малының бес түрі

Ayrshire	Brown Swiss	Guernsey	Holstein-Friesian	Jersey
red and white spotted – қызыл және ақ жолағы бар, тарғыл	light brown, dark brown, brownish-gray – ашық қоңыр, қанық қоңыр, сұрғылт-қоңырқай	orange, fawn, and white spotted – қызғылт, сарғыш-қоңыр және жолағы бар, тарғыл	black and white spotted – қара және ақ жолағы бар, тарғыл	light to dark grayish-fawn or reddish-brown – ақшыл сұрғылт-қоңыр түстен қанық түске немесе қоңыр-қызыл түсті

Жоғарыда көрсетілген түр-түс атауларын талдай келе айтатынымыз, ағылшын тілінде түр-түс атаулары көбінесе қосарланып немесе бірігіп келеді. Келтірілген 11 сиыр түрінің түстері алуан түрлі. Оның ішінде *қызғылт* та, сонымен бірге *fawn – бурыл* түсі де кездеседі. Қазақ тілінде *бурыл* түсі тек жылқыға қатысты ғана айтылса, ағылшын тілінде бұл түстің атауы сиыр малында да кездесе береді.

Ағылшын тіліндегі сиыр малына тән түс атауларының ішінде түбір (негізгі) атаулар да бар. Олар: *red, white, yellow, orange, black, fulvous, vinous, grey, fawn,* және т.б. Осы түбір атауларға *light* және *dark* сөздерін қосу арқылы бір түстің ашық немесе қанық түсті екенін білдіруге болады. Мыс.: *light gray, dark gray*, т.б. Мыс.: *Hair color ranges from very light silver to chocolate or dun grey; some animals are even black but the majority are silver to a silvery-khaki color* (Y. Sakaguchi and J.B. Gaughan). *The Jersey, a Channel Island breed, fawn to dark brown or grey in colour, which gives very creamy milk, rich in butter-fat; the Guernsey, another Channel Islands breed which is brown or fawn and may have white patches* (G.A. Perry).

Сиыр малының түр-түсіне байланысты халық жазушысы С.Мұқанов: «Бір өлеңде «*болмайды сиыр жирен, жылқы тарғыл*» дейді. Сиырдың *жирен* түстісін *қызыл сиыр* дейді. Сиырдағы *қоңыр* түс, жылқыда *қарагер* деп аталады», – деп жазыпты (Тоқтабай, Сейтқұлова, 2005: 84 б.).

Халық жазушысы айтса айтқандай-ақ, сиырда «*жирен*» (қызыл) түс бар. Бірақ ол «*жирен*» деп аталынбай, *қызыл* (сиыр) деп аталынады. Мыс.: *Айдарбайдың байлығы жалғыз қызыл қасқа сиыр еді* (М. Сатыбалдиев). *Көлігіміз абажадай, дөңкиген үлкен, арық қызыл өгіз* (Б. Соқпақбаев).

Зерттеуші Н. Айтбаева түр-түс атауларын барлық төрт түлік малға ортақ (әмбебап) атаулар және төрт түліктің тек бір-ақ түріне тән атаулар деп, екіге бөліпті де, тек жылқы малына тән түс атауларына *боз, кер, күрең, торы, жирен, құла, құбақан, бурыл, шабдар, бөрте, тарлан, шұбар, баран, қылаң* тәрізді түр-түс атауларын жатқызады. Сөйтеді де, «бұл түстер басқа малдарда болмайды», – деген қорытынды жасайды (Мұқанов, 1979: 19-22 бб.). Шындығында да солай. Жоғарғы түстер сиыр малында кездеспейді.

Осы тұрғыдан алғанда *тарғыл* деген түс атауы тек сиыр малында ғана кездесетіндігін баса айтқымыз келеді. Қазақ халқы сиырдың *қызыл* және *тарғыл* түстісін ерекше бағалаған. Сондықтан да қазақ Алладан мал сұрағанда:

Жылқы берсең – биеден,
Кем болмасын түйеден.
Сиыр берсең – *қызылдан*
Шұбалаң құйрық ұзыннан, – деп тілек тілейді.

Қазақтың «*Сиыр алсаң, танып ал, танымасаң тарғыл ал*» деген мақалы да сиырдың *тарғыл* түстісін дәріптегендіктің белгісі (Өмірзақов, 1988: 31-42 бб.). Сиыр сатып алушы мал танитын адам болса, әрине, сүттісін, төлдісін, қоңдысын өзі-ақ таңдап ала алады. Ал ондай тәжірибесі болмаса, малшы қауымның тәжірибесіне сүйеніп, *тарғыл* түстісін алғаны жөн. Өйткені малшы қазақтар бұл түсті сиырды – малдың құттысы, сүттісі, қысқа шыдамдысы және төлдісі деп білген (Айтбаева, 2005: 19-22 бб.).

4. Қорытынды

Сиыр малына қатысты түр-түс атауларын нақтылау мақсатында, сонымен бірге оны ағылшын тіліндегі осындай түр-түс атауларымен салыстыра көрсету үшін мына бір кестені (5-кесте) ұсынғанды жөн көріп отырмыз.

Кесте 3 - Төрт түлік малға ортақ түр-түс атаулары және олардың қолданылатын орны

Қазақша	Орысша	Ағылшынша	Сиыр	Жылқы	Түйе	Қой	Ешкі
1. Негізгі түстер А Хроматты түстер							
қызыл	красный, алый, пурпурный, малиновый, багровый	Red	+	–	+	–	–
қызғылт	оранжевый, розовый	Orange	+	–	–	–	–
сары (-ғыш, -ша)	Желтый	Yellow	+	+	+	+	+
жасыл (-ша)	Зеленый	Green	–	–	–	–	–
көк (-шіл, -ілжім, -ше)	Синий	blue: dark blue	+	+	–	+	+
көгілдір	голубой, лазурный	blue: light-blue	–	–	–	–	–
күлгін	фиолетовый, лиловый, фиалковый	ianthinous, lilac, violet	–	–	–	–	–
Ә Ахроматты түстер							
ақ (-шыл, -ша)	Белый	White	+	–	+	+	+
қара (-ша)	черный, вороной	Black	+	+	–	+	+
2 Қосымша түстер							
қоңыр (-қай, -ша)	коричневый, бурый, бордовый	brown, fulvous	+	+	+	+	+
сұр (-қай, -ша)	Серый	Gray	+	–	–	+	+
боз (-ғылт, -ша)	светло-серый	light-gray	–	+	+	–	–
құба (-қан, -қай, -ң, -ша)	пепельный, дымчатый	ashen, smoky	–	+	–	–	–
қошқыл	темно- коричневый	dark brown	–	–	–	–	–
ақшыл	Беловатый	whitish, whitey	+	–	–	+	+
көкшіл	синеватый, голубоватый, лазурный	bluish, bluey, skyey	+	–	–	+	+
сарғыш	Желтоватый	yellowish, yellowy	+	–	+	+	+
тарғыл (жолағы бар боз)	пестрый, рябой, полосатый	dappled, spotted, striped	+	–	–	–	–
ала (ақ аралас әртүрлі түс)	пегий, пестрый	skewbald, dappled, spotted	+	+	–	–	–
баран (қара + қоңыр)	Темный	Dark	–	+	–	–	–
қылаң (ақшыл + бозғылт)	Светлый	light	–	+	–	–	–
Жиынтығы			13	9	6	9	9

Кестеде көрсетілген түр-түс атаулары (*тарғыл* деген атаудан басқаларының бәрі) барлық төрт түлік малға ортақ атаулар болып келетіндіктен, ол түр-түстердің басқа малдарда кездесетін немесе кездеспейтіндігін де қамти кетуді дұрыс деп есептедік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Өмірзақов Т. Мал түгіне байланысты қалыптасқан этнографизмдер // «Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері». – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1988. – 199 б.

2 Тілемісов Х., Рамазанов Е. Ауыл шаруашылығы сөздігі. – Алматы, «Қайнар», 1992. – 496 б.

3 Аққөзов Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы. – Алматы, 2005. – 168 б.

4 Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. – Алматы, 2005. – 190 б.

5 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1979. – 304 б.

6 Айтбаева Н. Төрт түліктерге ортақ түр-түс атаулары // Вестник КазГУ. – 2005. – №1. – ББ.19-22.

REFERENCES:

1 Aitbayeva N. (2005) Tort tulikterge ortak tur-tus ataulary [Common colour names concerning livestock]. Bulletin of Kazakh State University. 2005. No. 1 Pp.19-22 (In Russian).

2 Akkozov A. (2005) Sapalyk syn yessimderdin semantikasy [Semantics of qualitative aadjectives]. Almaty. 2005. P.168 (In Kazakh).

3 Mukanov S. (1979) Khalyk murassy [Nation's heritage]. Almaty. 1979. P.304.

4 Omirzakov T. (1988) Mal tugine bailanysty kalyptaskan etmografizmder [Ethnographies based on livestock's wool]. The issues of historical lexicology of the Kazakh language. Almaty: Gylym Publishing House of the Kazakh SSR. 1988. P.199.

5 Tilemissov Kh, Ramazanov Ye. (1992) Auyl sharuashylygy sozdigi [Agricultural dictionary]. Almaty: Kainar. 1992. P. 496.

6 Toktabai A., Seitkulova Zh. (2005) Tort tulikting kasiyeti [Property of livestock]. Almaty. 2005. P.190.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – ИСКУССТВОВЕДЧЕСКАЯ НАУКА – ART SCIENCE

ӘОЖ 78.03

Акимжанов Б.Н.
«Музыкатану» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы, Қазақстан
E-mail: bakhtiyar.akimzhanov@bk.ru

Қ.СӘТБАЕВ ЖЕТКІЗГЕН КӨНЕ САРЫНДАР
(қисса жанры хақында)

Аңдатпа. Мақалада, бұрын-соңды музыкатану саласында зерттеу нысанына алынбаған, қазақтың көне эпикалық дәстүрінің бірі «қисса» жанры сараланады. Мәселелер аясында, «қиссалардың» бүгінгі қазақ жеріндегі тағдыры, өскелең ұрпақтың дүниетанымы мен тұлғалық қалыптасуындағы мәні, қоғамның ұлттық санасына әсері мен пайдасы зерделенген. Атақты этнограф-ғалым А.В.Затаевичтің еңбегінде жарияланған, геолог, геолого-минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қ.Сәтбаевтан жазылып алынған қисса сарыны талданып, оның музыкалық ерекшелігіндегі аймақтық және жанрлық сипаты зерттелді.

Кілт сөздер: қисса, әуен, мәтін, қиссашы, жыр, толғау, терме, фольклор, музыкатану, зерттеу.

Аннотация. В статье анализируется одна из древнейших эпических традиций казахского народа – «қисса», ранее не обозначенная в качестве объекта исследования в сфере музыковедения. В рамках проблем представлены ее «судьба»в национальном контексте на сегодняшний момент, влияние и польза воздействия на общественное сознание, процесс формирования мировоззрения и личности подрастающего поколения. На основе анализа одного из сарынов «қисса», представленного в сборнике известного ученого-этнографа А.В. Затаевича в записи от геолога, доктора геолого-минералогических наук, профессора, академика К. Сатбаева, выявлена региональная и жанровая специфика музыкальных особенностей.

Ключевые слова: кисса, мелодия, текст, исполнитель кисса, жыр, толгау, терме, фольклор, музыковедение, исследование.

Abstract: The article analyzes one of the most ancient epic traditions of the Kazakh people - “Kissa”, which was not previously designated as the research object in the field of musicology. As part of the issues, its “fate” in the national context in current period, the impact and benefits of the impact on public consciousness, the process of shaping the worldview and personality of the younger generation are presented. Based on the analysis of one of the "Kissa" saryns, which is presented in the collection of the well-known ethnographer A.V. Zataevich which was recorded from the geologist, Doctor of geological and mineralogical sciences, professor, academician K. Satpayev, the regional and genre specificity of musical features is revealed.

Keywords: kissa, melody, text, performer of kissa, zhir, tolgau, terme, folklore, musicology, research.

Қазақ даласы осынау ұланғайыр жерге иелік етіп келе жатқан бағзы замандардан, тіпті, әлмисақтан кейінгі «шыр» етіп дүние есігін ашып, дала перзенті болып табаны жерге тигеннен бергі өмірі ән мен күйден, жырдан ажырамағаны кейінгі кездері жиі айтылып жүр. Салт-дәстүрі өлеңмен өрілген осынау дархан даланың көшпенді жұрты алғаш болып асау арғымақты ауыздықтауда да, қолына аспап алып күй мен жыр толғауда да, садақ беркініп, алдаспан ойнатып дүниенің төрт бұрышын кезіп, сырнайлатып-кернейлетіп ат тұяғы жеткен жердің бәрін бағындырып, күллі ұлт пен ұлыстың жарымынан көбінің басын біріктіруде де, түйелі керуенімен сауда-саттық жасап, жаһан кезіп, ел мен жер танып, мәдениет алмасуда да алғашқы болғаны тәуелсіздіктің ақ таңы атқан кезде әр тұстан айтыла бастады. Кеңес заманындағы сіресіп тұрған идеологиялық сеңнің қабырғасы қақырап сөгіліп, осындай өз мәдениетімізді ашық насихаттайтын, ел жадындағы деректерді тайға таңба басқандай бедерлеп жариялайтын заманның келуі көңілге сондай бір жылылық алып келеді. Әрі осы шаттыққа толы сәтті көру бақытына ие болған ұрпақ ретінде, бұл батпандай бақтың бізге бұйыруы көңілімізге қуаныш ұялатып, мұндай көп қозғалмаған тақырыптарға жауапкершілікпен қадам басуымыз аталған дүниеге барынша ар-ұяттың тазалығымен кірісуге итермелейді.

Ғасырлар қатпарын сүзіп, кәрі тарихымыздың қойынына үңілгенде, халқымыздың тұтас ұлттық мұрасы, оның салт-дәстүрі, діні мен ділі, кезеңді оқиғалары – жыр-терме, қисса-дастан, толғаулардың өзегіне салынғанын көреміз. Қазіргі зерттеушілердің еңбектеріне көз жүгіртсек, жиі қолға алынатын жанрлардың қатарында жыр-термелер, эпостар тақырыбы жақсы зерделенсе де, осылармен аты қатар аталатын қисса-дастандардың күні бүгінге дейін музыкатану саласының назарынан тыс қалып келуінің себебі неде екендігі бізді дұлдамал күйге салады. Оған қоса, зерттеушілер қиссаларды тәжірибелік этнографиялық тұрғыдан жазып алғанымен, олар

музыкалық қырынан ғылыми арнаға (санаулы зерттеушілердің жинақтарындағы ноталық үлгілердің жарыққа шыққандығын айтпағанда) түспеген. Бұл дәстүр шетел қазақтары арасында әлі күнге дейін жалғасын тауып, қазірдің өзінде қолданыста екендігін, қазақ елінде осы үрдіс ұмытылып, өшуге айналғанын ескерсек, оның **өзектілігі** тереңдей түсетінін көреміз.

Зерттеудің ғылыми әдістемелік және теориялық негізін филологтар, дінтанушылар, фольклористер және т.б еңбектері құрайды. Қисса ғылым аралық зерттеуді талап етеді. Сондықтан, бұл зерттеуде отандық ғалымдардың еңбектері назарға алынады. Атап айтар болсақ, фольклортанушы-филологтар: Ә.Диваев, Ш.Уалиханов, Н.Төреқұлов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Шалабаев, М.Ғабдуллин, Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Ә.Оспанұлы, орыс ғалымы А.С.Орлов, Б.Әбілқасымов; дінтанушылар: З.Жандарбек, Д.Кенжетай; музыкатанушылар: А.В.Затаевич, Б.Ерзакович, Т.Бекхожина және т.б. этнографиялық еңбектері әдістемелік бағыт-бағдар бола алады.

Музыкатану саласында қиссаға қатысты арнайы зерттеулер болмағандықтан, оған жақын дүниелер (эпос, жыр-терме, дастан) туралы жазылған ғылыми ізденістер, яғни, А.Б.Құнанбаеваның, Е.Ямаеваның, Р.Назаренконың, Б.Жүсіповтың, Ұ.Байбосынова, А.Бұлтбаеваның және т.б еңбектері назарға алынды.

Тақырыпқа қатысты кейінгі әдебиеттерден 2013 жылы жарық көріп, қалың оқырман сұрауымен 2015 жылы қайта басылып шыққан Б.Бопайұлы, С.Керімбай, М.Төлеген, Ә.Нәби бірігіп жазған «Әлдиден эпосқа дейін» кітабы да қисынға келетін соны ойларымен қиссаларға басқа қырынан қарауға мүмкіндік берді [1].

Қиссалардың бүгінгі қазақ жеріндегі тағдыры мүшкіл. Олар сахнадан түспек түгілі жалпы қазіргі қоғамда қажеттілігі азайып, ел санасынан ажырап, жоғалып барады. Бұрынғы жастықты шынтақтай жатып, үйге сыймағандары жабықтан сығалап отырып тыңдайтын, төрден орын алған, қасиет пен киені бойына жинаған қадірлі жанр бүгінде ұлт мәдениетінің есігінен өзі сығалайтын халге жетті. Ұлтты ұлт ретінде жер бетінен жойылып кетпей, өзіндік ерекшелігімен, өзіндік салт-санасымен сау-саламат қылып ұстап тұратын, тыңдаушысының бойында адамгершіліктің биік принциптерін қалыптастырып, шын мәніндегі зайырлы қоғам құруға үндейтін, қаншама буын ұрпақты уақыт тезінен өткізе сынап, тәрбиесін қалыптастырып, ұлы тұлғаларды тудырып отыратын жауһарларымыздың мұндай мүшкіл хәлі – ұлт болашағына үлкен қатер. Қазіргі жүріп жатқан үдеріс – жаһандану кезеңінде өзге мәдениеттерге жұтылып кетпей, ұлттың тұтастығын сақтап тұру үшін де ғасырлар сүзгісінен өткен өзіміздің төл мәдениетімізді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз ләзім. Осы мақсатта көпшілік бара бермейтін тақырып – термелердің, қисса-дастандардың, толғаулардың ішіндегі дін, діл, тіл, музыка мәселелері алдағы уақытта кеңінен тарқатылуы керек деп білеміз. Болашақта бұл салаларға барынша еркіндік беріліп, ғылыми орталарда кеңінен талдануына, сахнада концерттік номерлерден де өзіне тиесілі орнын алып, арнаулы орындарда оқу бағдарламаларына да батыл түрде енгізілуі қажет деп санаймыз. Осыған дейін атаулы орындарда бұл тақырыптар әрі кетсе 1-2 сағаттық лекция ретінде ғана оқытылып жүр. Бірақ, мұның өзі үстірт. Сондықтан, домбыра ұстап, қазақтың өнері мен мәдениетінің көсегесін көгертемін дейтін жас талаптарға осы бағдарламалардың терең оқытылуы міндеттелуі керек деп санаймыз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін орта ғасырлардың өзінде жыраулық, жыршылық, қиссашылық, әншілік, күйшілік мектебі қалыптасып, ортаны тәрбиелеп отырғандығын, одан бөлек сол заман адамдарының феноменалды есте сақтау қабілеттерінің дамығандығын, сондай-ақ қоғамда көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты, зиялы адамдар қатарының көп болғандығын тілге тиек етеміз. Қазіргі кезде ғылым мен білімнің бар саласы жабылып сондай зиялы адамды қалыптастыра алмай әлек болып отыр. Әр ел өзінше талпынуда. Бірақ, нәтижесі – мардымсыз. Тіпті, адам жанын зерттейді деген салалардың өзінің жасап берген теориялары жасанды. Сондықтан, біз ұрпақ тәрбиелеуде, білімге құштар зиялы орта қалыптастыруда айналып келіп осы бабалар мұрасына сүйенеміз. Қисса – соның бір тармағы ғана[13].

[13] Қисса (*арабшадан аударғанда – **әңгіме, аңыз** дегенді білдіреді*) шамамен XIII-XIV ғасырларда Рабғузи (*Рабат оғызы дегеннен шыққан*) деген лақап атпен өмір сүрген Әд - Диннің баласы Насраддинұлы Бұрһанеддинның «Қисса – сул – әнбиясынан» (*алғашқы жаратылыс туралы түсініктер кезеңі, пайғамбарлар, әулиелер өмірбаяны, шежіре*) бастау алады. Бұл уақыттарда Алтын Орданың дәуірлеп тұрған кезінде түркі тілі ғылыми айналымға ене бастады. Кейіннен бұл үрдіс Алтын Орда күйреген кездері парсы, араб тілдерінің ғылым мен поэзияға әсерінен көп өзгерді. XV ғасырдың ортасында Алтын Орда толықтай жойылды.

Біздің ендігі міндет осы ескі дәстүрді өлтірмей, қайта, жандандыра түсу. Қазақтың өз қолы өз аузына жетіп, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарынан орын алуына, білім мен ғылым жағынан алда болуына септескіміз келсе, адамның ақыл-ойының қуатын барынша шыңдайтын осы жыршылық, қиссашылық саласына ерекше назар аударуымыз керек. «Айтса ғалым қандай зат, дәлелсіз болса – бәрі ағат» демекші, соңғы сөйлемімізді нақтылай түсу үшін ұлт тарихындағы деректерді алға тартамыз.

Қазақ әдебиетіндегі классик жазушылар шоғыры, совет одағы кезіндегі мықты саясаткерлер легі, сол кездегі өнертапқыш ғалым мамандар толқынының бәрі кішкентай кезінде қисса-дастанды миына тоқып өскен зерделі ұрпақ еді. Бір ғана Қаныш Сәтбаевтың өзін мысалға келтіре кетсек жеткілікті. Геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қ.Сәтбаев осы қисса-дастандардан тәрбие негізін алған адам. Ол – рухани құндылықтарды тұтынушы ғана емес, сонымен қатар қисса сынды жан азығының бірнешеуін жатқа біліп, соны аспаппен де, аспапсыз да өте шебер орындаған. Қаныш жайлы жазылған кітаптарда академиктің осы қырына көңіл бөлініп, шығармашыл адам ретіндегі сипаты барған сайын қоюлана түседі, зорайып көрінеді. Мысалға, «Қазақтың Қанышы» кітабында ғалымның балалық шағынан мынадай естеліктер келтіріледі:

«Баланың өлең-жырға, ән-думанға құштарлығын ауылдастары ерте аңғарған. Ауылға қонақ келсе, әсіресе домбыралы, қобызды мейманда топтап түсті ме кішкентай Қанышта ес қалмайды. Сондағы тілейтіні – қонақ кәде алу. Оның өтеуі – ертек, жыр, ән. Әкесінің бір тізесіне жайғасып алып, жыршының аузына кеш бойы телміреді де отырады. Есейе келе өзі де Бөкешке (Бөкеш – Қаныштың туған ағасы) елігіп домбыра шертетін болды. Үлкендер мадақтап: «Біздің Қанкежан да әнші болады, айналайын, айта ғой!» – деп көтермелесе, іркілмей шырқап та жібереді» [3, 46 б].

Бұл ғалымның алаңсыз балалық шағы, сол уақыттарда бір сәт ішін тартып тына қалған дауыл алдындағы мамыражай тыныштықтай, тұтас елге салмақ салған зобалаң кезеңнен бұрынғы қазақ ауылдарының мүлгіген бейқам сәттерін еріксіз есіңізге түсіретін қымбат көріністер. Естеліктер Қаныштың әкесі Имантайдың тәрбиесінде болған Тармызи Әбсәләмұлының айтуында жазылған.

Енді келтірілген дерекке оралсақ, мұндағы жас Қаныштың әнге, қиссаға, өлең-жырға құмартуы өзінің әкесі Имантайдың ықпалымен екендігі айтылады. Бұл сөзімізге орай тағы да мынадай естелікті алға тартамыз:

«Нақ сол жылдарда кішкентай Қаныш тағы бір ұстаздан дәріс алған. Әдетте, бұл сабақ өз үйінде, әкесінің алдында өтетін. Әмбе оның кесулі уақыты болмайтын, қысы-жазы бірдей, екеуінің көңілі қалаған кезде жүре беруші еді. Алғашқы ынта тегінде әкеден басталады... Кенжесі әлдебір қиын сөзді ажырата алмай ежіктей бастаса, тұтас бір шумақтарды жатқа айтып, әмбе солардың мазмұнын бірден қазақшалап береді... Анығында жыр оқу жас шәкірттің зеріккенінше жүреді. Бірақ, оны зеріктіру де оңай емес... Әке еңбегі зая кеткен жоқ. Біраздан соң талапты шәкірт ескі заман ақындарының асыл мұраларын өз бетінше оқитын болды» [3, 45 б].

Келтірілген дерек – жырды, қиссаларды тыңдап өскен сол кезең қазағының әр баласының жадында қалған естелік екендігі хақ. Әрі осы іспеттес естеліктер әдебиеттерде жиі кездеседі. Мысалдан біз бірінші сол уақыттардағы қазақтардың бала тәрбиесіне қалай көңіл бөлгендігін байқасақ, екіншіден, қисса – баланы жетілдірудегі нақтылы бекітілген оқу құралы болғандығын аңғарамыз.

Қиссалар баланың зейінін ашып, оқуға, ілім-білімге, құмарлығын оятатын алғашқы тәрбие сатыларының бірі ретінде халық танымында тұрақ тапқан түсінік. Қиссаның маңызы мен мәніне, музыкалық ерекшеліктері мен насихатына арналған тақырып аясында ізденіп жүрген біз үшін

«Бұдан кейінгі қиссалардың аты да араб грамматикасы заңдылығымен «Қисса-и...» болып келеді. Алғашқы қиссалардың мазмұнының, негізінен, мұсылман дінін уағыздайтын ертегі, әңгімелермен шектелуінің себебі де сондықтан. Кейін махаббат, ерлік тақырыптарын жыр еткен қиссалар шыға бастаса да, олардың бірқатарының негізгі мазмұны ислам дінінің «кереметтерін» насихаттауға арналатын» [2].

XIX ғасырда қазақ арасында қиссалардың гүлденген дәуірі басталды. Себебі, қазақ арасында таралған исламға дейінгі, ислам діні келгеннен кейінгі аралықтағы аңыз-әңгімелер жинақталып, әдебиеттің осы бір бағытын құрап, жыр түрінде өрілді. Зерттеу мақаламызда келтіріп отырған әдеби еңбектерді музыкадағы зерттеулерде айтылатын музыканың алғаш пайда болуы сияқты еңбектермен салыстырғанда қиссалардың тамыры қазіргі біз айтып жүрген ғасырлардан да тереңірек екендігін байқадық. Бұл тағы бір мақаланың жүгі болғандықтан, оны келесі жарияланымға қалдырдық.

жоғарыда айтқан «Әлдиден эпосқа дейін» кітабындағы «Қисса сүл әнбия» тарауы қызығушылық тудырды. Мұнда авторлар құндылықтардың балалар тіліне лайықталып жазылуын қатаң қадағалаған. Басты жаңашылдығы да осында. Ал, қиссаға баулу арқылы баланың зеректігі, дүниетанымы артып, құймақұлақтық қасиеттері қалыптасатындығы туралы сонау орыс зерттеушілері келіп қазақ даласының қыр-сырын ұғуға тырысқан кезден қалған деректер де жетерлік.



Өткен уақыттың оқу үдерісінен көрініс [4]

Бұл ойды осы тақырыпқа қалам тербеген қазақ зиялылары да тілге тиек етті. Қаныш өмірбаянында да осы тұс ашылып айтылған.

«Баланың ұғымталдығы ғажап. Небір қиын сөздерді, тұтас сөйлем, шумақтарды екі айтқызбайды, естіген сәтінде қағып алады. Оқуға құштарлығы да өзгеше. Сұрамайтыны жоқ, білсем, көрсем деп ынтығып тұрады» [3, 46 б].

Бұл жерде біз қисса-дастан, жыр жаттап өскен ауыл баласының бейнесін нақ келтіру үшін Қаныш Сәтбаевтың өмірін мысалға алып отырмыз. Әрі ғалымның қисса дәстүріне қатысын да көрсете кетпекшіміз.

Баланы тәрбиелеудің мұндай жолдары бабалардан келе жатқан ұлттық ұстаным, ұлағатты ұғым ретінде бізге ерекше қымбат. Зеректік тек, Қаныштың ғана бойында болды деп айтуға болмас. Ол уақытта көп қазақтың баласынан осындай «нышанды» байқауға болатын. Мұндай «тезден» өткен соң, қалың нөпірдің ішінен суырылып шығып, әр салада маңызды тұлғаға айналған аты елге мәлім жандар аз болған жоқ. Қазақ әдебиетіне Абайдай тұлғаны зерттеп ашып көрсетіп, қоғамға үлкен сілкініс алып келген, әдебиет әлемінде толқыныс тудырған, алашқа ғана емес, бүкіл дүнияның төрт бұрышына танытқан ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың өзі неге тұрады?! Бұл қатарда Сәбит Мұқанов, Серке Қожамқұлов деп тізбектей берсең шұбырған ұзын сонар тізім құрауға болады... Біздіңше, бұл – сол кездегі Ертегіге елігіп, жамандықтан жеріниП, Аңызға таңғалып, түбіндегі ақиқатын аңғарып, Қисса сырын ұғып, жақсылыққа бет бұрып, Дастандарға ұйып, бойға ар-ұят жиып, Жыр-Термеден нәр алып, рухани түлеп, тазарып, Толғау тыңлап ой бағып, кеудені қазыналы қойма қылып өскен кез-келген санасында саңылауы бар қазақ баласының бойынан табылатын қасиет еді.

Мақаланың басында қиссалардың балаға тигізетін әсері мен пайдасы жайлы аз-кем айттық. Енді, ары қарай ойымызды белгілі ғалым Қаныш Сәтбаев қандай қиссалар орындады, бұл қиссалардың кейінгі тағдыры не болды деген сауалдарға жауап іздей отырып жалғастырамыз.

Ұлттық тәрбиенің мәйегіне қанған Сәтбаев бойына жиған халық руханиятының жемісін беретін мәуелі шағын көп күттірген жоқ. Білсем, көрсем деген қызығушылығы алға жетелеп, оқудан-оқу жалғап, қалалық тіршілікпен араласа жүріп, атақты музыка зерттеушісі А.В.Затаевичпен жолықты. Геолог оған дала өмірінен, қазақ мәдениетінен сыр шерте отырып, қиссамен қатар бірнеше ән үлгілерін айтып берді. 1926 жылдан бастап, Семей губерниясынан ән жинауды бастаған А.В.Затаевичтің әлі 30-ға да толмаған жас Қаныштан жазып алған шығармаларының ұзын саны – 21. Ол туралы «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» кітабында:

«Затаевичке біраз халық әндерін айтып берген ғылым қайраткерлері Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, М.Бөжеев, әдебиет және өнер қайраткерлері І.Жансүгіров, Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев және басқалар жөніндегі жазғандары да өте тартымды» деген редактор З.Жанұзақованың пікірі кітаптың кіріспесінде беріліп, келесі беттерінде ән беруші ретіндегі Сәтбаевтың аты-жөні мен жеткізген шығармалары тізімделген [5].

Ғалымның аузынан жазылып алынған шығармаларды атап айтар болсақ, олар: 324 «Мақпал» (V), 325 «Башқұлбай», 326 «Обаған», 327 «Ажардың сарыны» (V), 328 «Салайын», 329 «Жарылғаптың сарыны» (VI), 330 Іңкәр (II), 331 Арғы жағы-ай, Ертістің, 332 «Қожабек сал», 333 «Шахиданың әні», 334 «Мекіштің әні», 335 «Әмірдің әні», 336 Құлажекей», 337 «Қара жорға» (III), 338 «Қоғалы көл», 339 «Базарбек», 340 «Шөженің (II) сарыны» (VII), 341 «Қисса сарыны» (VIII), 342 «Зілқараның әні», 343 «Талыпжанның әні», 344 «Әлди, бөпем» (II), 345 «Бибігүл», 346 «Қорлан», 347 «Ал, шіркін» (IV), 348 «Сұңқарым-ай» сынды ән-жырлар [5].

Ал, енді Затаевичтің өзін сөйлетсек, ол Қаныш Сәтбаев туралы былай деп сыр шертеді:

«Қаныш Сәтбаев – Томскінің технологиялық институтында білім алған инженер жас қазақ. Аталған жинаққа сарындар мен әуендер, мәтіндер төңірегінде өте бағалы ақпараттар қатарын беруімен бірге, соңғы аталғандарды орыс тіліне аударумен қамтамассыз еткен Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы және асқан білгірі» [5, 356 б].

Ендігі мәселе – Қ.Сәтбаевтың А.В.Затаевичке орындап берген қиссасының әуеніне тоқталу. Түпкі мақсат – бұл қиссаның ерекшеліктері мен өзгешеліктерін саралап, музыкалық тұрғыдан талдау. Осы жерде алдымен А.В.Затаевичке Қ.Сәтбаевтың орындауында этнографтың өз қолымен түсірген қиссаның ноталық үлгісін ұсынамыз [6, б].


183

341. „Кысà-àны" Сарын. (VIII)

(Былинный напев)

Каныш Сатпàев.

Величаво и широко. ♩ = 84.

«Затаевич А. 500 казакских песен и кюйев» (1931 ж.)

Қиссаның әуені ән мақамына жақын. Бұдан Арқа жерінің аймақтық музыкасының әсерін аңғаруға болады. Оның музыкалық ерекшеліктерін айқындай түсетін болсақ, ладтық жағынан ауыспалы соль миксолидиялық пен иониялық ладтар кездеседі. Өлшемі ауыспалы: 3/2 - 4/4 - 3/2 болып келеді. Қиссаның диапазоны кең, октава ауқымын қамтиды. Төрт әуендік жолдан тұратын шумақтық құрылымы қара өлең ұйқасы ААВА жолымен жасалған. Бірінші «әуендік жолдағы» (мелодическая строка) қисса әуені екінші октаваның ми дыбысынан басталып, соль дыбысына көтеріліп барып негізгі дыбысқа түсуі заңды құбылыс. Қиссаның бұлай басталуы, Арқа өнеріндегі әншілер шығармашылығында кездесетін «Ақындық әуен құрылымымен» (С.Елеманова) сабақтасады. Мысал келтіретін болсақ, әуеннің бұлай жоғарғы дыбыстан басталып, төменгі дыбысқа өріліп түсуі Арқа әншілерінің ішінде Біржан салдың («Ләйлім шырақ» (II), «Жанбота» (II), Телқоңыр» (VI), «Ал, қара-ай көк») әндерінде жиі кездеседі [7, б].

Туындының басында келетін шарықтау дыбысы жыр, терме, қисса-дастан атаулының барлығында бірдей қалыптасқан. Кейбір ілуде бір шығармаларда мұндай белгі болмауы да мүмкін. Ол өзіндік ерекшелігі болса керек. Бірақ, басым көпшілігінде кездесетін болғандықтан біз мұны

жалпылама сипаттау ретінде атап айтып отырмыз. Мұндағы әуеннің бас жағындағы дыбыстары шарықтау шегіне көтеріліп, қисса-жырлардағы одағай сөзді сүйемелдей шыққан қаратпа әуен ретінде қолданылатын биік дыбыстармен ұштасады. Қазақ даласындағы өнер сайысы немесе туындыны орындау сахнасы ашық дала болғандықтан, шашырай орналасқан жұртты жинау мақсатымен назар аударту үшін қолданылған тәсіл ретінде пайдаланылып, кейіннен эпикалық өнер өкілдерінің арасында бірінен-біріне қалыптасқан форма ретінде (қалыпта) жеткен. Бұған дәлел ретінде Т.Бекхожинаның еңбегіндегі келтірілген қиссаларда осы тәсілдің кездесетіндігін алға тартамыз. Соның ішінде мысалға, әнші, ақын, қиссашы Сансызбай Қармысовтан жазылып алынған (1925 жылы Семей облысының Мақаншы ауданындағы, Жарбұлақ ауылында туған) «Ағыбай батыр» қиссасынан үзінді келтіреміз [8, б]:



Т. Бекхожинаның «Даламның назды саздары» (1996 ж.)

Екінші «әуендік жол» Жетісудың жыр-мақамдарына жақын. Мұнда берілген иірімдік (интонациялық) өзек квинта аралығында өрбиді. Мысалға, осы ноталық үлгіде келтіріліп отырған екінші «әуендік жол» Сүйінбайдың «Жақсы мен жаманның айырмасы» [9, 30 б] термесіндегі алғашқы әуендік жолына сәйкес келеді.



Үшінші «әуендік жол» шырқау шегіне толқынды түрде көтеріліп барып, әуеннің ең жоғарғы «соль» дыбысында тұрақталады. Қиссаның бұл бөлігі әннің әуендеріне жақын, әуезді түрде берілген.

Төртінші «әуендік жол» екінші «әуендік жол» үлгісіне ұқсас жасалып, оның өзгертілген нұсқасы ретінде берілген. Олардың айырмашылығы дыбыс ұзақтығы мен ырғақ ерекшелігінен аңғарылады. Бұл ретте оның да екінші «әуендік жол» сияқты жыр мақамдарына жақын екендігін айтуға болады. Қиссаның соңындағы ойының аяқталуында да жырдың қайырымдарына тән нышандар бар. Бұл жолда үшінші сатыдағы дыбыстың жоғары қарай өрлеп, төменге қарай әндетіле келіп, бірінші дыбысқа екінші басқышты қамтып тұрақталуы ақындар сарындарының, қисса әуендерінің құрылымында көптеп кездеседі. Мысалға, 1964 жылы Өзбек ССР-і, Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық селосында, Дүрбаев Құтбайдан (1906-1971) Т.Бекхожина нотаға түсірген «Сұлу қатын» (III) қиссасынан үзінді келтіреміз [10, 181 б]:




«Қазақтың Музыкалық Фольклоры» (1982 ж.)

Талдауды қорытар болсақ, бірінші және үшінші «әуендік жолдар» Арқа өңірінің әндік құрылымымен сабақтасып жатса, екінші және төртінші «әуендік жолдар» қисса-жырлардың мақамдарымен үндеседі.

Бұл қисса кейінгі жарияланымдарда қара өлең шумақтарымен берілген. Шумақ тармақтары қисса дәстүрінің шеңберінен тыс, ән құрылымына сәйкес он бір буынды болып келеді. Осы жерде тағы бір айта кетерлігі, ол – қиссаларды жазудағы өлең жолдарына қатысты мәселе. Кезінде

шығарманы Қ. Сәтбаевтың орындауынан А.В.Затаевич нотаға түсіріп алғанымен, оның сөздері берілмеген. Ал, оны кейінгі ғалымдар кітапты қайта басып шығару барысында қайтадан өңдеп жазып, толықтыруға талпыныс жасаған. Соның нәтижесінде, қиссаға мағыналық жағынан келмейтін кез-келген 11 буындық қара өлеңнің мәтінін алып қоя салған.



Қиссаларды қайта өңдеу, орындауға лайықтау барысында текстология мәселесіне асқан сақтықпен қарау керек екендігі байқалады. Бұл мәселе де, қиссаларды зерттеу кезінде назар аударатын маңызды тұстардың бірі. Жоғарыда келтіріп отырған қиссаның мәтіні «Қаныш және сұлу саз» кітабында жарияланған үлгі [11, 32 б].

А.В.Затаевичтің «Қазақтың 500 әндері мен күйлері» кітабының қайта басылып шығуы барысында бұл қисса шамалы өзгеріске ұшыраған [5, б]. Төменде осы ноталық үлгіні ұсынамыз:



Затаевич А.В. «Қазақтың 500 ән, күйі» (2007)

Соңғы үлгіге түзету енгізілген. Бірақ, аса сәтті шықпаған. Осы берілген нұсқаны түпнұсқамен салыстырар болсақ, буын мен дыбыстың сабақтасуы ән үлгісінде жасалған. Дыбыстардың лигамен берілуі, бір буынның екі дыбысқа келуі қисса әуенін ән үлгісіне ұқсатып жібереді. Жырлар мен қиссаларда бұл тирадалық болып келуі керек. Нақты қолға домбыра ұстап отырып орындап, әуеннің табиғатын жете түсінбегендіктен бе, сәл жансыздау. Әуеннің негізгі табиғатынан, ақиқатынан алшақтау. Бір сөзбен айтқанда, орындаушының да, тыңдаушының да көңіліне қонымсыздау. Әрі, домбырадан гөрі фортепианоға көбірек негізделген сынды. Сөзіне келетін болсақ, бұл да 11 буындық қара өлең құрылымында жазылған мәтінмен берілген. Дегенмен, мұндағы мәтін жоғарыдағы қара өлең нұсқасымен салыстырғанда қиссаның негізгі мазмұнына тән. Мәтінде кездесетін діни сөз тіркестері, ойдың орамды бастамасы қиссалардың өзіндік ерекшелігімен сабақтасады. Себебі, қиссалар әуел бастан-ақ осындай салмақты ойлар мен діни алаңды қамтитын, мәңгілік идеяларға бір ұшынан жалғанып тұрады.

Қазіргі уақытта қиссаның А.В.Затаевич түсірген нұсқасы да, кейінгі мәтінмен толықтырылып қайта басылып шыққан үлгісі де орындаушылардың репертуарына кірмеген қалпында кітап сөрелерінде сол шаң басқан күйінде қалды. Осы мәселенің шешімін табу үшін біз өз тарапымыздан А.В.Затаевичтің ұсынған түпнұсқасын қайта жаңғырту мақсатында қисса мазмұнына жақын мәтінді болмашы ғана ноталық түзетулерімен ұсынамыз:



Біз ұсынатын нұсқа

Қисса ұзақ айтылатын 1000-1500 жолға жуық көлемді шығарма болғандықтан (кейбір қысқа нұсқалары да кездеседі), әдетте оның әуендік сипаты қарапайым болып келеді. Себебі, орындаушының дауыс аппаратының бұлшық еттеріне, дауыс пернелеріне күш түсіретін, көп уақытқа созып айтатын қиссаларды нақышына келтіріп орындау үшін де әуендік құрылымы осындай формада қалыптасқан. Оған өнерге сәл икемі бар кез-келген адамның дауыс мүмкіндігі жете береді. Егер, қиссаларды орындауда әншілерден күтілетін талаптар қойылып, құрылымы да күрделі болып келген жағдайда қисса орындаушылар ел арасынан аз шығып, қазіргі талқылап отырған қиссаларымыздың өзі бүгінгі күнге жетпес те еді. Осы жерде қиссаның тағы бір ерекшелігі айқындалады. Қисса – көпшіліктің орындауына қолжетімді өнер түрі. Яғни, қисса айту үшін аса қатты бір табиғаттан берілетін дарын мен асқақ дауыс қажет емес. Бар болғаны қиссашының есте сақтау қабілеті мықты және орындап отырған қиссасын сүйемелдеп айтар шағын ғана дауысы болса жеткілікті. Содан болар, Қытай, Моңғолия жерлеріндегі қазақтардың ауызынан жазылып алынған қиссалар әуенінде осы сөзіміздің дәлелі нақты сипат алады. Ал, Қазақстан территориясында сақталған қиссалар кәсіби жыршылардың репертуарына енгендіктен, бұларда аздаған ерекшеліктер бар. Жырға жақындау, еліктеу байқалады. Олардың өзінің қазіргі таңда әр аймақ бойынша сандық жағынан болсын, сапа жағынан болсын аздаған үлгілері ғана қалды.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе дейді» халық даналығы. Ендеше, бесікті түзейтін тұс осы арадан басталуы керек. Сондықтан, бірінші кезекте қолымыздағы бар қиссалардың ноталық үлгілерін зерттеп қана қоймай, олардың сахнаға шығып насихатталуына, орындаушылық тұрғысынан халықтық сипат алуына мүмкіндік жасауымыз керек.

Ұрпағымыз алғыр, зерек, бәсекеге қабілетті болсын десек, ел мен жер сырттан келген күштердің саяси, мәдени ықпалының жетегінде кетпесін десек, қисса дәстүрі қайтадан жандандыруды қажет етеді. Кейінгі ұрпақ мұндай құндылықтан түгелге жуық қол үзіп қалды. Бүгін оның сақталуы мен насихатталуы шетел қазақтарында кең тараған. Сондықтан, оларды

отанға қайтарып, қайта жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылуы тиіс. Қиссалардың негізінде ата-баба тілі, ділі, дүниетанымы және жалпы рухани құндылықтар көрініс тапқандығын ескерсек, бұл мұраның ғылымға немесе бір ұлтқа ғана емес, жалпы адамзат ғұмырына (осындай әр ұлттағы арғы түп тамыр негізіндегі рухани құндылықтарды сараптай отырып, бала тәрбиесінің өте тиімді методикасын да жасап шығуға болады) пайдасы зор деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бопайұлы Б., Керімбай С., Нәби Ә., Төлеген М. Әлдиден эпосқа дейін. 2 бас. өңд. толық. – Алматы: Орхон, 2015. – 392 б.
2. Әбілқасымов Б. Қисса аталатын әдебиеттің қазақ мәдени өміріндегі орны. Қазақ газеттері. // http://kazgazeta.kz/?p=25545&fbclid=IwAR2XCbowNV2Ai3kbE1B61GRhwTrWlCsR9D4jer7vrXSgcTFmhZvAN66xAUM
3. Сәрсеке М. Қазақтың Қанышы. Роман-эссе. – Алматы: Атамұра, 1999. – 592 б.
4. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия – Алматы: Арыс, 2002. – 592 бет + 48 бет суретті жапсырма.
5. Затаевич А. Қазақтың 500 ән, күйі. – Алматы: М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ, 2007. – 1136 б.
6. Затаевич А. 500 казакских песен и кюйев. Адаевских, Букеевских, Семипалатинских и Уральских. (Продолжение «1000 песен КАЗАКСКОГО НАРОДА» того же собирателя). – Алма-Ата: Наркомпрос Казакской АССР, 1931. – 313 с.
7. Біржан сал Қожағұлұлы. Ләйлім шырақ: Әндер / Құрастырған Б.Г.Ерзакович, Ә.Дербісәлин, З.Қоспақов. – Алматы: Өнер, 1983. – 168 б.
8. Бекхожина Т. Даламның назды саздары. – Алматы: Өнер, 1996, – 208 б.
9. Әбдуәли А, Әбуғазы М. Жетісу ақындарының жыр сарындары. – Алматы: Атамұра, 2008, – 160 б.
10. Қазақтың музыкалық фольклоры. – Алматы: Ғылым, 1982. – 264 б.
11. Қаныш және сұлу саз. – Алматы: Білік, 1999. – 56 б.

ӘОЖ 78.03

Жаманбалинов Е.Е.
«Музыкатану» бөлімінің кіші ғылыми қызмекері
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
1 курс магистранты
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан
e-mail: ernat-knc@mail.ru

ШАЙҚЫ ҚҰСАЙЫНОВ САРЫНДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақаламызда күйші Шайқы Құсайыновтың (1897 - 1970) өмірі мен шығармашылығы баяндалып, оның авторлық күйлеріне талдаулар келтірілді. Сондай-ақ күйлердің ерекшеліктеріне тоқталып, күйшінің авторлық туындыларының нотасының үзінділері келтірілді.

Кілт сөздер: күй, күйші, күй аңыздары мен тарихы, авторлық күйлер, халық күйлері.

Аннотация: Данная статья посвящена личности и творчеству кюйши Шайхы Хусаинова (1897 - 1970), изучению его исполнительских особенностей и анализу авторских кюев. В подтверждение приведены музыкальные примеры из произведений кюйши.

Ключевые слова: кюй, кюйши, легенды и истории кюев, авторские кюи, народные кюи.

Annotation: The article is devoted to the personality and creativity of a kushi Shaikhy Khusainov (1897 - 1970), the study of his performing characteristics and the analysis of author's kuys.In addition, we gave the musical examples from the author's compositions of kuishi.

Keywords: the kui, a kuishi, the legends and stories of kuis, author's kuis, the folk kuis.

Шығыс Қазақстанның жекелеген аймақтарында осы уақытқа дейін көпшілікке есімдері белгісіз болып қалған немесе аз ғана деректер сақталған күйшілер аз емес. Олардың өмірі мен шығармашылығы, өнері жүйелі зерттеуді қажет ететін, қазіргі таңдағы күйтану, музыкатану ғылымдары айналымына шығуға лайықты дүние десек, қателеспейміз.

«Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. ... нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз» [1, 1 б.], – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында жолдағандай, осындай тұлғалардың өнерін жандандыру қазіргі кезде көкейкесті мәселеге айналып отырғаны даусыз.

Осындай күйшілердің бірі – бұл мақаламыздың тақырыбына арқау болған, замандастары шертпе күй шебері деп таныған Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қыстау-Күршім ауылының тумасы, күйші-композитор Шайқы Құсайынов (1897-1970). Шығыс Қазақстан күйшілік мектебінің Алтай, Тарбағатай сияқты аймақтарын зерттеу өз жемісін берсе, осындай Күршім, Катон-Қарағай сияқты жекелеген аудандардан шыққан небір күйші-композиторлардың есімдері, өкінішке орай халық жадынан шығып бара жатқандай. Шайқы Құсайынов туралы өз заманындағы жерлестері аз-кем мақала мен шығарма жазса, біздің күндерімізде өте аз деректер сақталып, орындаған бірнеше күйлері нотаға түскен.

Мақала барысында күйлер нотаға түсіріліп, музыкалық теория тұрғысынан күйдің құрылымына ладтық, ырғақтық жүйесіне, т.б ерекшеліктеріне талдаулар жасалды. Сондай-ақ күйші Шайқы Құсайынов жайында аздаған деректер кездескен кітап жинақтар мен газет материалдары пайдаланылды.

Күйшінің шығармашылық мұрасын зерттеу барысында XX ғасырдың 60-жылдарында үнтаспаға жазылып алынған авторлық күйлері және орындауындағы халық күйлері мен өзге авторлардың туындылары нотаға түсірілді. Оның ішінде авторлық күйлеріне талдау жасалып, ғылыми түсініктеме берілді.

Біздің қолымыздағы аздаған деректерге сүйенсек: «Өз тұсының дәуірі мен ортасының кемеңгер домбырашысы Құсайынов Шайқы 1897 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қыстау-Күршім ауылында дүниеге келген. Арнайы музыкалық білімі болмаса да, Шайқы табиғи қабілетімен домбыра аспабын, күй өнерін шебер меңгерген өнерпаз болған. Халық күйлерін жанымен сүйіп, үйреніп, меңгеріп, көптеп бойына сақтап, арттағы ұрпақтарға аманат етіп қалдырған күйші. Замандастарының айтуынша Шайқының репертуарында 50-60-тай халық күйлері болыпты. Мысалы оның орындауындағы «Балжықкер», «Ақ Қабанның толқыны» сияқты

халық күйлері Марқаның көлі мен өзенінің атауларымен, «Бейсенбінің кеңес күйі» XIX ғасырдағы атақты Бейсенбі бидің есімімен байланысты. Сондай-ақ Сыдық, Мәди сынды Катон-Қарағай жерін мекендеген, осы күндерде есімдері ұмытылған күйшілердің күйін орындап жеткізуші» [2, 73 б.].



1936 жылы халық күйлерін оындаушылардың (домбырашылардың) ауданаралық байқауына қатысып, бірінші орынға ие болған күйші сол жарыстың қорытындысы бойынша республикалық байқауға жолдама алған екен. Бірақ өкінішке орай, белгісіз себептермен оған қатыса алмапты.

Күйші Шайқының репертуарындағы күйлердің бір бөлігінің үнтаспалық жазбаларының бізге жетуі – өзінің жерлесі, Шайқының көзін көрген азамат, өнерінің жанашыры Мұхаммед Шаяхметов деген кісінің еңбегі. Ол 1961 жылы магнитофон таспасына күйшінің «Ой күйі», «Майда қоңыр» сияқты авторлық күйлерімен қатар, «Алпыс тоғыздың бір бұтағы», «Жортуыл күйдің бір термесі», «Сарыөзен», «Ақсақ ау», «Сандуғаш», «Көксері», «Ақ Қабаның толқыны», «Қоңырдың бір бұтағы», «Балжыңкер» сияқты ел арасында тыңдаушыларға белгісіз халық күйлерін, Мәди атты күйшінің «Үкіаяқ», «Мәдидің күйі», Сыдық атты күйшінің «Билік күйі», Бейсенбінің «Кеңес», Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданының Нұғман деген татарлар тұратын ауылында (қазірде Бұқтырма су қоймасының астында қалған) өмір сүрген есімі ұмыт болған татар азаматы шығарған «Ақсақ қаз», т.б. күйлерін жазып алады.

Бізге жеткен үнтаспа жазбаларына қарағанда Шайқы Құсайынов көбінесе халық күйлерін орындап, жеткізуші. Бірлі-екілі авторлық күйлер болмаса, біздің күндерімізге жеткен Шайқының орындауындағы күйлер негізінен халық күйлері. Өкінішке орай өз жанынан қанша күй шығарғаны бізге беймәлім. Шайқы Құсайыновтың орындауында бізге жеткен аздаған күйлердің өзінен оның репертуары Шығыс-Қазақстан, Алтай-Тарбағатай мектебін түгел қамтыған, жан-жақты, сан қырлы қазына болғанын байқаймыз. Күйшінің репертуары Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік мектебіне тән әртүрлі тақырыпты қамтиды. Олар: қоңыр тақырыбындағы (өзі шығарған «Майда қоңыр», халық күйі «Қоңырдың бір бұтағы»), географиялық атауларға байланысты («Аққабаның толқыны» күйі Оңтүстік Алтайдағы тау өзенімен, «Балжыңкер» күйі Марқакөлмен байланысты), тотемдік наным-сенімдерге, жануарлар табиғатына байланысты күйлер («Көк серi», «Ақсақ ау», «Ақсақ қаз», Мәдидің «Үкіаяқ» күйі).

Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйлері, олардың шығу аңыздары көпнұсқалы болатынын ескерсек, күйші Шайқының орындауындағы «Аққабаның толқыны», «Ақсақ ау», «Сарыөзен», «Балжыңкер» сияқты халық күйлері, Бейсенбінің «Кеңес» күйі басқа орындаушылардікіне ұқсамайтын дара дүние.

Күйшінің авторлық және орындауындағы күйлерді талдауға келер болсақ, ол өзінің ***«Ой күйі»*** атты туындысында күй әуенін екі ішекте алма-кезек төгілте отырып, әуені соль ішегінде дамыған кезде оған ре ішегмен бурдон дыбысын бере отырып, теріп орындайды. Бұл күйдің әуені әуезді лирикаға жақын, автордың қамшының сабындай қысқа адам өмірі туралы ой түйінін, терең философиясын білдіріп тұрғандай. Күй шағын болса да, әуені өте жағымды да әсем.

Ал «Майда қоңыр» күйі қазақ халқында көптеп кездесетін «қоңыр» тақырыбындағы күйлерден өзгеше. Шат көңілді, марш екпініне тән пунктирлі ырғақтарымен қатар, әуенді лига арақылы да дамытады. Күйдің ырғағы, мелодикасы Моңғолия мен Қазақстанда тараған «Қара жорға» биіне ұқсас келеді деуге болады. Бұл күйінде ***соль-ре*** ладтық тірегін тек күй кіріспесі ретінде ғана пайдаланып қоймай, сондай-ақ оған ***ля-ми, си фа#*** ладтық тіректерін қосып, әуенді дамыта келе, күйді кішігірім транспозицияға ұластырады.

Біз жоғарыда атап өткендей Шығыс Қазақстан күйлері алғашында 11 пернелі домбыра негізінде қалыптасса, Шайқының ***«Майда қоңыр»*** күйі осы дерекке айқын дәлел бола алады. Бұлай дейтін себебіміз, аталған күйдің шарықтау шегі дәл осы 11-пернеден, яғни ***фа#*** нотасынан аспайды. Бұл дегеніміз Шайқы Құсайыновтың шығармашылығы ежелгі күйлерден бастау алады деген сөз. Ал «Ой» күйінің шарықтау шыңы домбыра сағасының ***си*** дыбысына, яғни 16-пернеге дейін жетеді.


Оның ***«Ой»*** күйі философиялық тақырыптағы, лирикалық күй. Формасы – ***нұсқалы-шумақты.*** Ол А, В, $В_1$ және кішігірім қорытынды бөлімнен тұрады және осы тақырыптарды толық қайталап, соңында кіріспені қысқа қайырып аяқталады. Күйде ***5/8, 6/8, 7/8, 3/8*** сияқты шертпе күйге тән күрделі және ***2/4, 3/4*** қарапайым өлшемдік жүйелері кездеседі, олар жиі ауыспайды, бірақ күйдің әр бөлігін қамтиды. Күйдің ырғақтық жүйесіне келсек, мұнда ***бірыңғай, қосынды, бөлшекті*** ырғақ түрлері кездеседі. Күйдің ***А*** бөлімі Арқа өңірінің өкілі Әшімтайдың ***«Қоңыр қаз»*** күйіне ұқсайтын кіріспеден басталады:



Әрі қарай күй ***соль*** ішегінде дамып, ашық ***ре*** ішегі осы мелодияға бурдон ретінде теріп орындалып, кішігірім бөлектенген әуендік мотивтерге ұласады:



Күйдің ***В*** бөлімі күйдің шарықтау шегі болып табылады, себебі онда мелодия II-октаваның ***си*** нотасына секіреді, және ***А*** бөлімімен регистрлік, дыбыстық контрастқа ұшырайды. Мұндай үрдіс шертпе күй дәстүрінде, оның ішінде Арқа өңірінде Тәттімбет күйлерінде кездеседі. Бұл бөлімде де мелодия алдымен екі ішекті теріп ойнау арқылы, артынша жеке-дара кішігірім мотивтер арқылы дамиды:



Ал ***$В_1$*** бөлімі дәл ***В*** бөлімінің мелодиясын қайталай келе, қорытынды мелодиямен жалғасып, *соль-ре* ладтық тірегімен аяқталады. Қорытынды мелодияда сондай-ақ *ми-ля* ладтық тірегі кездеседі. Ол қорытынды мелодия төмендегідей жүреді:



Ал осы ***B*** және ***B₁*** бөлімдерінің арасында оларды бір-бірімен байланыстыратын ***ре*** дыбысын еуропалық сольфеджио стилінде әндету кездеседі:



Осы жоғарыда қамтылған тақырыптар мен бөлімдер толықтай екі рет қайталанған соң бастапқы кіріспе тақырып қысқа қайырылып, күй ***соль-ре*** ладтық тірегімен аяқталады.


Ал енді күйде кездесетін ладтық дыбыс қатарларына келер болсақ, онда әр бөлімінде әр түрлі ладтық элементтер кездеседі. Мысалы, ***A*** бөлімінде ***мажорлы пентатоника*** элементі (***d, e, f#, a***), ***трихордты*** ладтық жүріс кездеседі(***d², e², f#²***). Ал ***B*** бөлімінде ***a, h, c², d², e², f#², g², a²*** дыбыс қатарын құратын болсақ, бұл жерде ***миксолидийлік*** лад кездеседі.

Шайқы Құсайыновтың ***«Майда қоңыр»*** күйі де философиялық ой-толғаулармен шыққын күйге ұқсайды. Жалпы қазақ күй өнерінде екі дәстүрде де(төкпе, шертпе), сондай-ақ қобыз күйлерінде «қоңыр» тақырыбындағы күйлер өте көп кездеседі. **Қоңыр күйлер** философиялық ойға құрылып, көбінесе өмірдің ойлы, мұңлы сәттерін толғайды. Сол арқылы тыңдаушыны сабырға шақырады немесе өмірдің мән-мағынасын зердеге ұялатады.


Шайқының «Майда қоңыр» күйі мажорлы, салтанатты мінезде жүреді. Мұнда пунктирлі, марш екпінді ырғақтар лигалармен жалғасқан мотивтермен кезектесіп отырады. Метроритмдік жүйесі негізінен ***2/4*** өлшеміне құрылған, сирек жерлерінде ***3/4*** өлшемі кездеседі. Формасы – нұсқалы-шумақтық. Ырғақтық жүйесі де аса бай емес, ***пунктирлі, қосынды*** ырғақтар кезектесіп жүріп отырады, алайда бұл күйде әуенге қарағанда ырғақ алдыңғы қатарға шығып, жетекші рөл атқарады. Себебі күй мелодиясы бірсарынды, бір мотивті түрлендіре қайталаса, ырғақ өз кезегінде күйдің мінезін беріп тұр. Күй кіріспесі *соль-ре* ладтық тірегінде басталады:

Майда қоңыр


Шайқы Құсайынов
Орындаған автор



Күйдің ***A*** бөлімі осы ладтық тірекке қайтып келе отырып, шағын мотивтермен дамиды, мұнда осы пунктирлі ырғақ пен лигамен жалғасқан мотивтер кезектесе жүреді. Және бұл бөлім *ре-соль* ладтық тірегімен, яғни ашық ішектермен бекітіледі:



B бөлімінде алдымен әуен соль ішегінде дамып, ре ішегі оны бурдон ретінде сүйемелдеп, кейіннен осы ***A*** бөлімінің элементтерін қайталай келе ***соль-ре*** ладтық тірегіне қайтып келеді:



Ал үшінші ***С*** бөлімі - күйдің шарықтау шыңы. Ол *ля-ми* ладтық тірегінен *си-фа#* ладтық тірегіне барып, күй кішігірім транспозицияға ұласады. Бұл бөлім осы кішігірім транспозициядан соң алғашқы екі бөлім элементтерін қайталай келе, тағы қайталанып, күй *ре-соль* ладтық тірегімен аяқталады. Күйдің шарықтау шыңы 11-пернеден аспайды, демек аталған туынды Шығыс Қазақстанның көне күйлер үлгісінен алынған:



Қорытынды. Күйші Шайқы Құсайыновтың өмірі мен шығармашылығы әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді. Бұл мақаламыз осы бір күйшінің өнерін әрі қарай тереңдетіп зерттеуге тың серпіліс болар деген ойдамыз.

– Шайқы Құсайынов – халық арасында аз танылған халық күйлерін, сондай-ақ аз да болса әлі зерттелмеген, есімдері белгісіз авторлардың күйлерін сақтап, болашақта олардың зерттеліп, өнерлерінің жандануына септігін тигізген тұлға;

– Шайқы Құсайыновтың өзінің де өмірі мен өнері әлі де зерттеуді талап етеді;

– Шайқы Құсайынов басым көпшілігінде халық күйлерін орындаушы, мұны күйшінің өз репертуарын зерттеу кезінде байқадық;

– Оның репертуары өте бағзы замандағы аңыздармен байланысты күйлермен қатар, өзі өмір сүрген уақытқа жақын кездерде туындаған халық күйлері бар;

– Осы көне күйлер күйшінің өзінің төл шығармашылығына да әсер еткен. Мәселен, ***«Майда»*** қоңыр күйінің шағын формасы, оның шарықтау шегінің 11-пернеден аспайтындығы бізге осы бір факторды айқын дәлелдеп береді;

– Сондай-ақ оның Мәди, Сыдық сынды домбырашылардың күйлерін жеткізу арқылы орындаушылық өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған күйші деп айтуға толық негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017, 12 сәуір.
2. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт, Қазақстан, 2016.
3. Шаяхметов М. Күй шебері – Шайқы // Қазақ әдебиеті. 1994, 29 шілде.

ӘОЖ 78.03

Қазтуғанова А.Ж.
«Музыкатану» бөлімінің меңгерушісі, ө.ғ.к.
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы, Қазақстан
E-mail: zhasaganbergen@mail.ru

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ «БЕСІК ЖЫРЫ» САРЫНДАРЫ

Аннотация. Мақалада, қазақ халқының салт-дәстүрлердің ішінде балалар фольклорына жататын, сәбидің дүниеге келгеніне байланысты жасалатын жоралғылар – «бесікке салу» және «бесік жырлары» қарастырылады. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мұрағатында сақталған материалдардың ішінде жарыққа шыққан «бесік жырларының» нұсқаларымен қатар, соңғы жылдары іс-сапарлардан табылған іріктелген таңдаулы үлгілері «Ұлы даланың көне сарындары» атты антологияға енгізу мәселелері белгіленеді. Нәтижесінде, «әлпештеу фольклоры» сарындарының музыкалық ерекшеліктері талданып, олардың психо-эмоционалдық міндеті ашықталған.

Түйін сөздер: сарын, ән, бесік жыры, сирек қор, антология.

Аннотация. В статье рассматриваются обряды казахского народа –«бесікке салу» и «бесік жыры», связанные с рождением ребенка и относящиеся к детскому фольклору. Обозначены вопросы включения в антологию «Древние сарыны Великой степи» из фондов, хранящихся в архиве Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, не только изданных вариантов «бесік жырлар», но и образцов, обнаруженных в материалах командировок последних лет. В результате проанализированы музыкальные особенности мотивов «убаюкивающего» фольклора, раскрыто их психо-эмоциональное воздействие.

Ключевые слова: мотив, песня, колыбельные песни, редкий фонд, антология.

Abstract. In the article the rituals of the Kazakh people – “besikke salu” and “besikzhyry” are discussed, which are associated with the birth of a child and related to children's folklore. The issues of inclusion of not only the published versions of "besikzhyrlar", but also the patterns found in the materials of business trips of recent years from the funds stored in the archives of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, into the anthology "Ancient Saryns of the Great Steppe". As a result, the musical characteristics of the motives of the “lulling” folklore are analyzed, their psycho-emotional impact is revealed.

Key words: motive, song, lullabies, rare stock, an anthology.

Қазақ салт-дәстүрлерінің біріне сәбидің дүниеге келгенде жасалатын жоралғылар жатады. Көшпелі ғұмыр кешкен ата-бабалардан қалған бұл қасиетті мұраның ішінде бесікке салу дәстүрі мен бесік жырлары оқшау тұрған дүние. Тұрмыстық жағдайда аналар сәбиін бесікке бөлеп, «Бесік жырын» айтып, ұйықтату сәті – бүгінгі ұлттық өнердің фольклорлық туындысына айналып, салттың жұрнағы, ұлттық тәрбие мен сананың құралы болып отыр[14].

Елбасы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы 2 қыркүйекте халыққа жолдауының «IV. Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» деген төртінші тармағында «Білім беру сапасын жақсарту», «Отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құруға» байланысты мәселелер ортаға тартылған. Солардың қатарында ғылымға қатысты: «Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз. [...] Үкімет аталған мәселені ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру және оларды тәжірибеде қолдану тұрғысынан қарастырғаны жөн» [1] – деп айрықша атап өтеді. Осының негізінде мақаламызда «Бесік жырлары» сынды ұлттық мұраларымызды ғылыми тұрғыдан зерттеп, халықтың санасына жеткізу, тәлім-тәрбиелік маңызын ел игілігіне жарату көзделуде.

Қазақтың «Бесік жырларын» 1900 жылы А.Диваев «Киргизские колыбельные песни» деген атпен алғаш рет жарыққа шығарды. Мұнда «Бесік жырының» он екі мәтіні қазақ және орыс тілінде жарияланған [2]. Соның бірінші мәтініне байланысты ғалымдарының еңбектерінде бір елдің бесік жырлары екінші елдің жазба деректерінде шатастырып алынғаны, нақтырақ айтсақ, туындылардың атауы сол кездегі саяси атауларға, себептерге байланысты бұрмаланып жазылып (патша үкіметі тұсында қазақтарды киргиз деп әдейілеп атайтын), кейіннен сол халыққа таңылып кеткендігі байқалады. Мәселен, «Кыргызское народное музыкальное творчество» атты оқу құралына: «Впервые на кыргызские народные колыбельные песни обратили внимание русские востоковеды и путешественники еще в дореволюционное время. Текст одной песни записал

[14] Қазіргі уақытта бұл мәселе БАҚ мен ғаламтор сайттарынан кеңінен насихатталуда.

филолог А.Диваев и опубликовал в русском переводе, без нот в 1900 г.» [3, 72 б.] – деп орыс тіліндегі аудармасы енгізілсе, сол үлгінің қазақша нұсқасы Т.Бекхожинаның «Қазақтың 200 әні» атты ән жинағында келтірілген [4][15].

Қазақтарда бесікке салу рәсімі кішігірім той ретінде өтеді. Баланы бесікке салу ғұрпы тәжірибесі жоғары үлкен кісіге жүктеледі. Бұл туралы қазақтың салт-дәстүрі туралы еңбекте: «Бір еркек қарын шашын алады, ал тұқымы өскен үбірлі-шүбірлі қария бәйбіше 40 қасық суды үстіне құйып тұрып «30 омыртқаң жылдам қатсын, 40 қабырғаң жылдам қатсын» деген тілек айтады» [5, 19 б.] – делінген. Сәбиді шомылдырған ыдысқа 40 құмалақ, тиын, жүзік салынады. Осы рәсімнің өткізілуіне атсалысқан, жиналған әйелдерге ыдыс-аяқтар таратылып, қарт бәйбішеге мата, шашын алған еркекке тақия сыйға тартылады. Сөйтіп, бесікке салмас бұрын «тыштыма» ырымы жасалады. Ұрпты басқарып отырған айел «тыштыма» деп дауыстағанда, адамдар бесіктің астына қолдарын тосады екен. Солардың қолдарына шашудан әкелген бауырсақ, құрт, ірімшік, қант, кәмпит, күміс ақша үлестіріледі. «Тыштыма» айту дәстүрі дүние есігін жаңа ашқан сабиге құт дарып, несібелі болсын, жүрген жерінде абыройлы болсын деген ниетпен өткізілген.

Баланы бесікке бөлер бұрын алдымен тұтандырған шырпы, арша, май шам сияқты жарық шығаратын заттармен аластап:

«Алас-алас баладан алас,
Иесі келді, пәледен көш!
Алас, алас, пәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас!
Отыз омыртқасынан алас!» [5, 19 б.]

– деп бас аяғын үш рет айналдырып, бесікке баланы бөлеген.

Бала бөленген бесіктің үстіне қадірлі болсын деген мақсатта жеті нәрсе жабылған. Жабылған заттың әр біреуінің маңызы жоғары. Мәселен, алдымен бесік көрпе, шапан, кебенек, тон, жабу, жүген және қамшы жапқан. Шапан мен тон – сәби ержеткенде халыққа сыйлы болсын, жүген мен жабу – атқа мінер азамат болсын, кебенек пен қамшы – елін қорғайтын, өжет мінезді батыр болсын деген тілекті білдіреді.

Жалпы бесік жырларының ерекшеліктерін салыстырмас бұрын музыкатанушы-ғалымдардың анықтамаларына тоқталып өтейік. Қазақтың «Бесік жырларына» байланысты, музыкатанушы-ғалым Б.Ерзакович: «Мелодии колыбельных песен характеризуются лаконичностью, попевками и однородным размером (2/4, 6/8, 9/8). ... В ее мелодии ласковые, убаюкивающие интонации, звучащие в спокойном, однообразном ритме слегка раскачиваемой колыбели, простой поэтический текст, рисующий окружающий младенца мир» [6, Б.72-73] – деген тұжырымдама береді. Қазақ әндерінің ырғағын зерттеп, әуендік жолын жүйелеген А.Байгаскина: «Так, 7-мисложник 1 типа ... песни умеренного темпа с простым равномерным ритмом и незамысловатым напевом /детские, колыбельные/» [7, 95 б.] – дейді. Жалпы халықтарға «бесік жырларының» сөйлем құрылымдары басқа болғанымен бір мағынаны беретін тұстары кездеседі. Бұл туралы, Г.Альпеисова: «Если проанализировать музыкальный язык колыбельных, мы убедимся, что у всех народов они, вплоть до наших дней, остаются неизменными... Поэтому колыбельные песни всех народов мира имеют сходные черты: медленный темп, повторяющиеся

[15] Бір үлгі екі елде бірдей таралуы мүмкін бе? деген сауалға нақты жауап алу үшін қазақ және қырғыз халықтарының тұрмыс салтына арналған еңбектер сараланды. Нәтижесінде, бір топ ғалымдардың Н.С.Смирнова, М.Г.Гумарова, М.Е.Сильченоко, Т.С.Сыдықовтың құрастыруымен 1964 жылы Ә.Диваевтің «Казахская народная поэзия» атты еңбекке 1900 жылы шығарылған «бесік жырларының» таңдаулы нұсқасы қазақ және орыс тілдерінде жарияланған, осының қазақша нұсқасы 1989 жылы «Қазақ халық творчествосы Ә.Диваев жинаған қазақ фольклорының үлгілері» деген жинақта Т.Сыдықов пен Ф.Оразаеваның құрастыруымен қайта жарық көріп, тәуелсіздік алғаннан кейін бұл үлгілер 1992 жылы Ф.Оразаева «Тарту» атты еңбекке сол қалпында шығарылды. Нақтылап айтқанда, бұл жинақтарға 1900 жылы Ә.Диваев шығарған «бесік жырларының» алты шумағы ғана кірген (№№1, 2, 4, 5, 7, 11), қалғаны назардан тыс қалған. Ал қазақтың музыкалық-этнографиялық жинақтардың ішінде А.Диваевтың жазып алған нұсқаларының үшеуінің нотасы мен мәтіні Т.Бекхожинаның «Қазақтың 200-әні» атты еңбегінен табылды. Ал, қырғыз халқының музыка мәдениетіне арналған В.Виноградовтың, В.Беляевтің, Қ.Дюшалиевтың Кеңес кезеңінде шығарылған еңбектеріне енбеген, ал тәуелсіздік жылдары шыққан «Кыргызское народное музыкальное творчество» еңбектен А.Диваевқа сілтеме жасалғаны көрінеді.

ритмические формулы и однотипные интонации, отсутствие резких звукосочетаний…» [8] – деген.

Бесік жырларының текст мәтіндеріне назар аударсақ, олар: 7-8 буынды болып келеді, сирек жағдайда 11 буынды құрылымға негізделеді. Мәтін мазмұнында анасының немесе әжесінің: 1) «әлди, әлди» деп мәпелеп айтылатын, жұбату қағидасы; 2) баланы алдандыратын жағымды сөз орамдары; 3) жайлы жатып, тәтті ұйқыға батыратын тілегі; 4) келешегін болжайтын арман-мұраты мен ізгі-ниеті жатыр. Кейбір бесік жырларының сөздерінде әйелдің басынан өткен қайғы-қасіреті, алыстағы төркініне сағынышы, ішкі мұң-шері тарқатылатын нұсқалары кездеседі[16].

«Фольклорлық музыкалық мұраларды сақтау және жүйелеу, Ұлы даланың көне сарындарының таңдаулы үлгілерін жинау» атты Мемлекеттік тапсырыс аясында жүзеге асырылып отырған «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясы бойынша М.О.Әуезов мұрағатынан көне сарындар аудио жазбасы бойынша іріктеу және жүйелеу жұмыстары жүргізілді. 1955 жылдан басталған экспедициялық материалдарды, соның ішінде соңғы онжылдықта қолға алынған шетел іссапарлары (Моңғолия, Қытай, Алтай, Астрахань, Саратов, Қарақалпақстан, Өзбекстан) материалдарын тыңдау барысында әдет-ғұрып сарындары, яғни көне наным-сенімдерге байланысты тұрмыс-салт өлеңдері, үйлену салтының өлеңдері, мұң-шер өлеңдері, балалар фольклоры, төрт түлік туралы өлеңдер, наурыз өлеңдері, жарапазанның үлгілерімен қатар, дәстүрлі кәсіби әншілердің сарындары табылды [9]. Осы мұрағаттан табылған «бесік жырларын» келесі кестеден көруге болады.

Таспа	**Музыкалық сарындар**	**Орындаушы және олар жайында ақпараттар**	**Жазып алушылар**
Диск 451 003	Айналшы алаш айналшы Балық аулағанда айтылатын өлең Бесік жыры Орыстан үй салады жар басына Не балық су ішінде табан болғай	**Мұсаева Жұмақыз Түсіпқызы** 1930 жылы 15 наурызда туған. Туған жері Астрахань облысы Валадар районы Алтынжар селосы. Руы шеркеш ішінде шумақ. Келген жері төлеңгіт. Төртінші сынып бітірген. 1949 жылы тұрмысқа шыққан. Сегіз баласы бар.	Музыкатану бөлімінің аға ғылыми қызметкері Б.Тұрмағамбетовамен фольклортану бөлімінің ғылыми қызеткері Н.Набиолланың Ресей қазақтары арасында болған іс-сапары барысында жинаған материалдары
016 017 018 020	Сұхбат Салт-дәстүрдің сақталуы жайлы Бесік жыры Сұхбат өзі жайлы Қолың қанды болсын Балықшылар ау салуға аттанып бара жатқанда айтатын сөз	**Сұлуханым Кенжеұлы Гүлжанова** 1940 жылы Красниярский район село Мұлтановада туған. Руы есен беріш. 11 класстық білімі бар. пед учлишеде үш жыл оқыған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. үш баласы бар.	
003 004	Өлең Қара өлең Екі шумақ Бесік жыры	**Гүлжиян Базарғалиқызы Мүбәрәкова** 1942 жылы Валадар районы Қарабүйрек селосында туған. Руы ыссқ ішінде сары ыссық. Жеті класстық білімі бар.	

[16] Бұл мәселеге музыкатанушы Б.Тұрмағамбетованың «Әйелдердің мұңды әндері (тұрмыс-салт жанры және авторлық лирика)» атты мақаласы арналған [Ақиқат. – 2010. – №7. – Б.111-114.]. Автор мұнда: «Шығармалардың мазмұнында жат елге жаңа түскен жас келіншектің баласын тербетіп отырып қоғамдағы әйел теңсіздігін өлеңге қосуы бейнеленеді де, ән қайырмаларында түп негізі бесік жырларынан жеткен элементтер айқын байқалады» – дейді.

012	Бесік жыры Төйгелеу жыры Жоқтау (бауырына шығарғаны)	**Ғапура Әбілғалымқызы** 1959 жылы Дәлуун сумының Ахұлты-бүркіт деген жерінде туған. Керей, молқы. Алты кластық білімі бар. Бес ұл, бір қызы бар.	Институт қызметкерлері МХР іс-сапары. Үнтаспаға жазып алған фольклортану бөлімінің ғылыми қызеткері Н.Набиолла

«Ел боламын десең, әуелі бесігіңді түзе» деген ата-бабамыз қалдырған даналық сөздерді негізге алып, «бесік жырларының» музыкалық ерекшеліктерін талдау маңызды. Себебі, «бесік жырларындағы» музыкалық ерекшеліктердің ұйқыға баулитын өзіндік магиялық міндетті атқаратындығы аңғарылады[17]. Бұл міндетті атқаратын бірнеше музыкалық нышандарды атап өтеміз:

– біркелкі қарапайым ырғаққа негізделген басым болып келеді (№№5, 6, 7, 8; Т.Бекхожина «200» №№ 59, 60, 61; К.Байқадамова, А.Темірбекова «ҚӘТӘ» №№ 89, 91, 93, 97, 99, 100, 101), ырғақтың күрделі түрлері сирек жағдайда кездеседі (К.Байқадамова, А.Темірбекова «ҚӘТӘ»№№ 96, 98, 102, 103):

№1



– әуендік желісі тұрақты дыбысқа тәуелді, бастапқы мотив субквартадан немесе тұрақты дыбыстан басталады, көбінесе мажорлық ладта жазылған (№5, 6, 7, 8; Т.Бекхожина «200» №№ 59, 60, 61; К.Байқадамова, А.Темірбекова «ҚӘТӘ» №№ 89, 93, 97, 99, 101), сирек жағдайда минорлық бағыт кездеседі (№ 7; К.Байқадамова, А.Темірбекова «ҚӘТӘ» №№ 91, 99, 100), интонациялық ерекшелігінде жиі кварта немесе квинталық секірме кездеседі:

№2



– әуеннің дыбыс диапазонының ауқымы секста-октава ара қашықтығын қамтиды:

[17] Бұл ретте ноталар алынған жинақтардың аты қысқартылып беріледі. Виногдадов В. 100 киргизских песен и наигрышей. – М., 1958. – «100»; Дюшалиев К., Лузанова Е. Кыргызское народное музыкальное творчество. – Бишкек, 1999. – «КНМТ»; Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алма-Ата, 1966. – «ПККН»; Бекхожина Т. Қазақтың 200 әні. – Алматы, 1972. – «200»; Байқадамова К., Темірбекова А. Қазақтың әдет-ғұрып, тұрмыс- салт әндері. – Алматы, 2001. – «ҚӘТӘ». Сондай-ақ, нота үлгісі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының («ӘӨИ») «Қолжазба қорынан» алынды.

№3



– алуан түрлі өлшемдерде жазылған (2/4, 6/8, 4/4) «бесік жырлары» тұрақты өлшемге бағынады (№№5, 6, 7, 8; Т.Бекхожина «200» №№ 59, 60, 61; К.Байқадамова, А.Темірбекова «ҚӘТӘ» №№ 91, 92, 93, 97, 99, 100, 102, 103), сирек жағдайда ауыспалы болады (К.Байқадамова, А.Темірбекова «ҚӘТӘ» №№ 89, 96, 98, 101):

№4



Қорытындылап айтар болсақ, «Бесік жыры» музыкалық ерекшеліктерінде біркелкі ырғақтың қарапайымдылығы (ырғақтың күрделі түрлері сирек жағдайда кездеседі), әуендік желісіндегі тұрақты дыбысқа тәуелділігі, алғашқы мелотармақтың субквартадан немесе тұрақты дыбыстан басталуы, мажорлық ладта жазылуының көптеп кездесуі (бірен саран үлгі минорлық бағытта да бар), бесік тербелісіне орай өлшемнің тұрақтылығы аңғарылады.

Бесік жырында әр ата-ана арман-тілегін, баласының болашағын қалай елестететіндігін сол әнге кірістіріп, баланың құлағына құяды. «Тәрбие – тал бесіктен» деген ұстанымды қатаң қадағалайтын халқымыз осындай нәзік дүниелерді бала тәрбиесіне сыналап кіргізуді шебер меңгерген. Әрі, мұны жыр мәтінінде құлаққа сіңісті, дағдылы әнмен әлдилеп беруге тырысқан. Әр замандағы бесік жырының мәтіндері мен түпкі ойларында замана келбетін көруге болады. Себебі, жаугершілік заманда пайда болған бесік жырларында ел шетін қорғар арыстан жүректі азамат болып өсуін жаратқаннан тілесе, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт замандардағы бесік жырында бейбіт заман суреті көрініс береді. Одан бөлек, бесік жырының жеке басқа тигізер пайдасына тоқталатын болсақ, баланың психикасының дамуына да көп көмегін тигізетіндігін кейінгі жылдары психолог ғалымдарымыз жиі айтып жүр. Тіпті, Ресейдің Тюмень қаласында балаларға осы бесік жырының қандай әсері барын анықтау мақсатында жасалған тәжірибені де айта кетсек болады. Ғалымдар балаларды екі топқа бөліп, біріне бесік жырын тыңдатып, бір тобына тыңдатпай белгілі бір мерзім аралығында бақылаудан өткізіп тұрады. Нәтижесінде, бесік жырын тыңдамаған балалар тобы күйгелек, ашушаң, сабаққа ынтасыз, жалқау, ауру-сырқауға да тез шалдығатын әлжуаз болып қалыптасады. Екінші топ керісінше, алғыр, зерек, ауруға төзімді, пікірін ашық айтатын батыл, мейірімді, қайырымды, психикасы да қалыпты, сабырлы болып ержеткен [10]. Бесік жырын тыңдаған балалардың миын бақылаған орыс, америка ғалымдарының зерттеулері мынадай деректерді ұсынады: «...жастардың 70 пайызының жүйкесінде ауытқу бар. Олар өмір сүруге қабілетсіз, өнер мен ғылымға бейімсіз. Академик В.Бехтерев «баладағы невроз ауруының алдын алу үшін бесік жырын тыңдау керек» деген. Ал, психолог В.Леутин «бесік жырын тыңдау мидағы нейронның дұрыс дамуына түрті болады» дейді. Американдық ғалым С.Гроф «Beyond the brain» деген кітапта бесік жыры баланың психотерапиялық аурудан

жазылуына ықпал ететінін ескертеді» [10, 10 б]. Сондай-ақ, бұл мәселені кезінде М.Жұмабаев бір ғасыр бұрын: «Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да, күйінен әсерленеді. Жас балаға қазақтың «Әлди-әлди, ақ бөпем» деп басталатын бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың сөзі де, күйі де тәтті» [11, 67 б.] – деген. Осының барлығын ескере келе, қазіргі қоғам келбетін ойша саралайтын болсақ, бесік жырларына деген сұраныстың аздығынан, осындай зерттеулермен бұқара халықтың таныс еместігінің және ата салтынан қол үзіп бара жатқандығының кесірінен мұның күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылуы алға баспай тұр. Сондықтан, бесік жырларын жай ғана насихаттау мен жарыққа шығарудан да маңыздырақ мәселелер легі күтуде. Бұл – осы ұмыт болған ғұрпымызды қайта жаңғыртып, жаппай қолданысқа енгізу. Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының 6 тармағы «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады. Мұндағы: «Өзінің тарихын, тілін, дәстүрін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» [12] – деген қағиданы ұстанар болсақ, алдымен еліміздің болашағы жас буынның рухани байлығын, ішінара психологиялық, физиологиялық саулығын сақтап қалып, мемлекетіміздің іргесін берік ұстап тұратын толыққанды буынның жетіліп шығуы үшін осындай көнеден үн қататын ғұрыптық жоралғыларымызды сақтап, дамытып, насихаттауымыз керек деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі // http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy
2. Диваев А. Киргизская колыбельная песня // Этнографическое обозрение. – Ташкент, 1900. – 9 с.
3. Дюшалиев К., Лузанова Е. Кыргызское народное музыкальное творчество. – Бишкек, 1999. – 344 с.
4. Бекхожина Т. Қазақтың 200 әні. – Алматы, 1972. – 230 б.
5. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 1994. – 222 б.
6. Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алма-Ата, 1966. – 400 с.
7. Байгаскина А.Е. Ритмика казахской традиционной песни. – Алма-Ата, 1990. – 164 с.
8. Альпеисова Г. Колыбельные мира // Критико-аналитический art-журнал «Айт». – 2007. – № 3.
9. Қазтуғанова А.Ж. Жаһандық дәуірдегі ұлттық мұраны жаңғырту: «Ұлы даланың көне сарындары» атты антология хақында // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №8/2. – С.199-204.
10. Әлдиден эпосқа дейін. Отбасы хрестоматиясы / Құраст. Б.Бопайұлы, С.Керімбай, Ә.Нәби, М.Төлеген. 2 бас.өңд. толық. – Алматы: Орхон, 2015. – 392 б.
11. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі. 1992. – 160 б.
12. Назарбаев Н.Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері // http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar

Омарова А.К.
к. иск., доцент, ВНС
Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова
aklima_omarova@mail.ru

КАЗАХСКАЯ ПЕСНЯ И ОПЕРА: В ПОИСКАХ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Аннотация: В исторической ретроспективе (в движении от 1959 г. к 1949 г.) на основе документальных источников представлены факты и события, сопровождавшие «выход» на всесоюзную аудиторию двух оперных партитур – «Биржан и Сара» М. Тулебаева и «Дудар-ай» Е.Г. Брусиловского. Национальная специфика их музыкальная материала во многом предопределена творческим отношением композиторов к цитируемым народно-профессиональным песням («Айтбай», «Жанбота» и др.; «Дудар-ай»), которые и сегодня активно востребованы в общественном сознании. То внимание, которое в прежние годы уделялось идеологической составляющей оперного целого (прежде всего, сюжета, либреттного текста), проявилось не только в официальной оценке, но и индивидуально-личностном восприятии, что подтверждают приведенные в статье высказывания известных деятелей Казахстана.

Ключевые слова: напев, казахская песня, композитор, опера, модернизация.

ҚАЗАҚ ӘНІ ЖӘНЕ ОПЕРАСЫ: ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ ІЗДЕНІСІ

Аннотация: Тарихи ретроспективада (1959 жылдан 1949 жылға қарай бағытталғанда) бүкілодақтық қоғамға М. Төлебаевтың «Біржан – Сара» және Е.Г. Брусиловскийдің «Дудар-ай» – екі опера партитураларымен ілесе шыққан құжат деректерінің негізінде фактілер мен уақиғалар ұсынылады. Олардағы музыкалық материалдың ұлттық ерекшелігі көп жағдайда композитордың шығармашылық таңдауымен кәсіби-халықтық әндерді («Айтбай», «Жанбота» және т.б..; «Дудар-ай») дәйексөз ретінде пайдаланғандықпен болжамдалған. Сол жылдары тұтас операның идеологиялық құрамына (ең бастысы сюжет, либретто мәтіндері) көңіл аударылғанда аңғарылған ресми бағасында ғана емес, сондай-ақ жеке-тұлғалық қабылдаулары, мақалада келтірілген Қазақстанның белгілі қайраткерлердің пікірлері дәлелдейді.

Түйін сөздер: сарын, қазақ әні, композитор, опера, жаңғыру.

KAZAKH SONG AND OPERA: SEARCHING FOR NATIONAL-CULTURAL IDENTITY

Abstract: In a historical retrospective (moving from 1959 to 1949), based on documentary sources, the facts and events that accompanied the "presentation" of two opera scores – "Birzhan and Sara" by M. Tulebaev and "Dudar-ai" by E.G. Brusilovsky to the All-Union audience are presented. The national specifics of their musical material is largely predetermined by the creative attitude of composers to the quoted professional folk songs (“Aitbay”, “Zhanbota”, etc.; “Dudar-ai”), which are still in high demand in the public mind. The attention that in previous years was paid to the ideological component of the opera in general (first of all, the plot, the libretto text) was manifested not only in the official assessment, but also in the individual and personal perception, which is confirmed by the statements of famous figures of Kazakhstan presented in the article.

Key words: tune, Kazakh song, composer, opera, modernization.

Значение песни в процессе формирования казахской оперы общеизвестно, но реальные обстоятельства взаимодействия двух жанровых традиций – национальной и европейской – в каждом конкретном случае приобретали свой особый смысл и дополнительные нюансы. Это справедливо и в отношении сочинений, историческая ценность которых бесспорна.

Юбилейными датами 2019 года в контексте культуры XX века высвечиваются события, безусловно значимые для истории национального музыкально-театрального искусства: это не только 85-летие таких прославленных спектаклей, как «Айман – Шолпан», «Шуга», «Кыз Жибек» (1934), 75-летие премьеры оперы «Абай» (1944), но и 70-летие присуждения Государственной (Сталинской) премии СССР постановке «Биржана и Сары» (1949) и 60-летие присвоения Мукану Тулебаеву звания «Народный артист СССР» (1959). Официальными знаками отличия, самыми высокими в творческой среде, было подчеркнуто особое значение произведения (в его сценическом воплощении) и деятельности одного из первых профессиональных композиторов Казахстана.

Между тем художественные результаты, продемонстрированные в рамках московских декад 1949 г. и 1958 г., вряд ли были возможны без состоявшегося опыта совместной работы М. Тулебаева (1913-1960) с Е.Г. Брусиловским (1905-1981): в начале – над оперой «Амангельды» (1943), написанной в соавторстве, а затем и над «Биржаном и Сарой» (1946). Факт сотворчества, как и мера участия и непосредственного влияния старшего коллеги-наставника, его активное содействие на разных этапах работы над музыкой и премьерным спектаклем «Биржана» оказались не упоминаемыми по многим причинам: укажем лишь на использовавшуюся возможность противопоставления (целенаправленного или невольного) композиторских имен и позиций (об этом спустя годы в своих воспоминаниях с нескрываемой горечью писал и сам Е.Г. Брусиловский). Однако следует признать, что для ее реализации имелись и объективные основания, которые по преимуществу были востребованы научной практикой. Так, к примеру, в книге В.С. Виноградова, изданной в начале 1960-х годов, отмечалось:

«… в музыке Тулебаева, какие бы оттенки она ни принимала, мы всегда улавливаем тот налет лиризма, эпичности, которые составляют душу казахской музыки»;

«…глубокое проникновение в национальную специфику музыки доступно композиторам и иной национальности, русским и другим, долгое время работающим в республиках Средней Азии и Казахстане, сроднившимся с окружающей средой. Чувствуется, что Брусиловскому казахская музыка стала родной, что он пишет ее от души, свободно, не задумываясь особенно над тем, можно или нельзя с точки зрения казахского мелоса применять ту или иную каденцию, попевку и т.п.».

«…Брусиловский и Тулебаев в своих произведениях обратились к одному и тому же народному источнику – “Жельдерме” Исы Байзакова. Тулебаев взял лишь начальные такты мелодии и дальше присочинил к ней собственный мелодический материал. Брусиловский привел мелодию целиком, но в дальнейшем ее развивал.

И тот, и другой авторы по-своему претворили мелос, переосмыслили его» [1].



Е.Г. Брусиловский



М.Т. Тулебаев

Позже, на рубеже 1980-90-х годов, Е.Г. Брусиловский и М. Тулебаев будут охарактеризованы как «носители различного слуха», проецировавшие на себя двойственность слуха, свойственную культуре. Их оперные произведения предстанут как демонстрирующие два пути художественного отражения, поскольку «первоочередной задачей для Брусиловского было отражение национального языка, а для Тулебаева – отражение оперных форм» [2].

В статье «Театр и композитор», опубликованной «Казахстанской правдой» 8 мая 1958 года, К.Х. Кужамьяров – в то время председатель правления Союза композиторов Казахстана – писал: «“Дударай”, “Абай”, “Биржан и Сара”, “Назугум” и балет “Дорогой дружбы” – вот те произведения, которые и театр, и композиторы Казахстана покажут москвичам, демонстрируя достижения казахского советского искусства, музыкально-театральной культуры республики». В упомянутой статье К.Х. Кужамьяров характеризует их так: «“Биржан и Сара”, удостоенная

Сталинской премии, – первая подлинно национальная опера, написанная композитором-казахом. “Дударай” – восьмая по счету опера Е.Г. Брусиловского, так много сделавшего в области музыкальной культуры республики и сыгравшего выдающуюся роль в истории театра, – является вершиной его мастерства».

Напомню краткое содержание оперы: «Русско-казахский рыбацкий поселок. Женщины собирают рыбаков на путину. Но богатый бай Содыр сообщает членам артели о своем решении продать озеро купцам. Народ возмущен. Урядник Семен нагло ухаживает за русской девушкой Марией – невестой казаха Думана. Любовь молодых не по нраву баю Содыру и муллам. Семен, подстроив ложное обвинение Марии, надеется сломить ее волю. Во время схватки с урядником погибает Думан. Горе Марии разделяют рыбаки. Они объединяются на борьбу против угнетателей» [3].

Но в действительности оперные сочинения М. Тулебаева и Е.Г. Брусиловского на декабрьской декаде 1958 года были представлены по-разному: «Биржан и Сара» – в первый день, в атмосфере торжественного открытия, на сцене Большого театра СССР; «Дударай» же (воспринимавшаяся тогда как лучшая из всех созданных на тот период композитором) – на четвертый день, в трансляции по телевидению (увертюра к опере «Дударай» открывала второе отделение концерта симфонической музыки в Большом зале консерватории) [4].

Естественно предположить, что такое решение явилось итогом дискуссий, сопровождавших подготовительный этап гастролей. Яркой иллюстрацией может служить фрагмент из «Летописи жизни и творчества М.О. Ауэзова»:

«1958 год. 26 мая. Состав присутствующих на заседании жюри по просмотру декадных спектаклей: Председатель жюри – Жубанов А.К, члены жюри – Айманов Ш.К., Ауэзов М.О. (и др. Всего – 22 чел.).

П р е д с е д а т е л ь с т в у ю щ и й: Начнем по порядку с обсуждения оперы “Дударай”. Слово предоставляется тов. Ауэзову М.О.

Ауэзов М.О.: Я не буду много говорить. Создалось неудовлетворительное впечатление не в пользу этой оперы. В ее содержании логической художественной оправданности мы не видим, и потом возьмите отношения между людьми. Чтобы не мудрить, надо было бы построить ее так: показать интересную, редкостную, необычайную любовь двух молодых людей, в свое время всколыхнувшую молодежь своей необычайностью, искренностью.

Сколько бы мы ни обсуждали, все возвращается к решающему голосу авторов музыки и либретто, но ни от автора музыки, ни от автора либретто мы не услышали ничего внушительного. Автор музыки не хочет перерабатывать, а автор либретто, если не захочет, то не сможет. Таким образом, состояние этой оперы таково, что на сегодня при всем желании на ней остановиться мы не сможем.

Теперь нужно иметь или твердое согласие т. Брусиловского, что он будет переделывать, а если его согласия нет, то надо снять» [5].

Такое оценочное восприятие показательно как по сути «снимающее», причем без особых затруднений, и факт успешной премьеры (1953), и факт не менее успешной реализации новой редакции, приуроченной к 40-летию Октября (1957), о которых достаточно убедительно свидетельствуют следующие высказывания:

Ильяс Омаров – Евгению Брусиловскому (18 ноября 1953 г.)

«…Ваша новая опера является крупным событием в музыкальной жизни республики по двум причинам. Во-первых, она воспевает дружбу народов, то есть то, что с каждым годом должно возрастать и крепнуть. Насколько бессмертна дружба народов, настолько бессмертно такое подлинное творение, которое воспевает эту священную дружбу. Дружба народов, сама по себе волнующая вещь, а когда она еще опосредствуется и облагораживается музыкой, становится явлением поистине феноменальным, тем более, что в опере дружба представлена не только перекличкой любящих сердец, но и совместным трудом и совместной борьбой. Эта дружба имеет еще одну великую ценность, ибо она соединяет казахский народ с великим русским народом и представлена не дешево, не шаблонно, как часто бывает, а глубоко, творчески, на основе неподдельного исторического материала.

Во-вторых, опера написана в духе народной музыки, где перекликаются мотивы обоих народов. Я подчеркиваю слово “в духе” потому, что не имею в виду какую-то компиляцию, а имею в виду проникновение в народную музыку оригинальным творением…» [6].

Из статьи К. Байсеитова «От песни к опере» (1957 г.)

«…К необычной истории любви русской девушки Марии и джигита Думана не раз обращались взоры казахских художников слова. Об этом написаны стихи и поэмы, но самым крупным произведением, одновременно воспевающим и любовь Марии к Думану, и дружбу казахского народа с русским, является опера “Дударай”, с успехом идущая на сцене театра оперы и балета имени Абая в Алма-Ате...» [7].

В свою очередь, события, отраженные в представленных выдержках, необходимо соотнести с ситуацией предшествовавших лет, в частности, с развернувшейся в самом начале 1950-х годов новой идеологической кампанией – «волной идеологизации музыки и музыковедения». Вослед постановлению ЦК КП (б) Казахстана было проведено так называемое «оперное совещание» Союза композиторов с участием секретаря ЦК по идеологии И. Омарова, где оперы казахстанских композиторов подверглись собственно идеологическому разбору. К примеру, в опере «Биржан и Сара» М. Тулебаева было обнаружено «смазывание классовой, политической борьбы» [8].


НАРОДНОМУ АРТИСТУ СССР

Тов. Тулебаеву Мукану Тулебаевичу

За выдающиеся заслуги в развитии советского искусства и в связи с декадой казахского искусства и литературы в городе Москве ПРЕЗИДИУМ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР УКАЗОМ от 3 января 1959 г. ПРИСВОИЛ ВАМ ЗВАНИЕ НАРОДНОГО АРТИСТА СССР

СОЮЗ СОВЕТСКИХ СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ РЕСПУБЛИК

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

СЕКРЕТАРЬ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

Москва—Кремль, 10 января 1959 г.




